АШАРШЫЛЫҚ. ГОЛОД.
1928–1934
Документальная хроника

УДК 94(574)
ББК 63.3(5Қаз)
А97

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, казақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

А97 **Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника :** *куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері* / Жауапты редактор-құрастырушы Б. Әбдіғалиұлы. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. — 604 б.

ISBN 978-601-271-241-4
Т. 5.: 1928-1934. — 2021. — 604 б.
ISBN 978-601-271-239-1

Оқырманға ұсынылып отырған арнаулы басылымның V томына енгізілген материалдардың мазмұндық мағынасы халықтық көзқарасты аңғартады. Үш бөлімнен түзілген томдыққа куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтардан алынған материалдар, көркем әдебиет үзінділері топтастырылған. Жинақтың негізін ашаршылық куәгерлері — ақын-жазушылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлерінің өздері бастан кешкен оқиғалары, отбасылық әулеттері, туған-туыстары және замандастарының тағдыры жайындағы жазбалары — өмір ағысындағы шындықпен өзектескен естеліктері құрайды. Деректі кітаптардан алынған, сол заманда өздері куәсі болған, аштық дәмін аянышқа толы тағдырлары арқылы өткерген адамдардың хатқа түсірілген баяндау-естеліктері де жинақ мазмұнын аша түскен. Сонымен қатар, ашаршылық тақырыбына жазылған көркем әдебиет туындыларынан үзінділер берілген. Оқырманның бұл жинақтан алар тарихи малғұматы мен тағылымы мол.

Құрастырушылар:
Б. Әбдіғалиұлы, Д. Айтмағамбетов, Ж. Аймұхамбет, А. Жанбосинова, Ж. Оспан, С. Смағұлова, Е. Сайлаубай

УДК 94(574)
ББК 63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-271-239-1
ISBN 978-601-271-241-4

КІРІСПЕ

Жазықсыз жапа шегіп, Кеңес өкіметінің «күштеу саясаты» салдарынан жаппай аштыққа ұшыраған қазақ халқының аянышты тағдыры, зұлмат жылдары елі мен жерін тастап кетуге мәжбүр болған қандастарымыздың бастан кешкен тауқыметі өкінішке орай ұлт тарихында қаралы әріппен жазылып қалды… Көп дүниені қыстығып, ашық айта алмай, көз жанарымыз арқылы ғана білдіріп, оны залалы тиіп кетер деп үй-ішілік құпия ретінде ұстап келдік. Тек, тәуелсіздік таңы атып, ел іргесін қайта қайыра көмкеріп, туымызды желбіретіп жалпақ әлемге «Біз — Қазақстан, қазақ еліміз» деп енген кезде ғана барып кеңінен тыныстадық. Ел мен жер, халық пен этнос тарихын айшықтау, өткенді халық жадында жаңғырту, төл тарихымызды түгендеу сәті де тәуелсіздігіміздің басты еншісі әрі тарихи қағидасына айналды.

Еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болғаннан бастап халқымыздың өткен тарихындағы «ақтаңдақтарды» ғылыми-көпшілік санатта зерделеу жұмыстары толассыз жүргізілуде. Әсіресе, посткеңестік кеңістіктегі халықтар тағдырына орны толмас демографиялық нұқсан келтірген «Ашаршылық» мәселесі XXI ғасыр белесінде шынайы тұрғыда қайтадан қарастырылуда. Бұл заңдылық, өйткені озбыр саясат аясында болған қоғамның қайта жаңғыруында ұлттық-этникалық болмысының айшықталу үдерісі аса маңызды. Әрбір этностың өткен «қилы кезеңдер» тарихын қайыра зерделеуі, ол ұлттық төзімділік пен келісімнің жаңа форматын қалыптастыруға және ең бастысы, қоғамның

біртұтастығын күшейтуге ықпал ететін фактор болып табылады. Өткен тарихтың қасіретке толы қаралы беттерін бүкіл қоғам болып сезіну, дәйекті фактілер негізінде түсіну арқылы бірлігі мығым мемлекет болмысы айқындалады. Бұл тарихи аксиома, нақты айтсақ ақиқат болмақ.

Қазіргі уақытта мемлекеттік деңгейде ХХ ғасырдың басынан белортасына дейін Қазақстан бойынша бірнеше мәрте орын алған қасіретті жылдар зардаптарын, оның құрбандарының, сыртқы елдерге еріксіз ауып кеткендерге қатысты мәліметтерді анықтау, оларға қатысты құпия құжаттарды жарыққа шығару, сонымен қатар жазықсыз жапа жеккендердің ұрпақтарының ізденуіне жағдай жасай мән беру аса игі және қажетті іс деп санаймыз. «Ақиқат маңдайыңа тимей, санаңа сіңбейді» дейтін нақыл сөз бар. Сондықтан зұлматты жылдар құрбандарының рухына тағзым ету, олардың бүгінгі ұрпақтары арқылы қасіретті жылдар тарихын саралау және өткенімізде орын алған қасіретті болдырмау, елдің бірлігіне ұйытқы болар істер атқару ұрпақ парызымыз және ел үшін келелі істер бастауы екені сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласымен қоғам алдына көптеген міндеттерді қойды. Президентіміздің: «Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс» деген сөзі тарихшыларды осы міндеттерді жауапкершілікпен қарауға шақырғаны деп қабылдаймыз.

Міне, осы арнада ақын-жазушылар, қоғамдық ұйымдар, гуманитарлық ғылымдар саласының ғалымдары, аймақтанушы-өлкетанушы мамандар, әуесқой тарихшылар қауымы үлкен еңбек жасауда. Үздіксіз ізденісті жұмыстар нәтижесінде жинақталған дерек құжаттар мен нарратив мәліметтер негізінде тарихи романдар мен повестер, поэмалар мен өлеңдер, елдік және аймақтық сипаттағы монографиялар мен арнаулы жинақтар шығарылып келеді.

Оқырманға ұсынылып отырған көп сериялы басылымның V томына енгізілген материалдардың дені ашаршылық нәубетіне деген қалың бұқараның нақты көзқарасын білдіреді.

Жинақтың бірінші бөлімі Қазақстанның аштық аса кең көлемде жайылған аймақтарынан шыққан ұлт тұлғаларының естеліктерімен басталады. Атап айтар болсақ, Мәриям Хакімжанова, Сәду Машақов, Ғалым Ахмедов, Сейтен Сауытбеков, Балтабай Адамбаев, Өтебай Қанахин, Әлжаппар Әбішев, Зейтін Ақышев, Әнуар Әлімжанов, Бек Тоғысбаев, Қалихан Ысқақ, Мекемтас Мырзахметұлы, Бексұлтан Нұржекеев, Төкен Бекмағамбетов, Тұрсын Жұртбай, Кәмел Жүнісов, Халық Сейіткемалов, Хұсайын Бижанов, Нұғыман Баяндин, Шағи Сәрсенбекова, Ордабек Шаяхметов, Зира Наурызбаева сынды ақын-жазушылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлерінің өздері куәсі болып бастан кешкен, отбасылық әулеттері мен туған-туыстары және уақытында жолдас болған замандастарының тағдыры арқылы өрілген ашаршылық жайлы, қабылдауға өте ауыр болса да, өмір ағысындағы шындықпен өзектескен естеліктері берілді.

Кітаптың екінші бөліміне ашаршылық жөнінде жазылған жинақ-кітаптардан алынған естеліктер топтамасы енгізілген. Осы бөлімді мазмұндық жағынан салмақтаған естеліктер топтамасы «Ашаршылық» тақырыбына жазылған деректі кітаптардан алынып енгізілді. Атап айтқанда, «32-нің зұлматы (Профессор Қ. М. Атабаев жетекшілік жасаған тарихи-этнологиялық экспедиция деректері)», «Ашаршылық ақиқаты» (авторы Сағат Жүсіп), «Жамбыл өңіріндегі ашаршылық зардаптары», «Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық» (құрастырған Тұңғышбек Байқұлов), «1931–33 жылдардағы ашаршылық куәгерлері сөйлейді» (құрастырған Асхат Әлімов), «Сары кітап» (құрастырған, баспаға әзірлеген Едіге Мағауин) т. б. кітап-жинақтарда жарияланған естеліктер пайдаланылды.

Естеліктер Қазақстанның әр аймағын қамтиды. Бұл біріншіден, оқырман қауымға Ашаршылық масштабын нарратив деректер арқылы көрсету болса, екіншіден сол кезеңдегі ашыққан халықтың елдің өз ішіндегі еріксіз босуын және көрші мемлекеттерге үдере көшу үдерісін көрсету болды. Жинаққа енгізілген естеліктер сол заманда өмір сүріп, өздері куәсі болған, аштық нәубетін, қайғы-қасіретті бастан өткерген адамдардың хатқа түсірілген баяндаулары енгізілді. Сонымен қатар, осы бөлімде жекелеген тарихшылардың республикалық деңгейде арнайы ұйымдастырылған далалық экспедициялар барысында ел ішін аралап жинаған деректері де жинақталған.

Ал жинақтың үшінші бөлімінде ашыққан қазақ халқының тағдыры көркем әдебиет түрінде берілген. Қазақ әдебиеті өкілдерінің тақырыптық аяны қамтитын шығармалары ХХ ғасырдың өң бойыннан бастап бүгінгі күнге дейін жалғасып, жазылуда.

Ұлтымыздың біртуар майталман жазушылары, бірсыпырасы замана куәгерлері Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Мағауин, Төлен Әбдік, Смағұл Елубай, Балғабек Қыдырбекұлы, Адам Мекебаев, Кәкімжан Қазыбаев, Тұрысбек Сәукетаев, Алдан Смайылдың прозалық шығармаларынан үзінділер алынып, сахараны жайлаған аштықтың әрбір қазақ отбасына әкелген апатты қасіреті көркем әдебиет жанрында суреттеледі. Сонымен қатар осы бөлімге, аштық болмысын поэзия тілімен берген Маясар Жапақов, Көдек Маралбайұлы, Татьяна Невадовская, Жақан Сыздықов, Мүбәрак Жаманбалинов, Есенғали Раушанов, Ғалым Жайлыбайдың поэмалары мен өлеңдері енгізілді.

Ашаршылық тақырыбында жазылған прозалық, поэзиялық шығармалардан аталған ақын-жазушылардың еңбектерінен үзінділерді енгізудегі мақсатымыз, ол оқырман қауымға қазақ халқының тарихындағы аса қасіретті саналатын ашаршылық тақырыбын көркем шығарма арқылы сезіндіру, тарихтан сабақ алу және адам өмірінің құндылығын бір сәтте де жадыдан шығармау болды.

Арнаулы басылымның мазмұндық құрылымы мен мәтіндік мағынасы 1928–1934 жылдар аралығында Қазақстанда орын алған аштықты, екі аспектіде, біріншіден көркем шығарма кейіпкері, екіншіден, аштықты көзбен көріп, бастан кешкен жандардың естеліктері арқылы әрбір қазақстандық азаматқа жеткізу. Жинаққа енген материалдар мазмұны арқылы, оқырман санасында тарихтың ащы сабақтарынан ауыр болса да тағылым алуымыз керек деген пікір қалыптастыру.

ХХ ғасырдың алғашқы жартысы тарихнамамызда зорлық-зомбылық пен күштеп модернизациялау дәуірі деп аталуда. Өйткені үрейлі қоғамды билеп-төстеу — тоталитаризмнің басты мақсаты болып табылады. Сол себепті тоталитаризм саясаты бұрынғы КСРО құрамында болған халықтардың ұлттық тарихын барынша шектеуге тырысты. Ұлттың мәдени өрісінің және тарихи жадының жойылуына, оның санасына мәңгүрттік психологиясын орнықтыруға, сағын сындыруға барынша күш салды.

Қазақ жерінде әр отбасына жазылмайтын жара салған және қанқұйлы қасіреттерді жүзеге асырған озбыр большевиктік тоталитаризм саясатының мән-мағынасы мен әкімшілдік-әміршілдік сипатына қатаң баға береміз және әділ һәм дәйекті деректерге сүйене отырып тарихи сын айтамыз.

Қазақ халқының әр қилы тарихи кезеңдерде орын алған тарихи сілкіністер мен қаралы қасіреттерден аман қалғанын, бүгінгі тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізген ұлтымыздың өрелігін бүкіл қазақтың рухты ұлттық болмысынан деп білеміз. Өткен тарихымыздың ащы сабақтарын сабырлықпен таразылау, парасатты ой елегінен өткізу және адамгершілік парызбен қарау арқылы ғана тәуелсіздігіміз баянды бола алады. Өткенге тағзым ету бүгінгі ұрпақтың өнегелі ісі болып қалыптасуы шарт. Кешегі тарихымыз біздің жадымызда сақталатыны ақиқат дүние, өткенді саралау арқылы ғана жарқын болашақты қамтамасыз етуге болады. Біздер бұны әсте естен шығармауымыз керектігін айқын түсінуіміз қажет.

Ұлттық намысымыз бен қадір-қасиетіміз, тарихи парасатты зердеміз, білікті біліміміз бен биік мәдениетіміз, зайырлы демократиялық ұстанымдарға негізделген қоғамымыз және ең бастысы өрісті санамыз ғана қасіреттер мен күйретулерден сақтайтынын жадымыздан бір сәтке де шығармауымыз керек. Сондықтан XX ғасыр қасіреттерінен алған тағылымдар бізді біртұтас ұлт және қалыптасқан мемлекет ретінде әбден қайрап, шыңдады десек, артық айтпаған болармыз. Бүгінгі қоғамды қобалжытқан дүниелердің өзіне өткен тарих шындығынан қарасақ ешқайда еншіміз кетпейді.

Алдарыңызға ұсынылып отырған бұл жинақ қара таңба болып қалған қасіретті жылдарды еске түсірері сөзсіз.

1-бөлім

АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР, КУӘГЕРЛЕРДІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Мәриям ХАКІМЖАНОВА

АЛМАТЫДАҒЫ АЗАПТЫ ЖЫЛ

Мен ҚазПИ-дің жанындағы жұмысшы факультетінде оқимын. Халқымыздың ең зұлмат, ең қаралы, ең шерлі жоқтауы айтылуға тиісті 1932 жылдың алапат ашаршылығы таяп келе жатты. Сол сұмдық ашаршылықтың аждаһа кескінін Алматыда өз көзіммен қалай көргенім, талай қасіретке куә болғаным есіме түссе, әлі күнге дейін жаным түршігеді.

Өз асханамыз жоқ. Біздің рабфактың мың студенті азын- аулақ ақшамызға ішетін тамақ іздеп, қаланы кезіп кетеміз. Көбіне ашқұрсақ жүреміз. Отызыншы жылдың аяғы, әлде отыз бірдің басы, анық есімде жоқ, рабфакқа Үмбет Жаманов деген кісі (қазіргі атақты әншіміз Роза Жаманованың әкесі) директор болып келді. Өте бір аяулы, ақылды адам еді. Сол Үмбет аға келе сала студенттер үшін төрт бөлмелі асхана үйін салғызуға кірісті. Құрылысшылар — студенттердің өздері. Жандәрмен әр жерден үзіп-жұлып құрылыс материалын да тапқызып, бес жүз жігіт шыдатсын ба (рабфактың 1000 студентінің бес жүзі жігіт, бес жүзі қыз-келіншектер еді) асхана үйін бірер айда қалқайтып көтеріп тастады, қыздар іші-сыртын сылап, әктеп дегендей, басқа да күшімізге лайықты көркейту жұмыстарын атқардық.

Енді асханаға көптеген түрлі жабдықтар қажет еді. Оларды алу үшін қаржы керек. Біз енді Үмбет ағаның ақылымен бес дана етіп «Екпін» атты әдеби-публицистикалық көркем қолжазба журнал шығардық. Іші-тысын сол кезде рабфакта оқып жүрген, кейінгі халық суретшіміз Әбілхан Қастеев әсемдеп, түрлі әшекей-өрнек, сұлу суреттермен безендірді. Журналдың мазмұнды болып шығуына рабфактың екінші курсының студенті, атақты ақын Иса Байзақов көп еңбек сіңірді. Ақыры не керек, бес журналды республиканың басшылары Голощекинге, Елтай Ерназаровқа, Исаевқа, оқу комиссары Меңдешевке, ОГПУ бастығы Залинге апарып сыйға тарттық. Журналдың бірінші бетінде осы адамдардың суреті бар: асхана жабдығы үшін ақша алуымыз керек қой. Мына ісіміз өзімізше қулық жасап, үлкен басшыларға «жағынғанымыз» ғой деймін. Иса ағай, Тәшібай Нұрмұханбетов деген жігіт және мен бар — ортадан сайлап шығарған осы делегация бірінші бетінде суретін жарқыратып журналды алдымен Елтайға апардық. Ол кісі көрімдікке деп 5 мың сом берді. Алдын-ала келісілген шаруа болды ма, кім білсін, басқа басшылар да қолымызға 5 мың сомнан ұстатты. Сөйтіп асханамызды жабдықтауға, көркейтуге 25 мың сом ақша жинап алып едік. Міне, жоқшылық заманда осындай қулықтарға да баруға тура келді.

Енді бұрынғыдай қаланы кезу тыйылып, тамақты өз асханамыздан ішетін болдық. Бұл кезде ашаршылық белең алып, аш адамдар көшелерде жосып жүретін межеге келген. Біздің асхананың алды да үйме-жүйме ыңырсыған аштарға толып кетеді. Бұл бейбақтардың көбі — әйелдер. Бәрінің қолдарында көтерген, әйтпесе соңынан жетелеп ерткен балалары бар. Балалар сай-сүйегіңді сырқыратып жылап тұрады. «Нә-ән, нә-ән» деп жылайды. Өздерінің бір күңіренген, аянышты, зарлы дауыстары болады. «Қарақтарым-ау, мына шырылдаған сәбиге бір нәр берсеңдерші» деп әлсіз үнмен сыбырлаған, жалынышты жанары өңменіңнен өтетін, сүйегіне ілінген жүдеу әйелдер жолыңды кес-кестейді. Біздің күйіміздің де жетісіп тұрғаны шамалы. Түстігіміз — ащы капуста салынған бір тәрелке суп. Ішінде кейде бір жапырақ ет болады. Қыздар жағы осы супты ішіп, ал тиесілі нанымызды алып шығып балаларға береміз. Ұлдар нандарын жеп қояды. Соған қарағанда қазақ әйелінде шыдамдылық, аяушылық сезімі күштірек пе деймін.

Бірде Алматының көшесіне тасбақа жайылып кетеді. Сөйтсе, көздері қарауытып қаптап жүрген аштар тасбақа тиелген бір вагонды бұзған екен. Әлгі біздің супымызда жаңқаланып қалқып жүретін ет те сол тасбақаның еті болып шықты. Оны артынан білдік. Халықтың сол кездегі құдайдай сенген үкіметі мен партиясының бет бақтырмаған билеушілері жүргізген сұмдығы мол сойқан да сұрқия саясатымен қазақтың малы тартылып алынып, оның орнына бізге тасбақа жегізгені, ата-бабаларымыздың ешбір ұрпағы естіп-білмеген бейшаралыққа түсіргені осы екен. Мен қазір сексеннің бел ортасына келген жасымда, ақ басты ана ретінде, халқымның ақиқатты ғана айтар ақыны ретінде, ашаршылық сұмдықтарын өз көзіммен көріп, қасіретін шеккен куәгері ретінде, азамат жүрегіммен сол ащы шындық туралы кескен кесігім мен түйген түйсігім осындай азапты, ауыр ойларға жетелейді.

Отыз екінші жылдың көктеміне салым астана көшесіндегі адамның, әсіресе жас балалардың өлігінен аттап жүре алмайтын болдық. «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» дейді ғой, бойымыз бұл сұмдыққа да бейімделіп алды. Көшеде сәт сайын кездесетін мүрделерді көргенде жұрт енді алғашқы кездегідей шошынбай, бейнебір иттің әлде мысықтың өлігін көргендей, еш қымсыныссыз айналып өтіп жүре береді. Қыста аштан өлгендерді жинау ұйымдастырылмаған. Көше-көше, бұрылыс-қалтарыс, ағаштардың түбі қаптаған жансыз сүлде. Әсіресе, Алматыдағы жалғыз моншаның айналасы, ауласы өліктен көрінбейді. Осы жағдайда қалалық партия комитетінің қаулысы шықты: өліктерді тез арада жинап алмаса қала сасып кетеді, жұқпалы аурулар таралуы мүмкін; сондықтан күн жылымай тұрып көшелерді тазарту керек. Қалалық партия комитетінің әйелдер бөлімінің меңгерушісі Анна Михайловна (фамилиясы есімде жоқ) деген кісінің біздің рабфакқа келіп өлік жинау туралы сөйлегені қазіргідей көз алдымда.

Наурыз айында аштық құрбандарының мәйітін жинауға көшеге шықтық. Әр бригадаға он-он адамнан бөліндік. Бізге темір және ағаш күректер, тырма, айыр, ат-арба, ат болмағанда есек, өгіз береді. Таңертеңнен кешке дейін, көше- көшені кезіп салпылдап жүріп өлік жинаймыз. Жинаған өліктерді Алматының батыс жақ шетіндегі Қызыл Крестің қорасына апарып тапсырамыз. Өлік тиеген көліктер жан-жақтан ағылып жатады. Осы жерде қорабы

үлкен бір әскери машина тұрады. Мәйіттер соның қорабына бір басы, бір аяғы кезектестіріліп, айқыш-ұйқыш десteленіп салынады. Себебі, кіл бас бір жақта болса, аяғы ой түсіп қалады екен. Кішкентай балаларды әйтеуір сиятын қуыс болса, соған тығады, тігінен де қойып жатады. Осыншама көп өлікке қарап тұрып жаның түршігеді. Естуімізше, бұларды қаланың сыртында қазылып жатқан үлкен шұқырларға құлатады дейді.

Талғар, Пролетар көшелерінде ірі байлар тұрған екен. Кәмпескеден кейін солардың саңғыраған кең үйлерін мектеп, интернат, балабақшаға айналдырыпты. Осы маңда 12 бөлмелі бір ясли-бақша бар еді, соған келдік. Қарап жүріп үйге кірер басқыштың астындағы қарға көміліп қатып қалған тоғыз баланың өлігін тауып алдық. Біздің ондығымыздың бригадирі, рабфактың студенті әрі парторгі Аққошқаров деген ақылды жігіт еді, сол тұрып: «Ой, сорлылар-ай, мыналардың бәрі қара шаштылар ғой, бұл өзі тағы да қазаққа келген қырғын болды ғой» деп күрсінді.

Бір күні Талғар жаққа қарай шықтық. Көлігіміздің де ауқаты шамалы. Өзіміздің де әбден сілеміз қатып шаршап келеміз. Қызыл су көлкіп жүріп жатыр. Аяғымыздан су өткен. Сөйтіп келе жатсақ, бір кішкентай төмпешіктің үстінде бірдеме қарайғандай болады. Жігіттердің «Е, ол не дейсің, жай бірдеме шығар» деп өзеуреткеніне болмай, Аққошқаров әдейі бұрып алып келді. Келсек, төмпенің үстінде ұзыннан шалқалап басында тымағы, үстінде күпісі, аяғында саптама етігі бар, сақалы өсіп кеткен, елу бес-алпыстар шамасындағы бір кісі жатыр. Бір қолында жеті-сегіз жасар бала, екінші қолында домбыра. Екеуін де қолдарын қарыстыра қатты қысып құшақтап алған. Маңайындағы қары еріп, астарына көлкіп қара су жиналып қапты. Аққошқаров темір күректі алып мәйіттерді қозғамас бұрын жанындағы қар-мұзды мұқият күреп тазалап шықты.

Шоқылау жерден қабір қаздық. Қарағандыдан келген шахтеріміз бар еді, сол:

— Мұның домбырасын қайтеміз? Өзіміз алып қалайық, — деді.

Сонда Аққошқаровтың ойланып тұрып, өңі сұрланып былай дегені есімде қалыпты:

— Жоқ, олай болмайды. Көріп тұрсыңдар ғой, бұл үшеуі бір кісідей құшақтасып жатыр. Ана жатқан бауыр етінен жаралған баласы болса, домбыра — жан жолдасы. Ендігі жерде мына дом-

быра да — иесімен бірге өлген домбыра. Қойыңдар, жігіттер, біз бұл үшеуін бірінен-бірін айырмайық!

Күпілі кісі, бала мен домбыраны сол айқасқан құшақтарын жазбаған қалпында бір қабірге жерледік.

Алматының іші тазаланып болды-ау дегенде қаланың сыртындағы өліктерді жинай бастадық қой. Ағаш-ағаштың түбі өлік болады сонда. Неше түрлі: шөгіп жатып өлгендер, бүк түсіп отырып өлгендер, етбеттеп құлап өлгендер… Қаскелең жолындағы ағаштың ішінде бір ұл, бір қызымен қырық бестер шамасындағы қазақтың әйелі өлген екен. Ұлы — он екі-он үштерде, қызы ондарда болуы керек. Алдымен балалары өлген көрінеді. Содан кейін қатты ашынып, бұл қасіретке шыдай алмаған ана балаларының бетін өзінің орамалымен жасырып, сол жердегі ағашқа өзін-өзі асып өлтіріпті. Осы оқиғаны рабфактың жиналысында басқа бригаданың бригадирі қатты күйзеліспен айтып берген еді: «Басқасын қойшы, мынау нағыз трагедия ғой, біздің халқымыздың басына түскен трагедия» деп.

Ашаршылық қырғыны менің туған өңірім Қостанайда да сұрапыл болды. Ол жаққа Бейімбет пен Ғабит ағалар комиссия құрамында барып келді. «Аштан өлгені бар, босып шұбырғаны бар, жол-жөнекей және барған жерінде қырылғаны бар — Қостанай халқының 25 проценті ғана қалды ғой» деп отырушы еді ол кісілер. Ғабит бір назаланып, ызаланып сөйлеп еді сонда: «Арқаның сары даласы иесіз қалды деуге болады, Сарыарқаның сары төсі бос қалды деуге болады» деп, «Арқаның сары даласы иесіз қалды» демекші, 1947 жылы Қазақ Ғылым академиясының экспедициясымен туған жер — Қостанайға бардым. Көптеген ағайын, туыс, ауылдастан көз жазып қалыппыз. «Күйген қордан» деген жерде ата көршілеріміз, жастары сол кезде сексенге келіп калған Ағыбайдың Кенжебайы, Смайылдың Исатайы деген қарияларды жолықтырып, шұрқырасып есендестік. «Ал енді ана алапат апаттан қалай аман қалдыңыздар, соны айтыңыздаршы?» деймін ғой мен баяғы.

Сонда Ағыбайдың Кенжебайының айтқаны:

— Қарағым, Мәриям-ай, біз де қайбір жетісіп жүрді дейсің. Көрдік қой небір қорлықты. Елге аштық дендеп кіріп, алды ісіпкеуіп өле бастаған соң Бибіш жеңгең екеуміз ауылдан жиырма шақырым жердегі Селентин деген орыс поселкесіне барып жекенің сиырын бақтық. Таңертең өріске сиырды болса-болмасын сауып

жібереді. Бибіш екеуміз жуас сиырларды емеміз. Күн ұзаққа әрқайсысынан бір-бір жұтып, таңдай жібітіп жүріп, ісініп-кебінуден аман болдық қой, әйтеуір.

Көктем уақыты. Бір сиыр желіндеп жүрген, әлгі қарасан келгір табыннан бөлініп қалып қойыпты. Соны іздеуге салт шықтым. Әлден уақытта алдымда алыстан бір қара көрінді. Алғашында атты сияқты еді, жақындағасын байқасам, жоқ, жаяу. Қардың суы көлкіп ағып жатқан кез. Әлгі қара жалп-жұлп етіп бір еңкейеді, бір тұрады. Қатарласқанда таныдым. Өзіміздің Қажығали. Бажырақ көлдің басындағы жиын-тойдың гүлі болып, сол жерге он шақты ауыл дүркіреп келіп қонғанда елді аузына қаратып, өнеріне тамсандырған кәдімгі сырнайшы Қажығали. Бүкіл қыз-бозбала соның соңында болатын. Қазіргі түсі тым суық екен. Екіленіп от шашырата қараған көзінен шошып кеттім. Омырауынан былжыраған бірдеме соқта-соқта болып сорғалап ағып келеді.

— Ойпырмай, Қажығалимысың, саған не болды, жаным? — дедім тіксініп.

— Е, маған не болушы еді, — деді ол өршелене, — Маған не болушы еді? Мен мына судың бетінде ағып келе жатқан қара тышқан бар ғой, соны қағып алып жеп келе жатырмын.

Осылай деді де өзіме ұмтыла берді. Сосын, атымды тез бұрып, жүріп кеттім. Сиырым бұзаулап қорданда біреудің қорасында тұр екен, сұрастырып тауып алдым. Енді бұзауды алдыма өңгеріп, сиырды соңымнан мөңіретіп емпеңдетіп ертіп келе жатсам, Қажығали Селентинге үш шақырымдай жерде етбеттеп құлап өліп жатыр екен. Маған ұмтылғаны аштықтан әбден есі шығып кеткен жан есірігі болса керек.

— Қажығали сияқты азаматтың арыстаны сөйтіп өлді ғой, — деп Кенжебай аға көзіне жас алды.

Ашаршылық кезіндегі тағы бір аянышты хал есіме түсіп отыр. Менің туған жерім — қазіргі Щербаков совхозы — бұрынғы Қошан ауылында Баймекеннің Мұхтары колхоз басқармасы болады. Қолдағы малынан айырылып, ашыққан ел өлгені өліп, өлмегені босып, көшіп, түгел тарап кетеді. «Елді таратып жіберген зиянкессің» деп, енді жаңағы Мұхтарды түрмеге жабады. Түрме қайбір шекесі шылқып тұр, онда да ашығып ісіп-кепкенде барып шығарып жібереді. Содан Баймекеннің Мұхтары елге келіп, далада шашылған сүйек-саяқты жинап, қайнатып, талғажау қылған

болады. Бірақ, ит кеміріп, күн қақтаған сүйекте не нәр қалды дейсіз. Сол Мұхтар ақыры әке-шешесінің қабірінің басына барып жан тапсырыпты.

Ашаршылықтың азапты жылдарының өзім көріп еріксіз куәгер болған кейбір сұрықсыз суреттері, міне, осындай. Ерте замандарда Еуропада, Азияда, мұхиттық аралдарда жергілікті халықты қырып тықсыру арқылы жерін босату дейтін жантүршігерлік жендет саясат бар еді. Біздің елімізде де ашаршылықты қолдан жасаған зұлым саясат сол ескі санамен жаңа заманға өткен, революциялық даму заңдылығы туралы өздерінің ғылым-сымақтарын желеу еткен қанымпезерлердің ісі екендігін ашып айтып кетпеске болмайды.

«Жұлдыз» журналы, 1990, № 7.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 64–71 бб.

Сәду МАШАҚОВ

ҚҰЛАҚПЕН ЕСТІГЕН ЕМЕС, КӨЗБЕН КӨРГЕН

1930–1932 жылдарда мен Семейде «Қызыл дала», «Социалды Шығыс» газеттерінің редакцияларында қызмет істедім. Осы жылдарда қаланың көшелерінде, алыстағы Абыралы, Абай, Шұбартау, Қызылтаң болыстарына баратын жол бойында аштан өлген адамдарды көзіммен көрдім.

Бұл — озбыр, қатігез Сталин Қазақстанды Ф. И. Голощекиннің тәлкегіне басы бүтін, сүйегін де сұраусыз етіп беріп қойған сойқанды, ойранды шақ болатын.

1928 жылы Голощекиннің ұсынысымен ірі бай-феодалдардың мал-мүлкін кәмпескелеу қазақ даласының байлығы, берекесі болған төрт түлік малды талан-таражға салды. Ондаған миллион мал басы бір жыл ішінде жоқ болды. Ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетті. Кәмпескеден үрейленген халық қолдағы малын дереу сойып, сата бастады. Мал шаруашылығын күйзелтіп, құрту одан сайын өрши түсті. Малы бар орта, кедей шаруаларды шетінен бай, кулак деп қудалап, барын тартып алып, ауылдан қуды. Тіпті, науқан асқына келе әбден сорлап қалған сормаңдайлардың жалғыз сауын сиырын да ет дайындау жоспарына тапсыртты. Сөйтіп, елдің

қолында тігерге тұяқ қалмады. Сақталған артық азығы: астығы, етмайы таусылған халық ашыға бастады. Қаладан 300–500 километр қашықта тұратын шаруалар амалсыз жаяу шұбыруға мәжбүр болды. Қолда ат, көлік жоқ, қаламен арада қатынас жасайтын машина ол күнде болған емес. Бірақ ашыққан, әлсіреген адамның қанша жүре алатын шамасы бар? Олардың көбі, әсіресе, кемпір-шал, жас балалары ілесе алмай жолда қалды. Оларға қарайласа, өз жандарына қауіп төніп тұр. Осындай ауыр халде тастап кетуге қимай, осы жерде бірер күннен кейін бүтін бір ауыл, тұтас бір әулет болып, барлығы бала-шағасымен бірге қаза тапқанын да көрдік.

Мал көзін құртуға елдегі белсенділер де аянбай күш салды. Халықтың қолындағы қозы, лақ, бұзау, торпаққа дейін ет жоспарына еріксіз тапсыртты. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген мысқыл осы белсенділерге арнап айтылған екен. Сол науқанды жүргізушілер «жоспарды асыра орындадық» деп мәз-мәйрам болды. Сол жылы Қарқаралы ауданы ет жоспары 600 процент орындалды деп рапорт берді. Халықтың аштан қырылып жатқанына олар селт етпеген тәрізді.

Қазақ ауылында ашаршылыққа ұшыраған шаруалар шұбырып қалаға бет түзеді. Бірақ аштықтан әлсіреп, титығы құрыған адамдар жаяу жүріп қалаға әрең дегенде жетті. Ал қалаға жете алмай, жол бойында жүздеген адам қаза тапқанын қалаға тірі жеткендер назалана айтатын еді.

Қалаға келген аштарды, олардың көшеде өліп жатқандарын өз көзімізбен көрдік.

…Бірде қаланың М. Горький көшесінде келе жатсам, бір қақпаның түбінде қазақтың жас әйелі ыңырсып, аштан өлгелі жатыр екен. Қасына таяу келіп халін білмек едім. Бірақ сөйлеуге шамасы жоқ, демі таусылып барады. Сол арада оқыған қазақ азаматы қызметкер М. деген коммунист кездесті. Бұрыннан таныс кісі.

— Қазақ халқының аштан қырылып жатқаны қалай? — деп сұрадым.

— Е, несі бар, революция кезінде басқа халық та қырылған, қазақ енді құрбан болып жатыр, — деді де өз бетіне жүріп кетті. Міне, қазақтың кейбір өркөкірек, тоғышар интеллигенті халықтың аштан қырылуын осылай үстірт түсінді. Олардың ойынша, революция тұсында қай халық болса да қажет болсын, болмасын құрбандық беруге, қырылуға тиіс. Бұл барып тұрған адасқандық, әйтпесе алжасқандық еді.

Сол 1931 жылдың күзінде даладан шұбырып, көшіп келген аш, арықтар Семей қаласына сыймай кетті. Қаланың шет жағындағы Училищная көшесінде «19 февраль» атында бастауыш орыс мектебі бар еді. Қызыл кірпіштен салынған осы екі қабат мектептің үйін ауылдан келген аш-арықтарға жатақ етіп берді. Бірақ олардың бірталайы аштықтан әлсіреп жүдеген. Кейбіреуі келген бетте ішкен тамақты көтере алмай өліп жатты. Бұларға қаланың орталығынан әкеліп бір мезгіл ыстық тамақ беріп тұрды. Сәске түс кезінде үлкен каткаға құйылған кеспе көже келеді. Бірер ожау көже мен бір тілім қара нан беріледі. Тамақ әкелген кезде барлығы аулаға шығып, қатар-қатар кезекке тұрады. Бұлардың қолдарында консервінің қаңылтыр сауыты, шыны банкі, ағаш тостаған. Көжені ыдыстарына бір-екі ожаудан құйып, бір тілім қара нан үлестіреді. Тәулігіне ішетін тамақтары осы.

Бір ожау көже мен бір тілім нан ас болып жарытпайды, аштардың тамағы тоймайды. Олар көшеге шығып, қаланы кезіп, әрбір үйден қайыр сұрайды.

Кейбір үйлерде бұларды аяп, нанның бір үзімін болса да береді. Енді қайбір қатыгез адамдар есігін ашпайды:

— Кетіңдер, сендерге беретін нанымыз жоқ, өзіміз де ашпыз, — деп ұрсып қуып жібереді.

Аштар қаланың орталығындағы базарға барады. Тамақ сатып тұрған қатарға көз салады. Шіркін, мына тоқаштан, самсадан тойғанша жер ме еді деп ойлайды. Осыларды көрген бір жас жігіт шап беріп қалаулы тұрған самсаның біреуін ауызына тығып жіберді. Жігіттің ақшасы жоқ аш екенін сезе қалып:

— Эх ты, нахал, — деп иесі жұдырықтап ұра бастады. Жас жігіт таяқ астында самсаны түгел жеп те қойды. Төлейтін бір тиын ақшасы жоқ. Енді тамақ сатып тұрған еркек-әйел саудагер жан-жағынан жабылып, жігітті одан әрмен сабады. Жігіт бір кезде есі ауып құлады. Оған жаны ашып, арашалаған жан болмады.

Қалаға келген аштар көбіне асхана маңында, тамақтың қалдықтарын төгетін жерде жүреді. Нанның, картоптың, тағы басқа овощтың қалдығын теріп жегенін талай көрдік. Қайтейік, қолдан келер дәрмен жоқ.

Аштардың кей тобы Семейге келісімен темір жол вокзалына қарай шұбырады. Оларды бастап жүрген еті тірі, жөн білетін ысылған адамдар Сібір өлкесіне апармақ.

Өйткені, ұзын құлақ хабарға қарағанда Сібірде азық-түлік молшылық, халық тоқ деседі. Сол лақаппен аштар Сібірге жетсек деп арман қылады.

Семей вокзалы аштарға лық толы. Аяқ басар бос жер жоқ. Өңкей жүдеу, жалаңаш адамдар. Бұлар вокзал алаңында киім-кешегін астына төсеп, поездың келуін күтіп жатыр. Вокзал маңайында да аштан өлгендер жиі кездеседі. Егер әлдеқалай осы маңдағы милицияның бірі өліп жатқан кісіні көре қалса, ат-көлігі бар адамды ұстап, өлікті соның шанасына салып қоя береді. Атшы сорлылар қайда тапсырарын білмей қаланы кезіп, сандалады. Балағаштан келген Нұғыман деген шаруа көшеде кездесе кетті.

— Амансың ба, қарағым, — деп мені көрген соң тоқтап, шағым айтты. — Бүгін базарға отын әкеліп сатып едім. Отынды қаланың шет жағындағы бір үйге түсіріп, кетіп бара жатқанымда бір қазақ милициясы: «Менімен бірге жүр, азырақ жүк бар, соны жеткізіп тастайсың» деп шанаға отырып алды. Қарағайдың жиегіндегі бір сарайға келгенде тоқтатты. Сарайдың ішіне алып кірді. Қарасам, он шақты адамның өлігі жатыр. Аштан өлген әйелдер де, балалар да бар. Шаштары будаланып, ұйысып қалған. Мұны көргенде көзімнен еріксіз жас шықты. Төрт-бес адамның өлігін шанама салып, «мұны Хлебная көшесіндегі қораға апарып тапсырасың» деді, — дейді.

Вокзал ішінде де құжынаған аш-арықтар. Шаршап, әлі құрыған жандар біріне-бірі сығылысып еденде жатыр, астарына төсеген киімі де жоқ. Менің қасымда журналист Омарғазы Оспанов бар. Шеткері орындықта әңгімелесіп отырмыз. Бір кезде осы жерде ұйықтап жатқан 13–14 жастағы баланың басына ересек адамның етігі сарт етіп тиді. Ересек жігіт шіреніп аяғын соза түсті. Ұйқыдан оянған бала басын көтеріп, жан-жағына қарады, тәтті ұйқысы бұзылғанына ренжігендей. Қайта жатуға бата алмай, қорғанып, отырғандай.

— Тарт аяғыңды, — деді Омарғазы аяғын созған жігітке. Жігіт ала көзімен қарады да, теріс қарап жата кетті.

— Сен қорықпа, ұйықтай бер, — деді Омарғазы балаға. Бала «бұл кім екен» дегендей бізге қарай-қарай жатып қалды.

Қырдан келген аш-арық шаруалар Сібірге жүретін поезды күтіп отыр, қашан келері белгісіз. Түннің орта шенінде поезд келді. Жұрт жапа-тармағай вагондарға жармасып міне бастады. Аштардың әлі

жеткендері таласып, тырмысып вагонға кіріп орналасты. Енді біреулер, әсіресе, кемпір-шалдар мен жас балалар отыра алмай, вокзал басында шулап қалып қойды. Енді біреулер төсек, киім-кешегін кіргізіп, өздері отыра алмай қалды. Вокзал басы у-шу, айғай, жылау.

Семей, Қарқаралы, Павлодар округтерінен көшкен халық Семей арқылы Рубцов, Барнаул, Новосібір, Краснояр, Хабаров қалаларына дейін көшіп барған. Олардың басым көпшілігі жолда аштықтан қырылған.

Ертеде халық «Аштан өлгеннің моласын көргенім жоқ» дейді екен. Соның рас екеніне көзіміз жетті. Аштан өліп жатқан жүздеген адамды көму бір-екі адамның қолынан келер ме. Әркімнің қайғысы өз басына жетерліктей.

1932 жылы Семей облыстық партия комитеті аудандарға арнаулы бригада жіберді. Олардың мақсаты ауылдағы халыққа медициналық жәрдем көрсету, саяси-үгіт жұмыстарын жүргізу, мәдени қызмет көрсету еді. Бригаданың құрамында насихатшы, дәрігер, кино, театр, газет қызметкерлері бар еді. Көшпелі баспаханада газет шығарды. Осы бригада құрамында мен де болдым.

Семейден арнаулы автобуспен Абай, Абыралы аудандарына шықтық. Ертістен өткен соң Семейтауға дейінгі 60 километрдей жазық дала бұрын малға сыймайтын. Қаптаған мал, жылқы, түйе, сиыр, қой-ешкі жайылып жүретін. Енді осы далада қарайған мал да, адам да көрінбейді.

Жолдың екі жағында да аштан өлген адамдардың сүйегі, шіріген киімдері. Қалаға таяу ауылдар түгел көшіп кеткен.

Абай ауданында бірқатар ауылдардың бұзылып, төбесі құлаған үйлері, қирап қалған қоралары қаңырап тұр. Адамдардың көбі қалаға жете алмай, жол үстінде қаза тапқан. Тірі қалғандарының алды Семейге, одан әрі Сібірге босып кеткен.

1926 жылғы есеп бойынша Абай ауданында 36 мыңнан астам адам болған. Ал аштықтан соң аудан басшыларының есебі бойынша 3 мың шамасында ғана адам қалған. Міне, халықтың қанша қырғынға ұшырағанын осыдан-ақ аңғаруға болады. Аштардың Сібір жаққа барғаннан кейін де қаза тапқандары аз емес екенін тірі қалған адамдар дәлелдеп берді. Осы Сібірге көшкендердің арасында Қарқаралыдан бергі Берікқара, Қызылтаң, Абыралы болыстарынан шыққан адамдар да бар. Бұлар Сібірге жеткенде аштықтан қалжырап, аяқтарын басуға зорға шамалары келетін еді.

Сібірге көшіп барған аштарға жергілікті партия, совет ұйымдары, сол жердің халқы көп көмек жасады. Оларды жұмысқа орналастырды. Қазақ балаларына арнаулы мектеп ашқан. Халықтың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген, қазақ тілінде газет шығарған.

Батыс Сібір облыстық партия Комитетінің секретары Р. Эйхе осы жөнінде Москваға, партияның Орталық Комитетіне хабарлаған. Ал Голощекин: «Қазақтар колхозға кірмейміз деп, Сібірге қашып жатыр» деген мәлімет беріпті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында (1944–1945) мен командировкамен Хабаров қаласына бардым. Соғыс кезінде сол қалада қазақ тілінде «Дабыл» дейтін газет шығатын. Бұл Қиыр Шығыстағы армия жауынгерлеріне арналған газет. Осы газеттің редакциясында жазушы-журналист Жәрдем Тілеков қызмет істейді екен. Мен сол редакцияда болып, жұмысымен, қызметкерлерімен таныстым. Тілековті Семей қаласында соғысқа дейін қызмет істеген кезінен білетінмін. Бір күні Тілеков маған:

— Жүр, осындағы қазақтардың үйінен шәй ішейік, — деді.

Мені Хабаров қаласында тұратын қазақ үйіне ертіп апарды. Үйдің иесі Жүніс жұмыста екен. Жасы қырықтың ішіндегі қара торы әйел Жамал бізге шәй әзірледі. Бір ұл, бір қызы бар екен. Шәй үстінде әңгімеге кірістік.

— Хал-жайларыңыз қалай, — деп сұрадым мен үй иесінен.

— Хал-жайдың несін сұрайсыз. Өмірдің неше түрлі азабын да, қайғы-қасіретін көрдік. Осында келгелі көзіміз ашылды. Көрген қайғы ұмытыла бастады. Біздің үйімізде он шақты адам бар еді. Күйеуіміз екеуміз ғана тірі қалдық. Менің әке-шешем Семейге жетпей, жолда аштан өлді. Күйеуімнің әкесі мен қарындасы да аштықтан әлсіреп, Семейде өлді. Біз екі баланы — 5 жастағы қызымыз бен 8 жасар ұлымызды амалсыздан қаладағы жақын туысқа беріп кеттік. Жалғыз біз ғана емес, елден бірге шыққан Иса, Жақып деген туыстарымыз үш баласын асырап алатын адамға беріп кетті.

Қолдағы күн көрерлік мал таусылған соң аштыққа ұшырап, жаяу Семейге келдік. Семейге де тұрақтамай жұртпен бірге Сібір астық.

Пәлен жер молшылық, жайлы деген лақаппен көше бердік. Ақыры осы қалаға жетіп тоқтадық. Мұнда келген соң күйеуім жұмысқа орналасты. Өзім де жұмыс істеймін. Тамағымыз тоқ.

Мұнда келген соң мынау екі баламыз туды. Амандық болса, соғыс біткен соң туған жерімізге оралсақ деп ойлаймыз.

Біз үйге ауыр ой арқалап қайттық. Біз әңгіме еткен дәуір өте ауыр қайғыға душар еткен, елді аштыққа ұшыратқан қапалы кезең еді. Сол кездегі Семей облысы басшыларының бірі Ежов кейін келе нағыз қанды қол жендеттің өзі болды. Мұндай әпербақан басшылар ел арасында да аз емес еді. Ашаршылық жылдарда ауылдағы шолақ белсенділердің озбырлығы да өзгеше. Кедейдің жалғыз сиырын тартып алып кеткен — солар. Колхоздың ортақ малын ұрлап, сойып, базарға сатқан да — солар. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен» деген осы. Белсенділерге арнап халық ішіне тараған өлеңнің бірі:

Әй, белсенді, белсенді,
Қамқоршы деп ел сенді.
Бар малынан айырылып,
Кедей сорлы теңселді.
Елге әмір жүргізді,
Тақыр шалбар кигізді.
Жалғыз сиырды қорға алып,
Артты жерге түйгізді.

Аштыққа ұшырағандардың да зар, мұңы жыр болып елге тараған:

Тағдыр бізді жазғырып,
Тоздырып, мүлдем азғырып,
Бір тілім нанға зар қылып
Қиырға кеттік қаңғырып.
Естілгендей бір сарын,
Көрінгендей бір сағым.
Шұбырды халық қиянға
Сақтауға аман ұрпағын…

«Жұлдыз» журналы, 1990, № 7.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. —71–79 бб.

Ғалым АХМЕДОВ

СОЛ БІР АУЫР ЖЫЛДАРДА

Отызыншы жылдардың басынан 1935 жылдың аяғына дейін бұрынғы Әулиеата, қазіргі Жамбыл қаласында зооветтехникум директоры болып қызмет істедім. Қазақстанда совхоздар көптеп құрылып жатқан кез. Соларға мамандар даярлау үшін Алматыдағы техникум Әулиеатаға көшіріліп, совхоздар халкомына (Халық комиссариатына) берілген. 1914 жылы басталған Бірінші империалистік соғыстан, оған жалғасқан азамат соғысы мен әскери (военный) коммунизм зардаптарынан мықтап күйзелген ел Ленин жүргізген жаңа экономикалық саясаттың (НЭП) нәтижесінде едәуір күйленіп қалған еді. Бірақ 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф. Голощекин келгеннен кейін ол кісі «Ұлы Октябрь революциясы Қазақстанға соқпай жанамалап қана өткен, қазақ кедейлері революцияның жемісін татпаған, сондықтан Қазақстанда «Кіші Октябрь өткізу керек» деген өзінше теория шығарып, 1927–1928 жылдары әуелі егіндік, шабындық жерлерді қайта болу, одан кейін қазақтың ірі бай-феодалдарының мал-мүліктерін кәмпескелеу науқанын жүргізді. Оның ізінше «кулактарды тап ретінде жою негізінде елді тұтас колхоздастыру» науқаны басталды. Көпшілігі сауатсыз қалың елдің ішінде сол кездерде: «Колхоз болғанда мал-мүлік, қатын, бала да ортақ, жұрт қырық құлақ қазаннан ас ішіп, қырық аршын көрпенің астында бәрі бірге жатады екен» деген сияқты алып қашпа сөздер тарады. Оған бір жағынан сол кездегі үгіт-насихат жұмысының әлсіздігі де себеп болды.

Ол жылдары қоғам жұмысына араласқан адамдардың көпшілігінің білімі аз, кейбіреулері төменнен жоғарылатылған (выдвиженец) адамдар еді. Көбі ниеті түзу болғанымен, істің жөнін білмейді, тек құр айқай, соның нәтижесінде асыра сілтеушілік кең орын алды. Сонымен қатар жоғарыдан берілген нұсқаулар да кулактарды тезірек құртып, елді белгіленген мерзімнен қалдырмай, колхозға тартыңдар деп асықтырды. Бұрын малының жайына қарай әрқайсысы әр жерде отырған елді бірден отырықшылыққа айналдырып, ешбір дайындықсыз бәрін бір жерге топырлатқаннан кейін шаруашылықтың куйі тайды. Оның үстіне елдің астығы

шыққан-шықпағанына, тіпті егінді еккен-екпегеніне қарамай жоспар беріліп, оны орындау «бірінші парыз» болып есептелді. Уәкілдер мен белсенділер ештеңемен санаспай, елдің ішіп отырған азығына дейін сыпырып әкетіп жүрді. Мұндайда ауданда, облыста болсын «шаш ал десең бас алатын» адамдардың мансабы жоғарылады.

Сол жылдары бізде бір Қырықбай деген, ертеректе партияға кірген, бірақ хат танымайтын, жасы біразға келген бір адам жұмыс істеді. Саяси сабақ өткізгенімізде ол екі сөзінің бірінде: «Жарықтық партияның сара жолы» деп отырушы еді. Бұл бірақ ешкімге зияны жоқ момын адам болатын. Ал мен бір себеппен 1931 жылы ел ішіне шыққанымда, «Бипылни Мамыт» деген сол кездегі бір белсендіні көргенім бар. Еңгезердей сары жігіт, жасы отыздар шамасында, хат танымайды, бірақ актив-белсенді. Қолында дойыр қамшысы бар, елден астық жинап жүр екен. Көрінген кісіге тек: «Ой, әкеңнің… бипылни» дейді екен, жоқ десе қамшымен тартып-тартып жібереді. Мұның «бипылниы» не десем, орыстың «выполни» деген сөзі екен ғой, өзі содан басқа бір ауыз орысша білмейді екен. Міне, ауылдық жерлердегі белсенділердің түрі осындай болып келетін. Ал елге шыққан уәкілдердің де көпшілігінің әлгі Мамыттан артықшылығы шамалы болатын.

Бір жолы аупарткомның тапсырмасымен, астық науқаны емес, басқа жұмыспен ел ішіне шықтым. Қаладан алпыс-жетпіс шақырым жерде Новоивановка деген орыс селосы бар скен, қазақтар оны Жетібай дейді. Селоның орыс тұрғындары түгел дерлік қашып кеткен, МТС-та істейтін үш-төрт үй орыс, азғантай қазақтар бар. Сонда ауданнан келген бір жауапты қызметкер сол маңдағы колхоз басшыларын жинап, мәжіліс өткізіп жатыр екен. Ол кездерде колхоздар ұсақ болатын. Ауданда сыпайы жүретін әлгі уәкіл колхоз басшыларын біресе орысшалап, біресе қазақшалап боқтайды. Мен шыдай алмай: «Ау, мұның қалай, жұртты беталды сөгуге болмайды ғой» десем, ол: «Осылай сөйлеспесең, бұлар жоспарды орындамайды» дейді. Дегенмен, менің сөзімнен кейін ұялды ғой деймін, уәкіл жұртты боқтауын қойды. Байқаймын, шаруасы әбден күйзелген колхоз басшылары бар дүниеден түңілген түрмен төмен қарап, осы жиналыстың тезірек бітуін асыға күткен сияқты. Колхоз басшылары: «Жоспарды орындаймыз, астықты табамыз» де-

гендерімен де, мына уәкілдің қысымынан тезірек құтылу үшін айтылған бос уәде екені белгілі еді.

Жиналыс соңынан жұрт тарқамады, сөйтсем, қаржының кімдікі екенін кім білсін, уәкіл кеспе астырған екен, бірнеше шыны шарап та бар екен. Бірер тастап алғаннан кейін уәкіл отырғандарға өлең айтыңдар деді, бірақжұрт оған ықылассыз еді. Уәкіл қоймаған соң орта жастағы бір адам өте зарлы бір ән салды. Өлеңінің сөзі жадымда жоқ, бірақ аяғын: «…Ой, алла-ай, заман болды-ау қандай-ай!» деп бітірді, әнінің өзі де адамның сай-сүйегін сырқыратқандай еді. Уәкіл оған: «Қайдағы контр өлеңді айтасың» деп ұрысқан соң, ол да бітті. Сонда бір қартаңдау, жүдеу колхоз бастығының аш қарынға ішкенге қызып қалып, теріс қарап өзіне өзі: «Ие, қатын-бала өлсе өле берсін, планды орындау керек…» дегенді ызамен күбірлей қайталап отырғаны осы күнге дейін көз алдымнан кетпейді.

1932 жылдың көктемінде егіс жұмысы қатты қолға алынғанымен де елде көлік жағы тапшы, қыстан ашығып шыққан ер-азаматтың да күйі нашар, сондықтан егіс жұмысы нашар жүрді. Бір күні аудандық партия комитеті мені шақырып алып, қаланың түбіндегі «Қызыл жұлдыз» (ел оны «Қоштөбе» дейді) колхозында егіс жұмысы жүрмей жатқанын, соған басқа ауылдардан адам, көлік жіберілгенін айтып, маған сонда барып жоспарды тез орындап қайтуды тапсырды. Барсам, егіс жері құрғап кеткен, шаңдағы бұрқырап аспанға шығып жатыр. Жер суармалы да емес, тәлімі. Содан соң мен аупартком хатшысына хат жазып, құрғақ топыраққа тұқымды босқа ысырап қылудың жөні жоқ екенін айтып, бір адамды жібердім. Аупартком хатшысы, бұрын екеуміз Ақтөбе губерниялық атқару комитетінде ол орынбасар, мен хатшы болып, бірге істегенбіз, өзі бір кездерде әдебиетке де араласып жүрген Жұмағали Сәрсеков деген жөн білетін-ақ адам еді, менің хатыма: «Колхоздың егіс жоспарының орындалуына басыңмен жауап бересің» деп бір жапырақ қағаз жазып жіберіпті. Колхоз бастығы Ғұмар деген біразға келген татар болатын, ол байғұс басын шайқап: «Ай, қарағым-ай, мый атала болып кетті ғой!» дей береді.

Жоспарды орындап қайтқан соң Жұмағалиға барып: «Ау, көріне көзге өнбейтін жұмысқа жұртты босқа жанықтырғаның не?» дегенімде ол: «Қайтейін, мына жақта Крайком мен обком қысып жанымды шығарып бара жатыр» деді.

Шаруашылыққа сондай ұқыпсыздық, барлық жұмыс тек жоғарыдан келген жоспарды орындап, рапорт беру деп білетін тәртіп күні кешеге дейін орын алып келді. Бір жылы өз еліме барғанымда, біздің ауылдың жеріндегі совхоздың директорымен егістерін аралап көрдік. Ақтөбе маңы жері қуаң болғандықтан, бұрын ел бидай нашар шығады деп, оны аз салып, көбіне тез пісетін тары егуші еді. Совхоз бұрын жұрт тары да екпейтін жерлерге бидай еккен екен, онысы бойы бір қарыс, әр жерде бір қылтанақ болып қана шығыпты. Директорға: «Біздің ел мына жерге тары да екпейтін, неге бидай ектіңдер?» дегенімде ол: «Бұл жерге ештеңе шықпайтынын өзіміз де білеміз, бірақ жоспар берген соң, оны орындамасаң басың кетеді, басқа егін салатын жер болмаған соң амалсыздан жыртамыз» деді.

* * *

1932–1933 жылғы қыста ашыққан адам қалаға сыймай кетті. Бұлардың көбі Сарысу, Талас аудандарынан келген. Қала маңындағы ауылдардың да көпшілігі ашығып, олар да тамақ іздеп қалаға келеді. Қалаға жақын жерде, Талас өзенінің оң жақ бетінде Свердлов атындағы қазақ колхозы, онымен араласып жатқан іргелес «Красная заря» деген орыс колхозы бар. Сол Свердлов атындағы колхозды аупартком біздің техникумға шефке берген, мені аупартком сол маңдағы он бір колхозға уәкіл етіп жіберді. Мен барғанда орыс колхозындағы адамдар түгел дерлік үй-жайларын тастап кетіп қалған екен. Қазақ колхоздарында халықта азық жоқ, алды аштан өле бастаған. Малға шөп жоқ, олар да, алды көтерем болып өліп жатыр. Аудан басшылары жақын жердегі бір совхоздан шөп алып берген, бірақ оны тасуға жарайтын адам жоқ, сондықтан техникумның мал дәрігерлік және зоотехника бөлімдерінің соңғы курстарының студенттерін «тәжірибе өтеу үшін» деген сылтаумен колхозға әкеліп, мал қарауға және шөп тасуға пайдалануға тура келді. Сол кездерде ашыққан халық түнде қораға кіріп, малдың сан етін кесіп әкетіп жүрді, сондықтан күзетке де студенттерді қойдық.

Сол қыста көзіммен көрген жан түршігерлік бірнеше уақиғаларды айтып берейін.

… Бір күні Свердлов колхозына қаладан үш адам келді, екеуі ГПУ-дың қызметкерлері, үшіншісі бір кішкентай ғана орыс шалы,

ол фельдшер екен. Әскери киімді, жағасындағы петлицасында төрт ромбысы бар, ондай адамдар ол кездерде қазіргі генерал дәрежесінде болса керек. Шомбал қараторы жігіт мені оңаша шығарып алып, өзінің Алматыдан келгенін, фамилиясы Петров екенін айтып танысты. Атын ұмытып қалдым, ұлты якут екен. Ол маған: «Осы ауылда біреу кісі сойып жепті ғой, білесің бе?» деп сұрады. Мен білмейтінімді айттым, шынында да ондайды естіген жоқ едім. Содан соң ол: «Қазір бір жерді тінтіп көреміз, сойылған адамның қалған еті сол жерде болу керек. Комиссияның бір мүшесі өзіңсің, ауатком қосып берген, кәне, солай қарай барайық» деді. Ол кезге дейін өлген кісі көрген жоқ едім, соны айтып, бармасам қайтеді деп едім, Петров күліп: «Қашанғы көрмей жүре бересің, енді көр» деп мені қолтықтап жұрт тұрған жерге қарай алып кетті.

Ауылсовет, колхоз бастығы, бригадирлер және басқа да адамдар бір үйдің алдына бардық. ГПУ-дің адамдары қолына күрек алған бір-екі жігітке үй алдындағы күресінді көрсетіп: «Осы жерді қазыңдар» деді. Сол жерден жаман тонға ораған адам сүйегі шыға келді. Денесі мүшеленген, басы денесінің үстіне салынған, ауызы ырсиып, тістері ақсиып тұр. Ернінің үстінде селдірлеу мұрты, иегінде шоқша сақалы бар, жасы қырық бес-елу шамасында. Фельдшер мүшеленген денені түгелдеп, жүрегі мен тағы бірдеңелерінен басқасының түгел екенін айтып, акт жасады.

Уақиға былай болған екен. Мерке жағында ертеде, жаңылмасам, Баянды деген болыс болса керек. Соның жалғыз баласы ашыққан соң ертеректе осы ауылға ұзатылған апасын іздеп келсе, ол апасы үй-ішімен аштықтан қаңғып кеткен болып шығады. Содан соң апасының көршісі бір әйелдің үйіне қонады… Келесі күні екінші көрші әйел тауығын іздеп жүріп, әлгі әйелдің қорасының тесігінен қараса, үй иесі әйелдің адам сойып жатқанын көріп, ойбайлап қаша жөнеледі. Ауыл адамдары бұл істі ешкім білмесін деп жасырса керек. Қаладан келген адамдар кісі сойған әйелді алып кеткен, содан соң не болғанынан хабарым жоқ.

… Егіс жұмысы басталған көктем кезі. Көлік жоқтың қасы. МТС-тен екі трактор келген, трактористер техниканы байыптап үйрене де алмаған, курстан жаңа шыққан бір-екі орыс жігіттері тракторды жөндеп жүргізе де алмайды, істегендерінен тұрғандары көп. Жоғарыдан жерді кетпенмен де жыртыңдар деген нұсқау келген,

сондықтан техникумның тағы екі курсының студенттерін әкеліп жұмысқа салуға тура келді. Аупартком уәкілдерге қалаға келуге рұқсат бермей қойған. Үсті-басым кірлеп кеткен соң бір күні бір орыс жігіті уәкілді орныма тастап, қалаға барып жуынып, кір- қоң ауыстырып келейін деп кеттім. Әлгі жігіт жұмысшыдан көтерілген, оқуы аз болғанымен пысық адам болатын. Тап сол мен кеткен күні колхозға обком хатшысы Восканов деген кісі жер батпақ болғандықтан, фаэтон арбамен келіпті. Келе мені сұрағанда әлгі орнымда қалған жігіт: «Ахмедов алысырақтағы колхоздарға кетті» дейді. «Сен кімсің?» дегенде: «Мен орынбасарымын» деп салады. Содан соң Восканов блокнотына қарап, басқа колхоздардың жайын сұраса, жауапты шамамен айта беріпті, өйткені ол басқа колхоздардың жайын білмейді, тек бір колхоздағы уәкіл болатын. Восканов оған қарап тұрып: «Әй, өзің бір ескі очковтиратель екенсің!» депті. Содан соң уәкіл: «Өзіңіз кім боласыз?» деп сұрапты. Восканов өзінің кім екенін айтқанда, әлгі жігіт: «Уай, қорыққаным-ай! Тентек адам деп еститінмін, бұрын көрген жоқ едім. Жай біреу шығар деп шығарып салу үшін аузыма түскен жауапты айтып тұрып едім, атын атағанда, тұла бойым мұздап кетті» деді. Сонда Восканов арық тазалап жатқан адамдарға қарап қалтасынан алма алып жеп тұрып: «Өздері аш па, қалай?» дейтін көрінеді.

Бір күні егіс басынан ауылға қарай келе жатыр едім, алдымнан ауылсовет председателі кездесті. Аман-саулық сұрасқаннан кейін: «Анау шеткі ауылда тағы біреу адам етін жеді деген хабар естіп, соған бара жатыр едім, жақсы кездестің, жүр, екеуміз барып анығын біліп қайталық» деді.

Шеткеріректегі үйлердің көбі қараң қалған, бір жан, не бір мал жоқ, тіпті иттер де қаңғып кеткен, қоралардың төбесі ашық, қабырғалары құлаған, баяғы Жоңғар жорығының іздері сияқты. Шеткерірек бір үйге барып аттан түстік. Бұл үйдің де қорасының төбесі ішіне қарай құлаған. Үйге кіріп келгенімізде үй іші моладай ызғарлы екен. Аласа ғана үйдің оң жақ жанына таман көрпе сияқтанған бірдеңеге оранып, жасы отыздар шамасындағы бір жігіт жалғыз жатыр. Сақалы өскен, екі жағы суалған, көзі шүңірейген. Үйде іліп алар зат жоқ, бәрін қалаға апарып сатып болған. Аман-саулық сұрасқанда, жігіт әлсіреп әрең жауап берді. Ауылсовет председателі егде тартқан, оқымағанмен тоқығаны бар, ақыл иесі адам болатын. Әлгі жігіттен: «Біз бір хабар есітіп келіп

отырмыз, сендерді адам сойды дейді ғой, рас па?» дегенде, ана жігіт азар да безер болып: «Құдай сақтасын, ондайды естігеніміз де, көргеніміз де жоқ» деп танды. Ауылсовет: «Әй, пәленше! — деп жігіттің атын атады. — Өзіңнің жатқан түрің мынау, құдайдан жасырмағанды адамнан жасырып қайтесің, шыныңды айт. Біз сені айыптағалы отырғанымыз жоқ, анығын білгіміз келеді. «Тоқтық не дегізбейді, аштық не жегізбейді», бұл аштық жалғыз сенің басыңда ғана емес, елдің бәріне келген апат қой» дегенде барып ана жігіт біраз күмілжіп, үзіле сөйлеп: «Сондай бір іс болды, отағасы, қайтейін, амалым қалмады» деді жыламсырап.

Болған уақиғаны жігіт деміге сөйлеп айтып берді. Бұл жігіттің ертеде басқа жаққа ұзатылған әпкесі аштықтан қаңғып төркініне келеді. Төркін дегенде, басқалары өліп, жалғыз осы інісі қалады. Үйде басқа азық қанша үнемдегендерімен де таусылады. Енді жерлік ештеңе қалмайды. Сөйтіп отырғандарында қаладан бір баукеспе ұры ағайындары келіп қонады. Жейтін дәнеңе жоқ, бәрі де аш жатады. Ертеңгісін апасы ауыл жанындағы «Красная заря» колхозының картоп еккен орнында қалған-құтқан түйнек болса, теріп келейін деп жиналып жатқанда інісі: «Апа, не де болса жейтін бірдеңе тауып қайт, әйтпесе өзіңді сойып жейміз» дейді.

Апасы түске таман бос қайтады. «Қарағым-ай, жұрт түк қоймаған екен, ештеңе де таба алмадым» дейді. Інісі: «Ендеше, апа, өзіңді соямыз» дейді. «Қарағым, сен аман қалсаң болғаны, сенің жолыңа мен құрбан» деп кеңірдегін оттың басына қарай соза бергенде сол жерде пышағын қайрап отырған ұры әйелді тамағынан пышақпен тартып жібереді. Содан соң ұры әйелдің сан етін кесіп алып, үй иесі екеуі асып жейді. «Қалған еті қайда?» дегенімізде жігіт: «Ұры қорада құлаған жабындының астына тастадым деген» деді. Қораға шығып, жабындының астын ашып қарағанымызда, екі сан еті кесілген орта жастардағы бір әйелдің денесі жатқанын көрдік. Содан соң ауылсовет бастығы адам жинап, әйелдің денесін көмдірді.

Осыдан біраз бұрын Алматыда Голощекин кетіп, орнына Мирзоян деген кісі келіпті деген хабарды естігенбіз. Бір күні мені тығыз ауданға шақыртты. Барсам, Мирзоян келген екен, аупарткомда кең мәжіліс болды. Бет бақтырмайтын Голощекиннен қорқып қалған жұрт алғашында ауыздарын байқап ашқандарымен де, сөйлей келе шындықты да айта бастады. Бір кезде

аупартком хатшысы (бұл кезде Сәрсенов кеткен, оның орнына келген Жаңбыршин деген жігітті елді аш деп айтасың деп Голощекин орнынан алып соттатқан) маған сөйле деді. Өзім де сөз сұрағалы отыр едім. Мен елдің жайының өте ауыр екенін, егіс жұмысының мардымсыз жүріп жатқанын айта келе әлгідей адам жеген уақиғаларға да тоқталдым. Мирзоян, байқаймын, маған қарап қалыпты, бір жағынан сонысынан әлде не ойлап отыр деп қорқайын да дедім, дегенмен жасырмай түгел айтып бердім. Жиналыстан кейін Мирзоянмен бірге келген бір таныс жігіт маған: «Голощекин болғанда әлгі сөзің үшін сені бірден қаматып жіберген болар еді» деді. Мен де оған: «Голощекин одан әрман құрысын» дедім әзілдеп.

Сол жиналыстан кейін өкімет елге азық (продпомощь) беретін болды. Ол тұтынушылар қоғамы арқылы ақшаға берілді. Колхозда бір тиын ақша жоқ. Содан соң өзіміздің техникумның бухгалтеріне (бухгалтер бір жуас, бірақ ісіне мықты жас жігіт болатын): «Екеуіміз бір кішкентай қылмыс істейік, мына подшефный колхозға аздап қарызға ақша берейік» дедім. Ол әуелі: «Ойбай, ертең ревизия келсе, бізді айыптайды» дегенімен де, ел жайының соншалықты жаман екенін өзі де біліп тұрғандықтан, ақыры көнді. Ол азықты кооперация адамдарының ұрлап құртпауына кім кепіл? Сондықтан, азықты әкеліп, тізім бойынша үлестіруге студенттердің комсомол комитетінің мүшелерін қоюға тура келді. Аш адамдардың көбі тым әлсіз, ондайларды ауылсовет, колхоз бастығымен келісіп, мектеп үйіне (оқу екі бастан жоқ) жинатқызып, басына тамақ істеп беретін бір ерлі-зайыпты адамды қойдық.

Сөйтіп жүргенде бір күні кешкісін егін басынан ауылға келсем, колхоз басқармасының жанында жеті-сегіз адам жиналып тұр екен, іштерінде колхоз бастығы да бар. Ол шаруа жайын білетін, жасы қырықтар шамасындағы бір дұрыс, есті адам болатын. «Түнде колхоздың бір тайыншасы жоғалды, — деді колхоз бастығы. — Соны сұрастырып жүргенімде, біреу ауылдың ана шетіндегі бір жалғыз қалған шал үйінде ет асып жатыр деген соң, қасына бір адамды ертіп барсам шынында да әлгі сөз рас болып шықты. Шалды әрі-бері қысқаннан кейін ол қазандағы етті адамның еті деді. Содан нанарымды да, нанбасымды білмей, етті табаққа салғызып қамбаға әкеліп қойдым» деді. «Кәне, әкеліңдерші, көрейік» дедім. Сүйектері ірі, жасық ет екен. Бір шал еттен үзіп

алып аузына салып шайнап көріп: «Ой, малдың еті ғой» деп тұр. Сол кезде техникумның ветеринария бөлімінің соңғы курсында оқып жүрген бір студент бала келе қалды. Әкесі Ф. Ф. Томан дейтін, Әулиеатада отыз жылдай мал дәрігері болып істеген, бізде сабақ беретін бір жақсы адам болатын. Сол студентке: «Мынау малдың еті ме, адамның еті ме, қарашы» деп едім, жігіт қынынан пышағын суырып алып бір жіліктің етін пышағымен сиырып жалаңаштап олай-бұлай қарады да, маған ақырын орысшалап: «Адамның еті. Малдың сүйегі жұмыр келеді, адамдікі қырлы келеді» деді. Содан соң: «Жарайды, етті қамбаға қоя салыңдар, ертең тағы тексеріп көрерміз» деп жұртты тоқтаттым.

Келесі күні ауылсовет председателі, колхоз бастығы, тағы бір-екі адам шалдың үйіне барсақ, шал далада үйінің күн шуақ жағында көйлегінің тігіс-тігісіндегі сіркені пышақпен қырып отыр екен. Сәлем беріп амандасқаннан кейін ол іркілместен бар шынын айтып берді. Өзі де келісті, ірі денелі адам екен. Бір айдан бері адам етін қорек етіп келе жатқанын, мына асқан еті осы ауылда жақында сүзектен (тиф) қайтқан колхоз счетоводы, 23–25-тердегі бір жас жігіттің еті екенін, оны өзі түнде барып көрден қазып алғанын айтты…

«Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» дегендей, сол бір жұмыстың бәрі «науқан» болып, қит етсе елге уәкіл қаптап шығатын жылдары, мақтанғаным емес, мен барып егіс науқанын өткізген колхоздардың астығы жақсы шығып жүрді. Бәлки, менің агротехникадан аздап хабарым бары, жұмыс сапасын қадағалай жүргенімнің де себебі тиген болар. Сол жылы күзде жолым түсіп әлгі Свердлов атындағы колхоз арқылы жүруге тура келді. Колхоздың астығы шынында да жақсы шыққан екен. Баяғы ауылсовет председателі мен колхоз бастығы тап бола кетіп, аман-саулық сұрасқаннан кейін олар мені жібермей, ауылдарына қондырды. Ел тамақтары тойып, күйленіп қалған (әрине, бұрынғыға қарағанда). Түнде әңгімелесіп отырғанда: «Көктемде кісі етін жеген шалдарың бар ма?» деп сұрадым. Колхоз бастығы ол шалды қырманға күзетші етіп қойғандарын айтты. «Ойыны ма, шыны ма, кім білсін, сол шал: «Кісі етіне енді бір тойсам, әбден көтеріліп кетер едім» дейді, сондықтан түнде қырман басына өзіміз де баруға қорқамыз» деді. Мен: «Онда қырманға күзетшіні тауып қойған екенсіңдер» деп күлдім.

* * *

Колхоздарда уәкіл болып жүрген кезімде (сол жылы), қасымда бір студент бала бар, жаяу темір жол бойлап келе жатыр едік. Қалаға жақын Ақбұлым деген жерде, темір жолды қатпалдап жүретін қара жолдың езуінде бір жас қазақ жігіті өліп жатыр екен. Қасымдағы балаға: «Қалтасын қара, документтері бар ма екен» дедім. Жігіттің қалтасынан комсомол билеті шықты…

Енді бір жолы түнделетіп екі атты кісі келе жатыр едік. Аупартком науқан біткенше қалаға келмеңдер деп қойған, сондықтан кір-қоңымызды ауыстыруға тек түнделетіп қана келіп қайтамыз. Қала шетінде Әкім бауы деген бақ бар.

Соның ішімен жортып келе жатқанымызда астымдағы атым бірдеңеден үркіп, жалт бергенде құлап қала жаздадым. Қарасам, қасында екі жас баласы бар бір қазақ әйелі теректің түбіне тығылып отыр екен. Сөйлей алмайды, екі жас бала тек ыңырсиды. Қоржынымызда өзімізге азыққа алып жүрген менде бүтін, қасымдағы жігітте жарты нан (лепешка) бар екен, соны бергенімізде әйел еңіреп жылап қоя берді. Басқа тілге келген жоқ. Біздің де оған басқа берер көмегіміз жоқ, сондықтан жүріп кеттік…

Сол жылғы қыс естен кетпестей әсер қалдырды. Әулиеатадан мен тұрған Бурыл көшесінде жетімхана бар еді. Аудандық оқу бөлімі босқан елдің балаларын сыйғанынша алған. Бірақ кенеуі кеткен балалар тіпті көп өліп жатты. Әлі көз алдымда, таң азанда жетімхананың арбакеші (ол кезде машина жоқ) түнде өліп қалған балаларды жайдақ арбаның үстіне престеп салып тиеп, үстін брезентпен жауып молаға қарай (әлде басқа жаққа ма, кім білсін) алып өтеді, сонда жалаңаш балалардың қол-аяқтары арбаның жан-жағынан салақтап бара жатады…

Әулиеатаның Көкбазар деген базары бар. Бір күні соның жанымен өтіп бара жатыр едім. Базардың шет жағында жұрт балшық қазып алған терең шұңқырлар бар. Солардың бірінің ішінде жасы 20–21 шамасындағы бір қазақ жігіт жарға жүресінен сүйеніп отырып қатып қалған екен. Жалаң бас. Байқап қарасам, біреу төбесін таспен ұрып ойып жіберіпті…

Бір күні техникумның зоотехниядан сабақ беретін И. С. Горнев деген мұғалімі екеуіміз сол Көкбазардан шығып келе жатқанымызда бір қазақ жігіті орыс әйелінің сатып тұрған нанының біреуін алып қаша жөнелді. Аш кісі қашып құтыла ала ма, әйел қуып

жетіп итеріп жібергенде құлап қалды, құлап жатып та нанды аузына бұралап тығып жатыр. Әйел сол жігітті басқа тепкілегенде қасымдағы Горнев шыдай алмай жүгіріп барып әйелді түйіп жіберді. «Оңбаған, адамды неге басқа тебесің? Мә, саған ақша керек болса! Аш адамға бір үзім наныңды өзің біліп беруің керек!» деп ұрсып, қалтасынан ақшасын шығарғанда анау әйел қашып кетті. Сол базарда жұрт нан, салма, басқа да тағамдар сататын. Мен алдыңғы айтқан жігітті де нан алып қашқаны үшін біреу ұрып өлтірсе керек…

Жаз шыға тәжірибе шаруашылығының малын жайлауға шығару керек болды. Қасыма бір ересек қазақ студентті алып, Алмалы деген тау жаққа жер көру үшін шықтым. Салт жүріп келеміз. Таудың етегінде дәу-дәу қарақұстар бір жерге ұшып-қонып үймелеп жатыр екен. Бұрылып барсақ, бір қазақ әйелінің өлігін паршалап, қызыл-ала қан қылып, соған шүйілген. Одан әрі біз таудың қойнауына кіріп, суын, шөбін байқап келе жатыр едік, қалың өскен долана, итмұрын, жабайы жеміс ағаштарының арасына кіре бергенде, атым бірдеңеден үркіп осқырынған соң байқап қарасам, бұтаның ішінде бір қазақ әйелі отыр екен. Есі дұрыс емес қой деймін, сұрағымызға жауап бермей, тек бет-аузын қисайтып, ауызы ырсиып, ыржақтап қарай берді, түрінен адам шошығандай. Біздің азыққа алып шыққан нан, майымыз бар еді, соны студент бала қасына таман апарып қойды, бірақ әйел біз кеткенше тамаққа ұмтылған да жоқ, тіпті қараған да жоқ. Аз тұрған соң біз жүріп кеттік…

Тәжірибе шаруашылығымыз Әулиеатаның күнгей жағындағы Үлкен Бурыл деген таудың астындағы Қыршынды деген жерде болатын. Бұрынғы үлкен ауылдың орнында қазір адам аз қалған. Наркомсовхоздан қоймай жүріп, жүз бұзаулы сиыр, екі трактор, бір жүк машинасын алып, шаруашылығымызды көктемде ғана ұйымдастырғанбыз. Әлгі ауылдың қалған адамдарын біз жұмысқа алып, азық, сүт беріп тұрдық, жалақысы өз алдына. Зоотехник мұғалімі И. С. Горнев екеуміз бізге берілген жерді қалай пайдалану керек екенін көруге жаяу аралап келе жатқанбыз. Әлгі ауылдан қашықтау бір ауылдың тек құлаған қоралары ғана қалған, бір тірі жан жоқ. Бір дуалдың түбінде киізге оралған адам өлігі жатыр екен. Қыста көмуге шамалары келмей солай тастаған болса керек. Соны көргенде қасымдағы

Иван Сергеевичтің: «Последний представитель аула» дегені әлі есімнен кетпейді…

Техникумның оқу жұмысын басқаратын Шонтықов Хайролла деген жігітпен бір үйде тұрамыз, есігіміз бір. Оның Мағыпа деген келіншегі бар. Менің әйелім одан да жас. Ауыз үйде Мағыпа керосинкаға тамақ пісіріп жатыр екен, соны бір аш қазақ кастрюлімен алып қашыпты. Екі келіншектұра қуады, бірақ жеткендерімен де ұстауға қорқады. Соны байқаған аш адам ішіндегі етін алып, ыдысты лақтырып тастап кетеді.

Бұған дейін өз көзіммен көргендерімді айттым, енді озім көрмеген, бір инабатты адамның аузынан естігенімді айтып берейін.

Әулиеата қаласының жанындағы Талас өзенінің оң жағында, Таластам өтетін көпірден жарты шақырымдай жоғары Тектұрмас дейтін әулиенің мазары тұратын. Тектұрмас — Қараханның баласы екен, өмірін үйде тұрмай, ылғи жорықта өткізген екен, сондықтан Тектұрмас атанған екен дейді халық аңызы. Мазар өзеннің биік жарлы жағасында, Ботамойнақ тауының өзенге құлаған тұмсығының түбінде болатын, кейін оның кірпішін сол маңда құрылған қызылша совхозының жұмысшылары үй салуға бұзып алып кетіпті. Соңғы жылдары қайтадан кірпіш қалап, басын қарайтып қойыпты деп еситтім.

Аштық жылы көктемде сол Тектұрмас тамының жанында бір баласын көтеріп, екінші баласын қолына жетектеген қазақ әйелі дауыс етіп әрі-бері жылап жүреді де, бір кезде қолындағы баласын биік жардың басынан тасып жатқан суға лақтырады. Екінші баласы шырқырап жылап қашқан екен, әйел ол баланы да қуып ұстап алып, оны да лақтырады. Содан соң өзі де суға құлап ағып кетеді. Жоғарыда айттым, мұны өзім көргенім жоқ, «Еситкен құлақта жазық жоқ», естігенімді жазып отырмын.

Сол бір ауыр жылдар, сондағы көргендерім есіме түссе жүрегім сыздап, көзіме жас келеді. Ол заманда көрген уақиғалар азапты түстей өтіп кетті. Қазір сол кездегі Хайролла да, Иван Сергеевич те, Мағыпа да, көп жыл тату-тәтті өмір сүрген менің әйелім Қанапия да жоқ. Сол кездегі уақиғаларды көрген адамдардың біренсараны қалғандарының өздері де қартайып, күндері санаулы ғана қалған. Кейінгі жастар мұндай қиыншылықтарды көрген жоқ, бірақ білулері керек-ақ. Сондықтан көрген-білгендерімді жазып қалдырғанымды мақұл көрдім.

Сол жылы Қазақстанға Мирзоян келмей, Голощекин тағы бірер жыл тұрғанда қазақ халқының басына түскен қисапсыз қырғынның неге апарып соғарын болжап болмайды. Осы күні демографтар, басқа да адамдар сонда қанша адам қырылғанының санына жете алмай жүр ғой, жету қиын да. «Ақтабан шұбырынды» дейміз, «Хиросима-Нагасаки» дейміз, бұл екеуі де жаугершіліктің зардабы ғой. Әрине, халық қырылғанның қайсысы жақсы дейсің? Зұлымдықты тек зұлым адамдар ғана жақтауы мүмкін. Ал мына қырғында ауылында шаруасын істеп жай отырған адамдар ашыққан соң қаңғып, бет-бетімен қайда барарын өздері де білмей, көбі жол үстінде далада көмусіз қалды ғой, оларды көпке дейін жоқтаушылар да табылмады. Тек Қазақстанда ғана емес, ашаршылық Украина, Еділ, Кубань жақтарында да болды, бірақ олар да тап біздегідей шектен асқан жоқ. Халық осындай күйзеліп аштан қырылып жатқанда, Сталин мұның бәріне беті бүлк етпей, «социализм құрудың шығындары» деді-ау бір сөзінде.

Халықтың мұндай ауыр жағдайын қазақтың кейбір жергілікті азаматтары сол кездің өзінде басын тігіп Сталинге білдіргені белгілі. Бірақ оған құлақ асқан «көсем» болмады.

Голощекин деген алдына жан шығармайтын, бет бақтырмайтын адам еді, өзі тіс дәрігері ғана болғандықтан, экономикадан хабары жоқ, әсіресе Қазақстан сияқты ол кездегі аграрлы елде ауыл шаруашылығын басқаруға қабілеті жоқ, сондықтан да болар, сол кездерде қызмет істеп жүргенде Голощекиннің ел ішіне шықты дегенін көрген де, естіген де емеспін. «Социалистік Қазақстан» газеті кейде «Елтай ағай ел аралап жүр» деп дақпырттап жазушы еді, бірақ оның да бітірері шамалы болатын. 1929 жылы Ақтөбеге келгенінде Елтайға губерниялық атқару комитетінің уәкілі ретінде Темір, Сағыз бойын аралатып, Тайсойған, Бүйрекке қарай шығарып салғаным бар.

Сондай ел қырылып жатқан жағдайда Голощекин елден астық, ет және басқа жоспарлардың орындалуын талап етіп жатты. Тек Мирзоян келгеннен кейін ғана алдымен өзі ел ішіне шығып, жағдайды өз көзімен көргеннен кейін бірден халыққа азық жағынан жәрдем бергізе бастады, елдің мойнындағы бұрыннан келе жатқан алым-салықтардың бәріне кешірім жасады. Колхозшыларға жеке ұстауларына мал бергізіп, әр шаруа жүз елуге дейін қой, ешкі, бес-алты ірі қара ұстауға ерікті болды, сөйтіп ел бірнеше жылдың

ішінде тойынып қалпына келіп қалды. Сол жылдары Өзбекстан, Түркменстан, Қарақалпақстан жағына босып кеткен қазақтардың көбі елге қайтарылды. Мирзоян келе сала шетте жүрген қазақ азаматтарын қайтару әрекетіне кірісті. Мысалы, Ташкенттен Т. Жүргеновті алдырып, ағарту комиссары етіп қойды. Темірбек те жігерлі, қайратты адам болатын, ол келе опера және балет театрын, мәдениет сарайын (қазіргі қазақ концерт залы), көптеген мектеп үйлерін салғыза бастады, филармония ұйымдастырды, елді жаппай сауаттандыру жұмысын қолға алды. Таңертең құрылыс басына барып, жұмыстың қалай жүріп жатқанын көріп, бірдеңе жетпей жатса, тіке Мирзоянның өзіне барып, заттарын тауып беруші еді. Сол жылы Ташкентте істеп жүрген геолог ғалым Нәтай Кенесаринді, Москвада істеп жүрген басқа да жігіттерді де ала келген еді, оны жұрт кейін «Мирзоянның құйыршығы» деп, Мирзоянның басына күн түскен кезде оған айып етіп тақты. Бірақ, әділін айту керек, олардың бәрі де (Асриев, Алиев, Юсупов, Мұстафаев, Сарумов және басқалары) іскер адамдар болатын.

* * *

Ел енді ғана есін жинап, колхозшылардың шаруашылықтары енді-енді жөнделіп, халық тойынып келе жатқан кезде ел басына тағы да ауыр күн туды. Сталинге табынушылық күш алған кезде, алдында партия документтерін тексеруден бастаған науқанның аяғы үлкен террорға айналды. Сол кездерде ішкі істер министрлігіне айрықша пұрсат беріліп, олар тіпті партия органдарының бақылауынан шығып кеткен еді. Ішкі істер министрлігінде қызмет істеген адамдардың көпшілігі шикі, надан, адамгершілік, заң дегеннен хабары жоқ, «ұр да жық» адамдар болды, бірен-саран жөн білетіндерге әлгіндей «әпербақандар» жол бермеді, не ондайларға «халық жауын жақтайсың» деген бәле жабатын болғандықтан, өздері бас сауғалады. Ондайлар партия орындарында да көп болды. «Халық жауын әшкерелеу» әуелі қалалық жерлерден басталып, ауылдық жерлерге, ауылсовет председательдері мен колхоз басшыларына, тіпті кейбір жай колхозшыларға дейін жетті. Кейбір басшы қызметкерлердің әйелдері де қамалып, бала-шағалары жетімханаға берілді, олардың кейбірлерінің әкесі не шешесі қайтып оралғаннан кейін көбі балаларын таба алмай, өмірлері зар еңіреумен өтті.

Мысалы, Қазақстан Орталық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімі бастығының орынбасары болып істеген Кузич деген кісі әйелімен қамалып, екі баласы жетімханаға берілген екен. Кузич те, әйелі де 15–16 жылдан соң ақталып қайтып келгеннен кейін балаларын таба алмады, ақырында Кузичтің әйелі ақылынан ауысты. Айта берсең, мұндай ауыр уақиғалар толып жатыр, ондай қайғыны досың түгіл қасыңа да тілеуге болмайды.

Голощекиннің тұсында астанадағы қызметкерлер қазақ туралы сөз айтқанда, «бұратана» («туземцы») деп сөйлеуші еді. Мирзоян келгеннен кейін оны қойғызды. «Қазақ республикасында отырып, жергілікті халықты «бұратана» дегендерің ұят» деп бірнеше жиналыстарда айтқаннан кейін ғана бұл сөз тыйылды. Бұл термин патша заманынан қалған еді. Патша өкіметі қазақтарды ресми түрде «киргизы», ал орыс емес ұлттардың бәрін «инородцы», «туземцы» деп атайтын. Қазанда ұсақ ұлттарды шоқындыру мақсатында арнаулы «Инородческая духовная семинария» да ашылған болатын.

Қазақтың оқыған азаматтары жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінен-ақ ұстала бастаған еді. Бұл кездерде мұндай жұмыс Россияда да жүргізілді. Қазақстанда алдымен «Алаш» партиясында болды деген желеумен (оның үстіне сол адамдарға көңілі қалған немесе оп-оңай жақсы атты болғылары келген кейбір азаматтардың «көмегімен») алдымен Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Германияда оқып жүрген Ғазымбек Бірімжанов, Дәмолла Битілеуов (бұлар жеті-сегіз адам болатын, басқаларының аттары жадымда жоқ) және басқалар қамауға алынды. Ғылым жолына берілген Ахметті сол кездерде кейбіреулер сыртынан қаралап, «түймедейді түйедей» қылып саяси айып тағып жүрді. 1928 жылы Голощекин жүргізген конфискация туралы ол кісінің пікірін сұрағанда, Ахаң: «Е-е, одан келер-кетер не бар, көп болса қазақтың жеті жүз байы жұтап қалды дерміз» деп, бұл «ірі» саяси науқанға мән бермеді десті. Содан кейін, қазақ университеті ашылғанда сөйлеген сөзінде профессор Ахмет: «Қазақ жастары өзге жұртпен теңелу үшін алдымен білім алулары керек; білімсіз ел әрқашан да білімді елге тәуелді болды» деп айтты, мұнысы орыс халқына қарсы айтылған сөз десіп, ол кісінің сөзін бұрмалап, саяси айып тақты.

Ахмет пен Мыржақып екеуі де ауыл мұғалімдері (учитель), патшаның түрмесінде отырған адамдар. Ахаңның 1937 жылы 64 жасында атылғанын енді біліп отырмыз. 1928 жылы қамалған Мыржақып әуелі әйгілі Соловкиде болып, кейін Беломорканал лагерінде 1935 жылы елу жасында қайтыс болған. Оның алғашқы өлеңі 1906 жылы Петербургте «Серке» газетінде жарияланған. 1909 жылы басылған «Оян, қазақ» деген кітабы үшін түрмеге қамалып, кітабы конфискацияланған.

«Оразаның түбіне мақсым жетер, азған елдің түбіне тақсыр жетер» дегендей, колхоздастыру кезінде шолақ белсенділердің ел ішіне тигізген зияндары туралы жоғарыда айтып едім, сол «шолақтар» жиырмасыншы жылдардан басталып, отызыншы жылдары аяқталған, одан кейін елуінші жылдары қайта қозып барып, көп ұзамай басылған науқандарда момын елге білгендерін істеді. Отызыншы жылдары Қазақстанда орысы, қазағы, басқа да ұлт өкілдері бар, қанша халық ұсталып, концлагерьлерде биттеп-құрттап азап шегіп өлгенін кім білсін, ал Одақ бойынша, баспасөз беттерінде жарияланған хабарларға қарағанда, миллиондап саналатын сияқты. Осыған елді колхоздастыру кезінде босып аштан өлгендерді қоссақ, «Құмалақтың есебін құдай білсін» дегендей, қанша адам шығын болғанын шамалаудың өзі қиын. «Бұған кім айыпты?» деген сұрақты әркім де қойып жүр, бірақ сол айыптыларды қазір таба да алмайсыз, көбі өліп қалған, бірен-саран қалғандары дым көрмегендей, көппен бірге пенсия алып, күнін көріп жүріп жатыр. Бұлардың бірсыпырасы сол кездерде баспасөздерде, жиналыстарда сөйлеп, талай «халық жауларын» әшкерелеп көзге түсті, ал біразы көптің көзіне түспей, жасырын әрекет істеді, ондайларды жұрт «жатыпатарлар» дейтін. Сондайлардың біреуі кейінірек Қазақстан Орталық партия комитетінің бюросында өзін ақтау үшін беті бүлк етпей: «Мен жүз отыз жеті халық жауын әшкерелеген адаммын» дегенінде, жүрегім мұздап кетті, өйткені, ол адаммен қызметтес болған едім. Сол кездерде (отызыншы жылдары) жазушылар арасынан да талай «халық жаулары» табылып, із-түзі жоқ «ғайып» болды. Мен ол кездерде жазушылардың ішінде болған жоқпын, сол уақиғаларды көздерімен көрген адамдар бар ғой, солар айтар. Бір есімде қалғаны, 1935 жылы ғой деймін, Қазақстан өкіметі Сәкенге сол кездерде жаңа шыққан «Эмка» дейтін жеңіл машина мен киіз үй сыйға тартқан еді, бірақ олар Сәкенге бұйырмай кетті.

Сол жылдары Қазақстанға көп еңбек сіңірген өте іскер партия, совет, шаруашылық қызметкерлері, солардың ішінде Түрксіб темір жолын салған, Балқаш мыс комбинатын, Шымкент қорғасын заводын және басқа да өндіріс орындарын ұйымдастырған азаматтар сол науқанның құрбаны болды. Қазірде жұрт Одақ көлемінде нақақ күйген адамдардың аруағын сыйлап, ескерткіш қою мәселесін қолға алып жатыр ғой. Бізде де осы мәселеге қозғау салып, сол азаматтардың аттарын, істеген қызметтерін жарияласақ жақсы болар еді.

1935 жылдан 1938 жылға дейін Қазақстан Орталық партия комитетінде жұмыс істедім. 1936 жылға дейін өлкелік комитет еді, сол жылғы съезде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті болып қайта құрылды. Ғабит Мүсірепов бөлім бастығы, мен сол бөлімнің (мәдени ағарту бөлімі) нұсқаушысымын. Ғабит ағайдың да басы қатып жүрген кез. Бір күні мені шақырып алып, Жүсіпбек Аймауытовтың «Делебесі қозған жігіт» деген әңгімесін қазір тез орысшаға аударып бер деді. Айтқанын тез-ақ орындап апарған соң: «Қалай, әңгіме ұнады ма?» деп сұрады. «Осы кісінің жазғандарын ұнатып оқимын, өйткені тілге өте шебер және орысша оқығандықтан да болар, үлкен орыс жазушыларының үлгісімен жазады. Бұл әңгіме неге сонша тығыз керек бола қалды?» дегенімде: «Қайтесің оны» деп, қолын ренжігендей бір сілтеді. Жүсіпбекті Орынборда көргенім бар, өте бір келісті, артық сөйлемейтін сабырлы, түрі де көрікті адам болатын. Орыс әйелінен екі ұл баласы бар деуші еді, сол екі баланың біреуі Алматыға келіп, бірақ «көзге түрткі» бола берген соң белгісіз бір жаққа кетіп қалған деп естідім.

Ахаң Архангельск жақтан қайтқаннан кейін ол кісіні бір күні Халық комиссарлары советінде көргенімді бұдан бұрынғы мақаламда айтқанмын, бұл жерде қайталаудың қажеті жоқ.

…Мағжан лагерьден қайтқаннан кейін еш жер жұмысқа алмай қиыншылық көрген соң Мирзоянға арыз жазған екен. Мирзоян ол арызды Ғабитке беріпті, Ғабит арызда көрсетілген адресі бойынша тауып, осында шақыр деп маған тапсырды. Арыз қолмен жазылған, әріптері ірі екен. Мен телефонымды көрсетіп, қағаз жазып, Ғабеңнің шоферін жіберіп едім, үй иесі Мағжанның Мерке жаққа кеткенін, келген соң хабарласатынын айтып жауап қайырды.

Арызында Мағжан лагерьде жүргенінде Совет өкіметінің адамды қайта тәрбиелеуі женінде бір үлкен поэма жазғанын, оны баспа орындары алмағанын, өзіне ешкім жұмыс бермейтінін, сондықтан қиын жағдайда қалғанын, егер идеология майданында жұмыс істеуге болмаса, онда лагерьде оқып үйренген фельдшерлік мамандыгы бойынша жұмыс берулерін отінген екен. Сол күндері бірде Ғабитке кіргенімде Көркем әдебиет баспасының директоры Жаманқұлов (кейін ол да қамалды) Мағжанға аударуға бір роман бергендерін, аудармасы жақсы екенін, бірақ басуға қорыққандарынан комиссия құрып, жоқты-бар кемшілік тауып, ақысын бермегендерін айтып отыр екен. Сөзіне қарағанда, осыны тек сол кездегі жағдайдан қорыққаннан істегендері анық еді.

Арада бір жеті-он күн өткеннен кейін телефон шылдырлады. Алсам, Мағжан екен. Қайда тұрғанын сұрап едім, ол кісі пропуск беретін жерге келген екен. Содан соң Ғабитке айтып, өзім сыртқа шығып, Мағжанға пропуск жаздырып, Ғабиттің кабинетіне алып келген соң екеуін оңаша тастап шығып кеттім. Мағжан жүдеу, устінде көнелеу френчі бар, аяғында етік. Ғабит екеуі бір сағаттай сөйлескеннен кейін Мағжан маған келіп, пропускісіне қол қойғызды, содан соң ол кісіні сыртқы есікке дейін шыгарып салдым. Одан кейін ол кісіні бұрынғы Үкімет үйі жанындағы скверде тағы бір кездестірдім.

Мағжанды соңғы көруім осы болды.

Сол жылдары Ғабит Қиыр Шығысқа айдалып кеткен Нұржан деген ақынды, жырларын жазып алу үшін, елге қайтару жөнінде Қазақстанның ішкі істер министрлігімен сөйлесіп жүрді, бірақ одан ештеңе шықпады.

Орталық Комитетте бір мәжілісте Б. Майлин туралы сөз болғанда Ғабит оны жанын сала ақтап: «Ол кісіні өте жақсы білемін, адал ниетті, нағыз коммунист, егер оны жау десеңдер, мені де жау деңдер» деп өзелене сөйлеген еді. Тап сол күні түнде Майлин қамалды. Келесі күні аппараттағы адамдардың бірсыпырасы: «Кеше Мүсірепов ана халық жауы Майлинді жақтап сөйлеп еді, енді, міне, оның өзі де жау болып шықты» десіп шуласты. Ол кезде Мирзоян бірінші хатшы, сондықтан бұл жолы Ғабит туралы сөз көтерілген жоқ.

Елуінші жылдары Ғабит Жазушылар одағының бастығы болған кезде отызыншы жылдары ұсталған жазушылардың өздерімен

бірге алынған қолжазбаларын қайтару жөнінде Ішкі істер министрлігімен сөйлескенде, олар архивте ештеңе де жоқ депті. Кім біледі, іздеуге ерініп айта салғандары ма? Москвада ұсталған жазушылардың архивтерін табамыз деп жатыр ғой, бізде де осыған сұрау салу керек.

Орталық Комитетте істеп жүргенімде бір күні Ішкі істер министрі Залин деген кісі аппараттағы қызметкерлерге қырағылық жайында лекция оқыды. Тәпелтек, қасқа бас адам болатын. Ұлтын айырудың өзі қиын, сірә, орыс емес пе деймін. Ол кісі қырағылық жайын айта келе, тіпті шет елге барып келген, шет елде туыстары бар, не солармен хат жазысып тұратын адамдардың бәрі де шпион дегенге дейін барды. Ешкім сұрақ берген жоқ, оған сұрақ беруге де жұрт бата алмайды, өйткені «қылышынан қан тамып» тұрған кезі. Сол лекцияның артынан бір ай өткен соң оның өзі де қамалды. Оның орнына Реденс деген кісі келді. Оны жұрт Дзержинскиймен бірге істеген, соның шәкірті деп дәріптеп жүруші еді, бір-екі айдан кейін ол кісі де қамалды. Ішкі істер аппаратында ең сенімді деген адамдар істейді ғой, олар осындай болып жатқанда, «Түйені жел шайқалтса, ешкіні аспаннан көр» дегендей, басқаларға не жорық?! Ертеңгісін жұмысқа келгеннен кейін жұрттың әңгімесі бүгін түнде кімдердің ұсталғаны жайында болады. Не бір аяулы адамдардың кеткенін естігенде тек басымызды шайқаймыз, басқа іш тартып, жылы сөз айта алмаймыз.

Сол жылдары нақақ айыпталған кейбір азаматтар тіпті өздерін өлтіруге дейін барды. Орынборда Қазақтың Автономиялы Республикасы құрылғанда, алғашқы Халық комиссарларының бірі Әлиасқар Әлібеков отызыншы жылдары Ташкенттегі мақта-ирригация институтының ректоры болып істеген. Сол кісіні «халық жауы» деп (Ә. Әлібеков 1919 жылдан партия мүшесі) партиядан шығарыпты. Үйіне қайтып келген соң, әйелі бір жаққа жолаушылап кеткен екен, үйдегі жеңгесін бір жаққа жұмсап жіберіп, өзі асылып өліпті. Сол кісіні жерлеуге қатысқан он шақты қазақ студенттері де «халық жауын» жерлесуге барғандары үшін қамалыпты.

Әлиасқар Әлібеков өте білімді, Ленинградта гидромелиорация институтын бітірген ескі инженерлердің бірі болатын. Орынборда қазақ оқушылары сол кездегі пьесаларды сахнада ойнағанда, Халық комиссары бола тұра, үлкен басын кіші етіп келіп, өзі режиссерлік етіп, басқарып жүрген еді. Бір жолы сахнада сот құрылатын

бір көріністе, ескі юрист Сейтәзім Кәдірбаев деген кісіні ертіп әкеліп, сотта судья өзін қалай ұстауы керек екенін үйреткені есімде қалыпты. Өте кішіпейіл, сақал-мұрты бар, толықша қара торы, мейірімді адам болатын.

Тағы бір сондай, Қазақстанда Совет өкіметін орнатуда алғашқы күндерден белсене қатысқан адамдардың бірі — бұл күнде ұмыт болған Тілеужан Мұқашев. Ол кісі Ақтөбе маңында туып, сол қаладағы екі кластық (алты жылдық) орыс- қазақ мектебін бітірген. Революциядан кейін 1918 жылы партияға кіріп, совет қызметіне араласа бастаған алғашқы қазақ жастарының бірі болған, Ақтөбе, Орал губерниялық атқару комитеттерінің председателі, ВЦИК, КазЦИК мүшесі болып сайланған, Бүкілодақтық, Қазақстандық съездерге қатысқан. Отызыншы жылдары Алматыда Жоғарғы соттың мүшесі болып қызмет істеп жүрген кезде партия ұйымы оны «халық жауы» деп партиядан шығарады. Өзі өте сыпайы, қысық көздері күліп тұратын, иі жұмсақ адам еді. Сол партиядан шығарылған күні ол жоқ болады. Үйінде әйелі бірер күн күткен соң жан-жаққа, қызмет істеген жеріне хабар беріп іздей бастайды, бірақ табылмайды. Біреулер оны қашып кеттіге жориды, тіпті шет елге қашып кеткен шығар дегендер де болады. Арада бір жеті өткен соң әйелі бірдеңе іздеп үйдің шатырына шықса, Тілеужан сонда асылып өліп қалған екен. Қалтасындағы қағазда «Партиядан шыққан соң ендігі өмірдің керегі жоқ» деген жазу бар екен.

Сол бір ауыр жылдары уайым-қайғыдан есі ауған адамдар да болды. Орынборда рабфакта 1921–1922 жылдары Қостанайдан келген Қорғанбек Байзақов деген жігіт оқыды. Бұрын Троицкіде Реальное училищеде оқыған екен, рабфактың соңғы класына келіп түсті, оны бітіргеннен кейін Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясында оқыды. Өзі бір көрікті, ақ көңіл, ашық, адамға үйірсек жігіт болатын.Отызыншы жылдары АлматыдаАуыл шаруашылығы Халкомының бас агрономы болып қызмет істеді. Халком Нығмет Сырғабеков сол кездегі белді, беделді қызметкер болатын, кейін ол кісі де ұсталды. Қорғанбек науқастанып үйінде жатса керек. Бір күні тығыз керек болып қалғандықтан, Нығмет Қорғанбекті алып кел деп шоферін жібереді. Шофері әскерден жаңа қайтқан, жағасында қызыл петлицасы бар екен. Машинасы — үсті ашық «Форд». Қорғанбек

машинаның артына отырады. Шофердің жағасындағы қызыл жолақты көрген соң, «бұл мені қамауға алып бара жатыр екен» деп ойласа керек, шоферге білдірмей, жолда машинадан түсіп қалып, үйіне барып асылып өледі.

Л. И. Мирзоянның жұбайы, Алматыда Марксизм-ленинизм институтының директоры болған К. Ф. Тевосян да түрмеде ақылы ауысып, азаппен өлді.

Мұндай мысалдар көп, олардың бәрін айтып тауысу мүмкін емес. Талай-талай адал коммунистер, партияда жоқ азаматтар, олардың әйелдері топ-тобымен қамалып жатты, бала-шағалары тұрған үйлерінен шығарылып, қайдағы бір ит байласа тұрғысыз жерлерге кіргізілді. Ақтөбелік Мырзақұл Атаниязов деген кісі отызыншы жылдары Қазақстан Орталық партия комитетінде ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып тұрғанында қамалды. Мирзоян келген соң, оны мықты қызметкер деп ауданнан алдырып, осы қызметке қойған еді. 1919 жылдан партия мүшесі, Қазақстанда Совет үкіметін орнатуға алғашқы кезден белсене араласқан, алғашқы халком болған азаматтардың бірі. Ол қамалғаннан кейін бала-шағасы Ақтөбеге көшіп кеткен. Қырқыншы жылдары әйеліммен Ақтөбеге барғанымызда ол кісінің бала-шағасын іздеп таптық. Қаланың шет жағында, бұрын, құдай біледі, тауық күркесі болған шығар, бір кішкентай ғана үйшікте отыр екен. Төбесінің кейбір нәзік сырғауылдары сынып майысқан, ондай жерлеріне тіреу қойылған. Жеңгеміз жылап көрісіп, шай әзірледі. Өзім бойым ұзын кісі, еңкейе кіргенмін. Шай ішіп болғанша үйдің төбесі үстімізге құлап кете ме деп қорқып отырдым. Мырзақұл лагерьден аурулығы себепті (өкпе туберкулезі) босанып келіп, осы лашықта қайтыс болған екен.

Ғабит ағай екеуміз «науқанның» аяғына таман, ВКП(б) Орталық Комитетінің февраль-март пленумы өтіп, науқанның беті аздап қайта бастаған кезде іліктік. Екеуміз де партиядан шығарылдық, жұмыссыз жүрміз. Үйлеріміз қатар болатын. Кешкісін қыдыруға шыққанымызда Ғабең: «Өй, бала, науқанның басынан аман-есен өттік, ортасынан да аман өтіп едік, енді аяғынан да осы күйімізде болса да, аман өтсек жақсы болар еді-ау!» дейді. Сол кездерде Ғабең көріне көзге қатты жүдеп кетті.

Сол бір жылдар халықтың есінен айырылған жылдары болды. Небір ақыл иесі, байсалды деген адамдар жиналыстарда бірін-

бірі жамандап, қаралап, айтысып жүрді. Солардың көбі қаралап айтқан сөздерінің дәлелсіз екенін біле тұра, сол кездегі жағдайдың ыңғайымен соғып жатады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бір пленумында (1938 жылдың бас кезінде) біреу профессор С. Асфандияровты, тағы біреулер Т. Жүргеновті қаралап сөйледі. С. Асфандияров аса сыпайы адам болатын, ол кісі өзі сүйген халқының осы күнге дейін жазба тарихы жоқ болғандықтан, өз мамандығын тастап, қазақ тарихын зерттегенін, егер бұл еңбегінің керегі жоқ болса, бұл салада жұмыс істеуге болмаса, онда өзінің негізгі мамандығы — дәрігерлікке ауыса алатынын айтты. Темірбек өткір, алғыр кісі еді, ол жұрт әкесінің бай болғанын көзтүрткі қылып, соңынан қалмайтынын, Совет өкіметіне әкесі емес, өзі қызмет істеп жүргенін, қызмет жөнінен кемшілік таппаған соң тегін қазбалаудың ешбір қажеті жоқ екенін айтты. Сол жиналыста Мирзоян мен Исаев та өзара сөзге келіп, кадр мәселесі, ұлт мәселесі жөнінде біраз айтысып қалды. Бұрын бұлардың арасында мұндай алакөздік байқалмаушы еді. Орталық Комитеттің бюро мәжілістерін басқаруды Оразға тапсырып, Мирзоян да, екінші хатшы Садық Нұрпейісов те (кейін ол да ұсталып кетті, бір ии жұмсақ жақсы адам еді) тек мәселелерді талқылауға ғана қатысып отырушы еді.

Сол күні пленум жабылды. Түн ортасына дейін қызмет істейміз. Түнгі сағат он кезінде біздерді тағы пленумге шақырды. Мәселе Исаевтың арызы туралы екен. Бұрын қағазға қарамай сөйлейтін Ораз бұл жолы айтар сөзін қағазға жазып алып келген екен, оқып шықты. Онысын жұрт сөзінен қате кетіп қалмасын деген сақтығы ғой десті. Арызында өзіне тағылған айыптардың ешқайсысын мойындамайтынын айтқан, басқа сөз жоқ. Бір-екі адам сөйлеп, арыздың мазмұнына ырза болмағандарын айтты, сонымен пленум жабылды.

Келесі күні жұмысқа келгеннен кейін сағат он бірлерде біздерді тағы да пленум мәжілісіне шақырды. Тағы да сол Исаевтың арызы. Бұл жолы да қағазға жазып әкелген екен. Кейбір тұжырымдарын өзгерткені болмаса, басқа өзгерісі жоқ. Тағы да бір-екі адам Исаевтың бұрынғы бағытынан қайтпағанын айтып сөйлегеннен кейін пленум бұл жолы біржола аяқталды. Соның артынан көп ұзамай Мирзоян да, Исаев та, басқа бюро мүшелері де қамалды. Бұған әлгі пленумда екі басшының біріне бірінің наразылығы себеп болды

деуге келмейді, олар тату болған күнде де ол кездегі жағдайда аман қалулары мүмкін емес еді…

Сол бір жылдары партия, совет, шаруашылық мекемелерінде басшы қызметкерлер бірінен соң бірі қамалып, ауысып, жұмыстың да берекесі кетті. Ішкі істер Халық Комиссариатындағылар Сталинге, оның қолшоқпарлары Ежов пен Берияға арқа сүйеп, күшейіп алған, жергілікті партия орындарымен санаспады. Сол кездерде бұрынғы ысылған, тәжірибелі адамдардың орнына қоюға бар жағынан да лайықты адам табылмағандықтан, не терең білімі жоқ, не ел алдында беделі жоқ, қолынан іс келмейтін біреулер жауапты партия, совет, шаруашылық қызметтерге жоғарылатылды.

Сталиндік дәуірдің ызғары «көсем» өлгеннен кейін де біразға дейін тарқамады, оның халыққа тигізген зардабын жұрт көпке дейін ауыз ашып айта алмады. Тек 1956 жылы өткен КПСС XX съезінде және содан бергі жерде ғана Сталиннің бұрын-соңды болып көрмеген қаныпезерлігі, халыққа оба індетінен кем тимеген аярлығы әшкерелене бастады. Тарихтан жұрт Шыңғыс ханның, Ақсақ Темірдің қырғындары, Иван Грозныйдың рақымсыздығы мен зұлымдығын білетін, бірақ олардың бәрі елдің надан кезінде өткен істер ғой, сонда да оларды ақтауға болмайды. Ал енді адамзат цивилизациясы дәуірлеп тұрған XX ғасырдың орта кезінде, адамзат тарихында бірінші болып капитализмді құлатып, социализмді — ең бір әділетті қоғамдық формация құрып жатқан елде тап осы біздегідей жұрттың біразын аштан қырып, одан кейін нақақтан-нақақ топ-тобымен атып, қалғандарын концлагерьде шіріту — адамның ақылына сыймайтын қылмыс. Қазіргі жариялылық кезінде тарихшылар, жазушылар, басқа да мәдениет қайраткерлері осы құбылысты аудара қарай, ақтара тексеріп, анығына жетуі керек. Сол бейкүнә құрбандардың аттары жарияланар, оларға ескерткіштер де қойылар. Қалай болған күнде де сол бір өткен жылдар тарихымызға өшпейтін қара дақ түсіргені анық. Ондай іс ендігі жерде адамзат баласының басына түспей-ақ қойсын.

«Жұлдыз» журналы, 1989, № 9.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 22–48 бб.

Сейтен САУЫТБЕКОВ

БІЗ НЕ КӨРМЕДІК

Отызыншы жылдары қазақ халқының бастан кешкен қиямет-қайымды еш халықтың пешенесіне жазбай-ақ қойсын. Енді сол көзім көрген алапат аштық жылдарынан әңгіме қозғап көрейін.

Менің туыстарым 1929 жылы ұйымдастырылған Шиелі колхозына мүше болды. Еріктілік естен шыққан, «социалистік жарысқа» түскен халық 1930 жылы жаппай колхоздасты. Сонымен бірге артық астықты мемлекет қорына тапсыру, берілген жоспар бойынша тұқым қорын құю, ауылшаруашылық салығын тез, күнде төлеу, ұтыс қарызын тарату, өзара салықты жедел жинау науқандары қарбалас, қатар жүргізілді.

«Артық астықты тапсыру жоспарын орындамаған адамдарға астық жоспарының құнындай мөлшерде ақшалай айып салынсын. Кулактардан бес еселеп алу қамтамасыз етілсін. Оны төлемегендердің асыл жиһаздары, құнды мүліктері бәсеке саудамен сатылсын. Ауыл шаруашылық салық пен өзара салық, ұтыс қарызының төлемін 24 сағат ішінде төлеуден бас тартқандар үкіметке бағынбаған ретінде қара тізімге алынсын». Осындай нұсқауларға сүйенген белсенділер патша үкіметінің жазалаушы жандармынан кем түскен жоқ.

«Екі өлу болмайды. Бір өлуден құтылмайсың» деп, көрші Сәмерке ауылы да «Жаңа тұрмыс» колхозы аталған. Колхоз басқармасының бастығы болып Темірғали Нұртазин (кейін белгілі ғалым, жазушы) сайланды.

Құдайсыздардың құдіреттеніп, мешітті құбыжық көріп тұрған кезінде, сол ауылдағы Тоқбай қажының мешіті (Омар дейтін қарт мұрагері бар-тұғын) астық қамбасына айналдырылды.

Көрші селомыз Семиполкада жеті сайын болатын базар жабылды. Астық саудасына қатаң тыйым салынды. Шаруа малы — қозы-лақ және үй қояны, қаз-үйрек, тауыққа дейін тізімге түсірілді. Мұның бір де бірін сойып, сатуға ешкімнің хақысы жоқ. Мал мен үй құстарын, қояндарды аман сақтауға міндетті болып, семья басы тізім кітабына қол қойды. Осындай қысымға төзбей, жетінші ауыл кеңесіне қарасты халық көтеріліс жасады. Бірінші мақсат — өздері құйған тұқым мен астық қорын қайтарып алу. Қамба құлпының

кілтіне талас болып, коммунист-комсомол мен шаруалар арасынан қақтығыс туып, күзетші комсомол майып болған. Ол хабарды естісімен, көтерілісті басу үшін, аудандық ұйымдар атынан сол елдің жігіті Жақия Уақбаев пен милиция бастығы Шалабай Ботбаев жіберілді. Барған бетте Уақбаевты әйелдер тұтқынға алып, ерлер Ботбаевтың қаруын тартып алып, белінен арқан байлап құдыққа салған. Ол хабарды естісімен тұтқындағыларды босату үшін және астықты күзетуші комсомолдарға нұсқау беруге РПУ бастығы аттанған. Халық оны да жазаламақшы болып, қару көтерген сәтте көтерілісшінің бірі оққа ұшты… Көтеріліс жазалаушы отряд есепті әскери күшпен басылды.

Аудандық партия, совет органдары «Мұндай жаулықты ұйымдастырушы — кулактар» деп тауып, ауқатты шаруаларды кулак қатарына алып, мал-мүлкін кәмпескелей бастады. Жұрт бір-бірінен қарыз алып, қарыз беруден қалды. Бұрынғы алған ауыс-түйістерін сіңіріп кетуге көшті. Соның салдарынан араздық, ұрыс-керіс, төбелес көбейді. «Оңшыл», «солшыл» дейтін терминдер, бір-біріне бәле жабудың арқауы болды. Сөйтіп, береке-бірлікке іріткі түсті. «Артық астықтың соңғы дәніне дейін сыпырылсын!», «Кулактар аяусыз жазалансын!» «1931 жылғы желтоқсанның бірінші жұлдызы — астық дайындаудың ақырғы мерзімі!» деген ұрандар тарады. Осы кезде… «балапан басына, тұрымтай тұсына» дегенге сәйкес, босқындық басталып кеткен. 1931 жылы уақ шаруашылықтарды қосып, колхозды ірілендіру ұраны көтерілді. Голощекиннің бұл ұранына да тәнті болды халық. Тиісті жоспар бойынша, 21 уақ колхоздан (ауылдан) бір ірі колхоз құруымыз керек болды. Болашақ колхоздың аты, кесілетін меншікті жері, орны қайда болу керек? Осы үш мәселе едәуір талас туғызды. Мысалы, Жәмеңке ауылының өкілі: «Қаламыздың орны жыртулы. Атын «Шаукер» деп, арғы атамыздың есімі етіп қоялық. Біздің жер бірінші категорияға жататын қара топырақты…» дейді.

Оның сөзін аяқтатпай Қантай руының өкілі: «Алтын топырақты болса да Шаукеріңді атама. Қалаңның орны барлық елді мекеннің бір шеті. Ең жақын деген Шиеліден алты шақырым, біздің Келдібайдан қырық шақырым. Жерің Семиполке мен Стаганның аралығында жатыр. 21 колхоздың малы сол сыналанып тұрған жеріңе сыя ма? Егінді аспанға егемісің? Меніңше, қисынсыз ұсынысты қабылдамау керек. Біздер — Тілеміс, Беген,

Бәйтей, Беккожа, Асыр, Мауытбай, Дүйсенбі, Қыздар, Берібай және басқалар жеке колхоз болып келгенмен, рулас ел болғандықтан жеріміз тұтасып жатыр. Бір кезде Тұрыпберді атамыздың 22 мың жылқысы жайлаған жер. Сол жерді болашақ колхозға бағыштаумен бірге, атына да, затына да өзіміз ие боламыз» деп қасарысты.

Біз — С. Қалиев (коммунист), С. Смағұлов, Т. Нұртазин мынадай ұсыныс жасадық: «Іріленген колхоздың аты, ешбір жер ата-баба атымен аталмайды… 1929 жылдан Балуан көліне ондаған шаруа ТОЗ болып қоныстанды. Мектеп те салынды. Ендеше колхоз сол жерге қоныстануы керек. Оның аты Балуан болуға лайық. Малай балуан — Орта жүзге абырой әперген азамат. Қанаушы таптың қолынан қаза тапты. Тіпті көппен бірге көмілмей, «Балуан» көлінің терістік-шығысына жалғыз жерленді (Оба соның зираты). Сондықтан қазаққа танымал адамның атымен атайық».

Сонымен, ел шілде-тамыз айларында Балуан көлінің күнгейіне көше тәртібімен үй тікті. Киіз үйлі көшеге Сталин, Голощекин, Исаев, Құлымбетов, тағы басқалардың есімдері берілді.

30-жылы Қызыл отаудан оқып шыққан Шырын атты қызбен уағдамыз бар еді, үйлену тойын өткізуге ойланған шақта, Алматыдағы ҚазПИ оқушы қабылдайды деген хабар алып, оқуға жүруге дайындалдым. Шырынды ала кетейін деп едім, туыстарым қарсы болды. «Реті келсе, Қызылжардан оқытамыз. Алдымен өзің орналасып ал» десті. Бұл сөзді Шырын да қостады.

Халық аңқылдаған аңызақ, шыжыған шілдеге қарамастан, құрылыс жұмысына жанталаса кірісті. Негізгі құрылыс материалы — шым және ескі қоныс жабдықтары. Бәрі өгізбен тасылып, қол күшімен істелді. Мен шым ойып, үй іргесін көтеруге көмектестім де, оқуға жүріп кеттім.

ҚазПИ-дің физика-математика факультетіне қабылданып, оқи бастадым. Әкемнен, Шырыннан келген хаттарды оқып, күйзелумен күндер өтіп жатты…

Бірінші хаттағы жазылған жаңалық: «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын!» деген ұран бойынша, малды түп- түгел орталыққа өткіздік. Өзің көріп кеткен қуаңшылықтың қырсығынан егін шықпай қалды. Тұқымдық ала алсақ жарар еді».

Екінші хатта: «… Халық ашығуға айналды. Соның салдарынан колхоздан қашу көбейіп барады. Колхозда бала-шағасы көп

адамдар мен қарттар ғана қалатын шығар. Әзірше тұрмыс жаман емес, алаңдамай оқи бер».

Үшінші хаттың жаңалығы: «Колхоз бастығы Пішенбаев Мұқы кеңсенің есігіне үлкен құлып салып, бір түнде жоқ болды. Кетерінде құр кетпей, жүзге жуық жылқымызды айдап кетіпті. «Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын» деген осы. Жүнісбайдың Рақымы бастық болды.

Келесі хатта: «…Рақым түсіп, орнын Әубәкірдің Қайырбайы басты. Колхозшылар аштан өле бастады. Соған қарамастан, «Астық жоспарын орында! Тұқым қорыңды толтыр!» деп дігер қағуда. Әпербақан белсенділерден Комсод деген топ құрды. Олар Колчактың жазалаушы отрядынан кем түспейді…».

1932 жыл ақпанның 10-ы күні әкемнен хат алдым,

«Аман-есенбісің, ботам? Алаң болса, дұрыс оқымас деп, уайым-қайғы жазбайтын едім. Енді шындықты жазуға тағдыр мәжбүр етті. Ел басына зілзала пайда болды. Атадан ұл, анадан қыз айырылған заман туды. Талай абзал азамат аштан өлді. Үлкен ағаң (өзіне тете інісі) Ілияс та қазаға ұшырады, Нұрғали екеуміз қабірін екі күн қазып, әрең жерледік. Біреуге біреу қол ұшын бере алмайды. Сенің киімдеріңді, үйдегі құнды деген нәрселерді лау тарта барғанда сатып, бір центнер ұн алып келе жатқанда, аштан бұрлықты ғой деймін, бір атым өлді. Тірі қалғаны жайсыз еді. Оны ағытып, жаяу жетелеп, елге жеттім. Ат пен шана, ұн төрт шақырым қашықтықта қалғандығын бастыққа мәлімдеп едім, Қайырбай оларды 2–3 сағат ішінде алғызды. «Ұнды складқа апар» деп бұйырды кілтшіге.

— Бұл не сұмдық? — дегенімде:

— Тұқым қорыңыз үшін кірістейміз.

«Ұн тұқым болмайды ғой» деген сөзімді естігісі де келмеді. Келесі күні мені есіркеген болып: «Тасалаған бірдеңең болса, аз да болса тапсырсаңыз, ұныңызды қайырар едім» дегеніне алданып, 40 килограмм бидайды өз қолымнан тауып бердім. Оны да кірістеген соң, «Ұрлық әшкереленді» атты акт жазып, «қалған астықты табу үшін тінту жүргізді». Адал дәм дегенде, 16 килограмм астығымыз қалған. «Жеті жанның қарап отырған дәннен жалғыз пұт нәрін бермеймін» деп таласқан анаңның ақбұрымын қорлап, тартып әкетті. Ендігі сеніп отырғанымыз — соғым терісінің төрттен бірі. Әжеңнің, төрт іні-қарындасыңның ағаларына ісік кірді (Баланың бірі Ілиястан қалған жетім). Нұрғалиға «күніңді көр» деп рұқсат

еттік. Ол кеткелі 20 күн, әлі хабар-ошар жоқ. Бұл менің соңғы хатым болуы да ықтимал. Қол созуға шамаң келмесе, бақұл бол, құлыным! Біздер саған ризамыз! Бәріміздің де қабіріміз осы қара балшық үй болар. Мұндай зауал барлық колхозшының басында. Қайырбай қаһардың үні мен қолы тимеген адам кемде-кем. Айы-күні жетіп отырған нағашы жеңгесін шешең сияқты астыққа таластың деп, астық іздейтін істік таяғымен түйрепті. Ол сол жарақаттан босана алмай өліп кетті. Өзің қайғырып-қапаланбай берік бол. Қош, құлыным!»

Бұл сұмдықты оқығанда төбеме тау құлағандай мәңгіріп, қатты күйзелдім. Өзегімнің өртенгенін ешкімге сездірмеуге тырыстым. Күйігімді сыртқа шығарсам, ГПУ қызметкері дайын тұр. Сезген болса «халық жауы» деп тұтқынға алуы сөзсіз еді. Не ақыл берер екен деп, Ғабит Мүсіреповке барып жағдайымды айтып едім, ол:

— Биыл бір әкең емес, жүздеген әкең өледі. Үйіңе барғанмен, семьяңа жәрдем жасай алмай, өзің ашығып қаларсың. Тілімді ал да, алаң болмай оқи бер, — деді.

Біздің сөзімізді бір қарт ана естіп тұрған. Ғабит кетісімен маған жақын келіп:

— Ғабит айта берсін, әркімнің әке-шешесі өзіне. Шал екеумізді ашығып қалар деп алғызып отырған жоқ па. Жұрт қырылып жатыр. Шамаң келсе туыстарыңа тез жет, — деді.

Маған Ғабеңнен ананың ақылы артық сияқты сезілді. Жүгіріп отырып жатақханаға келсем, жастығымның үстінде Шырынымның хаты жатыр: «Жаным Сейтен, аман-есен жүріп жатырмысың? Менің құр сүлдерім ғана. Зайыр сұм (колхоз председателін солай атаған) Сұлтанға өтірік жала жауып, бес жылға соттатты. Әкемді де жазалатпақшы еді, ол жылысып кетті. Анамды аш-жалаңаш жұмысқа жұмсағандықтан, суық тиіп ауырып, сол дерттен тұрмады. Міне, анам оң жақта жатыр. Зайырдың Түмен жақта кәмпескеден қашқан Артықбай атты ұры досы болған. Оның Шартықбай дейтін жарымес інісі бар екен. Мені соған бер депті әкеме. Артықбай, Шартықбайлардың сырын білетін әкем, «Шырынға ол жарымеске бар» деп айта алмаймын» деп тастай түйілген екен. Әкемнен беті қайтқан Зайыр өзімді айналдырды… Мен де беттетпедім. Дегені болмаған соң ұямды ойран етті. Енді ішке қарай қаңғырып кетуге бел байлап отырмын. Тастан қатты тағдыр бізді қоспайтын болды. Адамның қас дұшпаны — қара уайым деуші еді әкем. Уайымшыл

бола көрме, өмір сүр. Ендігі тілегім — сен, Сұлтан, әкем үшеуің тірі болсаңдар екен! Әл үстінде жатсам да, сені көріп өлсем қыршынымнан қиылдым-ау демес едім. Жүрек жаныммен сүйдім, сәулем! Шырының, 8.02.32».

Жылаған күйі төсегіме етбетімнен түстім. Өзегім өртеніп, басымды көтердім бір кезде. «Жығылғанға жұдырық» деген осы деймін ішімнен. Ғабеңнің ақылы дұрыс болғанмен, алыстағы ата-ана, бүлдіршін бауырларымның өмірі үшін, Шырыным үшін жүріп кетуге бел байладым. Олар маған кел-кел деп құшақ жайып тұрғандай елестеді кезіме. Стипендиямды үнемдеп, қараша айында келген поселкедегі майды, мақталы көрпемді, қысқы пальтомді, екі костюмімнің бірін сатып, 400 сомдай ақша жинап алдым да жүріп кеттім. Қызылжарға жеткен соң, Нұрғали дейтін досымның қысқы пальтосын сұрап кидім. Бір жолдастың ақылымен Макушин станциясынан түстім. Төңкеріс ауданының орталығы — Майбалық станциядан 150 шақырым жерде. Вокзалда қара құрттай қаптаған халық. Көбі әбден арыған қансыз тірі аруақ деуге болады. Мені көрген біреулер бір-біріне: «Бұл қайдан келген семіз?» десе, екіншісі «Белсендінің бірі шығар» деп күңкілдейді. «Серне қылайық» деген күбірді де естідім. Сол топтың ішінде, беті күлтілдеген ісік, әрі үсік, бұғағы салбыраған, жайқындай бойжеткен қыз жүрді. Аяқ басысына қарағанда, әлі құрыған сияқты, әрең жылжиды. Жан-жағына қарау да мүшкіл тәрізді. Менің тұсыма келе бере құлап түсті. Қол аяғы дір-дір етіп жатқан байғұсқа ешкім көңіл аударған жоқ. Бақсам, мұндай құбылысқа халықтың еті өліп кеткен екен. Жүгіріп барып басын көтердім. Есін жиып, көзіп ашты. Аты-жөнін сұрадым.

— Қаштым, — деді, — зорлықшыл жауыздан. Өзің кімсің?

— Сейтен дейтін студентпін.

— Мен Шы-ры-ның-мын. Ті-леп еді-і-м…

Дыбысы да, демі де үзілді. Амал бар ма, жанымыз бір деген жаннан жол үстінде осылай айырылдым.

Жалғыз өзім жер қазып, әбден шаршадым. Әрі серік табыла қоймады. 3–4 күн аялдап қалдым. Босқын саны күн сайын арта түскендей. Жөн сұрасам, «Сталиннің шақыруымен құдалыққа барамыз» деп кекетеді. Чемоданымды арқалап елге қарай жаяу жөнелдім. Аяғымда етік, үстімде жазғы пальто. Суыққа төзертөзбесім екіталай-ау деген ойдан аулақ болып, қатты аяңдап келем.

Макушиннен шыққан соң-ақ босқындарға жиі кездестім. Кім болса да аялдап сөйлескісі келмейді. Табанынан тозып, ақсаңдап келе жатқан, бірдеңелерді қол шанаға тиеп, шырмап, таңып сүйреткен, қап арқалаған, бала көтергендер мені қасіретке бөлей түсті. Құлауға таяу, әрең жүріп келе жатқандар қаншама! Міне, жол жиегіндегі түп шіліктің панасында бір үйелмен отыр. «Ақыр заман осы шығар» деп зарлайды мосқал әйел. Келер күні бір тал түбінде көзі ашық күйінде қалған қарт адамның өлігін көрдім. Жол жиегіндегі бағанаға сүйеніп отырған күйі қатып қалған әйелге де тап болдым. Шыққыр көз көресіні көре береді екен ғой, қалың орманға кіре бергенімде, ұялы қасқыр талап жеген адамның бас сүйегі көрінді. Аяқ қолының жіліктері, жүйке сүйектері жол үстіне дейін шашылыпты. Ол маңды аудара қарауға дәтім шыдамай жүгіре жөнелдім.

Аудан орталығына жетіп, райком хатшысы мен атқару комитеттің қабылдауында болдым. Оларға оқуды тастап кеткен себебімді толық баяндадым да, әкем мен Шырын хаттарын оқуды өтіндім. Одан кейін Макушинде сүйген қалыңдығымның қайтыс болғанын, оны жалғыз жерлегенімді, жолда көрген сұмдықтарды баяндадым. Мен оқуға кетерде колхозымда бір мыңдай жылқы бар еді. Алынған хабарға қарағанда содан 40–50-дей-ақ бас қалған. Бұл жылқыға келген апаттың мысалы. «Колхозшы түгелге жақын ұры» деп белсенділерден топ құрып, оларды «түнгі күзетшілер» деп атап, Әубәкіров жылқыны өзі қырғызған. Бай қаласындағы туысына, тамыр-танысына соғым үлестірген. «Күзетші топтың мүшелері» бірнеше соғымнан сойып алған. Колхозшылардың үштен бірі, яғни 150 үй беті ауған жаққа қашқан. Мемлекет меншігіне қастық қылғанды сезеді-ау деген күдікті адамды немесе «колхоз байлығын құртып жатқан өздерің» деген адал адамдарды «халық жауы» деп, өтірік жала жауып, ГПУ-ге ұстатып отырған. Осындай зұлымдық әрекеттерге көңіл аудару, шара қолдану керек шығар деп ашына айттым… Өтіне айтқан тілегім бойынша ақпан айының бірінен ШКМ-нің оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалдым.

Аудандық прокурордың тергеушісі, бақылау комитетінің мүшесі, оларға мені қосып, Әубәкіровтің шаруашылығын тексеріп, байқауға заңды бұйрық берді. Бізге мұғалім Ақанов Темірбай, қағажу көріп жүргеннің бірі Құсайынов Сұлтан дейтін жігіт қосылды. Қайырбайдың қамбасынан бір тонна бидай, 8 центнер қақпыш ет

(күз сойылған жылқы еті), 40 килограмм сары май, 30 килограмм тоң май, алты тері, үш қап қыл таптық. Бұл азық-түліктерді актілеп колхоз пайдасына кірістеттік. Колхозшылардың жалпы жиылысын шақырып, бастықтың байлығын аян еттік.

Әубәкіровтің жауапқа тартылатынына күмән қалмаған, бірақ ГПУ бастығы қорғап қалды. Келесі жиналыста көпшілік белсенділерге деген наразылығын тайсалмай, ашына айтты:

— Көресіні белсенділерден көрдік. Аузымыздағыны ұрып-соғып, тартып алады. Егіннен өнім болмағанын біле тұра, «Артық астығыңды бер» деп көрдей қысты. Осы колхоздан алпысқа жақын адам аштан өлді. Солар артық астығы болғандықтан қаза болды ма?! Қайырбай бастықтан бастап, бұларда ар, ұят, ұждан жоқ. Бастық бола тұра, бір тонна астықты тығып ұстаған. Қайырбайға ол артық болмапты. Бұларды соттату керек.

— Камсот дегендер жан алғыш жендеттен кем болды ма? Болған жоқ, «Тұқым қорды толтырмадың» деп, бірі қолдан, бірі аяқтан алып теңселтіп, «жаусың» деп лақтырғанын көрдік… «Үлкен адамға қол көтермеңдер, әткеншек әдісімен сұраңдар» деп нұсқау берген Қайырбай бастыққа лағынет!

— Камсоттың әткеншегіне түскен колхозшының талайы майып болды. Оның бірі мына Сауытбектің Лиманы. Әткеншектен құлап түскенде, аузы-мұрнынан қан кетті. Сол соққының зардабынан ұстамалы ауруға ұшырады.

— Өліп жатқан Басығараны «Жалқаулықпен ерегісіп тіл қатпай жатыр» деп акт жасап, «жау» деп ГПУ-ге хабарлаған осылар болатын. Адал ниетті ағайын, қаны бұзылған қарақшылардан іргемізді аулақ салайық. «Пламя» колхозына қосылайық, — деді соңғы сөйлеуші. Жиылыс осы ұсынысты мақұлдап, қаулы алды.

Көпшілік өздері ашығып отырса да, Қайырбайдан шыққан азықтан 32 кг ет, 5 кг майды арзан багамен біздікіне босатуды ұйғарды. Сол күндері анамның күз кезінде сүттің сары суынан қайнатып, қатырған тақталарынан басқа, біздің үйде бір түйір нәр жоқ еді. Балуандықтардың көбі 32-жылдың күзіне дейін «Пламя» колхозында өмір сүріп, пәтер үй жетіспеуі себепті «Балуан» колхозы болып қайта бөлінді. Колхоз бастығы болып, білікті коммунист Божақов Далабай сайланды. Өтірік белсенділерден көңілі қалған колхозшылардың біразы Балуанға оралмады. Жиырмадан астам үй күні бүгінге дейін Семиполке селосында тұрақтап қалды.

ГПУ-ге арқа сүйеген Әубәкіров көңіліне жақпаған адамға «жау» деген атақ тағу үшін жасырын өсек-аяңмен айналысты.

Аштық апаты 1933 жылдың көктемінде де болып жатқан. Үкімет тарапынан берілген аз ғана астықты, аудандық өкіл аш-арықтарға қолдан бөліп беретін болды. Сол жұмыспен елге шыққанымда саңырауқұлақ жеп уланып, қырылып қалған шаңыраққа кезіктім. Көптеген шаруа балық, тышқан аулап күнелтті. Ондай кәсіпке жарамай қалған көтеремдерге жәрдем көрсетіп отырдық. Әйтеуір аштан өлу бірте-бірте азая бастады.

Бұл күнде республикаға еңбек сіңірген мұғалім деген атағым бар. Республикалық дәрежедегі дербес пенсионермін. Сырт қараған адамға — бақытты қартпын. Бірақ ішім алай-түлей. Қазақты қан құстырған, тең жартысын жер жастандырған, ата қонысынан аудырған нәубеттің белгілі адамдардың қолымен ұйымдастырылғаны бұл күнде ашық айтылып жүр. Енді жүгіміз аумасын, жамандық жоламасын, озық елдермен тең болайық деймін ақ жүректен.

«Жұлдыз» журналы, 1992, № 4.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 244–254 бб.

Балтабай АДАМБАЕВ

НӘУБЕТ

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп белсенділер көшпенді шаруалардың күн көріп отырған төрт түлігін құртты. Малдан, көліктен айырылған ауылдар 1931 жылы Арқаға — жайлауға көше алмай көктемде Шу бойындағы қыстауларының жанында қалды, солардың біреуі — біздің үй.

Әлдененi сезгендей әкейде жаз бойы дамыл жоқ. Талас, Әулиеата жақтағы ағайындарына барып тайлақты, қызыл нарды алып келіп, үйге қалдырды да:

— Арқада қорадағы малды ортаға тартып жатыр екен, содан әкелемін, — деп жайлауға жүріп кетті.

Біз бір үйлі жан — үлкені мен, төрт бала, шешей мен бес адам қаладан әкей сатып әкеп берген кендір ау мен қызыл нарға қарап қалдық. Мен Шу өзеніне ау саламын, ауға түскен балықтың сорпасы

мен нардың сүтін қорек қыламыз. Су шықпай, Шу бойына еккен ақ егіс, көк егіс түгел күйіп кетті, қауын-қарбыз жақсы шыққанмен ақсыз, астықсыз жатақ қалған ел пісірмей көктей жеп қойды, пәлегін суырып тастады. Ел ашыға бастады, бірінің сауынын бірі ұрлады. Медеубайдың басқаруымен ұрылар ұйымдасып өткен-кеткенді тікелей тонауға, талауға кірісті. Жазда кеткен әкейден күзге дейін хабар-ошар болмады, кешікті. Біз де ашықтық. Азын-аулақ азық та, қыстан қалған сүр еттің жұрнағы да таусылды. Күніміз тек қызыл нардың емшегіне және ара-тұра ауға іліккен бірен-саран балықтың сорпасына қарап қалды. Кейбіреулерде бірлі-жарым мал бар, жоғарғы Шу жақтан, егінші жегжат-жұраттарынан, кейде малға айырбастап асқабақ, тары, қонақ, жүгері, арпа-астық әкелушілер де бар. Әсіресе, Төлеубай-Медеубайлар ашығатындай болған жоқ, бірақ жаздан бастап-ақ апшысы қуырылып, арандары ашылды. Астарын жасырып ішетін болды, біреуге біреу қарайласу деген қалды.

Бізде тайлағымен және бір інгеншемен үш түйе бар, үшеуінен күндіз көз жазбаймыз, түнде босағаны алып үйге кіргіземіз. Алты қанат үй, іші кең. Бір күні түйелерді сыртқа шығарып, қамыстың шетіне тұсадым да, шалап ішіп шығайын деп үйге кірдім. Шешей Данишанікінен (кіші шешесі) бір уыс ұн сұрап әкеліп, ақ қатып, шайма көже істеп жатыр екен, біраздан бері көже көрмей қоңырлап жүрген кезіміз көжеге алданып, айналып қалыппыз. Әлден уақытта далаға шықсам, інгенше мен нартайлақ жайылып жүр. Қызыл нар жоқ. Жүгіріп олай қарадым, бұлай қарадым жоқ. Тез үйге келіп шешейге хабарладым. Емшектегі баланы тастай салып Бибішекең де далаға жүгіріп шықты, маңайда түйе көрінбейді.

Бибішекең бір бәленің болғанын сезіп, Медеубайға жүгіріп барды, үйінде жоқ екен. Ауылдағы бала-шаға шуласып жүргенде Медеубай да табылды.

— Табылар, абыржымаңдар. Біз тірі тұрғанда сізге қиянат қып ешкім жер басып жүре алмас. Мүмкін, тұз іздеп тұсауын үзіп қырға шығып кеткен шығар. Құм жақты қараңдар, — депті Медеубай.

Өксікбай (шешейдің інісі) құм жақты қарап кетті. Мен түйені отқа қойған жерден із кесіп жүрсем, қалың қамыстың ішіндегі жалғыз аяқ жолмен жүрген бір түйенің қопаққа ізі кездесті, еңкейіп байқасам қызыл нардың ізі. Жануардың өзі үлкен болғанымен табаны кішкене болатын, шағын ізі, құмалағына дейін белгілі,

жерге жаңа түскен, жас құмалақ, қуанып кеттім, нарды енді табылғандай көрдім.

Ауыл Молалы қыстауының алдында, тоғыз тараудың аузында, құм жақта отырған. Молалының алдындағы арна әлденеше айырық, арасы арал-арал, ағаш, талы, қамысы аралас ит мұрыны өтпейтін қалың тоғай, ну болатын. Міне, сол нардың ізімен, қалың қамысқа енді кіре бергенімде көк атымен жүгіріп Медеубай нағашым қарсы алдымнан шыға келді.

— Алақай, Медеубай аға! Қызыл нар табылды, міне ізі, міне құмалағы! — дедім қуанышым қойныма сыймай.

— Табылды, бірақ бұл жақта емес, ауыл жақтан… — деп нағашы ағам мені артына мінгестіріп алды да ауылға әкеліп тастады.

Үйге келсем, нар жоқ. Көргенімді Бибішекеңе айтып едім:

— Нар түгілі әкең жоғалса да, екіншілей ондай жерге жалғыз барма, — деді шешей. — Қызыл нар қолды болды… «Қасқырдың аузына түскен қанды соқта жаншылмай шықпайды». Енді мына інгенше мен нартайлаққа ие болайық, талтүсте нардан айырылған өзімізге де обал жоқ.

Бибішекең сол күннен бастап Медеубайдың үйінен жылап шықпады.

— Нарым қолды болды, сен адам түгіл жыланның жорғалаған ізін білесің, сенсіз бұл ауылдың ұрысы аяғын қия баспайды. Қатыспасаң да қалайда сен білесің. Жалғыз тамырын тартып жан сақтап отырған шиеттей бес баламен бір үйлі жан жанында отырып қырылатын болдық. Есіркей гөр, аяй гөр, қыз да болсам, әкең Бейсенбай мен әкем бірге туған, мен Жиенбайдың қызымын ғой… Азар болса достарыңа берген сөзің, уәдең бар шығар. Сенің бір ауыз сөзіңнен садақа — анау қолымдағы інген мен тайлақтың біреуін, тіпті екеуін де сойғыз. Қызыл нарды бауыздатпа, бауырым! — деп үйінен шықпай Медеубайға бірнеше күн зарлады.

Медеубай жібімеді, илікпеді. Тіпті үйінен зарлап, жылап күндіз-түні кетпей қойған соң:

— Мені ұры қылайын дедің бе? Өлімтігіңді артпа, жала жаппа! Осыдан сенің түйеңді ұрласам, не ұрлатсам, құдай ұрсын, құран ұрсын, Байғозының аруағы ұрсын! Сенің түйеңді сойып, не сойғызып етін жегенше, жалғыз баламның етін жейін, — деп қарғанды (кейін ол баласы да өлді, тұқымсыз кетті).

Бибішекең оның сөзіне сонда да сенбеді. Өйткені ол құдай, құранды, аруақты білмейтін қара ниет адам еді. Мен кейін нардың шөгеріп тізделген жерін көрдім, манағы бетіммен енді екі жүз қадам жүргенде, тіздеулі жатқан нардың үстінен шығады екенмін. Сол кезде түйенің қасында тұрған Медеубай менің қамысты сындырып келе жатқан, бәлкім, дыбысымды, тысырымды естіп алдымнан шыққан екен. Егер түйенің қасында кездесіп қалсақ, ол мені өлтіруден де тайынбайтын еді. Маған ескерту жасағаны — соны шешей сезген екен.

Қазақша айтқанда, мені ажалдан «құдай сақтаған», Бибішекең сондықтан да сақтандырған екен. Медеубай немере апасын үйінен екі-үш рет қуып шықты. Бибішекең сонда да таңертеңнен күн батқанша, кешкі іңірде де ел жатқанша және түстік кезінде, күніне үш мезгіл қызыл нарды жоқтап, Медеубай үйінің тұсында бір жетідей зарлап, жылап тұратын болды.

Бибішекең қолынан өсірген нарын өте жақсы көретін, оның үстіне осындай ашаршылық қарсаңында тұрғанда шиеттей жас балаларын сақтап қалу үшін саулы нардың қандай өмірлік маңызы бар екенін де жақсы түсінетін. Бірақ нардың ұрлануынан оны өз інісінің ұрлағаны қабырғасына қатты батты.

Жаздың аяғынан бастап Арқадағы ел Шудан шұбырып өтіп жаяу-жалпылы, кейде бірлі-жарым атқа, түйеге жас баласын, кемпір-шалдарын мінгізіп, ас-ауқатын артып, Әулиеатаға қарай үзіліссіз өтіп жатты. Медеубай күндіз-түні тынбады. Үстінде қара тоны, астында көк шолақ аты, тақымында қайың сапты ай балтасы, иығында қисық сапысы бар, қара мылтық асынған ол кешке таман асыға аттанып, не үйіне келіп түнделетіп түсіп жатқанын жиі көретінбіз. Бибішекеңнің құлағы түрік болды, біздер балалар арқылы, кейде елеусіз әйелдер арқылы, оның қашан келгенін, қай жақтан келгенін, аттанса қай уақта үйден шыққанын, қалай қарай беттеп кеткенін бақылап, біліп тұрды. Ал оның кімдермен кеткенін, кімдерді тонағанын, қандай малдар мен дүние әкелгенін кіші шешесі Даниша арқылы анықтайтын. Бибішекең қарақшылардың қандай адамдарды тонағанын, шапқанын, өлтірген адамдарының, сойған малдарының атына, түр-түсіне дейін сұрастырып білуге тырысатын. Ондай құнттаудың неге керек екенін мен енді білдім.

Жаз ортасында кеткен әкей күз ортасында келді, әрқашандағыдай олжалы келді. Қорға қосқан бір түйесін, он шақты қой-ешкісін

алып келді. Екі-үш пұт бидай және бір-екі семіз қой сойып әкелді, қарық болдық та қалдық. Әке-шешей ақылдасып, енді Медеубай, Төлеубайдың қасынан тезірек кетуге асықты, бірақ қалай кетеді, Медеубайдың қанды тырнағынан қалай шығады.

Медеубай Бейсенбайұлы орта бойлы, қарабұжыр бетті, қайратты және алдамшы адам болатын. Ол — адамды ұйымдастыруға, алдап-арбауға да шебер-ақ. Жаяуға жүрдек, атқа да мықты, нағыз ұзын сойыл, ұр да жықтың өзі. Екі сөзінің бірі — «кедей қамы», «Кеңес өкіметі». Бірақ олары — бетіне ұстаған пердесі, елді алдау, қорқыту үшін ұстап жүрген құралы, ұраны ғана.

Бибішекеңнің пікірі қабылданды, әкей мен шешей көшуге астыртын дайындалды. Ауылда Медеубай жоқта көшуді күтті, бірақ оның сәті түспеді. Бір күні ертемен әкей мен шешей үйді жығып арта бастады. Үй арасында үй жоқ, Медеубай, Төлеубайлармен бірге отырғанбыз, тек Данишанікі олардан да жақын. Даниша, Жолдыбай, Өксікбайлар, Төлеубай мен Медеубайдан қаймығады, қорқады: Өйткені бұл екеуі де қайратты, бас салып сабаудан, кімді болса да қасқырша талаудан тайынбайды. Оның үстіне Шардарбек (Даниша әжемнің қызы Мәкеннің күйеуі), Өмірзақ (Бақай қашқынның ағасы) сияқты қолшоқпарлары, баукеспе ұрылары, атарман-шабармандары көп, бірақ олар әкейге қарсы қол көтермейді, Бибішекеңді бәрі сыйлап, «апалап» тұрады.

Біздің үйдің көшіп жатқанын көріп, Медеубай тепсініп жетіп келді.

— Әй, Шоша! Мұның не? — деді әуелі бәсең дауыспен.

— Көріп тұрсың ғой, көшіп жатырмын, — деді әкей ашусыз, бірақ салқын қабақпен.

— Қайда бармақсың көшкенде?

— «Есің барда елің тап» деген ғой, Таластағы ағайындарыма «көшіп келемін» деп жазда уәде қылып едім, соларға барамын.

— Әй, құмның іші шұбырған халық, көбісі аш-арық. Байғұс-ау, мына малдарыңмен ас-ауқатыңды тартып алып, өздеріңді өлтіріп кетеді ғой. Ертең Әбен мен Сәкен келеді. Солармен бірге көшпейсің бе? Тіпті асықсаң, ақылдаспайсың ба, адам бөліп апартып салмаймын ба?

Медеубайдың алдап, арбап тұрғанын, Арқадан Әбен мен Сәкен келмей тұрғанда-ақ есебін тауып бізді жайғайтынын сезіп шешей сөзге араласты:

— Қайда баратынын жасырып тұрған жоқ қой, жаның ашыса, шығарып салатын адамыңды дайында! Енді сөзге айналдырма!.. Әй (әкейді атамайтын), анау түйені жетекте, уақыт өткізбейік.

Медеубай шешеймен дауласып жеңе алмайтынын біледі және қол жұмсай да алмады, ол әкейге ғана батыл. Алдаусыратқанға көнбейтінін көрген соң, Медеубай ашуға басты:

— Кеңес өкіметін басынайын деген екенсің, ұлықсатсыз ұрланып көшіп… Мен саған басынғанды көрсетермін, мұндағы ел қой бағып отырған жоқ… Дереу, түйелеріңді шөгеріп, жүктеріңді түсіріңдер!

Медеубай әкейді кимелеп, түйелердің бұйдасына жармасты. Әдетте мұндайда қол шоқпарлары қолдап Медеубайды қоршап қалады. Бұл жолы олай болмады. Жабықтарынан қарап, ешкім далаға шыға қоймады. Жүк артысып жүрген Даниша (қасқыр әйел еді әрі қарулы да болатын) әкейге қолы тие ме деп:

— Біреудің көші-қонына араласып нең бар, басқаларды жатқызып өргізсең де жетер, «қойшы болыс», Шошадан аулақ жүр, — деп араға түсе берді.

Әкей бір кісіден таяқ жемейтіндей қайратты адам, бірақ жанжал шығармай сабыр ғып тұр. Әдетте Медеубай түгіл Төлеубай да әкейдің бетіне қарсы келе алмайтын.

«Ит ашуын мысықтан алады» дегендей, Медеубай Даниша әжемді (жеңгесі ғой) пәрменінше итеріп жіберді, әжем жығылып қала жаздады.

— Кәне, енді қол жұмсап көрші, қанымды шашып өлейін. Шошаның балалары қорғануға жарамаса да, қолшоқпар қылуға жетеді, — деп шешей Қаратайды жерден көтеріп алып, екі аяғынан ұстап Медеубайға тұра ұмтылды.

Түйенің бұйдасы Медеубайдың қолында еді, ол шөгеремін деп оқыс сілкіп қалғанда мұрны ауырған түйе бақырып Медеубайдың бетіне бүркіп жіберді. Шынымен-ақ Қаратайдың басын шоқпар ғып ұрады екен деп, мен жылап баланы құшақтай алдым. Адуын апасының сырын білетін Медеубай күтпеген уақиғадан шошынып қалды:

— Мына кісі қайтеді, ей?! — деп түйенің бас жібін қоя беріп, көзі бақырайып, қалтиып тұрып қалды.

Әкей үнсіз бұйданы жерден іліп алып жүріп кетті. Медеубай бет-аузы, үсті-басы жын қалпында қала берді.

— Тоқтауылдың малы мен балаларын қорғаймын деп жүріп біреудің қолынан өлерсің, — деді артымыздан айқайлап.

— Мен өлсем, сенің тілегің қабыл болғаны, Тоқтауылдан құн аласың. Сен туысты не қыласың, саған туыс емес, тамақ керек!.. — деді Бибішекең де дауыстап.

Жеті-сегіз қой-ешкі айдаған үш түйелі көш үлкен жолға түсіп, құмға жеткенде, құшағында баласы бар, етпетінен сұлап жатқан адам көрдік. Екеуі де өліп қалыпты. Әкей қасына барып келді де шешейге:

— Түсіп екен, жалғыз баласын қалаға ағайындарына жеткіземін деп жолға шыққан ғой. Күректі әперші, бетін жасырып кетейін, — деді.

— Батыр-ай! Өз балаларың мен басыңның қайда қаларын кім біледі. Одан да аялдамай тезірек елді жерден шығып кетейік те, — деп түйе жетектеп келе жатқан шешей күрек әпермей, қаттырақ аяңдап кетті.

Алғашқы өліктерді көргенде үрейленіп қалған біз жүрген сайын өлікке көзіміз үйреніп, етіміз өліп кетті. Әйткенмен тірі біреулер шыға келе ме деп, жолдан тысқары жүрдік. Ара қонып Бау құдығына ақшам жамырай жеттік. Жолда шөлдеп, балалар жылап, ешкілер маңырап шулап келе жатқан. Жолсызбен қиыстап келіп, бір қалың сексеуілдің ішіне жүкті түсіріп, балаларды отырғызып, майда малдарды көгендеді де, әкей мені ертіп, екі шелек пен арқан алып, құдыққа бет алды. Құдық басында адам бар екен, бізді көріп қалды. Құдық сыртында он шақты қос, сыртында бір боз бие және бір қолын мойнына асынған бір адам көрінді. Көргенімізді айтып келгенде, шешей:

— Онда Ыбекеңнің ауылы екен ғой! Дегенмен, сақтықта қорлық жоқ, сен, мылтығыңды оқтап, дайын бол, — деді әкейге, содан соң маған қарап: — Егер біреулер келіп бізге тиіссе, біз, ағаң (әкейді солай дейтін) жағаласпай жан бермейміз. Көптік етіп аларман болса, мен «жан сауға», «жан сауға» деп екі-үш рет айқайлаймын, сонда сен алды-артыңа қарамай жасырынып зыт, — деді.

— Адамға көрінбе, шаршасаң дем алып жүгіре бер, — деді әкей шешейдің сөзін жалғастырып. — Ертең түс кезінде Талас өзеніне жетесің. Өзеннен өтпей оңға қарай жағалап, сүт пісірім жүрсең, Палау апайдың, Мұқаш ағайдың аулына барасың. Көргеніңді айт-

саң, олар тайлы-таяғымен келіп, біз болмасақ та, балаларды аман алып қалады.

Айтқанынша, артымыздан бір топ адам келіп, сексеуіл ішінен «қайда, қайда» деген дауыстар шықты,

— Мұнда, мұнда! — деп әкей дауыстап, бір-екі рет аспанға мылтық атты.

Қолдарында айбалта, ағаш найза он шақты жаяу ашық алаңға шыға келгенде:

— Жақындасаңдар атамын, жақындамаңдар! — деп дауыстады әкей.

— Өмей-ау, осынша адамға бір мылтықпен не қылмақсың? Онан да мылтығыңды тастап, аты-жөніңді айтсайшы?! — деді манағы қолын асынған адам.

— Мылтығым біреу болғанымен, оғым біреу емес, — деді әкей.

Қолында қанжардай қара пышағы бар әкейдің қасына келіп тұрған шешей сөзге араласып:

— Оп-оңай олжаға кездестік деп мәз болмаңдар, босқа қырылып қаласыңдар. Таластағы бір ауыл ағайын-жекжаттар хабарланып отыр, таңертең осы құдық басына келіп қарсы алады. Шу бойындағы Медеубай бастаған қарақшылардан қорлық көріп отырған басымыз жақында Шудан Ыбыкең ауылы көшіп өтті дегенді естіп, солармен септесіп ағайын-туыстарымызға жетіп қалайық деп келеміз, — деді шешей дауыстап.

— Е, Ыбырай қандай жақындарың еді сондай-ақ?

— Ыбекең — жақын құдамыз, қайным алып отырған Халима абысынымның туған ағасы, талай үйге келіп дәм татқан. Жақында Әулиеатадан, түрмеден келе жатып та соғып, бір малымның басын жеп кеткен.

— Халиманың күйеуін аташы!

— Қайындарымның атын атамаушы едім. Үлкен атамның аруағынан қорқамын. Ей, сен немере інің мен әкесін аташы, — деп шешей әкейді түртіп қалды.

— Ақділда, әкесінің аты Қыдырбек, — деді әкей іркілместен.

Жаяулар арасында «шынында жақын құдамыз екен» деген сөз шығып қалды.

— Құдаңнан Ыбырайдан басқа кімді білесіңдер?

— Ыбекеңнің бірнеше інісі бар деп естуші едік, көргеніміз жоқ. Жақында қарақшылар шабуыл жасағанда Кәрібай деген інісі қатты

қарсылық жасап алдырмады, тек бір биесін тартып әкетіпті деп естіп едік, — деді шешей.

— Сол Кәрібай құдаң мен боламын, — деді сонда жаяулардың басшысы.

— Егер шынымен Кәрібай сен болсаң, айбалтаңды тастап, жолдастарынды қайтарып, өзің қасыма кел, көрісіп амандасайық, — деді әкей.

Кәрібай бізге де естірте жолдастарына:

— Бәрің де тез қайтыңдар, ауылдағы адамдарға да, қартқа да тегіс хабарлаңдар, бізді қара тартып келе жатқан құдамыз, Халима қарындасымыздың немере қайнағасы екен, — деп қаруын тастап, әкейдің қасына келді.

Жекжат түгіл ағайынға сенбейтін уақыт қой, бір бұтаның түбінде бұғып жатқан маған «қозғалма» дегендей ымдап, қолында қара пышағы бар шешей әкеймен құшақтасып, көрісіп, амандасып жатқан құданың ту сыртынан келіп тұрды.

Құдалар бір-біріне сенісіп, Медеубай бастаған қарақшылардан көрген қорлықтарын айтып, мұңдасқан соң әкей қой сойып, шешей басын салып, дәм асты.

Кәрібай «Дәм піскенше ауыл жақты бір шолып келейін» деген соң шешей:

— Онда мынаны ала барып, тастай кел, — деп семіз сектің жарты етін қапқа салып берді де, — жатып қалмаса Ыбекеңді ала кел, қолымыздан дәм ауыз тиіп кетсін, — деді.

Бірақ Кәрібай:

— Қарт жатып қалған екен, ертең ерте барамын деп қалды, — деп келіп, дәм жеп кетті.

Ертемен қасында Кәрібай мен кемпір бар бір ақсақалды қарт (Ыбекең, сірә, сол кездерде 80–90 жастарда болса керек, ұрпақтары Жаңаарқа ауданында деп естимін) келіп, түндегі піскен еттен сақтаған сыбағасын жеп отырып, әке-шешейге былай деді.

— Шырақтарым, уақыт осылай болды ғой. Екі емшегіне бір ауыл жан қарап отырған жалғыз биенің сүтінен іркіп екі шай кесе сусын ала келдім, ауыз тиіңдер. Бұл — менің сендерге берген ерулігім. Содан соңғы айтарым — көп айналмай көшіңдер. Мына Кәрібай құдаларың бір-екі жолдасымен сырттарыңнан бақылап, судың басындағы елден ұзатып салады. Түнімен әлдебіреу сендерге тиісіп

жүре ме деп ауылды айналып шықты, мен де ұйықтаған жоқпын. «Аш адам қаралы үйге шабады» деген ғой, жаужұмырға қаталап отырған аш адамдар кімді тыңдайды, кімді аяйды?!

Бұл сөзді Кәрібай құда кеше кеште-ақ айтқан, ескерткен. Сондықтан әке-шешей түйелерді қомдап, ұсақ малдарды тағы да суарып, көшуге дайын отырған.

Ыбырай ақсақалды шығарып салысымен көшіп, сол күні Таласқа кештете жетіп, ағайын-жекжаттармен жылап көрістік.

Әке-шешейдің табандылығының, ең алдымен шешейдің зеректілігі мен тапқырлығының арқасында ғана бір апаттан аман қалдық.

Қаршығадай шаршы денелі, ақ құба шешей — Бибіжан Жиенбай қызының шешесі Қалипа — тама Болат батырдың қызы, Есжан батырдың қарындасы екен. Білетіндер «нағашысына тартқан батыр», «қасқыр», «көкжал» дейтін. Шешемнің ақындық-шешендік қасиеттерімен қатар нағыз батырлық, зеректігіне осы жолы тәнті болдым. Қаршығадай шаршы денелі, ақ құба шешем қауіп-қатерден, қиыншылықтан қорықпайтын, сары уайымға салынбайтын нағыз батыр ана еді. Әкей де ақ құба, орта бойлы, сымбатты, шаруа, момын, жуас адам болатын.

Талас өзенінің жағасындағы ежелден егін мен малды тел өсірген дихан, еңбекші Жиенбек Бетбақдалаға, көшпелі елге қарағанда жердің шұрайлысы, елдің берекелісі болатын. Міне, осынау берекелі елде, қасиетті жерде бас қосу біздің тұқымның бұл нәубеттен аман қалуына себеп болды. Бал арасының атасы, бір қасиетті балықтың атасы аналықтарын ұрықтандырғаннан кейін өздері өмір сүрулерін тоқтатады дейді. Сол сияқты біздің қасиетті әкелер де аға-інілерін, жеңге-келіндерін және жұбай мен балаларын қауіпсіз жерге жеткізген соң өздері дүние салды, бауырлары мен балаларына құрбан болды.

Көшпелі Сарысуға қарағанда Талас ауданы қоныстанып, ауылдары кеңестеніп қалыпты. Біз үстіне көшіп келген «Қызыл мақташы» атты колхоз болып ұйымдасып мақта егіпті, мақта теру қызу жүріп жатыр екен. Сонымен қатар қызылмақташылар орталық қоныстандыру салып, көшелеп там соғып тастапты. Тамдары бір үлгімен соғылған қоржын бөлмелер, ит арқалы біркелкі үйлер, сырттары әктелген аппақ. Құрылыс әлі де жүріп жатыр. Біз — Сәкен, Шора (әкейдің немере інілері) және біздікі — үш үйіміз қоныстанды-

рудың сыртындағы бір үш тамды қыстауға орналастық. Бұл бір бұрынғы әлді шаруаның әулі-жайы болса керек. Бір жағы жиек құм, екі жағы оман (үлкен) арыққа жақын, айналасы алабота, қамыс құрақ, қалың жантақ — бұл қоражай қыстауға аса қолайлы қоныс екен, ащылы-тұщылы жайылымы да малға жағдайлы.

Жаңа біздің алдымызда ғана көшіп келген Ақмаңдай әжем (әкейдің үлкен ағасының әйелі) мен Шокең үйлері астығы кем, көже-қатығы жоқ, қоңторғайлау болып отыр екен. Әкей келісімен бір қойын сойып, ағайындарын шақырып, қонақ асы берді. Артынша бір түйесін сойып, үш аяғын ағайынды үш үйі бөліп алды, бір аяғын жергілікті жердің басшыларына бір жіліктен бөліп берді. Бәрі бұл мұнша малмен көшіп келгендерге көз аларта бастаған ауыл белсенділеріне Мұқаштың (әкейдің тетелес ағасы) ақылымен жасалған «ауызбастырық-ау» деймін. Әйтпесе күзде түйе сойылар ма еді?!

Бұл жерге орнығып отыру үшін колхозға кіру керек болды, ол үшін бір үйден кемінде бір адам колхозға кіріп, жұмыс істеуі шарт екен. Біздің үй колхозға кірді, мен жұмысшы болдым. Әкей шаруа жөнімен, жаяулап Шуға кетті. Шуға барысымен Медеубай «мал ұрлап әкетеді» деп әкейді киіз үйге қаматып қояды. Суық үйде бірнеше күн жарты құрсақ аш жатып, әкей ауырып қан құсады. Даниша әжем (шешейдің кіші шешесі) жасырып тамақ беріп тұрады. Бір күні жол азық дайындап беріп, әкейді үйден шығарып жібереді. Әкей шұбырып келе жатқан біреулермен ілесіп үйге жүдеп келді. Әбен мен Сәкен ат арбамен, екі түйемен, көп жүкпен көп уақыт кейін кешігіп келді. Келісімен бір семіз бие сойды, біздікіне бір жілігін беріп жіберген екен, әкей өкпелеп қайтып апартып тастады да, семіз тайлақты және ұсақ малдарын сойып алды. Біздің үйде недәуір астық та, ет те болды. Бірақ «Бір үй аш болса, ауыл аш, ауыл аш болса, ел аш» деген емес пе? Соғым еті мен астықтың қысқа жетпейтіні күзде-ақ мәлім болды. Оны басқа сезбесе де, әкей білді. Бір күні ағасын үйге, дәмге шақырып отырып:

— Әй, Мұқаш! Биыл қыс қатты болатын және аяғы созылатын түрі бар. Балалардың аз ғана көже қатығына ортақ болмай екеуміз жиек құмға шығып қақпан салсақ қайтеді? Кеше Бүйрек құмға барып қайтып едім, қояны қалың және халықтың нәсібі ме, қоян биыл өте семіз, — деді.

Аз ойланып отырды да, ағасы келісті.

— Сен серік болсаң жетеді, қақпанды мен-ақ салайын, — дейді әкей ағасына.

Бүйрек құм біздің қыстаудан қашық емес, көрініп тұрған жер, бақыр-мосыларымен, көрпе-төсектермен ертеңіне ағайынды екеуін қара інгенмен Бүйрек құмға апарып салдым. Екеуі менің көзімше бір төбенің күнгейіне сексеуілден күрке жасап, іші-сыртын ақ селеумен жауып жылылап алды. Мені кешке таман қайтарып, екі-үш күнде бір келіп тұр деп тапсырды. Қыс, қар бекіген кез. Айтқан күндерінде барсам, ішкен-жегендерінен артылған бірнеше қоянды тұздап қойыпты. Мұқаш атам:

— Қоянның құрысын, мұнда үсіп өлетін жайым жоқ, қайтамын, — деп айнып қалыпты.

Менімен атай ауылға қайтты, әкей қалды. Ағасын қаншама үгіттеп көрді, бірбет адам еді, көнбеді. Мен түйемен әкейге әуелі екі-үш күнде, кейін бес-алты күнде керек-жарағын апарып беріп, артық қоянын алып қайтып тұрдым.

Бір күні түнде бүкіл Таластың бойында қалың қар жауып жаман үйлерді басып қалды. Далада жатқан малдар, оның ішінде колхоздың екі жүздей түйесі қар астында қырылды. Біздің екі-үш түйе болатын, үшеуін де там үйге кіргізіп алатынбыз. Біз онда суықтан емес, ұрлап кетеді деп суық қолдан қорқамыз. Екі үш күндей адамдар да, малдар да далаға шыға алмай, жол бекіп қалды.

— Әлгі байғұс қардың астында қалды-ау! Тетелес-ау (Шораны солай дейтін), тірі болса өзін, өлсе сүйегін тауып әкелсейші! — деп шешей Шора ағайға күнде барады.

— Шоша ма? Шоша қырық жыл қырғын болса да өлмес, — деп Шокең жарықтық қыңыр мінезіне басып теріс қарады.

Арада төрт-бес күн өтті, боран басылды, күн ашылды, үй аралары аршылып, адамдар да, малдар да далаға шықты. Бибішекең мені жылы киіндіріп, әкейдің жылы киімдерін орап, тамақ пісіріп беріп, қара інгенмен әкейге жіберді.

Қардың қалыңдығы қара інгеннің тізесінен, кей жерде қара санынан келеді. Көрініп тұрған жерге таңертең шыққан мен түсте әзер жеттім. Әкей төбеге шығып тұр екен.

— Жарығым-ай! Сендерді де тірі көретін күн болады екен-ау, — деп жылай көрісті.

Әкейдің көзіне жас алғанын алғаш көргенім сол шығар.

Шынында әкей боранда үлкен бір қатерден қалғанымен өкпесіне суық тисе керек. Содан кейін оңалмады.

Мен қақпан саламын, ара-тұра бірлі-жарым қоян әкелемін. Оның үстінде көп ұзамай қара інген далада боталап, ботасы өліп қалыпты. Оны шешей бауыздап қақтап алды. «Басқа түссе баспақшыл» дегендей тірі жандар тіршілік ете бердік.

Көктем шығып, жер жыртылғасын, егін себілетін кезде, қара тартып отырған қасымыздағы ағайындар Таласқа көшті. Біз де көштік. Олар Талас жағасына, Тайтөбе деген жерге келіп, «Жаңатілеу» атты колхоз болып, мемлекеттен тұқым алды, түйе соқамен жер жыртып егін екті. Бибішекең колхозшылар қатарында кетпенмен арық қазып, кетпендеп бидай екті, мен ер-азаматтармен бірге Таласта қамыс орып, шым ойып, тоған байластым.

Обалы нешік, тоғанда істейтін азаматтардың бәрі мені аяйды, бас иесіз және көп жанды үйден екенімді біледі. Сондықтан да, әлде арасында ең жас және бала болғандығымнан ба, әйтеуір бәрі іш тартып тұрады. Әлім келетін жұмысқа жұмсап, ауыр жұмыстарды атқаратын жігіттермен бірдей маған да еңбекақы — күніге 250 грамм ұн береді. Мен тіл қайырмаймын, шамам келетін жұмысты жүгіре жүріп істеймін. Және жұмыстан қолым босасымен, балыққа қармақ саламын, жағадан шабақ сүземін. Қолыма түскен балық пен шабақтарды тұздап, кептіріп, алған ұнымнан үнемдеп жинап (өзіме көбінесе шабақ қайнатып, сорпасын ішемін) жетісіне екі рет үйге, шешейге тасып тұрамын. Тоған мен Тайтөбенің арасы жеті-сегіз шақырымдай жер.

Шешей өте жүдеу, арық. Арықтықтан ұршығы тайып кете береді, жүре алмай жиі жатып қалады.

Бибішекеңнің өзінен басқа бір сенімді серігі бар-тын. Ол қара інген болатын. Қара інген ботасы өлгенмен саулы сауғызатын, өзі арық, жер отсыз болғандықтан, әзірше сауған сайын шәй кесе сүт бергенімен жердің шөбі жетіліп, мал тойына келе төрт емшегі төрт баланы асырауға жарайды деп шешей сенетін. Сол үміт пен сенім бір-ақ кеште үзілді. Колхоз орталығына барып келген бір ағай, Асанның Тәжібегі:

— Сауулы інгендеріңді ұрлап кетіпті. Бибішекең екі күннен бері қарап таба алмай зарлап отыр, тезірек жет, — деді маған.

Тоған байлап жатқан сушылар бригадасының бастығы Сүлеймен деген жақсы жігіт еді. Бұл бір тұлғасына қайраты, қайратына

ақылы, ақылына адамгершілігі сай азамат еді. Қарамағындағы жұмыскерлерді жұмсай да білетін. Жүгіріп келіп естігенімді айтып, ұрықсат сұрап едім, «барып келе ғой, қарағым» деді.

Соңғы күндері аулаған балығым мен артылған, әділін айтқанда, үнемдеген арпа-бидайымды шекпен дорбама салып арқаладым да «Тайтөбе қайдасың» деп оман (үлкен) арықты жағалай колхозға қарай ұштым. Тіпті есім шығып жүгіре берсем керек-ау, колхозға таянғанда өкпем өшіп, екі саным қарысып қалжырап қалдым, дем алғалы бір төмпешікке дорбамды жастанып қисая кеттім. Тыныстап жатсам, жанымда бір нәрсе шиқ-шиқ етеді, қарасам бір көжек қоянды бір үлкен күзен бас салып, тамағынан қылғындырып жатыр. Күзеннің сыры маған мәлім — өзі кішкене болғанмен адамға да, айуанға да жыртқыш аң, тікелей тамақтан жабысады да, кеңірдегін қиып түседі, тісі пышақтай. Сондықтан сақтық жасап, әрі қоянды бауыздасын деп сәл күттім де, қоян тыпырлауын қойғанда, күзенді алыстан таспен ұрып, таяқпен жасқап қуып жіберіп, қоянды бауыздап алдым. Бір дорба бидай мен балығым — шабағым бар, оның үстіне семіз көбе көжегім бар — үлкен олжамен үйге келсем, Бибішекең қисайып жатыр. Екі бүйірін таянып, жылай-жылай әлі кетіп, үні бітіп, әбден қалжырап жатыр екен. Жұматай мен Қаратай бірі аяғын уқалап, екіншісі мойнынан құшақтап қасында отыр. Үшеуі де аш, әл жоқ — кешеден бері нәр татпаған, үйге от жағылмаған. Көршілес Өксікбайдың шешесі мейірімді адам еді, түйе сауатын, соның сүтін қатып, шаймен көже жасап, қамырын ашытатын. Тек сол кісі таңертең бір тостаған ашымық әкеп берген екен, сонымен Спатай төртеуі бөліп, ерiндерін жібітіпті. Спатай шайнекпен арықтан су әкелем деп кеткен екен. Мен есіктен кіргенде әлсіз ғана үн шықты:

— Спатай, шөмшек ала келдің бе? От жағып, шәйнегіңді отқа қой да, әлгі әжеңе барып келе ғой, бір уыс ұн берсін... Бізден қайтпаса құдайдан қайтар. Кешеден бері біз де, апам да нәр тартқан жоқпыз, үйде үнем жоқ, апам жіберді дерсің.

— Бибішеке! Мен ғой... — дегенімде, шешей теріс қарап жатыр екен, қолымен керегеге сүйеніп, басын көтеруге тырысты. Мен дорбамды оң жағына тастай беріп, сүйемелдеп жастықтан басын көтердім.

— Жарығым, жеттің бе? — деді Бибішекең әзер жағын ашып... — Кешігіп қала ма деп едім, келгенің жақсы болды.

Бұл уақытта аяқ жағынан жылжып шығып, дорбаға көз салған Жұматай:

— Апа, алақай, бидай, қоян, — деді қуанып.

— Мынау не дейді, қайдағы қоян? — деді шешей, маған көзін салып.

Көзі бозарып, түсі бұзылып кеткен екен. Мен бұл жолы төрт-бес күн аралатып кешігіп келіп отырғанмын. Жұрттан көргенімді істеп, көбірек шабақ сүзіп, оларды қайнатып бір шелектей май қалқып алып, қайнатқан шабақтарды кептіріп, дорбамды толтырып әкелген едім, соларды және жолда қоянды қалай алғанымды айттым.

— Баласынан айналайын!.. — деді Бибішекең, құр сүйек қолымен басымнан сипап. — Ағасы сияқты өзінің бір салуы бар… От жаққанша піскен бірдеңең болса, балалардың қолына ұстата гөр! Екі-үш күннен бері үйде үнем жоқ. Бірақ менің халімді түсінді білем, қыңқ етіп біреуі жылаған жоқ. Алтындай-алтындай болған балаларымнан айналайын!

Мен екі балаға екі уыс кепкен шабақ ұстаттым да, тезек қалап, дереу от жағуға кірістім.

Екі бала шабақты өз ауыздарынан бұрын Бибішекеңнің аузына тығып жатыр. Шешей жылжып, оттың басына келді. Дорбадағы бір-екі килограмдай арпа аралас бидайды, кептірген бір қалта шабақ пен орта шөлмек балық майын және кебе көжекті көріп езу тартты. Балаларға қарап:

— Әй, кепкен балықты көп жей бермендер, қаталап қаласыңдар, шаймен жеңдер. Спатай қайда жүр екен, бағана кетіп еді, әлде біреу өлтіріп кетті ме?

— Апа! апа! — деген сырттан Спатайдың даусы естілді. Мен тысқа жүгіріп шықсам, бір қолында шәйнек, екінші қолында бір етек балық, інім есіктен кіре алмай тұр.

Жаңа соғым сойғандай, не қаладан базаршы келгендей арқа-жарқа болдық та қалдық.

— Мұнша балықты саған кім берді, жарығым-ау? — деді Бибішекең манағыдан ширағырақ сөйлеп.

— Арықтан су алайын деп кетіп бара жатсам, бір жерге шағалалар ұшып-қонып үймелеп жүр. Бұлар не істеп жүр деп қасына барсам, егістіктің арасындағы бір арықтағы су тартылып қалған екен, сол жерде шұқыр тола балық шалшық суды шалпылдатып

жүр. Балағымды түрдім де, шұқырға түсіп, балықты сыртқа алып тастай бердім, тастай бердім.

— «Өлмейтінге өлі балық жолығады» деуші еді, өлмейді екенсіңдер, көгершіндерім! — деп Бибішекең Спатайдың екі көзінен кезек-кезек сүйді. Маған қоянды сойғызып, Спатайға балықты тазалатып, бәрін тұздатты. Балықтардың тарысы мен шектерін тазалатып қолбақырашқа қуыртты. Ортамызда отырып өзі де терлеп-тепшіп қуырған бидаймен шай ішті. Кешке төрге төсек салып, төртеумізді екі-екіден екі жағына алып, өзі ортамызға жатты. Кезек-кезек ашылған аяқ-қолдарымызды қымтап, бастарымыздан сипап, ұзақ уақыт ұйықтаған жоқ.

— Шығасыға иесі басшы болады, — деді шешей мақалдап. — Өзімнен де болды. Түнде түйені сауып, үйге кіргізіп, сосын жататын басым, саудым да сүтін шалаптап, шалапқа бір уыс ұн шайып, бұрқ еткізіп бір қайнаттым да, балаларға бердім. Балаларды ұйықтатып үйге алармын деп салақсып, Қаратайды құшақтап төсекке қисайсам, көзім іліניп кетіпті. Шошып оянып далаға жүгіріп шықсам, орнында түйе жоқ. Шешіліп кетті ме деп ауылды үш айналдым. Әрбір үйдің іші-сыртын қарап, көрінгеннен сұрап түнімен ұйықтамадым. Ертеңінде Өксікбайдың атын сұрап мініп, ат жетер жерді қарадым, Шораларға да хабарладым. Міне, үш күн болды, із-түз жоқ. Әрине, қолды болды, кім де болса біздің қамқорсыз, жетім-жесір екенімізді білетін адам ұрлады… Төрт емшегіне төрт бала қарап отырған інгеннен айырылған соң, енді шынымен-ақ өлдік, қырылдық деп өмірден күдер үзгендей болып едім… Айдалада сенің қисайған жеріңе әкеп қоян бауыздатып берген, қолына шәугім ұстап су әкелу үшін есік алдына шыққан балаға осынша өлі балық кездестірген тәңір бізді өлтірмейді екен, — деп шешей көзінің жасын сүртті.

— Енді жыламашы, Бибішеке! Әкей өліп те тірі қалдық қой! — деп едік:

— Әй, балам-ай, бұл әкеңнің өлімінен де ауыр ғой, жалғыз баласы өлген — жұртта қалмайды, жалғыз түйесі өлген — жұртта қалады…

Бибішекең таңертең кеше кешкіден ширап тұрды. Мен түйені екі күн іздеп, маңайдағы сай-саланы, ескі қыстау, құлаған тамдарды, бір қабақ құмның ішін қарап, шарлап шықтым, ешқандай із-түз білінбейді.

Екі-үш күннен кейін Тоғанға қайтып кеттім. Бибішекең де жұмысына шықты. Содан кейін ақылдасып «бірге отырып бәріміз қырылғанша бір бала болса да аман қалар ма екен деп» Спатайды Ойықтағы балалар үйіне бердік. Ұмытпасам, Өксікбай атпен ауданға барғанда, артына мінгестіріп Әбекеңдікіне апарып тапсырып келді.

Көктемгі егін айдау, тоған байлау жұмыстары бітті. Жұмыспен бірге азын-аулақ қорек алып тұрған еңбекақы да тоқталды.

Осы уақытта күш-көлік — ат бағатын Сәду ағайдың көп көмегі тиді, атқа жемге бөлінген жүгері мен арпадан жасырын уыстап, кейде қалталап әкеп беріп тұрды. Жаз шығып, шөп жетіле ол да тоқталды.

Бибішекең екеуміз ақылдастық.

— Жазда да жарымай отырмыз, астық шықса, азаматы барлар ғана алар, бізге не тиеді? Қысқа қайтіп күнелтеміз? Бүйтіп қарап отырғанша, талап қылайық. Шешейдің сіңлісі Төкенді тауып алайық… — деп ұйғардық.

Қолда әлі де екі бала бар, олардың есі кіріп қалғанын балалар үйіне берейік, кішісін Шора мен Төлеуге тапсырайық, үйді соларға қалдырайық деген ойға келдік.

Сірә, сенері жоқ бала тез есейе ме деймін, жасым он үшке жаңа іліккенмен сол кезде әжептәуір есім кіріп, Бибішекеңе қара серік қана емес, ақыл серік те бола бастаған сияқтымын. Бұл ойымызды жүзеге асыру үшін алдымен Әулиеатаға дейін жететін жолазық тауып алу және Жұматай мен Қаратайға азын-аулақ тамақ қалдыру қажет болды. Осы мақсатпен қолда бар болмашы бидайдың қалдығын Жұматай мен Қаратайға қалдырып және көршілерге тапсырып, шешей екеуміз екі-үш қақпан арқалап, жаужұмыр қазатын шот пен қап арқалап құмға жүріп кеттік.

Таластан құмға, құмнан Таласқа қарай ерсілі-қарсылы жаяу шұбырған халық, көбісі — әйел, бала. Ашаршылық жылдары әйелден еркектер көп өлді. Біз құмға қарай кетіп бара жатқан жолда күйеуі мен Ажар апайға (әкейдің кіші шешесінен туған қарындасы) кездестік, беттерін ісік шалған, өте қалжау екен. Қайтуда біреулерден «өлді, екеуі бір бұтаның түбіне көмілді» деп естідік, арттарында бала қалған жоқ.

Балаларға бір аптада келеміз деп, тамақтарын да соған мөлшерлеп кетіп едік, қақпанға қоян ілікпей, құмда он шақты күн

айналып қалдық. Екі-үш қоян қақтап, көтергенімізше жаужұмыр булап, кептіріп алып қайтып келсек, екі бала тамақтары таусылып, тарығып қалған екен. Екі-үш айналып Жұматайды Спатайдың қасына, Ойықтағы балалар үйіне беруге мінгестіріп жібердік.

— Тірі болсақ, күзде келеміз, келген соң балалар үйінен қолыма аламын, қыстық астық әкелеміз, — деді Бибішекең.

Жұматайды балалар үйіне жіберіп жатқанда бетінен сүйді, Жұматай жылаған жоқ, сөзге түсінетін болып қалған кезі еді және барған-келгеннен (Бибішекеңнің өзі де барып қайтты-ау деймін) Спатайдың хал-жайын сұрап, біліп тұрғанбыз.

Қаратай бізді көп толқытты, әсіресе ана қатты қиналды. Алып кетуге көтеріп жүре алмаймыз, тастап кетуге көзіміз қимайды, балалар үйіне беруге есі кірмеген бала босқа өліп қалады. Сірә, анадан бауыр қатал бола ма деймін. «Бір адам үшін бәріміз қырыламыз ба, Ақандікіне, не Шокеңдікіне тапсырайық та кетейік…» деп Бибішекеңді жолға зорға көндірдім.

Әбдуәли — Ақаңның қолында. Шокең мен Төлеуден бала жоқ, бір бала асырауға толық мүмкіндіктері бар. Бірақ Шора да, Төлеу де балаларға суық. Соған қарап Бибішекең Қаратайды қалдыруға сенбейді.

Бибішекең ақыры Қаратайды Шора мен Төлеуге қалдырды және бала ғып алыңдар деп тапсырды.

— Баламды сендерге құдай алдында да бердім, екеуіңіздің қолыңыздан ақыретте алайын… — деді шешей.

Онысы «өз балам» деп білсе өлтірмес деген ақылы еді. Сонымен бірге Ақмаңдай әжем Сәкенге, Рымбалаға «көз қырларыңды сала жүріңдер» деп тапсырды. Сондай-ақ Спатай мен Жұматайды Әбен мен Күләндаға тапсырып келді. Әбен Ойықта балалар үйінде директор, не тәрбиеші болатын.

Қай ай, қай күн екенін білмеймін, әйтеуір қауын-қарбыз түйнектері түйін шайып қалған кезде қара шаңырақты тігулі күйінде, Қаратайды тірідей Шора ағай мен Төлеу жеңгейге тапсырып, «Жаңа тілеу» колхозынан төрт-бес бойдақ әйелмен бірге Бибішекең екеуміз жолға шықтық. Шыққан күні сарыуйсіннің (қазіргі «Жданов» колхозы) ақбоз үйлі, көп үйлі үлкен ауылына кездестік. Оларда ептеп астық бар, ас-қатық жоқ екен. Екі қоянымыз бар еді, соның біреуін кәрлен кесе жүгеріге айырбастап, оны қуырып, диірменге тартып, талқан қып алдық. Бір қоянның

етін бір дорба кепкен жаужұмырмен Қаратайдың басына жастап кеттік.

Сарыүйсіннің ауылынан шыққан күні Жиенбеттің («қызылмақташы») қоныстандыруына жетіп қондық. Қоныстандыруда ел жоқ екен. Үйлер қаңырап қалған. Ертеңіне Жиенбет тоғанының төменгі жағынан откелден өткен соң қасымыздағы әйелдер бізді тастап озды. Өйткені Бибішекең «ұршығы айналып» жүре алмайды. Шаршысымен жамбасын таңып алған, бір қолында таяқ, бір қолымен менің иығыма сүйенеді. Сөйткенмен жүз елу-екі жүз метрден артық жүре алмайды, қиналып әр жерге бір отыра береді, қисайып жата кетеді. Жиенбет тоғаны мен қазіргі Кеңес колхозының арасына (50–60 шақырым) үш түнедік. Тамақ та, су да таусылды, шілде кезі, күн ыстық. Жүріп келе жатқан жоқпыз, бірімізді-біріміз сүйеп, сүйреп келеміз.

— Жарығым-ау! Менімен бірге өлесің бе, өзің жүре берсеңші, — дейді Бибішекең.

Мен шешейдің қасынан кетсем, оны қасқыр жеп қоятындай және анамды тірі жалғыз тастап кетермін бе?!

Төртінші таң атқанда ел қарасы — там, тал көрінді, судың, көгалдың исі келді.

— Енді маған қарама, қарағым, алдыңа, ауылға қарай жүре бер. Елге жеттік, енді олмеспіз. Ауылға жетсең, ұялма, кез келген үйге кіріп: «Шешем аштықтан бұралып, әрі шөлдеп жүре алмай жолда қалды, бір жұтым сүт, сусын, ең болмаса бір уыс талқан мен бір кесе қайнаған су беріңізші!» деп сұра. Бірі бермесе бірі береді, бәрі қайырымды мұсылманның баласы ғой! — деді шешей ерні кезеріп.

— Мен сусын тауып қайтып келгенше, сен өліп қалмайсың ба? — дедім.

— Сен тезірек барып сусын әкелмесең, мүмкін… тамағым құрғап, тынысым тарылып қалар… — деп шешей тамсанды, үні де қырылдап зорға шығады. Ауылға артыма қарай-қарай ұштым.

Бірде аяңдап, бірде жүгірін жетсем, тал-дарағы, там-үйі мен киіз үйі аралас ауыл екен. Шеткі үйге кіріп, жағдайымды айтып, сусын сұрадым.

— Айналайын-ай! Өзің де түсің қарайып, түтігіп кеткен екенсің, деміңді алып сіміре ғой! — деп үшінші үйдің әйелі күбіден бір тостаған ашымық құйып берді.

— Апатай, бір шыны тауып беріңізші, шешеме апарайын, ол кісі әл үстінде қалып еді, — дедім мен.

— Мұны өзің іше бер, асықпай деміңді алып, бөліп-бөліп іш. Шешеңе құмыраға құйып беремін. Алыста қалды ма? — деді әйел. Маңдайымнан тер пора-пора болып, бір тостаған сусынды үш бөліп ішкенімше, әйел бір құмыра ашыған көжені құйып, бір таба нанды алдыма қойды.

— Шешеңді осында ертіп кел, басқа үйге бармасын, сендерлік ас су табылады. Сендер келгенше мен самаурынға шай қайнатып қояйын, — деді әйел мені есіктен шығарып салып.

Бір таба нан қойнымда, бір құмыра ақ борықтай сүт қатқан ашымық көже қолымда, жүгіре басып келсем, Бибішекең еңбектеп келіп, бір бұтаның түбіне басын тығып, көлеңкелеп жатыр екен.

Құмыраның шүмегінен ұрттап әуелі екі-үш рет аузын шайды, таңдайын жібітті.

— Өзің ештеме іштің бе? — деп сұрады содан соң.

Содан кейін аз-аздап ұрттай бастады. Содан соң сүт қайнатым сұлық жатты. Шешей есін жиған соң екеуміз жарты таба нан жеп, жарты құмыра ашымық ішіп әлдендік те, бірімізге біріміз сүйеніп ауылға жеттік.

Манағы әйел бізді бейнебір құда-жекжат іздеп келгендей, ықыласымен қарсы алды, жалғыз ешкісінің сүтін қатып қатырма пісіріп шай берді. Бірақ Бибішекең үйге айналмады.

Сол күні-ақ түстен кейін ауыл жанындағы сайға қамыстан күрке тігіп алып, сонда масақ теріп жатқандардың қасына келдік. Совхоздікі болса керек, комбайнмен орып жатыр екен. Бұл жер Шудан, Таластан шұбырған «откөшектерге» (аштықтан ауғандарды солай атайды екен, откочевник — көшершіліктің салдары деген сөз болса керек) тыныс алып, ес жинайтын алғашқы бекетке айналыпты.

Шұбырған жұрт қыстақтың шығыс жағындағы сайға, бір өзеннің жағасына қамыстан күрке тігіп «қоныстаныпты», салқар бір ауылдай. Қырдағы қыстақтағы елден ойдағы күркедегі ел аз емес және оған күн сайын келіп қосылып жатыр. Ашығып келген, ауып келген шаруалар масақ теріп қана қоймай, бидай орып жүрген машинаға (комбайн, не шөп машинасы екенін білмеймін) шабуыл жасайды, ондағы жұмысшылар қорғанып «откөшектерді» айырмен, орақпен жасқап, ұрып қуады, аш адамдар оған қарай ма,

машина әрі бұрылса, артына жабылады, бері бұрылса жапырыла қашады, қолына десте, бау түссе де тастамайды. Оларға мен де қосылдым. Бірақ бірінші күннен кейін шабуылды қойып, масақ тердім. Соның өзінде бидайды үйіп тастадым. Мен масақ басын қырқып дорбалап таси бердім. Бибішекең оны үгітіп, ұшырып қауызынан тазалай берді, күнге жайып кептіріп, қуырып та шикідей де, диірменге тартып, талқан да жасады, нан да пісірді. «Бекетте» бір жетідей аялдадық, бір пұттай ұн, бір қалта бидай талқан және бірнеше таба нан пісіріп алдық. Ең үлкен олжамыз — оңалып, дем алып қалдық. Бибішекең тынығып, тыңайып жүруге жарады.

Астығымызды арқалап келесі қыстаққа келдік. Сол қыстақта екі-үш күн аялдап, бір-екі үлкен асқабақ сатып алып, соған нан салып әкейге «құдайы» бердік. Содан соң Әулиеатаға кетіп бара жатқан түйеліге ақысына ұн беріп, түйесіне астығымызды салып, түн қатып Әулиеатаға жеттік. Қалаға жақындағанда кіші Буырлы тауының алдына келгенде бізді түйелі тастап кетті. Жаяу жолмен жүріп келеміз, екі жағымыз кісі бойы биік қалың жүгері, жүгеріде қалаға қарай алаңға шыға бергенде, бір бүйірден айқайлап бір-екі қарауыл шыға келсін:

— Бізді ұры деп ұстағалы келеді, ұстаса тамағымызды тартып алады. Қаланың бергі шетіндегі сонау ағарған там — Ақатайдікі. Соған қарай зыт! «Кімсің» десе, Бибіштің баласымын де! — деп шешей маған азын-аулақ ұнды арқалатты.

Мен ұштым. Қарауылдар артымдағы Бибішекеңе қарамады, мені қуып келеді. Мен жан ұшырып сазбен тікелей жүгіріп манағы меңзеген үйге дейін қуғыншыларға жеткізбедім.

Үйден екі-үш адам шығып, қашқылықты-қуғылықты бізге қарап тұр екен.

— Шырағым, неге қашып келесің? Кімсің өзің? — деді бір кісі алдымнан шығып.

— Бибіштің баласымын, Сиязбай, Ақатай деген ағайындарымызды іздеп келеміз… — дедім тығыла, тұтыға сөйлеп.

— Дорбаңдағы не? Жүгері сота ма?

— Дорбадағы ұн, тіпті жүгеріге тиіскенім жоқ.

— Ендеше, үйге кірме, осында тұр, қорықпа, ешкімге тигізбейміз, — деді әлгі кісі. Үйден тағы екі-үш кісі далаға шықты.

Қуғыншы қарауылдар келе орысша сөйлеп, маған тап-тап берді. Қарсы алған кісілер жіберген жоқ. Аузы-басын түк басқан түсі

суық адамдар, қолдарында айыр, шалғы, орақ… еркіне жіберсе тіпті жеп қоятындай-ау!

Менің қамқорларым қатты-қатты сөйлеп, қуғыншыларға менің дорбамдағы ұнды, нанды алып көрсетті. Сөздерінің жартысы орысша, жартысы қазақша, бірде түсініп, бірде түсінбеймін.

Бибішекең де жетті, әлгі кісілермен жылап көрісті. Қарауылдар салбырап «олжасыз» қайтты.

Алдымнан шыққан Сиязбай мен Ақатай екен. Бибішекең бұлармен таныс, аталас екен. Оның үстіне шешейге нағашылық жақындығы бар ма, қалай? Әйтеуір, жан жоқ жақсы адамдар, ықыласпен қарсы алды.

— Жазған көкжалым-ай! Күшігіңді ертіп жеткен екенсің- ау! Келісің келіс-ақ. Ел жағдайын естіп жатырмыз. Әбекеңнің арты қайырлы болсын! Балалары аман болса, Әбекеңнің де өлмегені ғой… — деп жатыр.

— «Алты ай баққан арықты бір түн ұрындырған өлтіреді» деген сияқты, қаршадай баламды әлгі біреулер қара құсша түте ме деп зәрем қалсайшы, Ақатай-ау! — деді Бибішекең кимешегінің етегімен маңдайының терін сүргіп.

— Иә, балаңды бір қатерден құдай сақтады. Бұлар өткен-кеткеннің азық-түлігін, жарар киім-кешегін тартып алып, сабап, қарсыласса өлтіріп те дәндеген адамдар. Өздері көрне көзге ақ адал адамға жала жауып жабысудан әсте тайынбайды. Көрмейсің бе, әлгінде қалталарынан екі-үш сота жүгеріні суырып алды… «Жүгерімізді қаусатып кетті, мына соталарды жолдан тауып алдық, әр жерге шашып кетіпті» дейді.

— Мұнша жүгері қазынанікі ме?

— Жоқ, жекеменшік, өздерінікі, жасырынып жүрген бай-кулактар ғой, — дейді Ақатай ағай.

Өздері картоппен күнелтіп, қарап отыр екен. Бибішекең бір-екі кесе ұн беріп еді, қуанып қалды. Содан кеспе көже жасап, ішіне картоп турап, терлеп-тепшіп бірге іштік. Базарда ұн қымбат екен, Бибішекең ертеңіне үй иесін ертіп, төрт-бес кило ұн сатып, өзіне көйлек-жаулықтық, маған көйлек-дамбалдық кездеме әкелді, сонымен бірге бір килодай ет сатып әкеліп, оған нан салып, ағайынды екі үйлі жанды шақырды.

Мүнша Қайран Бибіжан-ай! «Малымды алса алсын, пейілімді алмасын» деуші едің, пейілің баяғыдай екен, қатарыңнан кем болмассың! — деп жатыр әйел-еркектер.

Қалада жуынып-шайынып, кір-қоңыстан арылып, көйлек-көншегімізді жамап-жаңартып, екі-үш күн аунап-қунап бір жасап қалдық. Бибішекең қаладағы ағайындардан сұрастырып қаланың сыртындағы колхоз «Жас өркенде» отырған Битабар үйінің хабарын анықтады. Жалбас дүкенде сатушы екен, шешесі, әйелі, қарындасы, балалары — бәрі аман-есен, бақуат тұрады.

Сонымен бірге шешей төркіндері Даниша, Өксікбай, Жолдыбайлар, сондай-ақ Төлеубай, Медеубай әйелдерімен шұбырып келіп, тау төсінен масақ теріп жүр деп естідік. Қанша дегенмен, «Қанды қалпақ кисе де, кетіспейді ағайын» деген ғой, шешей Төкеннің үй-ішімен, Данишаның балаларымен қатар Төлеубай, Медеубайлардың амандық-есендіктерін естігенге қуанып қалды.

Аз күн аялдап аяқ суытқаннан кейін жолға шықтық. Ақатай ағай қаладан Тектұрмас төбесіне дейін шығарып, «Жас өркенге» баратын жолға салып жіберді. Сірә, қаладан жай шықсақ керек, «Жас өркен» қыстағына күн батып, қас қарайғанда жеттік. «Түн ішінде кімнің есігін қағып жүреміз» деп қыстаққа кірмей, бір көпене шөпті көрпе-төсек қып далаға жата кеттік. Ел тұрмай тұрып қыстақтан мал өргізіп келе жатқан бір сиыршыдан сұрастырсақ:

— Сатушы Битабаров па? Дүкені орталықта, көшеде, тамда. Ал өзі киіз үймен ойда, Таластың жағасында отыр, — деді.

Айтқан жолмен Таластың жағасына келсек, көкорай шалғынның ортасында алты қанат ақбоз үй тұр, есік-түндігі жабық, әлі ешкім тұрмаған екен. Бибішекең дауыстап:

— Тал түске дейін қанбай жатқан қандай ұйқы бұл?! — деп түндіктің бауын белдеуден шешіп алып серпіп, түндікті қайырып тастады.

— Мынау жалғызымның дауысы ғой!.. — деп үйден Төкен далаға жүгіріп шықты, апалы-сіңілілі екі бауырдың құшағы айқасып қалды. Артынша аңырап Ақсұлу шешей көрісіп жатыр. Шағат құдаша шығып мені құшақтай алды. Жалбас сабырлы, байсалды жігіт еді, киініп бізді үйде қарсы алды. Алдымен Бибішекеңнің қолын алып, содан соң мені құшақтап қасына отырғызып:

— Аман-есен жеттіңдер ме? Әбекеңнің арты қайырлы болсын! Бара алмадық, — деп көңіл айтты.

Обалы нешік, ықыласпен қарсы алды. Екі-үш күн дем алып, әңгімелесіп мауқы басылған соң, Бибішекең Даниша, Өксікбай-

ларға барып, бірге масақ термекші болды. Төкен біздің масақ тергенімізді намыс көріп апасына:

— Қайтесің масақ теріп, мен аш болсам, аш боларсың, тоқ болсам тоқ боларсыңдар. Енді сенен көз жазғым келмейді, ешқайда барма! — деп жібергісі келмеді.

Сөйтіп екі ойлы болып отырғанда біздің мұнда келгенімізді естіп Өксікбай жетіп келді. «Онда не бар, сіңілісімен, құдағиымен көрісіп мауқы басылса, масақ таусылмай тұрып мұнда жетсін, ертіп кел!» деп жіберіпті Даниша.

Қайран бауыр! Өксікбай мен шешей жылап көрісті. Келесі күні шешей, Өксікбай үшеуміз тау төсіне жүріп кеттік. Таудың бауырына тұтас бидай егілген екен, егінін комбайнмен орып, жинап әкетіпті. Бірақ орнында әлі де масақ, шашылған-төгілген дән бар екен. Даниша, Өксікбайлар өз қаптарын толтырып алыпты. Бір жетіде бізді ертіп екі-үш қаптай бидай теріп, ұшырып, тазалап, Төкендікіне жеткізіп берді. Біз одан әрі масақ теруге жарамадық, мен безгек болып қатты ауырып қалдым. Төкеннің үйіне қайтып келдік, қасына қамыс күрке тігіп алып Бибішекең мені сонда бақты. Бір қап ұнды ішіп-жедік, әлі де екі қаптайы қалды. Мен безгектен күзде тәуір болдым, қорегім Төкеннің үйі сауатын жалғыз інгеннің сүті болды. Басқа тамақтың бәрінің күлімсі иісі бар сияқты, аузыма алмаймын…

Төкендікінде мал сойылып жиі-жиі қонақ болып тұрады. Бір күні адасым мені шақырып, өздері ішіп отырған сусыннан бір стакан «сасық су» ұсынды.

— Осыны ішсең, безгектен жазыласың. Көзіңді жұм да жұтып жібер! — деді жездей.

— Бұл дәрі, ашырқанба! — деді Төкен.

Көзімді жұмып жұтып салдым, иісі жаман, дәмі ащы екен, екі-үш рет лоқсып едім, құса алмадым. Арақтың дәмін алғашқы рет татқаным сол. Сол себеп болды ма, әлде жазылатын уақыты келді ме, әйтеуір содан кейін көп ұзамай басымды көтердім. Бірақ мен тәуір болғанымда Бибішекең ауырды. Оң қолының бармағынан сүйек құрт «көкше» шығып, енді шешей күні-түні бірдей зарлап шығатын болды. Бұл жүгері піскен уақыт еді. Мен жүгері масақ жинадым. Масаққа шықпас бұрын менің өмірімде ұмытылмас бір уақиға болды. Төлеубай, Медеубайдың қолында Дүйсен дейтін жетім інісі болатын, жайлау- қыстауда түйе жаятын, кейде

мені де ертіп кететін. Күзде бір күні сол келе қалды. Төкен үйінің жанында, Таластың жағасында біреудің қалың биік жүгерісі өсіп тұратын. Соның піскен кезі болатын.

Дүйсен мені түнде ертіп шықты. Жүгерінің жан-жағы қалың қара ағаш, арық және айналма жолы бар-тын. Бір ағаштың түбіне келіп үнсіз отырып тыңдады да:

— Маңайда қарауыл жоқ екен, жүгерінің ішіне кіріп кетейік те дорбаларды сотаға толтырып алайық. Сыртқа шыққанда осы ағаштың түбінен табылайық, — деді Дүйсен нағашым.

Піскен жүгерілер желді күндері біріне-бірі соқтығып сатырлап тұрады екен, ішіне бір кіріп кетсең, адам таппайды және сатырлап сотасын қайырып жатқаныңды ешкім естімейді. Кішкентай дорбамды сотаға толтырып алып, уәделі жерге келдім. Әрі күтемін, бері күтемін, Дүйсенім жоқ. Аспан ала бұлтты, ай бұлтқа бір кіріп, бір шығып тұр еді, бір кезде жанымдағы жолмен бір кісі өтіп барады екен, мені іздеп жүрген нағашым екен деп:

— Дүйсен, Дүйсен! Мен мұндамын… — деп қалғаным.

— Мә, саған Дүйсен!.. — деп қарауыл тарс еткізіп мылтықты басып салды. Бетіммен қаша жөнелдім… Дорбамды алып Дүйсен артымнан келді.

Бибішекең мен Төкен інісіне қатты ұрысты.

— Сен баланы ұрлыққа баулиын деген екенсің, аулақ жүр! — деп.

Содан кейін Дүйсенді маңайыма жолатпады. Менің «ұрлығымның» алды да, арты да сол болды. «Абыройлы елдің алғашқы айыбы шықсын» дегендей, сол уақиға бүкіл өміріме ғибрат болып қалды.

Бибішекеңнің бармақ сүйегі түсіп жазылды. Ол кісі қолы тәуір болысымен ақы алып, әркімдердің жүгерісін қайырды, мен жүгері аңыздан масақ тердім. Одан кейін аңыздан картоп қаздық. Сөйтіп, күзде ішкен-жегеннен артылып екі қап ұн, екі қап жүгері, бес-алты пұттай картоп жинап алдық. Бұл бізге балалармен бір қысқа беймарал жететін мол астық еді, бірақ оны Таласқа қалай жеткізерсің? Тағы да Өксікбай келіп кетті.

— Медеубай, Төлеубайлар Әулиеатадан құмға түйе жалдап азықтарын жеткізіп алатын болды. Біз де тиісті ақысын азықпен төлеп көшкелі жатырмыз. Соны сізге айтқалы келдім, — деді.

Шешей солармен жамдасып құмға жетуге ұйғарды. Әулиеатада кездесетін үйді, күнді белгілеп қалды. Біздің барлық астығымызбен жездей мен Төкен апай қалаға, Өксікбайлармен кездесетін жерге арбамен жеткіздіріп салды. Нағашылар астықты мол алса керек, жылдағы көліктермен бірден әкете алмай, кезекпен тасымалдай бастады. Біз де кезек күттік.

Қалада астық, картоп удай қымбат, Бибішекең картопты, бірнеше пұт жүгеріні сатып өзіне, балаларға қыстық киім-кешек алды. Уақыт ноябрь айы болатын. Маған:

— Бір-екі кесе жүгері сатып, бір қоян етін әкелші, қызылсырадық қой, тісімізге басайық, — деді шешей.

Базарға келіп жүгеріні сатып, бір қоянның етін алып тұрсам, қасында бір ересектеу бала бар, Спатай кездесе кетті. Үсті-бастары таза, бүлдіршіндей бүтін — жаңа, жақсы киінген, жүдеу де емес. Қасындағы бала Әбен ағайдың әйелі Күләнданың інісі екен, аты — Жүкен. Ойық мектебінен жүз шамалы баланы Сайрамдағы балалар үйіне ауыстырып, соған әкетіп барады екен. Содан соң Спатай шешем мен ағам қала жаққа кетіп еді, кездесіп қала ма деп рұқсат сұрап қалаға шыққан екен. Тағдырда пендеге белгісіз құпия сырлар көп қой. Сол кездесуді мен де сондай табиғат сырларының бірі деп есептеймін. Үйге ертіп келдім, қуанышта шек жоқ.

Таңертең Спатай мен Жүкенді жолдастарына апарып салайын деп бірге кеттім. Келсек, балаларды поезға шығару үшін станцияға әкеткелі сапқа тұрғызып, санап жатыр, қалаға кеткен бірсыпыра бала келмей қалыпты, бала саны кем екен…

— Кем бір баланың орнына мені аласыздар ма? — дедім басшысына.

— Алайық, документің бар ма?

Ерубай Жылқыбаев дейтін ағай Сарысудан Әулиеатаға келіп жүргенде Битабардікіне де соғатын. Сол кісі Бибішекеңнің өтініші бойынша маған бір куәлік әкеліп берген, ол қалтамда жүретін. Сол қағазды бүгін ала келгенмін, қолдарына ұстата қойдым және Спатай да менен айырылғысы келмей, ағасы екенімді айтып жатыр.

— Сапқа тұр! — деді балалар басшысы. Сонымен балалар үйіне кіріп кете бардым.

Оқу көкейімді тесіп жүрген арман болатын. «Балаларды оқыт» деген әкейдің өсиеті де ойымда жүретін. Екіншіден, Бибішекең

қазір екі баламен қосқанда бір жылғы азық-түлікпен қамтамасыз. Менің оған ортақтаспауым жеңілдік келтірмесе, ауыртпалық келтірмейді. Оның үстіне жалғыз қалып бара жатқан жоқ, кіші шешесі мен аға-інілері қасында. Қазір ол кісіге менің көмегім шамалы да, қажет те емес.

Сайрам балалар үйінде бірнеше ай болдық, мен екінші кластамын. Спатай мен Боранқұл (Оңайбек құданың Төлеу дейтін үлкен ұлының баласы, шешесі Жібек, бізбен аталары құда-жекжат болатын) бірінші класта оқыды. Көктемге салым жасы он екіден асқан ересек балаларды жұмыс істеуге колхоз-колхозға бестен-оннан таратты. Біз Жүкен екеуміз Сайрам ауданындағы бір өзбек колхозына бөліндік, ол колхозға бізден басқа да төрт-бес ересек бала берілді. Балалар үйінде біздің тамағымыз тоқ, киіміміз бүтін, төсек-орнымыз жаңа болатын. Колхозда да жаман болған жоқ. Әсіресе менің жағдайым жақсы болды, мені бұрын колхоздың председателі болған екі қызы бар, бірақ ұлы жоқ бір жесір бай әйел бала ғып асырап алды. Бірақ есі кіріп қалған мен біреуге бала болғым келмеді, өзбекше оқуға да құлқым болмады. Қасымда Жүкен мен екі баланы ертіп әуелі Шымкентке, одан жасырынып поезға мініп Әулиеатаға қашып келдім.

Әулиеатаға келген соң бір бала қант заводындағы, бір бала Ақыртөбедегі үйіне кетті. Біз Жүкен екеуміз қаланың Қарабақыр көшесіндегі Сарысудың базасына келдік. Базаның бастығы Ажақай Сембин дейтін кісі өзі де, әйелі де мейірбан, балажан адамдар екен, бізді бірден қабылдады. Бөлме бөліп, төсек-орын беріп, күніне ішіп-жеуге толық жететін тамақ белгілеп, бір ерлі-жарлы қызметкеріне тапсырды. Жататын орнымыз белгіленіп, ішетін тамағымыз табылған соң оқу іздедік, қалалық оқу бөліміне екі-үш рет бардық, маңайына жуытпайды. Киімдерімізге, түрімізге қарап:

— Сендер қашып жүрген баласыңдар, қайдан қаштыңдар, сонда қайтып барыңдар! — дейді.

Біз қайтпаймыз және қайдан қашқанымызды айтпаймыз. Енді Сарысу аудандық оқу бөлімінің меңгерушісін күттік, Талас ойымызда болсайшы! Күнде базарға барып таныс адам кездесе ме деп іздейміз, кездеспейді. Бір күні Ерубай Жылқыбаев дейтін ағай кездесе кетті, қызметі не екенін білмеймін, қалаға жиі келеді екен. Қуанып қалдым, ол кісі де танып, хал-жағдайымызды сұрап:

— Сендерді мен оқуға орналастырайын, — деді.

Ерубай Жылқыбаев есті де мінезді, қайырымды да халыққа қадірлі адам екен. Ол кісінің жақсылығын, қамқорлығын одан бұрын да, кейін де көп көрдік.

Ақыры Сарысу аудандық оқу бөлімінің бастығы Нығымет Қорғанбаев келіп жүр деп естідік. Ол уақытта баздағы қонақ үй — Ажекеңдікі, Қорғанбаев сонда жататын көрінеді. Оны ертеңіне кешке дейін сол үйде күтеміз. Ажекең екеуі біз ұйықтап қалғанда келетін көрінеді, біз оянбай жұмыстарына кетіп қалады. Бір күні түскі ас кезінде аулада «ұстадық-ау!» Біз, екі бала, қасына келгенімізде өзара сөйлесіп тұрған үшеудің үстінде қара тері тоны бар, биіктеу біреуі бізге көңіл аударып:

— Сендердің қайсымызда жұмыстарың бар? — деді гүжілдеген жуан дауыспен.

— Нығымет Қорғанбаев деген сіз бе?

— Иә, мен. Онда не шаруаларың бар?

Мен алдын ала жазған «арызымды» қолына ұстата бердім. Қағазды жазып көрді, бірақ шимайымды шығара алмады-ау деймін.

— Ауызша-ақ айта бер! — деді күлімсіреп.

— Оқып, білім аламыз деп Сайрам детдомына барып едік. Онда он екі жастан асқан балаларды колхозға таратты. Бейтаныс колхоздарда жұмыс істегенше, өз ауылдарымызға барып істейік деп қашып келдік…

— Сонда маған не істе дейсіңдер? — деп Қорғанбаев көзін қадай түсті.

— Осында қалаға оқуға кіргізіңіз.

— Өздерің қалалық оқу бөліміне бардыңдар ма?

— Бардық, жуытпайды.

— Ендеше менің де тілімді алмайды. Менің үкімім тек Сарысу ауданына ғана жүреді. Онда барғыларың келсе, бес-алты күнде Шымкенттен қайтып келемін, сонда өзіммен бірге ала кетейін. Асықсаңдар, қағаз берейін, ертең кірекештермен Ажекең қосып жібереді, бара беріңдер (ол кезде облыс Шымкент, Әулиеата — ауданы).

— Қағаз берсеңіз, бара берейік.

Қорғанбаев отыра қалып, планшеткасынан алып, бір жапырақ қағаз жазып төрт бүктеп, қолымызға ұстатты да маңдайымыздан сипап, иығымыздан қақты.

— Жолдарың болсын! — деп Ажекеңе қарады.

— Адам болатын балалар, — деді Ажекең.

Ертеңіне азық-түлік артқан үш-төрт түйелі кірекеш жолға шықты, бастығы — Смайыл деген кісі. Ажақай бізді сол кісіге және Байқадамға барғанша нан пісіріп, ыстық су қайнатып беруді бір әйелге тапсырды.

Смайыл ұзын бойлы, сиықсыз кісі еді, түйеден түспейді, өзінен басқа ешкімді мінгізбейді, қайырымсыз, қатыгез адам болып шықты. Жаяу, табанымыз ойылып төрт-бес күнде Байқадамға түнделетіп жеттік. Бізді көзге түртсе көргісіз бір қараңғы «үйге» кіргізді де Смайыл ғайып болды.

Жүкен екеуіміз шешініп біреуіміздің пальтомызды астымызға төсеніп, нанды, қалтамызды басымызға жастап, екінші пальтомызды үстімізге жамылыл, бір діңгек-тіреудің түбіне жата кеттік. Таңертең оянсақ асты-үстіміздегі пальтоларымыз жоқ, жастанған қалтамыз бен нанымыздан дәнеме жоқ, көйлекшең жерде жатырмыз.

Түнеп шыққан жеріміз бұрынғы ат қора екен, әйтеуір кең «сарай». Айналаға қарасақ, аш, арық, ауып келген адамдар, өздері өте көп. Шымкент, Әулиеата қалаларында мұндай сұмдықты көрген емеспіз, үрейіміз ұшты. Бір милиционерге кездесіп жағдайымызды айттық. Милиционер мықты азамат екен, бір кісіні қорқытып, біресе артық ас бергіземін деп емексітіп жүріп киімдерімізді таптыртып берді, шиыршықтап бүктеп, даладағы күресін қардың ішіне тығып тастаған екен. «Сарайда» сәске түс кезінде «откөшектерге» азық таратты, алдымен біз екеуімізге бір күнге 250 грамнан қара бидай, бір-бір балықтан, төрт күнге жәрдем астық (продпомощь) берді.

Мұны не істейміз, қалай тамақ қып ішеміз деп тұрғанда әке-шешейдің құрдасы, қабырға ағайын Жақсыбек деген кісі кездесе кетсін. Ауып келген, өте жүдеу. Мені танып, әке-шешейді сұрап айналып-толғанып жатыр. Бізден кейін кезекке тұрып, үш кісіге төрт күнге о да тиісті жәрдем азығын алды. Кісіге өлшегенде олар бізден азықты аз алды, өйткені мемлекет балаларға үлкендерден екі есе артық береді екен.

Жақсыбек кескінді, келбетті, батыр адам болатын, әрі жақсы ат мініп, жақсы киініп жүретін өз заманының айтулы жақсы адамдарының бірі болатын. Бізді үйге ертіп келді, үйі қос екен. Қостан Әбибі жеңгей мен жалғыз қызы Күлтай алдымыздан шықты. Бәрі де жүдеу, ауып келген. Бізді базардан баласы, бауыры келгендей

ықыласпен қарсы алды. Олар ортаға от жағып, диірменге бидай тартып, түске тамаққа қам жасап жатқанда біз, Жүкен екеуіміз, аудандық оқу бөліміне барып келейік деп шығып кеттік.

Оқу бөліміне кіріп Қорғанбаевтың хатын беріп едік, біреу «Жылқыбекке…» деп бұрыштама соғып хатты қайтып берді де балалар үйін сыртынан көрсетіп шығарып салды. Енді Жақсыбектікіне оралмадық. Аудан орнаған қоныстандырудың сыртындағы балалар үйіне келдік. Сыртта кездескен біреуден:

— Жылқыбек деген кім болады? — деп сұрадық.

— Детдомның учкомы (оқушылар комитетінің бастығы), балалардың бастығы мынау үйде отырады, — деп ұзыннан ұзақ салынған жатақхананың бір ортаңғы есігін көрсетті. Кіріп келсек қоржын бөлменің ортасындағы ауыз тамда бес- алты ересек балалар ойнап отыр екен. Киімдері бүтін, өздері толық, беттері нарттай, қып-қызыл.

— Жылқыбек қайсыңыз? — дедім жалт-жалт қараған балаларға.

— Ме-ме-мен!.. — деді бір еңгезердей сары шұбар жігіт, дауысы қырылдап. Мен қағазды қолына бердім.

— Сендерді кім жіберді? — деді Жылқыбек қағазға қарамастан. Сірә, жазуды айыра алмайтын болса керек. Қасында отырған бір түлкі тұмақты жігіт қағазды Жылқыбектің қолынан алып, жанында отырғандарға берді, бәрі жағалатып оқып шықты.

Бұл Қорғанбаевтың хаты еді, төменгі жағына «Жылқыбек, мына екі баланы бір жақсы бөлмеге орналастыр, мүмкін, өздеріңнің қастарыңда болар…» деп жазылған-ды.

Біздің де ажарымыз таймаған, ал киімдеріміз олардікінен әлдеқайда артық еді.

— Қалаған бөлмеге кіріп, бос орынға отырыңдар, — деді Жылқыбек екі жақтағы есіктеріне ескі одеял тұтқан бөлмелерді нұсқап.

Мен әуелі оң жақтағы бөлмені аштым. Кең бөлме екен, жерге ескі-құсқы киіз, алаша төселген, соның үстінде үстеріне ескі одеялдар жамылған жалаңаш-жалпы елу-алпыс бала отыр, көбінің денесі көрінбейді, одеялдан, немесе ескі күпі тон-шекпендерден бақадай бастары ғана қылқияды, өздері өлердей арық, көздері шүңірейіп, аяқ-қолдары шибиіп, тек қу сүйектері, құр сүлделері қалған. Мен асылған одеялдардың бір шетін ашқанымда, тамақ әкеле жатыр деді ме:

— Бидай… бидай! — деп шу ете қалды. Әлсіз, аянышты балалар даусымен бірге онсыз да ауасы ауыр ортаңғы бөлмеге сасық иіс мүңк ете қалды.

— Жап, жап! — деді ортаңғы үйдегілер. Мен жаба салдым да екінші бөлменің есік жапқышын аштым. Ол да дәл сондай екен, жүрегім тас төбеме шықты, төбе шашым тік тұрды. Мен ортаңғы бөлмеде отырған балаларға үнсіз аянышпен қарадым, олар маған таңғала қарады.

— Біз мынандай бөлмелерге кірмейміз, — дедім мен.

— Бұл ең тәуір бөлмелеріміз, — деді Жылқыбек бейнебір тамағына сүйек тұрып қалғандай, алқына сөйлеп.

— Онда біз қайтамыз, қағазымызды беріңіз!

— Жолдарың болсын! — деп Жылқыбек қолыма қағазды қайтарып берді.

Сол кезде мынандай елес балалардың арасына кіргенше, күшіміз үзілмей тұрғанда манағы алған ас-ауқатты жол азық етіп, Жақсыбектен Талас ауданына баратын жолды сұрап алып Әбен ағайға бару, жөнді болса Ойық балалар үйіне орналасу, немесе Жүкенді апасына табыс етіп, өзім шешейді іздеу ойыма келген еді.

Есікке бұрыла бергенімде манағы қызыл тұмақты жігіт орнынан атып тұрып құшақтай алды.

— Бауырларым, асықпаңдар! Бір ауыз сөйлесейікші! Аты- жөндерің кім?

— Тым болмаса бір түн қонып кетіңдер! — деді екінші бала.

Барлығы ықылас білдіріп, орталарынан орын берді, отырдық.

— Танысып қоялық! — деді түлкі тұмақты бала, маған алдымен қолын ұсынып. Содан кейін әрқайсысы аттарын атап менімен, Жүкенмен қол алысты.

— Аяпберген! — деді ашаңдау, бойшаңдау аққұба бала.

— Айтқожа! — деді орта бойлы, еңкіштеу қатпа қара…

Бұл 1932 жылдың басы болатын. Менің жасым он үшке жаңа іліккен кез. Ал қол алысқандар, шамамен екі-үш жасы үлкен, жігіт болып қалған жастар. Көздерінен от ұшқындайды, бәрі де жалындап тұр.

Кейін білдім, бұлар балалар үйінің бес-алты жұмысшыларымен бірге екі-үш жүздей баланың тамағын дайындасатын, астын, ауласын, асханасына дейін тазаласатын әрі ақысыз «қызметкерлері» екен. Екіден-үштен кезек-кезек кезекші болып ба-

лаларға арналған азық-түліктің қазанға түсуін, қазанға түскен ас-ауқаттың балаларға түгел жетіп, дұрыс таралуын бақылайтын да негізінде осылар екен.

Мен Сайрам балалар үйлерінен көрген-білгендерімді әдемілей әңгімеледім. Жігіттер таңғала, тамашалай тыңдады. Әңгіме аяғы күреспен тынды. Шалатын әдісім бар еді «Күресесің бе» деген соң, ұстаса кеткенде іштен шалып алып Жылқыбекті жерге алып ұрдым. Учком қызараңдап «қайта күресемін» деп еді, жанжал шығып кетер деп қауіптеніп, жолдастары жібермеді.

Жылқыбек өркөкіректеу, ожар жігіт көрінді, шәлкес мінезін жолдастары жақтырмайды екен. Оны жыққанымды жігіттер қол соғып қарсы алды және ол менің қайта күреспегенімді сылтау ғып жанжал шығарайын деп еді, оған жол бермеді. Мен сол келген кештен бастап «Учкомдар» тобына қосылдым, ал Жүкен мен бірінші есігін ашқан бөлменің бір бұрышынан орын алды, мен оған үнемі қарайласып, қамқорлық жасап тұрдым. Анда-санда аға кезекші болып қоймадан тамақ алғанда қап-қап ақ ұндардың, кеспек-кеспек сары майлардың, санымен-қолымен тұрған қой мен сиырлардың етін көрдім. Бірақ олар балаларға түгел тимейді екен. Балаларға ертеңгілік пен кешкілікте бір-екі ағаш қасықпен өлшеп қуырған бидаймен кейде шай, кейде қарасу, түске көбінше сұйық қаракөже беріледі. Әлсіз әрі жас балалар бидайды шайнап жей алмайды. Оның үстіне киімсіз балалар бір мезгіл далаға шығып бойын жазып, таза ауа жұтпайды, күн сәулесін көрмейді. Ал күндіз-түні бала жатқан бөлмелердің есік-терезелері ашылмайды. Тамағын сонда ішіп, көбісі астына отырып жатқан балалар бөлмесіне таза ауа кірмейді. Осыдан ашыққан ауру қосылып, қыста балалар көп қырылыпты, көктемде көп бала өлді. Содан соң балалар үйіне өзі қараңғы, әрі қараниет адам басшы қойылған, ол, сірә, өз тамағы тоқ және баласы жоқ адам болса керек, өзі көрінбейді, көрмейді, балаларды балаларға тапсырып қойған. Бір күні «құдай жарылқап» Жылқыбек мені асханаға бас кезекші етіп қойды. Өзі басы-қасында тұрып складтан аспаз бен маған ертеңгі асты таразыға тарттырып алып берді. Түнгі дайындалатын тамақтарды аспаз бен көмекшілеріне тапсырып, сары май, шикі етті жәшікке салдым да өзім жанына жаттым. Түнде балалар ұйықтаған кезде есік қағылды. Жылқыбек екен, аштым.

— Майдың жартысын, еттің жартысын салып бер, — деп алдыма бір ала қалта тастады. Ойымда ештеңе жоқ.

— Оның бәрін қайтесің… Ет керек болса, піскен соң кел! — дедім мен.

— Қайтетінімде сенің жұмысың болмасын, айтқанды істегенді ғана біл! — деді Жылқыбек әдетінше өзеуреп.

— Ендеше сенің де менде жұмысың болмасын, балалардың тамағын басқаларға тарата алмаймын, — дедім мен де қарысып.

Әрлі-берлі қоқан-лоққы жасап көріп еді, көнбедім.

— Жарайды, көрерміз. Бұдан былай асхананың маңайын көрсетпеспін, — деп учком тепсініп шығып кетті.

Кезекшілік өткізген күннің ертеңіне «екі кісі леген алып ауланы тазалайсыздар» деді. Әдетте мұндай жұмысты әлде неден «айыпты» болғандар атқаратын.

— Мен аула тазалайтын айыпты емеспін. Керек болса, өзің тазала! — деп бұрылып жүре бердім.

— Не дейсің? — деп жағамнан ала түсті.

— Жағамнан ұстама! — деп итеріп жібердім. Ол қол жұмсады, мен де қарап тұрмадым, төбелесіп қалдық. Келесі күні «тәрбиеші шақырады» дегенге келсем, директордың кеңсесінде орта бойлы, қоңқақ мұрынды, бадана көзді, шашын қайырған бір аққұба, қызыл шырайлы сұлу жігіт отыр, алдында — Жылқыбек. Жүрегім зу ете қалды, екеулеп ұрсады екен деп ойладым.

Алдымен Жылқыбек сөйледі.

— Тіл алмайды, бағынбайды, айтқанды істемейді… Беттен алады, жағаласады — деп мені жамандап жатыр. Бірақ бәрі дәлелсіз, жалпы сөз.

Мен болған уақиғаны айттым. Тәрбиеші менің сөзімді тыңдағаннан кейін Жылқыбекке қарап:

— Бұдан бұрынғы кезекшілер айтқаныңды бұлжытпай орындаушы ма еді? — деді.

— Орындағанда қандай! Екі айтқызбайтын, — деді Жылқыбек өзеуреп.

— Сонда күн сайын алған сонша май мен етті сен не қыласың?

— Күн сайын емес қой… және мен үшін емес қой! — деп Жылқыбек міңгірлеп, күмілжіп қалды.

Тәрбиеші ұрыспады, тіпті дауыс көтерген де жоқ. Екеуміздің көзімізге күлімсіреп кезек қарап отырды да маған:

— Сен учком сұрағанда емес, жұмсағанда тіл алмағаның жарамаған, — деді.

Жылқыбек тамағын кенеп бір көтеріліп қалды. Енді тәрбиеші оған қарап:

— Сенің қол жұмсауың дұрыс емес, — деді. — Екеуіңнің жанжалыңды балалардың жалпы жиналысында талқыларммыз.

Біз шығып кеттік. Мен «осы кісіні қайда көрдім» деген оймен кеттім. Бұл көктемнің аяғы, жаздың басы болатын. Өйткені күн жылынып, көк жетілген, осының алдында ғана балаларға жаздық киім берілген, Май мерекесі өткен. Балалар далаға — күнге шығатын болған, өлім тоқталған.

Осы уақиғаның артынша оқушылардың жалпы жиналысын шақырып, тәрбиеші ағай алдымен өзі сөйлеп, оқушылардың міндеттері мен праволарына тоқталды, балалар үйі туралы бір үкімет қаулысын оқып берді. Одан кейін Жылқыбек оқушылар комитетінің жұмысы туралы баяндама жасады. Ол алдымен тәртіп мәселесіне, содан соң «дұрыс атқара алмайтын кезекшілерге» тоқталды.

Жылқыбектен кейін Қияш шығып сөйледі, оқушылар комитетінің жұмысын сынады. Соның ішінде Жылқыбектің асханадан шықпайтынын, балалардың сыбағасына қиянат жасайтынын, ұнатпаған балаларды ұратынын әшкереледі. Сол сияқты бірнеше жігіт шығып сөйлеп, Жылқыбектің өрескел мінездерін қатал сынап, «қоғам мүддесін қорғады» деп мені жақтап сөйлеушілер де болды.

Жиналыс соңында оқушылар комитетінің жаңа құрамы, оның председателі болып Қияш Төлепов, орынбасарлығына мен сайландым.

Оқушылар тарағаннан кейін тәрбиеші Қияш екеумізді ертіп жүріп, жұмысты қалай жүргізуді айтты. Ең алдымен ішкі тәртіп пен тазалық мәселесін жақсартудың жолдарын айта келіп:

— Басты міндет — балалардың тиісті тамағын суық қолдан сақтау, дұрыс бөлінуін, түгел берілуін қадағалау, — деді ағай.

Содан былай өзі де балалар арасына жиі келіп қоймадан азық-түліктің дұрыс бөлінуін, асханадан тамақтың комнат бойынша қалай берілуін және әр балаға неден тиетінін байқап, бақылап жүрді.

Сөйтсем, бұл тәрбиеші өзімнің жақын ағайым Ібіжан Арынбеков екен, сыртымнан бақылап, бірақ өзінің маған жақындығы жа-

йында әдейі сездірмепті. Ол сондай алыс-жақынды бірдей көретін әділ, бала біткенді жақсы көретін бауырмал және адам жанын ұға білетін асыл азамат еді.

Сол уақытта ауданда бейтаныс бір-екі баланы атап жылап жүретін, жетім балалар үйін жылап, күніге екі-үш айналып кететін бір сымбатты әйелдің аянышты түрі көзімнен, зарлы даусы құлағымнан кетпейді. Сол кім деп кейін сарысулықтарды 1932 жылы Саудакентке бастап келіп орналастырушылардың бірі Әужан Мұстапаевтан сұрадым. Сонда ол кісі былай деді:

— Ол Таймастың Әнефиясының әйелі Жаңыл Шара қызы болатын. Өзі ақын, әнші еді, күйеуі өлгенде екі баламен жесір қалған: ұлының аты — Ақыл, қызының аты — Дариға. Төркінінен де ешкім қалмаған, қырылып кеткен. 1932 жылы көктемде ел Қаратауға қарай шұбырғанда екі баласын кезек-кезек арқалап тасымалдап екі-үш көш жерге шейін елге ілесіп жүрді де бір күні өзі де әлсіреп жұртта қалды. Екі күннен кейін өзі келді, балалары жоқ. «Торғай жаңбыр жауса, баласын қорғайды, бұршақ жауса, басын қорғайды» деген емес пе? Сөйтсек, өзі де өлесі болған соң екі баласын тірідей тастап кетуге көзі қимай, екеуін де құдыққа тастап жүріп кетіпті. Кейін ауысып кетті. Аудан басында сол жаманшылық жылдары балалардың аттарын атап бір-екі жылдай дауыстап жылап жүрді. Бетпақтың шөлі мен Үшкөкше құмда баласын тастап кеткендер бір ғана ол емес.

Бұл 1932–1933 жылдарғы қазақ халқы ұшыраған қасіреттің, нәубеттің бірер елестері ғана. Ол «жаманшылық жылдардағы» уақиға ондаған романға да сыймайды.

«Жұлдыз» журналы, 1989, № 6.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 180–218 бб.

Өтебай ҚАНАХИН

ӨЗ КӨЗІММЕН КӨРДІМ...

Мен қазір алпыстың бесеуіндемін. Ал енді сол бір тоғыз жасымда өзім және мен сияқтылар басынан кешкен, бүкіл елді есінен тандырып, халықты — қалың қазақты зар илеткен, атаны баладан,

баланы анадан, ініні ағадан, сіңліні ападан, ағайынды туыстан, жақынды бауырдан жаппай айырып, неше миллион адамды — жасы бар, кәрісі бар, ересегі бар, балғыны бар, ұлы бар, қызы бар, емшектегі баласы бар, жаңа талпынып аяғын қаз-қаз басқан сәбиі бар, өмірге көзін жаңа ғана ашқан бес-ондардағы бүлдіршіні бар — бәрі де тек қана қазақтар — Қазақстанда 1931–33 жылдары, яғни, үш жыл қатарынан болған жаппай ашаршылық, соның салдарынан қазақтардың батыста да, шығыста да, терістікте де, түстікте де топалаң тиген қойдан бетер қырылғаны, солардың қалың ортасында тоғыз жастағы өзімнің болғаным, сол көп кырғынның ішінде әлдеқалай тірі қалғаным есіме түсіп, жанды сурет боп елес бергенде, тұтас бір халықты жер бетінен құртып жіберудің азақ алдында қалған шексіз қасіретке душар етушілікті кімдерден көрерімді, кімдерден сұрарымды, кімдерге қарғыс, мың да бір лағнет айтарымды білмей зығырданым қайнап, ашынған ашудан қос жұдырығым бірдей өз-өзінен түйіліп, шемен боп қатқан кешірімсіз кектен (кымыран ірімейді, кек ширімейді) көзімнің алды бұлдырап, кей-кейде жынданып кете жаздаймын…

… «Жетім бала ерте есейеді» деген рас, білем: ұйықтап, ауыл аралап күнкөріс қылған менің сол кездегілерім күні кешегідей әлі жадымда, көз алдымда, ұмытылар, көмескіленер емес…

Күзге салым колхоздастыру науқаны біздің жақта да кызып бір берді дейсің. Дігерді сала, елдің апшысын қуыра құйындатып келіп, шаңдатып кететін, шетінен әкірең өкілдердің аузындағы ұраны: «Жаппай колхоз!» Олардың ауылдағы колшоқпары шолақ белсенділер: «Не колхозға кіресің, не көрге кіресің!» деп момын қазақты жаналқымға алды; жұртты, тоғытқа айдаған қойдан бетер тықсырып, колхозға күштеп, зорлап тықты. Өкіл: «Ортаға түспеген бір мал қалмасын!» деп қарапайым қазақтың апшысын қуырса, олардың жандайшап итаршылары — солақай белсенділер: «Белдеуде бұзау қалмасын!» деп ақикөзденіп, ауыл біткенді быкпырт тигендей кылды. («Өкіл келмейді, ылаң келеді», «Белсенді келді — береке кетті» деген нақыл сөздер ел арасында сол кезде пайда болды).

Сорлы елге кілең бір мінезі содыр, көкірегі көрсоқыр әкімдер мен өкілдер тап болып, оларға өз іштерінен аш бөрідей жалаңдаған жалған белсенділер қосылып, жұрт күзге қарай ашатұяқ атаулыдан ада болды; күштеп төрт түлік түгелдей ортаға салынды.

Сол кезде шыққан мына бір шумақ өлеңді мен осы күнге шейін ұмытқан жоқпын:

Сталин көсем, қайдасың?
Белсенді салды найзасын.
Соңғы лақты тартып ап,
Асырды-ау нәлет айласын?!

Қос санды қоса білмейтін, алты әріпті ажырата алмайтын, бұрындары күндерін көре алмай жүрген жатыпішер жалқаулар, қой баға алмайтын қотыраштар аяқ астынан өкіметтің елдегі тірегі — белсенді боп шыға келді. Әкімдер мен өкілдердің алдап арқадан қаққанына мәз болған өңкей желік, сауысқанша шықылықтаған олар халықтың жай-күйімен санасу дегенді білген емес, бар көксегендері — әкімдер мен өкілдердің көңілінен шығу; ал олар, әкімдер мен өкілдер болса — жоғарғы жақтағыларға қайткенде де жағыну, сөйтіп, үлкенірек мансапқа қолын жеткізу… Мұндайдардың пірі — «аспанда бір құдай, жерде бір құдай» атанған сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Ф. Голощекин…

Сол тұста не көп — шаруаға салатын салық көп: ет, жүн, май, тері-терсекті айтпағанда, сүйек салығы, мүйіз-тұқай салығы, тіпті ит терісінің салығына шейін (неге керек екенін бір құдайдың өзі білсін) болғаны әлі есімде. Әкімдер мен өкілдер: «Ет керек», «Жүн керек», «Май керек», «Сүт керек», «Астық керек», «Бәрін де орындау керек!» деп ұрандатқанды ғана білді. Жоспар біткенді асыра орындаймыз деп жанталасқан олардың және жергілікті белсенділердің аузындағы сөзі: «Жерден қаз, көктен сау — бәрін тап!» немесе «Қайдан тапсаң, одан тап: қаптыңтүбін қақ!». Зіркілдеген өкілдердің зорлап, қару асынған милициямен қорқытып кедейдің жалғыз сиырын етке тапсырттырғанын көзім көрді. Әлгі байғұстың: «Енді қатын-балам аштан өлетін болды ғой!» — деп еңірегенде етегі жасқа толды. Оған қарап жатқан өкіл мен милиция жоқ…

Кім көп, өкіл көп. Әсіресе, басында қара былғарыдан тігілген, маңдайына қызыл жұлдыз қадаған фуражкасы бар, үстінде жырық етек әскери көне шинель, бұтында қара бура сан әскери шалбар, шыжыған ыстықта аяғына ақ байпақ киген бір өкіл келді ауданнан. Келісімен ол қарапайым халықты бықпырт тигендей қылды.

Қымс етсе: «Жабам!», «Соттатам!», «Айдатам!», «Атам!», «Контра!», «Апартон!..» деп айқайды салып, халықтың басына әңгіртаяқ ойнатқанды ғана білді.

Ауданнан шыққан ақ байпақ,
Келген екен ел байқап,
«Жапкызам да аткызам!» —
Айтар сөзі бас шайқап, —

деген бір шумақ өлеңді біздің елдің қазақтары күні бүгінге шейін ұмытпаған.

«Ақ байпақ» келген бойдан ана салықты төлемедіңдер, мына салықты өтемедіңдер деп бір топ қара шаруаны мешітке апарып қамайды. Сыртынан құлыптап, кілтін қалтасына салады да, жайына кетеді. Содан ертеңгісін қамалған байғұстар мешітте түнеп шығуға мәжбүр болады. Келесі күні де ешкім бұларға есік ашпайды. Шөлден қаталағаны, қарындары қатты шұрқырағандары өз алдына, бұлар да өзекті жан болғасын, ұлылы-кішілі дәреттер қыштағаны бәрінен де жаман болады, жандарына қатты батады. Үшінші тәулікке қарағанда барып бірқора адамды мешітке қамап кеткені «ақ байпақтың» есіне түсіп, милиционерлерін жіберіп есікті ашқызады. Қанына қарайған жұрт «ақ байпақтың» өзі болғанда түтіп жібергілері келіп тұрса да, қару асынған милициядан қаймығып, корқады да, іштерінен тынып, үн-түнсіз үйлеріне тарасады. «Ол кездегі «ақ байпақтың» қаһарынан қаратас балқуға бар еді…» — дейді қазір көзі тірі қариялар.

Күні бүгінге шейін біздің жақта нағашылы-жиенді немесе құрдастар қалжыңдаса қалса: «Сенің әкең мешітке с…» немесе «Сенің атаң мешітке т…», «Ал сенің әне бір ағаң ше? Ол осы екеуін де істеген…» деп бірін-бірі мінеп-шенеп, қалжыңдап қағытқанды қоймай келеді.

Ортаға салынған мал күн санап құлдырай бастады: етке тапсыру, қызыл керуен жөнелту, қасапқа өткізу, шетелдердегі ашыққандар мен тарыққандарға жәрдем көрсету, ит-құс әкетті, өлді-жітті т. т. себеп-сылтаулармен қысқа қарай колхозда аша тұяқ атаулыдан ада бола бастады. Жұрттың колында тігерге тұяқ қалған жоқ, екібастан. Сол тұстары елге шыққан уәкілдер: «Өкімет сендерді аштан өлтірмейді, қыс бойы предпәміш беріп асырап шығады», — деп көпті алдарқатқан болды. Қарапайым қараңғы халық та бір — алдағанға

көне салатын есі кірмеген бала да бір емес пе: кедей-шаруа соған кәдімгідей сеніп, жалданып, көңілдері өсіп қалды.

Қыс түсіп, қар бірер жауғаннан кейін жұрт аштан қырылып бара жатқан соң, колдарындағы тығып ұстаған бірлі-жарым қарасын жасырын түрде жаппай союға кірісті. Қолы жеткендері ортадағыға да ауызды салып бақты. Өкілдердің бәрі жарылқаймыз деп кеткен продпомощтың қарасы көрінбей-ақ қойды. Қыс ортасына таман жаппай ашыққан халық тері, көн, тулақ жей бастады. Олары қаншаға жетсін, ғасырлар бойы малмен ғана күнелтіп келген, колынан малы шықса жаны қоса шығатын қалың қазақ қыстың бел ортасында аштықтан ісіп-кеуіп жаппай кырыла бастады. Аштық ел ішін обадай жайлады: күнелтіс-талғауыт таппай әр төбенің бауырында аштан өліп сұлап жатқан қисапсыз халық — әйел-еркек, кемпір-шал, бала-шаға аралас… Кедейдің қашан да күні қараң: ен алдымен, солар, солардан от басындағылар аштықтан жаппай қырылды (қайғы-қасіретке толы сол бір тұста қаншама қазақтың сүйегі итжемеде көмусіз қалмады дейсің).

Ел тұнығы шайқалып, басына айықпас қара бұлт төніп, қазақ алмағайып аса бір ауыр кезеңге тап болды. Бүкіл халықты есінен тандырған зұлмат — қай жер, қай халық, қай ел болмасын, ең басты байлығы — адамдарын қынадай қырған жаппай ашаршылық атты тажалмен тең нәубет төнді ел басына: әсіресе соры әбден қайнаған қара шаруа шыға алмастай тығырыққа біржола тірелді. Запыран жұтқан аш халықтың — қарапайым шаруа қазақтың сол тұста зарын тындар ешкім, тірі жан табылмай-ақ қойды.

Барар жер, басар тауы жоқ: осы елге ең жақын қаласымақ — аудан орталығының өзі бұл өлкеден 160 шақырым қашықтықта жатыр; аудан орталығынан темір жолға шейін 170 километр. Түстіктегі Арал қаласына жету үшін де 200 шақырымдай жол жүру керек. Қатыгез әкімдер, әумесер өкілдер мен безбүйрек белсенділерден әбден ығыр болған бір тайпа ел, аштан өлгені өліп, бірлі-жарым тірі қалғаны тоз-тоз болып бет-бетіне босып кетті. Жол біткеннің бәрі аштыққа ұшырап, шұбырған аш-арық (сол жылдары Ырғыз өлкесінде бір семьяны аштықтан алып қалу қалың жаудың бетін қайтарғанмен бірдей болды). Далбасамен темір жол басындағы Шалқарға не Аралға жетіп жығылмақ боп жаяулап-жалпылап, кішкентай сәбилерін арқалап, жүруге жарайтын балаларын қолдарынан жетектеп босып бара жатқан бұларды ұстау, қамау, ай-

дау, атуды ғана білген қыр да жой милиция арттарынан қуып жетіп: «Колхоздан қашып бара жатқан жаусындар!» — деп бораған оқтың астына алып, қан жоса етіп қырып салады. Сол бір қанды қырғыннан кездейсоқ тірі қалған, колға түскеннен кейін айдалып барып елге аман оралған бірлі-жарым көзі тірі қариялар сондағы зұлымдықтар мен жауыздықтарды еңкілдеп жылап отырып айтқанда, адамның жаны түршігеді.

Осының алдындағы бір есімде қалғаны: 1931 жылы ашаршылық, әсіресе, Торғай, Қостанай жағында қатты болды. Қыстың көзі қырауда жаяулап-жалпылап босқан ол жақтың адамдары — кілең қазақтар: «Өзіміз өлсек те, балаларымыз аман қалсын», — деп ұл-қыздарын көрінген үйге тастап кетіп жатты. Перзентін жанынан артық көретін қазақтың мұндайға баруы, бейтаныс қаймана біреулерге бауыр еті баласын көзі қиып, сұраусыз тастап кетуі — шыға алмастай тығырыққа мықтап тірелгенде, алдан үміт әбден үзілгенде ғана болатын пұшаймандық, шарасыздық.

Ол жылы біздің елдің тоғы әлі онша көп шайқала қойған жоқтын. Бұлардың сор кепешін келер жылы, яғни, қорқытып-үркітудің, қарудың күшімен жаппай колхоз болып, төрт түлікті түгелдей ортаға өткізген соң, 1932 жылы кидік, аузын арандай ашқан ашаршылық бізге де жетті, шалғысын сүйретіп.

… Етек-жеңім ырым-жырым мен, жетім күшікке ұқсап, түртінектеп, быламығы, аталасы бар үйдің (ет, май, көже, сөк, нан, сүзбе, құрт, ірімшік, жент дегендер көзден бір-бір ұшқан) босағасынан шықпаймын мөлиіп. Бірер қасық бірдеңе бергенше, үйдің адамдарына көзімді сатып пештің түбінде тіленіп кылқиып отырып аламын (аштық ұятты білген бе?). Сосын көне киіз, көр-жер жатқан пештің есік жақтағы қуысына барып түнеп шығамын. Дірдек қағып бүрсеңдеген күйім осылайша ауыл кеземін, түтін аңдимын. Күн санап ондай үйлер де азая бастады. Бір күн, кейде қатарынан екі күн бойы дым сызбайтын ауыр жағдайға да душар болып жүрдім. Ақырында шер көкірек қу жетімдік әбден титықтатып, аштан әлім бітіп, көзім қарауытып, есім бірде кірсе, бірде кірмей, тек кірпігім ғана қимылдап, бас сауғалап басқа бір жаққа көшіп кеткен үйдің тастанды күшігіне ұқсап, құрым киізінің ортасында кірпігім ғана қимылдап, шала-жансар жатқан жерімнен ересек біреулердің тауып алып, сыртта тұрған шанаға апарып салғанын, үстіме киіз жауып тастағанын еміс-еміс білем…

Беріректе барып мұның анығына жеттім: әлгілер аштықтан жаппай қырылып жатқан қазақ ауылдарына шығып, ең болмаса, халықтың болашағын — тірі қалған балаларын аман алып қалу үшін қыстау-қыстауды аралап жүріп, шанаға тиеп панасыздар үйіне тасуға, орналастыруға аттанған комсомол жасақтары екен.

Жолда бір жерге тоқтап, бірер ұрттам ыстық ас бергенде барып есімді жидым. Біраздан соң қайтадан жолға шықтық. Нәр татып, аздап әл шақырған соң бізді алып келе жатқан екі жігіттің өзара әңгімесіне құлақ қойдым. Сонда халықтың қазіргі мүшкіл халін, қазақтардың аштықтан шыбыннан бетер жаппай қырылып жатқанын егіле айтқанда, біреуінің еңкілдеп тұрып жылап жібергені әлі күнге дейін көз алдымда.

… Бір кыстаудың есігін қар басып қалғанын көріп, біреуі күртікті күрекпен аршып үйге кіреді. Ортасын нар пешпен бөлген кең зілмәңкенің әр бұрышында, қазандықтың алдында, естиярлау бірнешеуі есіктің алдында аштан өліп жатқан балаларды көреді: бәрі де қылқан кескендей, санағанда он бір болып шығады. Есік қарға кептеліп тұрғандықтан, жаңағы он бір баланың бірде-біреуі сыртқа шыға алмай, аштан бұралып жатқан-жатқан жерінде жан тапсырады. Ертерек өліп қалған бұлардың әкесі мен шешесінің сүйегі де сол жерден табылады.

Осының бәрін егіле отырып, делбе ұстаған серігіне айтқанда, әлгі екі жігіттің екеуі де еңіреп тұрып жылап жіберді; біразға дейін иіндері селкілдеп, көздерін жендерімен алма-кезек сүрте берді. Аққұбаша келген, сұңғақ бойлысы: «Бұл не сұмдық? Не боп бара-ды?! Мұны қалай түсінуге болады!?» — деп, күңірене күрсінгенде көкірегі қарс айырылғандай болды. Тағы бір байқағаным, қалқанды шанадағы нән киіздің астында (біреудің туырлығы болуы керек) менен басқа да біраз бала жатқанға ұқсайды; кеуделерінде жаны болғанымен, көбісі бастарын көтере алмай, әлсіз ғана аянышты ыңырсиды. Бізді қалаға әкелгенше, шанадағы тоғыз баладан бесеуміз-ақ қалдық: аштық өтіп кеткен төртеуі панасыз балалар үйіне жете алмай, жарты жолда мәңгілікке көз жұмды…

Басқа жерде қандай болғанын білмеймін, бәрімізді орналастырған Ырғыздағы (Ақтөбе облысы) панасыз балалар үйі де бізді өгей қабақпен қарсы алды: төсек-орын атымен жоқ, еденге жайған киіздің үстіне жатамыз және сондай бір киізді жамыламыз. Көпшік дегенді білмейміз. Былай да өлермен болып жет-

кен — бастары қауғадай, шеке тамырлары білемдей, мойындары ырғайдай, қарындары қабақтай, қабырғалары ырсиған, қол-аяғы шидей шілбиген аш-арық балаларды өріп жүрген қандала жабыла шаққанда кейде түн бойы көз ілмей шығамыз. Биттеп-құрттауымыз шегіне жеткен. Шашы едірейіп өсіп кеткен, ауру-сырқаулау алты-жетідегі бір баланы құжынаған, шашының әр талының түбінде дерлік бірі кіріп, бірі шығып өріп жүрген бит жеп өлтіргенін өз көзіммен көрдім.

Балалар үйіне деп әкеле жатқан ұнға жолда аш кірешілер тұз қосып, соның салмағындай ұнды ұрлайды. Сор татыған нан жеп, тұзы удай ащы быламық ішкеннен кейін біздің ішіміз өтіп, шетімізден ісіп-кебе бастадық; өлім-жітім де аз болған жоқ…

… Қыстың ұзақ түніне аш-арық баланың қуығы қалай шыдасын: таң алдында түзге шықтым. Дәретхана деп оның қасында сонан аумайтын, жазда үй ақтау үшін әк сақтаған жұқа тақтай-қойманың есігін ашып қалғанымда, отынға жаққалы дайындаған сексеуілге ұқсатып, төбеге жеткізе қалап қойған өзім құралпы, кейбірі менен де кішкентай балалардың тырдай жалаңаш өлі денелерін көргенде, зәрем ұшқаны сонша, табанда құлап қалыппын. Арғы жағында не болғанын білмеймін. Есі-құсым жоқ, талып жатқан жерімнен біреулер көтеріп ішке кіргізсе керек…

Қардың үстінде ұзағырақ жатып қалың суық тигізіп алдым білем, содан мен ауырдым. Ауруханаға түстім. Бір кереуетте аяқтасып, екі-екіден төрт бала жатамыз. Бөлменің іші азынап тұр. Сырт киімімізді шешу дегенді білмейміз: бас, аяқ киіміміз де сондай.

Менің бағыма, Қаракөлде бізді оқытқан мұғалім сол панасыз балалар үйінде тәрбиеші болып істейді екен. Ол кісі сонда сабақтан соң мені алып қалатын. Оңаша отырып маған талай қиссаларды айтқызып, өзі сүйсіне тыңдаушы еді. Ағай мені бірден танып: «Жырау бала, бар екенсің ғой!» — деп мүсіркей арқамнан қақты. — Аштан өліп қалмай, тірі жетіпсің. Бағың ашылар!

Аяқ астынан қамқоршы табылды. Бірақ ол кісіні көп ұзамай мектепке ауыстырды. Кетер алдында әлгі ағайдың мені әдейі іздеп келмесі бар ма. Қолымнан жетелеп қоймаға ертіп барды да, үстімдегі бит өріп жүрген шоқпытымды тастатып, үр жаңа көйлек-ыштан, жейде, шалбар, шолақ пальто, құлақшын, байпақ, қолғапқа шейін алып берді.

Ауруханада жатқанда осы киімдерім, әсіресе, байпағым, пальтом, құлақшыным, қолғабым жанымды алып қалды. Нендей дерт екенін білмеймін, жаңа ғана сүт ішіп, нан жеп отырған бала, оқыс қисая кетіп, қылғына кырылдайды да, көзі ақшандап жүріп кете береді. Менімен бір кереуетте жатқан бес бала осылайша қайтыс болды. Ересек адам былай тұрсын, кішкентай баланың да көре берсе, өлімге, өлікке де еті үйреніп кетеді білем: қасымдағы балалар бірінен соң бірі өліп жатса да, мен онша көп үрейленбеген болсам керек. Сосын өткен соғыста да солай болды: өлердей қалжырап, бір жағынан ұйқы қысып, қараңғы түнде қалың қарды кеулеп жата кеткенде, томар екен деп басыңа жастанғаның ертеңіне біреудің қатып қалған өлігі болып шығады…

Жазғытұрым ауруханадан шығатын болдым. Киімімді беріп жатқан орта жастағы бір қазақ әйелінің көзінде жас тұрды. «Апай, неге жылайсыз?» — дедім. Сонда ол кісі көз жасы арасынан: «Мен осы палатаға (патша заманында солдаттарға арнап салған нән бөлмелер ғой) нәңкі (нянька) боп келген төрт айдың ішінде мұнда түскен елу жеті баладан әне бір-екеуің-ақ тірі кетіп бара жатырсыңдар… Өмірлерін ұзақ болады екен», — деп өксігін баса алмай. Менімен бірге жазылып шыққан әлгі бала зіңгіттей жігіт болып өсіп-ақ еді, бірақ өткендегі қанды қырғын соғыстан кдйтпады, сүйегі Германия жерінде біржола қалған көрінеді…

Емшектен шыққаннан кейін тал бойыңа нәр, күш-куат, жас ағзанын өсіп жетілуіне күнбе-күн керек құдіреттің бәрін беретін ағарған: сүт, айран, қатық, сары май, жас ет, жуабас салып, құрт езген жас сорпа, жаңа сойылған малдың қара қуырдағы, майы тамған шұжық; сүзбе қатқан тары немесе бидай көже, қасық тік тұратын қою ботқа; тілді үйірген ірімшік, құрт, сарысу, жент; су сұрасаң езіп бере қоятын артылған айранның мәйегі — ақ сүзбе, ашыған көже, ақтаған тары, сүт татыған сөк — бәрі-бәрі көзден бір-бір ұшып, бірден былжыраған қара нан, қатықсыз дерлік қара быламық, сүтсіз қара шайға ғана қарап қалған, мұнда әбден әлсіреп жеткен кілең ғана кылқандай қазақ балаларына неше түрлі аурулар жабысып, жетім балалар үйіне аман жеткендеріміз де қынадай қырыла бастадық…

Аштық, ауру титықтатқан мен жазға салым құрғұлақ болып тағы да ауырдым. Тісімнің қызыл еті талаурай ісіп, аузымды дұрыстап жабудан қалдым. Сөйлегенде күрек тістерім әрлі-берлі қозға-

лып тұрады; азу тісіме бірдеңе басу мүмкін емес, қан қақсайды. Өлген екенмін дедім. Менен төрт-бес жас үлкендігі бар бізбен аталас, ауылда қой-қозы мен ешкі-лақты бірге бағысқан ересектеу бір бала (әттең, атын ұмыттым) даладан жуа теріп әкеп беріп, жанымды аман алып қалды. Бірдеңені талмаудың өзі күш болып жатқан маған ол әдепкіде көк жуаны өзі шайнап аузыма салуға дейін барды. Мен сол күйі жұтқанды ғана білем. Сөйтіп, әлгі мың жасағыр жақыным, күнде құм арасынан жуа теріп әкеліп беріп, бетімді бері қаратты.

Жаз шыға енді оларға өзім де ілесетін, еретін болдым. Сонда қаланың түскей жақ шетіндегі «Итмола» деп аталатын тұстағы бұрын кірпіш басу үшін балшық алған әлденеше нән апандардың ішінде үйген тезекке ұқсап, кішкентай балалардын кос жұдырықтай ғана бас сүйегінің үйіліп жатқанын көрдім…

Бақсам, кыстыгүні өлген панасыз балалар үйіндегілерді, тоң боп қатып қалған жерді қазып көме алмай, апандағы қалың қардың астына тастай берген, тастай берген…

Өзім аяғыма жалынып қалаға алғаш шыққандағы көргендерім: ана көшеде аштан өліп жатқан шал, мына бұрышта аштан бұралып аянышты ыңырсыған өлім аузындағы кемпір, келесі бір қайырылыста терісі сүйегіне жабысқан кішкентай баласын алдына алып қайыр сұрап отырған әйел… Жуа тере барғанда құмның етегіндегі құдықтын басында аштан өліп қалған арыстай бір дәу жігітті өз көзіммен көрдім…

Жаз бойы жуа, сарымсақ, көсік теруге шығып, құмның ішін шарлап жүргенде, біз кез-келген жерде, әсіресе, темір жолы бар қалаға Шалқарға апаратын үлкен жолдың екі қапталында да қалай болса солай, шашылып жатқан ересек адамдар мен жас балалардың қаңқаларын, курап қалған сүйегін сондай көп ұшыраттық…

Есіме түссе күні бүгінге шейін жанымды түршіктіретен бір сұмдық көрініске сол құм арасында тап болдым: сақал-мұрты өсіп кеткен бір орта жастағы кісі, екі қолын алдына созып жіберіп, етпетінен түсіп өліп жатыр екен. Біраз жер еңбектепті. «Неге бүйтті екен?» деп мен ілгеріге көз жіберіп едім, анадай жерде қақпанға түскен балпақ тышқанды көрдім. Ол да өліп қалыпты. Қақпанға артқы аяғынан ілініп, ол жан тәсіліммен біраз жерге шейін қашқанға ұқсайды. Мына сорлы, аштық титықтатқаны сонша, сол тышқанға жетуге әлі болмай жан тапсырған…

Және бір есімде қалғаны, анық білетінім: балалар үйі орналасқан қалада тұратын Грошев дейтін көпес көзі қарауытып, аштан бұралып қорасына кірген қазақ жігітін табанда атып тастайды. Жазықсыз жанды неге өлтірдің деп сұрап жатқан ешкім болмайды… Бақшама түсті деп бір жақтан айдалып келген Нұри деген түрік тағы бір аш қазақты атып тастайды. Ол да жауапқа тартылған жоқ. Сонда аш қазақ та бір, бұралқы ит те бір болған ол кезде.

Сол кезде біздің аудан «Мемлекетке ет тапсыру жоспарын 125 процент орындады!» деп жергілікті ғана емес, облыстық, тіпті астаналық газеттердің өзі қазақ және орыс тілінде, екі езуі бірдей көпіре, шулап жатыпты… Сол бір халық басына түскен сұмдық трагедиядан — қазақ даласында коллективтендіру саясатын теріс жүргізудің салдарынан болған жаппай аштықтан кездейсок тірі қалып, бауырымды көтере бергенде армияға алынып, сұрапыл соғыстын қанды қырғынынан да аман-есен елге қайтып оралған мен университеттің соңғы курсында оқып жүріп, диплом жұмысын жазбақ боп көне басылымдарды қарағанда, ақтарғанда барып мұның үстінен түстім…

Жоғарыда жазғандарым менің — тоғыз жасар жетімектің — сол жылдары өз басынан кешкендері, өз көзімен көрген сұмдықтары, сонша жылдардан кейін есімде қалғандары ғана… Сол кездегі біздің ауыл сияқты қазақтың мыңдаған ауылдарында, жүздеген аудандары мен ондаған облыстарында не болып, не қойғанын бір құдайдан басқа ешкім білмейді, ешқандай із, мағлұмат, дерек қалмаған, сақталмаған. Бәрі де беймәлім.

Адам жаны төзгісіз, естіген құлақ тұнарлық, көрген көз соқыр боп қаларлық, езіліп-егілмей, көзіне жас алмай айту, әсіресе, қағазға түсіру әсте мүмкін емес мұндай сорақылықтар мен оспадарсыздықтардың, жалаң өктемдік пен асыра сілтеушіліктің, адамды ит құрлы көрмеудің, заң атаулыны аяққа басып, ар-ождан, адамның жеке басын құрметтеу, әділдік, шындық, жанашырлық, мейірім-қайырым, қамкорлық атаулының бәрін көзіне ілмеудің, бәріне де пысқырып та қарамаудың зардабынан сол бір бүкіл халықтың маңдайына сор боп жабысқан, қазақ атаулы жер бетінен біржола құрып, аты өшудің аз-ақ алдында қалған үш жылдың — 1931, 1932, 1933 жылдардың ішінде жаппай аштықтан (бұ дүниеде не жаман — ашаршылық жаман) қаншама қазақтың кырылғанын, әсіресе, халықтың болашағы — қан-

шама жас сәбидің, балалардың жарық дүниеге келіп, көздерін ашар-ашпастан аштан бұралып, мың-миллиондап сондай бір аянышты жағдайда жан тапсырғанын солардың жалпы санын қандай құдірет күштің де есебінен жаңылмай түгел санап шығуы екіталай… Ал ресми статистика бұл жөнінде жұмған аузын ашқан емес, тірі де ашар ма?! Соншама ғұмырдың ешбір сұраусыз кетуін, жоқтаушысының табылмауын қалай деп түсінуге болады?! Бұл не өзі сонда?!

Сол бір зымыстан кезеңді бастан кешіп, небір сұмдықтарын көзбен көріп кездейсоқ тірі қалған мен соның бәріне қазіргі азаматтың көзімен қарап, бүгінгі күн биігінен бағалар болсам, сол бір жаппай ашаршылықтың қолдан, қасақана ұйымдастырылғанына көзім анық жеткенін ашып айтар едім. Соңғы кездері баспасөз бетінде жарық көрген деректі материалдарда келтірілген нақты фақтілер сол тұста Қазақстанда астық қоржыны, азық-түліктің жетерліктей болғанын көрсетеді. Жаппай ашаршылықтың болуына ең басты себеп, қазақ еңбекшілері арасында коллективтендіру саясаты мүлде теріс жүргізілген, осы халықтың ғасырлар бойғы күнкөрісі, негізгі кәсібі, тұрмыс-тірлік ерекшелігі еш жерде ескерілмеген, ешкімнің ескергісі келмеген. Әйтпесе, атам заманнан бері қалыптасқан қалың қазақтың өмір сүру тәсіліне, тіршілік ету кәсібіне — мал ұстауға, төрт түлік өсіруге қатты тыйым салынып, отырықшы болып жермен айналысу керек деген ұран тасталып, әсіреқызыл саясат жүргізілмеген болар еді ғой (1932 жылы республикадағы қазақ шаруаларының 80 процентінде мал қалмаған).

Сол кездегі Мәскеуде отырған ВКП (б) Орталық Комитетінің бас секретарынан бастап Алматыдағы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретарының да қазақ халқына деген көзқарастары оң болмағаны анық.

Голощекин Балқаш қаласы көшелерінде аштан өліп жатқан қазақтарды көргенде: «Колхоздан қашқан қазақтың тірісінен өлісі жақсы», — деп үстінен аттап өткенін де күні бүгінге дейін ел-жұрт ұмытқан жоқ…

Қаламды көсеуден айыра алмайтын, қолын да жөндеп қоя білмейтін хас надан, пасық та тасыр, зорлықшыл да безбүйрек әкімдер, өкілдер мен белсенділерге шексіз билік беріліп, халықтын тағдырын, елдің тізгінін солардың қолына ұстату да апатқа тен оспадарсыздық еді. Солардың — мәңгүрт әкімдердің, миғұла

өкілдердің, сарық қойдың құйрығындай шолтандаған ақымақ белсенділердің қазақ ауылын советтендіру, әсіресе, коллективтендіру тұсындағы шектен шыққан озбырлығы мен зұлымдығы бірер жылдың ішінде елді аздырып-тоздырып тынды; халықты аштан қырды…

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» атты атышулы саяси науқанның «екпіні мен текпініне» шыдай алмаған (төзу мүмкін емес еді ғой) қаншама қазақ алтын бесік — атамекенін тастап, беті ауған жаққа: ана шеті Орталық Россия, Украина, Зақавказье, Орынбор, Челябі, Сарытау, Омбы, Новосибирь, Қиыр Шығыс; мына шеті Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан аспады… Ол аз болғандай, қаншасы «балапан — басына, тұрымтай — тұсына» деп бас сауғалап, жан сақтау үшін Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, Сирия, Түркия т. б. елдерге ауып кетпеді…

Халқымыздың тарихында бұрын-соңды кездеспеген, ешқашан басына түсіп көрмеген 1931–33 жылдардағы ауыр зұлматтың салдарынан әр үш қазақтың біреуі туған жерін, өсіп-өнген елін тастап, шет жерлерге, жат елдерге кетуге мәжбүр болды…

Негізінен, халқымыздың қаймағы зиялылардың көзін құртқан 1936–38 жылдың қасіреті тағы бар… 1941–45 жылдардағы қырғын соғыста да аз кырылмасақ керек… Аяғы елуінші жылдың басынан, Сталин өлгенге, яғни, 1953 жылға дейін созылды, біртоластамады.

1931–33 жылдары Қазақстанның түкпір-түкпірін түгел жайлаған, жергілікті халықты жаппай ашаршылыққа ұшыратқан нәубет ХХ ғасырдағы аса ірі апаттардың бірі болғанын ашық айтуға тиіспіз. Бұл жолғы аштан қырылған қазақтардың саны «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» трагедиясынан екі есе, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тура және жанама шығындардан алты есе асып түседі…

… Аранын ашқан аштыққа ұшыраған 670 шаңырағы бар бір тайпа ел, қырылғаны қырылып, азын-аулақ тірі қалғандары жан-жаққа босып кеткендіктен сол өлке — менің атамекенім — революцияға дейін дербес болыс болған (әр болыста кем дегенде 500 шаңырақ болуы шарт) 1957 жылға дейін, яғни ширек ғасыр бойы қаңырап бос жатты, адыра қалған өлке, түл мекенге айналды. Аңырап адамдар кетті, қаңырап дала қалды…

Сол жылдарда жаппай ашаршылықтың зардабынан Ырғыз ауданынын адамдарының оннан бірі, малының жүзден бірінің

ғана қалғанын мен бұрын да білгенмен, бұл қасірет туралы ашық айтуға, қорықпай жазуға кешелері ғана қолымыз жеткен қайта құру, жариялылық, демократия тұсында толық мүмкіндік туды.

… Бір шаңырақтың астындағы үлкенді-кішілі он екі жаннан сол жылдарғы жаппай аштық, қырылудан аман қалғаны, әзірге жер басып жүргені — жалғыз менмін.

«Нәубет» кітабынан. — Алматы: «Жалын», 1990.

МҮСРЕПОВТІҢ ЖАН ДАУЫСЫ…

(В. Михайловтың «Ғаламат жұт шежіресі» кітабынан үзінді)

…«Ер кісілер ізбен жүріп отырып киіз үйге қарай беттедік. Есікті аштық. Күтпеген жерден қаңырап бос тұрған киіз үйдің ішінен адамның жүрегін шымыр еткізетін жіңішке ысқырық естілді. Бәріміздің денеміз мұздап кетті. Әлде иттің ырылы ма дерсің, әлде мысықтың ызаланып айбын көрсетуіне ұқсас па, бір дыбыс шығады. Жаман шошаланың саңылауынан кішкентай адамға ұқсас бір сұлбе адамдарға тұра ұмтылды. Үсті басы қанға боялған. Ұзын шаштары қанға бітіп мұз қырау сияқты түйдектелген, қап-қара екі аяғы сидиған, қара қарғаның мүйіз аяқтарына ұқсайды. Екі көзі есі жоқ бейнені танытады, екі беті қанға боялған, ернінен жас қанның ағып тұрған ізі көрінеді. Ақсиған тістері жыртқышқа ұқсатады, аузында көбікті қан. Зәре-құты қалмаған төртеуі де бір сәт мелшиіп тұрып қалады да, алды артына карамай қаша жөнеледі. Артына бұрылған кезде жаңағы жәндік ғайып болып кетіпті.

— Бұл не? — деп ентігін басқан Ғабит қасындағы серіктеріне карайды. Бәрінде де үн жоқ. Көпке дейін ешқайсысы да бір ауыз сөз айтпаған. Кейін Қостанайға келген соң жаңағылардың бірі:

— Сендер жаңағыны Жын, әлде Пері деп отырсыңдар ма?! Жоқ, жын емес. Мен анық көрдім, айқын көрдім! Ол — адам. Кішкентай бала, Қазақтың қызы, 7–8 жастағы…

— Жоқ! Жоқ! — Мүсрепов айқайлап жіберді. Ғабиттің ашу кернеген әлсіз дауысы ұлы адамға тән, бірақ шарасыздыққа толы еді. — Бұл Ашаршылық! Ашаршылықтың көзі! Қарғыс атқан Ашаршылықтың бейнесі…»

Әлжаппар ӘБІШЕВ

«… Менің әкемнің аты Әбіш, оның әкесі Жұматай, ал оның әкесі Жолдыбай. Сол Жолдыбайдың ұрпағынан 1931 жылы 94 жан едік, 1933 жылы жеті-ақ адам қалдық. Мен ертерек Қарағандыға қоныс аудардым. Бір жамандық боларын сездім. Қарқаралыдан шешемді, әйелімді, інілерімді алдырдым. Бесеуміз сонда, тағы екі адам мен туған ауылда — әзер тірі қалды.

Қарағандыда тұрған кезімізде қасымызда барақ болатын. Онда тұратындардың ішінде менімен бір ауысымда істейтін жұмысшы үш жігіт болды. Сол жылғы болған қыстағы 40 градусты аязды күндердің бірінде сол жігіттер түнгі ауысымға шықпай қалды. Десятнигіміз Харон деген неміс еді. Таңертең жұмыстан үйге қайтып келе жатып жаңағы жігіттердің косына соғып кетейік деп бұрылдық. Екі күн бойы ұйытқып соққан боран, қостың алдын қарға батырыпты. Қарды етігімізбен тазалап үйге кірдік. Сөнген ошақтың қасында өлген әйел жатыр, 6–7 айлық нәрестенің аузы әйелдің емшегінде, емшекті сорады, бірақ ештеңе шықпайды. Баланың шырылдаған дауысы құлақты жарады. Харон бірден түсіне қойды, әйелдің көзін жұмып, баланы тонға орап үйден тез шығып кетті…»

«Айтпай кетті demeңдер…» ғұмырнамалық кітабынан.

Зейтін АҚЫШЕВ

(«Зауал» кітабынан):

1934 жылдың мамыр айында Павлодар облысының Май ауданы, Аққұдық деген жеріне 120 пұт егістік тұқым апардық. Ауылға кірдік. Жан жоқ, адам түгіл еш жәндіктің қыбыры жоқ. Ауыл шетіндегі бір үйге кірдік. Еш жанның белгісі білінбейді. Ішке кірдік, бөлме бұрышында бір шымылдық керілген екен, жас жұбайларға арналған болар. Шымылдықты түртіп қалып едім, матасы іріп тұр екен, жұлым болды. Ар жағында екі адамның қаңқасы, бірінің қара шашы ұзын, екіншісінікі қысқа, жас жігіт пен әйел екені, жас жұбайлар екені байқалып тұр. Өлімді құшақтасып қарсы алыпты. Осы көрініс өмір бойы есімнен кетпейді…

Әнуар ӘЛІМЖАНОВ

ӘКЕМНЕН ЕСТІГЕНДЕРІМ

… Біздің ауыл Төрегелді деген байдың атымен аталған екен. Байдың таудан бастау алатын бұлақ пен өзендері бар екі жайылымы болған. Төрегелді Құлжаға көшіп кеткеннен кейін ауылдың атын «Үш қайың» деп, отырықшылдандыру басталған кезде «Қарлығаш» деп өзгертіпті. Алғашқы қарлығаш — бірінші колхоз дегені болса керек. Колхоздардың қалай ұйымдастырылғаны жайлы әкем әңгіме еткен емес. Ол жайлы әңгіме басталса түнеріп үндемей қалатын. «Қанша мал, қанша жан қырылды…»

— Олар не ғып қырылды? — деп сұраймын.

— Сен білмей-ақ қой! — деп кесіп тастайды. Қужақ қазақтарды түгел құртуды ойлаған. Ол колллективтендірмекші болды. Әлі күнге дейін тірі деседі, әлі тірі! Құдай жоқ, әділет жоқ деген осы да!.. Әкемнің мұндай ашулы кезін бұрын көрмеппін. — Голощекин атаман Анненковтан да, бұрынғы патша жазалаушыларынан да залымдығы мен зұлымдығы асқан жауыз болды. Голощекиннің қанішерлігіне тең келер адам болған емес. Қазақты сегіз жыл басқарған кезінде аштықтан кырылған, атылған қазақтың саны оншақты жылға созылған жоңғар басқыншылығындағы «Ақтабан шұбырындыдан да» сұмдық болды, — дейтін. — Жонғарлар соғыспен келді, олармен соғысуға, жерімізден қууға болатын еді. Халқымыз оларды соғысып қуды емес пе. Ал мынау Қужақ — өлім әкелген Әзірейіл болды. Тілі балдай тәтті, жұмсақ. Елді басқарған кезінде астанадан өте сирек шығатын. Қабинетінде отырып басқарып, елге нұсқаулары мен жендеттерін жіберіп отырды. Барлық, халықтың көсемі Сталиннің атынан тапсырма беріп отырды…

Осындай сәттерде әкемнің ой түбіне жете алмай, бірнәрсенің шешімін таба алмаған жағдайын көргендей болатын едім. Осы әңгімелерді маған айтқан сайын, маған әкем сол кезде болған сол сұмдық оқиғалардың себебін енді тапқан сияқты болып көрінетін.

— Қаншама астық отқа өртелді, шіріді, тасып кетті?! Қанша мал қырылды!.. Малды қойшы? Жандар ше, адамдар қасірет шекті?! Өліктер шұңқырларда шіріді. Аш адамдар жол жағалап, жемтік жеді…

Тамтық қалдырмай тартып алды, соңғы лағын, бір уыс бидайға дейін тартып алды. Адамдарды ауылдан жырақ жерге жинап

әлдері құрығанша аш ұстап діңкелетті. Киіз үйлерден жасанды қалашықтар жасап, адамдарды жинап әкеліп оларды бірнеше күн күзетпен ұстап тұрды. Тамағы жоқ, киімсіз, көліксіз, отын-сусыз, құрал-саймансыз зорлап бала-шағасымен әкелінген адамдарды қысқа дейін ұстап өздері кетіп қалып жүрді…

Қужақ қазақ даласында «жаңа өмір» құрмақ болды, «қазақтарға шанышқы мен қасық ұстауды» үйретпек болды.

Елу мыңға жуық қазақ Балқаш құрылысы кезінде аштық пен індеттен өлді. Олардың сүйектері осы қаланың фундаментінің астында жатыр; жүздеген мың қазақтың қара жұмысшылары Қарағанды көмірін тездетіп өндіру мен жаңа шахталарды ашу жолында, жаңа рудниктердің құрылысында, Түрксибті салу кезінде тамақтың, дәрігерлік көмектің жетіспеушілігінен өлді.

Қазақтарды ең ауыр жер қазу жұмыстарына ақысыз, пұлсыз пайдаланған Голощекин (ол кезде адам құқы деген сөз болған жоқ қой), оларды малдан да төмен (малға да шөп пен су береді емес пе) қойды. Бұл жоғары нұсқаумен рұқсат етілген қазақты қыру саясаты болды. Осының алдында ғана, он алтыншы жылы тендік талап етіп көтеріліске шыққан, он жетінші жылы өз үкіметі мен армиясын жасақтаған қазақты жоқ ету саясаты еді. Кужаққа екі миллион қазақтың өлімі түкке де тұрмайтын, тәйірі?! Оған айтқанынан шықпайтын құлдар… — әкем осы жерде бұл зұлматқа теңеу таба алмай ойланып қалды. Ол кезде геноцид дегенді, тарихтың қанды шежіресін ешкім білмейтін кез еді. Пол Поттың геноциды алда тұрды…

Ол мақсатына жетті… — деп жалғастырды әкем. — Қазақтың даласы адамынан түгел айрылды. Тірі қалғандар Ресейге, Сібірге, қалғандары өзбек, түркімен жағына, Иран, Түркия, Қытай мен Ауғанстанға босып кетті.

Отызыншы жылдардың екінші жартысынан бастап НКВД қызметкерлері шетелге ауып кеткендердің туысқандарын ұстап, атып, қазақ интеллигенциясынан қалғандарды «жапон, түрік шпиондары», «пантүрікшілдер» деген айып тағып лагерьлерге, түрмелерге тықты, атты… — деп терең күрсінген әкем біраз үнсіздіктен соң тағы да жалғастырды:

— Мұны саған неге айтып отырмын? Бұл зұлматты жүрегіңе салмақ еткім келмейді. Қажет деп тапсаң, есейген соң білерсің…

* * *

… Қаһарлы қалың қарлы қыс болған сол жылы жұт басталды. Малсыз, тамақсыз қалған, көшейін десе не аты, өгізі, түйесі жоқ адамдар өле бастады. Қар басқан ауылдар түгел қырылды. Қолдан жасалған, жан-жақтан айдап әкеліп «отырықшылдандырылған киіз үй қалаларының» жандары түгел өлді. Тау жақтын адамдары аман қалды. Себебі ол жаққа бару НКВД-ның адамдары үшін әрі алыс, әрі қауіпсіз де емес болатын. «Қарлығаш» ауылының адамдары басқа жақпен салыстырғанда аз қырылып жартысы аман қалды. Көктемге қарай әкем Жақыпбекті ертіп жұмыс іздеп ауылдан кетеді.

— Ананды ерте алмадым. Қиын кез, түгелдей жайлаған аштық пен індет. Баспана да жоқ. Сол кезде Түрксіб құрылысы біздің ауылдан 140 шақырым жерде Лепсі өзенінің Балқашқа құяр жерінде жүріп жатқан. Құрылысқа әлсіздіктен өлгендердің орнына жер қазушы боп орналастық. Тегін жұмыс колы көп. Ауыр шпал, рельс, бөренелерді таситын адамдар қажет, тамақ берсе болды ғой біз үшін. Бір кесе көже үшін қара жұмысшылар ең ауыр жұмыстарды істеді, құлап қалғанша істеді. Құлап қалғандарды жинап алып, терең қарьерге тастап көме салатын… Біз Жақыпбек екеуміз пар ат жеккен арбамен тас, қиыршық тас тасыдық. Бір күні жер қазушылар мен құрылысшылардың арасымен келе жатсам арқасында дорбасы бар, әбден шаршап келе жатқан бір әйелді көрдім. Қолында құшақтаған баласы бар. Тастарға сүрініп қабынып біреуді іздеп жүргенге ұқсайды. Аяғым қалтырап кетті, жүгіріп жанына жеттім…

Осы сөздерді айтқан әкем сәл ойланып, сол кездерді есіне түсіріп кідіріп қалды. Көзінен байқаймын, сол бір көріністер ол үшін қайғылы ғана емес, ең кымбат кез болса керек.

— Білесің бе, сол әйелдін кім болғанын? — деді маған бұрылып қараған әкем. — Сенін шешең.. Қолында сен. Шөкімдейсің… Ит өлген жерге сені құшақтап қалай жеткен? Әлі күнге дейін миым жетпейді. Мені көргені сол екен, түрінен арып, қалжырағаны бірден жоқ болып кетті. Жадырап қуанғанын көрсең!.. Мақтанышпен, қуанышпен жадыраған күйі сені маған ұсынып:

— Міне, көре ғой баланды! — деп иығынан дорбасын түсірді. Байқамай қолымен ілінген орамалы түсіп кетіп қою қара шашы арқасына түсіп кетті. Терең күрсініп, кеудеме сүйеніп көзінен

қуаныштың жасы ыршып шықты. Шаршаған жұмысшылар бізге қарап қалыпты. Біздің қуанышымызды олар да бөлісіп жатқаны анық еді. Ол кездегі адамдардың шын ақниеттілігі, аш, жүдеуболса да ашықтығы ерекше еді ғой. Болашақта заман жақсы болады дегенге шын сенгендер еді ғой…

— Біздің үйдің жанында байланыс үйі болды, күнде телеграф шыға кіріп Морзе әліппесімен токылдатуды үйрендім.., Сүйтіп сол аймақтың бірінші телеграфшысы болдым… — Әкемнің дауысында өкініш те, мақтаныш та сезілетін.

Біздің стансаны Лепсі өзенінің атымен «Лепсі» деп қойды. Жер қазушылар мен жол салушылар әрі қарай келесі стансаларды салуға кеткенімен халықтың келуі токтамады. Жұмыс та жеткілікті болды

Сібірден тоқтамай құрылыс ағаштары, шпалдар, рельс, көмір тасымалы толастамады. Оларды вагоннан арбаға тиейміз. Түйе, өгіз, ат жеккен көлікпен оларды құрылысшыларға жеткізіп тұрдық. Аштық айдаған адамдар үлкен жолдарды айналшықтап келе берді. Кәмпеске, мал тәркісі, ұжымдастыру, екі жылға созылған голощекиндік «Кіші октябрь» қазақ даласына кырғын әкелді.

— Жабайы болып кеткен иттердің ұлығаны адамдардың өліктері бар екендігінің белгісі болды. Жалғыздап, топтап шұбырған, аштықтан әлсіреген, жүдеген адамдар қайтсем тірі қаламын деп стансаларға қалжырап жететін, — деп әкем әңгімесін жалғастырды. — Шешең оларға көмектесемін деп тыным таппайтын. Басқа әйелдермен бірге аш адамдарға тарату мақсатында быламық көже пісіріп көмектесті. Адамдар үйлердің көлеңкесінде, шарбақтардың жанында құлап өліп жатты. Кейбірі Алтайдан келе жатқан тауар вагондарға түсіп картоп пен астық ұрлағандары болды. Ондайларды сол жерде атып тастайтын, көмбейтін. Құм басып қалатын…

* * *

Қазақ тарихындағы ең зұлматты болған отыз екінші жыл да келіп қалған болатын… Қаншама ауыл қаңырап бос қалды. Жол жиектері толған ағарып жатқан аштан өлген адам сүйектері. Аштыққа індет келіп косылды (бір-бірінің серігі ғой). Ауру анама да келіп тиісті. Тамақ ішпегендіктен анам әлсіз болыпты, сол кезде аяғы ауыр екен… Күні бұрын босанады, егіз

екен. Нәрестелер екі күннен кейін көз жұмды, үшінші күні өзі де о дүниелік болды…

Әкем біразға дейін үндемей терезеге қарап жатты. «Ең өкініштісі, мен іссапарлық жұмыста жүрген кезімде төсек тартып құлапты. — Әкем ауыр күрсінді.

… Көз алдымда екі дәу тесіктен буы шыққан, шуылдаған демімен ауа жұтқан, кірпік ерінді бір дәу құбыжық тұр. Әрине мен ол кезде оның біздің шанамыздан кейін келе жатқан жегілген өгіздің бірі екенін білмеймін. Өгіздің жылы лебі мені жылытқан болар, сонымен бірге одан шыққан белгісіз иіс те әсер еткен болар. Одан жылжып ығысқым келеді, бірақ қозғала алмаймын. Сыртымнан көрпеге орап, оның сыртын киізбен қымтаған. Бүйіріме тақалған нәрсе ауыртқан болар, шыдамадым, айқайлап жібердім… Қайдан шыққаны белгісіз қалың қардың арасынан әкем сол заматта жетіп келді. Бүкіл бетін қырау мен мұз басқан, түрі үрейлі. Мені ұстап кеудесіне көтерді.

— Қандай жақсы болды жылағаның, балам. Жаратқанға рақмет!. Енді болмағанда өгіздің аяғына түсер едің…

Сөйтсем, мен жылжып жылжып шананың артқы жиегіне келіп жерге түсуге сәл ғана қалыппын. Әкем мені көтеріп шанада жатқан бір кісілердің жанына салып арқанмен байлап қойды. Ол кезде қайдан білемін, кейін білдім, ол жатқандар менің өлген анам мен екі күн ғана өмір сүрген қос қарындасым екен.

Кейін білдім, анамның өлгені жайлы ауылға әкем хабар бере алмапты. Телеграф жоқ, Жақыпбекті алыс ауылға хабаршы етіп жіберу еш мағынасы жоқ тірлік еді. Анамның туыстары бәрі бір келе алмас еді, оның үстіне, ол簡 кездегі жолдар қауіпсіз емес-ті. Қазақ жерінде «Кіші Октябрь» жүріп жатты.

Малсыз, нансыз — қазақтың өлімі оп-оңай болды. Әкем талай рет айтты, өзім де кейін көзім жетті, сол жылдары әрбір төрт қазақтың үшеуі өлді…

Жариялылық кезеңінде сол бір зұлматты жылдар жайлы сирек қалған мұрағат құжаттарын қараған сайын әкем айтқан бір әңгіме есіме түседі.

…Күндердің бірінде кең жол мен соқпақтардан жырақ жолмен, айдаладан құм арасынан бір шал келді. Денесі күнге қарайып, терілері шытынап жарылған, қу сүйек болған арық, денесін жара қаптаған. Қолында ақ таяғы бар, басында тозығы жеткен малақай,

бұтында қой терісінен тігілген құрақпен жамалған көн шалбар. Өзіне жақындаған адамдарға қарап әрең шыққан дауысымен:

— Алла тағала рахым етсін, балаларым мен немерелерімді құтқарыңдаршы.. Ана жерде қалды, жүре алмайды, жақын жерде… Құтқарыңдаршы… — Сөзін аяқтай алмады, құлап түсті. Аузына су тамызайын деп су әкелгенде, өліп қалыпты. Бір көлік алып, тағы бір жұмысшы екеуміз шал көрсеткен жаққа жүрдік. Бір шақырым жүргеннен кейін алдымызда ұшып жүрген қарғалар мен тазқара құстарды кордік. Әкем де, қасындағы кісі де алғаш рет сол кезде бұрын соңды бұл өлкеде болмаған тазқара құсын көріпті. Басқа бір жақтан келгені анық. Сонда олар қазақ даласы өлік сасып жатқанын қалай сезген?

Құзғындар біздің келе жатқанымызды көріп, қорқатын түрі жоқ, асықпай жақын жерге барып қонды. Тоқ екендері көрініп тұр. Жерде шашылған өліктің денелері… Талай өлікті көрген әкем мен қасындағы кісілер соны көргенде жүрегі айнып лоқсыпты. Ана құзғындарды атайын десе мылтықтары жоқ. Екеуі де үнсіз, екеуі де ішін кернеген ашуы мен кегін кімге арнайтынын білмеген. Бұл адамдардың малын, астығын тартып алып, елсіз айдалаға қаңғыртып жіберген кімдер, соның жауабын білмеген екеуі мәңгіріп біраз тұрады…

— Кеше ғана осы жолмен мал айдап өтті, астық тасып өткенін көрдім… Мыналар… Бұл не болды!? Кім? Не үшін? — деген қасындағы адамға әкем еш жауап айта алмаған.

Осылай үнсіз тұрғанда, жүз қадамдай жерде бір жалғыз тазқараның икемсіз қозғалысын байқайды, әкем. Тазқара қанатын қағып бір-екі қадым жасайды, сосын жәй жүріп тағы жақындайды… Әкем құстың алдында бір нәрсенің козғалатынын байқайды, кеткісі келеді, қашқысы келеді. Әкем жүгіріп барады. Барса, жасы он шамасында болар, мүмкін одан үлкен шығар… жас бала. Аштықтан әлсіреген бала сандырақтап, әлсіз колымен құзғынды қумақ болады. Әкем айқай салып қамшымен құсты қуып балаға қараса, о, сұмдық, баланың арқасының еттері киімімен қоса жұлынған, қандары қатып қалған, сүйегі көрініп тұр. Бала ауырғанын сезбейді, естімейді, көзі ғана.. Көзі толған үрей…

Бала колында өліпті…

Қас қарайғанша әкем мен қасындағылар әлгі шалдың балалары мен немерелерін жерлеген. Жерлеп болып өгіздерді арбаға қайта

жегіп жатқанда станса жақтан мылтықтың дауысы (далада дауыс алысқа жетеді ғой) естіледі. Сосын тағы бірнеше рет, сосын жарқ ете қалған от көрініп, артынша айқай-шу тез басылыпты.

— Оншақты қаңғыған аштар пайда болыпты, тауар вагондарға түскен екен, жейтін тамақ іздеген ғой… Күзетшілер тез келіп, бәрін атып тастады. Үндерін тез өшірді… — депті Жақыпбек әкемнің не болды дегеніне, бетіне тіке қарамай.

— Арасындағы ұсталып қамалғандары да бар, бірақ олар тірі қалмас. Түрмеде олардың бәріне орын жете бермес. Бәрібір оларды бір жерде атып тастайды… — Жақыпбектің мінезі сол кездерде өзгере бастады, айыптап отыр ма, ақтап отыр ма, түсініксіз, — деді әкем.

… Менің мемлекеттегі болашағымды ойлаған әкем өткен тарихты маған түгел айтпады. Талай рет күрсініп, әңгімелерін қысқа айтқан әкемнің сол ауыр жылдары Алматыға барған жалғыз сапары жайлы есімде… Осы сапарынан қайтқан әкем үйге келгенде анамды өлім халінде көрген.

Алматыға оны телеграфшының куәлігін алып келуге Николай Сиротин жіберіпті. Морзе әліппесін білетіндігін дәлелдеген соң оған телеграфшы деген мамандықтың куәлігін береді екен.

Алматыға қасында НКВД-ның екі адамы және Голощекиннің жеке тапсырмасымен іссапарда болған крайкомның бір өкілімен барыпты. Қалаға полуторкамен түнде жетіп бір тәулік қана болыпты. Таңертең телеграфшылыққа емтихан тапсырады да, сосын әкемді сол күні қаланың үлкен залында өткен үлкен жиналысқа апарады. Мұндай үлкен залды әкем ешқашан көрмепті. Сол кездегі республиканың атқару комитетінің басшысы Елтай Ерназаровтың баяндамасынан әкемнің есінде қалғаны: «Кеңес үкіметінің арқасында, көсеміміз Сталиннің басшылығымен және оның сенімді серігі жолдас Голощекиннің жетекшілігімен Қазақстан экономикалық және мәдени жағынан гүлденді. Мемлекетке бұрын-соңды болмаған көлемде астық пен ет тапсырды».

Жиналыстан шыққаннан кейін әкем базарға барып маған және анама бірнәрселер алмақ болады. Екі квартал өткеннен кейін базар жаққа қаланың батыс және солтүстік жағынан киімдері алба-жұлба, әбден қалжыраған адамдардың шұбырып бара жатқанын көреді. Атты милиционерлер қамшымен және аттарының кеудесімен оларды жолдың жиегіне ығыстырып жүр. Адамдар

құлап жатыр, кейбіреулер аттың аяғының астына түсуде, тұра алмағандары еңбектеп барады, қамшыдан қашып жатқан олар емес. Мұны көрген әкем ан-таң, түсінер емес. Бір қазақ шал, сірә қаланың адамы болса керек, аш қарияға бір үзім нан ұсынады. Бірақ, қамшылы, қылышты бір милиционер атының кеудесімен қалалық қарияны қағып жіберді. Нан ұстаған қария сол күйінде құлап қалады. Сол кезде әлсіреген, дауысы үзіліп шыққан «Нан!» деген дауысты естіген әкем жаңағы шалдың қолынадағы нанға сол жердегі және бүкіл базарда тұрған аштардың тобыры түгел қарағандай көрініпті. Олар аш адамдарды жібермей тұрған милиционерлердің қоршауын бұзып, қос қолдарын созып: «Нан!.. Нан.. Нан!..» деп ыңыранған дауыстар әкемнің құлағында ұзақ тұрыпты.

Әкемнің басы айналып кетеді, базарға жетіп те қалыпты. Бірақ орнынан козғала алмайды. Ол көшенің милиционерлер коршаған жағында, аш адамдарды ұстап жүрген милиционерлер жағында қалып қойыпты. Милиция қала тұрғындарының «тыныштығын сақтап» аштар мен қайыршылардан тазартып жүр екен. Бірінен соң бірі бірнеше пар ат жегілген арбалар келе бастаған. Милиционерлердің көмекшілері аштарды арбаға тиеп жатыр. Әлсіз, аш-жалаңаштықтан естері түгел емес адамдар неге бүйтіп жатқанын түсінбей жатса керек, еріксіз көнуде. Әлсіз жандарды бірінің үстіне бірін салып тиеп жатыр.

— Қанша арба тасыдың? — деген бір кісінің екіншісіне қойған сұрағын естиді әкем.

— Оны кім санапты?! Төгетін сай алыстау болып тұр. Жақын жерде бір терең сай бар. Өзі терең, әрі тік жар, шыға алмайды, сол жаққа апару керек бұларды. Асылған қазандары дайын. Өлген ит пен кірпіден дайындалған быламықты жесін. Түнде жинастырамыз.

— Білгеніңше істей бер, тезірек бітір! — деп жауап қайырды. Бастығы болса керек.

— Ертең тағы шұбырса қайтеміз?..

— Ол сенің жұмысың емес. Шұбыртпаймыз. Оларды қалаға жақындаған жерден дайындықпен күтіп аламыз. Тәулік бойы күзет бөлінді.

Мына сұмдықты көрген әкем, естігені тағы бар, есеңгіреп біраз тұрады. Осылай селтиіп тұрған кезінде алдындағы терең лас

сайдан өзіне қарап тұрған қоркынышқа толы көзді көреді. Жуан теректің тамырының артына бір уыс болған жас бала тығылып отыр. Баланың денесі жара мен тыртық, денесі күнге қарайған, көрікті жас бала екені көрініп тұр. Кір басқан шөмеле шашында кылтық шөптер араласқан. Бала орысша түсінеді-ау, жаңағы әкем естіген сөздерді ол да естіген болар: енді оны қорқыныш билеп алып кете ме деп үрей қаптаған. Әкеме қарап тесілген көзінде «мені ұстап бере көрме» деген жалыныш тұр. Бұрынғыдан бетер сасқан әкем не істерін білмей абдырап, қандай қимыл жасасам деп тұрғанда:

— Не ғып қалшиып тұрсың, әй кырғыз!? Тайып тұр бұл жерден, әйтпесе мыналармен бірге тиеп жібереміз. Кім екеніңе қарамаймыз. Әлде бастықсың ба? Бәрібір, табаныңды жалтырат! — деген қаһарлы дауысқа қараған әкем бір салт аттыны көреді. Жаңағы тығылып тұрған баланы көріп қояр деп қорыққан әкем салт аттының алдынан шығып бұйдасынан ұстап оны кейін қарай жетектейді. Сол заматта қамшымен басына соғылған соққы оны жерге құлатады. Әкемді кездейсоқтық құтқарыпты. Жиналыстан шыққан әкемді артынша өзімен бірге келген НКВД қызметкеріне тауып кел деп жұмсаған екен. Сол кызметкер әкемді милиционердің қолынан суырып алады. Сол түні әкем өзі келген полуторкамен кері қайтады…

* * *

«…Кіші Октябрь» саясаты стратегиялық тұрғыдан алғанда үлкен соғыс алдындағы жоспар сиякты жан-жақты ойластырылған, майда-шүйдасына дейін ұйымдастырылған науқан болды. Оның әрбір кезеңі күзде, жиын-терін біткен сон, мал басының кысқа дайындығы біткен кезде басталып отырды. Алдын ала әрекет жасайтын аудандар белгіленіп отырды, ол жаққа жіберілетін билік өкілдері, НКВД кызметкерлері, қосымша милиция отрядтары мен қызыл қазақтар белгіленіп қойылды. Малы мен астығын тартып алған соң, адамдарды күні бұрын белгіленген жерлерге жинап олардан «ұжымдасқан киіз үйлер қалашығын» құрды. Айдалада боранды суықта, сусыз, тамақсыз, отын-көліксіз қалған «қала» тұрғындары ешқайда бара алмай, жете алмай сол «қалада» қырылды. Жан жағы аппақ қар, мидай дала, даланы кезген қасқырлар өз дегенін істеді. Мыңдаған тұрғындардан көк-

темге дейін жабайыланған ондаған адам ғана тірі қалды. Мұндай көріністер Алтайдан Зайсанға дейін, Қызылжар аймағында, Көкшетау мен Қостанай жерінде, Торғай мен Керекуде орын алды. Кездейсоқ тірі қалғандарының бірен-сараны Жетісуға, сол жақтағы Бөрібай мен Омарбек бастаған көтерілісшілерге жетіп қосылды. Қалғандары, күші жоқтары адамдар жүретін жолдарға жетпек болды.

Әбден қалжыраған, тоналған, корланған Қазақ елінің тірі жандары түгелімен ұзын жолдарға кол жайып, қайыр сұрап шыққан сиякты еді. Бірақ бір үзім нанның орнына оларды қамшы мен оқ күтіп тұрды… Қазақтар өз жерінде өздерімен бірге өмір сүріп жатқандарға жеккөрінішті халық болып көрініп, олар қазақ деген ұлттың құрып жойылып бара жатқанына селт етпей қарады. Ұлы далада осы адамдар бұл жерге келгелі бері, мұндай жағдай ешуақытта, бұған дейін де, кейін де болған емес.

Шыдамы таусылған далалықтар зорлық пен тонауға баруға мәжбүр болды. Бірақ олар өзгенің дүниесін емес, өз дүниесін — өзінен тартып алынған малы мен киіз үйін, күзеті бар қоймаларда шіріп жатқан өз астығын қайтармақ болды. Бірақ алдынан тағы да оқ күзетіп тұрды, орыс казактарының қылышы, НКВД-ның штыгы, оған қоса ұлттық жеккөрініш қоздырылып: «Қырғыздарды, қалбиттерді ұрыңдар! Олар сендердің дұшпандарың!» деген ұрандар көтерілді. Тіпті орысша «Распроклятые киргизы косят наши травы!» деген частушкалар шығарылды. «Орыстан досың болса, айбалтаң белінде жүрсін» деп қазақтар бірін бірі бекемдікке шақырды. Аштыққа ұшырағандардың көтерілістері бірінен соң бірі тұтанып, олар қазақтардың өз қанымен тұншықтырылды…

Ең үлкен көтеріліс Жетісуда орын алды. Көтерілісті басуға Алматыда жинақталған полктер жіберілді. Көтеріліске шыққандарды өз қанымен тұншықтырды. Ішкі қоршауды бұзған нашар каруланған аштардың бір тобы Шыңжанға өтіп кетпекші болып еді. Бірақ алдына қойылған тосқауыл отрядтар олардың бірін де қалдырмай қырып салды. Солардың ішінде ерекше қатыгездікпен шекара отрядының жас инженері, пулеметші Коля Черный көзге түсіпті…

Бек ТОҒЫСБАЕВ

НҰРИЛА ЫДЫРЫСОВА ТӘТЕЙДІҢ АЙТҚАНДАРЫ

— Өмірде болған оқиғаларды, ширыққан шындықты ел-жұрттың есінен шығарып, мәңгі көміп тастау мүмкін емес, — деді де Нұрила тәтей қабағын шытып, сәл ойланып отырды. — Сендер ол кезде туған жоқсыңдар, еміс-еміс естігендерің болмаса, барша шындықты үзіп-жұлып қана білесіңдер. Сондықтан тыңдап ал, бір жеріңе түртіп қой, түбінде керегі болады…

Жаппай коллективтендіру зорлықпен басталғанда мен есі кіріп қалған тоғыз жасар қызбын. Елдің қорадағы, қотандағы малын тегіс сыпырып алып, отар-отарымен айдап кетіп жатты. Жұрт «ақыр өзімізге бұйырмайды екен» деп малдарын туыс-жекжаттарына, ағайындарына үлестіре бастады. Қалғандарын сойып тауысты. Іле-шала ақша салығы, ет-жүн салығы, тіпті ит пен мысықтың терісіне дейін салық салынғаны есімде.

Менің әкем ұста еді, оның азын-аулақ малын ауылдағылар өз малдарына қосып бағып, іс істететін. Малдан айырылған соң, әкем ұсталықты тастап, өзі жасаған қауғамен Іледен балық сүзетін болды. Бір үйлі жан сөйтіп жан баға бастадық. Балық аулауды кәсіп етпеген, тек қана малмен күн көрген қараңғы қазақ жаппай аштыққа ұшырады. Белсенділер малды сыпырып алғанымен қоймай, көмген тарыны істік тығып жүріп табатын болды. Тіпті қалаулы тұрған пешті бұзып, асты-үстін ақтаратын «заманақыр» туды.

Балық аулай алмағандар кесіртке, жылан, тасбақа теруге жарамағандар ісіп-кеуіп, отырған орнында аштан өліп, басы ауған жаққа қаңғып кетті. Әлі барлар көрші аудандарға сүрінежығылып жетіп жатыр деп естиміз. 1932 жылдың көктемінде Іле өзенімен моторлы кеме қатынап, жүріп-тұруға әлі жететін адамдарды өрдегі елге қарай таси бастады. Әкем жасаған алты қанат ақ үйімізді, талай жыл тірнектеп жинаған дүние-мүлкімізді тастап, біз де кемеге отырдық. «Егінжайы, көкөнісі бар жоғарыдағы елге жетіп қалыңдар» деп көзі ашық басшылар үгіттеген соң, атамекеннен айрылсақ та, аштан өлмеу үшін үй-ішімізбен ұзақ жолға шықтық. Кеме өрге қарай өте баяу жүзеді. Жол-жөнекей тамақ жетпей, ісіп-кеуіп жан тапсырғандар қаншама. Екі мезгіл жағаға шығарғанда «суға тастағанша жерде қалсын» деп

өлгендерді үлкен кісілер құмға көмеді. Мен көмілгендердің біреуін көрдім, тіл-аузы жоқ шала-жансар екен, көпке дейін құмның үсті жыбыр-жыбыр етіп жатты…

Өліп-талып Іле стансасына да жеттік-ау! Біраз күн аш-жалаңаш, ашық аспан астында жаттық. Ескі ауруы козып әкем дүние салды. Күндердің күнінде Шелек ауданының шетіне іліндік. Тірі қалғандарды балалар үйіне әкеліп жатыр. Шешем мені оған бермеді. Қызылжиде, Қаражота деген жерлерде сиыр совхозы бар екен, әр үйде 15–20-дан сауынға бөліп берген. Шешемді темекі терушілерге қосты. Күнде оқу басталды, мен 2-ші, інім 1-ші класқа бардық. Бос кезде апам екеуміз күріштің, бидайдың масағын тереміз. Сөйтіп, бір қап бидай жинап алдық.

Шешем пысық кісі еді, қазан-аяқты, келі-келсапты тастамай ала келіпті. Күн суыта бәрімізді үлкен бараққа кіргізді. Есік-терезелері аңғал-саңғал, ішіндегінің бәрі қираған. Айнала — өрмекшілердің торына толы, ыс, сасық. Бәрін тазалап, ортаға қазан қойып, сол баракта аз уақыт күн көрдік. Екі бірдей жас баласы бар, жұмысқа мығым, айтқанды екі етпей істейтін анамды аяды ма, қазақшаға судай рабочком — қара орыс өз үйінің бір бөлмесін босатып берді. Екі бөлмелі үйдің ортасында бір пеш бар, «үйді суытпай от жақсаңдар болды, түнде келгенде біздің де бөлмеміз жылып тұрады» — бізге қойған талабы осы ғана.

Апам темекі тергенде де, шөмеле үйгенде де елдің алдын бермей, «стахановшы» атанып жүрді. Соның арқасында күніне 800 грамға дейін нан жеп тұрдық.

— Сен енді детдомға бар, — деді маған бір күні рабочком. — Тамақ та, киім де өкіметтен. Оқитын село алыс емес, 15–20-ақ шақырым жерде. Демалыс күндері шешеңді жіберіп тұрамын. Күн жылынған соң өзің де ары-бері қатынап жүресің. Бұл — 1932 жылдың желтоқсаны. Сөйтіп, мен Қорамдағы детдомға тарттым.

Босбелбеу балалар мұнда да өліп жатыр екен. Мен шешеме тартқан пысықтаумын, асхана жақты көп жағалаймын, күнара кезекшілікке барамын. Нан, май өлшеу — менің қолымда… Балалар сонда да аурудан өліп жатыр, оларды совхоз ауыл сыртына апарып көміп қайтады…

1934 жылдың көктемінде ашаршылық алапаты артта қалып, тірілер тоғая бастаған соң, мен мектепті тастап, «апама барам» деп қиғылық сала бастадым. «Жоқ, бармайсың, апаң сені күйеуге

беріп жібереді — деп мектеп басшылары қарсы болды. — Сен жақсы оқисың, оқуды ары қарай жалғастыруың керек»…

С. Жүсіптің «Ашаршылық ақиқаты» кітабынан. — 163–164 бб.

Қалихан ЫСҚАҚ

ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВТЫҢ ӘКЕСІ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

— Әкеңе қарызым көп еді, бір мен емес, ел қарыздар еді, — деп Жүсекең ойға шомып отырды да, әңгімесін біраз күттіріп барып бастады. — 1931 жылдың, ұмытпасам, ақпаны ма екен, қызмет бабымен ел аралап шықтық. Мен әрі көмекші, әрі атқосшымын. Елді сұрапыл аштық жайлап тұрған кез. Арқадан босқан аш-арық тағы да шұбырып келіп жатыр дегенді естігенбіз. Қыс қарлы да аязды болды. Күн шатынап, терістен соққан қызыл шұнақ сырманы сумаңдатып айдап тұр. Жол ауырлап қалған екен, шыға бере-ақ малтыға бастадық. Жылқы жарықтық сезімтал ғой, әлденеден сескеніп, жол жиегіндегі қожыр-қожыр үрдесіннен құлағын салып осқырынып өтеді. Шана сүріп кеткен күртік астынан бір кезде салынды сияқты бір нәрсе серең ете қалғаны. Не болды екен деп барып көрсем… өндірдей жас жігіттің өлігі. Сырма көміп тастаған екен. Ана күртіктің асты да өлік, мына күртіктің асты да өлік. Ілгері басқан сайын ит-құс соңынан шұбырған қарға-құзғын да көбейе бастады. Науа жолдың жиегі теңкиіп-теңкиіп жатқан… құданың құдіреті кіл ер адамдар. Еркектің әйелдерден гөрі аштыққа осал екенін сонда білдім… Қош, содан ауылдан ауылға жеткенше көргеніміз осы. Әкең елдің шамасы бар ер-азаматтарын көтеріп көлік шығарды, өліктерді көмдіріп, бойында жаны барларды жинастырып, ас-су ұйымдастырды. Бойдан қуат кеткен соң болмайды екен, талайы үсіктен өлді, бұрлығып өлді, тірі қалғандары некен-саяқ-ау…

Қайран қазақ қар кеткенше итқұс пен қарға-құзғынға жем болды ғой, амал қанша! Содан қайтар жолда әкең марқұм шанаға етпетінен жатып алып, ал кеп жыласын. Бар айтары: мынау ит заман, сұм заман не болып барады?! Содан жылай-жылай, өкси-өкси, үйге жеткен соң да өксігін баса алмай, өксіктің аяғы ықылыққа айналды

да ықылықтан ішегі түйіліп дүниеден қайтты. Азаматтың арысы еді, амал қанша, ел күйігіне шыдай алмай кетті ғой…

«Келмес күндер елесі» ғұмырбаяндық романынан.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

ҚАРЫНДАСЫМДЫ ҚАСҚЫРЛАР ЖЕП КЕТТІ…

Мен ашаршылықты өз көзіммен көрдім. 3–4 жасар кезім. Базардан бір нәрселер алып, қайтып келе жаттық. Шешем мені көтеріп алған. Айналамда өліп жатқан адамдар. Көзім қарны жарылып жатқан адамға түсіп еді, шешем көзімді көлегейлеп жаба берді. Сонда адамның іші кеуіп, жарылып кетеді екен. Мұның бәрі саналы түрде қолдан жасалған геноцид екенін кейін білдім…

1932–1933 жылдары қатты ашаршылық болды. Аштықтан қиналған соң, түс кезінде жездеміздің үйіне қарай жолға шықтық. Анам сонда қарындасымды бауырына алып, мені қолымнан жетелеп, аштықтан бұралып әрең жүрді. Жол өнбей, ауылға жақындаған шақта қас қарайып кетті. Бір кезде бізді үш қасқыр қамап, топырақ шаша бастады. Мен қорыққанымнан анамның етегіне тығыла бастадым. Анам таяғын көтеріп, айғайласа да қасқырлар қаймықпады. Содан анам қарындасымды жерге қойып, мені арқалай жөнелді. Қасқырлар қарындасыма қарай бас салған болу керек, шар еткен даусы естілді. Біз сол уақытта аман-есен құтылып үлгердік. Кейін барып қарасақ, шашынан басқа ештеңе қалмапты. Бұл — қасірет. Ашаршылық кезінде әр жерде осындай оқиғалар көп болды. Мен оны өз көзіммен көрдім…

Ашаршылық заманында қасқырға жем болған бала көп. Адамдар өлім аузынан қалды, қаншама жазықсыз жандар аштан қырылды.

Осындай жағдай қазақ даласының әр жерінде болып жатты… Сол кезде «Сталин мұны білсе — қойдырар еді» деген сөздер айтылушы еді. Негізінде керісінше екен ғой… Оның мақсаты ұлы даланы иесіз қалдыру еді. Өзімізді өзіміз қолға алмасақ, басқа ешкім жанашыр болмайды. Жастар тарихты жақсы біліп, шындықты ашуы керек. Біз сол ашаршылық кезінен бастап ұлттық санадан

айырылдық. Институт бітіргеннен кейін ғана менің санам ашыла бастады. «Қазақ қалай орыстандырылды?» деген кітапты жазып, қазақтың ой санасына әсер ете алғандай болдық.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ

БІР ӘРІПТЕН АДАСҚАН ТАРИХ

(Үзінді)

… Ойланайықшы, осы алдау кімге және не үшін керек болды? Аш адам айуаннан жаман. Ақыл-естен айырылып, мәңгүрт болады, тегін, тарихын тез ұмытады.

1921, 1922 — жылы, 1931, 1932 — жылы қазақ қатты ашаршылыққа ұшырады. Біреулер: «Кеңес өкіметі аштыққа әдейі ұшыратты», — дейді. Ол рас болса, оның нәтижесі — геноцид, қасақана қыру. Біреулер: «Кеңес басшылығының қателігінен қырылдық», — дейді. Екеуінің де нәтижесі – біреу: қисапсыз қырылдық. Колхоздастыру кезіндегі ашаршылықта 3,5 (үш жарым) миллионнан астам қазақ қырылды деп жүр тарихшылар. Ол сан — халқымыздың жартысынан көп. Бәлкім, үштен екісі шығар.

Менің Ешмұхамбет атам: «Отызыншы жылдың ашаршылығында мен жеті баламнан, үлкен інім Бекмұқа сегіз баласынан, қалғандары төрт-бес баласынан айырылды», — деп аһылап отыратын. Сол балалар әлгі тарихшылардың ресми есебінде бар ма? Менің жанымды қыйнайтын — осы сұрақ. Өйтіп есепке ілінбей қырылып қалған қазақ баласы қаншама? Міне шыбындай қырылудың шындығы осында.

Қазақ баласы ас таба алмай қырылып жатқанда, кеңес өкіметі Риддерге Орталық Ресейден жұмысшылар әкеліп жатқаны туралы құжатты мен оқығам. Ол туралы «Көшпенді шаруалар қайдан шықты?» деген мақала да жазғам. «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деген — сол. Бізді кеңес өкіметі соншалық жазалайтындай не істедік?

Бас көтерген ағаларымыз түгелдей «халық жауы» болды, түгелдей атылды. «Сталиннің жазығы жоқ, бір-бірімізді көрсетіп жатқан өзіміз», — деп, айналып келгенде, өзімізді-өзіміз кінәледік. Арыз жазсаң болды, алып кететін, атып тастайтын

заңды кінәлемедік. Ақ пен қараны ажырата алмадық. Аштықтың, атудың нәтижесінде, ақ пен қараны ажырата алмайтындай жағдайға жеттік.

Әлихансыз, Халелсіз, Ахаң мен Жақаңсыз, Мағжан мен Шәкәрімсіз, Мұстафасыз, Ырысқұлов пен Жандосовсыз, Сәкен, Ілияс, Бейімбет пен Санжарсыз, Нәзір мен Смағұлсыз, Ілекеров пен Жүргеновсіз, тағы-тағыларсыз мыйын ойып алған қуыс бас құсап қалдық. Соны пайдаланып, өкімет айдаған жағына апарды, жетектеген жағына жүргізді. Мәңгүрт болып бара жатқанымызды Айтматов еске салып еді, оның өзін жазалап жібере жаздадық. Сондай-сондайдың салдарынан өз халқымыздың тарихын өзге халықтың тарихшысынан сұрайтын хәлге жеттік.

Халықтар достығын ұран қылып басқарған «ұлы Сталин» бізді бұл хәлге неге жеткізді?

Анық шындығын, әрине, Сталиннің өзі ғана біледі. Біз тек жорамалдаймыз…

«Abai.kz» ақпараттық порталы, 25.02.2019 ж.

Төкен БЕКМАҒАМБЕТОВ

КОЛХОЗ ОРНАҒАННАН СОҢ

Колхоз орнатудың алдында байларды кәмпескелеу басталды. Игібай, Шаншарбай деген байларды кәмпескелеп, солардың жылқысын біздің ауылдың кедейлеріне әкеліп таратып берді.

Сонда менің әкеммен жасты Қалиакпар деген кісі бір қызыл бурыл бие алды. Сол бие Шаншарбайдың қашаған қуатын биесі екен. Әлгі биені мініп алып, жылқыға тұра шапқанда, бие жылқымен бірге айналады. Сонда Қалиақпар әкем сасқалақтап, шабысына шыдай алмай, құр-құрлап есі шығушы еді. Менің әкем мазақтап күлуші еді, атқа да міне алмайсың деп.

Бізде Совет үкіметі орнағаннан кейін, мойынсерік, ТОЗ, колхоз деген ұйымдарға ұйымдасу басталды. Осы кезде үгітке түсінбеушіліктің салдары болу керек, «малды, мүлікті, ортаға алады екен, әйел де ортақ болады екен, бәрі бір көрпенің астында жатады екен, бұған біз көнбейміз» деген әңгімелер өрттей қаулады. Бұған қоса

үкіметті құрту керек деген дақпырт шықты. Осы кезде қалған байлар бастап көтеріліс жасап, «банды» болып ұйымдасып, Ақшатау тауына тығылды. Бұларға әр жерден, әр елден адамдар қосылып, көбейе берді. Осы кезде колхоз ұйымдастыру басталған еді. Күніне мылтығы бар, қарулы адамдар келіп, колхоздан керегінше қой, жылқы, түйе алып кете береді. Ешкім қарсылық жасай алмайды.

Аудан орталығы алыс, Жорға деген жерде болды. Ауданнан хабарланып, әскер шақырылып, олар келгенше көп уақыт өтеді. Ол кезде атпен ғана қатынайтын еді. Бір күні ауданнан бір офицер бастаған 12 солдат келді. Келген күні қонып, таңға жақын жол басшы ертіп алып, қашқындарды қууға Ақшатауға аттанды. Аңдып барса, олар көшіп кетіпті де, жұртта көлік жетпей үш үй қалыпты. Кілең әйел, бала-шаға екен. Соларды көшіріп алып келді. Ылғи майы ағып тұрған семіз қойдың еттерін барған адамдар бөліп алыпты. Сөйтіп дәндеген соң «барлығын қолға түсіреміз, содан көп олжа аламыз» деп, ұзын саны алпыс адамға дейін жиналып қашқын қууға тағы кетті. Ішінде мен білетін қарт Тайтөлеу, Күлшебай, Шөмшекбай бар. Біздің ауылдың колхоз бастығы Әлиасқаров Әбдікәрім бар. Сол күннің түн ортасында үш жігіт қайтып келді. Біреуі жаралы, қолының кәрі жілігі үзілген винтовканың оғы тиіп, қалған екеуі жалаң аяқ. Жағдай былай болыпты: Бұлар, алпыс адам бара жатқанда, бандылардың көзіне түседі. Олар 300 адам екен. Бұларды Ойран тауынан дүрбі салып көріп отырады. Өздері өшіккен белсенді Әбдікәрім Әлиасқаровты, Шәйкенді, басқа да белсенділерді танып отырып, қақпан құрады. 200 мылтығы бар әскерін, екі жағына көше етіп шапқызып, қалған бір жүзін алдынан қарсы салады, бұлар сойыл, шоқпар, балталы екен. Қуғыншы алпыс адам жалт беріп кейін қашады. Күлшебай менің нағашым еді, біздің үйде бір жүйрік қысыр сары бие бар еді, соны сұрап мінген болатын.

Сол кезде арттан айқай шығады «пышақ», «пышақ» деген. Алдында кетіп бара жатқан Күлшебай сары биенің басын іріксе, бір жолдасының аты шаба алмай келеді екен. Себебі, қоржынында екі пұттай бес атардың оғы бар екен. Күлшебай қарғып түсіп, қоржынды тіліп-тіліп жібереді. Ол шаба жөнеледі. Қырсыққанда Күлшебайдың өзінің биесі аспанға секіріп, қайта мінгізбейді. Қашқындар келіп қалады. Сол кезде қашқынның оғы Күлшебайдың кәрі жілігін үзіп кетеді. Ол құлап қалады. Солдаттар

Шыңғыс тауына қарай қашады. Қашқындар қызылдарды қуған беті Көксуға тақайды. Бұл кезде Әбдікәрімнің оғы таусылып, аты болдырып, тауға зорға ілігеді. Төбеге шықса ар жағынан қашқындар келіп қалған екен. Әбдікәрім атынан түсіп, мылтығын тастай салып, қолын көтеріпті. Сол кезде банды атып өлтіріпті. Шәйкен бір кезеңге шыға келсе, Шөмшекбайды үш қашқын тонап жатады. Шәйкен айғайлайды Шөмшекбайға араңды аша бер деп, сол кезде Шәйкен үш қашқынды да атып өлтіреді де, қасына шауып келіп: «Шапшаң киін» дейді. Анау сасып абдырап шапан-шалбарын ғана киіп, басқа киімін кие алмайды. Шәйкен «таңдаған атыңа мін» дейді. Шөмшекбай тың жарау қара ала биеге мініп, жорта женеледі. Бұл күн батып қалған кез екен. Шәйкен: «Қашқындарға көріне жүріп, олжа ала кетейік» дейді. Шөмшекбай болса; «Қашайық» дейді. Сол екі арада қашқындар көріп қалып, тұра қуады. Сол кезде Шөмшекбай сытылып шыға береді тың атпен. Шәйкеннің аты күні бойы шабыстан болдырған екен, қала бастайды. Қашқындар жетіп қалады. Сол кезде Шәйкен бірнешеуін атып түсіреді. Көптің аты — көп, өкшелеп жетіп қалады. Аты шаппаған соң, қарғып түсіп тобылғының түбіне жата қалып, бір атқанда Әзімқан байдың ортан жілігін үзіп жібереді. Сол екі арада барлығы қаумалап сойылмен, шоқпарман ұрып, Шәйкенді өлтіреді.

Енді, жараланып жатқан Күлшебайдың үстінен кейінгі қашқындар сау ете түседі. Қашқындар біздің ауылдан ерген Қарт деген кісіні ұстап алып, ұрып-соғып аттарына мінгестіріп алған екен. Соны түсіріп: «Мына кісінің өлі-тірісін көр» депті. Сол кезде Қарт Күлшебайдың аяғынан көтереді. Күлшебай өлген адам болып денесін қатайта қойып, Қартқа көзін қысады. Қарт сезеді де: «Баяғыда өлген екен» дейді. Оған бандылар сеніп: «Біз қайтып келгенше осының қасында отыр, қашып кетуші болма, қашсаң да құтылмайсың» дейді. «Жарайды» деп Қарт қалады. Олар ұзағаннан кейін, Күлшебайдың қолын таңып, мойнына асып береді. Содан екеуі түн ортасында колхоз орталығы Байқошқарға жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп келді.

Ел у-шу болып, ертеңінде өлген адамдарды жинауға шығады. Ең алдымен колхоз бастығы Әлиасқаров Әбдікәрімді табады. Өлтіріп, етін кесіп, аузына тістетіп кеткен екен. Бұдан кейін Шәйкенді табады. Оған келсе, бас бейнесі соққыдан дүңгіршек сияқтанып кеуіп кеткен екен. Әлиасқаровты колхозға әкеліп таза арулап қойды. Шайкенді Көкталға, өз колхозына жерледі.

Біздің жүйрік биеміз жау қолында кете барды. Осыдан қашқындар Қытайға қарай ойысып, Аягөз қаласын басып өтіп, төрт қатар болып, ортасына көшкен елін алып, қатар түзеп жүреді. Соңдарынан отряд шығып, қуады. Бұл кезде қашқындар Қытай шекарасынан әрі он шақырым бойлап, аман-есен өттік деп, думандатып жатады. Осы кезде отряд қуып жетіп, қоршап алады. Қашқынның басшысы Ике деген кісі атын шылбырынан босатпай отырады екен, атына міне салып қашып құтылады. Басқа қашқындарды шекарадан қайта өткізіп, елге әкеп, алдарына салып әкеткен жылқымызды өз қолымызға тигізді. Жағдай біршама сабаға түсіп, колхозда егін салу үшін Бақанас өзенінен тоған қазатын болдық. Тоған қазу жұмысына Мағауия Құрымбайұлы және Сыйырбай Жігітекұлы деген кісілер басшылық етті. Тоғанның көмейін Мысық деген қыстаудың жоғарғы жағынан алды. Бұл кезде жұрт су келетін жолда егін салуға кірісті. Ақыры егін салу да бітті, тоған да қазылып болды. Қазақтың бір әдеті: егін бітісімен әйелдер барлық үйде ыдыс біткенге су толтырып дайындайды, ондағы мақсат құдайдан жаңбыр тілегені. Жауын болса, егін болады дегені. Енді үй басында дайындалған суды еркектер соқаны бітіріп келгенде, білдіртпей төбесінен құя салады. Еркектер де қарап қалмайды. Өзен таяу болса, бірін-бірі өзенге тоғытып, ойын жасайды.

Ауылда жаңа түскен жас сұлу Мәкен деген келіншек бар еді. Әлгі келіншек қолына бір шелек су жігіттерге жүгіріп келе жатқанда, төрт жігіт ат үстінен көтеріп алады. Сұлу қатты бұлқынғанда, жігіттердің қолынан сусып кетіп шалқасынан жығылып, талып қалады. Әбден қызған ойын сап тыйылды. Бір сағаттан кейін ғана келіншек есін жиды. Бірақ осыдан кейін ойын жалғаспады. Қазақтың ерте кезде осындай ойындары болушы еді. Бұл күнде мұндай ойын жоқ. Ертеңінде тоғанның біткендігіне арналған той болды. Ат жарыста жиырма аттың алдында Мағауияның көк айғыры келді (50 шақырымнан). Құнаннан тағы да Мағауияның көк құнаны келді (көк айғырдың баласы) екі аты қабат бәйгеден келгеннен кейін ол кісі мал сойып, елді жинап қайтадан той жасады, балуан күрестіріп, түрлі ұлт ойындарын қызықтадық.

Отызыншы жылы біздің елге Қазақстанның басшысы Елтай Ерназаров келе жатыр деген хабар жетті. Колхоз бастықтары қатты дайындалды. Ұмытпасам, тамыз болуы керек.

Ерназаров пәуескемен келді. Қасына еріп жүрген 4–5 атты солдаты бар. Артында еріп жүрген айғыры бар. Әбден үйреткендері сонша, соңдарынан қалмайды. Колхоз үш ақ үй тікті. Үш үйге үш қошқар әкеп сойды.

Ерназаров — ел басшысы, қой басшысы — қошқар сойылуы сондықтан десті. Біз үйдің жабығынан сығалап, қарап жүрдік. Аласа бойлы, сары кісі екен. Басында тақиясы бар. Колхоз басшылары құрдай жорғалап жүргенде, оларға айтыпты: «Келесі жылы осы уақытта келгенде, көгенде лақ, белдеуде бұзау қалмай, үкіметке өткізілсін. Өйткені, ел аса байып кеткен екен» депті. Осыдан бастап елдің қолындағы малдарын сыпырып ала бастады. Елге мал салығын басып салды. Мал таба алмағанына астық салығын салды. Орта шаруаның бір қойын бір кесе бидайға айырбастатты. Сегіз кесе бидайға сегіз қой берген адамдар болды. Бұдан кейін, кедей шаруалардың бес қойын, болмаса жалғыз сиырын, болмаса жалғыз биесін тартып алды. Бір есімде қалғаны: Үмітқазы, Үмітбай деген екі ағайынды жігіттің жалғыз саулы інгені бар еді. Соны балалары жоқта кәрі шешесінің қолынан ауданнан келген уәкіл Құлынтаев Рымтай жұлып алып жүре береді. Алыстан көріп қалған Үмітбай жүгіріп келе жатады. Сонда шешесінің айтқаны: «Рымтай, маңқа болған малдай бол, өртең шалған талдай бол, ақ үйіңе көк тігіліп, дегеніңе жетпей қал! Базарға барып атың өлсін, қайтып келіп қатының өлсін! Көтіңе тышқақ тисін, көзіңе пышақ кірсін! Тышқағың тыйылмасын, төсегің жиылмасын, аллау әкпар!» деді қолын теріс жайып.

Осы ерекше қарғыс сөз менің есімде қалыпты. Сол екі арада Үмітбай Рымтайдың артынан келді де, бүйрек тұсынан қойып қалды. Рымтай етпетінен түсті, қолындағы түйенің бұйдасын жұлып алады. Рымтай талып жатты. Одан кейін не болғаны есімде жоқ.

Сол жылы қыста еш адамда мал қалмады. Бұрынғы жинаған азық қысқа зорға жетіп, сүлдерімізді сүйретіп шықтық. Жаз шығысымен ел бір-бірлеп қашып кете бастады. Кейбіреулер ере алмайтын адамдарын тастап та кетті.

Ауылда бес жасар ұл бала күресінның күліндегі бидайды теріп жеп жүруші еді. Бір күні әлгі бала жоғалып кетті. Ауылдан үш шақырымдай жерде үш ағайынды жігіт жеке үйде тұратын. Жұрт соны барып тінтсе, баланың жарты еті мен басы шығады. Үш ағайынды жігітті керегесінге таңып тастап, үшеуі сол күйінде өлді.

Осыдан кейін қалған елдің бәрі қашып кетіп қалды. Колхоздың орнында әкем, шешем, әжем (әкемнің шешесі) — төрт-ақ адам қалдық. Әкем ауру болғандықтан, жұртқа ере алмадық. Бұл — отыз екінші жыл еді. Жан-жақтан үш-төрт адам жиналды. Бұлар Садық, Жөлкен, Қақсалбай деген ағайындар еді.

Осы үш адаммен бірігіп, өзеннен шабақ балық аулауға кірістік. Ол үшін екі қанат етіп тоқыған ақ шиді біріктіріп тігіп, екі шетінен екі адам, ортасынан бір адам ұстап, бір адам таязға шыққан балықты қайта қуып, судың шетіне таман, ыңғайлы жерге келгенде балықты шидің ортасына жіберіп, екі басынан құшақтап көтеріп алғанда, балық сүзіліп шиде қалады. Алғашқы кезде бір шелегі бірден ілігіп жүрді. Садық сол бетінде от жағып қайнатады. Қайнағаннан кейін, бетіндегі майын қалқып алып, балықты табаққа сүзіп алып жеп аламыз. Кешке үйімізге бір-бір шелек балық әкеліп тұрдық. Өзіміз бір айда семіріп алдық. Екі ай ішінде Балқыбек, Бақанас, Байқошқар үш өзеннің аяқ жетер жердегі балығын таусыстық. Осыдан кейін үлкеніміз Садық: «Тараңдар, әркім өлмес күнін өзі көрсін» деді. Мен біздің жиеніміз Қақсалбай екеуміз бірге қалдық. Содан екеуара ақылдастық, мен айттым: «Осы колхоз орталығын саламыз деп, колхозшылардың құйған көп кірпіші бар болатын, сол арада көп қара торғай ұшып-қонып жүр екен, соған барайық. Мүмкін, жұмыртқа табармыз» дедім.

Екеуміз жүгіріп, кірпіш үйген жерге келдік. Бір кірпішті көтеріп қалсам, қара ала торғайдың шүпірлеген балапаны. Шетінен ұстап, басын кесіп, қапқа сала бердік. Қап толғаннан кейін үйге апарып жүнін жұлып, ішек қарнын алып тастап астық. Майы жылқының майындай қазанның бетіне шығады. Балапандар тағы бір айға ырыздық болды. Үй-ішімізбен үйелменіміз кәдімгідей көтеріліп қалдық. Бұдан кейін Қақсалбай екеуміз тағы да ақылдастық. Үйреніп қалған қара ала торғайлар енді Үшқызылға таман ұшатын болды. Ойлап тұрсам Үшқызылдың орта қызылының басында бір үлкен қорым бар еді. Қақаңа сол қызылға барайық дедім. Ол кісі келісті. Екеуміз жүгіріп Орта қызылдың басына шығып, қорымға жеттік. Бір тасты көтеріп қалсақ, қарала торғайдың балапаны тағы да құжынап шыға келді, қуанып кеттік. Тағы да басын кесіп, қапқа толғанынша салып, бес-бестен отқа қақтап жедік. Одан бұлақ басынан барып жиырма балапан асып жеп, қалғанын үйге әкелдік, үй-іші тағы қарық болып қалды. Осымен он бес күндей тамақтанып

жүрдік. Екі-үш күннен кейін Бақанасты құлдап, Күнтимеске дейін балапан іздеп барсақ, қаздың жалғыз балапаны жүр екен. Қанаты әлі өспепті. Екеуміз өзеннің екі жағымен қуып отырып, тұйық түбекке дейін әкеп, бір таяз жерде ұстап, бауыздап бір күн азық еттік. Енді қысқа қарсы әкеміздің ерте уақытта жер астына, әбдіреге тығып қойған бидайы бар екен. Сонымен шешем екеуміз қыстан шықтық. Әкем Бекмағамбет пен әжем Бәкізе қайтыс болып кетті.

33-жылдың жазында қашып кеткен елдің өлгенінен қалғаны келе бастады. Олар келісімен жан басына айына бір килограмм көкнайза беріп, адамдар түзеле бастады. Күзде шаңырақ басына бес қой, бір биеден берді. Екі жылға дейін өсіріп, қайта колхоз ұйымдасамыз деді. Осыдан бастап қалыпқа келдік. Аштық уағында елдің тігілген үйі ішіндегі мүкамалымен, сол қалпы қалып еді, шіріп, тозып кетті. Сай-сала, өзен бойында аштан өлген адамдардың сүйегі шашылып жатыр. Соларды ауылдың ендігі үлкені Мағауия ақсақал жинатып, түгел көмдірді. Аз-маз ес кіргенде түгендеп қарасақ, Керей, Қожакелді дейтін әулеттің үш жүзге тарта шаңырағы, шамамен мың жарым кісіден бірер жүз адам ғана қалған екен…

«Жұлдыз» журналы, 1992, № 4.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 79–86 бб.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

ӘКЕМНІҢ ӘҢГІМЕСІ

Өз өмірін мінезіне жеңдірген, бірақ тағдырын өзінің қолында ұстаған әкем Құдакелдінің тауқыметті ғұмыры маған дәл осы уақытқа дейін шым-шытырық оқиғаға толы қиялдағы елес сияқты ғана көрінетін. Бірде тез тұтанып, бірде тез мұңая қалатын, өзінің бас еркіндігін бәрінен жоғары қойып, жүргізушілерге тәуелсіз боламын деп көлікке мінбей, қарға адым жерге де, алыстағы ауылға да салт атпен баратын әкемнің бұл мінезінің біраз сырын сол кезде сезсем де, шынайы еркіндіктің адамға қандай қажет екенін енді-енді түсіне бастадым. Зады, сол қиянқылығы, қазақша айтқанда, бас асаулығы жасынан-ақ бар болса керек, дүние бір төңкеріліп түскен жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызын-

шы жылдардың басында Құдакелді Жұртбайұлының басы — алланың добы болып, тағдырдың қарадүлей құйынының жетегінде кете беріпті. Сол құйын-тіршілік дүниеден қайтар кезінде ғана басылып, өмірінің соңында, алпысыншы жылдары ғана тыным тапты. Мен бұл тауқыметті «Жер-бесік» атты романымда уақыт межесін он бес-жиырма жыл кейінге шегеріп барып баяндап едім. Сонда айтылмай қалған, айта алмай қалған бір жай — ашаршылық тұсындағы басынан кешкен жансебіл азабы еді. Соны тірі куәнің бірі ретінде әкемнің аузынан баяндап бергім келіп отыр.

Тағдырдың қай құқайы екенін кім білсін, менің әкем отызыншы жылдың басында Алматының түрмесінен бір-ақ шығыпты. Онда өзінің айтуы бойынша, сегіз-тоғыз айдай жатыпты да, шамамен, қыстың аяғына — ақпан айының ортасына қарай ебін тауып қашып шығыпты. Тәп-тәуір можандық, етікшілік өнері бар еді, зады, сол түрмеде жүріп үйренсе керек. Бұл жөнінде бізге қазбалап айтпады. Тек 1964 жылдың аяғында менің әкем Алтай өлкесінің шекарасынан Абай ауданының Шаған ауылына түпкілікті қоныс тепті. Топырақ та сол арадан бұйырды. Бұл — оның өмірінің соңы, әрі жаймашуақта өткен мамыражай жылдарының бірі болды-ау деп ойлаймын. Шешеміз елуінші жылдардың соңында дүниеден қайтып, сүйегі жат жерінде қалды. Шекараны арлы-берлі сапырып, біресе оның, біресе мұның түрмесіне қамалған әкеміздің тағдырына қарағанда мұндай жайға онша таңданудың реті де жоқ. Оның барлығын тәмсілдеп жату мүмкін емес. Тағдырдың сыйы мен тауқыметі деген бір ауыз сөзбен қайырсақ, ар жағын қазбалап жатудың қажеті жоқ шығар. Өйткені бұл сол кездегі әр үйдің, адамның басына түскен сарсаңнан айырмашылығы шамалы. «Алашордашылардың» демеушісі болған, Семейдегі үлкен істердің айналасында жүріп, Халел Ғаббасов, Шәкерім қажы, Зият Шәкерімұлдарының ұранына демеу берген, С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» қаралай айтылған Ике Әділұлының отызыншы жылдары Қытай жерінде жүрген кезінде Құдакелдінің ағасы Райбайдың үйін сағалап тұрғанын, НКВД-ның тыңшылары сол жаққа жасырын барып Икені алып кеткенін ескертсек, біраз жайдың жөні аңғарылады. Нақты неге кінәлі болғанын әкеміз бізге айтпады. Бірақ та: «Қинамайды түрмесіне жапқаны, Қинамайды атқаны. Қинайды тек өз итімнің, Балағымнан қапқаны» деген Ақаңның — Ахмет Байтұрсыновтың өлеңін сәл өзгертіп жиі-жиі

айтып отыратын. Кейін олардың («Алаш» азаматтарының) жөнін бір рет сұрап қалғанымда, үндемей қойды да қайтып біз отырған жерде олардың атын атаған емес. Жалғыз ұлын «пәледен» аулақ ұстайын дегені болуы мүмкін.

Жә, бұл — өзге өзекті әңгіменің арқауы. Ашаршылыққа қатысты әңгімені сол 1964 жылы желтоқсан айында естідім. Атамыз Райбайдың қызы Түбітқан апай ұзатылып, алыстан арып-ашып келген құдасына сәлем бере келген Рамазан Жалбағайұлы екеуі өткен-кеткенді әңгіме етіп отырды да отызыншы жылғы ашаршылыққа көшті. Екеуі: «Ой, алла-ай, соны да көрдік-ау. Одан да аман қалдық-ау» десіп отырып, әкем өз өмірінің бір қиын тұсын баяндап кетті. Бұл арада бір қызық жай бар. Оны әңгіме барысында аңғарасыздар. Әзірге ілгері озбай-ақ қояйын. Сонымен, әкем түрмеден қашып шықты. Ендігі сөзді әкемнің аузынан қалай естідім, дәл солай баяндаймын.

Құдакелді Жұртбайұлы шайын ұрттап қойды да, сарсүйек құдасы Рамазанға қарап қойып, сәл еңкейіп барып сөз бастады:

— Е, сарсүйек, бұл қу бас нені көрмеді дейсің. Түрмесін де, түнегін де, істігін де, штыгін де көрдік қой бұл өкіметтің. Соның бәрінен маған батқаны отыз екінші жылғы ашаршылық болды. Өз басымыз аман қалды демесең, ол көріністі еске алсам әлі де тұла бойым түршігеді. Несін сөзбұйдалайын, аласапыранның уақыты. Аяқ астынан әскердің қолына түсіп, Алматыға айдалдым. Ақ па, қызыл ма, қайдан білейін, әйтеуір қара орыстардың (казактардың) қылышынан қан тамып тұрған кез. Ептеп өштігім қозса керек. Бірақ адам қанын мойныма жүктегенім жоқ. Істі болдым да шықтым. Түрмедегі қорлықты айтпай-ақ қояйын. Оның өзі солай болуы да керек қой. Қазіргі тоқшылық заманда да абақтыдағылардың жағдайы мәз емес шығар. Әліпті таяқ деп білмейтін адамнан не саясат шықсын. Малдың бәрін тартып алған. «Ақ сиырдың» көтерілістері бұрқылдап тұрған кез. Тағдырдың желі қуып жүріп түрмеден шықтық.

Онда тоғыз айдай жаттым. Саясаттан хабарсыз болғандықтан ба, біраз адамды абақтыдан сыртқа шығарып, әр түрлі жұмыс істетеді. Қыс түсе бастағанда-ақ түрменің маңына қайыршылар жинала бастады. Біз олардан бірдеңе дәметіп жүрсек, олар бізге келген адамдардан қайыр тілеп жүр екен. Елге аштық кіргенін содан білдік. Түрменің қара жұмысы, қара нан, қыс бойы соны қағажау еттік. Сөйте жүріп үш жігіт, үшеуміз де жиырманың ішіндегі жас

едік, тіл табысып, «кампан» болып алдық. Қолға түскеннің бәрін бөлісеміз. Бірі Қаратаудың, бірі Ақсу-Сарқанттың азаматы еді (Аттарын есімде сақтай алмадым — Т.Ж.). Қыс ортасында түрменің айналасына үйіліп қалған, аязға қатып қалған аштардың денесін шанаға салып, өзеннің жағасындағы жарға құлата береміз (Ол ара қазіргі Сайран жағажайының орны болса керек). Әуелгіде зәреміз ұшып, бүйтіп өлгенше түрмеде жүргеніміздің өзі жақсы екен деп тәубе еттік. Осылардың кебін құшарымыз анық қой. Келе-келе ет үйренді. Бізде қай бір жетіскен киім бар дейсің. Әлгі аштан қатқандардың тәуір киімі болса шешіп алып, етік-байпақтарын киіп, өлместің күнін көрдік.

Алматыда жылымық ерте басталады екен. Ақпанның басында күн жылт ете қалып еді, әлгі өліктер ырсиып-ырсиып шыға келді. Ит екеш иттің де адамды басынғанын сонда көрдім. Адамның сүйегін кеміріп жатады. Қасына барсаң өзіңе ырылдап, сес көрсетеді. Үшеуміз бұл қорлықтан қатты қапаландық. Содан итке жем болмайық деп қалайда қашуға бекіндік. Ептеп азық-түлік, киім-кешек жинастырдық. Қойшы, ішіңе түскен ой кеміріп жеп бітеді ғой. Бір күні кешке қайтқан кезде әрқайсымыз үйіліп жатқан өліктердің ортасына жасырынып барып жата қалдық. Күзетші іздейді ғой, бірақ та, теңкиіп-теңкиіп жатқан өліктердің ортасына келуге дәттері шыдамайды. Түн ортасы ауа үшеуміз дыбыс берісіп, бас қостық та, аштардың дауысына сап тамақ сұрап, ыңырсып жүріп, Серкеш шыңын бетке ала тау сағалай жүрдік. Таң ата қалың ағаштың ішіне кірдік те, жатып қалдық.

Сол арада мынадай байламға келдік. Бәрібір ауылға жете алмаймыз. Онда бізді сағынып отырған ешкім жоқ. Темір жолға барсақ, сақшылар ұстап алады. Қысты күні жолсызбен жүру қиын. Сондықтан да, не де болса, Серкеш шыңының бауырына барып паналайық. Тау ішін ешкім тінтпейді. Жаз шыға бұйырғанын көрерміз дестік. Содан баспалап отырып, Алматыны орай, Серкеш шыңына бір аптадай жүріп жеттік. Қайда асығамыз? Жол бойы шәңкіш, долана, итмұрын, сарыағаштың жапырағын теріп, дорбамызға жия бердік. Кейде тиін, аққіс кездесе қалғанда, әлгілерді аулаймыз. Қауіпсіз деген бір шатқалға келіп, ағаштан қопын жасап, сонда орналастық. Ошақ орнаттық. Аштардан алған темір күрешке, шөңке, шәугіміміз, шырпымыз бар. Отты өшірмейміз. Алда қанша тауқымет бар. Оны да ойламасқа болмайды.

Күн сайын біреуіміз қостың маңында қарауылға қаламыз да, екеуміз қу тамақтың қамымен тау кеземіз. Жеміс-жидектің түйінін тереміз. Ұшқаттың жіңішке бұтасынан ағаш қақпан жасаймыз, кейін садақ та жасадық. Не жедің, не ұстадың дерің бар ма. Аю мен арқар атқамыз жоқ. Тышқан ба, құс па, жылан ба, таңдағанымыз жоқ. Бұйырғаны біздікі болды. Өмір үшін неге де болса барады екенсің. Үш жігіт ілдебайлап күнелттік. Жер әбден қарайған соң жолға дайындалдық. Ептеп өлместің азығын жидық. Көшкінде өлген аңның өлексесін қақтадық. Құстың жұмыртқасын талғажау еттік. Жуа, сарымсақ тердік. Жабайы адам не істейді, біз соның бәрін басымыздан кешірдік.

Сонымен, мамыр айының аяғында қопынымызды тастап шықтық. Алатауды бүйірлеп отырып, шығысқа қарай жүрдік те, бір өзенді сағалап, Алтынемілге бет алдық. Шындығын айтайын, үш жігіт болсақ та, жолға тақап жүруге сескендік. Жолдың шетінің бәрі өлік. Иісі мұңкіп, қолқаңды жарады. Оның үстіне адамдар әбден ашынып алған. Мерт етуі мүмкін. Ауыл тұрғындарынан да қайырым кеткен. Сондықтан жолдан он-он бес шақырым қашықтата жарыса жүреміз. Әйтеуір жаз күні ғой. Жуа, сарымсақ, саумалдық, рауағаш тердік. Жәндік көрсек бітті, оны олжаламай ілгері жүрмейміз. Бір-екі рет ауыл шетіне барып, енді ел көрместей күйге түстік. Үйіліп қалған өліктер. Қойшы, содан екі ай дегенде Балқаштың құмына іліндік. Киімнің борша-боршасы шықты. Аяқ тілім-тілім боп жарылды. Сол арада қаратаулық серігіміз: «Құмға іліндім, енді мен өз еліме Бетпақты сағалап жетіп алайын. Көріскенше қош болыңдар, қияметте де бұл достықты ұмытпаймын» деп рұқсат сұрады. Жыласып айырылыстық.

Қалған екеуміз тағы жылжыдық. Мен сол жолы көргенімді айтпайын, сен сұрама, сарсүйек. Кісі етін жеп есінен ауысқан бір адам біздің өзімізді торып, екі күндей зәре-құтымызды алды. Адамның жидіген шашынан қыл шылбыр өріп алыпты. Зады, сонымен шамасы жеткенді қылқындырып өлтіретін болуы керек. Әсіресе емшектегі баласын құшақтап өлген әйелдердің сүйегінің қаңқасын көргенде қасымдағы серігім еңіреп жылап жіберді де: «Мына жатқан менің әйелім мен балам болса қайтемін, Құдакелді-ау!» деп жерге отыра кетеді. Менің де қабырғам сөгіледі. Бойдақпын. Ондай уайым қыспағанмен де, ағайын-туыс, әке-шеше еске түседі.

Бірақ та олар шекарадан өтті дегенді құлағым шалып қалғаны бар. Сол дүрмектен қалмаса керек еді деймін ішімнен.

Менің таңғалғаным, сол босқан елдің бейшаралығы еді. Құдай-оу, Балқаштың көлінің маңында қырылғандар қаншама десеңізші. Әр қамыстың түбінде бір өлік. Етін балық мүжіп жатыр. Шіркін-ай, десеңші, балық адамды емес, адамдар балықты жесе, күнелтіп кетер еді ғой. Соған да қауқары жетпеген неткен дәрменсіздік. Оны көріп өзеннен су ішуден қалдық. Бұлақ пен құдықты іздейміз. Індет тарап кетеді деген қаупіміз бар. Қу үміт не ойлатпайды. Қойшы, ала жаздай арқа етіміз арша, борбай етіміз борша боп жүріп, күзге қарай Жоңғар Алатауының етегіне жеттік-ау. Енді Сарқант пен Ақсуды көздеп келеміз. Қыркүйекке таман әлгі серігімнің ауылына келдік.

Қауіп қайдан дерің бар ма. Ауыл толы белсенді. Ұстатып жіберіп отырғандардың өзі сол ағайындар ғой. Оның ауылы абыр-сабыр боп жатыр екен. Екі күндей ауылдың желкесіндегі биіктен бақылап отырдық. Серігім біресе әкесін, біресе шешесін, біресе әйелін көріп, елеңдеп қалады. Кішкентай баланы көрсе, өз ұлына ұқсатады. Әйтеуір қос көзі төрт болды. Екінші күні етекке таман түсіп, мен ауылдың тұсындағы қалың бұтаның арасына тығылып қалдым. Серігіммен сол арада қоштастым. Ондағы қимастық сезімді қалай жеткізесің. «Егер де ұзақ бөгелсем күтпе, менің қолды болғаным. Ал мына бұтаның қасына келіп үш рет қақырынсам, онда елдің аман болғаны» деді. Қас қарайған соң ол шеткі үйге жетті. Ар жағын аңдай алмадым. Түн ортасы ауғанша келмеді. Ауыл жақтан абыр-сабыры көп дауыс естіледі. Үмітімді үзе бастадым. Суық та қалтыратып барады. Одан үрей күшті, үрейден аштық күшті. Енді орнымды ауыстырып, қарсы бетке барып жаттым. «Кім біледі?» деген сенімсіздік орнады. Содан күдер үзілген кезде бір сыбыс шықты. Тыңдадым да жаттым. Белгілі бұтаның түбінен үш рет әйел дауысы естілді. Қозғалмадым. Бірнеше рет қайталады. Содан кейін ақырын ғана:

— Жолаушы! Сізге сәлем айтты серігің. Мен соның зайыбымын. Біздің ауыл аңдуда. Бірақ қазір арғы бетке көшуге қамданып жатырмыз. Сіз тезірек бұл маңнан кетіңіз. Құдай жолыңызды қылсын! — деп байыппен нақтылап айтып шықты.

Әбден көзім жеткен соң орнымнан тұрып, қасына бардым. Жағдайды қысқаша түсіндірді де, қолыма бір дорба тамақ ұсын-

ды. Киім де бар екен. Әлгі серігімнің әйелі: «Бары осы болды. Таудан төмен түспегейсіз. Мына Семей жақ тіпті қауіпті. Торуылшы көп. Алла дем берсін сізге» деді де кері бұрылды. Өксік кеудеме тығылып мен қалдым. Апыл-ғұпыл әкелген тамақтан асап-асап жібердім де тау сағалап таң атқанша жүріп отырдым. Бір төбенің басына барып тынықтым. Ертеңінде әлгі ауылдың орнына қарасам, өздері жоқ, тек жұрты ғана қалыпты. Сөйтіп, қияметтікке серт берген екі адаммен осылай мәңгі қоштастым. Тірі болса, олар да мен туралы осыны айтып жүрген шығар. Алла разы болсын.

Несін созайын, тура қазан айының аяғында Аякөзге жеттім-ау. Жолда қаңыраған қыстауларды паналап, қатқан сүйектерді қайнатып ішіп, аң-құстың, өлексенің етін қорек етіп жеткенімде, осы жерге жетуге неге сонша өзеурегенімді түсінбедім. Жұрт бір-біріне жауығып, қанын ішіне тартып алған. Ел жақтың да берекесі кетіпті. Әйтеуір, аштықта ар жүре ме, елдің жуындысын ішсең де қанағат. Содан есім барда арғы бетке өтейін деп бекіндім де, енді Тарбағатайды сағалап, Бақтыдағы шекараға қарай жүрдім. Жолай қар тізеден жауды. Тау алқымынан жүру мүмкін болмаған соң күнгей сағалап жүрдім. Бар жұбанышым, мұрнымды шүйірткен өліктердің иісінен құтылғаным.

Қыстың аты — қыс. Бұтаның түбіне, тастың ығына, маяның ішіне түнеп жүріп, шекараға да жеттім-ау.

Бірақ Тарбағатайдың иегіндегі Арқалық тауына күре жолды қиып өтіп бара жатқанымда тура шекараға бір шақырымдай қалғанымда алдымнан атқа мінген үш әскер шыға келді. Біреуі шауып келіп мылтықтың дүмімен бір ұрғанда, есім ауып қалды. Қайсыбір әл қалды дейсің. Көзімді ашсам, әлгі әскердің екеуі анадай барып үшіншісін шақырып тұр екен. Мені тастап кетейік, өзі де өледі, өлмесе — күнін көрсін дейтін болуы керек. Бірақ үшіншісі көнбеді. Есімді жиғанымды біліп, қамшымен сабап, шылбырына байлап сүйретіп, омбы қарда дедектетіп отырып Бақтының бекетіне алып келді. Желкеден бірді түйіп, абақтының ішіне кіргізді. Е, құда, орыстың құрығы ұзын ба, менің адымым қысқа ма, осылай тағы да Иванның апанына түстім. Ішке кірсем, бәрі де өзім сияқты сорлылар, ішінде анда-санда саптамалы, қапсырмалы етігі барлар кездесіп қалады. Олар шекараның арғы-бергі жағына зат таситын, сөйтіп жүріп қолға түскендер болса керек, — деді.

Сол кезде бағанадан үнсіз отырған Рамазан сарсүйек:

— Е, ол мылтықтың дүмі бізге де тиді-ау. Әлгі айтқан «кәнтарбаныңның» бірі мен боламын, — деді.

Әкем құдасына сондай бір жылыұшырай қарады. Қарады да аз отырып, әңгімесін жалғады:

— Содан әлгі абақтыда бес күн жаттым. Күніне бір кесе ыстық су береді. Екі күнде бір уыс кебек араласқан тары береді. Әлгіні бірден жемей, талмап қана, бір сағат бойы аузымыздың дәмін аламыз. Тәп-тәуір терші қалғандай боласың. Күн суық, боран ұйытқып тұр. Алтыншы күні таң атқанда сапқа тұрғызды да, Мақаншыға қарай айдай жөнелді. Қар дегенің белуардан. Аш-арықта не күш бар. Жолдың шетіне бұратылып барып құлай кетеді. Қызыл әскерлер аттың үстінде тұрып, қамшымен ары сабайды, бері сабайды. Оны көтере ме? Кейі сол күйде жантәсілім береді. Оны бізге жолдың шетіне ысыртады да, қармен бетін жабуға мұрсат бермей, айдай жөнеледі. Жолай талай өлікті басып кеттік. Аттап өтетін күй қайда. Әскерлер кейде нашарларды табан астында атып тастайды. «Жаны қиналмай өлді-ау, бейшара» деп кейбіреулер кәдімгідей жеңілденіп қалады.

Қойшы, содан күн ұзақ жүріп Бұғыбай деген бекетке келдік-ау. Бақтыдан ұзаса он шақырым ғана жер. Сол арада бір қора бар екен, әлгіге әкеп қамады. Аш адам бүйығып-бүйығып жата кеттік. Күн борап тұр. Бір кезде әлдекім дауыстап жіберіп: «Ей, мынаны қараңдар!» деді. Сөйтсек, жатқан жерінен темір тауып алыпты. Үш-төрт әлді жігіт дереу әлгі қораның арт жағындағы дуалды тесуге кірісті. Кезектесіп отырып қабырғаны тесті. Сырттағы боранның азынаған дауысы ештеңе естірте ме? Әскерлердің бәрі басқа үйде демалып жатыр. Күзетші сыртта. Ол да қайбір жетісіп тұр дейсің. Содан бір уақытта әлгі жерді тесіп, бір-бірлеп сыртқа шықтық. Келісім бойынша екі адам бірге жүрмейді. Әркім бет-бетімен кетеді. Сонда бірін ұстаса, екіншісі құтылып кетуі мүмкін деп уағдаластық.

Арада жарты сағат өткенде, ұзаса 300–500 метрдей жерге жетіп қалғанымызда, тарс-тұрс мылтық атылып, дүние астаң-кестең болды да кетті. Әр жерде айғайлаған дауыс, атылған мылтық, кім өліп, кім тірі қалды, айырып болар емес. Өзі аш адам, омбы қарда қанша алыс кете аласың. Бір уақытта менің де басыма қамшы үйірілді. Мылтықтың дүмімен қойып-қойып қалғанда аттай желіп

кетесің. Не дерің бар ма, біріміз аман құтылмаппыз. Санап-санап кіргізгенде, бәріміз де түгел екенбіз, бір-екі жаралы бар екен, оған да шүкіршілік еттік, сұлап-сұлап жата кеттік. Сөйтсек, шу мынадан шығыпты. Ең соңында үш жігіт қалыпты, солар мен бұрын шығамын мен бұрын шығамын деп таласып, соңында боқтасып, төбелесіп қалыпты. Керілді естіген күзетші есікті ашып қарап, атой салыпты ғой. Әлгі жігіттерді тауып алып, екі-үш әлді азаматтар оларды төмпештеп алды, — деген кезде Рамазан құда сөзге араласып:

— Осы айтқаныңның бәрі шын, қолмен қойғандай. Ал жаңағы үшеуін төмпештеп алғанның бірі мен едім. Сіздер сияқты түрмеден шыққан емес, жаңадан түскен кезім. Әлім бойымда еді, — деді. — Ойбай-ау, қырық адам шыққан тесіктен үшеуі таласатындай не жетпеді десеңші. Азапты ертеңіне көрдік қой, құда. Есіңізде ме, бір кесе қайнақ судан да айырылдық. «Қашатын кусыңдар ғой, ал, қашыңдар» деп әскерлер желкемізден мылтықтың дүмімен періп қалады. Жүре алмағандарды сабап-сабап тастап кетеді. Олар сол күйі боранда қатып қалады. Жүруге шамасы жоқ. Жолда теңкиіп-теңкиіп жатқан өліктің талайын көрдік-ау. Алпыс шақырым жердегі Мақаншыға жеткенде есімізді бір-ақ жидық. Анау бақшаның түбіндегі тері-терсек жиятын қоймаға қамады. Іші толған өгіздің терісі екен. Пышақты жанып-жанып жіберіп, өгіздің шат майына, шелін сылып алып, қойманың үстіндегі шілікті сындырып, от жағып, әлгіні қақтап жедік. Әй, сол құйқаның дәмі әлі аузымда, солай ма, құда? — деді Рамазан сарсүйек әкеме қарап.

Әкем сәл үнсіз отырды да:

— Әй, сарсүйек, мен сол өгіздің терісінен дәм тата алмадым. Егер де айдауылдан қашып құтылмасам, өлетінімді білдім. Әлім бітіп, титықтап қалып едім. Қалайда қашуға тырыстым, — деп әңгімесін сабақтады. — Қалай екенін білмеймін, ел өгіздің терісін шелдеп от жаққан кезде мен есік жақты сағалай бердім. Түтін бұрқырап, қойманың іші көрінбей кеткен соң есікті ашты ғой. Сыртқа түтін лап етіп шыққанда, мен де есіктің қайырмасына қалай жасырына қалғанымды білмедім. Күзетші түтіннен қашып, әрі таман барып тұрды. Сол кезде ақ шәлі тартқан бір әйел жанап өте берді де, жапсарда тығылып тұрған мені байқап қалды. Қолында ақ бидоны бар. Шырайлы адам екен. Әлгі күзетшінің қасына барып әзілдесіп тұрды да оны өзіне қаратып, әрі қарай

баспақтай берді. Сол кезде мен жалт беріп, әлгі қойманың артына қарай зытып бердім.

Сөйтіп, бірден базарға тарттым. Кісі көп, ішіне сіңіп кетесің. Екінші, таныс кездесіп қалса, өзегімді жалғармын деген ой келді. Аш-арық өліп жатқан адамды шанамен сыртқа әкетіп жатыр. Соның біреуі боп мен де кетемін-ау деген ой еміс-еміс келеді. Базарды үш айналып шықтым. Әлгі ақ шәлі тартқан әйел сонда келіп, айран сатып тұр екен. Жанына жақындап барып бұрылып кетем. Үшінші рет жанай бергенімде жанына шақырды да: «Жаңағы сенсің бе?» деді. «Иә» деп басымды иедім. Өзгеге білдірткісі келмеді ғой деймін: «Ей, осы сенің ақшаң жоқ қой. Бірақ та, осыны түгел ішіп кете алсаң, ақысын алмаймын. Іше алмасаң — киіміңді шешіп бересің» деді. Ақ бидонды бас салдым. Айранды төгіп-шашып құнығa сіміре бастадым. Бір кезде көз алдым қып-қызыл боп қанға тұнды да, теңселе бердім. Сақалым қан сияқты көрінді… Есімді жисам, бір жылы үйде жатырмын. Сөйтсем, аш адам әлсіз келеді емес пе, зорыққаннан мұрнымнан қан заулай жөнеліпті. Біраздан кейін әлгі ақ шәлі тартқан әйел кірді. Біраз үнсіз отырды да:

— Ей, сорлы-ау, байқап-байқап ішпейсің бе, мен сенің киіміңді қайтемін. Біреу-міреу күдіктеніп, сені тағы ұстап әкетпесін деп алдартқаным емес пе. Біз де түсінеміз. Менің де аға-бауырым босқын боп жүр. Арғы бетке кеткені бар, айдалып кеткені бар, солардың біреуін кезіктіріп қаламын ба деп базарға барып тұрамын. Табыс үшін емес. Осында бір белсендіге сен сияқты жүдеп жүріп тап болдым да, тұрақтап қалдым. Оларға тамақ табылады ғой. Ол өзі қазір Аякөзге жиналысқа кетті. Осында екі-үш күн демал. Жаңа сен есіңнен танғанда туысым еді деп үйге әкелгіздім, — деді.

— Е, құда, сол бір мұңлық әйелді маған мына балалардың көз жасы үшін кезіктірді-ау. Несін жасырайын, басымнан кешкенімді әлгі әйелге түгел айттым. Жылап отырып тыңдады. Бір апта жатқызды үйінде. Киімімді жамап, әлгі белсендінің ескі киімін берді. Кәдімгідей әлденіп қалдым. Бір күн көшеге шығып келді де: «Бүгін кеңсесіне хабар беріпті. Күйеуім ертең келмекші екен. Ол белсенді сені ұстап беріп жүрер. Бүгін түнде жолыңды тап» деді. Содан екі бөлке нан, талқан, бидай берді. Содан кейін арғы бетке өттім.

Онда да шеке қызып тұрған жоқ екен. Мына Қарауылда тұратын Зекен мен Жаңылханның әкесі екеуміз тағдырлас-тамырлас болдық.

Біреуімізге бір қап бидай, біреуімізге бір сиыр бітті. Екеуміз былай деп келістік: ол сиырын, мен бидайды бір қысқа азық етсек, жазда ол да, мен де аш қаламын. Одан да сиырды сойып, бидайды жазда егейік деп келістік. Жаз шығып, әйтеуір, өлмес күнді көрдік. Көлік жалдап жүріп, егін ектік. Сөйтіп, көшке ілесіп кеттік. Ой, Алла, сол ашаршылықтан аман қаламын деп кім ойлаған. Бір әйелдің қамқорлығының арқасында бір бұтақ аман қалды, — деді күрсініп.

Сарсүйек сәл үнсіз отырды. Әлгі әйелдің қайырымдылығын ойлаған мен де бұрышта отырып жылап алдым. «Шіркін, сол адам қайда екен?» деген ой мазалай берді. Сол кезде әкем:

— Е, құда, әлгі айдалудан өзің қалай құтылдың? — деді.

— Әлгі қоймадағы өгіздің құйқасы тәп-тәуір әл берді. Сол күні еру болдық. Әскер де ауысты. Әлгі қоқандаған қулардан құтылдық. Оның үстіне, әскерлердің біразы жаяу әскер еді. Бізбен бірге олар да біраздан кейін титықтап қалды. Өзіңіз білесіз ғой, біреу қашамын деп ыңғайланса-ақ болды, әлгі тұтқындар үздік-создық жүріп, алдыңғысы ұзап кетеді де, соңғысы баяу жүреді. Сол кезде қардың шетіне қарай аунай кетесің. Қарға көмілген соң-ақ әлгі тұтқындардың біреуі белгі береді. Сол кезде соңғылары жүгіре жөнеледі. Әскерлер де қоса жүгіреді. Сол әдіспен мен Науалыдан асқан соң қашып құтылдым. Содан шекарадан бір-ақ өттім. Өткен кезде, сарсүйек, сіздің ағаңыз — менің келінімнің әкесі — бір мылтығымды, бір биемді, ер тоқымымды бәсіреге алды. Құдайым сол кезде осы құдалықтың ретін келтіріп тұр екен ғой. Тағдыр сонымен тауқыметінен айырды ма? — деп әкеме қарады.

Менің ойымша, бұл әңгіме менің әкемнің көп көрген тауқыметінің бірі ғана еді. Қалғаны дербес әңгіме, мүмкін, менің «Жер-бесік» атты шығармамды оқығандар одан аздап мағлұмат алар деп ойлаймын. Бұл арада ашаршылыққа қатысты әңгімесін ғана тілге тиек еттім. Қатты таң қалдыратыны — адамның өмірге деген құштарлығы. Екінші жаңағы ақ шәлі тартқан әйел сияқты өзі де тағдыр тауқыметіне түсе жүріп, адамгершілік сезімді сақтай білуі. Әкем бұл әңгімені:

— Е, Рамазан құда, мен бір тағдырдың қаңбағы болдым ғой, сол бетімше арғы бетте екі-ақ жыл тұрып, тағы да бері өттім. Ол кезде Талдықорғанның Сарқант, Ақсу өңірінде ұзатылған әпкем бар еді, соны сағаладым. Одан екі жыл өткенде, отыз жетінің ойраны басталып келе жатты, — деді де сол күнгі әңгімесін аяқтады.

Бұл әңгімені не деп қорытуға болады? Бәрі де тағдыр шығар. Халықтың басына түскен нәуметтің бір куәсі болған әкемнің әңгімесін ұрпаққа жетсінші деп емес, сондай мүсәпір күйге түскен ел-жұрттың азабын жеткізу үшін жаздым. Ашаршылықтың аузына иманы түспей, көзі жабылмай қалған үлкенді-кішілі құрбандарының топырағы торқа болсын!

«Жұлдыз», 1993, № 9.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 150–162 бб.

Кәмел ЖҮНІСОВ

КӨҢІЛ ҚАЯУ

Халқымыздың өткен жолына тереңірек көз жіберу, уақыт талабына орай жаңаша ойлау — қайта құру, жариялылық орнықтырып жатқан жақсылықтар болып табылады. Сондықтан да батылырақ ізденіп, көмескі нәрселерге үңіле түсесің. Қолдан жасалған «табыстар» мен «жетістіктердің» тасасында халықтың ашаршылыққа ұшырағаны, тіпті кейбір ауыл, аймақта қыбырлаған жан қалмауы ақиқат шындық екенін енді ғана айта бастадық. 1932–1933 жылдары Қазақстанда болған қайғылы қасірет көктен түскен нәубет емес, шолақ ойлы басшысымақтардың, жандайшаптардың тікелей «қызметінің» нәтижесінде болған зобалаң еді. Жергілікті халықтың тіршілік-тынысын ескермей, бүкіл ауыл-аймақты қияметке тап қылған жандайшаптардың өресіздігі мен тышқан тірлігі жаныңды жаралайды. Бүкіл Қазақстанды қамтыған сол бір зұлмат зобалаңнан сырт қалған ауыл жоқ десек, бір ғана ауданның бастан өткерген қияметі арқылы көп жайды аңғаруға болады. Мәселен, біздің қолымыздағы Шет ауданына (қазіргі Жезқазған облысы) қатысты деректер жан түршігерлік. Сарғайған қағаздардан талайдың көз жасын көргендейсің. Архив деректерінің айтуынша (Қарағанды облыстық архиві, Р 5, тізбе 1), 1932 жылдың бас кезінде Шет ауданында 36 568 жергілікті тұрғын болған. Ал осының алдында ғана, ірі байлар кәмпескеленгеннен соңғы, 1930 жылы жүргізілген санақ бойынша жұрт қолында қалған мал саны — 107 832 бас екен. Ал 1933 жылы осыдан 1752 бас қана мал қалыпты. Бұл — «Аша тұяқ

қалмасын, асыра сілтеу болмасын!» деген ұранның қалай жүзеге асырылғандығының нақты дәлелі тәрізді.

Малынан айырылған жұрт жаппай қырыла бастайды. Архивтің куәландырыунша, осының нәтижесінде 1933 жылы Шет ауданында небәрі 5021 адам қалыпты.

«Қойтастың асуы маңында тау-тау өлік жатты, келер жылы шөп шабу науқаны кезінде Сарыөзектегі адам қаңқасы шалғы салдырмады» дейді үлкендер.

Аудан орталығы маңында мың адам көмілген шұңқыр бар. Мыңдаған адам жол бойы сай-салада ит-құсқа жем болып көмусіз қалды.

Ел басынан өткен жан шошырлық жағдайлар әлі де көптің жүрегін дүрліктіреді, қариялардың көзіне жас үйіреді.

Қарт ұстаз Сухибек Әбдірахимов 1930 жылы 8-ауылға қарасты Бұғылыда 150 үй болғанын, 1934 жылы жетім- жесірді жеке үй санағанда 37 ғана үй қалғанын, 8-ауылдың адам саны жетпегендіктен 4-ауылға қосылғанын айтады.

Ауылдағы еңбек-соғыс ардагері Қапас Жанасылов бір ғана ұзыны 10–12 шақырым Манақа өзенінің екі жағынан 5-ауылға қарасты 7 атаның баласы 1932 жылы үрім-бұтақсыз құрып кеткенін санап берді. Соның ішінде 20 түтіні бар Көкек ауылының орны таза тып-типыл. 10-ауылға бөлінген Шет жұртының басқа жақтарындағы жағдай да дәл осындай болған…

«Жұлдыз» журналы, 1989, № 2.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 239–244 бб.

Халық СЕЙІТКЕМАЛОВ

ҚАРҒЫС ҚҰТҚАРМАЙДЫ

«Бір үй аш болса, бір ауыл ашығады, бір ауыл ашықса, күллі ел ашығады» дейді екен бұрынғылар. Рас сөз. Қазаққа қанды аузын салған ашаршылықты көзбен көрген біздер бұл аталы сөзді қапысыз ұғамыз.

Аштықтан арығы жетіп тұра алмаған шал-кемпір, жас бала қамаулы қалпында қорада өлді. Өмір мен өлімді таластырып,

жан ұшырып жүріп кеткендер жолда өлді. Бірінің бетін бірі топырақпен жабуға шамалары келген жоқ.

«Аштан өлген адамның моласы жоқ» деп, бірінің үстінен бірі аттап өтіп жатты. Қазақстанға Орталықтан Голощекин дейтін бір сұм келіп еді, жай жатқан елді жайратып, астан- кестең ғып шұбыртып жіберді. Ана салық, мына салықпен мал таусылды. Егін салмаған жұртта астық бола ма, ертең келіп белсенділер айдап кетеді деп кейбіреу жалғыз сиырын сойып тастады. Аштықтың қармағына ертерек ілінгендер түтін шыққан үйді аңдитын болды. Есік ашпағандардың есігін бұзып, терезесін қиратып кіріп, талап жеп кетушілер көбейді.

Қарға, сауысқан, торғайға дейін ештеңе қалған жоқ, садақпен атып, дұзақпен ұстап, талғажау қылды. Қылқұйрық тышқанды да ініне су құйып ұстап, жеп тауысты. Қорадағы ит те бір түнде жоқ болып кететін болды, бірінің итін бірі сойып жеп, «көргеміз жоқ, білгеміз жоқ, олда-білде» деп отыратынды шығарды. Аштық адамгершілікті де шет-пұшпақтан тонай бастады.

Еті тірі еркек баласы бар үйлер таудан сым дұзақпен қоян аулап, жуа теріп жеп, аштықты мойындай қоймады. Бірақ бір кеселі, түнде бірінің дұзағына түсіп жатқан қоянын бірі ұрлап, арты қырғын төбелеске шауып, ақыры кісі өліміне дейін барды.

Қақпанмен суыр аулайтындар табылды, ауыл маңында суыр жоқ, олардың өсіп-өнген жерлері — итарқасы қиянда. Оған барып, қақпан құрып қайту, жаяу жүрген аш-арықтың қолынан келе бермейді. Суырдың мекеніне бір жетіп алған аш-арықтар, көпке дейін қайтпайды, сол жерде, жапан түзде жатып аулайды. Суыр ұстай алмаса, әрине, сол жерде аштан өледі. Менің Шәкен атты ағайынымның есейіп қалған екі баласы да таудан сым дұзақпен қоян аулайтын еді. Бір күні екеуі де таудан қайтпады. Сол жоқ болғаннан жоқ болып, із-түзсіз, хабар-ошарсыз кетті. Шешесі де екі бірдей баласының қайғысынан, бір жағынан аштық меңдегеннен дүние салды. Тауға әкесі жете алмады, үйінен шыға алмай, аштықтан әлі кетіп, ыңырсып жатқан жандар не хабар айта алады?!

Арын дейтін көршім балаларын қораға қамап, өзі қаңғып кеткен екен, ауылдан көп ұзамай-ақ бір бұтаның түбінде өліпті. Балалары қорада қамалған күйі жан тәсілім етіпті. Бұдан біраз күн бұрын әйелі күресіннің үстінде өліп жатыр деп жүрді көршілері. Аштан өлгендер, келе жатқан бетінде жығылса болғаны, өздігінен тұра

алмай, сол бетінде қалатын көрінеді, мұндай сұмдықты көзіміз көрді.

Әлім барда наны бар жерге жетіп жығылайын деп, мен жолға шықтым. Бұл ауылдың қыстауы үлкен жолдың үстінде болатын. Ауылдан шығысымен жолдың екі жағы ылғи сұлап жатқан киімшең адам. Жанына жақындап келіп байқасам, кейбіреулердің жаны бар, есі түзу, орындарынан тұра алмайды. Көбінің жаны жоқ, иістенуге айналыпты.

Талай бірге жүріп, бірге өскен жігіт ағалары да, көк өрім жастар да кездеседі. Жол аузында көлденең түсіп, құлап жатқан бір адамға үңіле қарасам, таныс. Жасы кіші болса да адамшылығы артық, жолдасшыл, серік болуға тұрарлық Сәтжан екен.

— Ойбай-ай, сен Сәтжансың ба? — деп бас салдым.

Бір торсық таза су мен бір торсық түз құртым бар еді үйден ала шыққан. Бір тостаған су мен түз құрт ішкен соң Сәтжанның тілі шықты. Әбиұлы Сәтжан Қотыраш ауылының ардақты азаматы еді.

— Сақыш балаларды алып, шөпті көлге жетсек өлмеспіз деп, бұдан он шақты күн бұрын кеткен. Онда балықшы туыстары бар. Оған жетсе, өлмес еді, жете алмай жолда жазым боп кетті ме деп қорқамын, үшеуінің ортасында бір-ақ торсық шалап көже бар. Өзім кемпір-шалға айналып шыға алмадым. Біздің әкей жетпістен асып кетті ғой, апам да одан көп алыс емес. Сол екеуін ала шығайын деп, соларға қарайлап, өзім әлсіреп қалдым.

— Иә, енді неге ала шықпадың, олар қайда?

— Ала шықтым ғой, аштықтан әлі кеткен адам жүре алмайды екен, жолшыбай қаза болды. Солардың бетін топырақпен жауып, жер қойнына тапсыру мені қалжыратып кетті. Біз секілді босып келе жатқандар көп-ақ, бірақ көмектесерлік ешкімнің шамасы жоқ. Мына қанжармен солардың қабірін үш күн, үш түн қаздым. Көрдің-бе, мынау үш қарыс қанжар еді, содан бір-ақ тұтам қалды. Босып кетіп бара жатқандардың кейбіреуі: «Мынау аштықтан жынданған екен» дейтін болды. Мен «әкенің күшін, ананың сүтін ақтаймын» деп қабір қазып жатсам, олар мені «жынданған шығар» дейді. Ал өзің қайда тартып барасың, босып бара жатқан көп аш-арықтың бірімісің, жоқ, маңдай тірейтін бірдеңең бар ма, балалар қайда, жеңгей қайда?

— Мен де өзіңдей босқынның бірімін, көздеп бара жатқаным — өндірісі бар жер. Өндірісі бар жердің наны болады ғой. Дүниеге

жарық көремін деп жаңа келген сәбилерді аштан өлтірдік, енді біз көрде де тыныш жата алмайтын шығармыз. Бақытсыз елдің бастығы зұлым болады деуші еді, «бір зұлым келді де, әдейі апатқа ұшыратты» деген арызымызды қай құдай мақұлдайды? Сонда сол құдай айтпай ма: «Сендер өздерің қайдасыңдар?» деп? Баққұмар мансапқорлықпен, айтыс-таласпен жүріп, басшыларымыздың ел қамын ойлауға қолдары тимеді дейміз бе? Шынында да, осыдан басқа айтарымыз жоқ та шығар.

«Аштан өлген кісінің моласы жоқ» деп біліп айтқан екен. Шынында, мына киімшең сұлап жатқандар көмусіз қалады ғой. Бұларды жиыстырып, беттерін топырақпен жабатын ешкім табылмас. Мүмкін, бұлардың жаппай қырылуына себепкер болып отырған өкімет басындағылар ауру, індет тарап кетпес үшін бірдеңе қылатын болар.

Белінде қарала күміс белбеуі бар сұлап жатқан бір адамның қасына тоқтай қалдым.

— Ойпырау, мынау Әбжан ғой, — деп, кеудесіне құлағымды қойсам, демі біткен екен. — Сәтжан, мына жатқан — әрі ардақты, әрі атақты Әбжан. Мұның аты алты алашқа жайылған адамшылығымен, әділдігімен, шежіре-шешендігімен, қиянатты қағып тастайтын батырлығымен, бір кемі жоқ, бір теңі жоқ адам деп ауыз толтырып айтатын адам еді, — дедім даусым дірілдеп. — Осы Әбжанның Шәкен айтқан, өмір бойы есімнен кетпейтін бір ерлігі бар. «Бұдан сегіз-тоғыз жыл бұрын қашып бара жатқан Колчактің әскерін ауылға соқтырмай, бетін бұрып жібереміз деп, Әбжан екеуміз жол тосып жүрдік, — деп еді Шәкен. — Қасында бір солдаты бар ақтың офицері кездесе кетті. Әбжан ептеп орысша біледі. Кедей болсақ та, бір атты сайлап мінетін жігіт кезіміз. Астымда жүзіктің көзінен өткендей ақтабан, кер атым бар. Әлгі сұм офицердің көзі ақтабанға түсе қалды да маған: «Түс аттан!» деп ақырды. Мен түсе қоймап едім, алтыатарын жұлып алды. Әбжан офицермен орысшаласып еді, офицер құлаққа ілместен атынан түсіп, айыл-тартпасын ағыта бастады. Сол сәтте ат үстіндегі Әбжан офицерді бүркітше бүріп, алтыатарын маған лақтырып жіберді. Алтыатарды көздеп қалғанымда, екінші солдат қолдарын көтеріп, аттан ұшып түсті. Ақтың екі әскерін айдап, ауылға келдік. Қуып келе жатқан қызылдың әскеріне аттарымен, қару-жарағымен тапсырдық…». Біз көптің біріміз ғой, Әбжан секілді ерлердің құнын кімнен даулаймыз?!

Аз-кем үнсіздіктен соң:

— Сәтжан, енді отыра бермейік, есің барда еліңді тап деген, әліміз барда бір жан сауғалайтын жерге жетіп, жығылайық. Қалай, ілбіп болса да, жүруге жараймысың? — деп, орнымнан түрдым.

— Жаңағы сенің шалабыңды ішкен соң әл кіргендей болды, аштықтан шөл жаман деуші еді. Сол рас қой деймін. Аузым көмейіме дейін кеуіп қалды. Дорбамның түбінде 4–5 құрт бар. Соның біреуін аузыма салып, сорайын десем, тас шайнағандай, шықыр-шықыр етіп, ерімейді. Тамағым әбден құрғап, жұтына алмай жатыр ем. Ал сенің шалабыңмен сол құрттарды сорсақ, қазы-қарта жегендей боламыз…

Шалаптан бір-екі ұрттап, бір-бір құрт сорып едік, әл кіргендей тыңая бастадық.

«Бір күн, бір түнге шалап, құртымыз жетсе, ертең кешке қарай Қарағандыға да жетіп қалармыз» деп бір-бірімізге сүйеніп, жүріп кеттік. Қара жолдың екі жағы киімшең сұлап жатқан адам, кейбіреулерінің жаны жоқ, иістеніп кетіпті. Кейбіреулері шалажансар, жүрек соққанмен, тілдесерлік халі жоқ, жыламсырап, иегін кемсеңдете береді.

Сәтжан жолдан алшақтау тұрған бір түп бұтаның түбінде үйіріліп отырған адамдардың қасына тоқтай қалып, мені шақырды. Барсам, төрт адам — ортасында бір ақсақал, үш пен төрт шамасында екі бала, бір жас келіншек, топырағы кеппеген жас қабірді қоршап отыр. Жанымыз түршікті.

Сәлемдескеннен кейін жөн сұрасуға кірістік. Ақсақал түсіндіре бастады. «Сіздің елмен іргелес Байболды руынанбыз. Елден шыққанымызға екі жұма болды. Аштық меңдемей тұрғанда, наны бар жер ғой деп, Қарағандыға бет алып келеміз. Мына бала — менің келінім, мына екі бөбек — туған немерелерім, мына жас қабірді жамылып жатқан — менің балам, келіннің сүйген қосағы. Балалар ашыға бастаған соң, жақын жерде орыс поселкесі бар дейді, солардан балаларға жүрек жалғайтын бірдеңе алып келем деп кетіп еді, жол тосқан қарақшылардан қаза тапты. Келіннің алтын сақинасына айырбастап, екі тостаған бидай алып келіп, бүгін құран оқып, жетісін беріп отырмыз. Келінге мына екі қошақан бұдан былай аштыққа шыдамас, жазым боп кетер, кетейік десем, болмайды. «Әбішті тастап ешқайда кетпеймін, осының топырағын құшақтаған қалпымда өлемін» деп болмай қойды. Қанша айттым, көнетін емес,

қошақандарының көз жасын алдына тартып та көрдім, болмайды. Аштыққа ағыл-тегіл қөздің жасы қосылып, өзінің де күні тақау. Қарағандыда шахтыда, қызмет басында жүрген тағы бір балам отыр. Соған жетсек өлмеспіз деп те жалынам. «Екі баланы алып, өзіңіз жүре беріңіз, мен Әбішті тастап ешқайда кетпеймін» деп, тапжылар емес.

— Ол балаңыз шахтыда не істейді, қалайшы ма, күрекші ме?

— Жоқ, ол қара жұмыста жүрген бала емес, шақтаның оқуын бітірген инженер, соған жете алмай қор болып отырмын ғой…

— Баяғыда жиырмасыншы жылдары, өзіміздің Қарқаралы оязының бір жігіті ішкі жақтан оқып келіп Қарқаралыда мектеп ашқан. Сол мектепті байларға салық салып, бір жылдың ішінде бітірткен. Содан ынтасы бар балалар оқыды, тіпті сонау Баянауылдан келіп, Қаржастың балалары оқып жүрді. Сол жігіттің аты-жөні кім еді. Саяжан, айтып жіберші?

— Ол мектепте Есболұлы Сейітпен бірге Әбіш те, мен де оқыдым. Біздің ортада қазақ еліне хат танытып, ағарту жұмысына белсене кіріскен Әлімхан Ермеков дегем азамат болатын. Мектеп ашылысымен, сол мектепке қазақтың зиялылары жиыла қалды. Солардың ішінде Асылбек Сейітов, Жүсіпбек Аймауытов, Абдулла Байтасов секілді азаматтар болды. Бәрінің басын өзіміздің Әлекең қосты дейтін білетіндер.

— Менің есімнен шығып кетіпті. Саяжан, сенің есіңде қалған екен, сол Әлімхан өзіміздің Қара, Әбудің баласы, Ермек үлкен аталары, Ақбайдың Жақыбының жақын туысы. Өзі сөзге шешен, орта бойлы, келісті жігіт еді. «Қарқаралы маңайындағы ауқатты адамдардың бірі екенсіз, және өсіп келе жатқан балаларыңыз да бар екен. Халық ағарту жұмысына көмектесіңіздер» деп, бізді мектеп салу қаражатына кірістірген.

— Зерделі, зейінді балаларды сұрыптап алып, Әлімхан үлкен қалаға оқуға жіберіңіз деп қолқалап еді, оған біз болмадық, — деп ақсақал еңіреп жылап жіберді.

— Ал, ақсақал, шыбын жан қамы үшін қалаға бет алып бара жатырмыз. Сіздің Қарағандыға жетсеңіз, маңдай тірейтін жеріңіз бар екен, неде болса, жетіп жығылайық. Саяжан қарағым, өлгеннің артынан өлмек жоқ деген, мына қошақандарыңның тіршілігі үшін жүр. Бұларды өлімге өз қолыңнан қима. Балаларды үшеулеп көтеріп, құдай қуат берсе, бірдеңе ғып жетерміз.

— Ағатайлар, «сен өлген жерде топырағыңды құшақтап мен де өлемін» деген антым бар. Жолдың бойы киімшең жусап жатыр ғой мына боздақтар, менің олардан нем артық? Шамаларыңыз келсе, маған бір жер ошақ қазып беріп кетіңіздер, сіздерден кейін келген бір мұсылман бетімді бүркер. Мына балаларды, атамды ала кетіңіздер. Атамның Есболов Сейіт деген баласы бар, соған тапсырыңыздар. Ол мына Әбішпен егіз қозыдай бауыр, мына жетімдерді асырап, сақтау қолынан келеді.

Сондай мөлдір тұңғиық, мұң торлаған қара көзден моншақтап құйылған жас Саяжанның аппақ жүзін жуып кетті. Біз де жылап жібердік. Сәтжан еңкілдеп жылап, жолға қарай домалай жөнелді. Мен де көз жасыма ие бола алмай, ақсақалға «хош» деуге шамам келмей, жер таянып, ілбіген күйі кете бардым.

Іңір қараңғылығы қоюлана түсті. Жолдың екі жиегінде кейбіреуі екі бүктеліп, кейбірі сұлап жатқан киімшең өліктер. Соқыр кісі болмаса, жолдан адаспайды. Әлден уақытта:

— Кәке, неге үндемейсің? — деп, Сәтжан тіл қатты.

— Жаңағы өзіміз көрген үйелменнің халіне іші-бауырым елжіреп, қан жұтып келемін. Әлгілердің халін ойлағанда өзімнің екі қошақаным көз алдыма келе қалады. «Солар да бір бұтаның түбінде қалды-ау» деп у ішкендей болып келемін.

Біраз уақыт жүргеннен кейін жол аузында күңкілдеп, сейлесіп отырған екі адам кездесті. Тоқтамай, өтіп бара жатыр едік, «тоқтаңдар, демалыңдар» деді екеудің біреуі. Аш-арықтар танымайтын, білмейтін адамдарға тоқтамайтын әдет болатын. Біздер тоқтамаған соң екеуі бірдей жалынды. «Бізден сескеніп бара жатырсыңдар ғой қоржынымызға қол салады деп. Біз де өздеріңіздей аш-арық, ондайға бізде шама жоқ, қорықпаңдар, отыра тұрыңдар».

Сол сәтте Сәтжан құлағыма сыбырлады: «Бұлар да екеу, біз де екеуміз, біздің немізді алады, қорқатын ештеңе жоқ» деді де жол аузындағы екі аш-арықтың қасына отыра кетті.

— Анадайдан сендерді көрісімен мына қарттың мазасы кетті. «Аналарды тоқтат, босқа сандалмасын, жол аузында өлгенше, ел шетіне жетіп өлсін» деді.

— Әй, өзің не тантып отырсың, біз өлеміз десек, елден шықпас едік қой, «өлмейміз, тірі қаламыз» деген үмітпен, аштыққа ара тұратын ел-жұрт іздеп бара жатқан жоқпыз ба?!

— Онда ел де, жұрт та жоқ. Көмір жемесеңдер, сендерге бір тілім нан беретін мұсылман да жоқ. Қарағандының көшесінде өлгендердің саны жоқ. Иіс-қоңыс қаланың ішін алып кетіпті. Содан жұқпалы дерт тарап, Донбасстан келген орыстар да кетіп жатыр. Қазір қалаға аш-арық кіргізбейтін болыпты. Қалаға кіретін жердің бәрінде күзет, темір шарбақ құрып тастапты, күзетшілер — Донбасстан келген шахтерлер, кезектесіп күзететін көрінеді. Ендігісін өздерің біліңдер, біз ел шетіне жетіп өлсек деп қайтып келеміз.

— Ел шетіне жете аласыңдар ма, жүрек жалғайтын бірдеңелерің бар ма? Әлсіреген қуатсыз дене бір жығылса, тұра алмайтын көрінеді ғой, жол аузында қалып қойып жүрмеңдер. Біз көріп келе жатырмыз, топалаң тиген қойдай боп, екі бүктеліп жатқан киімшең өліктен аяқ алып жүре алмайсың, көпшілігі иістеніп кетіпті, ық жағынан жүріп болмайды.

— Тағдырдың бір жазғаны бар шығар, «Аштан өлген адамның моласы жоқ» деген бір нақыл болушы еді, сол нақыл қалың қазақтың басында тұр. Жазу солай болса, одан кім қашып құтылады? Он сегіз мың ғаламда дүниеден армансыз өткен жан жоқ дейді екен ғой молдалардың кітабында. Біз де көп жан иесінің біріміз ғой. Ендігі жалғыз ғана арман жүзіміз жабусыз қалмаса, тәнімізге ит-құстың тұмсығы тимесе дейміз.

Қарт осыны айтты да:

— Жолдарың болсын! — деп бата берді.

— Ал, Сәтжан, тағы бір құртты аузыңа сал да, әлденіп ал, Тихоновкеге де келдік, мен осы қалтарыста тұра тұрайын, сен барып, тамыр-таныстарды барлап кел, дорбаңды тастап кет, қайыр сұраған аш-арықтай болмай, еңсеңді көтеріңкіреп бар. Дорбадағы көйлегіңді ки, менің де тамаққа айырбастауға керек болар деп ала шыққан жаңа бешпетім бар иығыңа іліп, аяғыңды жіті бассаң, ешкім аш-арық деп күдіктенбейді, ал жолың болсын, — деп, дорбаларды басыма жастап, қисая кеттім.

Аштықтан, түн қатқан ұзақ жүрістен әлсірегендіктен көзім іліни кетіпті. Біреудің жұлқылағанын сезіп, көзімді әрең ашсам, алдымда бір орыс тұр. Орыс жігіті:

— Мені Сәтжан жіберді, мына шахтер пуфайкасын киіп ал, ана жаман шапанды көрсетпе, дорбаңа салып қой. Вот, мінеки, нағыз шахтер болдың, — деп ай-шайға қаратпай, жетелей жөнелді.

Шүу дегенде есеңгіреп қалғаным рас, жүрегім енді орнына түскендей болды.

— Жігітім, мені қайда апара жатырсың?

— Аш-арықты қалаға кіргізбей, қуып жатқан Донбасстың шахтерлеріне апарып береді деп қорқып келе жатқаннан саумысың? Менің бала күннен досым Сәтжан отыр үйде, сол жұмсады мені.

— Өзің қазақшаға судай екенсің, қайдан үйреніп алғансың?

— Аш болсаң, алдымен нан сұрап жейтін тіл керек, тілді бізге меймандос қазақ халқының ас-тұзы үйретті. Біз 29-жылдары Ресейден келген келімсекпіз ғой. Бізді спецпереселен дейді. Отырған мекенімізден бізді әдейі көшірген. Жүк тиегендей, поездың қызыл вагондарына тиеп, осы далаға әкеп түсіріп кеткен.

— Бізді ешкім көшірмей-ақ, өзіміз қаңғып-шұбырып атамекенімізді тастап, босып кетіп бара жатырмыз.

— «Бір тайпа ел бақытсыз болуы үшін сол елді билеген бастығы зұлым болса жеткілікті» деген бұрынғылардың сөзі бар. Бір зұлым жанға кездескен екенсіңдер ғой.

Мен үйге кіргенде, стол басында ас ішіп отырған қияқ мұртты, шоқша сақал орыс ұшып тұрып, қарсы жүрді. Орындық ұсынып, сөзге кірісіп кетті.

— Бір кезде біз де осындай ауыр халге ұшырағанбыз. Бала-шағамызбен бір күнде вагонға тиеп алып, осы сіздердің жерлеріңізге әкеліп, шөп-шалам, сыпырынды төккендей ғып аудара салған. Бар жазығымыз бір ат, екі торай, бір сиыр біткен екен, біз кулак бола қалыппыз. Өткен жазда өзіміздің атамекенімізге Дима барып қайтып еді, баяғы біз тұрған деревняда ешкім жоқ, ел тарап кетіпті. Есік-терезелері шегеленген. Кей үйде бір-екі кемпір-шал қалған дейді. Басқарма болып, арақты жәшік-жәшік ішетін белсенділерді іздеген екен, екеу-үшеуі жындыханада жатқан көрінеді, арақтан алкоголик болып, жындыларды бағатын жерде жатыр дейді. Ел бастаған «ерлеріңіз» осындай болғанда, халқының жайы қандай болмақ? Халықтың жаппай күйзелген себебі осы, жолдас. Біріміз аштықтан шұбырып, көмусіз қалдық, біріміз тентіреп, қайыр сұрап, күн көрдік.

— Басеке, осы өздеріңіз істеп жүрген Киров шахтасындағы Әбішев Бөкен деген кісіні білесіз бе?

— Білгенде қандай! Оны біз кормилец дейміз, қазақша «асыраушы» деген сөз ғой, ол кісіні біледі екенсіздер ғой. Бүгін көже-қатық

ішіп, осында болыңыздар, ертең құдай қаласа, Бөкен туысыңды тауып берем.

— Сізге тағы бір өтініш бар, осында шахтыда инженер боп істейтін бір қазақ жігіт бар, аты-жөні — Есболов Сейіт, сол жігітке әкесінің сәлемін жеткізсеңіз, үлкен сауап табасыз. Әкесі Есбол деген шал, үш-төрт жасар екі немересі мен келіні Саяжан деген сұлу келіншек жол аузында жатыр. Көктал жақтан келіп, Соқыр өзенін кесіп өтетін жолдың аузында. Ол жерді Қызыл сеңгір дейді.

— Ол жерлерді жақсы білемін. Қызыл сеңгірде отырған ауылдардан тамақ жиып алушы едік. Бала-шағамызбен барып, тойып қайтатынбыз. Несін айтасың, меймандос қазақ елінің мол дастарқанынан талай дәм таттық қой. Әйтпесе ендігі сүйегіміз құрап қалатын еді.

Василий екеуміз Киров шахтасының дәл түбіндегі Бөкеннің үйіне келгенімізде, жер столды айнала бес-алты адам көже ішіп отыр екен. Бөкен ұшып тұрыи, мемі құшақтап, жылап жіберді.

— Ойпырым-ай, бауырым-ай, адам танырлық түрің қалмапты ғой. Бәрінің арты қайыры болсын! «Басқа түскен баспақшыл» дегеннен басқа қолдан не келеді.

Мені үйге кіргізе сала жүгіріп кеткен Василий кіріп келді асып-сасып:

— Мен таптым. Есболовты, ол біздің Саша екен ғой, оны Саша инженер дейміз. Ол маған сендерді тауып бер, соның біреуін ертіп пар атпен барып алып келейік деп жұлқынып отыр. Сәтжан да семьясын алып келсін, оған да пар жеккен көлік берем дейді.

— Василий, айтып тұрғаның өзіміздің шахтаның бас инженері Сейіт Есболов емес пе?

— Тап өзі, сол жігіттің әкесі жүре алмай жолда жатыр деп мына кісі мен Сәтжан айтып келген, соған барып, әкесінің хабарын айттым ғой.

— Олай болса, Есболовтың айтқанын істеу керек, оның шұбырған аш арыққа істеп жүрген еңбегі аз емес, талай адам соның арқасында ажалдан аман қалды. Оның қолынан бәрі де келеді. Сәтжанға айтыңыз, дереу барсын, Есболдың өзі де оңай шал емес, Қарқаралы оязының бір білікті адамы. Мына Сейіттің өзі де тегін адам емес, өте текті жігіт, Донбастан келген орыстарға айтқанын істетіп жүр.

Сейіт пен Сәтжан құстай ұшып жетсе, Әбіш марқұмның тұяғы бейкүнә Мәди Есбол атасының бауырында шейіт болыпты. Сейіт

Саяжанды қоярда-қоймай көлікке мінгізген екен. Сөйтіп, Есбол ақсақал, Саяжан мен кішкентай қызы аштық тырнағынан аман қалды.

Біз осындай сұмдықты көрдік. Осындай алапаттан қалай аман қалғанымызға әлі күнге таңбыз. Қазақтың жартысын жер жастандырған зобалаңды ұйымдастыруға қатысы бар адамдарға құдай бұ дүниеде де, о дүниеде де жазасын берер. Иә, халықтың қарғысынан ауыр ештеңе жоқ бұл жалғанда. Енді мұндай нәубетті талайымызға жазбасын!

«Жұлдыз» журналы, 1992, № 4.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 254–265 бб.

Хұсайын БИЖАНОВ

ОРТАҚ ҚАЗАН

Мен 1920 жылы Алматы облысы Шелек ауданындағы Асысаға ауылында дүниеге келдім. Менің балалық шағым ашаршылық, аласапыран жылдармен, ал жастық шағым сұрапыл соғыс жылдарымен сәйкес келді. Сондықтан, бұл жылдар менің есімде қызығымен емес, қиындығымен қалыпты. Балғын да балауса шағымды еске алсам, көз алдыма арыстанша ақыра айбат қылып, бәріңді бір-ақ сәтте қылқ еткізіп жұтып жіберем деп аузын айдаһардай ашқан ашаршылық, адам етіне барынша қарқ болып, қарқ-қарқ еткен қара құзғын, көзі қанталай құтырынған ит-құс, қан сасыған дала, аңырап, еңіреген ана мен бала… толып жатқан құбыжық көріністер келіп, көкірегімді өксік қысып, жанарыма моншақ-моншақ жас толады…

Мал-мүлік жинау алғаш байлар мен ауқаттылардан басталды. Содан соң орта шаруаға көшті. Кейін кедейге қол салынып, еш нәрсе қалмады. Бәрін жинап алды.

Колхоз ұйымдасудың алдында елдің бар малы мен астығы ортаға алынып біткен. Қолында бірлі-жарым жылқысы, сиыры, 2–3 қой-ешкісі бар адамдарды бүкіл «Гигант» колхозынан саусақпен санап есептеуге болатын. Колхоз ірі 6 елді мекеннен тұратын, олар — Суықтоғай, Жіңішке, Сарбұлақ, Бартоғай, Арал және Асысаға. Әрқайсысының арасы 50–100 шақырым, колхоздың орталығы

Асысаға сел осы (қазіргі Совет Одағының Батыры Төлен Қабылов атындағы ірі қой совхозының орталығы), Бұлардың әрқайсысында 5–10 жылқы, өгіз болды. Олармен шамасы келгенше жер жыртып, егін екті. Ал көпшілігінде себетін тұқым жоқ. Құр жерді жыртып, пәлен гектар егін ектік деп өтірік ақпар беріп, тұқымды ұрлап, талан-таражға салған. Ол «уландырылған» тұқымды жегендер көбіне өліп жатты…

1931 жылдың жазында азды-көпті егілген астық күтілмеді, суғарылмады. Адамдар әлсіздіктен құлақ ашып, егін суғару мүмкіншілігінен айырылды. Азғантай егін түсімін мемлекет қоймаларына құйып алды. Халық астықсыз-нансыз қалды. Колхозды басқарған білікті кадрлар жоқтың қасы. Кім пысық сөйлеп, жоғарыға жағынса, сол ел басқарды. Бір жыл ішінде 7–8 адам басқарды. Елдің ішіп-жері жоқ. Күйзеліске ұшырады. Оның үстіне, басқа жерге барып, азық-түлік іздеуге шама жоқ, көлік жоқ. Ал бірлі-жарымды күш қайраты бар адамдар Қырғызстанға барып, астық тауып әкелсе, оны ұрлап алған деп жала жауып қаматты, соттатты. Олардың семьясы қамқорсыз қалды, күн көре алмай аштан өлді.

1932 жылдың қысы адам өміріне ажал болып жабысты. Халықтың күзде өйтіп-бүйтіп, тырмаштай жинап алған азығы қыс ортасына жетпей таусылды. Олардың арасында анау ауқатты, мынау әлсіз дейтін жік қалмады. Беретін мал, астық болмаған соң, үй-үй, қора-қопсы тінтілді. Ерiккеннің ермегі, амалсыздың күні еді. Бірақ не тапсын. Мемлекет тарапынан «көмек» деп «ортақ қазан» ұйымдастырып, бүкіл село бір жерден, күніне бір рет, бір ожау қара көже алды. Халық әлсіреп, жан бағу үшін жан-жаққа қашып бытырай бастады. Шамасы келгені Қытайға, Қырғызстанға, Нарынқолға кетті. Елді мекендердің арасында «аштар шұбырындысы» басталды. Бұған бір мысал: ауылда Сақтыбай, Шормақ деген ағайынды кісі бар еді. Сақтыбайдың Тілепберген деген ұлы, Шормақтың Зейнеп деген қызы болды. Ашаршылықтан екеуінің де әке-шешелері қайтыс болды. Қараусыз жетім қалған екі бала қол ұстасып, Алатау асып, Қырғызстанға бет алды. Өйткені, олардың әке-шешелері бұрын Қырғызстанда тұрған, оларды 1931 жылы Қазақстанның уәкілдері көшіріп алып келген, сөйтіп өздерімен бірге алып келген малын тартып алып, колхоз «ортасына» берген. Ақыры өздері аштан өлді. Тілепберген жолда аштан өлген, Зейнеп қырғыздарға жетіп аман қалған.

«Гигант» колхозы бірнеше рудан біріккен. Қысылшаң кезде олар бір-бірімен тату тұрып, қол ұштарын бере білді. Асысаға, Арал елді мекендерде аштарға көмек беру мақсатымен аңшылар бригадасы ұйымдастырылды. Оны Бошаев Боқаш, Атамбеков Әли деген екі мерген басқарды. Олар бірнеше жігіттерді ертіп тауға барып, ешкі атуды ұйымдастырды, атқан аңдарын ауылға жеткізіп, аш елге бөліп беріп отырды. Қарттардың айтуынша, олар көп адамды ажалдан алып қалған. Ол кезде халықта мылтық аз да, тауда аң көп болған.

Адам жарық дүниеге келген күннен бастап заман елегінен өтеді екен. Ауылда Қорабай деген кісінің бір қора қойы, бір үйір жылқысы болды. Өзінің жақын туыстарымен бірігіп, мал-жайына қарай кәсіп еткен адам. Сырттан кісілер пайдаланбаған. Осыған қарамастан, оны байсың деп жер аударды, артында әйелі мен Молдаш деген баласы панасыз қалып, аштан өлді.

1932 жылдың көктеміне ел әрең жетті. Колхоз жұмыс істеген үлкендерге күніне 400 грамм, ересектерге 250 грамм бидай беретін.

Ерте көктемде таудың күнгейінде сарымсақ ерте көктейді. Осы сарымсақты алып, асып жеп, кейбіреулер аш өзекке түсіп өлді.

Қыста мал азығының жетімсіздігінен жұмыс көліктері әлсіз шықты. Көктемде жер жыртып жүргендерге колхоз бастығы түс кезінде келеді. Ол кезде соқаға жеккен аттар болдырып, адамдар аштан бұралып аз тыныс алып отырады. Ол шет жақта тұрған Рахметов Аянбек деген жігітке келіп, «сен сабатажсың» деп қамшы астына алған. Бастық кеткен соң, жігіттер Аянбекті ауылға апарады. Бірақ әрі аш, әрі соққы жеген ол көп ұзамай қайтыс болды. Кейіннен бастық осындай сорақы қылмыстары үшін 10 жылға сотталып, жазасын өтеп шықты.

Былайша айтқанда, 1932 жылғы қыстың ортасынан ел жаппай қырылды. Бір жаққа шығуға көлік, әлі жоқ. Тұлыптай ісіп-кеуіп, тарамыстай тыртиып-тыртиып өліп жатқан адамды көргенде құйқаң шымырлап, төбе шашың тік тұрады. Әулеттер қырылып, үйлерден түтін шықпай қалды…

Осындай сұмдық бір қорқынышты көріністі айтайын. Бірде Асысағадан Шелекке Иса ағам екеуіміз ілбіп басып келе жаттық. Асысаға мен Қызылшарық арасын жел үрлеп, қарды кеуек-кеуек қылып тастаған. Бір кеуекті аттай берсем, ол ойылып, түсіп кетті.

Ағам тұрғызып алды. Артыма қарасам, бет-аузын ит-құс жеген адам жатыр… Қатты шошынғаным, бетіме ұшық шығып кетті. Шелекте асхананың жанында сүйек кеміріп жатқан кісіні де көрдім…

Жергілікті халық апатқа ұшырап жатқанда, «жығылғанның үстіне жұдырық» деп, өз жеріндегі ашаршылыққа шыдамай, Балқаш ауданынан көп адамдар пана іздей келді. Олардың көпшілігі өліп, қалғандары жергілікті елмен қол ұстасып күн көрді.

Ел қанша қиналып, жоқшылық көрсе де, солармен бірге ауыртпалықты бірге кешіріп, соларға жылы сөзін айтып, жылағанын жұбатып, қол ұшын берген адамдар ерекше көрінеді… Осы қысылшаң кезде колхозда бір қора қой болды. Оны Бектемісов Сары деген кісі жұбайы Қатипа екеуі бақты. Қатипа апай көктемде қой қоздаған кезде, ауылдағы адамдарды ұйымдастырып, қой саудырып, сүтін пісіріп, аштықтан ісіп-кеуіп жатқандарға күнделікті таратып беріп, көп адамды ажалдан құтқарды.

Кейін «Гигант» колхозы таратылып, бірнеше колхоз болғанда, Асысаға жеке колхоз болып, оның төрағалығына Бектемісова Қатипа сайланды. Ол кісі колхозды үздіксіз 15 жылдан астам басқарды, колхоз аудандағы ірі шаруашылықтың бірі болды. Отан соғысы кезінде Бектемісова Қатипа Қазақстан танк коллоннасының қорына өзі жинаған 50 мың сом ақша өткізіп, Сталиннен құттықтау телеграмма алды.

«Гигант» колхозынан ашығып өлгендердің саны Отан соғысында қаза тапқандардан көп болмаса, аз емес. Ол кезде жол бойында, көшеде аштан өліп жатқандарды жиі кездестіретінбіз. Ашаршылық Қазақстанның ой мен қырын аралай, еңкейген кәрі, еңбектеген жастарды да ажалынан бұрын алып кетті.

Орталықтан келген Голощекин осылай, мылтықсыз, ашаршылықты қолдан жасап, қазақ халқын әдейі аяусыз қырды. Егер мұндай жағдай болмағанда халық қырғын-сүргінге ұшырамайтын, күн көру үшін тентіремейтін, қаңғып әр жерге шашырамайтын еді.

Иә, осы бір адам жаны құса болар сүреңсіз сұмдық суреттерді кейін өлең жолдарына да қостым. Жанымды ашындыра тербеген жәйтті осылайша жыр етпеуім мүмкін емес еді.

Байлардың кәмпескелеп малын алды,
Астыққа кеңірдектен салық салды.
Құрылған әр ауылда кедей тобы,
Күш-көліксіз, қарусыз бекер қалды.

Күз болды, қара суық, жер тоңайды,
Жаңбыр, бұршақ аралас қар борайды.
Бұрынғыдай мал-жан жоқ қарайтұғын,
Ашаршылық қасқырдай ел торида...

«Орталық» қолда бардың бәрін алған,
Үйлерге, қора-жайға тінту салған.
Кей адам бір құдайға жалбарынар,
Өлмесем деп үміт қылып шыбын жаннан.

Қорада байлайтұғын мал қалмады,
Егістікке себетін дән қалмады.
Ашаршылық — қара оба, өрт боп келіп,
Құтыла алмай ашыққан ел зарлады.

Қыс түсті, жердің бетін ақ қар басты,
Түсте көрер болдық біз ішер асты,
Кәрі орнынан тұра алмай, бала жылап,
Бар ауыл талшық таппай қатты састы.

Қыс санап, аяз мінді қаһарына,
Күн өзгеріп көрінер батарында...
Әлі барлар нан іздеп қаңғып кетті,
Қалғандары жаутаңдап сапарына...

Жолаушылар жол таппай жолда өледі,
Өлігін о сорлының кім көмеді?!
Қарға-құзғын шұқып жеп екі көзін,
Қара жер қойнына алмай тебіренеді...

Аш адамдар көмпиіп ісіп кетті,
Өлімге мойынсынып «пісіп» кетті,
Көзінің бұрынғыдай жанары жоқ,
Салбырап жақ сүйегі түсіп кетті.

Ең алдымен кәрі мен әлсіз өлді.
Таба алмайтын өзінше ішіп-жемді.
Құрбақа, кесірткі мен сары тышқан,
Жыланды тапқан адам ұстап жеді.

Қылт еткен табылмастан ашық жерден,
Биік тау, шалқар дала, жасыл белден.
Адамдар бірін-бірі асып жеді,
Өлікті де терумен ашып көрден.

Колхозда ұйымдасты «ортақ қазан»,
Бір шөміш көже алады барған адам.
Жете алмай көпшілігі жолда қалды,
Әр жерден дауыс шығып ыңырсыған.

Ертең ерте жинайды өлгендерді,
Алыс емес ауылдан көмген жері.
Күресе алмай аштықтан дүние салды,
Алпамыстай қайратты ердің ері.

Қар кетіп, күн жылынып, көктем келді,
Есепке алды өлген мен тірілерді.
Сарымсақты күнгейден теріп әкеп,
Қорек етіп көруге асып жеді.

Кейбіреу, қайтер енді, тоя жеді,
Тірі қалсам деуменен баяғы енді.
Аш өзекке түсті де, іші кеуіп,
Көзім көрді уланып өлгендерді.

Сұраймыз бұл апатқа кім кінәлі,
Мылтықсыз қырып салған барша жанды.
Кейбіреу құрып кетті ұрпағымен,
Кім төлейді жазықсыз аққан қанды?!

Лағынет саған мәңгі, Голощекин,
Өлім сеуіп, қандадың жердің бетін.
Көбі өлді, көбі кетті туған жерден,
Аздырып-тоздырдың-ау қазақ елін.

Қырылмаса аштықтан бауырларым,
Соғыста да құрбан ғып шыбын жанын.
Қазақ деген қандай ел болар едік.
Көркейткен байлығымен әлем сәнін!

Ендігі тілек — «ортақ қазанның» кеселінен туған мұндай жойқын оба — аранын ашқан ашаршылық еш жерде, еш елде ешқашан болмаса екен!

«Жұлдыз» журналы, 1992, № 10.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 86–93 бб.

Нұғыман БАЯНДИН

СЕРГЕЛДЕҢ КҮНДЕРДЕН БІР ДЕРЕК

Қазақтар бір-бірімен кездесіп, есен-амандыққа келгенде ең алдымен «Мал-жан аман ба?» деп сұрасады. Сырттай қарағанда бұл адамға сөкет болып көрінеді. Неге ең алдымен аты бас әріппен жазылатын, жер қожасы, жеңімпаз, абзал адамды айтпайды екен деп ойлайсың да, көңілге күдік аласың. Ал қазақ халқының өткен тарихына, ежелден шетсіз-шексіз кең далада, мал жағдайымен, емін-еркін көшіп жүріп күнелткен өміріне тереңдеп үңілсең, халықтың өзі тауып алып, қолданып жүрген «аман-есендігінің» де ақиқаты барлығына көзің жетеді. Өйткені, қазақ халқының өмірі қолындағы малына байланысты. Мал оның өмір өзегі, тіршілік тірегі. Малсыз қазақ күн көре алмаған. Сондықтан да ең алдымен малды сұрайды. Жан амандығы малға байланысты екендігі кешегі ғаламат аштық жылдан анық көрінді.

1931–1933 жылғы бүкілхалықтық апат туралы алдағы уақытта талай кітап жазылар. Мен бұл арада тек Баянауыл өңіріндегі өзім куә болған кейбір жайларды ғана еске түсірмекпін.

1928 жылы елде «Ұлы кәмпеске» жүргізілді. 1930 жылдан бастап шаруалар күшін қосып, жер жыртып, «Мойын серік» ашты. Одан кейін іле-шала колхоз ұйымдастырып, елдің қолындағы малын бір ортаға жинады. Аша түяқ қалдырмады. Ғасырлар бойы кең сақарада емін-еркін көшіп жүрген, мал сүмесімен күн көрген қазақ халқы 1931–1932 жылдары ашыға бастады. Көпшілік халық

күйзелді. Аштық «аждаһасы» аузын арандай ашып, бүкіл елді аралай бастады. Бірақ халық кір жуып, кіндік кескен ата-баба мекенін көпке дейін тастап кете алмай, ит, мысық, суыр аулап күн көрді. Бұған мысал үшін алысқа бармай-ақ осы «Ақ келін» болысына қарайтын Желтау, Ақшоқы, Бекет, Ақтөбе, Найзатас, Саржал, Қосқарбасқан, Шақаман, Дәргер, Бүркітті, Беріктас баурайындағы ауылдарды алайықшы (қазақ адыр, белес, төбе, шоқыларды тау дей береді).

Осы аталған ауылдардағы бала-шаға, қатын-қалаш, кәрі-жас ашықты. Аштық апаты бүкіл Сарыарқаға жайылды. «Бір күн ашыққан адамнан қырық күн ақыл сұрама» дейді ғой. Ақыл-айладан халық айырылды. Ақыры туып-өскен мекенін тастап, жаңа ашылып жатқан Қарағанды, Екібастүз, бұрын ағылшындар ашқан «Майқайың золото» өндірістеріне барып жұмыс істеп, нан тауып жеп, бала-шағасын асырамақ болып соларға қарай шұбырып ауып, босып кетті. Құрым киіз, алаша, түндігін, киім-кешек арқалап өндіріске жете алмай көбісі жолда қырылды. Әрине, кейбір азаматтар өндірістік жердегі шахтаға түсіп күнелтіп кеткендері де болды.

Біздің ауылға іргелес Ақтөбедегі Айдос ауылы, Найзатастағы Аян-сегіз, Саржалдағы Қадау, Жадау ауылы, Қосқарбасқандағы «Ноғай» ауылы, Дәргердегі Бесқасқа, Бүркіттідегі Қақсал, Желтаудағы Төлендер ашығып, атамекен қонысын тастап Майқайың, Екібастұзға, жаңа ашылып жатқан өндіріс — Қарағандыға жаяу-жалпы көше бастады. Әрине, бәрі емес, қыстауларында қалғандары да болды. Олар бірен-саран қалған малдарын сойып жеді. Малы біткен соң ит, мысық еттерін жеп, таудан жуа теріп жеп, біраз күнелтті. Бұлар да өлді, қырылды, шұбырды.

1931–1933 ашаршылық жылдары жаңа ашылып жатқан Қарағанды өндірісіне әр тараптан келетін қара жолдар бар еді. Оған Атбасар, Ақмола, Ереймен, Баянауыл, Қарқаралы, Семей, Ұлытаулардан келетін жол үсті құр жатпайтын-ды, бірақ осы кездегі бұл қасқа жолдар бейнесі аянышты, көріксіз- ақ. Сіздер олардың ұзын сонар бойында, жолдың екі жағында өліп жатқан адам қаңқаларын көресіздер. Олардың жол бойы қалған құрым киіз, алаша, шапан, ескі-құсқы бұйымдарын, бесікте белін шешпей қалған сәби балаларын, шашын жел үріп жалпылдатып жатқан жас қыздар мен сүйретіліп барып бірін-бірі ұстаса құлаған шал-кемпірлер мүрделерін көресіз. Әрине, бұл бейбақтар денесі сол қалпында жатқан жоқ.

Оларды ешкім де «ақ жуып, арулап» қоймаған. Олардың қаңқасына құзғын-қарға, құрт-құмырсқа үймелеп, етін жеп, тек сүйегін қалдырған.

Туғанда олар осындай боламыз деп ойлап па еді. «Осының бәріне кім кінәлі? Неге бұлай болды?» деп ешбір пенде айтпайды. Бұлар адам ғой, мал емес, малды да аяйды ғой, не үшін олардың жас жаны үзілді, неге олар болашақ өмірден үміттерін үзіп айдалада көмусіз қалды? Неге? Неге? Қайталап айтамын, бұған кім кінәлі? Тарих ақиқаты не дер екен?!

Ал өліп-талып Қарағандыға жеткендер де ол кезде қарық болған жоқ. Ол кезде ел шахтадан шыққан лай суды ішіп, іш ауруға ұшырайтын-ды.

Мен бұл жерде жас күнімде өз көзіммен көргенімді гана айтып отырмын. 1931–1933 жылдары аштық апаты тек қана Баянауыл маңын емес, бүкіл Қазақстан жеріне түгелдей жайылды. Төменде сол жылдары өзім көрген бір көріністі айтып көрейін.

Ереймен, Аққелін, Далба, Қарқаралы, Нұра бойындағы елдерге Қарағанды өндірісі ұрымтал болғандықтан аш-арық ел тынымсыз солай қарай ауды. Жолда бірін-бірі өлтіріп, кісі етін жегендер де болды. Тірі қалғандары өліп-талып Қарағандыға жетіп, жаңадан орнап жатқан өндіріс маңына, құрым-құрым қара киіз үйлерін, баспана күркелерін тігіп орналасты. Кейбір әлі бар азаматтар өндірісте істеп, шахтага түсіп, тапқан-таянғанына қара нан алып, үй-ішін, кәрі әке-шешесін, қатын-баласын асырады. Бірақ әбден арып-ашып қу сүйек пен терісі қалған адамдардың ішіне қара нан тұрақтамай, тышқаққа ұшырап, халық шетінен оны жесе де, жемесе де қырылып өліп жатты.

Әйтеуір тірі қалған азаматтар, әр жерден Қарағандыға жиылған аш-арық өз беттерімен өндірісте істеп, шахтаға түсіп, бірте-бірте буынын бекітіп, осы күнгі Қарағанды өндірісінің ұлттық жұмыскер табын құрды.

Осы күнгі көмір кенінің кіндігі — Екібастұз өндірісінің де еңбекші пролетариаты осылай қалыптасты.

…1931–1933 жылдардағы ашаршылықта қазақ халқының қаншасы қырылғанын мен білмеймін. Оны білгір тарихшылар, экономистер жасырмай, осы бір шыншыл заманда расын айтсын!

Біздің ауыл Беріктас бауырындағы ұядай қос қойнауда болатын. Беріктас бейнесі бір тамаша. Оның жер астынан көтеріп

қоя қойғандай, бірінің үстіне бірі қатпарлана қаланған тастары тау басына қарай көтеріле береді. Басын ақ бұлт басып, аспан құшқан Беріктас құдды алып адам бейнесін көзге елестетеді. Осыған орай Беріктас жайында алуан түрлі аңыз бар. Солардың бірі мына төмендегі.

…Ертеде, тым ертеде ешкімге бет бермеген қара Дәу асып-тасып, жазықсыз елді қыра беріпті. Дәл осы жерге келгенде «асқанға тосқан» деп, «құдіретті» күш оны белуарынан жерге батырып, тасқа айналдырады. Міне, содан былай халық бұл тауды Беріктас деп кетіпті.

Бұл тау баурындағы қос қойнауды ала-құласы жоқ Кеншімбай ауылының қырық үйлі кедейлері мекендейтін. Осы қос қойнаудың түйіскен жеріне Әбен қора салған. Кедей шаруа тұңғыш ұлына Қаһарман деп ат қойыпты. Кейіннен оны ел Қаудиған деп атап кетіпті… Жасынан Қаудиғанның құлағына әкесінің домбыра күйі, шешесінің әні сіңіп, домбыра тартып, өлеңді ұстай туады да, Қаудиған ақын атанады. Оның шығарған өлеңдері көп-ақ.

Беріктастың екі жағындағы «Үлкен», «Кіші» дейтін екі шілік осы ауылдың көктемде, күзде қонатын мекені еді.

Қаудиған үйінің сыртындағы теңкиген қызыл тасқа домбырасын алып шыққанда, екі қойнауда тұратын ел — жас жігіт, қыз-келіншек әп-сәтте жиылып, оның құлақ құрышын қандыратын ән-күйін тыңдайтын-ды. Ақын қияпаты ерекше көз тартады. Оң жаққа қырындайтын қаз мойын, домбыра құлағында ойнайтын салалы саусақтары, алдымен айғай салып «перілерін» шақырып алғаннан кейін көмекейінен ән тыңдаушылардың зейінін байлап-матап алатын. Жиылған халық ақынға алғыс айтып, риза болып тарайтын-ды. Қаудиғансыз «Қос қойнаудағы» Кеншімбай ауылының ойын-сауық, той-томалағы өтпейтін-ді. Ол 1916 жылғы Аққелін көтерілісіне белсене қатысты.

Міне, осындай айтулы әнші, ер азамат екі керегені қаусыра тіккен күркеде ашығып жатыр. Өйткені, онда мал да, дүние де жоқ еді. Жалғыз сиырын белсенділер алып кеткен-ді. Оған ауыл адамдары су-суанын, айран-шалабын әкеліп беріп жүрді. Бірақ бойын аштық апаты әбден жайлаған соң ақын оңалмады. Алдымен аштан әйелі өлді, кешікпей өзі өлді, одан соң жалғыз баласы Бегім өлді. Ауыл адамдары бұларды кішкене Шілік басындағы зиратқа жерледі. Иесіз күңіреніп қалған күркеде ешкімнің ісі болмады.

Оны ақыры дауыл жығып құлатып, ақынның қолжазбаларын жел алып қашып Желтау, Ақшоқы сыртына шашты, кейбіреулерін тобылғы, қараған басына іліп тастады. «Байтал түгіл бас қайғы» аш ауыл адамдары бұл тағдыр мазағына не қайран қылсын. Сөйтіп, Қаудиған ақын мұрасы із-түзсіз кетті.

Мәжім ауқатты адам болды. Ол жас кезінде қыр сақарасына шыққан саяхатшыларды — топографтарды, географтарды, геологтарды бастап алып жүріп көп пайдасын тигізген-ді. Кейіннен кіре тартты, ауылда инабатты жақсы адам еді, малын белсенділер тартып алған соң, үй-ішімен ашығып, ең алдымен бәйбішесі Бибай, артынан балалары өлді. Өзі үйде, жалғыз қалып ашығып, күні-түні зарығып, зарлап, жарық дүниемен қоштасып жатқаны. Осы ауылдың бас көтерер жалғыз жаны Ыбырай барып күнде халін біледі, жалғыз биесінің саумалын аузынан жырып соған апарып береді. Бәрібір, ақыры Мәжім де сарнап жатып бұл жарық дүниемен қоштасты.

Міне, осылай Қосқойнаудағы ауылды аштық жайлап, бірінен кейін бірі — кемпір-шал, қатын-қалаш, бала-шаға баудай түсіп қырылып өліп жатты. Кейбір тың көлігі барлар Қарағанды, Екібастұз өндірістерінде, Көреку (Павлодар), Семей, Алматы қалаларында жақындары барлар соларға жаяу-жалпы кетіп жатты.

Сөйтіп, ашаршылық апаты қазақ халқын ата мекенінен, туыпөскен жерінен ықтиярсыз айырды. Атамекен деген осы бір-екі сөзде ұлағатты ұғым, адамға өте жақын, ауызбен айтып болмайтын түсінік бар. Өйткені, ежелден адамзат ата-бабасының қоныстарын, мекендеген жерін, мейлі ол құмды шөл, құлазыған құрғақ дала, суық Сібір, қия тасты Кавказдың тауы болсын, өзінің кіндік кесіп, кірін жуып өсіп-өнген жерін — Атамекенім деп, оны жанындай жақсы көреді, қимайды. Ол үшін жанын пида қылады. Сондықтан, адамның асылы да, ардақтысы да, қысылғанда тірек етіп сүйенері де, қуанғанда сүйінері де туған жер-ана — өз Отаны, Атамекені. Ертеден жыраулардың, ақындардың, ел-жұртын, өзінің туып-өскен жерін жырға, әнге қосуы, батырлардың туған ел топырағында өлсем деп арман етуі тегін емес.

Міне, сол сүйікті ата мекенінен, туып-өскен қонысынан Сарыарқа елін, бүкіл қазақ халқын рақымсыз аштық апаты жан-жаққа айдап шұбыртып жатыр. Бұлардың көпшілігі жол-жөнекей қырылуда, қалғандары азып-тозып есінен айырылуда. Бұған әкеліп соққан не себеп, кім кінәлі деген сұрақ өзінен-өзі келіп туады. Кім

жауап береді мыңдап қырылған кемпір-шал, бала-шаға, қатын-қалаш қанына?

Кішкене Шілік басындағы біздің ауылға жан-жақтан өзегі талып келген қарны қабақтай, мойны ырғайдай жас балалы аш-жалаңаш әйелдер іштен шыққан балаларын қалдырмай, әйтеуір бір үміт сағымын іздеп әрең жүретін. Неше түрлі үңірейген, көз нұры кеткен кемпір-шалдар кішкене Шілік басындағы «Сүттіқұдық» басына келіп жататын-ды.

Әкем Ыбырай діншілдеу адам еді. Шешеме «Бұл халыққа келген апат. Өле жегенше, бөле жеу керек» деп, әлгілерге Баязит екеуімізден үйдегі бар тамақты, сауып отырған жирен биенің саумалын беріп жіберетін-ді. Бұл қайсысына жетеді, біз апарған болымсыз тамақты балаларға, жас балалары көздері мөлтілдеп жаудыраған әйелдерге алдымен беретін едік. Ал олардың өлгендерін әкем: «Сауап болады, қорықпаңдар» деп, немере інім Баязит екеумізге кішкене Шілік басындағы зиратқа көмгізетін. Кейіннен үлкейіп кеткен зиратты Беріктас бауырындағы ел таспен қоршапты. Осы үлкен зират сол кездегі өлген адамдар куәсі болып әлі тұр.

1932 жылдың көктемінде ауыл Беріктастан — қыстаудан жылжып келіп Сарапан басына қонды. Әкем Семейдегі Басар дейтін баласынан хат алып, сонда жүретін болды. Бізбен бірге Сарапанда отырған ағайындар да ілесті. Елдегі аш-жалаңаш, аш-арық әжесі Қадиша мен апасы Балжанды балаларымен алып кетуге Алматыдағы зоотехникалық мал дәрігерлік институтта оқып жүрген Сембай келіп, олар 8 адам, Оматай ақсақал 8 адам, небәрі 29 адам болып бірге жүрдік. Екі күн ауылдағы бие, сиырды жинап сауып бір күбіге құйып алдық. Мен әкем Ыбырай мен шешем Әмиланы жирен биеге жегіп алып келе жатырмын. Сембай Керекуден нағашысы Баятақов, әжесі Қадиша мен Балжанды балаларымен мінгізіп алып келеді, қалғандары жаяу.

Сембайдың әкесі Николай заманында Құрман тұзында істеп жүргенде тұз құлап өлген-ді. Шешесі Балдаш байға тиіп кетіп, өзі әжесі Қадишаның қолында өсіп, Кеңес өкіметі келген соң оқып көзін ашып келе жатыр еді. Ол қаршадайынан жетімдіктің, жоқшылықтың, кедейліктің зардабын әбден тартып, бала жасында жалға жүрген. Семей интернатында оқып, одан институтқа түседі. Ол өзі студент, міне, соңында он жеті аш-арық панасыздар, оларды қалай асырайды? Сонда да бұларды, міне, шұбыртып алып

келе жатыр «өлсек бірге өлейік» деп. Бұл біздің халықтың ертеден бойына сіңген рақымшыл, туысын, жақынын қысылғанда тастап кетпейтін абзал қасиеті.

Осы келе жатқан отыз шақты адамның ішіндегі бас көтерері — Сембай. Ол жаяу жүруге бір қажымайды және ешбір реніші жоқ, әмәнда тісі ақсиып жайдары мінезімен күледі де тұрады. Осы екі ат-арбалы және жаяу шұбырған көш намаздыгерде Омақалы көл басында дем алып, кешке бұрынғы ағылшындар ашқан көмір өндірісі бар Тақыр тамға келіп қондық.

Сембайдың әжесі Қадиша алып келе жатқан қара ешкіні сойып қорек еттік. Тақыр тамда әр жерден келіп жуа теріп, тышқан, суыр аулап талшықтап жатқан біраз аш-арық қазақтар бар екен. Біреуден біреу көп сөйлеп жөн сұраспайды. Онсыз да бәрі түсінікті.

Анадай бір шеткеріде Желтауда тұратын Қызылауыздың баласы он екі күшігі бар бір итті тауып алып, сойып, үй ішімен жепті де, күшіктерін қақтап іліп қойыпты.

— Бұл неше күнге балаларға қорек болатынын білмеймін, «өлмегенге өлі балық» деп осыған кез болдым, шырақтарым, айып етпеңдер, заман солай, — деді.

Біз одан әрі жүргенде де көретініміз — ит, мысық, тышқан жеген аш-арық, қарны қабақтай, басы табақтай жалаңаш бала. «Бұларды бірінен-бірі ұрлап алып жеп жатыр» деген қолайсыз хабарды естідік те, асығыс одан әрі жүріп кеттік.

Жирен бие жүрісті. Баянауылдан Керекуге тартатын қысқа жолмен суыт жүре отырып, үшінші күні таңертең паромнан өтіп, Омбыдан Семейге баратын пароходқа іліктік, екі күннен кейін Семей келдік.

Пристаннан ат-арба жалдап алып Комиссар көшесі, 96-үйге — Басар ағайдың үйіне келіп, дем алдық. Бұл үйді кезінде Абай салғызған екен. Қазір бұл мекенжай Абайдың музейі.

Ағай ол кезде облыстық Мемлекеттік банкі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет атқаратын. Оны обком Сібірге ауған (откочевниктерді) қазақтарды поезбен әкелуге жіберген екен.

Әке-шешем ағаның үйінде аштық көрмеді. Мен Семейдің ауыл шаруашылық техникуміне түсіп, оқу оқыдым. Біз техникум жатақханасында жатқанда таң сәріден екі милиция күнде төрт баланы алып кетіп, ат-арбамен көшеде өлген кісілерді жинататын. Мен бұған талай рет қатыстым.

Қалалық милиция бастығы біздің ауыл шаруашылық техникумның директорына келіп:

— Біз аш-арықты көшеден жинап алуға үлгере алмай жатырмыз, көмекке 5–6 бала беріңіз, — деп сұрап, Айманов Әбдікәрім, Әлмурзин (атын ұмыттым), Баяндин Нұғыман, Жиреншин Әусағит, не бәрі алты баланың тізімін жазып алыпты. Біз оны білмейміз, қаннен-қаперсіз техникум жатақханасында жатсақ, ертемен екі милиция келіп бізді оятып:

— Жүріңдер, — дейді.

— Қайда?

— Көресіңдер. Бізге көмек бересіңдер, егер бас тартатын болсаңдар өлесіңдер, техникумнан шығасыңдар. Міне, тізім, бұған директор қол қойған, — деп дікілдейді.

Амал қанша! Айманов Абдан маған: «Жүр, не болса да көреміз» деп, екеуміз арбаға міндік.

Семейден төменірек Ертістің жағасында пристань бар, одан әрі көктемде су жайылатын затон дейтін жер бар. Бізді соған алып келді.

— Не қарап жүресіңдер, мыналарыңды неге жинамайсыңдар, ауру жұғады. «Речной флот» жарлығы бар, тоқтаусыз пароход, баржы Зайсанға, төмен қарай Омбыға дейін жүруі керек, — деп бастық милицияға ақырады.

Ол бізге:

— Мына қорапты арбаға осы айналадағы өліктерді тие, — дейді. Біз шошып кеттік. — Тұрма, тие деймін, — дейді.

Бір шал, бір кемпірді өзі бас жағынан ұстап, біз аяғынан ұстап, арбаға салдық, әрі жүрдік, басында жастық бар, үстіне көрпе жамылған уыздай жас әйел, ар жағында екі адам жатыр. Көрпені ашып қарасақ, өлген анасының екі емшегін солпылдатып еміп жатқан 8–9 айлық сәби бала. Қорықтық, шошыдық, аядық. Милиция келді де баланы орап алып панасыздар үйіне апарамын деп оны алып кетті. Бізге өліктерді тиеңдер деп бұйырып кетті. Ол кеткен соң Айманов екеуміз қашпақ болдық, бірақ ол кешікпей келіп қалды.

— Арба толған екен, айдаңдар, — дейді әлгі.

Оны айдап Семей вокзалына жақын бұрынғы «Сорочин» жәрмеңкесінен төменіректегі үлкен жарға келіп, соның жағасында тұрмыз.

— Не тұрыс бар! Лақтырыңдар, — дейді әлгі.

Лақтырдық. Төменде толған адам қаңқасы, өлік иісі.

Дозақ. Құбыжық көрініс.

Сөйтіп, біз осы көріністен кейін бұрын өлік көрмеген жастар жатақханаға келе керуетке құлап, ең алдымен өкіріп жылап алдық, түнде денеміз қызып, құсып ауырдық. Ертеңінде өлікті жинауға басқалар кетті. Дәрігер келді, екі күннен кейін тағы да екі милиция келіп, бізді өлік жинауға салды және «Егер бармасаңдар техникумнен қуыласың» деп қорқытады. Студенттер директор мен милиция қайда айдаса сонда барады, Ет үйренді, өлікті жинадық. Бірақ бұл көрініс естен шықпайды. Кейін Абдан екеуміз Алматыда жиі-жиі еске алатын едік. Айманов Әбдікәрім (Абдан) — Айманов Шәкеннің үлкен ағасы, ақылды, қарулы жігіт еді.

Баяғы бізден Тақыр тамда айырылысқан 29 адам жаяу-жалпы 9-шы күні Керекуге жетіп, көбі сонда қалыпты да, Сембай әже, апасы, олардың балаларымен Татарка станциясында жатқанда Басар ағайға кез келіп, ағай оларды Алматыға баратын поезға мінгізіп жіберіпті. Сөйтіп, Сембай Алматыға жақындарына әкеліп, олардың бәрін орналастырып, аштық апатынан аман алып қалды. Бірақ оған осынша қыруар адамды асырап-сақтау оңайға түскен жоқ. Ол поездан түсіп келіп институттың бір бөлмесіне кіріп алып, ертеңінде тұрса өзінің елдегі жан жолдасы Ноғайдың Ысқағының Смағұлын көріп шүйіркелеседі. Смағұл да елден шешесі Пану апайды, жеңгесін, қарындасы Мәйкенді, інілері Зұлқарнайын мен Төлешті алып келіп, ол да институттың бір бөлмесіне кіріп алыпты. Смағұл осыларды асырап-сақтады және оқытты. Өзі көп уақыт Алматы облысының аудандарында райком хатшысы, райисполком председателі болып істеді.

Сембай талаптанып оқып, қалалық партия комитетінде, одан кейін орталық почта меңгерушісінің орынбасары болып істеді. Кейіннен партия оны Семей облысына жіберіп, оның аудандарында ұзын-ырғасы 27 жыл райкомның бірінші, кейде екінші хатшысы болып, кейде райисполком бастығы болып істеді. Көкпекті ауданында бірінші хатшы болып қызмет атқарып жүргенде машина апатына ұшырап, біраз уақыт райисполком орынбасары болып қызмет атқарды да, Алматыға келіп тұрып жатыр. Қазірде жасы сексен бесте. Дербес пенсионер, әйелі де 40 жыл мектепте сабақ беріп, пенсия алады. Үш ұлы бар, бәрі де жақсы қызмет атқарады. Оларды әке-шешесі жақсы тәрбиеледі.

Менің екі ағам — Смағұл мен Рахымжан елде қалып, өмір бойы колхозда жұмыс істеді. Кейіннен Ибраев Рахымжан елде колхоздың бастығы болып тұрғанда 1937 жылы «халық жауы» деп абақтыға жауып, одан кейін айдап жіберіп өлтірді.

Ибраев Басар Семейде банкіде, одан кейін Қарқаралы банкісінде, сосын төмендетіп, Жаңаарқа МТС-інде істеп жүргенде «халық жауы» деп ұстап, Қарағанды абақтысына жауып, көп қинапты. Бірге болған кісінің айтуына қарағанда, күнде алып кетіп сұрап қинайды екен, ақыры бір күні өлтіріп тыныпты.

Әдетте біз оқып жүргенде «Россия — халықтар қапасы» («тюрьма народов») деп түсіндіретін еді, Ал Совет өкіметі кезінде — кешегі Сталин заманында халық қапаста болды емес пе?

Бірақ «Ақсақ ат, бүкір құрт» — шындық ерте ме, кеш пе, бір шығады екен. Қазірде партия мен өкіметтің басшылығымен халыққа берілген бас бостаншылығына қатты қуанып, ойымызда жүрген, өмірі ұмытылмас өкінішті, міне, ашық айтатын болдық. Тек, ұзағынан болсын деп тілейміз.

Менің замандастарымның бәрінің де есінде — кезінде халық сеніп сайлаған, кәрі-жас, кемпір-шал, қатын-қалаш, бала-шаға — ұрпақ болашағына сенген Голощекин, Елтай, Құлымбетов, тағы басқа сол кездегі Қазақстанды билеушілер неғып кетті? Халық қамын ойламай, жоғарыда айтылғандай, елді қатты күйзелтіп, аштан қырып қойды емес пе? Сондықтан тарих таразысы бұларды да тиісті орнына қояр деп ойлаймын. «Халық айтса қателеспейтін» болса, олардың істеген ісін, 1931–1933 жылдары аштан қырылған халықты көзімен көргендер оларға лағынет айтады, «көріңде өкір» деген қарғыстарын жолдайды. Басқа айтар ізгі пікірлері болмаса керек.

Мен 1932 жылы Семейге келіп баяндама жасаған Голощекинді көрдім. Баяндама Луначарский атындағы театрда болады деп коммунистерді, комсомолдарды жинады. Голощекин шоқша сақалды, орта бойлыдан жоғары келген адам екен. Баяндамасында «Қазақстанның жері кең, малы көп, беріңдер» дегені есімде қалыпты. Ал өліп, қырылып жатқан қазақтар жайында бір ауыз сөз айтпады. Атақоныстан шұбырып ауған қазақ аш-арықтарына жәрдем беріп, 50–60 асхана ұйымдастырған Новосібірдің обком секретары Эйхе Москвада болған бір пленумда: «Голощекин үнемі мақтанып сөйлейді, қазақ халқы аштан өліп жатыр. Новосибирге қаптап кетті» деп сынға алған көрінеді.

Көрген адамдардың айтуына қарағанда, Елтай ақсақал 1932 жылы Абай ауданына барыпты. Оған жолығамын деп Шаһкәрім келіп сөйлесіпті де, әңгімелері келіспеген соң Шаһкәрім кетіп қалыпты. Елтай Шаһкәрімді Алматыға алғызамын деп сөзін беріп, оны кейіннен ұмытып кетеді. Сонда Елтай белдеуде тұрған екі бұзауды, желіде тұрған үш құлынды көріп: «Мыналар неғып тұр, құртыңдар! Тігерге тұяқ қалмасын!» депті. Демек, «Тігерге тұяқ қалмасын» деген үндеу сол кездегі үкімет тарапынан тасталған үндеу болуы керек. Ал көпшілік халық оны елді құртқан надан белсенділердің ғана сөзі деп жүрді.

«Жұлдыз» журналы, 1990, № 7.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 218–230 бб.

Шағи СӘРСЕНБЕКОВА

ҮШ АШАРШЫЛЫҚ

Бұл қу тағдырдың маған көрсетпегені жоқ. Әкем Сәрсенбекті 1927 жылы аң қарап жүргенде боран жұтты. Інім Ахметжан Тентек өзенінде балық аулап жүріп, суға кетіп өлді. Шешем Күлбаран екеуіміз қорек етіп отырған жалғыз ала сиыр бар еді, Сандатбай деген белсенді келіп, оны да алып кетті. «Голощекин жеке малды жинап ал деді» деп. Біз бұзауын тығып алып қалдық. Мен ол кезде 9 жаста едім. Аштан өлмек түріміз бар.

Біз онда Алакөл ауданының Жасылкөл деген жерінде тҰратынбыз. Бір күні түн ортасында шешем екеуіміз қаштық. Қашу себебіміз — шешеме шолақ белсенділер маза бермейді. Әсіресе, Абылбай Жазыбаев деген «Тоқал бол» дейді. «Әйтпесе налог төлейсің» дейді. Ылғи келеді. Шешемді ұрады-соғады. Менің қолымнан ешнәрсе келмейді. Бізде налог төлейтіндей ештеме жоқ.

Аштық. Шешеме ғана бір тостаған көже береді, ол екеуімізге жетпейді. Басымызда пана жоқ. Бары — жыртық қос.

1931 жылдың күз айы. Түнде қаштық. Бұзауды жетелеп алдық. Тамақтан бір шәугім көжеміз ғана бар. Қараңғыда бір үлкен таудан астық, аяғымда киім жоқ, шөгір, тас өтіп барады. Екі күн дегенде, таудың арғы етегіне жетіп, Колпаковский деген жердегі

селоға келдік. Бұрынырақта әкем жалшы болған бір орыстың үйінде 3–4 күн жатып, дем алдық. Менің аяғым күлдіреп ісіп кетіп, тұра алмай қалдым. Орыс менің аяғыма кенептен шәркей тігіп берді. Нағашым Калпаковкадан 15 шақырымдай жердегі Айпара ауылында тұрады екен. Бізге бір бөлке нан, 4–5 қияр берді. Кешке нағашыма да келіп жеттік, шешем айғайға басып, боздап жатыр. Нағашым әрең қойғызды. Нағашым Айпарада 3–4 үй ғана отыр. Өздері сонау бір жылдары Қытайдан келіпті.

Нағашым Қанафия Медетханов інісі Хұсайын, Дәулетпақ баласы Солтанхан — 4 үй жер тамда тұрады екен. Малдан астарында бір-бір ат. Өздері аңшылар ұйымында жұмыс істейді. Үшеуі де құралайды көзге ататын мерген екен. Бізге де жеркепе қазып берді. Тайынша сойып, бәріміз бөліп жедік. Біз наурыз туысымен жерден масақ, кейін орыстардан қалған картоп, шекілдеуік тердік. Сонымен ептеп күн көріп отыр едік, бұл да ұзаққа бармады. Бөрлітөбе, Шұбартау аудандарынан да аштар төгіле бастады. Күн сайын есік алдында өліп жатқан немесе ісіп-кеуіп жатқан адамдар… Оның үстіне, нағашылар ай бойы бірде бір аң атып, қолға ештеңе түсіре алмады. 5 үй 2 атқа қарап қалдық. Содан соң екі атты сойып бөліп жедік. Нағашым мен Дәулетпақ екеуі аңды жаяу аулайды. 3 ай бойы ешбір аң ілікпей қойды…

Маңай толған өлік, шамасы барда нағашым олардың бетін жауып жүретін еді, енді өзінің де шамасы кетті. Бізді Жауынгер деген жерге зорлап көшірді. Колхоз боласыңдар деп. Ел аш, шетінен өліп жатыр, апам арпа түйеді. 3–4 жерден қазанға арпа көже қайнатып, 3–4 адамға тостақанмен береді. Бір күні үйдің босағасында тұрған қурай сылдырап еді, шешем шам жағып қараса, дәу қара жылан… Оны өлтіріп, қазанға қуырып жедік. Бірақ содан мен қатты ауырып қалдым. Шешемнің жылаған дауысынан көзімді аштым, есімді жидым, бірақ бір ай жаттым жүре алмай. Сөйтіп, не керек, бұл жағдай 1934 жылға дейін созылды.

Мен оқып жүргенмін, бір уақ мектеп бізге көже береді. Сол жылы колхозға өкімет 100 қой берді. Бір күні Қабдолда Жақсыбаев деген ақсақал ауданға барып, колхоз басқарып жүрген Қанафияның үстінен арыз айтады: «Қанафия аң аулап жүріп, Қытай, Жапон тыңшыларымен байланысты» деп. Оның арыздану себебі — ол кісі жұмыс істемей, өсек-өтірік айтып, қыдырып жүреді екен. Нағашым бір күні оған ұрсыпты: «Неге жұмыс

істемейсің?» деп. Содан бір күні нағашымды абақтыға салып тастады.

Өте жақсы оқығандықтан мені Алматыға қыз-келіншектердің сиезіне Андреев ауданынан делегат етіп жіберді. 3 кісі келдік, сиез біткен соң, Орталық Комсомол Комитетінің хатшысы Мәмбетов деген кісіге кіріп, нағашымды жазықсыз қамап отырғанын айтып, арыз қалдырып кеттім. Ол кісі мені өте жақсы қабылдады. 2–3 ай өткен соң нағашым түрмеден босап шықты. «Адам болған жалғызым» деп нағашым мені сүйіп жатыр. Бірақ нағашымды Қызылағаш деген жерге жер аударды. Онда бір-екі жыл жүріп, босап келді. Сөйтіп, жүргенде соғыс шықты…

Мен не көрмедім: басымнан үш бірдей ашаршылық өтті. Мен туған кез ашаршылық және ел сүзек ауруынан қырылып жатқан кез екен. Шешем байғұстан сүт шықпай, көрмегенді көріпті. Менің ылғи аурушаң болғаным сол дейтін.

Екінші ашаршылық — 1930 жыл. Онда да өлімнен қалдым. Енді үшінші ашаршылықты соғыста көрдім. Онда бір мектепте (7 жылдық) директор едім. Мұғалімдерге берген карточканың арпа-сұлысын Андреевкеден (70 км) әкеліп, елге кесемен үлестіремін. Нағашымның соғыстағы ұлынан, күйеу баласы Тайтелеуден қара қағаз келді. Солтанхан деген ұлы соғыстан кейін өлді. Өзінің кәрілігіне қарамай, жалғыз торы биесіне мініп алып, елді аштан өлтірмес үшін тағы жалғыз аңға шықты. Басқа нағашыларым әскерге кеткен. «Әйелдер мен балалар өлсе, тірі келгендерге мен не бетімді айтамын?» дейтін нағашым. Сөйтіп, нағашым елге әкелген етін енді тек бізге ғана емес, ауылдастарға да бөліп беріп отырды.

«Жұлдыз» журналы, 1994, № 7.
Сары кітап. — Алматы: «BRK Press», 2020. — 317 б. — 147–149 бб.

Ордабек ШАЯХМЕТОВ

ҚОЙНЫНА МЫСЫҚ ТЫҚҚАН БАЛА

…Осы кездері, біз жаққа, Арқа жақтан аштыққа ұшырап ауған жұрттың есебі болмады. Олар күн демей, түн демей Қантағы арқылы Түркістанға қарай ұбақ-шұбақ ағылумен болды. Түр-

кістанға жеткен соң, бұлардын, қайсыбірі — жан сауғалап осында қалды. Қалмағаны, стансадан олай-бұлай өтіп жатқан пойыздарға ілігіп, «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» — беті ауған жаққа кетіп жатты. Ал, қайсыбіреулері — Түркістанға да жете алмай, жолда қалды. Сол кезде, мұндай жолда қалғандардын өлігі, саған өтірік, маған шын, Қантағы мен Түркістан арасындағы қаражолдың бойында кәдімгі дәріден кырылған шыбындар құсап, пырдай болып жатушы еді. Мұндай аштық құрбандарын Қантағы поселкесінің кез-келген жерінен, кез-келген бұрышынан да көруге болатын. Оларды дер кезінде жерлеп, бетін жасыруға мүмкіндік болмады. Себебі, аштықтың салдарынан, поселкеден көр қазуға жарайтын әл-қуаты бар адамды табу киын еді. Сондықтан, бұл міндетті жергілікті милиция қызметкерлерінің атқаруына тура келді. Олар қабірді өздері қазып, өліктерді ат арбамен өздері жинап әкеп көміп отырды.

Менің Сәйімбетов Әлмахан деген жолдасым болды. Жолдас болғанда, екеуміздің тағдырымыз да, өмір жолымыз да егіз тамшыдай ұқсас. Менімен бірге ол да жастайынан жетімханада тәрбиеленді, менімен бірге Шымкент педагогикалық техникумында оқыды. Ақырында, әйтеуір бір себеппен атылудан аман қалғаны болмаса, мен көрген сталиндік қуғын-сүргінді ол да бастан-аяқ көрді. Қазір ол да осы қалада тұрады. Осы арада сол Әлмаханнан естіген бір әңгіме есіме түсіп отыр.

Бұл біздің зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі жылдардың бірі еді. Бір жолы екеумізге бір жиын-тойға бірге баруымызға тура келді. Бір кезде төр жақта, менің қасымда отырған Әлмаханға, бізге қарсы отырған қонақтардың ішінен жасы елулердегі бір жігіт ағасының қайта-қайта қарағыштап отырғанын байқадым. Оны Әлмахан да байқап отыр екен. Бір кезде ол:

— Әй, жігіт, сен маған неге қарай бересің? — деді.

— Мен сізді біреуге ұқсатып отырмын, — деді анау.

— Кімге?

— Әлмахан Сәйімбетов деген кісіге.

— Онда жаңылмапсың. Сол Сәйімбетовің — мен.

Бейтаныс жігіт өз құлағына өзі сенбегендей таңданыс білдірді:

— Шынымен бе?! Шынымен, сол Сәйімбетовсыз бе?.. Апыр-май, мен сізді 37–38 жылдардағы аласапыранда не атылып, не айдалып кеткен шығар деп жүр едім. Бар екенсіз ғой!..

Бейтаныс жігіт орнынан ұшып тұрып, Сәйімбетовпен құшақтай көріспекші болып еді, дастархан үсті болғандықтан олай етудің ыңғайы келмеді.

— Ал, өзің кімсің? — деді Сәйімбетов орнына қайта отырған бейтаныс жігітке.

— Танымадыңыз ба?

— Танымадым.

— Иә, қайдан танисыз?.. Одан бері не заман өтпеді бастан?!. Мен баяғы, өзіңіз Түркістанның көшесінен кездестіріп, балалар үйіне орналастырған пәленшемін ғой (атын ұмытып қалыпты). Есіңізде ме, үстінде алба-жұлба киімі бар, қойнына тыққан мысығы бар бала?

— А-а!.. Сол сен бе едің? Міне, ғажап! Қайдан жүрсің мұнда? Не жұмыс істейсің?

— Мен осында, Байылдырда тұрамын, шахтада істеймін.

… Қайтарда, әлгі «қойнына мысық тыққан» бала жайлы Әлімханнан естігенім мынау болды.

…Сәйімбетов онда Түркістан аудандық оқу бөлімінің бастығы еді. Барлық күш аштықпен күреске жұмылдырылған. Райкомның номенклатурасындағы лауазым иелерінің бірі ретінде Әлмаханның күнделікті атқаратын қызметі де осы аштыққа қарсы күреспен байланысты: үйлерді аралайды, үйлерде, көшелерде аштан өлгендерді жинастырып, оларды жерлеуді ұйымдастырады, панасыз қалған балаларды «Детдомға» орналастырады. Сәйімбетовке бәрінен бұрын киын тиетіні — осы соңғысы. Себебі: олардың бәрін бірдей балалар үйіне орналастыруға мүмкіндік жоқ. Орын жетіспейді. Қабылдамайын десең тағы болмайды. Ата-анасы ма, әлде туғантуыстары ма, әлгі балаларды түнде келеді де, детдомның алдына тастап кетеді. Оны былай қойғанда, Сәйімбетовтың өзі таңертең жұмысқа келгенде, кеңсесінің алдында кем дегенде осындай төрт-бес «тастанды» баланың жатқанын көреді. Не істейсің? Қабылдамасқа шараң қайсы? Осылайша қабылдаудың салдарынан, күндердің бір күні қаладағы, әрқайсысы жүз елу орындық бес балалар үйіндегі балалар саны — бюджетте қаралған мөлшерден екі-үш есе асып түсіп, 750 бала орнына екі мың балаға бір-ақ жетпесі бар ма?! Мұның аяғы аупартком төрағасының Сәйімбетовті бұл «заңсыз тірлігі» үшін қылмыстық жауапқа тартуымен тынды. Жетім балалардын көз жасының көмегі ме, әйтеуір Құдай сақтап, сотталған жоқ. Аман-сау орнында қалды.

Осы бір тұстар еді, Сәйімбетовтың әлгі қойнындағы мысығы бар балаға кез боп жүргені. Бұл түс әлеті еді. Сәйімбетов қабинетінен шығып, үйіне бет алған. Кенет алдынан, кесе-көлденеңдеп, көшемен бір бала өте берді. Өзі бұған жалтақ-жұлтақ қарайды. Жасы сол тоғыз-ондар шамасында. Басында құлағын түсіре киген жаман құлақшын. Үстінде — белін жіппен буынған күпәйке. Аяғында көн шоқай. Қойнында шоңқиған бірдеңесі бар. Сәйімбетов бұрын мұндай баланы бұл маңнан көрген емес еді. «Бұл бала қайдан жүр бұл жақта? деп ойлады. «Әй, балам, тоқтай тұршы», — деді сосын. Бала артына қиыстай бұрылып тоқтай қалды. Сәйімбетов жайлап баланың жанына келді.

— Бұл жақта қайдан жүрсің, балам? — деді. Бала үндемеді. Жауап берудің орнына қибыжықтап төмен қарады.

— Әке-шешең қайда? Бала тағы үндемеді. Сол сүмірейіп төмен қараған күйі тұра берді. Сәйімбетовтің көзі енді бала қойнындағы томпайған нәрсеге түсті.

— Мынауың не?

— Мысық, — деді бала. Сөйтті де кемсендеп жылап жіберді.

Сәйімбетов баланы жұбатып, қайта сөзге тартты. Бұл бала, Сәйімбетовтің алғашқы ойлағанындай, расында да, басқа жақтан келген болып шықты. Осында әкесімен алыстан қосылатын туыстық жағы бар, бір жалғызілікті кемпір тұрады екен. Жуырда, семьясы, аштыққа ұшыраған жұртпен бірге Арқадан ауып келе жатып, сол кемпірдің үйіне тоқтапты. Қазір әке-шешесі үшеуі сол үйде тұрып жатқан көрінеді. Мына қойнындағы мысығын соларға пісіріп бергелі апара жатыр екен. Мұны да иесіз бір үйдің жанында жүрген жерінен ұстап алыпты.

Сәйімбетов әлгі жерде баланың мысығын қоя бергізді де, өзін Балалар үйіне алып келді. Мұндағыларға баланы ертең келіп алып кететіндігін айтып, оған дейін оны тамақтандырып, моншаға түсіруді тапсырды.

Ертеңіне таңертең баланы айтқан үйіне алып келді. Бұл қаланың теріскей жақ шетіндегі қабырғасы кесектен қаланып, төбесі қамыстан жабылған, жапырайған коржын тамдардың бірі болып шықты. Тамның сыртында, не ішінде ешқандай тіршілік белгісі байқалмайды. Өлі тыныштық. Баланың айтуынша, тамның бір бөлмесінде үйдің иесі — кемпірдің өзі тұрады екен де, оның қарсысындағы бөлмеде бұлар тұрып жатыр екен. Кемпір қайда кеткені белгісіз, есігі құлыптаулы. Оған қарама-карсы екінші бөлменің де

есігі тарс жабық. Ар жағында ешқандай дыбыс жоқ, тым-тырыс. Кешеден бері келмеген баласын күтіп отырған үйге ұқсамайды. Сәйімбетов бір сұмдықтың болғанын сезгендей болды. Жүрегі өрекпіп, қолы есік тұтқасына әзер барды. Сондағы көрініс Сәйімбетовтің әлі күнге дейін көз алдында. Есікті ашқан замат көзінің түскені — екеуі де екі жерде қылжиып жатқан баланың әке-шешесі болды. Бұлардың келгенін сезгендей ешқандай қимыл-қозғалыс білдірер емес. Сол тым-тырыс күйінше жатыр. Сөйтсе, екеуі де әлде қашан о дүниелік болған екен. Мұны марқұмдардың жүрегін тыңдап, тамырын басып көрмей-ақ, әлдеқайдағы бір нүктеге кірпік қақпай қадала қарап, қимылсыз қатып қалған көздері де айтып тұрғандай еді. Ерлі-зайыптылардың жас шамалары сол қырықтардың о жақ, бұ жағында десе де болғандай. Астарындағы төсеніші — жалаңқабат алаша үстіне төселген көнетоз көрпеше де, үстерінде — қалың қыстық киімдері. Байғұстардың, бір-екі көрпе, жастық пен бір сандықтан тұратын бірқатар жүктен басқа іліп алар ештеңесі жоқ, қазан-ошағына көптен бері от жағылмаған, осынау едені сыз, азынаған суық бөлмеде өмірінің соңғы сәттеріне дейін тек осы киімдерімен ғана жан сақтап келген секілді.

Сәйімбетов марқұмдардың көздерін сипап, беттеріне бірдеңе жапты да, баланы Балалар үйіне қайтадан алып жүрді. Бала Балалар үйіне жеткенше өксіп жылаумен болды. Сәйімбетов оны жұбатумен болды.

Бұл жолы бала — Балалар үйінде біржола қалды. Сол күні баланың әке-шешесі жерленді. Оларды Сәйімбетовтің сілтеуі бойынша, аудандық атқару комитетінің аштан өлгендерді жерлеумен айналысатын арнайы топ қызметкерлері жерледі.

Бұл қазақ халқының тең жартысына жуығын, яғни екі жарым миллиондай адамды жалмаған, тек Қазақстан ғана емес, сонымен бірге Украина, Поволжье, Дон, Кубань, Батыс Сібір аймақтарын да қамтыған отыз екінші жылғы аштықтың бір ғана көрінісі еді.

* * *

…Ал осы аштық жайлы, өз «теориясы» бойынша жүзеге асырылған коллективтендірудің аяғының осындай ауыр зардаптарға алып келгендігі жайлы Сталин білді ме?! Осы күндері бұл жайлы әңгіме бола қалса, баяғы жеке адамға табынушылардың қалдықтары: «Мұны Сталин білген жоқ. Мұның бәрі оның бер жағындағы-

лардың ісі» дегенді айтады. Бұл — бос сөз. Сталин бұл аштық жайлы білмеді емес, білді. Білгенде қандай! Бірақ, білмеген болды. Білмеген болғандығы сондай, оған бұл аштық жайлы алдына кіріп бірдеңе айту мүмкін болмады. Айтса, айтқан адамның өзі бәлеге қалатын болды. Бәлеге қалу былай тұрсын, қайтып бас көтерместей, «халық жауынан» бетер оңбай жазаланатын болды. Мәселен, мына бір мысалға қараңыз: Украина КП(б) Орталық комитеті Харьков облыстық және қалалық партия комитетінің секретары Р. Терехов Украинадағы адам етін жеуге дейін барып жатқан жан түршігерлік аштық туралы айту үшін әзер дегенде Сталиннің қабылдауына кіреді. Бірақ, Сталин өзіне батылы жетіп, мұндай арыз айтуға келген «жүрек жұтқан» секретарьға жылы қабақ көрсете қоймайды. Зірк етіп, сөзін орта жолдан бөліп жібереді:

«Біз, — дейді Сталин оған, — сіздің шешен сөйлейтін оратор екендігіңізді естіген едік. Сөйтсек, сіз тек шешен сөйлейтін оратор ғана емес, аштық туралы осындай ертегіні ойдан шығарып, құрастырып айта білген шебер әңгімеші де екенсіз. Сондағы ойыңыз не? Бізді қорқыту ма? Оныңыздан ештеңе шықпайды. Осы, сіз, секретарьлықты қойып, Жазушылар одағына жұмысқа ауыссаңыз қайтеді? Онда, сіз ертегілер жазар едіңіз. Оны ақымақтар оқыр еді»…

Расында да, Сталиннің бұл бопсалауы босқа кеткен жоқ. Осыдан кейін көп ұзамай, байғұс Тереховтың «ұлы көсемге» айтқан бұл арызы үшін барлық қызметімен, лауазымдық креслосымен қош айтысып, без теріп кетуіне тура келді.

Шаяхметов О. «Түркістан тұтқыны». Роман. — Алматы: Қазақпарат, 2015. — 380 б.

Зира НАУРЫЗБАЕВА

ӘЖЕМНІҢ АШАРШЫЛЫҚ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕСІ

«Қырғыздар (қазақтар), экономикалық жағынан әлсіз болғандықтан, марксистік принцип бойынша бәрібір құрып бітеді. Сондықтан да революция үшін қаржыны — барлық мүмкіншілікті аштықпен күреске шығындаудың орнына майдандарды қолдауға жұмсаған маңызды». (Түркістандағы большевиктер фракциясының жетекшісі И. Тобо-

линнің 1919 жылғы Түркістан ЦИК-нің мәжілісінде айтқан сөзі. Т. Рысқұловтың «Революция және Түркістанның жергілікті халқы» кітабынан).

«Егер біз, шет аймақтардың есебінен орталықты нығайтқан болсақ, бұл ісіміз дұрыс, табиғи іс болған болар еді. Егер орталықты күшейту үшін шет аймақтарды тонау қажет болса, оған да барған болар едік» (В. П. Затонский, украин большевиктерінің жетекшілерінін бірі, ВКП (б) Х съезінде сөйлеген сөзінен. М. Шоқайдың «Кеңестер билеген Түркістан» кітабынан).

Қайта құру кезінде қазақ жерінде болған жаппай ашаршылық жайлы айтыла бастағанда, аштық туралы нағашы әжем Әкиба Темірғалиқызы Бекболатовадан (1908–1991, БҚО) көп жәйттарды сұрап білген едім. Әжемнің балалық шағындағы естеліктерінде 20-жылдардағы, онын ішінде шамамен 1922–23 жылдары болған ерекше қатал қыс есінде жақсы сақталыпты. Мүмкін ол кісінің айтқан жылдарының дәлдігінде қателік те болар, себебі ол кездегі қазақтың жыл санағы басқаша еді ғой. Қазір 80-жылдардың аяғында сол кездегі әжем айтқан әнгімелерді компьютерге түсірген кезімде, кейбір жерлерін өңдесем қалай болар екен» деген ойлар да келіп қалатын. Бірақ, олай еткен жоқпын, бұл әңгімелерді әжем қалай айтса, солай қағазға түсірдім. Әжем ол кезде жас та болса, өте зерек, жады мықты, есті қыз болыпты. Әкиба әжем Байбақты руынан, онын Байжиені, одан Тоқсаба аталатын тармағынан. Жазғы жайлаулары Кызылоба деген жер болыпты. Әжемнің әкесі Темірғали 1943 жылы 77 жасында (ата-бабасынын көпшілігі осындай жасқа жетеді екен) дүниеден өтті. Бұл кісі өте ірі келген қарулы, бойы екі метр, сауаты мол, еті тірі, көкірегі ояу кісі болыпты. Қазан қаласына барып қазақша кітаптар әкеліп, қыстың ұзақ кештерінде ауылдастарына арнап оларды дауыстап оқиды екен. Бір күні дастархан басында шәй ішіп отырғанда қонақтардың бірі темір жол мен шайтан арба жайлы әңгіме қозғағанда Темірғали атам: «Шайтан, шайтан деп коймайсындар. Міне, мынау самаурын қайнап тұр, оның селкілдеуінің себебін білесіңдер ме? Себебі, оның ішінде симай тұрған бу селкілдеп тұр. Егер оның аяғына дегелек салсан жүріп кетер еді» деп қарапайым тілмен түсіндіруінің өзі атамыздың сауатты екенін көрсетеді.

Сол кездің өзінде ол кісінің ел ішіндегі абырой-қадірінің, көкірегінің ояулығының арқасы болар, көптеген ауқатты орыстармен

тамыр болған, Лбищенскіде Кеңес заманындағы аты Чапаев, аудан орталығы) тұратын орыстардың малын баққан малшы, бақташыларды басқарған. Соның арқасында орыстардың басшыларымен келісіп ағайындарын Лбищенскіге жақын жерге сол кездегі заң бойынша қазақтарға Жайық өзеніне 10 шақырымнан жақын тұруға тиым салынған аймаққа кешіріп әкеліпті. Сол жерде қос ылди шатыры бар үй соғып, оны бойы екі метрлік темір шарбағы бар қақпамен қоршатады.

Атамның бірінші әйелі Отарқызы Қатирадан бір ұл (ерте өлген) және төрт қыз туған. Менің әжем қыздардың үшіншісі. Әжемнің айтқанынан білгенім, бұл әулетте әйелдерге, әсіресе қыздарға деген ерекше құрмет болған. Ру атауының Байжиен болып аталуының өзі (ғалым С. Қондыбайдың түсініктерді тарқатуын негізге алсақ) бұл руда матриархат үрдістері басымдықта болғанға ұқсайды. Темірғали атам қыздарын тәрбиелеуге көп көңіл бөлген, оларға ертегі, жыр, аңыз, мақал-мәтелдерді бала тілімен жеткізіп құлақтарына құйып отырған. Дене шынықтыру мәселеіне де назар салыпты. Әжем жас кезінде Жайық өзенің Чапаев қаласының тұсынан бір қолымен жүзіп (бір қолымен киімдерін ұстап) өтеді екен. Қыздарының иманды әрі зеректі болуы жағын да ойлапты. Кейін қилы заман орнағанда оларды әртүрлі қару ұстап меңгеруге де үйреткен. Әжем күйеуге шыққан соң, атамның кеңесімен тирге барып, сол кездегі «Ворошилов мергені» деген атақты бір салғаннан алыпты. Кинофильмдерді көріп отырған кезімізде әжем кино кейіпкерлерінің қолындағы қаруларға қарап мынау наган мен маузер, мынау револьвер, пятилинейка, берданка, шолақ мылтық деп жаңылмай айтып отыратын. Мұның барлығын айтып отырғаным — әжемнің айтқан әңгімелерің онай түсіну үшін қажетті жәйттар дегенім.

… 1922–23 жылғы қыста аулымыз үлкен жүргін жолдың шетінде, үлкен елді мекенге жақын болғандықтан, атыс-шабысқа тап болдық. Күн сайын атыс, мылтықтың, пулеметтің дауысы естіліп тұрды. Күн сайын Лбищенскіден қызылдар қара шыбындай қаптап келіп тұрады. Әжемнің оларды безенші» деп неге атайтынын сұрамаппын. Ақтардың отрядтары, басқа да әртүрлі бандиттер келіп ауылды шауып кететін. Бәрі де қайырымсыз, қатал, тамақтары аш, жүдеу, қолына тускеннің бәрін жинап алады. Қазақтың малын тәркілеп, яғни кампескелеп сол жерде сойып жей-

ді. Бұны өздері қызыл қуырдақ деп атайтын. Көп ұзамай нағыз аштық басталды. Балалар аштықтан ісе бастады, өлім көбейді. Ауылдастардың көпшілігі мұндай қауіпті аймақтан көшуге бел байлады. Темірғали оларға көшкеннен пайда болмайтындығын, мынадай сұрапыл қыста балалармен көшу қырылуға соқтырарын айтып үгіттегенімен оны ешкім тындамады. Көпшілігі көшіп ауылымызда үш-төрт қана үй қалды. Үйлері қаңырап бос қалды. Көшіп кеткен ағайындарымыздың көпшілігі сол кеткеннен мол кетіп, хабар-ошарсыз жоқ болды.

Темірғалидың екі үлкен қызы ол кезде тұрмысқа шыққан Атам құда таңдауға ерекше қарайды екен. Қалың малына қажетті зергерлік бұйымдарды өзі істеген. Апаларымның біріне қалай құда түскені жайлы бір әңгімені әжем жиі айтатын. Апасының біріне Лбищенскіден алыс жерде тұратын, елде қадірлі бір кісі құда түсіпті. Атам кызың қасынан алыс жерге жібергісі келмесе керек, бірақ қадірлі кісіге ашық бас тарта алмайды. Сылтау іздеп, баяғы ертегілерде болатын үрдістер есіне түссе керек, қулыққа барыпты. «Кызыма калын малға пәлен деген (өте сирек кездесетін) тұкымдас жылкы бересін» дейді. Құдалар оған да келісіп, жылқыларын айырбастап Темірғалидың барлық шарттарын орындайды. Амал жоқ, енді құдалықтан бас тарта алмайды, болашақ құдаларына киын шартты орындатканын түсінген, енді оз абыройын тусірмеу үшін атам кызының барлык жасауы мен қалың малын қомақты етуге күш салып қызын абыроймен ұзатады. Қиын заман орнаған кезде екі Қызының да күйеулері өліп калған соң, екеуінің де отбасын қасына көшіріп әкеледі. Әжем мен оның сіңлісінің бойлары үлкен емес-ті. «Аштықтан ғой» дейтін әжем. Керісінше екі әпкесі де бойшан болыпты, маған «сенен де биік» (менің бойым 169 см) дейтін. Темірғали атам сол кездегі қиын заманға, отбасын аштықтан аман алып калуға дайындала бастайды. Сол кездегі қаңғып жүр ген бірен-саран солдаттарға қарсы тұру үшін әркез бойында қару ұстап жүріпті. Қорасының қуыс-қуысына қаруларды тығып, қару болмаған кезде айыр, балта, шалғы сияқты суық қаруларды тығып жүріпті. Бірнеше рет тәркілеуге түсіп аман қалған екі сиырын егесіз қалған сарайларға қамап, тығып ұстайды. Оларға пішенді тек түн кезінде, жолында пішеннін бірде бір қылауын түсірмей жеткізіп тұрған. Малдың қиын ауыл сыртына апарып қардын астына жасырған. Сарайға барған ізін де жасырып отырған. Сиыр бұзаулаған

кезде төлдерін үй астынан ежіре қазып сонда ұстапты. Сауылған сүтті тек бұзауларға берген, себебі үйде азық-түлік пен тамақ сақтау кауіпті. Тамақ дайындап жатқан кезде Темірғали жолға шығып күзетеді екен. Өзі тамақ жемей жартылай аш жүрген. Тамақ істеген қазанды босаған соң қармен әбден ысқылауды умытпаған. Солдаттар қазанда майдын ізі бар ма, жоқ па деп тексереді екен. Қыздардың қабырғаларын ұстап «аш балаға ұқсамайды, іспепті, сенде тамак бар» дейді екен. Жүдеу көрінсін деп қыздарға алба-жұлба көйлек кигізіп, әжемнің тілімен айтқан «сыған» қыздары сияқты киіндіреді екен. Солдаттардың да жағдайы мәз емес, аштықтан жүдеген, әлсіз. Бір солдат Темірғалидың үлкен қызының тамақты тығып жатқанының үстінен шығыпты. Тамақты тартып алмақ болған солдатты әйел итеріп жіберіп қаруын тартып алады. Келесі бір осындай жағдайда шоланда жасырып үлгермеген бір кесе сүтті тапқан солдаттар соған өзара таласып төбелесіп қалады. Бір кесе сүт ешқайсысына да бұйырмай төгіліп қалған, шоланда солдаттардың шинельдерінің жұлынған белбеулерінің үзінділері қалыпты.

Бір жолы қанғып журген отрядтың солдаттары сиырдың біреуін тауып, алып кетпекші болғанда Темірғалидың екі қызы ер кісінің киімін киіп алып әкесі ушеуі солдаттарға қару кезенеді. Менің әжем атамның ымдауымен, қорқып тұрғанын жеңіп солдаттарға барып қолдарындағы сиырды бұйдасынан ұстап жұлып алады. Солдаттар кетіп бара жатып, отрядпен қайтып келеміз деп қорқытса керек, бірақ Құдай сақтап аман қалады.

Осындай ерекше сақтықтың, жолы болғыштықтың арқасында солдаттар осы қыста Темірғалидың отбасынан бар болғаны 5 кило ұн және арнайы тігілген әкемнің қос қабат былғарыдан тіккен киіз жапсырмасы бар саптама етігін алыпты. Қыстан әбден жүдеп-жадап болса да, ең бастысы аман шығыпты. Ауылда қалған екі-үш отбасы ағайындарымыздың жағдайы мүшкіл болыпты. Әскерлердің дойыр қамшысының астына түскен, атып тастау қатерінен қорыққан ағайындар тыққан малы мен азығының жатқан жерін көрсетіп, бәрі де аштан өледі.

Бір ғана шал мен кемпір тірі қалыпты. Темірғали оларға көмектесе алмаған, егер олардың малын өз малымен қосып қосып бірге тыққан болса, өз балаларының өмірін қауіпке салады, сонымен бірге олар қоркып бірге тыққан малы мен азығының орнын айтып қойған болар еді. Тағы бір отбасыда ата-анасы мен жалғыз

баласы аман қалыпты. Бірде осы үйдің отағасы Баймырза Темірғалиға келіп, кемпірдің үйіне бір қайыршы қыздың кіріп қайтып шықпағанын айтады.

— «Сенің де балаларың бар, менін ұлым бар… Не істейміз? Темірғали қолына шолақ мылтығын алып ағайын кемпірдің үйіне барады. Сарайында қыздын жіліктелген, тұздалған етін көреді. Кемпірге кірсе үйінде әлсіреп нашар халде жатыр екен. Келе жатқан адамның дыбысын естіген кемпір:

— Темір, сенсің бе?

— Ия, мен. Апа өзің өлім аузыңда жатырсың. Жазықсыз жанның қанын жүктегенің не? Қалай тірі жүрмексің? Бір оқпен жаныңды алайын ба?

— Қасықтай ғана қаным бар. Туыс емеспіз бе. Атам десең ат. Темірғали бөгеліп тұрып қалады, бірақ жақын туысын атуға бата алмай шығып кетеді. Көп ұзамай адамның еті де бұйырмаған кемпір өледі. Темірғали кемпірді де, қыздан қалган сүйектерді де жерлейді.

Темірғалиға шешесі жағынан туыс келетін бір шал жалғыз калған соң ағайындары кеңес құрып шалдан кімнің қолында тұратынын сұрапты. «Темірғалидың қолына барамын. Жақсылық та, жамандық та, шықса тентектен шығар» депті.

Көктем шығып табиғат оянған кезде қыздары көгалга ойнап, қымызлық теруге шыққан кезде әкесі қыздарының қастарында болып әркез шапанының астына шолақ мылтығын тығып жүреді екен. Қыздарын біреулер ұрлап кетер, адам жегіштерге колды болар деп қорқады екен.

Жазғытұры шыққанда Темірғали екі үлкен қызына аман қалған екі баспағын беріп (жасауы ретінде) екеуі де қайтадан куйеуге шығады. Сүйтіп, осы қыстан шыққандар үшін жаңа өмір басталады…

Алматыдағы үйіміздің терезесінің алдында қызыл шие өсіп тұрды. Оны Кенжебек ақсақал егіпті. Бұл кісі Тәттімбет пен Мәдиге туыс екен. Қызыл шиенің жемістері ірі және тәтті болғандықтан ауладағы балалардың көз құртын жейтін еді. Балалардың талай шабуылдарына төзе алмаған (балалар шиені бұтағымен жұлатын) ағаш кейін өспей қалды. Жыл сайын көктем келгенде шиенің гүлдегенін көрген сайын әжем: «Жарықтық, тірі жанға көктем келді» дейтін еді…

С. Жүсіп. «Ашаршылық ақиқаты». Деректер мен дәйектер. Алматы, 2015. — 416 б. — 101–105 бб.

2-бөлім

АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ДЕРЕКТІ ЖИНАҚ-КІТАПТАРДАН АЛЫНҒАН ЕСТЕЛІКТЕР, ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕР, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАЛАР

2.1. 32-НІҢ ЗҰЛМАТЫ (Профессор Қ. М. Атабаев жетекшілік жасаған тарихи-этнологиялық экспедиция деректері): деректер жинағы / Құраст.: Т. Ә. Төлебаев, Г. Е. Сәбденова. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 308 б.

Жинақта ХХ ғасырдың 90-жылдары басында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде ғалым-профессор Қ. М. Атабаевтың жетекшілігімен ұйымдастырылған «32-нін зұлматы» атты студенттер үйірмесі мүшелерінің тарихи-этнологиялық экспедициясы нәтижесінде жинақталған ХХ ғасырдын 30-жылдарындағы ұжымдастыру кезеңінде орын алған аштықты өз көздерімен көрген куәгерлер мәліметтері берілген.

Төменде біз сол жинақталған іріктеліп алынған естеліктер шоғырын қаз-қалпында ұсынып отырмыз.

НАН ҰРЛАП ТІРІ ҚАЛҒАН БАЛА

Мына төмендегі оқиғаны менің әкем Хасен жиі айтып, «нанның қадірін біліңдер, асып-таспаңдар» деп, сол бір қиямет кезді бізге әңгіме етіп айтып беретін, ал біз болсақ оны қорқынышты, бірақ соңы жақсымен аяқталатын ертегі сияқты тыңдайтын едік. Әңгіме 1932–1933 жылдардағы аштық туралы еді.

1932–1933 жылдардағы аштық басталғанда әкем бес-алты жасар есін білетін бала болған екен. Ашаршылықтың алдында әкемнің әкесі — Мұхаммедасқар (біз қазір соның тегін алып жүрміз. Кеңес өкіметі Мұхаммед деген есімді атауға тыйым салған тұста атын Мұхат деп қысқартып алыпты) қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданына қарасты Қопа деген жерде ауқатты шаруа ретінде жеке қожалық иесі болып өзінің інілері: Қалиасқар, Асқарғали, Базарбаймен және жалғыз қарындасы Жәмәлимен бірге өмір сүріп жатыпты.

1928 жылдың тамыз айында байлардың мал-мүлкін тәркілеуден кейін ауылдың берекесі кете бастаған тұста «темір жол салынып жатыр» дегенді естіп, бұрынғы Ақжар, қазіргі Матай станциясына көшіп келіп, Сарықарын деген жерге орналасыпты. Азын-аулақ малмен күндерін көріп, темір жол құрылысына араласып, кеңес өкіметіне қызмет етіпті. Алайда өздері жаңа өкіметті қолдай қоймаған көрінеді. Десе де басқа амалдары жоқ, орын алған жағдайға мойынсұнған. Қала тұрғындары жаппай аштықтан қырылып, шамасы барлар босып кетіп жатқан тұста Мұхат мені, яғни Хасенді наубайханада жұмыс істейтін нағашысына «өлсе, не шара, Алланың ісі, өлмесе, өзім тірі болсам бір күндері келіп алып кетермін» — деп тастап кетіпті. Өзі болса інілерімен бас сауғалап, темір жолдың құрылысымен бірге үйлерінен алыстай беріпті. Базарбай қиындық пен ашаршылыққа шыдамай бала-шағасын алып, Қытай ауып кетіпті (олар кейін 1959–60 жылдары елге қайта оралған).

Ал мен болсам, сол наубайшы нағашының қолында наубайханада қалып, нан жеп, аштықтан аман қалдым. Нан мұндай жағдайда есептеулі болғандықтан, маған аз ғана береді. Мен болсам, оған тоймаймын, сондықтан кішкентай бала болсам да қулыққа көштім. Бөлке нан пештен шығарылып, ағаш сөрелерге тізіледі, одан кейін өгіз арба келіп, оларды қаптарға салып алып кетеді. Нан сөрелерде тұрған кезде байқатпай оны екіге бөліп, ортасындағы жұмсағынан үзіп аламын да, қайтадан екі бөлікті бір біріне жапсырып, орнына қоямын. Осылайша түк білмегендей отыра беремін. Мүмкін наубайшы нағашым оны сезіп көрген де болар, бірақ маған ұрсып, ендігәрі олай жасама деп айтып көрмепті. Ашаршылықтан әйтеуір бір ер бала болса да тірі қалсын деген ниеті шығар деп кейін өзім ой түйдім. Сөйтіп, ұрпағының қадір-қасиетін білетін наубайшының арқасында ашаршылықтан аман қалдым.

Ал әкем болса, туған-туыстармен ары-бері жүрген кезде, яғни біресе Матайға келіп, біресе темір жол жағалап, енді бірде бір бірінің амандығын білуге аттанып, азын-аулақ азық-түлікті апарып беріп жүрген кезде қатарлары сиреп, кейбіреулері ит-құсқа жем болыпты. Сол бір ашаршылық басталған кезде дала тағысы қасқырлар да көбейіп кетіпті. Бірде бір топ адамдар кетіп бара жатқан кезде алдарынан бірнеше қасқыр шығып, аман қалу үшін қашып құтылмаққа ұмтылған тұста біздің әжеміз, яғни Мұхаттың жұбайы және тағы бір-екі жүгіруге шамалары келмеген әйелдер қасқырларға жем болған көрінеді. Осындай жан түршігерлік оқиға ашаршылық жылдары жиі болатын құбылысқа айналған екен. Өйткені қасқырлар адамдарға шабуыл жасаған кезде олар алдана тұрсын деп қыздарын немесе әйелдерін қасқырларға қалдырып, өздері әупірімдеп аман қалған.

Ашаршылықтың етек жайып тұрған 1932 жылдың күзі болса керек, Мұхат әкем Ақжардан Қопаға қарайғы жолында бір ауылдың тұсынан түйеге мініп өтіп бара жатып бір топ аштықтан ыңырсып, жүре алмай, ісіп-кеуіп жатқан адамдарды көрген. Ауыл адамдарының жүруге шамалары жоқ, тек «түйеңді тастап кет, түйеңді тастап кет!» деп айғайлай берiпті. Алғашында не болып жатқанын біле қоймаған отағасы бірінің етін бірі жегендіктен олардың ісініп кеткенін керегеге жайылған біртүрлі етті көргенде барып түсінген. Төбе шашы тік тұрып, тезірек сол жерден кетіп қалуға асыққан. Сол бір жан түршігерлік оқиға көз алдынан ұзақ уақыт кетпей қойған. Кейін көргенін есіне алып, «ең арық деген адамның өзінде бір елі қазы болады екен» дейтін. Осылардың барлығын естіп өскен менің балаларым бұндай сұмдықты ертегі сияқты тыңдайтын. Тек Кеңес Одағындағы қайта құру кезінде және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тарихи шындық айтыла бастаған тұста, «әке сенің әкеңнің айтқандарының бәрі шындық екен ғой, алапат аштық қазақтың тең жартысынан астамын жалмапты» деп, елдің басынан кешкен қасіретті өздерінше сараптап жататын. *(24–26 бб.)*

Естелікті Хасен Мұхаммедасқарұлының аузынан жазып алған:
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Оразгүл Хасенқызы Мұхатова

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚСП облыстық ұйымы атқару комитетінің бюросы.
***Тыныбаева Қауажан** деген кісі.*
1910 жылы туған,
Семей облысы, Ақсуат селосында 3-ші ауыл советі.
(1935 жылға дейін Көкпекті ауданына жатты).

1930 жылдары жолдасым ауыл советінің хатшысы болды. Өзім жұмысқа кеткен әйелдердің бала-шағасын бағатынмын. Отбасымызда отызыншы жылы туған қызым, енем, бәрімізді қосқанда төрт адам едік. Малымыздан бір ғана сиырымыз болды. Оны егін егу үшін жер жыртқанда көлік ретінде қылатынбыз. Бір биеміз бар болатын. 30-жылдары кәмпескелеу аяқталды, содан кейін орташа шаруаға кірісті 5–6 ірі қара, 200-дей қойлары бар адамдар кулактар деп танылды. Оларға мал және астықтай салық салынды, алынған малдарды жинақтады, сол кезеңде жинаған малдың саны 400–500-дей болды. Осы малдар талан-таражға түсіп, кейін жаңа Тоғамға берілді. 1932 жылы Тоқанов Бекетай дегенді ауыл советінің төрағасы етіп сайлады. Ол Байке деген байдың мал-мүлкін тәркіге салды. Көбін сатты. 1932 жылы өкімет елдің соңғы сиырына дейін жинап әкетті.

Баңқайдың Оқасы деген белсенді өзімнің қолымдағы жалғыз сиырды тартып әкетіп, өкімет сиырына қосып жіберді. Ол кезде бізде екі кішкене баламыз болды, енем, күйеуім бар еді.

1933 жылдың басында аштықтан қалған елге продпомощь берді. Оны тарату ауыл советінің хатшысының құзіретіне берілді.

Астықты елге бөліп беруші мен болдым. Кісі басына айына 4 қадақтан берді (1 кг). Ол кезде ел меншікке бидай салатын, өкімет содан салық алатын.Астықты бөлгенде жұмысқа жарайтынына ғана беретін. 10 жастағы балалар масақ теретін, оларға да продпомощь астық берді. (Аштықтың нағыз өзі). 1930 жылы елде аздаған мал және астық болды. 1931 жылға дейін әлі де мал-мүлік болды. 1931 жылдың күзінде елден малды сыпыра бастағанда, біз бір сиырымызды сойып алдық. Екі сиырды өкімет алып қойды. Ол кезде әлі де 1 сиырдан қалдырды. 1932 жылдың басында халықта әлі де болса астық болды. 1932 жылдың сәуір айында жоқтық үдей бастады. Төрт ағайынды кісі, екі

сиырымен бір түнде Тастай жаққа көшіп кетті. Олар сол жақта балық ауласақ та күн көреміз деп, қашып кеткен еді. 1932 жылда біз сияқты әр үйлерде болмаса, басқаларда түкте қалмай, жан-жаққа босып кетті.

Ел жазғытұрым қар астында қалған бидайды тере бастады. Өкімет жағынан көмек болмады. Таудан сарымсақ, шұғынның қазысын әкеліп жейтін. Оны қайнатып, асып жейді. Сарымсақтың өзі тамақ болмайтын. Осы Ақсуатта, ауылдың бас шағында Сағымбай деген ағайынды екі кісі адам етін жеген дейді. Соның үйінің жанынан өтіп келе жатқан кісі қайнап жатқан шәугімге үңілсе, баланың қолын көріпті. Ана кісі сол жерде талып қалады. Есін жиған соң, ауыл советіне айтып, Сағымбайды үй-ішімен жер аударып жібереді. Сол кезде аштыққа шыдамай асылып қалған адамдар да болғанын естідік.

Осы Ақсуаттың өзінде, Сағымбайдың үйінен 4–5 адам өлді. Әр отбасында, әсіресе түгі жоқтарда бір-екеуден өліп жатты. Таудан астық іздеп, ештеңе таба алмай, аштан өлгендер көп болды. Мына Көкжыраға қарай жүргенде, өліп жатқан елдерді жол бойы көміп жатты. Онда да күйлері бар адамдар ғана онымен айналысты. Жолаушы адамдардың талайын өлтіріп, астындағы атын алып кеткен жағдайлар да көптеп кездесті. 1932-де колхоздарға біріктіру басталғанда, мал-мүлкінен айрылғандар Қытайға көптеп кете бастады. 1932-жылы Көлеңкелі деген жерде бандының қалың қолы жиналды. Елдің үйінде, әсіресе, байлардан қалған белсенділердің үйіндегі жиһаздарды тартып әкетіп жатты. Кейін бандыны қиратып, 80-дей үйді айдап әкеп, 40-тай түйеге ертіп, Семей жаққа жер аударды. 1931–1932 жылдары Жанкісі деген ауыл советі болып, кейін Қытайға қашты. Жанкісінің де көпке тырнағы батқыш еді. Кейін әйелін алып кетуге келгенде Жанкісіні алдап, атып өлтірді. Клукин деген орыс, ГПУ-дың солдаты еді, оны банды ауып жүрген жерде қолға түсіріп, оны кескілеп өлтірген. Оны Көкпектіге апарып жерледі. Бандының көбі жасы 40–50-дегі кедейлерден болды. Кейін олар бірін-бірі сатып жатты.

Адамдардың көбі Қытайға өтіп, сол жақта тамаққа заттарын ауыстырып кетіп жатты. Бұл ауданда Қытайда болмағаны кем-де-кем еді. Онда сол көпшілігі жалшы жұмысшы болыпты.

Тыныбаева Қауажан, 1910 жылы туған, қазір Семей облысы Ақсуат селосында тұрады. Ауыл советінің төрағасы. 25.09.91 ж. *(27–29 бб.)*

Бұл естелік 1991 жылы 24 қыркүйекте жазылды.
Жазып алушы: Әліпбаев Амангелді,
«Егемен Қазақстан» газеті мен ҚазМУ-дың тарих факультетінің «Ұлы нәубет құрбандары» атты бірлескен зерттеу тобының мүшесі.

* * *

Тоқтарбаев Қасым,
1905 жылы дүниеге келген.
Семей облысы, Ақсуат ауданында туған

Жас әйелдің өз баласын өзі тасқа басын салып мыжығанын, өлтірмек болғанын өзім көрдім. Әлгі баланы жұлып алып, бесатарды алып, әйелді атайыншы дегенімде, әкем қолымдағы мылтықты жұлып алып «бұл әйел өз ажалынан-ақ өледі», — деді. Кейін біраз күннен кейін сол әйелдің іші кеуіп жатқанын көрдік. Аштан қырылу аз болса да, кейін Қарабас асуы жағында шашылып жатқан адамдар сүйектері көп еді.

1928 жылдан бастап батырақ едім, кейіннен НКВД-ның мүшесі болдым. Банды іздеп, шекарашыларға да көмектестік. Ол бандылар бізден жеткен жылқыны Қытайға сататын, кейде малды әртүрлі нәрсеге айырбас жасайтын, НКВД-ның мүшесі болғаннан кейін, әрине аштықты көп көргенім жоқ. Қанымыз бір болған соң, туысқанға да болыстық.

Елене деген жерде, Ақшоқының шекарашылары, тау басына пулемет құрып қойып, Ботамойнақта әскердің күшімен бандыны қамап, олардың арасында үлкен шайқас болды. Бұл «бандыда» басып келе жатқан бала-шаға, әйелдер көп еді.

Өлгендер сол сайда қалды. Ал, ұстағандарды Зайсанға әкетіп, сонда соттады, Ақжар түрмесіне жауып, Зайсанда атты. *(31 б.)*

Жазып алған: Әліпбаев Амангелді

* * *

Оразбай қызы Шәкен,

Туған жері: Шұғылбай селосы,
Көкпекті ауданы, Семей облысы
1914 жылы туған

Колхоздасу кезеңі басталған 1930 жылдары жай жұмысшы болдық. Өгіз жетектеп, егіншілікпен айналыстым, шөп тасыдым. Кедей халықтан малды колхозға алғанға дейін 2 сиыр, 10–15 қой, 43 жылқы болды. Шұғылбайдағы колхозымызды 1929 жылы «Ұмтыл кедей» деген атпен құрды. Ол он үйден біріккен еді. Кейін сол үйлері бірігіп, колхоз құрылды. Малды колхозға күшпен жиып алды. Халықта ешқандай мал қалмады. Барлығы ортаға түсті. Біздің семьяда алты бала, ағайым, әйелім, баласымен қоса — он бір адам болды.

Белсенділер малды колхозға алып, оны өз туыстарына бақтырды. Ешкімді маңайына жолатпады. Исполнительдер келіп үйден қалаған заттарын алып кете беретін. Сондай исполнительдердің ішінде Жүкебаев Жұмағали деген елге көп қиянат жасады. Ауыл советте Раисов Қапез деген өте қатал адам болды, ел одан қатты қорқатын. Ауыл советтіне кейіннен Шатаев Мұқажан деген кедей азаматы тағайындалы. Ол да шаш ал десе, бас алатын еді. Ағайымыздың үйін кеңсеге алып қойды. Олардың ұраны: «Байды жой, көзді ой, жер мен судан шығар», деген еді.

Шұғылбайда аштық 1931 жылдары басталды. Егін шықпады, малдың бәрін колхозға тартып алды. Аштыққа шыдамаған ел, тамақ іздеп Зырлық жаққа кетті. Жолда қырылып жатқандары қаншама. Шұғылбай бойында, өзен бойында өлген адамдар, көздері адырайып жататын. Екі апайым аштан өлді. Апайым Бейілқан арам етті қазып алуға бара жатып, соған жетпей аштан өлді. Сүйегі қайда қалғанын да білмедік.

1930 жылдың өзінде қара суға қосуға тұзда болмады. Қара судан басқа түк жоқ, тамақ атымен жоқ. Қайыршының күйіне түстік. Оның үстіне ел аралаған қыдырмашылар да көп болып кетті. Аштықтан, тамақ іздеп Қарағанды-Көл селосы жағына да адамдар шұбап жатты. Ол жақта да тамақ жоқ. Сол жолда да өліп жаттқан адамдар көп болды.

Аштықтан орыс халқы көп өлді деп естімедім. Олар шөп-шалаңмен күн көрді, картошка салып, жеміс-жидекпен шықты, қа-

зақ байқұстан малды алып еді, қырылдық та қалдық. Аштықтан тамақ іздеп, Большевик совхозына бардық. Ол жақта да аштық. Бала-шағасын лақтырып жібергенді сол жақта көрдік. Таңертең жас келіншек әлі кетіп бара жатып, Ақсуат суына ұл баласын лақтырып жібергенін де көрдік.

Өлгендердің кейбіреулері көмілді, ал келмегендері қалды. Ал белсенділердің туған-туысқандарынан біреулері өлді деп естімедім. Олар тоқ болды. Өкімет жағынан сол 1932 жылдың аяғында ғана көмек беріле бастады. «Трудпомощь» ретінде 8 килограмнанан бидай берді. Содан кейін кішкене жеңілдіктер байқалды. Кейін 1 бұзау, 1 қой берді, бұл 1933 жыл еді.

Оразбай қызы Шәкен қазір 1991 жылы Шұғылбай селосы, Көкпекті ауданы, Семей облысында тұрады. Ауыл советтің төрағасы. *(42–44 бб.)*

Жазып алған: А. Әліпбаев
Естелік 1991жылы 27–28 июльде жазылып алынды.
28-июльде естелік магнит таспасына жазылып алынды.

* * *

Күмпейісов Қабатай,
1916 жылы Шұбаршы ауылы,
Көкпекті ауданында дүниеге келген.
Күмпейісов Қабатай, 1916 жылы туған.
Қазір Семей облысы, Көкпекті ауданы,
Большевик совхозында тұрады.
Ауыл советінің төрағасы.

Отбасымызда сол кездің алдында әкем өлген еді, 4 бала қалдық. 1928 жылы Мойынсеріде тұратынбыз. Отбасымызда мал-мүлік болмады. Егін егіп, сонымен күн көрдік. Колхоздың кезінде әкемнің жалғыз биесі болған еді. Бізде үйіміз де болған жоқ, сөйтіп жүргенже жалғыз бие мен сиырды да алып кетті. Белсенділер негізінен кедей, байлардан тағайындалды. Түсінов Захарин деген ағайым шолақ белсенді болды. Ол мені көрсетіп, соңғы бие мен сиырды алып қойды. Жинаған малды «Загатовин» деп Семейге әкетті.

1930 жылы су болмай, астық шықпай мал жоқ, аштық басталды. Ел Үшкелейге барып, балық аулап, оның етін жеп, ал сүйегін талқан қылып жедік. Мәселен, ит, қасқыр етін жеген адамдар бол-

ды. Көзіміз оны да көрді. Тулақтың жүнін күйдіріп, суға қайнатып жеген елді де көрдім. Кішкене қағып үйінді жегендер де болды. Ол кезде бүкіл семьясымен аштан өлгендер көп кездесті. Әкемнің інісі Байтілес аштық кезінде тамақ іздеп кетіп, содан жоғалып кетті. Ақан деген ағайымнан да еш хабар жоқ.

Аштық кезінде өлгендерді көме алғандар көмді, кейбіреулерін шұңқырларға тастады.Аштық 1933 жылға дейін болды. 1933-тен кейін жетім-жесірге семьяға 3 пұттан (5 адамға) тары берді.1933-тен кейін астық тәуір шықты. Ұрпеш түнде жатпады. Шешем ұсталып, Қарағанды-Көлдің кеңсесіне жауып алуға алып кетті. Бала-шаға шулап жылап, содан шешемізді босатты. Біздің семьямызға 1 пұт тары бөлді. Кеңсе бастығы Әжібайдың Кенжеалы, байдың баласы, адамшылығы мол еді.

Ауыл советтің төрағасы Дөңесбаев Қалиасқар болды. Кедейден шыққан бауырым еді, шаш ал десе бас алатын адам екен. 1932 жылы бандылар шыға бастады. Олар біздің аймақта көп болды. Олар ауылдан 7–8 шақырым жерге орналасыпты. Бандыда баймен қатар кедейлер де болды. Кейде малды Қытайға көшіріп әкететін. Банды көбінесе өкіметтің малын айдап алып кетіп жатты. Әр қайсысында бір-бір бес атар мылтық, қайдан алғандарын білмедім. Бандылар Қытайға кетеміз дегендерді тастамай, ілестіріп әкететін. Оларды қууға көбінде совет әскерлері жіберілетін. Кәмпескеленген байларды тал түсте әкетіп жатты. Солардың бірі Алшынбай деген бай болды. Оның малын үкімет алып, өзін 10 жылға жер аударды. Кейін олар қайтып келген еді, бірақ «Үндемес» жылдары қайта тұтқындалды. *(44–45 бб.)*

Естелік 1991 жылы 12 июльде жазылып алынды.
Жазып алған: Әліпбаев Амангелді

***

***Хангельдин Совет Адамұлы**,*
Семей облысы, Ұржар ауданы

Мен де баламын, естуімше қатты қырылған Шұбартау ауданы екен. Сонда тұрдық. «Айыр тұяқ қалмасын» деп байлардың малын конфискеледі, орта шаруаға салық салды, егін болмағандықтан астығы жоқ елдің малын тартып, ортаға салды. Қазақ халқы малсыз

күн көруі қиын. Шұбартау, Ақсуат аудандарынан күн көріс үшін қашқын босқындар Аякөз ауданындағы ет комбинатын қоршап алып аш адамдар қалдық тасталған ет тағамдарын теріп жейді екен. Қиыншылықтан құтылу үшін басқа жаққа кеткен қалаға кеткен. Қытайға өткен, көбіне жолда жетпей, қырыла берген. Ашыққан адамдар ісіп-кеуіп кетеді екен. Абай ауданының тұрғындары қатты қырғынға ұшырады.

Шешемнен бір естігенім:

Шешесі — Қайныш деген кісі, кейіннен 1952 жылы Қызыл-ту селосында өз қолымда қайтыс болған. Сол шешемнің айтуынша: бір аш адам әбден әлсіреп бір адамның (байдың) үйіне келеді. Сонан котелге қатқан ішек сияқтыны салып пісіріп береді. Әлгі адам әлгі ішекті жеп, сорпасын түгел ішіп, далада салынған тулақтың үстіне қисая кеткен екен. Сонан аш өзегіне түсіп кеткен болуы керек, 1,5 сәтке сезбей ұйықтапты. Ісіп-кеуіп, өне бойын бит қаптап кеткен екен. Сонан көзін ашып тұрса өн бойының ісігі қайтқан, қатты терлеген. Сөйтіп өлмей аштан аман қалған. Кейіннен әлгі адамның үстіне бірде-бір бит түспейтін болыпты, сөйтсе әлгі жеген ішегі жыланның өзі, еті (кепкен) екен, Дәлірек, қасиеті мол ғой. Тіпті мына жылқы малы лоңқа болып ауырып, кебекке салып жыланды турап береді екен. Әрі жазылады, әрі семіреді екен. Үржар өлікке толды, көбі Ташкентке қашқан. Әрине, қиын болғандықтан. *(91 б.)*

* * *

Н. П. Русанов,
Семей облысы,
Жарма ауданы, Қаратөбе ауылы

Мен 1917 жылы осы Қаратөбе ауылында дүниеге келдім. Аштықтың дәмін татқанда 15 жаста едім. Ол күндердің оқиғасы әлі күнге дейін көз алдымда. Ең алдымен ашаршылық болатын қыстың алдындағы жазда — 1932 жылы өте қатты қуаңшылық болып, барлық жерде егін шықпай қалды. Себілген астық пен шөп күйіп кетті. Селоның үстін басып ағатын Жанама өзенінің суы да тартылып қалды. Шөлді басу үшін Проводин жырасында құдық қазып, су тартуға мәжбүр болдық. Оған қосымша сол бір өте ауыр болған 1932 жылы жылқыда жаман індет шығып, мал

басын орасан зор шығынға ұшыратты. Ол кезде шаруа адамы ат-көліксіз ештеңе бітіре алмайтын. Сондай-ақ тәркіленген байлардың туған-туысқандары да біраз зиян тигізді. Сөйтсе де күштеп коллективтендіру — жаппай аштықты болдырған себептердің бірі. Колхозға қабылданған сәт осы күнге дейін көз алдымда: уәкілдер келіп тірерге тұяқ қалдырмай жинап алып кететін. Еңбек еткің келсе колхозға кіресің, ал кірмесең аштан өлесің. Сондықтан колхозға адамдар өз еркімен кірді деген сөз жалған. Колхозға мүше болып кіруге ешкім ұмтыла қойған жоқ. Өйкені барлығының тұрмыс жағдайы бірдей нашар болатын. Біздің өзіміз де жалғыз жылқы мен жалғыз сиыр болды. Көпшілігінде бұл да жоқ. Отыз аула тұратын біздің ауылда екі-үш қана бай отбасы болды. Бірақ олар өздерінің іскерлігімен қолына алған іске дұрыс көзқарасы арқасында байығандар. Жақын ауыл тұрғындарынан сүт сатып алып, дайындаған майын апарып сататын. Ол жерден шыт, аяқ киім алып келіп бізге сататын. Қазір бұл іс бизнес деп аталады. Ал сол кезде ол өзінің осындай іскерлігі үшін дүние мүлкі тәркіге түсіп, өзі Сібірге айдалды.

1932 жылы астық шықпады деп жоғарыда айтып кеттім ғой. Күзде талшықтап жейтін біраз тамағымыз болса да қыс та және әсіресе 1933жылдың көктемінде нағыз ашаршылық басталды. Тамақтан өткеннің барлығын талғаждау еттік. Өлген малдың етін бөліп беретін. Негізінен май соғылған күнбағыс дәнін, кебекті тамақ қылдық. Қыстың ортасында көктемге қарай аштықтан адамдар күнделікті өле бастады. Біздің отбасындағы он адамнан тек бесеуі ғана қыстан аман шықты. Бірнеше айдың ішінде ауыл тұрғындарының жартысынан жуығы қаза болды. Әсіресе, тек малмен күнелтіп отырған қазақтарға қиын тиді. Малдары қырылған қазақтарда талшық ететін басқа ешнәрсе болған жоқ. Сондықтан көбі қалаға кетіп, көздеген жеріне жете алмай, жолда қалғандар көп болды. Жаз шыққан соң біраз сергігендей болдық. Ал 1933жылдың күзінде шыққан бітік егін бізді өлімнен аман сақтап қалды.

Тұрмыстың ауыртпалығына қарамастан сол кезде ұлттық шиеленіс деген болған емес. Барлығы бір-біріне қайырымды болып, ешкім ұлтына қарай бөлінген жоқ. Қазақтар қолдарында барын бөліп берсе, біз де сол қайырымдылықты жасадық. Қазір ондай жақсылық нышанын байқамайсың. *(93–95 бб.)*

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қызылордадағы қызыл қырғынның көзі тірі куәгерлері:
Қилыбаев Әсілбек, *1915 жылы туылған,*
«Красная звезда» совхозы
Жайылма бөлімшесінің тұрғыны.

Қазақ халқының тарихы қиын-қыстау, қасіретті, қалтарыс-бұлтарыстары көп кезеңдерден тұрады. 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» оқиғасындағы қырғынға жоңғар басқыншыларының қанды жорықтары себеп болса, XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы айдың-күннің аманында, ел тыныш заманда халқымыздың басына түскен нәубетті немен түсіндіруге болады? Басқа түскен бұл зұлматтың барысында қазақ халқының тең жартысы аштан өлді. Кейбіреулер тіпті өлмеудің қамын жасап, туған жерін тастап, босып кетті. Осылайша халқымыз орны толмас қайғыға ұшырады. Әрине, қайғылы жағдайға әкеліп соққан оқиғалардың объективті заңдарын, себептерін түсіндіруге болады. Олардың кейбіреулеріне табиғаттың апатты тылсым күштері себеп болды. Ал бірақ куәгер көзге қырғынға ұшырағанын, халыққа қарсы бағытталған солақай саясатты қалай түсіндіруге болады?

Мен ол кезде Қызылорда қаласындағы совет партия мектебінде оқитынмын. Бір күні ел қатты ашығып жатыр дегенді естіп, мұғалімдерімнен сұранып, ауылға келдім. Келе жатқан бетімде жол бойындағы Шиелі, Төменарық, Жаңақорған станцияларынан аштан өліп жатқан адамдарды көрдім. Бұхар, Арқадан ашығып, босып келгендер екен.

Ауылға келсем, мен білетін біраз кісілер аштықтан өліп қалған екен. Шамасы келгендер Өзбекстан, Тәжікстанға көшіп кетіпті.

Кеудесінде шыбын жаны барлар жұмыс істеп жүр екен. Жұмысқа шыққандарға күніне 150–200 гр бидай берілді. Ашыққан ел доңыз өлең деген өсімдікті піскен кезде дәнін диірменге тартып, азық етті. 1933 жылдың көктемінде Сырдария тасып, ескі дария деген арнаға су қаптады. Осы судың балығымен күн көрдік. Бір жағынан, сол кезде Шұрық деген жерде қоян көп болды. Жүгіруге шамалары келген азаматтар сымнан тұзақ құрып, қоян аулады. Сонда да адамдарымыз аштан өліп жатты. Өлгендерді үлкен

жарқабақтың астына әкеліп жерледік. Олардың бейіті әлі күнге дейін Майшының шұңқыры деген жерде жатыр.

Біз колхозға біріккен соң мақта, аздап бидай, тары ектік. Ол уақытта ауданнан уәкілдер қаптаған заман еді. Малды, құрал-сайманды бәрін ортаға жинатты. Салықтың түрі де көбейді. Жиналған аз өнімді түгелдей алып кетіп отырды. Ол аз болса, есіктің алдына еккен аздаған жүгерілерімізді де алып кететін. Неге екенін білмеймін есіктің алдына бидай, тары егуге тиым салынды.

Аштықтың нышаны 1932 жылдың күзінде анық білінді. Халықтың қолында азық ететін ештеңе қалмады. Сол жылғы жиналған аз астықтың бәрін ауданға жөнелтіп жібергенбіз. Жоғарыдан бұйрық солай болды. Ашаршылық келе жатыр дегенді естіп, қолында күші барлар жоғарыға (Өзбекстанға, Тәжікстанға) көшіп кетті. Жұмыс істегендерге күніне 500гр бидай беріп отырды. Ал колхоздың жұмысына шығатын адамы жоқ үйлерге ештеңе берілмеді. Ашыққан ел қоңырбасты қоғаның түбірін, жауылшының дәнін диірменге тартып, бидайдың ұнына араластырып, соны тамақ етті. Аштықтан өлгендер саны күн сайын өсті. Оларды кәдімгідей арулап жерлеуге шамамыз келмегендіктен, үйлерінің тіреу ағаштарын өгізбен сүйретіп, үйлерін құлатып, өз үйлерін молаларға айналдырдық. Сол үй молалардың орындары қазіргі Қыркеңсе бөлімшесінде әлі бар. *(100–101 бб.)*

* * *

Құрышжанов Мүтәліп,
1923 ж. туылған.
Жаңақорған ауданы, Төменарық селосында тұрады.
Паспорт сериясы I–ГУ No 629807

Бұл кісі 1931–33 жылдардағы ашаршылық кезінде жеті-сегіз жасар бала болғанымен аштықтың ащы азабын көзімен көрген. Аштық адамдарды әбжыландай жалмағанына куәгер кісі.

Ашаршылықтың алдында бұл кісінің Қаратау баурайындағы Ынтымақ деген жерді жайлапты (қазіргі Жаңақорған ауд. Бірлік совхозының жері). Ашаршылық жеті жасар кезінде басталған дейді. Ынтымақтастағы ел темір жол бойына жетейік деп үй-жайларын тастап үдере көшкен. Аш халық жолшыбай жылан шаян қалды-

рмай жеп келген. Мырзахмет бауы деген жерде біраз тұрақтаған. Кейіннен сол жерден үйіліп жатқан адамның сүйегі мен тасбақаның сауытын көрдік дейді. Кейбіреулер өздерінің балаларын да далаға тастап кете беріпті.

Өзінің әкесінің колхоз болғанға дейін орташа дәулеті болса керек. Бар малын үкімет алған. «Ол кезде баламыз ғой, тіпті уақ малды да көрген емеспіз. Кесекпен соғылған талдағы малдың ізін көріп таң қалатынбыз» — дейді.

Әке-шешесі Ынтымақта аштықтан өлген. Бір ағасы әскерге алынып, сол жақта қайтыс болған. Інісі екеуі тірі қалған (інісі белгілі профессор, филология ғылымдарының докторы Әбжан Құрышжанов).

Мүтәліп ақсақал сол ашаршылық жылдары Шиелідегі балалар үйінде болған. «Балалар үйі болғанда әншейін құр там, не орын жоқ, не төсек жоқ, соған аш балаларды әкеліп қамай беретін. Полға жатамыз, тіпті бала көп болған кездері тұрып ақ ұйықтай береміз. Қандала деген толы, балалар ісіп кетіп те өлді. Есіктің алдында асхана бар, онда сұлының ұнынан атала беретін, бірақ ол уақытта тұз болған жоқ. Балалар үйінің (детдом) алдында алты жігіт үнемі тұратын. Олар үйге ауру, аш балдарды алып келеді және өлгендерді далаға тасиды. Кебірге апарып жерошақ сияқты жерді қазып бетін көміп кете береді. Күніне нешеу шығаратынын қайдам, әйтеуір қырылып қалды». Міне 1931 жылғы сегіз жасар баланың көргені осы.

Тағы бір айта кететіні, сол жылдары босқан жұртты басқа жаққа жібермеген, поезға билет кестірмей қояды екен. Жұрттар вокзалда он, он бес күндеп жататын, ал оның да іші толы қандала дейді. Белсенділер арба тартатын атқа, өгізге астық берсе де адамға бермепті, ұрлағаны үшін соттап жіберетін. Палымбет деген туысы Созақтағы аққалпақтар көтерілісіне қатысқаны үшін он жылға сотталыпты.

Мүтәліп ақсақал Шиелідегі балалар үйінде екі жылын өткізген. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Куримжанов Муталип «Төменарық» совхозында тұрады. Анықтап қол қоюшы ауылдық советінің іс басқарушысы: Г. Әділжанов. *(106–108 бб.)*

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жүндібаев Құрақ,
1921 жылы Май-Бұлақ колхозы Жүзімдік ауыл советінде дүниеге (қазіргі Шымкент облысы, Ленин ауданы, Жаңабазар сельсоветі) келген.

Колхоздастыру кезінде және ашаршылық кезінде осы ауылда тұрғанмын. Ауыл советінің председателі осы кісінің әкесі Бектасов Жүндібай болған. Бұл кісінің айтуы бойынша ашаршылық кезінде 4 өгіз, 9 ат болған. Ағабек Тұртаев болыс-би болған. Бұл жылы құрғақшылық болып, бидай шықпай қалған. Ашаршылық кезінде ертең ерте тұрып сүдігерге (жыртылған жер) барып бұршақ теріп, соны қайнатып ішіп күн көрген. Ашаршылықтан Жолдықараев Тұржанның әкесі Жолдықара т. б. қайтыс болған, оларды үйдің қабырғасын құлатып көміп жүре берген. Ашаршылық 1932 жылдан 1935 жылға дейін созылған. Әңгімелескен: Жақсыбеков Дархан. *(111 б.)*

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Қолдан жасалған қырғын

(Жамбыл облысының Жуалы ауданынан жиналған естелік-деректер)

Жуалы ауданы нәубеттің алғашқы ызғарын 1930 жылдың өзінде-ақ сезінген еді.

Ауданның көнекөз шежіре қарттары Ауғанбайұлы Рысқұлбек, Байдалыұлы Аманбек, Әлімбайұлы Имаш, Пірзатұлы Момынқұл, Орынайұлы Әтен, Батырбайұлы Қоралесбай, Айтбайұлы Диханбек, Байтоқұлы Қылышбай тағы да басқа қариялардың айтуынша «Жуалы жұрты қандай бір аштық, жұт болсын жан шығынын бермес едік», — дейді. Жалпы аудан бойынша мал санын дөңгелектегенде әрбір кедей алдында 30–40 қой, 2–3 сиыр, 8–9 жылқы түлігі болған. Оның үстіне Жуалы жұрты ежелден егін еккен диқан халық. Өкінішке орай, осындай артықшылықтар бола тұра аштықтың азабын тартты. Осы сұрақты өзіме-өзім қоя тұра қарттарымның сөзі есіме түседі: «Аштық есігімізден аттап кірмес еді, егер…. ». Иә,

егер: «Біздің малымызды продотрядтар келіп тартып алмағанда, 1921 жылдан бері салынып келе жатқан азық-түлік салғырты болмағанда, колхоз құрылысына дейінгі малы көп адамдарға 400–500 пұттан астық салығын салмағанда, ол салықты бір салғанда үш рет салып қинамағанда, біз осындай күйге жететін бе едік? Міне, қарттардың көкейлеріндегі арманы, ойы осы еді.

1927 жылдардан бастап Жуалы өлкесінде мал басы 200-ден асатын адамдарға 400–500 пұттан астық салығын сала бастаған. Ал бұл салықты төлемегендер «тап жауы» есебінде тіке түрмеге қамалатын. (Бұл кезде әлі «халық жауы» деген термин шыққан жоқ). Сондықтан, халық артық малынан бас тартып, болмашы бағаға Әулие-Ата базарына апарып сата бастады.

1929–1930 жылдары колхоз құрылысы күштеп, зорлықпен жүргізілді. Колхоз құрылысының алапатында аудан халқы малын бір ортақ қазанға бергісі келмеді. Берместің қамымен малға қанды қасап жүргізілді. тап айтқанда: ірі қаралардың артынан қолағаш жүгіртіп, іш құрлысын талқандау немесе тілін буып тастау. Не оттай алмаған, не су іше алмаған Зеңгі баба тұқымы өз иелерінің қолынан пышаққа ілініп жатты. Қой мен жылқыны қанша сойғанмен оның санын азайту қиын болғандықтан, әрі десе «обал» деген сөзден қорыққан қазақ осы аруақтаған түліктерінен тапа-тал түсте айырылып қалды. Облыстан, ауданнан қару асынып келген уәкілдер бүкіл ауылдың малдарын белгіленген орталықтарға жинады. Қазақ ауылдарының малы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, Жуалы елі өздерінің ақ-адал малдарынан айырылғанда олардың қамбаларындағы сүйенетін қордан да түк қалмаған. 1930–1931 жылдары егін өте болымсыз болып шықты. Құрылған колхоздарда жерді жер ағашпен айдайтын. Тұқымдық астық көмегі берілмеген. Сөзімнің басында айтып өткен колхоз құрылысының алдында малы көп адамдар мемлекетке 100–150 пұттан астық салығын өткізген. Оны Бурный, Кременьевка, Алексеевка елді-мекендеріндегі астық жинап өткізетін «Заготзерноларға» беріп отырды. Осыдан, «Заготзернолардан» колхоздарға астық тұқымы неге берілмеген деген заңды сұрақ туады. Сол кездің өзінде елді төнкеріп тастағанмен параны ешкім жоя алмаған екен. «Заготзерно» бастықтары жеке ауқатты адамдардан астық салығының орнына ақша алған. Бұған бір ғана мысал. Аманбек қарияның

айтуынша: «Кременьевка заготзерносының бастығы Петро деген орысты, Түлкібастан, Қырғыз елінен ақшасы бар адамдар іздеп келіп, астық төкті деген квитанция жаздырып әкететін». Сыртқа білінбеген осындай былықтар көп еді. Аудан басшыларының нұсқауы беріліп, жаңадан шаңырақ көтерген колхоздар көмекті өз дәрежедеңгейінде осы себептен ала алмады.

Бірімен-бірі байланысқан үш себеп болды: Біріншіден, мемлекет тарапынан, атап айтқанда Мәскеу басшыларымен Қазақстан басшыларының зұлматы. Екіншіден, мал мәселесінде облыс, аудан уәкілдерінің, «ұлтанқұл» белсенділердің мал басын қысқартуда жүргізген зиянды әрекеті. Үшіншіден, егіншілікке тигізген ішкі және сыртқы әсерлер. Осылар 1931–1933 жылдар аралығындағы аштыққа әкеп соқты. *(124–126 бб.)*

У. Құрманбаев, ҚазМУ-дің тарих факультетінің студенті,
«32- нің зұлматы» тарихи экспедицияның мүшесі.

* * *

Т. Іңкәрбеков,
Бірлік ауылы, Мойынқұм ауданы.

Нағыз ашаршылық жылдары біз Қордай ауданының қазіргі орталығы Георгиевка ауылында тұрдық. Кеңес үкіметі орнамай тұрып, онда әкемнің әкесі көшіп барыпты. Ол кезде шағын орыс ауылы Георгиевка небәрі 3-ақ көше еді. Қазақтар аз тұратын. Бұл ауылдың халқы ешқандай ашаршылық көрген жоқ. Екі жерде мектеп бар еді, соның біреуінде екі — ақ қазақ баласы оқитынбыз…

Күндердің күнінде ашаршылық басталып, аш-жалаңаш қазақтар шұбыра бастады. Орыстар оларға жұмыс беріп, үй беріп пана болып былай тұрсын, жақындаса ұрып-соғып қуады. Ашаршылық басталмай тұрып-ақ көлік үстінде көшемен кетіп бара жатқан қазақтарға балалары тас лақтырып, «қырғыз» деп мазақтағанын көріп тұрып-ақ үлкендері қой демейтін.

Өзім тікелей араласып жүріп көзім көргендерді айтайын (ол кезде мен 11–12 жастамын). Біз тұрған көшеде балалар үйі бар еді. Сол жетімхананың балалары көп өлді. Олардың денелерін күнделікті ат-арбамен ауыл шетіндегі арнайы қазылған үлкен апанға таситын. Мен ертемен ауыл базарына қымыз, айран апарып сатамын.

Орыс әйелдері түрлі тағамдар сатып тұрады. Аштар сатып алатындай болып жақындап келіп, күлшеден ала қашады. Әлгі орыс әйелдерінің қолында бір-бір кеспелтек таяқшалары болады, қуып жүріп ұрады. Аш адам оған қарасын ба, күлшені аузына көмейлеп тығады. Кейбірі ұрған жерде құлайды, сол жерде өліп те қалады. Көше бойында, арық ішінде, тасада өліп жатқан қазақтар көп кездеседі. Оларды жинап, әлгі жалпы молаға апаратын болуы керек.

Ашаршылық басталған алғашқы айларда кейбір қазақ байлары түнделетіп көп мал айдап қырғыздарға өтіп жатты.

1932 жылы Несіпбай деген бай туысқанымыз малы тәркіленіп, ашаршылыққа ұшырай бастаған соң көрсетпей тығып жүрген жалғыз түйесіне екі әйелі, 5–6 баласын отырғызып, әкемді іздеп, қасымызға Хан тауынан көшіп келді. Әкем ол кезде Киррайпотребсоюз деп аталатын мекеменің «гуртуправляющий» болатын. Несіпбай тұқымдарының біразын (Әлмағанбет, Сейтжан, Мұқат — қазір Бірлік ауылында тұрады) жұмысқа тұрғызды. Сөйтіп ашаршылықтан аман алып қалды.

1937 жылы әкем елге көшіп келді. Бұл жақтағы балалар ашаршылық салдарынан кенжелеп қалған екен. 1938 жылы мен орыс тілінен мұғалім болып орналастым. Сондағы оқушыларымның көбі менімен жасты еді. өтірікші болмау үшін қазір көзі тірілерін атай кетейін. Олар: Б. Қаратерейев, Д. Асанбаев, Қ. Сыздықова, Б. Қалтайев, Ж. Пірәлиев, Н. Баяубаева. Ал, қаншама адам ашаршылықтың құрбаны болды десеңізші!…Иә, бәріде Сталин, Голощекиндердің қолдан қаса-қана жасаған нәубатының зардабы. Сол аруақтарды халық болып ас беріп еске түсірсек, лайықты ескерткіш орнатсақ, асқан имандылық, келер ұрпаққа үлкен сабақ болар еді. *(127–128 бб.)*

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Бердібаев Қыдырбай,
Туған жылы: 1926,
Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау облысы

1925–1929 жылдары аштықтың салдарынан Түркістанға көшіп кеттік. Онда барғанда жағдай нашар болды. Әке-шешелері балаларын шарасыздан балалар үйіне өткізе бастады. Түрікменстандағы

Ташауз облысының Калшиши ауданы орталығындағы балалар үйінде балалардың қорегі бір үзім нанды 4 балаға бөліп беретін. Күніге қабылданатын 40–50 баланың, 20–30 аштықтан өлді. Есімде қалған бір көрініс: Әжем берген бір үзім нанды балалар сұрағанда бермегенімде, тартып жеді. Олар қаты ашыққандықтан берсе де, бермесе де тартып алатын.

Аналарымыз балаларын аман алып қалу үшін, түрікмендерге жалданып, диірмендерін тартып, сол үйдің бар шаруасын істейтін. Еңбегінің ақысына бір кесе жүгері алып, көже-қатық етіп баласын асырайтын. Мен осылайша аман қалдым. *(129 б.)*

Жүгенбаева Гүлбану
Маңғыстау облысы бойынша дерек-естеліктер
21.09.1991 ж.

* * *

Базарбаев Аят,
1923 жылы туылған,
Адресі: Жаңаөзен қаласы,
3 ықшам ауданы, 8-үй, 19-пәтер

Біріншіден, колхоздар бөлініп жатты. Әркімнің азын-аулақ малын колхозға күштеп алдыртты. Екіншіден, колхозға түсіндіріп те, қорқытып та кіргізді.

Аштық әсерінен 1930 жылы Маңғыстаудан Түрікменстанға көшіп кеттік. 12–13 түйеміз болды. Байды құлаққа жазады деген соң 10 түйені бірден сойып жедік. Қалған боталы 3 түйе өлді. Өмір сүру қиындады. Мың қоралы үйлер болып көшті.

1932–1933 жылдары нағыз аштық басталды. Әкем өлген, анам бізді Түрікменстанның Ташауз облысындағы балалар үйіне тапсырды. Өзі бір қызымен жергілікті түрікмендерге жалданып, күнін көрді.

Үкімет тарапынан ашыққандарға көмек бергенін көрмедім. Бірақ, балаларды жетімдер балалар үйіне алатын. Содан аман қалдық.

Басмашылар болды, олар ел тонайтын, үкіметке қарсы соғысты. 1933 жылға дейін басмашылар көп болды. Олар кімдер? Бай тұқымы ма, әлде аштыққа шыдай алмай көтерілгендер ме, осыны білмеймін.

Қажырлы, еті тірі адамдар ұрлық жасап, аштан өлмеудің жолын тапты. Тіпті, шикі жоңышқаны қайнатып ішетін. *(129–130 бб.)*

* * *

Нұрманов Жетеу,
1922 жылы туылған,
Жаңаөзен қаласында тұрады

Негізгі ата-мекені Ақтөбе облысының Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы. 1930–1931 жылдары Бесқала (Қоңырат) жерлерге қоныс аудардық.

1932 жылдың аяғы мен 1933 жылдың басында жаппай аштық басталғанда қазақтар балаларын тастап, бастары ауған жағына шұбырды.

Сол, 1933 жылы ағам Смағұл, өзім, қарындасым Аружан (8–9 жаста), інім Базарбай (6–7 жаста) бәріміз Қоңыратта балалар үйінде орналастық. Шешем, туыстарымен бірге Әмудария жағасымен, Түрікменстанға кетті.

Қоңыратта біздің жағдаймыз былай болды: Смағұл ағам (15–16-да) Қоңырат басшыларының біреуінің үйінде қызмет жасап, Қарақалпақстанның сол кездегі астанасы Төрткүл қаласына 1 жылдық мұғалімдер дайындайтын курсқа кетті.

Мен, інім, қарындасым балалар үйінде қалдық. Балалар өте көп еді. Аштықтан өлген балаларды жетімхана жанындағы шұңқырлау жерге 2–3 бел, күрек қағып, бір шұңқырға бірге көме салатынбыз.

1933 ж. ортасында інім мен қарындасымды өз қолыммен жерледім.

1933 жылы аштық өзінің шегіне жетті. Төмендегідей жағдай, бұған толық дәлел: Балалар үйінің 4–5 күшігі бар қара -ала ит бір түнде жоқ болып кетті, ашыққандар ұрлаған. Балалар үйінің алдынан Қоңыратқа апаратын үлкен жолда есекпен базарға кетіп жатқан адамдарды аңдып, жол шетіндегі арықта отырған пышақтары бар адамдарды көретінбіз. Олар базарлап жүрген адамның итінің, есегінің қарынына пышақ тығып алатын, ішек-қарны шұбатылған есек құлағанда, 10–15 адамдай топ, кәдімгі қара қарғалар ұқсап жабылып, қолына ілген жерлерін кесіп алып жататын. *(130–131 бб.)*

* * *

Төлеков Алтынбек,
1916 жылы туған,
Жаңаөзен қаласының тұрғыны

Жетім болдым. 1931 жылы Хиуада күн көріс бар деген соң, сонда кеттім. Июль айында Хиуа тауларында орналасқан Ташкенттен шыққан «десятый боевой полк по ликвидации Жунайт хана» деген әскери бөлімге тап болдым. Осында, полкке қабылдандым. 1934 жылға дейін сонда қызмет еттім. Біздің бөлімнің жазғы лагері Ташкеннен 30 км жердегі Шымкент жолына қарай Троицк жерінде еді. Жиі-жиі жорыққа шығып тұратынбыз. Сонда өз көзіммен көрген сұмдықтарым. Керегесі шетінеген қазақтың үйлері, далада өліп жатқан қазақ отбасыларын көрдім. Ташкент қаласында босып жүргендер — 5–14 жастағы қаракөздер еді. Олар әскерлерден қалған тамақ қалдығына таласатын, төбелесетін. Ал пісірушілер оларды қуып жүретін. Әскердегі кілең орыстың ішіндегі жалғыз қазақ мен болдым. Балалар «ахкялеп» терезеден телміріп тұратын. Мен бар нанды лақтырып жіберем. Ал пісірушілер қуып жібергенде олар ит құсап әр жерге барып шоқиып тұратын да, көп ұзамай қайтып кететін.

Троицк лагері жолынан өтетін «Қарасу» деген су бар еді. 1932 жылы күзде сол су жанындағы тоғайшыққа көп қазаққа қазан асылды. Өзбекстан Орталық партия комитетінің секретары Файзулла Ходжаевтың бұйрығымен көже пісірілді. Аш балаларға тамақ берілді. Көжені ішкен балалар өліп қалды. Сөйтсе, қаланы аштардан тазалау мақсатымен, көжеге у қосылған екен. Өліктерді көзім көрді. 1933 жылы ашыққандар жойылды. *(135 б.)*

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Осы «ақтандақ жылдар» туралы жазып жүрген Құрал Тоқмырзин осыдан 15 жыл бұрын Шитан Тәумекұлы (1905–1977 жж.) деген ақсақалдан мынадай әңгіме естіпті.

Ақтөбе облысының Ойыл өңірінде аштық 1931 жылдың көктемінде басталады. 1929–1930 жылдары жүргізілген байларды кәмпескелеу, халықтың бүкіл малын белсенділер жинап алуымен аяқталады. Шитан ақсақал ол кезде бойында күш-қайраты бар

жасөспірім болатын. 1931 жылдың күзінде тамақ іздеп елден кетіп қалады. Қаңғуырлап Орынбор қаласына келеді. Сонда жұртқа жалданып, әртүрлі жұмыстарда жүріп өзін асырайды.

1932 жылдың көктемінде азын-аулақ азық-түлік арқалап елге келуді жөн көреді. Азық-түлігінің түрі мынау: арқасына асынған дорбасында он-он бес шелпек наны, азын-аулақ темекісі. Жол-жөнекей Ақтөбеге келеді, сол кезде ашаршылыққа тап болады.

Жұрттан естігені: кешке жалғыз жүруге болмайды. Жасөспірімдер жоқ болып кетіп жатыр. Қалада адам жейтіндер бар көрінеді. Ақтөбеде бір-екі күн болып елге карай шығады. Жолда тоғайларға түнейді. Кішкене өзеннен өтеді. Өзендер жазғытұрым тасып жатқан кез. Жолда бір топ адамдарға кезігеді (40 шақты). Олар бұны ақсақалына алып барады. Ол кісі бұдан руын сұрайды. Екеуі рулас болып шығады (ожырай кете). Қырық шақты кісінің көзі Шитанның қоржынында. Ақсақал оны аңғарып, жанындағыларға жекіріп, тыйып тастайды. «Бұның қоржынындағы азын-аулақ наны сендерге не болады. Жұғын да болмайды. Тиісуші болмаңдар», — дейді.

Ақсақал Шитанның жолда абай болуын, Қара Қобда өзенінің бойында өткел барын, сол өткелді тоғыз ағайынды жігіттер торып жүргенін, олардың адамдарды жейтінін, жаяу адамды жібермей соғып алатынын ескертеді. Кейін қайтқаның жөн болар дегенді айтады. Шитан не де болса Ойылға жетуім керек деп болмай қояды. Бір жыл бойы хабарсыз болу ел-жұртқа, ағайын-туғанға жетелейді.

Жаңағылармен қош айтысып, қоржынын арқалап елге қарай тартады. Қара Қобданың бойындағы өткелге жақындаған соң бір жерге отырып алып өткел жақты бақылайды. Түске таман өткел жақтан қарауытқан бір нәрселер көрінеді. Соларды санағанда тоғыз болып шығады. Бұл жаңағылар айтқан тоғыз адам жегіштер екенін сезеді. Сай-сайда панала п өзеннің жағасымен жасырынып қашады. Олар оны көріп қойып қуғынға түседі. Өздері жүйрік екен, уакыт өткен сайын аралары жақындай береді. Қуғыншылар әбден жақындайды. Жаны алқымға тірелген Шитан жарқабақтан өзенге қалай құлап кеткенін де аңғара алмай қалады. Тасып жатқан өзен жас жігітті ала жөнеледі. Бала кезінен өзеннің бойында өскен жігіт суда жақсы малтитын. Соның аркасында аман қалады. Әзер дегенде арғы бетке жүзіп шығады. Жаңағылар өзеннің арғы жағында тұрып калады. Шитан киімін күнге кептіріп, сол арада адам жегіштерді ашудан балағаттап (жақсылап тұрып) алады. Сөйтіп, азып-тозып елге аман-есен жеткен екен.

Шитан ақсақал жол бойында өлген, денелері көмілмей қалған адамадардың өте көп кездескенін айтады. Кейбір жерлерде аңқұсқа жем болған адам денелерінің 1 шақырым жолдың бойында үш-төртеуі жатқанын өз көзімен көріпті. *(136–137 бб.)*

Абат Қартбағанбетов,
тарих факультетінің үшінші курс студенті.
29.01.1992 ж.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Қаипбрдин Әшім Жұмабайұлы,
1918 ж. туылған,
Қазіргі Ермак ауданы. Павладар облысы.

Қызылжар ауданында 1928 жылы 20–30 үй болды. Колхозға кіру үшін бар малды ортаға салды. ТОЗ-ға дейін көшіп жүрдік. Қыста Ертіс бойындағы Көртоғайда қыстадық, көктемде Қызылжардағы Жиекте, жазда Құдайберген деген жерде отырдық. Тозда егін егіп, күзде астықты жинап бастырдық. Отырықшылыққа көшу алғашысында қиын болды. Кейінірек колхоз құрыла бастады. Колхозға халықты зорлықпен кіргізді. Құрамыс колхозында 29 отау болды. Тоздан соң артель, содан кейін колхоз болды. Ол колхозды әкем басқарды. Ашаршылық басталған соң колхоз да басқа да жайына қалды. Колхоз 1931–1932 жылдарға дейін болды. Содан кейін ашаршылық басталды. Әкемнің ағасы заготовитель болып, синдикатты басқарды. Ашаршылық басталғанда әкем колхозды тастап, сол бауырының қолына барып аман қалыпты. Мен ол кезде Семейде оқуда болатынмын.Ашаршылық кезіндегі жалпы көрініс былай болатын:

Адамдардың қолында сүйреген шанасы немесе қабы болады. Баласын жетектеп қалаларға барып келеді. Көшеде суықта отырып қатып қалғандары да болды. Балалары ыңырсып айналып жүргенін көзіміз көрді. Сол балаларды жинап приютқа өткізетін. Мынадай бір оқиға болыпты: біздің туған жерден Павлодар облысы, Каширек ауданыдан Ахметов Рахымбек деген кісі бізді іздеп келе жатса керек. Ол кезде біздің отбасымыз Құрамыстан көшіп кеткен. Содан әлгі кісінің қойнында бір бөлке наны болса керек.

Қарамай деген поселкаға келгенде біреулер әлгі кісіні өлтіріп, нанын алыпты дейді.

Қаратоғайда адамдар қолына не түссе де соны жеді. Аң атуды білмейтін халық ит, мысық жеді. Кейбіреулері өз балаларын жепті деп естідік. Аштан қырылған адамдар көп болды. Үкімет арнайы комиссия құрды. Олар көшеде аштан өлген адамдарды жинайтын. Аштық болған жерлерде қазан аяқ құрып тамақ үлестірді. Ол шамамен 1933 жылдың аяғы 1934 жылдың басы еді. Осының бәрі Голощекиннің қоныстандыру саясатының салдарынан болды. Жаппай жұмыссыздық етек алды. Бомтындар байыды. Өйткені халық қолында бар дүниесін тамаққа айырбастайтын еді. (141–142 бб.)

* * *

Қ. Кемпірбаев,
Георгиевка селосы

30-шы жылдарда болған аштық Қазақстанда тұратын әрбір отбасын өзінің қанды шеңгеліне алғаны рас. Мен үшін 1932 жыл өте ауыр жыл болды. Сол жылдың мамыр айында жайлауда отырғанымызда менің ата-анам, туыстарым қайтыс болды. Жалғыз қалғандықтан жағдайым нашарлап кетті. Әркімнің өз отбасындағы тұрмыс ахуалы нашар болғандықтан басы артық тамақ кімде болсын. Сонымен Троицкое селосында тұратын туыстарымның қолына бардым. Бірақ ол жерде де тұрақтай алмадым. Туысым өз отбасын әрең асырап жүргендіктен, мені осы Георгиевка селосына алып келіп, сол кездегі атқару комитетінің төрағасы Қалиевтің көмегімен қазіргі Новореченск мектеп-интернаты болған жетім балалар үйіне жолдандым. Троицкіде мені Георгиевкаға алып келген туысым атқару комитетінің төрағасынан жетім балалар үйінің директоры Евсеевтің атына хат алып беріп, селоның шетіне шығарып салып, қалың тоғай өскен селоны нұсқап, жолға салып жіберген, сөйтіп жаяу-жалпылап балалар үйіне де жеттім. Бұл жерде де жағдай оңып тұрмады, аш-жалаңаш, қабырғалары ырсиған, көдері шүңірейіп ішіне кіріп кеткен, сүйек пен терісі ғана сау балаларды көрдім. 1933 жылдың қысында жетім балалар үйінде күнделікті ондаған балалар өлетін. Ағаш еденде ұйықтайтынбыз, таңертең тәрбиешілер көзімізді ашып, тамырымызды ұстап, кеудемізде жанымыз барлар ілбіп орнымыздан тұратынбыз. Кейде мұздай болып қатып қалған баланың мәйіті жанынан

да оянып жүрдік. Сол бір ауыр кезеңде қаншама бала аштық пен жалаңаштықтан көз жұмды. Олардың барлығын ор қазып, қатар-қатар жатқызып көметінбіз. Сөйтсе де аштық жылдары балалар үйінің жағдайы ауылдағылардан біршама жақсы болды. Кейде картоп, нан беретін, малды өзіміз өсіріп, астық себетінбіз. Директорымыз бен тәрбиешіміз жақсы адамдар болды. Кейде газет беттерінен кейбір интернаттың ұстаздары мемлекет бөлген азық-түлікті балалардың ауызынан жырып сататынын оқып қаламыз, ал бізде ондай болмады. Тәрбиешілер балаларды аман алып қалу үшін қолдан келгендерінің барлығын жасады. Біз өзіміздің еңбекқорлығымыздың арқасында ғана тірі қалдық. Қазір мектеп оқушысына масақ тергізіп, қи ойдырып көрші. Сол сәтте жоғары тұрған орындарға ата-аналардан, ұстаздардан шағымдар қарша борасын. Біз ол жұмысты ұдайы атқарып келдік және шағымдану дегеніміз ойымызда да болмапты. Тіпті өзара жарысқа түсетінбіз. Соның арқасында ғана сол бір ауыр жылдардан аман шығып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келеміз. (156–157 бб.)

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Хабиева Балия,
1920 жылы Тайпақ ауданы,
Зауральный селосында туған, пенсионер.

Бәлия әжей 1932-нің зұлматты жылында 12-жаста болған, әкесі сол жылы қайтіп, бір апасы мен інісі, өзі шешесінің тәрбиесінде өскен. Бәлия әжейдің дерегіне қарағанда, нәубат жылында отырған ауыл аймақтар күйзеліске ұшырап, босып, Ресейге ауа көшіп, не болмаса аштықтан көптеген семьялар өлген. Қазақ ауылын аштықпен қоса қызылша ауруы да күйзеліске ұшыратқан. Осындай аштықпен қоса қабат аурудан ол әжейдің әкесінің інісі Берғали ағайдың бір түнде 4 қызы баласы, немере ағасының 12 баласы қайтқан. Ашыққан адамдар өлместің күнін көріп, «атшоңқай» деген шөптің түбін қуырып, келіге түйіп жеген, әртүрлі шөптің түптерін азық қылған. *(160 б.)*

Деректерді жинаушы:
сырттай оқитын тарих факультетінің 3-курс студенті
А. Жұматова.

* * *

Сүндетов Еламан,
1913 жылы Гурьев облысының
Қарабау деген жерінде дүниеге келген.
Ұлы Отан соғысының ардагері, қазір пенсияда.

Нәубат жылында Еламан атай 19 жаста екен, семьяда жалғыз ұл болып тәрбиленген. 1929 жылы Қарабау ауылы колхозға кірген. Шаруашылығы басқа ауылдармен салыстырғанда күйлі болған, мал шаурашылығымен айналысқан, еңбек ақыға егінің түсімінен елге астық тарттырып берген, күз мезгілінде күздік соғым беріп отырған. Ол кісінің деректеріне қарағанда, ауыл басшылары елден салық ретінде жүн, тері жинаған. Кейбір малы жоқ семьялардан «сен салық төлеуге бағынбайсын» деп «ұстап кетіп» отырған. Күйзеліске ұшыраған ауылдар, аштықтан бір жағынан етек алған аурудан Ресейге қарай не Гурнь аса ауған.

Қарабау жері тозған сыз егістікке жарамағаннан кейін, оның үстіне Орал облысының көптеген ауылдары, аштықтан босып кеткен адамдардың қоныс ауылдары қаңырап бос қалған, 500 семьяны осы бетке, яғни Жайық өзенінің шығыс бетіне көшіріп әкелген. Бұл 1932 жылы болған қоныс аудару еді. Бұл жерде де ауылдардың күйзеліске ұшырағанын ол кісі көзімен көрген, көптеген мекендер қаңырап бос қалған. Осыған орай Ақмола, Семей облысынан кәмпескеленген көптеген адамдарды әкеліп қоныстырған. Аштыққа ұшыраған адамдар, Ресейге ауылымен көшкен. Мысалы, «Құдайназар» деген ауыл бір түнде ол кісінің айтуына қарағанда қонысын тастап көшіп кеткен.

Аштық жылы, өлмешінің күнін көрген адам тышқан аулап жеген, немесе бірінің бірі малын тартып алып не ұрлап күнін көрген. Судың жағасында өсетін «ақтоқай» өсімдігін қорек еткен, қазанға салып түбіне қуырып жеген. *(160–161 бб.)*

2.2. ЖАМБЫЛ ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ (жинаған естеліктер негізінде). Жинақтаушы-құрастырушы: Т. С. Байқұлов. — Астана: «Enter-Group» баспасы, 2015. — 291 б.

Жинақ Жамбыл өңіріндегі нәубет жылдардың қиямет қиындықтарын көріп, тауқыметін тартқан куәгерлердің естеліктері

бойынша әзірленген. Ашаршылықты көрген қариялардың айтуы бойынша, Жамбыл облысында аштықтан жаппай қырғынға ұшыраған Шу, Мойынқұм, Талас, Сарысу, Талас Әулиеата аудандарындағы жағдайдың өте ауыр болғандығы туралы деректер келтіріледі.

Төменде сол жинақтан іріктеліп алынған бір топ материалдарды қаз-қалпында беріп отырмыз.

Бірлікүстем ауылының ақсақалдар алқасының төрағасы ***Смайылов Алтай*** *қарияның ашаршылық туралы естіген әңгімелері*

ЕЛГЕ ҚАМҚОР БОЛҒАН БӘКІ БИДІҢ КӨРГЕН АЗАБЫ

Алтай ақсақал Үңгірлі өзені бойында ұйымдасқан «Үңгірлі» колхозында 1940 жылы дүниеге келіпті. «Мен XX ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылықтың неден болғанын ата-аналарымнан, туған-туысқандарымнан естігендерімді айтып берейін», — деп, жетпістен асқан қария әңгімесін бастады.

— Әттең, шіркін, сол кездің шындығын анықтап біз сұрамаппыз, ал олар да өздері бастарынан кешірген қуғын-сүргін. ашаршылықты түгел айтып берген емес. Өйткені, бұл туралы әңгіме қозғауға Кеңес өкіметі қатаң тыйым салса керек. Дегенмен, анда-санда үзік-үзік әңгімәлерді олардың аузынан естін қалатынбыз.

Менің білетінім, ежелгі дәуірде Үңгірлі кішігірім тау өзені, екі қапталындағы қыраттарды жарып өтіп, 30–40 шақырымдай қашықтықта жатқан Шу өзеніне барып құяды екен. Ал қазір өзеннің суы бұлақ болып ағады да, Шу өзенінежетпей жергесіңіпкетеді. Анықтап қарасақ, кезіндегі аққан арнасы сол калпында жатыр.

Әкем Смайылдың айтуынша, XIX ғасырдың басында Үңгірлі өзені бойын жағалай Дулаттың төрт баласының бірі — Ботпайдан тарайтын Майлыбай аталары қоныстаныпты. Кеңес өкіметі орнамай тұрғанда өзеннің бойын жағалай әр ата өздерінің жақын ағайындарымен бірге тау қыраттарының ығына қыстау салып, азды-көпті төрт түлік малын бағып, ынтымағы жарасқан елекен. Сол тыныш жатқан жұрт Кеңес өкіметінің солақай саясатының арқасында аяқ астынан бір-біріне жау болып, ағайын арасы бүлініп шыға келді. Ел ағалары қуғын-сүргінге ұшырап, итжеккенге айдалды. Біздің Асау ата ұрпақтары ашаршылықтың алдында 30 түтін

екенбіз. Алыс-жақын ағайындардың бізге қызыға қарайтын себебі, бір атадан 30 жігіт шығып көкпарды ешкімге бермейді екен. Сол зұлматты заманнан кейін 8 түтін ғана аман қалыпты. Үңгірлі жеріндегі Майлыбай елі Асау атадан тарағап Бәкі бидіңбақылауында әрі қамқорлығында болыпты.

– 1929 жылдың көктемінде ауылға өкіметтің 3–4 уәкілі, қайдан келгені белгісіз, сау етіп келе қалды. Олар Бәкі бидің бар малын ауылға айдап келіп, тізімге алып түгелдей тәркілеп алды. Келген уәкілдер Үңгірлі өзенінің бойында отырған барлық үйлерді аралап, бай-кедей демей бір тұяқ қалдырмай тәркіледі. У-шу болған елге де, көз жасын көл қылған бала-шағаға да, тіпті ауыл қарияларының жалынғандарына да қарамай төрт түлік малды ортаға жинап, бірін қалдырмай тартып алды. Өкімет адамдары ауылдан шыққан біраз белсенділерді қосып алып, жиналған малды белгісіз жаққа айдап әкетті. Ел-жұрт не істерін, қайда барарын білмей шұрқырап кала берді. Екі-үш күн өткеннен кейін тағы бірнеше уәкіл келіп, Үңгірлінің бір қойнауына Бәрімізді жинап, қосшы-артелге бірігіп жұмыс істейсіңдер деп, киіз үйлерді көше қылып тіктірді. Арамыздан шыққан Досымбектің баласы Қарақойшы деген ағайын, өзі белсенділік көрсетіп елдің малын тартып алуға уәкілдерге көмектесіп жүр еді, бізге оны бастық етіп сайлады. Ал Бәкі ағамызды елге қоспай, үйін таудың басына бөлек тіктіріп тастады. Осындай сойқанды көрген жұрт түнделетіп жан-жаққа көше бастады. Мен де баламды алып, ешкімнің көзіне көрінбей, көптеген қиындықтарды бастап өткізіп қырғыз жеріне жеттім-ау, әйтеуір! Сол жерде бір орыспен танысып, соның қарамағында үш жылдай жалшылықта болып, әупірімдеп ашаршылықтан аман-есен шықтық қой. Қырғыз елінде біраз әл жинап алғаннан кейін ғана туған жерге қайтып оралдым, — деген әкемнің әңгімесі есімде қалыпты.

Аштықтың дәмін татқан, қасіретін көрген Мәдімер ағамның да әңгімесін тыңдағаным бар.

– 1930 жылдың қысына дейін көше алмай қалған халық ашыға бастады. Малдан түгел айырылып, жасырып қалған азын-аулақ азық-түлігі таусылған ел қайыршы бола бастады. Өзім көрген касіреттің бірі — Бәкі бидің отбасы түгел аштықтан жан тапсырды. Бәкі ағамызды жаным күйзеліп, көзімнен жас сорғалап бір таудың қуысына апарып ешкімге көрсетпей, әрең дегенде жерледім.

Өйткені, шаш ал десе, бас алатын уәкілдер биге көмектесуге де, тіпті, маңына жолауға да қатаң тыйым салған еді.

Көшпей қалған бірен-саран адам Үңгірлінің сай-сайын аралап талғажу ететін жаужұмыр деген өсімдікті теріп жеп, жан сақтады. Кейін білдім, Қаупақ деген кісі тасбақа, жыланды ұстап алып, суға қайнатып асып жеп, аман қалыпты.

Бір кездесіп қалғанда Ақшабайдың Мәлібегі де сол зұлмат жылдардағы өз көзімен көрген оқиғаларды айтып беріп еді.

Бішкек қаласының шетінде жан-жақтан көшіп келген бір ауыл қазақтар күнімізді көріп жаттық. Сол кезде мен 15 жаста едім. Мені атқа мінгізіп Шу бойындағы Қарақыршын деген жерде тұратын ағайындарға жұмсады, егер ашығып отырса бізге көшіп келсін деген хабарды жеткізуді тапсырды. Шу өзенін жағалай жүріп келемін, жол бойы шулап жатқан ел.

Қарасаң ұсқындарынан жан шошиды, көздері үңірейіп ішіне кіріп кеткен. Біреулері аяқтарын әзер көтеріп, ілбіп келе жатса, ал көбісі жол шетінде құлап жатыр. Бастарын сәл көтеріп қол бұлғап мені шақырады, оларға жақындамай алысырақ жүремін. Кейбіреулері орындарынан тәлтіректеп тұрып, маған қарай ұмтылады. Бірақ әлсіз жандар бір-екі аттап барып, етпетінен құлап жатады. Бір жағынан, олармен сөйлесуге қорқамын, ал екіншіден, қанша аясам да аштықтан өлейін деп жатқан адамдарға көмек беруге дәрменсізбін. Жолға деп алып шыққан жүрек жалғауға ғана жететін тамағым таусылып, өзімнің де ашығып, әлсіреп келе жатқанымды бұл бейшаралар қайдан білсін. Жол-жөнекей Шу бойындағы қазіргі Еңбекші деген елді мекенде тұратын нағашымның жағдайын біле кетейін деп аттың басын бұрдым. Мені көріп, жылап жіберді. Жақында ғана нағашымның әйелі өліп, екі баласымен қалған екен.

Көзінен аққан жасты тоқтата алмай, қиналып былай деді:

— Қарағым, біздің халіміз нашарлады, мына екі баламен нәр татпағалы бірнеше күн болды. Орнымыздан қозғалуға шамамыз жетпейді. Осымен дәм-тұзымыз таусылатын шығар.

Мен не айтарымды білмей, сасқалақтап кетуге ыңғайлана бастап едім, сол тұста нағашым: «қуыс үйден құр шықпа» деп, орамалдың шетіне буылған талқаннан ауыз ти дегенше болмады, отырған екі бала атып тұрып орамалға жармасқанда аз ғана талқан жерге төгіліп қалды. Сонда балалар жерде шашылып жатқан талқанды етпетінен жата қалып тілімен жалағанда төбе шашым тік тұрды.

— Енді қош сау болып тұр, — деп, нағашым менімен жылап қоштасты. Кейін естідік, ол көп ұзамай балаларымен бірге ашаршылықтың құрбаны болыпты.

— Зейнеп әкпемнің Бәкі би туралы естелігінен есімде қалғандарын тағы да айтып берейін, — деп, Алтай ақсақал әңгімесін одан әрі жалғастырды.

— Зейнеп маған туыс болып келеді. Ол бала кезінде көргендерін былайша есіне түсірді:

— Біздің үй Бәкі атамыздың оң жағынан тігілетін, еншісі бөлінбеген әкем бидің берген тапсырмаларын күн болсын, түн болсын бұлжытпай орындайтын ең сенімді адамы еді. Би атаны бүкіл ауыл құрметтеп, алдын кесіп өткен жанды көрген де, естіген де емеспін. Ертелі-кеш үйінен адам үзілмейтін, онға жуық бие байлатып, келген қонақтарымен және ауылдастарымен бірге қымыз ішіп, әңгімелесіп отыратын. Бәкі бидің ерекше бір қасиеті адамды жаман, жақсы деп бөлмейтін, қарамағындағы малшы болсын, ауылдың ақсақалы болсын, тіпті жолаушы болса да өзі отырған үлкен үйге кіргізіп алып, олармен әңгіме-дүкен құрып, ерекше құрмет көрсететін.

Бәкі биге ел ағалары ауыл-ауылдардан келіп, елдің тұрмыс-тіршілігі, мал жайылымдарын және басқа да күнделікті қажеттіліктерін ақылдасып, шешіп отырған. Бала кезім көп мәселені түсіне бермеймін, сонда да анық білетінім, Би атамызға көп адамдар келіп қысы-жазы алдын босатпайтын. Атаның әртүрлі мәселелермен келген ауыл ақсақалдарын, қонақтарды қабылдайтын он екі қанат ақ үйі болды. Шындығын айту керек, Бәкі бидің ауылдастарына, малшыларына, дау айта келген адамдарға, тіпті бұзақыларға да дауыс көтеріп сөйлегенін естіген де, көрген де емеспін.

Үш баласы бар еді. Үлкенұлы Баймағанбет атаның шаруашылығын басқаратын, оның отбасында екі жас баласы болды. Екінші ұлы Құлмағанбетте жақында ғана үйлеген. Кіші ұлы Жармағанбеттің жасы сол кезде 15-те болатын. Ұмытпасам, 1930 жылдың жазына қарай ауылға бірнеше атты кісілер сау ете қалды, араларында қызыл-жағалы милиция да бар. Олар Би атамыздың бар малын ауылға айдап келіп, бірін қалдырмай есепке ала бастады. Өкіметтің уәкілдері бұнымен тоқтаған жоқ, ауылдағы бірлі-жарымды малы бар адамдардың да төрт түлігін түгелдей тартып алды.

Ауылдың іші у-шу болды да кетті, оған қарап жатқан уәкілдер жоқ, ауылдан шыққан белсенділерді қосып алып, бар малды ортаға жинады. Бұл аз болғандай, Бәкі биді алдарына салып айдап кетпекші болды. Жиналған ел-жұрт Би атаны ортаға алып, оларға жол бермей қорғап қалды. Осы кезде Атаның жасы 80-ге толып қалған еді. Халықтың наразылығынан сескенді ме, елде қарияның жасына қарады ма, әйтеуір қамаққа алмайтын болды. Сонда уәкілдердің бірі айқайлап:

— Сендердің тілдеріңді алып, бұл байды осында қалдырамыз, бірақ ешкім оған көмектеспейтін болсын! — деді де, тартып алған малдың бәрін алдарына салып айдап әкетті. Олардың ішінде кешегі біздің малшылар да, арамыздан шыққан ағайындар да болды.

Төрт түлік малмен күн көріп отырған ел 1930 жылдың күзіне қарай тоз-тоз болып, ашыға бастады. Кейін білдім, Бәкі атамыз бүкіл бала-шағасымен бірге аштықтан қайтыс болыпты. Сол кезде бала болсам да, өзім көрген осы оқиғаларды көкейіме түйіп, күні бүгінге дейін ұмыта алар емеспіп, — деп, Зейнеп әпкем қинала әңгімесін аяқтады. *(24–28 бб.)*

Төле би ауылының қадірлі ақсақалы
***Құлжанысов Жарқынбектің** ашаршылық жылдарындағы көргендері*

СОЛ БІР АУЫР ЖЫЛДАРДЫҢ АУЫРТПАЛЫҚТАРЫ

Жарқынбек қария 1923 жылы тамыз айында Шу өңіріндегі Жиенбет ауылында дүииеге келіпті. Жас кезінен білімге құштар болып, заман түзеле бастағанда Жақаң зооветеринарлық техникумды бітіріп, Көктерек ауданындағы ветеринарлық учаскенің бастығы болып тағайындалады. Содан соң аудан орталығы Бірлік ауылында партия ұйымының хатшысы қызметін атқарады. Партия ұжымында 35 коммунист болған екен. Зейнет жасына жақындағанда сол аудандағы Кеңес (қазіргі Айдарлы ауылы) колхозының бастығы болып сайланады.

Елде жаппай ашаршылық басталған кезде мен 7 жаста едім, — деп бастады Жарқынбек қария әңгімесін.

– 1930 жылы біздің тұрған жерімізде «Сталин» колхозы ұйымдастырылды. Елдің төрт түлік малын түгелдей тәркілеп, колхозға

берді. Негізгі күнкөрісі малынан айырылған халық аштыққа ұшырай бастады. Колхоздан ашығып жатқан елге ешқандай көмек болмады. Біздің де жағдайымыз қиындағаннан соң, әкемнің інісі Әлімбай отбасымызды Новотроицк ауылына көшіріп әкелді. Шу өзенінің жарқабағына кішкен ғана күрке тұрғызып алдық. Аздап жинаған азық-түлігіміз таусылып, не малымыз жоқ, қалай күн көрерімізді білмей күйзеліске түстік. Новотроицк ауылында да жетісіп тұрған ешнәрсе жоқ екен. Үйден шыға қалсаңыз, ағаштың көлеңкесінде, көшелердің бойында көздерінің нұры кетіп, ісіп-кеуіп, әлсіреп жатқан адамдарды, әсіресе, теңкиіп өліп жатқандарды көріп, төбе шашым тік тұратын. Олардан шошып ауырып қалған күндерім де болды. Бұдан кейін шешем мені сыртқа шығармайтын болды. Бала емеспін бе, сонда да болса үйден шығып далада ойнағым келеді…

Кейін білдік қой, қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі Тұрар Рысқұлов өз басына төніп тұрған қауіптен тайсалмастан, 1933 жылы 9-наурызда Сталинге жазған хатында:

«Шу ауданының орталығы Новотроицк селосында күн сайын 10–12 қазақ өледі, сондай-ақ ауданнан қазақтардың көпшілігі кетіп қалған», — деп шындықты ашын көрсетіпті.

Әкем Шу стансасындағы теміржол бойына жұмыс табылып қалатын шығар деп жиі баратын, бір күңі өңі-түрі адам шошырлықтай болып үйге жетіп келгенде, үй ішімізбен: мен, шешем, әпкем Рақила үшеуміз үрейлене қалдық. Сөйтсе, теміржол бойын аралап жүріп бір сұмдыққа кездесіп қалыпты. Баспанаға ұқсас үлкендеу бастырма астында ондаған адамдар аштықтан ел-дәрмені таусылып, қозғалуға шамасы келмей жерде жатыр екен. Айналасы ластанып кеткен, былғаныш, сасық. Барлық жерде шашылған сүйектер, жыртылған киімдердің арасында өліктер жатыр. Кеудесінде аздаған жаны бар бір адам өлген адамның жамбасындағы қар етін кескілеп, абайсызда осы жерге тап болған әкеме де назар аудармаған.

Күні-түні жұмыс іздең табанынан таусылған әкем Қырғызстанға кетуге мәжбүр болды. Сол кеткеннен мол кетті, қайтып елге оралмады. Сөйтіп, бүкіл халықтың басына түскен, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық мені де әкемнен айырды.

Күніміз шешем мен әпкеме қарап қалды. Әлі есімде, 1931 жылдың каңтар айында қақаған қыстың ортасында шешем ағаштың түбірін шауып алып, базарға апарып сататын. Отынды алдап алып,

ақшасын бермей кететіндер де кездесіп қалады екен. Әпкем болса пойыздағы вагондарды аралап, қайырымды адамдардың арқасында бірде бар, бірде жоқ дегендей, әйтеуір нан тауып жүрді. Десек те, інiміз екеуміз аштыққа шыдай алмайтындай халге жеттік. Шешем байғұс, шырылдап бізді аштықтан аман алып қалуға жанталасты. Сол кезде Новотроицк ауылында аш-жалаңаш жүрген жетімдерге арналған балалар үйі бар болатын. Амалсыздан күннен күнге әлсіреп бара жатқан інiміз екеумізді шешем 1931 жылдың қысында балалар үйіне тапсырды. Осындай қиыншылық заманда балалар үйінің жағдайы да мәз емес екен, тамақ жағы жеткіліксіз, бұл жерге әкеліп жатқан балалардың ішінде жұқпалы аурулармен ауырғандар да көп болыпты. Інім өте жас болғандықтан, кішкентайлардың арасына қосып жіберді де, мен біраз уакыт оны көре алмадым. Осы жылдың көктеміне қарай болуы керек, бір күні шешем келе қалды. Бізді алып кетуге келген екен. Тәрбиешілер осыдан біраз күн бұрын Бөбек інімнің өліп қалғанын естірткенде, шешем зар еңіреп жылап, көзінің жасы етегіне толды.

Сонымен отбасымыз тоз-тоз болып, әкем бала-шағасын асыраудың қамымен қырғыз еліне кетсе, балалар үйінен шыққаннан кейін шешем екеуміз байырғы мекеніміз Жиенбет жеріндегі жаңадан құрылған Мойынқұм колхозына келдік, ал әпкем сол Новотроицкідегі күркеде қалды.

Қайда карасаң да, қырылып жатқан халық. Келген ауылдағы әр дуалдың жанында екі-үш адамнан өліп жатқанын керіп, жүрегіміз езіліп, көзімізден қалай жас шығып кеткенін сезбедік. Бір ағаштың түбінде кірпішешенді қайнатып, пісіріп жеп жатқан екі адамды көзіміз шалып қалды. Ауылға кіреберісте бірнеше адам өлгендерді арбаға лақтыра салып, ауылдың шетіне қарай алып кетті.

Сол кездегі құрдастарым сияқты мен де 12 жасымнан қара жұмыс істедім. Аштықтан өлмес үшін шешеме көмектесіп, күзгі жиын-теріннен кейін масақтердім, соқаны өгізгеде, атқа да жегіп алыпколхоздың жерін жыртуға бір кісіден көмектестім. Шөп шауып, шөмеле салдық. Біраз уақыт ұстаханада істеп, темір қыздырып, көрік бастым. Қазіргі Баласағұн ауылының маңындағы Тоқташ деген елді мекеннен өгіз арбамен Шу стансасына бидай тасыдық. Өйткені, 1930–1940 жылдары егін шаруашылығымен айналысатын ұжымдар сол жерге шоғырланған еді. Өгіз арбалармен қап-қап тасыған бидайды стансадан пойызға салып, біз білмейтін жаққа жіберіп жататын.

Одан елге бір түйір дән бермейтін, халық қалған-құтқан масақты теріп күнін көріп жүрді. Астық алып келе жатқан өгіз арбаларды екі жағынан қаумалап, милиция қырағы күзетіп отыратын.

Аз ғана сауаты бар немере ағам Әшімбайды Шымкент қаласына колхоз басшыларын дайындайтын 6 айлық оқуға жібереді. Оқудан келгеннен соң, ағамның әкесі қайтыс болып, ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың салт-дәстүрі бойынша арулап, жаназалап қарияны ақтық сапарға шығарып салады. Әне-міне, «Сталин» колхозына бастық болайын деп тұрғанда, жергілікті шолақ бөлсенділер бұл дүниеден озған әкесіне құран оқытып, жаназалап қойды деп ағамның үстінен арыз жазыпты. Сөйтіп, ағам Кеңес өкіметінің «жаңа тәртібі бойынша» колхозды басқаруға жарамай қалған екен. Әшімбай ағам еңбекқор адам еді, ешнәрсеге қарамай, намыстанбай колхоздың қара жұмысына кірісіп кетіпті.

Кейін Кеңес өкіметінің әртүрлі қызметтерін атқарып жүргенімізде, өзіміздің басымыздан өткен ашаршылықтың зардаптарын айтуға батылымыз жете бермейтін. Өйткені, зұлмат жылдардың ақиқатып ашуға кеңестік билік катаң тыйым салған еді. «Дін — апиын» деген ұғымды құлағымызға құйып, сонау ертеден келе жатқан, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ұмыттырып жіберуге кеңестік идеология бар күшін салды емес пе? Тек еліміз тәуелсіздік алғанан кейін ғана, қазақ еліндегі XX ғасырдың 30-жылдарындағы адамзат тарихындағы ең қасіретті апаттың себептері мен зардаптары ашық айтыла бастады. Бұған да шүкіршілік етейік, — деп, 91 жасқа толған қария әңгімесін аяқтады. (35–38 бб.)

*90 жасты еңсерген Бірлікүстем ауылының тұрғыны, кейуана **Жақыпбаева Гүлбаршын** сол зұлматты жылдарды былайша еске түсіреді*

АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЫРҒЫЗ АҒАЙЫНДАРДЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

— Біздің аштық апатынан аман қалуымызға себепкер болған қырғыз ағайындар екенін ешқашан ұмытуға болмайды. Қазіргі балаларым мен немерелеріме үнемі айтып отырамын. Жаңа өкіметтен көп жақсылық күттік, бірақ үмітіміз ақталмады. Менің

7 жасқа толған кезім, шамамен 1932 жылы болуы керек, алдында ғана өкіметтің уәкілдері бай, кедей деп ажыратып жатпай, барлық малымызды тай-тұяғымызға дейін бірін қалдырмай тартып алғаны анық есімде қалыпты, — деп, көпті көрген ана әңгімесін одан әрі жалғастыра берді. Жеке шаруашылықтарды ұжымдастырумен бірге бүкіл елді бір жерге жинап қоныстандырады екен деп естіп жаттық, бірақ бізге, ешкім накты қандай жағдай болатынын түсіндірген жоқ. Бізде мал да, жан да ортақ болады екен деген ұғым қалыптасты.

1932 жылдың аяғына қарай жағдайымыз күрт нашарлады. Аштықтың азабын көрген адамдар өздерінің туған жері Үңгірліні тастап, жақындағы қырғыз еліне қоныс аударғаны былай тұрсын, сонау Қытай мен Моңғолияға да көшіп кеткен кейбір ағайындарды да кейін білдік. Үңгірлі өзенінің бойында бұрыннан тұрып келе жатқан қоныстарында қалған ағайын-туыстар сары тышқан аулап, тасбақаның етін жеп, саңырауқұлақ теріп өлместің күнін көріп жатты. Қанша десек те, аш-жалаңаш қалған жандардың ішінен күніне бірден-екіден өліп жатқандарын көмуге әлсіреген туысқандарының шамасы әрең-әрең жетті. Олардың тек мәйіттің бетін жабуға ғана күші келді. Бір шөмеле топаннан бір уыс бидайды теріп алып, талғажау ету бізді аштықтан құтқара алмады. Сол кезде колхозда өсірілетін майлы дақыл, күнжіт пен алынған май да тамақ болуға жарамады. Қысы-жазы, тәркілеуден жасырып қалған, бірлі-жарым қой-ешкінің сүтін қорек еттік. Күндіз-түні анадан-мынадан тапқан қара көжемізді, бидай көжемізді өкіметтің шолақ белсенділерінен тығып ішетін болдық. Өйткені, кеңестік уәкілдер үйге баса-көктеп кіріп, ішіп отырған тамағымызды тартып алады немесе «халық жауысың» деп, абақтыға айдатын жіберу оларға түкке тұрмайтын еді. Бала болсам да есімнен кетпейді, екі-үш күн нәр татпай аш жүргеніміз…

Шу өзенінің бір сағасы Үңгірлі өзенінің бойында колхоз құрамыз, көше саламыз деп, 1932 жылдың қақаған қысында өздерінің жылы қыстауларында отырған ел-жұртты бір жерге жинап, киіз үйлерін қатар-қатар көше еткізіп тіккізді. Кеңес өкіметінің адам баласына жат солақай саясатының барысында халықты күштеп ұжымдасғыру қолға алынып, жергілікті биліктің белсенділері көшпелі елдің күнкөрісінің жалғыз ғана көзі қолындағы малын зорлықпен жинап алып, колхозға біріктірді. «Үңгірлі» колхозынан аштыққа ұшыраған елге ешқандай көмек болмады. Үңгірліде

отырғап елдің көпшілігі берекесі қашып, тоз-тоз болып қаңғырып кетті. Тәркілеуден қалған бірлі- жарым малдарын тағы да тартып алып, ет, май, жүн, астық жоспарларын артығымен орындатты.

Осындай азапқа шыдай алмай, 1933 жылдың ерте көктемінде айыр қалпақты ағайындардың еліне жол тарттық. Жол-жөнекей көргеніміз, жолдың шетінде өліп жатқан адамдар, олардың арасында балалар да бар. Бірлі-жарым біз сияқты қырғыз еліне бет алған жандар болмаса, еш жерде тіршілік иелері көрінбейді. Сонымен күн демей, түн демей он күндей жүріп, қырғыз жеріне арып-ашып әрең жеттік. Бұл елде біздің елге қарағанда жағдай біршама жақсы екен. Азық-түлігіміз таусылып, соңғы екі күнде аш болып келген отбасымызға қырғыз ағайындардың жандары ашып, тамақ бергенін ешқашан ұмытпаймын. Әлденіп алғаннан кейін оларға жалданып, үлкендер жұмыс істеуге кірісіп кетті. Сөйтіп, қырғыз елінде күнімізді көріп жүріп, аштыққа ұрынған жоқпыз. Елге үш жылдан кейін ғана оралдық. *(38–40 бб.)*

*95 жыл өмір сүрген **Бұғыбай атаның** 1930–1933 жылдардағы басынан кешірген оқиғалары*

ЕСІМДЕ ҚАЛДЫ АУЫР ЖЫЛДАР

Мен отызыншы жылдары оң-солымды танып қалған он жастағы бала едім. Сол кезде біздің ауыл шөбі шүйгін, ауасы таза, жері шұрайлы Шу алқабындағы Шу-Іле тауларынан бастау алатын ағысы қатты тау өзені Кербұлақтың бойында болатын. 1929 жылдан бастап елде жаппай ұжымдастыру басталып, қолымыздағы 150 бас қойды, 10 жылқыны, 15 шақты ірі қараны бірін қалдырмай, «колхозға өткіземіз, бұл өкіметтің бұйрығы» деп, уәкілдер ай-шайға қарамай барлық малды алып кетті. Тіпті, ауылдағы бір-екі ғана қой-ешкісі бар отбасылардың да малын жылатып-зарлатып тартып алды. Дегенмен, ауыл адамдары апаттың болатынын алдын-ала сезгендей, Кербұлақ тауларының ой-саздарында жайылып жүрген түйе, жылқыларын көзден таса қылып, тығып қойған екен. 1930 жылға дейін аштықтың дәмін әлі тата қойған жоқ едік, өйткені өкіметтің шолақ белсенділерінен жасырып алып қалған аз ғана қой-ешкі, аздаған азық- түлігіміз бар еді. Бір жылдан кейін, яғни 1931 жылы жағдайымыз қиындай бастады, үйдегі азық-түліктің

қоры таусылуға айналды. Не істерімізді білмей, күннен күнге ашығып, жанталаса бастадық. Сол кезде әкем екеуміз ауыл-ауылдарды кезіп жылы киімдерді бір шөлмек бидайға айырбастап, соны талшық етіп күн көрдік.

Анамыз бидайды қол диірменге тартып талқан етіп, оны сумен араластырып, тәулігіне бір-ақ рет ішетін көже пісіріп беретін. Бұған тоймай күн өткен сайын әлсіреп, жиі-жиі ауыратын болдық. Әсіресе, үйдегі менен жас інім мен қарындасым аштықты көтере алмай әбден қиналды. Әруағыңнан айпалайын, ата-аналарым, өздері аштықтан аяқтарын әрең басып жүрсе де, барлық тапқан-таянғандарын біздің аузымызға тосты.

Күнде кешке қарай далада ісініп өліп жатқан адамдарды көріп, жан-дүниеміз астан-кестен болатын. Ауылда апталап нәр татпай, қиналып өлген адамдардың саны арта түсті, күнде кемінде екі-үш адам қайтыс болып жатты. Аштықтан ісініп-кеуіп, бұл дүниеден озған адамдарды зиратқа апарып жерлеуге әлсіреген туыстарының шамасы келмей ауылдың сыртына апарып көме берді. Бұлай жүре берсе бәрінің де қырылатынына үлкеннің де, кішінің де көзі әбден жетті. Ауыл ақсақалдары ақылдаса келе, түнделетіп Қытайға көшуге бел буды. Көшуге дайындық жұмыстары жасырын жүргізілді. Өйткені, Кеңес өкіметі халық ашығып отырса да басқа жаққа қоныс аударуға қатаң тыйым салған еді. Қызыл әскерлер ауылдын көшіп бара жатқанын біліп қойса, шекарадан асырмай көштің жолын тосып, өте қатыгездікпен қырып салатыны туралы әңгіме ауыл арасында айтылып жүретін. Өкіметтің тәркілеуінен жасырып қалған, әр отбасындағы түйе мен атқа көрме-жастығымызды артып, буынып-түйініп түн ортасында жолға шықтық. Көш жылжи бастағанда туған елмен қоштасқандай болып, әйелдер жағынан зарлана жылаған дауыс естіп үлкендер де, балалар да көздеріне жас алды.

Бүкіл ауыл адамдары сияқты менің де әке-шешем мен туған-туысқандарым ең керекті бұйымдарды: көрпе-жастықты, жылы киімдерді, әйелдердің күмістен жасалғам сақинасын, сырғасын тағы басқа әшекейлі заттарды қалдырмай бірге ала кеттік. Азық-түлік қорынан тек талқан (ұнтақталған, қол диірменге тартылған бидай) ғана калған еді.

Сонымен Алматының шетімен Нарынқол асып, тау қыраттарының арасындағы бұрыннан салынған жол арқылы Қытайға өтпекші болдық. Ұмытпасам, Алматыға дейін он тәуліктей жүрдік-ау деймін.

Түйелердің қомына жас балалар мен әйелдерді, қарт кісілерді отырғызып, ер-азаматтар қолдарына бірен-саран мылтықтарын, басқа да каруларын алып көштің алдында да, артында да жүріп отырды. Бірнеше күннен кейін тау асуына жеттік те, бір күндей тыныс алып, жолға тамақ болады деп алып шыққан қойларымызды сойып алып, тамақтандық. Ел сәл ғана күш жинап, асудан өтуге дайындала бастады. Бәріміздің көңіліміз көтеріңкі, әр адамның жүрегінде таудан аман-есен өтіп кетсек деген жалғыз ғана ой болды.

… Тау қыраттарының арасындағы тар жолмен көш шұбатыла баяу жылжып келеді. Сол сәтте көштің екі қапталындағы қыраттардың төбесінен қызыл әскерлер мылтықтарын кезеніп, аяқ астынан шыға келгенде жұрт не істерін білмей, дағдарып тұрып қалды. Ауылдың Қытайға көшіп бара жатқанын алдын-ала біліп алған шекарашылар халықтың бірін қалдырмай қырып салу үшін қалың елден қашық осы маңды таңдаса керек. Төбенің басында тұрған қызылдар бір сөз айтпастан көшті атқылай бастады. Тау арасы у-шу болып, боздаған түйе, кісінеген жылқы, маңыраған қойға бала-шағаның шыңғырған даусы қосылып, дүние азан-қазан болды да кетті. Оқ тиген аттар көкке қарай ышқына екі аяғымен шапшып, жерге гүрс етіп құлап жатты. Түйелердің үстінде отырған қарттар, әйелдер, бала-шаға жаңбырша жауған оқтың астында қалып, жан дауыстарымен өкіре жылап, жануарлармен бірге мұрттай ұшып, көк түтіннің астында қалды. Өлгендері өліп, тірілердің жерден бастарын көтеруге шамасы келмеді. Қолдарында аз ғана мылтықтары бар ер-азаматтарға төбеде тұрған, жақсы каруланған қызыл әскер қарсылық білдіруге мұрша бермей, төпелетіп оқты қарша боратты. Айналдырған екі-үш минуттың ішінде көш шапқан баудай қырылып, тыпыр еткен жан қалмаса да қызылдар атқылауды тоқтатқан жоқ. Менің астымдағы мінген тай үркіп кетіп, омақаса құлады, өзім де 3–4 метрдей жерге домалап барып, бір мезет есімнен танып қалдым. Сәл уақыттан кейін өз-өзіме келіп, құлап жатқап түйе мен оның үстіне артқан жүктің ортасындағы қуысқа барып тығылдым.

Қанша отырғанымды білмеймін, тіпті, ешқандай атыс болмағандай айнала тым-тырыс, тек күн ұясына жақындап қалғандай. Қуыстан атып шығып, жүгіре жөнелдім, қайда бара жатқанымды сезбеймін, жүгіріп келемін, жүгіріп келемін…

… Мені біреу жұлкылап оятып жіберді, қарасам бір ағаштың түбінде жатырмын, сәске түс болып қалыпты. Алдымда егде тартқан кісі тұр. Өңім бе, түсім бе деп оған бадырайып, қарап қалыппын. Сонда әлгі қария менің есеңгіреп тұрғанымды байқап:

— Қарағым, тұра гой. Бұл жерде неғып жатырсың, айдалаға қайдан тап болдың? — деп тіл қатты.

Орнымнан атып тұрып, жан-жағыма кәдімгі бір нәрсемді жоғалтқандай, алақ-жұлақ етіп қарай бастадым. Кешегі оқтың астында қалған әке-шешем, туған-туысқандарымның біреуі де көзіме көрінбеді. Қарша бораған оқ, көк түтін, шыңғыра айқайлаған балалар, құлап жатқан адамдар көз алдыма елестеп, көзім қарауытып, басым айналып бара жатқанын ғана сезіп қалдым, одан әрі не болғанын білмеймін…

Бір кезде көзімді ашсам, басымды сүйен аузыма су тамызып отырған әлгі кісі екен. Мені сүйемелдеп атқа мінгізіп, үйіне алып келді. Жол бойы менен ешнәрсе сұраған жоқ, егер сұраса да менің болған оқиғаны айтуға шамам келмес еді. Көпті көрген ақсақалдың менен сұрамағаны, жағдайымды түсінген болуы керек. Алдымыздан қарияның кемпірі шығып, қуана карсы алды.

— Шал-ау, жалғызыма серік болатын бала тауып келгенсің бе? — деп, шала ғана есім бар, мені аттан түсуіме көмектесіп жатыр.

Үсті-басымды шаң-тозаңнан тазартып, беті-қолымды жуындырып, алдыма тамақ әкеліп қойды. Тамақтан бір-екі рет алғаннан кейін әлсіреп, маужырап ұйқым келе бастады. Олар да ешнәрсе сұрамады, мен де бір ауыз сөз айтпадым. Орнымнан әрең дегенде тұрып, салып берген төсегіне жатқаным сол-ақ еді, әп-сәтте ұйықтап кетіппін. Қанша ұйықтағанымды білмеймін. Бір мезгілде өздігімнен оянып кетсем, күн көзі едәуір көтеріліп қалыпты. Мені ұйқысы қанып оянсын деп, әдейі оятпай отыр екен. Төсегімнен тұрып беті-қолымды жууға бет алғанымда, мені көріп қалған апа шошып кетіп:

— Біссімілләә, біссімілләә — деп, менің түріме таңырқап қарады. Неге маған таңырқай қарады деген оймен, керегедегі ілулі тұрған алақандай айнаны көзім шалып қалып, жүгіріп барып бетіме тостым. Қарасам, кешегі қап-қара шашым 80–90-ға келген қарттың шашындай аппақ болып кетіпті, түс көргендей орнымда состиып тұрып қалдым.

Үйге кіріп келген ата да менің аппақ болған шашымды көріп, түрі бұзылып кетті. Тамақ ішіп, әлденіп алғаннан соң кызылдар-

дың біздің ауылдың көшін қалай қырғанын жылап отырып айтып бердім. Ата мен апа да қатты күйзеліп, менімен қосылып жылағанда жүрегім езіліп, әке-шешемнен, туған-туысқандарымнан мәңгі айырылғанымды ойлап зар еңіредім. Өксігімізді басып өз-өзімізге келгеннен кейін ата тұрып былай деді:

— Айналайын, сен енді біздің туған баламыз боласың. Үлкен әкпең бар, ол әзірше басқа жерде тұрады, бір келгенде таныстырамыз.

Мен іштей қуанып тұрсам да үндемей, көзіме қалай жас келгенін байқамай қалдым. Әрине, бұл қайғының емес, қуаныштың көз жасы екенін атам мен апам бірден түсінді. Бұл кісілердің елден бөлек жалғыз үй отырғанын кейін ғана білдім. Ел тоз-тоз болып, ашаршылыққа ұшырап жан-жаққа күнкөрістің қамымен босып жатқанда, ата тәркілеуден аман қалған азын-аулық малын алдына салып, осында көшіп келеді. Халыққа қасірет әкелген Кеңес өкіметі уәкілдерінің көзіне түспеу үшін амалын тауып, елден шеткері отырған себебі де осы болыпты. Атам ауылдарға немесе жақындау жердегі базарға жасырын барып, бір қойды бір-екі шелек бидайға айырбастап, отбасын аштыққа ұрындырмай, күнін көріп жүр екен.

Екеуміз екі атқа мініп, кешегі қырғын болғап жерге келдік. Теңкиіп-теңкиіп түйелер, аттар және бірлі-жарым қойлар да өліп жатыр. Түйелердің үстіндегі жүк, көрпе-жастық, киіз үйдің керегелері, шаңырақтары тағы басқалары әр жерде шашылып жатыр, өздеріне жарамды дүниені Қызыл әскердің тонап алып кеткені көрініп тұр. Оққа ұшқан адамдардың біреуі де қырғын болған жерде болмай шықты, марқұм болған жандарды қызылдар жинап алып, бір шұқырға көміп тастайтынын бұрын да естігенбіз. Солай болған екен ғой деп, ішіміз удай ашып қала бердік. Жүгімізді артқан түйенің жанына барып, тонаудан қалған көрпе-жастығымызды, тағы басқа әке-шешемнен қалған керекті үй мүліктерді түгендеп екі атқа артып, үйге қайттық.

Бір айдан соң атамның қызы Жамал келіп, менімен танысты. Ол келген сайын маған әріптерді үйретіп, оқыта бастады. Жарты жылдан кейін қысқа сөйлемдерді ежіктеп оқып, сауатым ашылды. Атамның мал бағуына көмектесіп, үй тіршілігіне белсене араласып кеттім.

Сөйтіп, 1935 жылы елдің жағдайы түзеліп, ашаршылықтың беті қайтқаннан кейін ғана ауылға көшіп бардық. Әруағыңнан айналай-

ын, атам мен апам мені туған баласындай өмір бойы жақсы көріп, бетімнен қақпай өсірді. Қазақтың: «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген сөзі осындайда айтылса керек. Өздерің көріп отырғандай, 90 жастан асып, ұзақ ғұмыр кештім, балаларым, немере-шөберелерім өсіп жатыр. Еліміз де өз тәуелсіздігін алып, жарқын болашаққа бет алды. Құдайға шүкір, елмен бірге талай-талай азапты жылдарды көрсек те, қазір қазақ халқының осындай бақытқа жеткеніне риза болып, қуанып отырамын, — деп, сақал-мұрты аппақ қудай болған, басындағы шашы он жасында бір түнде ағарып кеткен қария келгенімізге ризашылығын білдіріп, бізбен қимай қоштасты. *(40–45 бб.)*

Шу теміржол ұжымында зейнетке шыққанға дейін ұзақ жылдар бойы үздіксіз еңбек еткен, құрметті теміржолшы ***Әлиасқар қарияның*** *1930–1933 жылдардағы ашаршылықтың зардаптары туралы айтқан әңгімесі*

АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АЛАПАТ ЗАРДАПТАРЫ

Шу қаласынан 25–30 шақырым қашықтықта бірнеше ондаған гектар алқапты алып жатқан ашық далада жабайы қарасора жылдан жылға қаулап өсіп, оның зардабы біздің елімізге ғана емес, бүкіл әлемге тарап кетті. Ел арасында бұл қауіпті дақыл «кендір құрай» немесе «анаша» деген атқа ие болды. Адамзат баласына орасан зор зиян келтіретін қарасора Шу өңірінде қашаннан пайда болған? — деген сұрағымызға кезінде Әлиасқар ата былай деп жауап берген еді:

«1930 жылдары жаппай ұжымдастыру басталып, соның салдарынан Шу аумағындағы ауыл-аймақтарында да ашаршылық басталғаны тарихтан белгілі ғой. Сол кезде жаңа құрылған колхоздардың экономикасы өркендейді, жергілікті тұрғындардың жағдайы жақсарады деген мақсатпен Қазақстан өлкелік партия комитетінің тапсырмасы бойынша қаладан алыс емес, Аспара елді мекенінің маңындағы алқаптарда шитті мақта, итальян қарасорасы өсіріле бастады. Шу ауданында осы дақылдардың өнімін жергілікті жерде өңдейтін кәсіпорындар салу жоспарланды. Ондағы мақсат өңірдің халқын жұмыспен қамтамасыз ету және оларды жеке меншікті пиғылдан арылтып, бір орталыққа негізделген ша-

руашылықтарға біріктіру болатын. 1930 жылы ауданда «Кеңес», «Каучуконос» деген шағын колхоздар құрылып, олар мақта мен қарасора өсірумен айналыса бастайды. Бірақ аштыққа ұрына бастаған елдің осы дақылдардан тиісті өнім алуға шамасы келмеді. Кеңес билігі жаңадан құрылған шаруашылықтардан үлкен үміт күтті, бірақ ол ақталмады. Өйткені, мақтаның шығымы өте төмен болып, мемлекет жоспарлағандай жүзеге аспады. Құрал-жабдықтардың жеткілікті болмауынан, адам күшінің жетіспеуінен мақта өңдеуге келмеді, шикізат ретінде де сатуға тиімсіз болды.

Ал сол жылдан бастап қарасора өсіру тиімді деп табылып, одан кенеп, кендір өндіре бастаған. 1935 жылдарға дейін болуы керек, бұл өсімдік сол кездегі шаруашылықтардың мұқтажына жарап тұрыпты.

Содан соң қарасораны өңдейтіп кәсіпорын салынбай қалғандықтан, оны өндіру тоқтатылыпты».

Біздің білетініміз, қазіргі кезде Шу өңіріндегі Аспара далалы алқаптарында жабайы қарасора дақылы қалың болып өсіп тұр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «кендір құрай» жайлаған аймақты өртеп, артынан соқалы трактормен өртенген жерді жыртып тастады. Сонда да мұндай шаралардан ешнәрсе шықпады, жабайы өсімдік өсімтал болғандықтан, жыл сайын көктем айларында қайтадан қаулап, көктеп шығып тұрды. Содан соң екі-үш жылда бір рет Шу ауданында «Есірткіге — жол жоқ» деген атпен Республика көлемінде әртүрлі іс-шаралар өткізіле бастады. Кезінде дақыл өсірілген алқаптардағы дән қалдықтары толық жойылмаған, сондықтан мәдени дақыл жабайы қарасораға айналып кеткен.

Соңғы жылдары Парламент депутаттары Шу қаласында кендір құрайды (қарасора) өңдейтін кәсіпорын салу туралы мәсәле көтере бастады. Егер бұл бастама жүзеге асатын болса, қарасорадан дәрі-дәрмектің түрлерін, кендір, кенен және тағы басқа өнімдерді өндіріп, халықтың игілігіне жаратуға мүмкіншілік туады. Сонымен қатар бұл кәсіпорында жаңадан жұмыс орындары ашылып, Шу өңірінің халқын жұмыспен қамтуға жағдай жасалар еді.

Әлиасқар атаның ашаршылық туралы айтқан тағы бір әңгімесін ұмыта қойған жоқпыз.

— Сонымен, 1930–1933 жылдардағы ашаршылық қазақтарға алапат қырғын болды, халқымыз тең жарымынан айырылды. Олардың ішінде менің бауырларым, ағайын-туыстарым, нағашы

жұрттарым да болды. Сондықтан ең ауыр қайғы-қасіреттің азабын да, қорлығын да көзбен көрдік. Сол кезде өкіметтің белсенділері әр үйді тінтіп, бар малдарын, дән қалдырмай, астықтарын тартып алды. Содан соң ел аштыққа ұшырап, қырыла бастады.

Ашыққан ел не істерін білмей, қатты қиналды. Күш-қуаты бар адамдар жан-жаққа қашты, ал әлсіз жандар үйлерінде отырып, бала-шағасымен аштан өле бастады. Кейбір үйлердің ішінде отбасымен түгел өліп жатқан адамдарды жерлейтін ешкім табылмады, көмусіз қалған жандар өте көп болды. Көше және жол бойларында ыңырсып, ісіп-кеуіп жатқандармен бірге өліп жатқан әйелдерді, сәбилерді, жас-кәрілерді көргенде жаның қатты ауырып, сүйектерің сырқырайды. Амал қанша, өзім де жанталаса қиналамын.

Сол жылдары мен Шу стансасына қарасты теміржол бойында жұмыс істедім. Тәулігіне 800 грамнан әр жұмысшыға нан үлестіреді, соның өзі дәтке қуат береді. Көптеген аш пенделер теміржол бойын жағалап бір үзім нан үшін ешнәрседен тайынбайды, тіпті адам өлтіруге дейін барады. Станса маңында күзетте жүрген милицияның қуғанына қарамай, сол маңдағы дүкендерді де тонай бастады. Ашыққан адам кез келген қылмыска барады екен. Ертеңіне жұмысқа келгенімізде, теміржолдың бойын жағалай жантәсілім еткен адамдарды өкіметтің арнайы құрылған жасағы жинап, оларды ат-арбаға салып жатқанын күнде көріп жүрдік. Жоғарыдан түскен нұсқау бойынша, жергілікті билік Шу стансасына жақын жерден ашыққан адамдарды күніне бір рет тамақтандыратын орын ашын қойды. Бұл жерге де шұбырған босқындар келіп жататын. Бір күні менімен бірге жұмыс істейтін орта жастағы кісі жоғалып кеткен інісін іздеп, аштарға тамақ беретін баспанаға барса, іші ісініп кеткен және ескі-құсқы киген аш адамдарға толы, көбі бұралып тақыр жерде жатыр екен. Олардың арасында әртүрлі жастардағы адамдар: жастар, кәрілер, тіпті балалар да бар. Баспананың түкпір жағында өлген жандар да бар көрінеді, мәйіттердің сасық иісі қолқаны жарады. Оларға қарап жатқан ешкім жоқ. Сол көріністі көріп төбемнің құйқасы шымырлап, денем қалшылдап тұрған жерімнен атып шықтым, — деп әлгі әріптесім бізге айтып келді.

Вокзалда қайыр сұрап жүрген адамдар күннен күнге көбейе берді. Бір жұтым су сұрап, оны ішуге шамасы келмей өлім аузында құлап түскенін де көрдік, 2–3 жасар сәбилерді вокзалда тастап

кететіндер де кездесті. Адасып қалған, әлсіреп жүдеген, аштықтың салдарынан ісініп кеткен әртүрлі жастағы балалар станса маңында, теміржол бойында қаптап жүретін. Қаңғып жүрген мұндай жетімдерді жергілікті билік өкілдері жинап, Шу ауданының орталығы — Новотроицк селосындағы балалар үйіне тапсыратын, онда орын болмаған жағдайда панасыз балаларды Әулие-Атаға алып кетіп отырды. Сонда да аштықтан әке-шешесі өлген, үйсіз-күйсіз жүрген жетімдердің саны азайған жоқ. Тек 1935–1936 жылдардап бастап Шу өңіріндегі елдің жағдайы түзеле бастады.

Ұзын сөздің қысқасы, талай қиыншылықтар басымыздан өтті, елдің басына төнген ашаршылықтың небір сұрқия зардаптарын да көрдік. Енді мұндай нәубет қайталанбаса екен деп бір Алладан тілеп отырамын, — деп айтқан қарияның әңгімесі әлі есімізде. *(50–53 бб.)*

Журналист ***Нұрлытай Үркімбай*** *Мойынқұм өңірінде ашаршылықтың азабын тартып, талай-талай ауыр күндерді басынан откізген Айдынбай қария туралы «Егемен Қазақстан» газегіне 2012 жылы мақала жазды. Сол мақаланы толық беруді жөн көрдік.*

НАР БОЛМЫСҚА ИМАНЫ КӨРІК БЕРІП…

Ел ішінде өз дара тұлғалары болады. Бағамдап қарасаңыз, ондай жандардың өмірбаяндық беттері өзі өмір сүрген дәуірлерінің айнасы десе жарасарлық. Құдды бір қоғамдағы бұлтарыс-қалтарысы мол иірімдер сол адамның тұтас ғұмырына шырматыла байланып, бірлесе өріліп кеткендей. Сондай жандардың бірі өз кезінде Мойынқұм, Шу, Пішпек, Әулие-Ата аймақтарына аты мәшһүр болған Иманбекұлы Айдынбай ақсақал еді.

Ол кісінің небір ерліктері мен елге тұлға боларлықтай толып жатқан адамгершілік іс-әрекеттері туралы әңгімелерге бала кезден қанық боп өскенбіз. Осынау құмды өңір тарихына бойлағысы келген жанның Айдынбай болмысына соқпай өтуі жартыкеш әсерлерге жетелейтіндей көрінеді бізге. Социализм кезінде «Коминтерн» деген атқа ие болған бұл совхозды жалпы жұрт, бейресми түрде «Айдакеңнің ауылы» деп атап кеткеніне еш таң қалмайтын едік. Сексенінші жылдардың басында республикалық «Лениншіл жас»

газетінде жұмыс істеп жүрген кезім болатын. «Айдынбай атамен журналист ретінде арнайы әңгімелесіп, шежіре көкіректен сыр суыртпақтар сәт келген сияқты», — деген тоқтаммен бір күні ол кісінің қара шаңырағын бетке алған едім. Содан бұрынырақта ол кісінің дос-құрдастары Садырқұл, Дігәрбек, Әділбай және басқа да шежіре жандарға жолығып, Айдынбай ата жайлы хикаяларға әбден қайта бір қанығып, қойын дәптеріме қажетті мәліметтерді түртіп адғанмын.

— Әһ-әһ, пә-ә-әлі, — дейді ол кісі кеңкілдей күліп, — балам-ау, әңгіменің бәрін естіп апсың ғой. Енді маған айтар не қалды?

— Осы оқиғалардың шыны менен жалғанын өз әңгімеңіз арқылы айырып алсам деген тілек қой менікі!

— Құрдастарымның өзіңе айтып берген әлгі әңгімелерінің бәрі де шындық, — деді ол кісі өткен күндеріне сәл-пәл шегініс жасағандай боп.

Сонымен сыр сандықтың кілті ашылды да кетті. Ашылғанда, ол кісі бәз біреулер сияқты өз-өзін мақтап, күмпілдеп жөнелген жоқ. Бар болғаны әлгі оқиғаларға қысқа ғана тоқталып өтті. Жасөспірім кезінде-ақ көкпар тартқан сәттерінде дәу серкешіңіздің өзін тақымына бір басса бітті, дүйім жұртқа дес бермеген жалғыз өзі алып шығатын болған. Алғаш он сегіз жасында, Байұзақ деген байдың асында бір рулы елдің бетке ұстар палуанының жауырынын жер иіскеткен Айдекең содан көз тиіп, ауырып, бір жылдай төсек тартқан екен. Тек, Қосайқожа деген емші келіп, жеке үй тіктіріп, сал боп қалған жігітке аят, дұғаларды оқи отырып, тамыр шөптермен емдеген көрінеді. Жаратушының бұйрығымен, 23–24 жасында шаршы топқа қайта шыққан жас палуап содан былай ешқашан жеңілу дегенді білмесе керек. Ат үстінде, «қалы кілемдерде» болған белдесулерді түгел санамалап шығудың өзі оңай шаруа емес шығар. Салма көкпар, тана көкпарыңыздың пешенесі ол кісінің тақымынан өтті десеңізші!?

Дүйім елдің риза көңілмен жырдай етін айтатын тағы бір әңгімесі: Айдекең өзінің бұла күшін осындай жиын-тойлардың қызықшылықтарында ғана емес, ала көңіл, арам ниетті дұшпандарға қарсы текетірестерде де оңтайымен пайдалана білген екен. Ол кісі ел тонап, мал ұрлап жүрген карақшылардың тіпті тұтас тобы кезіге қалса да, басқа каруларына қол сөзбастан бір ғана тобылғы сапты, алты өрім дырау қамшысымен сабалап жүріп-ақ жалғыз өзі әл-

гілерді шетінен ат бауырына түсіріп отырған көрінеді. Осылайша Иманбекұлы ауылдастары мен аймақтастарын Қазан төңкерісіне дейінгі «Мекалай» заманында да, көздеріне шел біткен небір әпербақандардан тиісінше қорғап отырған екен. Сондықтан болар, Айдынбай аты естілсе бітті, ел ішінің небір тентегі мен телісі көп сөзге келместен, тыила қалысатын деседі.

Жата-жастана тыңдаған әңгімелерімізден ұққанымыз ол кісінің ең бір бақытты кезеңдері Қазан төңкерісі, яғни Кеңес үкіметі орнағанға дейін өтіп кеткен сияқты. Өз сөзіне қарағанда, қызылдар билікке келгенге дейін Айдекеңнің ат жалын тартып мінген, нағыз қылшылдаған жігіт шағы екен. Көкірегі қаттаулы шежіредей қарияның тереңнен толғап әңгіме шертуі үшін жан-жағынан қаумалай, кейде әдейі жақаулатқан сұрақтар қойып отырдық.

— Ата, сіз мақтаған қоғамды «әділетсіз болған еді», ал сіз қасиеттерін айтып тауыса алмай отырған бай-манаптарды «кедей халықты аяусыз езін-жаншыған» деп жазып жатыр ғой біздің кітаптар?!…

— Пә-ә-лі, балам! Ол жазушыларыңды кінәламаймын. Олардың ішіндегі сол заманның шет-пұшағын көріп қалғандары іштей біледі, бай-манаптардың иманды болғандарын. Бірақ «айтқызбасы — айтқызбас» боп отыр да! Шын жағдай түбірімен басқа болатын. Ана кәзитіңе жаза алмассың, дегенмен өзің сияқты бірлі-жарымың болса да, шындықты ұғып алғандарың жөн болар. Е-е-ей, дүние-ай, несін айтайын. Небір асылдар шейіттер кетті ғой, шіркін, айдау менен асудан… Ол кездің би-болыстары, бай-бағландары мейірімді боп келетін. Қазір айтсаң, ертегідей естілер. Менің әкем орта шаруалы жан болған. Бауырларым Көлбай, Түкібай, Құтыбай, інім Төлеген де, мен де шалқып бай боп көрмеппіз. Кісі қолына да қараған емеспіз. «Өткен байлығын аңсап отыр» дейтіндей емес, кәдімгі қазақы ауылдың қатардағы шаруасы едік. Ендеше, сөзіме сенгін, қалқам… Ол кісілер байлықтарын біреуден тартып алған жоқ. Алланың бұйыртуымен, ата-бабаларынан қалған дәулеттерін еңбеқорлығымен жалғастыра алғандарында ғой бар мәселе! Бейшараларды осынысы үшін-ақ жазғырды-ау.

Көз алдыңа келтіре баяндайын, балам. Ол кезде ағалас кісілер бір ауыл боп отыратын. Оның себебі, күнін көре алмаған кедей ағайындар: «малшың, жылқышың, тым болмаса үй шаруасындағы қызметшің болайын», деп бай туыстарын өздері-ақ келіп сағала-

ушы еді. Содан бай ағайынның, демек ауыл егесінің шаңырағынан қонақ үзілмейтін. «Қонақтың сыбағасы, жолаушының нәсібесі» деп, қайта-қайта қазан көтеріліп жатушы еді. Үлкен отау тола ас-су, береке. Оның бәрін байдың бала-шағасы қайдан тауыссын?! Бүкіл ауыл боп сол үйдің қазанынан ас ішетін. Сұрағандарына «сауынға» деп мал беретіндері де көптұғын. Содан әйелінің қолы ұсынықты шаңырақ жаздай құрт-майын айырып алушы еді. Малшы ағайымдарына еңбекақысын мал басымен төлеп отыратұғын ауыл егелері. Шаруаға ебі барлары сол төлем малдан-ақ өзінің шағын дәулетін құрап ала қоюшы еді. Бақуатты сол бай-манаптарыңыз өз малдарын шығарып, бас құрай алмай жүрген кедей ағайындарды «Алла ризасы үшін» деп, үйлендіріп, отау етіп жататын.

Ауыл егесі, бай ағайын білімді молдаларды шақыртып, арнайы үй тігіп, қыс келсе, қыстауының бір бөлмесін босатып беріп, көшпелі болса да медресе ашып, ауылдың бар баласының «тілін сындыртатын». «Оқимын» деп талпынғандары болса, одан әрі тереңірек оқытатын еді. Ондай істен қаржыларын аямайтын. Демек, о замандағы кісілер бір Алладан қатты қаймыққандықтан, кісінің обалына қалудан қорқушы еді. «Орынсыз ұрып-соқты, тамақ бермеді, аш қатырды, жыртық үйде тұрғызды» дегендеріңіз, жәй әшейін қызыл үкіметтің жазғызып отырған сандырағы ғой. Ол жазушыларыңыз сөзге ұста, жазудың шебері-ақ шығар. Бірақ, «тоқпақ мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» деген сөз бар, балам. Сол айтқандай, «бай- манапты, молданы жаманда!» — деп, мылтығын кезеніп, жоғарыдан дігірлеп тұрса, қайтеді енді құбыжық етіп көрсетпегенде. Осының бәрін біле тұра өзіңдей балаларға айтпай кетсем, күнә болмай ма маған?!

Шынымды айтсам, Кеңес үкіметінің қаһарына барынша мініп тұрған сол дәуірінде, Айдынбай атадан жан шырқыратарлық шындықты осыншалықты түйдек-түйдек күйінде есту дегеніңіз мен сияқты «советтік» журналист үшін айтып жеткізгісіз олжа болатын. «Өзің өмір сүріп отырған қоғамың жайлы өзгеше ой түю, болып жатқан оқиғаларға шындық көзімен қарай білу» атты менің бойымдағы бұлқынысты қасиеттердің Айдынбай атаның осынша әңгімелерінен кейін одан әрі күшейе түскенін калайша жасырайын! Дей тұрғанмен, сол сексенінші жылдардың басында, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Айдынбай» атты деректі әңгімемде бүгінгі баяндалып отырған жағдаят-

тардың ешқайсысының да айтылмағаны, әрине, өз-өзінен түсінікті болса керек.

Айдынбай атаның әңгімесі одан әрі жалғасып жатты. Қазан төңкерісіне дейін төрт арыс Көкірек елін басқарған Қорабай атты болыс болған екен. Айдекеңмен шөбере ағайын болса керек. Ол кіс «сегіз старшын» елді басқарған деседі. Содан бір күні қызыл комиссарлар әскерімен келіп, малын тәркілеп, үй-орманымен жер аударатынға айналған кезде Қорабай болыс: «Туған жерімнен еш жаққа кетпеймін», — деп қашып барып, Хантауының баурайын паналаған екен. Сондай қиын-қыстау кездерде, ол кісінің жанында үнемі Айдынбай палуан болған көрінеді. Олар қызыл қуғыншылардың аяғы жете алмайтындай жерге бой жасырып, ашық аспан астында қыстап шығады.

— Ол кездің сексеуілді алқабы «ит тұмсығы өтпейтін» ну орман болатын. Егер ішіне аттылы кісі кіре алса, төбесі көрінбес еді. Қары да қалың түсетін, жүдә. Дереу қарды нығыздай ұрғылап отырып, қардан жертөле жасадым. Іші біршама жылы. Үстімізде сең-сең, қалың ішіктер. Құдай сақтап, аяздардан аман қалдық, әйтеуір. Сенімді жігіттер азығымызды жеткізіп тұрады. Өзім де ұзап кетпестен аң аулаймын. Өзім аспаз, өзім қарауыл, өзім күтушісімін… Аяз сынып, суықтың беті сал-пәл қайтайын дегеннен-ақ құлшылықтарымызды одан әрі күшейтіп, намаздарымызды өтеп, дұғаларымызды еселей түсуге тырысатынбыз. Болыстың тамағын ыстықтай беріп, дәрет суын жылытып қоямын. Қар жастанып, мұз төсеніп, қуғында жүрсе де қолынан келгенінше мінәжаттарын үзбеуге тырысқан, аса иманды кісі еді. Қатарласа тұрып, қар күркенің аузында намазымызды оқитынбыз.

Сонда жарықтық болысекең намаздан кейін қос алақанын жайып, бір Аллаға егіліп мұңын айтып, ұзақ дұға етуші еді. «Елімді кәпір басты, Құтқара гөр!» — деп жалбарынатын сақалын жас жуа. Мінәжаттарын тәмамдаған соң, өзі отырған биіктен сонаа-ау төменде жатқан туған еліне қарап отырып: «Жетісу жерім, қалды-ау, елім, не болар енді көрген күнің», — деп, өлеңдете егілуші еді жарықтық. Өзі қашқын боп жүрсе де елінің тағдырын қабырғасы қайыса ойлаумен болатын. Ә-ә-ә, ол кісілердің бітімболмыстары, тұрқы тым бөлек еді ғой «Менің жайым не болмақ?» дегенді де олайтын. Бірақ елінің ендігі күнін, болашағын жаны күйзеле уайымдаушы еді.

Әңгімесінің осы тұсына келгенде Айдынбай ата өзі де аңғармастан, көкірегін кере, терең бір күрсініп алған болатын. Тоқсаныңызға қол созып, шөккен нардай боп отырған осынау алып тұлғаның күңіренгенінің өзі сай-сүйегіңізді сырқыратарлықтай еді. Құдды бір Қорабай болыс тектес халық перзеттерінің сонау алмағайын замандардағы бүкіл шеккен қасіреттерін кейінгілерге өз күйініші арқылы осылайша жеткізбекке әрекет еткендей-ау! Күндердің бір күнінде болыс:

— Айдынбай бауырым, саған Құдай — риза, мен — риза. Мынау Түлкібас жағында біраз үй Көкіректер бар ғой. Мені сол жаққа жеткізіп сал. «Мен» деп, осыншама отқа-суға түскенің де жетер. Қайтып кел де үкіметке беріл. Мені жамандай бер. «Амалсыздан жүрдім қасында» де. Сен әлі жассың. Көрер қызығың алдында, — деген екен. Айдекең ондай ұсынысқа көнбепті.

Екеулеп Түлкібастың қарлы тауларына жеткеннен кейін, қанша тұрғаны белгісіз, сол өңірде Қорабай болыс ауырып, қайтыс болған екен. 1929 жылы Қорабай болысты жер қойнына тапсырып, Айдекең кері қайтады. Бірақ жергілікті үкіметке мойын ұсынбай, тағы біраз уақыт өзін саяқ ұстаса керек. Қашанғы жүрсін?! Бір күндері «өз еркімен берілуге» келген палуан жігітті жергілікгі билік бірден абақтыға жапқан екен. Кеңестік билік бірер жылдан кейін бостандыққа шыққан Иманбекұлы Айдымбайды 1936–1938 жылдары сайлауға дауыс беруден шеттетіп тастаған көрінеді. Содан, шағымын айтып, губерниялық сотқа үш күн кіре алмай, төртінші күні ғана тиісті адаммен жүздесуге мұрсат алып, сайлауға қатысу құқығына қайта ие болып, еліне қайтқан екен. Екінші дүниежүзілік соғыстағы жорықтарын Бессарабияда аяқтап, елге оралған соң қызу еңбекке қайта араласқан көрінеді.

Айдынбай ата мен ол кісінің тұстастары Кеңес үкіметінің «аузынан» қып-қызыл от пен қара жалын бүркіп тұрған кездерінің өзінде жасырып намаздарын оқып, сездірмей садақаларын таратып, байқатпай оразаларын ұстағандарын «ұзын құлақтан» естіп жататынбыз. Әрі мектепте оқып жүрген жылдарымызда өзіміздің де шет жағалатып байқағанымыз тағы бар. Ал Айдынбай атаны арнайы іздеп барған сол сапарымда ол кісінің бес мезгіл намазын қаза етпестен, ашық түрде оқып отырғанын көргенмін. Шамасы жергілікті Кеңес өкілдері: «Қартайған адам ғой. Енді айналасына қайбір әсері болар дейсің. Ашық оқыса, оқи берсін», — деген

тоқтамға келес керек. Бұрынғыдай, ешкім «пәлен, түген» деп, мазасын алмайтынға айналған екен.

Ауыл-аймақтың үлкенді-кішілі отырыстарында, дастарқан басында ол кісі негізінен қасиетті Құрандағы мүбәрак қиссаларды аса бір шешемдікпен баяндап отырушы еді. Исламдағы мінез-құлық мәселесіне де біраз тоқталатын. Бірақ, одан әріге тереңдеп бармайтын. «Барғызбасы — барғызбас, айтқызбасы — айтқызбас» болғаны да! Әңгімесінің біраз бөлігі ел ішіндегі шежірелерге де арналушы еді. Шежіре болғанда да жай ғана ата-текті тарқату емес. Берісі сол Мойынқұм, Әулиеата аймағының, әрісі дүйім алты алаштың басынан өткерген тарихи оқиғаларын үзік-үзік күйде баяндаушы еді. Оның сыртында Шу-Мойынқұм өнерлерімен тамсантып өткен Сауытбек, Жиембет, Жиынбай, Орақбай, Дәмегөй, Танагөз, Бектас, Бердіқұл сияқты талантты қаншама ақын, жыраулардың шығармаларын жатқа соғатын еді, десеңізші! «Тоқсанға иек артқан шағында не қылған парасатты қабілет, тозбас ақыл-ой, иманды болмыс еді!» — деп күні бүгінге дейін қайран қалам.

— Ата, белдескен кісілеріңіздің сізден басым түскендері болды ма? — деген сауалыма:

— Күшаман бабамызға ат шаптырып, ас беріп, сонда Бесбай деген кісімен ат үстінде білек сынасқан ем. Қамшымды екі бүктеп, тістерімнің арасына басқанмын. Сонда әлгі кісі қолымды кoя бере сап, аузымдағы қамшымды тартып-ақ қалғаны… Сөйтіп екі күрек тісімнен айрылғанмын. Ал, былайша басқа ешкімнен жеңіліп көрген емеспін, — деген еді Айдекең.

«Қош!» — делік. Сонымен, Айдынбай ата жауырыны жер иіскеп көрмеген палуан, ол өңіріне тұрақты жеңімпаз ретінде аса белгілі болған жан. Сонда осы бір палуап болмысты, қарапайым еңбек адамының қадір-қасиеті қай қылығынан туындады екен?! Сөйтсек, Айдынбай Иманбекұлы ең әуелі айналасына биік парасатымен, терең адамгершілік қасиеттерімен сыйлы болған кісі екен. Мынандай бір қылығын жұрт көбірек айтушы еді. Егер екі кісі дауласып қалып, істің әділ шешімін іздеп, Айдынбай атаға жүгінер болса, ол кісі сол екі адамның қайсысының ісі ақ болса, соған болысады екен. Қазан төңкерісіне, яғни социалистік, дінсіз қоғамға дейін Қорабай болыс сияқты бақуатты кісілердің көшпелі медреселерінде Шариғи білім жинақтаған Айдынбай Иманбекұлы сол бір иманды ортада қалыптасқан өмірлік ұстанымдарын өзінің тұтас ғұмырында

қолынан келгенінше әлсіретпеуге әрекет еткен жан. Түлкі заманның алмағайып кезеңдерінде басына түскен сан қилы машақаттардан құтылмақты ойлап, бәлкім, пендешілік базбір қадамдарға барған кезі болған да шығар. Алайда, қалыбын өзгертпеген. Кеңес үкіметінің толып жатқан жазалау саясаттарын өзгелерден гөрі өз басынан көбірек өткеріп, түрмеге жабылып, сайлаудан шеттетіліп, небір ауыр жұмыстарға мәжбүрлі түрде жегілген Айдекең ешқашан жүрегін қатайтпаған көрінеді. «Кектенсе, атеистік қоғамды орнатқан жандайшатарға кектенген болар. Бірақ қарапайым халыққа, замандастарына қайырымды еді», — десетін айналасы. *«Егемен Қазақстан», 31 мамыр 2012 жыл, 6–7 бб.). (113–120 бб.)*

Сұлутөр ауылының тұрғыны ***Әлден Керімқұлұлының*** *аштық жайлаған зұлмат жылдардағы естелігінен*

БІР УЫС ТАЛҚАН

Аштық жайлаған жылы ұйықтап жатқан Керімқұлды өлтірген адам бір уыс талқанды олжалап кетті. Бес жасар Әлден әке денесінін жанында айналшықтап 5 күн жүрді…

Көктем шыға бастаған кез. Ауыл еңбеккерлері егістікке деген құрал-саймандарын ұстаханада жөндеп жүр. Қызарған оты мен колмен басылатын көрігі бар шеберхана ауылда «Ұста дүкен» деп аталады. Ауыл балаларының сом білекті балғашы мен байсал қимылды ұстаға сұқтана қарап әсер алатын жері осы, Әлден қазір ұстаханада балғаны. Әкесімен қатарлас Өмірзақұлы Нүпішбайдан, Аманбайұлы Орынбайдан, Ахайұлы Байдәукеден тәрбие алып, ұсталық кәсіпке бейімделіп келе жаткан кезі. Ауылдың тіршілігіне керекті құралдар мен үй мүліктерін қайрап, құрсаулап кайта іске қосу дегендей барлык тірлік Әлденнің мойнында еді. Ұстаздары сияқты көп сөйлемейтін, қиыннан қиыстырып, темірден таспа тіліп, шеберлігімен ел мақтанышы болды. Ә дегенде ауыл ұсталарынан әсер алған Әлден 1942 жылы Челябинск қаласында ФЗО-ны бітірген соң Теміртау қаласындағы темір балқыту цехында төрт жыл жұмыс істеді. Темірдің құдіретін тек оқып білген жок, өз көзімен көріп, өз қолынан шығарды. 1946 жылы ауылға қайтпағанда атақты темір балқытушылардың бірі болып жүретініне кәміл сенімді болатын. Елім деп елге келді, бар тәжірибесін, ынтасын

ауыл қажеттігіне жұмсады. Зейнетке шығардан бес жыл бұрын ұсталық кәсіпке үшінші ұлы Жұмаханды баулыды. Бала-шағасын қатал тәртіпте ұстап еңбекке тәрбиеледі.

Көп сөйлемей балаларына сын көзбен қарап қоятын. Тындырымды істерін көріп мерейленіп отыратын, бірақ сырт көз байсалдылығы өзгермеуші еді. Әкелік ынтасын балаларының өз жолын тауып өмір тізгінін нық иемденердей етіп бағыштады. Іштей қанағаттанып өтті. Бойындағы ата-ана қызығын көре алмаған арманы балаларына қанағаттанған сайын тас түйіні босап, шері тарқала түсетін.

Өткенді ойлап, әкесінің заманындағы қиындықтарды қазіргі балаларының заманындағы мүмкіндіктерімен салыстырып, терең ойға шоматын.

Бұны байқап жүретін зайыбы Қымбаттың:

— Балаларың өсіп жетілді, алды отаулы болды. Бәрі сөз қадірін түсінетін халге жетті. Сенің басыңнан өткен ауыр киындықтар, олардың еңбек қадірін біліп, өмірдің ащы-тұшысын ажыратып, адамгершілік зор санатта өсуіне әсерін тигізер. Сондықтан да өткен өмірбаяныңды балаларыңа айтып бер, елді де құлаққағыс ет, — деген өтініші Әлденге ой салды.

Кеңес өкіметі елдің малын, мүлкін зорлықпен тартып алып «қосшы», «кооператив», «колхоз» деген ұйымдарға біріктіре бастады. Осындай кезде Әлденнің әкесі Керімқұл да ел қатарлы «Ешкілі Қордай» ауылындағы 60–70-ке жуық кедейлердің басын біріктіріп, «Қосшы» ұйымын құрған.

Керімқұл әнші, домбырашы, арабша жетік оқитын сауатты еді. Кедей болса да «Ер қанаты — ат» — деп үйде ат ұстайтын. Оның ер-тұрманын өзі жасап, түйінделген жерлерін әшекейлеп, күміспен қаптап жүретін сергек адам еді. Жеңгелері оны «шебер қайным», — дейтін.

Керімқұлдың шеберлігін көрші ауылдар да жақсы білетін. Ел «сыйға –сый» деп Керімқұл жасап берген ер-тұрман, тағы басқа да дүниеліктерге қолда бар мал-мүліктерін беріп сыйлап отыратын.

Қордай тоспасының басында тұрған кез болатын. Сол кезде жаңа өкіметтің зорлығына көне алмай тау-тасты паналаған адамдардың бірінші жауы — колхоз-қосшы ұйымдарының белсенділері еді.

Бір күні іңір қараңғысында қарулы топ үйге баса-көктеп кіріп, сау ете қалды. Қастандық істің боларын бірден сезген Әсірен жеңгей Керімқұлды қалқалап есіктен шығарып үлгерді.

Үйге кірген «банда» Керімқұлдың үлкен баласы Әбдібайды қамшымен сабап «Бөрінің баласы, әкең қайда?» — деп алқымға алды. Әбдібай сол кезде 12 жаста, мелшиіп түк айтпай тұрады. Бандылар үйді ашып-шашып, ескі сандықтың ішіндегі балаларға деп арнайы дайындалған көп өрімді әсем қамшыны, кемер белдікті, тартпаны, жүген және басқа жарамды бұйымдарды тонап алады.

Үйдегі сол кездегі өкімет басшыларының суреті бар газеттерді жыртып, әйел болса да Әсірен жеңгейді қамшымен сабап, Керімқұлды тауып жер жастандырамыз деп тау жаққа шауып кетеді.

Содан екі-үш күн Керімқұлдан хабар болмайды. Әбдібай мен Әлден, тәй-тәй басқан қарындасы Қашай мен шешесі төртеуі айнала тау-тастың, тобылғы-тоғайдың ішін талмай іздейді. Жаяулап күштері жеткенше тау шатқалдарын да түгел қарайды. Айнала үрей…

Жылап жүрген шеше, көздері тостағандай болып бойларын қорқыныш жайлаған балалар, бір уыс бидайды диірменге тартып күнін көріп, «тірі болса келер» — деп үміттерін үзбей, ақырын күтеді.

Содан бір күні киімдері алба-жұлба, үсті-басы қан басқан күйінде үйдің босағасын аттап құлайды. Зәресі ұшқан әйелі ойбайлап басып көтеріп, балалары «тәте-тәте» — деп кішкентай үй іші азан-қазан болады.

Сусын мен аштық қысып, соққыға жығылған Керімқұлда ес жок. Аузына тамызған су мен ашымал тамағынан зорға өтеді. Қымбат күйеуінің денесін жуып тазалап, бүркемелеп жаткызып балаларға тапсырған соң, көрші ауылдан молданы ертіп келіп дем салғызады. Үшінші күн дегенде Керімқұлдың беті бері қарап, одан екі-үш күннен соң аздаған тамақ ішіп жантайып отыруға шамасы келеді. Оның айтқан әңгімесі бойынша білгеніміз, ол үйден қашып шығып тауды паналаймын деп жүргенде бандының басқа тобына тап болып соққыға жығылады.

Енді бұл жерден қашпаса болмайтын болған соң, жалғыз аттан да айырылған Керімқұл керекті киім-кешектерін алып, бала-шағасын жетектеп Сұлутөрді бетке ұстап жолға шығады.

Ол жерде, әйтеуір, тақұл-тұқыл тірлігі бар ағайындарының үйінде бір күн болған соң Керімқұл үлкен ұлы мен кенже қызын және әйелін Сұлутөрде қалдырып, кіші баласын көтеріп Қырғызстанға аттанады.

Жаяу-жалпылап келе жатып жол-жөнекей не көрмеді. Айнала ашаршылықтан темсеңдеп, дала-далада тентіреп жүрген ел. Жыраларда, жартастарда сүйенін отырып шейіт болған адамдар. Жол шетінде шала-жансар жатқан пенделер де толып жатыр. Шамасы келсе бір үзім нан үшін тарпа бас салатындай көрінеді. Бұл бейшаралардың орындарынан тұруға дәрмені жоқ, көздерінің жанары салып бара жатқандай, әлсіз ғана ыңырсыған дыбыстары естледі…

Керімқұл шаршап-шалдығып бірнеше күннен кейін қырғыз еліндегі Тоқмақ қаласына жетіп, әзер дегенде етікшілік кәсіппен айналыса бастайды. Бұл жерде жолда көргеніндей, аштықтан өліп жатқан адамдар көрінбейді. Бәрі де жайбарақат өмір сүріп, өздерінің тіршілігімен айналасып жатқан ел.

Қыс өтіп жол ашылған соң Керімқұл ауылдың жайы не болды, біліп келейін деп бес жасар ұлын жетектеп, етікшілікпен тапқан аздаған дүниесін, азығын алып, жолға шығады. Көктөбе ауылынан өтіп терең сайдағы диірменнің жоғарғы жағындағы өзен бойында шәй қайнатып ішіп, әкелі-балалы екеуі демалуға жатады. Ауыр жол шаршатып шырт ұйқыда жатқан бұларды аңдыған, аштықтан көздері қарауытқан адамдар қарақшылык оймен келіп Керімқұлдың мойнына тұзақ салады.

Балаға тимейді. Тінтіп жүріп дорбада қалған бір уыс талқанды, басқа да дүниеліктерді алып кетеді. Таңертең тұрған бала «тәтелеп» әкесін ары-бері оята алмай, өзеннен су ішіп сол арада айналшықтап, біресе ойнап, біресе жылап, жаңа шығып келе жатқан татырдың түбірін жеп, түнде әкесінің жанына кеп ұйыктап, күндіз аштықтан әбден әлсіреп, дел-сал болып бес күн жүреді.

Құдай сақтап ит-құс кездеспейді. Бір күні сол маңнан өтіп бара жатқан өгіз арбалы адамдар баланы көріп шақырғанда, ол шошып, өрге қарай қашады. Әйтеуір, айқайлап, жөн айтып жүріп, екі көзі аштықтан шүңірейіп кеткен баланы ұстап аты-жөнін сұрап, тамақ беріп мән-жайды білген соң, ісінген мойнын тұзақ тіліп кеткен әкесін жерлеп, өзінен сұрастыра отырып, Сұлутөрдегі шешесін тауып баласын табыс етеді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», — деген осы шығар.

Тар заманда қасіретке ұшыраған ана, енді екі ұлым мен қызым аман болсын деп, балаларын құшақтап жылап қала береді. Бұл 1933 жылдың көктемі болатын. Екі жылдан соң буыны қатпаған балалардың шешесі Әсірен қайтыс болып үш бала жетімдік күн кешеді…

Кейін Әбдібай жаңа құрылған МТС-қа ұсталық жұмыска тұрып, Әлденді жанынан қалдырмай ілестіріп жүріп еңбекке баулиды.

Әлден 1952 жылы Қымбатқа үйленді. Олардың ұрпақтары өсіп жетілді. Әлден мен Қымбаттың ендігі тілегі «өткендегі нәубет ел басына келмесе екен, үрім-бұтағымыз өсе берсін» деп кана Алла тағаладан сұрап отырады. *(150–154 бб.)*

Тараз қаласының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері,
***Райқұлұлы Мақсұт** қарияның Әулие-Ата аймағындағы*
отызыншы жылдардағы ашаршылық зардаптары туралы әңгімесі

ӘУЛИЕ-АТАҒА АШТЫҚ ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

— Мен көргенімді, естігенімді айтып берейін. Әулие-Ата қаласына жақын орналасқан ауыл-аймақтарда 1929 жылдан бастап зұлматтың алғашқы ызғары біліне бастаған. Ашаршылық келгенге дейін Әулие-Ата төңірегіндегі ауылдардың тұрмыс-тіршілігі жаман болған емес. Бұл аймақтағы жұрт ежелден-ақ жартылай-көшпелі салт-дәстүрімен өмір сүріп келген еді. Өйткені, бұл өңірдің табиғат жағдайы егін салуға да, мал шаруашылығымен де айналысуға өте қолайлы болды. Біздің ертедегі ата-бабаларымыз екі мың жылдан асатын тарихы бар Әулие-Ата (ежелгі аты Тараз) қаласының негізін екі өзеннің ортасына қалған екен. Оңтүстік-батысында Аса өзені ағып жатса, шығысында Талас өзенімен шектеседі. Осы өзендерден бірде Асадан, бірде Таластан алма-кезек соққан жел қаланың ауасын тазартып отыратынын арғы бабаларымыз жақсы білген екен. Бұл бір жағынан болса, екінші жағынан өзен бойын жағалай қоныстанып, егіншілікпен айналысуға ертеден-ақ жұрт үйрене бастапты.

Осындай жағдайда тыныш қана өмір сүріп жатқан елге ашаршылық қайдан келе қалды? Кеңестік билік халықты жаңаша өмір сүруге үйретеміз деп, елдің малын, дүние-мүлкін күшпен тәркілеп, алғашқы кезде артельдерге, қосшы одақтарына біріктірсе, ал кейіннен колхоздарға ұйымдастырды. Қазақтардың негізгі күнкөрісі мал өнімдері болғандықтан, малдан айырылған Әулие-Ата жұртына да алапат аштық келе бастады. Соған қарамастан, Көшекей бойындағы 34, 35, 36-ауылдардағы адамдарға өздері өндіре алмайтын 300–400 пұттан астық салығын сала бастаған. Ал бұл салықты

төлемегендерді тікелей абақтыға жапқап. Заготзерно бастықтары жеке ауқатты адамдардан астық салығының орнына ақша алып отырған. Бұған бір мысал келтірейін.

Дәулетбек қарияның айтуынша, Жетібайдағы заготзерноның бастығы орыс жігіті болған. Ол қырғыз еліне астықты ақшаға сатып жіберген. Жаңадан шаңырақ көтерген колхоздар жоспарланған астықты ала алмады. Мемлекет тарапынан, атап айтқанда, Мәскеу басшылары мен Қазақстанды басқарып отырған Голощекиннің сол кездегі зұлматы, мал мәселесінде облыс, аудан уәкілдерінің мал басын қысқартуда жүргізген зиянды әрекеттерінің себептері 1931–1932 жылдар аралығындағы аштыққа әкеп соқты. Әулие-Ата халқы осы жылдары аштыққа ұшырады.

Колхозға мүше болып кірген шаруалар таңның атысынан күннің батысына дейін тыным таппай жұмыс істейтін. Әйелдер жағы кешке үйге қайтарда отындарын арқалап қайтатын. Тынымсыз жұмыс істесе де, тұрмыс жағдайы нашар еді. Еңбеккүніне еш нәрсе алмайтын. Есік алдарында тігерге тұяқ жоқ десе де болғандай. Күнкөрісі — мал біткенді үкімет сыпырып алған соң, не оңсын. Бастарында үйлері де жоқ, тек тышқан сияқты, жерді қазып, кепе етіп, терезесіне әйнек емес, ақ жарғақ ұстап қоюшы еді. Жағатындары күңгірт сәулелі білте шам.

Бірде апам мен Әшірбай көкем өтекеш келді. Қабақтары салыңқы, өздері үһілей береді. Шәйға енді отыра беріп едік, үйге Ібіш, Болтай, Жәкемдермен бірге көрші ағайындар да келе бастады. Ұзақ әңгімелесті, сондағы айтатындары: «Енді қолдағы қалған бір-бір пұттай астықты үкіметке өткізсек, қалай күн көреміз. Сондықтан ел қатты ұйқыға кеткенде, аңдып жүрген белсенділер тыңшыған кезде, бұл маңнан кету керек», — ден шешті. Мен ұйықтап қалған екенмін, түн ортасы ауа анам жұлмалап оятты да: «Тұр кететін болдық», — деді. Әшірбай ағам қалған бидайды, анам мен жеңгем көрпе-жастықты, біраз ыдыстарды арқаларына артты. Менің де арқама жеңілдеу бір затты апам тағып берді. Апам байғұс кетерінде үйге үш рет кіріп, үш рет шықты. Үйдің ішіне өзі жасаған, тірнектеп жинаған, кейбір заттарын қимады-ау деймін. Көзіне жас та алды. Түнімен жаяу жүріп отырып, таңсәріде Талас өзеніне жетіп, жардың астындағы қара тал мен сары қамыстардың арасына келіп тасаладық. Қараңғы түскенде тағы да жолға шықтық. Екі күн өткен соң Әулие-Атадағы Асат көкемнің үйіне орналастық.

Райқұлдың ұлдары Ібіш, Болатай, Асат, Әшірбай, Мақсұт, Асатты жас кезінен бастап әке-шешесі мен ағалары Әулне-Атаға үй-жай соғып, орналастырған екен. Енді өздері де осы Әулие-Атаға келіп орналасты. Бұл да аштықтың зардабы емес пе?

Асат бауырымды паналап келсек те, ашаршылық зардабынан аман құтыла алмадық. Екі жыл қатарынан қуаңшылық болды. Егін шықпады, мал қырылды. Халық жұтай бастады. Түйенің көзіндей күлшеге әкесінің құнын сұрайтын уақыт болатын. Неше түрлі ауру да етек алып кетті. Қара қызылша, қызамық, көкжөтел деген «тажалдар» жол тосып тұрғаны. Ел ішінде дәрігерлер жоқ. Тәуіп емінің сәті бірде түссе, бірде түспейді. Сүзектің сүзілгісінен аман-есен өткендер де аз емес. Әулие-Атаның шаңдақ көшелерінде, әсіресе Атшабардың ұн базарында шұбырып жүрген аш-жалаңаш адамдар көп. Өмір үмітсіз емес. Бірақ көбінің қолына ешнәрсе тимейді. О дүниеге осы жерден аттанып жатқаны қаншама. Өлімді жерге үйір қарақұстар көк жүзін босатпай торып жүретін.

Зор денелі, өңі қара, көзі нардың көзіндей үлкен әрі өткір Қондыбай атамызды ел батыр атайтын, оның ұрпағы — Райқұл, Әбділда, Сөке, Әмірқұл. Ал Райқұлдан Ібіш, Болатай, Асат, Әшірбай және мен дүниеге келдік. 1932 жылдың көктемінде аштықтан алғаш Ібіш қаза болды. Туысым Дәнішті балалар үйіне бергені есімде. Сол баладан хабар күні бүгінге дейін жоқ. Өлі-тірісі белгісіз. Болатай мені және інім Магзұмды Әулие-Атадағы балалар үйіне орналастырған соң Өзбекстанға кеткен. Кейін білдік, сол жерде іш ауруынан дүниеден өтіпті.

Детдомда жүріп, бала болсам да туысқандарымды қатты ойлаймын. Бір үзім қара нанды алысымен, балалар үйінен жасырынып шығып, апам Қораз бен Күлсін жеңгеме әкеліп беремін. Бірде екі-үш күн қалаға шыға алмай қалдым. Кешке қарай нанымды құшақтап жүгіріп жетсем, апам көзге шалынбайды. Жеңгем ғана отыр екен. Туған апамнан айрылғанымды айтпай-ақ білдім. Көз жасымды тыя алмай жылай-жылай балалар үйіне қайттым. Екі-үш күн өткен соң жеңгемнің халін білмекке келсем, үйде болмай шықты. Қайда кеткенін ешкім айта алмады. Бір жетінің ішінде апамнан өлідей, жеңгемнен тірідей ажырап, ер-бауырым езіліп, жалғыз мен қалдым.

Сол бір зұлматты жылдарда адамдардың бір-біріне қысастығы да жетіп жатты. Өзбекстанда Асат тұратын Кітан қаласына барып-

келіп жүрген Өнетай деген кісі жеңгемді күйеуің Әшірбайға алып барамын деп ертіп кеткен. Ол Кітан қаласына барғап соң, осында тұра тұр деп, Күлсінді бір көшенің бұрышына отырғызып, өзі бір өзбекті тауып, қарындасым деп сыртынан сатып жібереді. Күлсін өңді, сұлу болатын. Өзбек жігіт бірден жабыса кетеді. Әшірбай бұл жағдайды біледі. Бірақ менің әйелім деп айту оған қауіпті болады. Іштен тынған Әшірбай ақыры Асатты, оның әйелін ертіп Әулие-Атаға қайта оралды. Өзбекстаннан оралған ағаларым менің орнымды сипап қалады. Өйткені, бұл кезде балалар үйін Шымкент облысындағы Высокое селосына көшіргенді.

Әулие-Атаға мен 1935 жылы ғана оралдым. Балалар үйінен келсем, бұрынғы үйдің өзі жоқ, орны жатыр. Көршілес Диқанбай қариядан сұрап, Асаттың аман-сау екенін біліп қуанып, көңілім орнына түсті. Сол күні ағаммен де, жеңгеммен де табысып, мәз-мәйрам болып қалдық. Қызылша, қызамықтан ағамның үш бірдей баласы дүние салыпты. Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болған аға-жеңгемнің қуаныштарында шек жоқ. Балалар үйінде жүрген інім Мағзұм да келіп, басымыз қосылып, қуанышымыз еселене түсті. Басқа да ағайындар аштықтың құшағынан құтыла алмай дүние салып кетті. Білім қуып Жамбыл атындағы орта мектепте оқуды жалғастыра бастадым.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы сессияда 1992 жылдың 31 мамырын қазақ ұлтының тең жартысын опат еткен, осы отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ойран — геноцидтің 60 жылдығын қазақтардың ұлттық қасіреті ретінде ресми атап өтуді бекіткен екен. Бұл өте дұрыс ниет, қабыл болсын! Жамбыл облысы азаматтары аруақтарға Құран бағыштап, әр отбасына шелпек пісіріп, аят оқыды. Осыған орай мен, Райқұлұлы Мақсұт 31 мамырда ұлы нәубет құрбандарын еске алып, 1931–1932 жыддары аштан қаза тапқан әке-шешеме, үлкен анамыз Қоразға, аға-іні, жеңгей, қарындастарыма арнап Жамбыл қалалық мешітінің Хатиб-имамы Әли-Айдар қажы Төлжанұлы Әміреевке Құран бағыштаттырып, сол әке-шешелеріммен катар ағайындар қазасын аза тұтып, аруақтарға ас беріп, бас идім. Аштықтың қыспағында, қастықтың тырнағында шейіт болған әке-шеше, әжелер мен бауырларды еске алуды ләзім көрдім. Голощекин қырғыны, 1938 жылғы қуғын-сүргін жылдардың құрбандарын еске алдым. *(206–210 бб.)*

ҚЫТАЙҒА БАРЫП АШТЫҚТАН АМАН ҚАЛДЫҚ

Меркі ауданының тұрғыны Оралбектің анасы өзінің басынан кешірген нәубет жылдардағы ауыр күндерін былай деп айтып кеткен екен:

— Өткен ғасырдың 20–30 жылдарында Леиин мен Сталин туралы біздің елдегі жұртшылықтың көбі анық біле бермейтін. Қазақ даласындағы елдің малын зорлықпен тартып ала бастағаннан кейін ғана жаңа өкіметтің қандай екендігіне халықтың көзі жете бастады. Ол кезде мен 8-ге жаңа ғана толған жас қыз едім, сонда да болса қиын-қыстау замандағы оқиғаларды ұмыта алар емеспін. Сол сияқты кейін де әке-шешемізден естігеніміз, зобалаң жылдары Кеңес билігі елдің бар малын, дүние-мүліктеріп сыпырып алған. Жергілікті тұрғындарға айтпай барлық малды ауылдардан жинап алып, алдарына салып белгісіз жаққа айдап кетіп отырған. Әу дегенде біздің ағайын-туыстар да колхоз туралы ешнәрсе білмеді, оларға ұжымдастырудың қалай жүргізілетінін түсіндіріп жатқан өкіметтің уәкілдері де болмады. Ай-шайға қарамай бұл үкіметтің бұйрығы деп, ауылдарда бір тұяқ та қалдырмаған.

Шешемнің айтуынша, ашаршылық жайлаған жылдары бүкіл ауыл әйелдері: «Құдайым-ау, қойдың құмалағын көретін күніміз болар ма екен?» — деп зар-еңіреп жылаған.

Шындығын айтар болсам, менің әке-шешем және жақын туыстарымыз аштықтың толық мәніндегі дәмін тата қойған жоқ. Өйткені, 1933 жылдың наурыз айына дейін біздің үйде азық-түлік қоры болды. Сонымен бірге отбасымызды аштыққа ұрындырмау үшін әкем, ағайын-туыстарымыз ауылдарды аралап, жылы киімдерді бір шелек бидайға айырбастап, үйге алып келіп жүрді.

Қазақтардың ежелден қалыптасқан өзара көмек беру дәстүрі бойынша нәубет жылдары, олар қаншама адам төзгісіз қиыншылықтарды бастарынан өткізіп жатса да бір-біріне қол ұшын беріп отырғаны әлі есімде. Осыған қарамастан, елдегі жағдай күннен күнге қиындай түсті. Аштыққа төзе алмай ауылдан үдере көшкен ауылдастардың біразы Қырғыз еліне, ал кейбіреулері Ресей мен Қытайға бет алды. Олар туған жерін тастап кетіп бара жатқанда бала-шағаның, әйелдердің зарлап жылағанын күні бүгінге дейін ұмыта алар емеспін.

Әке-шешеме айтар алғысым шексіз, мені осындай азапты алапат аштықтан аман алып қалғанына. Менің аға-апаларым, туған-

туысқандарым, сол секілді 30-жылдардағы ұрпақ нағыз төзімді, қайсар адамдар десем артық айтқандық емес. Олардың бастарына қандай ауыртпалық түспеді десеңші! Сол заманның адамдары қаншама қасіретті ауыр жылдарға төзіп, бала-шағасын, отбасы мүшелерін ашаршылықтың өлімінен сақтап қалуға бар күшін салып, кажымас күрес жүргізгені анық. Қазақтарды миллиондап қырғынға ұшыратқан, қарғыс атқыр, мұндай саясатты кім ойлап тапты екен?

Әке-шешемнің айтуынша, үйдегі бидайдың қоры бітіп, қазанға қуырып қатықсыз көже пісіруге немесе қол диірменге тартып талқан жасауға да жетпейтін болды. Ішіп жейтін тамақ жеткіліксіз болғандықтан арын-ашып, шетімізден ауыра бастадық. Алдымызда не күтіп тұрғанын ойлаудың өзі өте қорқынышты болды. Аштықтан күнде өліп жатқан адамдарды жерлеу де қиынға соқты. Күнде кешке қарай үйге жиналған кезде үлкендер ағаштардың түбінде, жолдың шетінде ісініп-кеуіп жатқан өліктерді көргендері жайлы сыбырлап қана айтып отыратын.

1933 жылдың наурыз айында біздің отбасы Қытайға көшуге бел байлады. Біздің көшке әкемнің бірге туған бауырлары мен нағашым бала-шағаларымен бірге ілесті. 1930 жылдың басында-ақ ашаршылықтың алғашқы кезеңінде тәркілеуге жетпей, жасырын түрде Қытайға байлардың көші бет алған болатын. Ал 1932–1933 жылдары Қытай еліне аш-жалаңаш, жалаңаяқ-жалаңбас, бір үзім нанға зар болған ашыққан адамдар және аштықтан әбден жүдеген ауру-сырқаулар ғана босып кетті. Бұл халықтың басына төнген қайғылы қасірет еді. Сол кездегі Кеңес билігінің қолдан жасаған ашаршылығына шыдай алмай ата-мекенінен безіп кеткен босқындардың көбі жолда қырылып, көмусіз қалды. Оларда, малды былай қойғанда, соқыр тауық та болмады. Қазіргі кезде, әсіресе, жастар арасында оралмандар туралы «олар бұрынғы байлардың ұрпақтары, өздерінің байлықтарын сақтап қалу үшін қазіргі оралмандардың ата-бабалары шетелге қашты» деген пікірлер айтылып жүр. Әділдікке жүгінетін болсақ, осындай сөздер айту — миллиондап қырылған қазақтар үшін үлкен қиянат. Кез келген адамның өз басына, бала-шағасына қауіп төнсе, оның жан-жағында тау-тау болып өліктер үйіліп жатса, ол кісі не істер еді?

Елді аштыққа ұшыратқан өкіметке қарсы тұруға күштері жетпеді, тіпті қару-жарақтары да болмады. Ал халықтың қамын ойлаған зиялы қауым өкілдерінің бәрі сол кезде түрмеде отырды.

«Басқа елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген қағиданы қанына сіңірген қазақ ата-қонысын, туған жерін тастап кетуге мәжбүр болса, онда адам төзе алмайтын нағыз қиямет-қайымның қазақтың басына төнгені. Кедейлік пен аштықтан өлудің айырмашылығы жер мен көктей. Сондықтан да апаттан аман қалу үшін амалсыздан Отанын тастап кетуге көнді. Біздің де отбасымыз, ағайын-туыстар мен ауылдастардың да бұған көнбеске шарасы қалмады.

Сонымен әке-шешем, бүкіл ауыл болып өте қажетті деген бұйымдарды, жылы киімдерді, көрпе-жастықты тағы басқаларды, ең бастысы, азық-түліктеп бар болғаны аз ғана қаптың түбінде қалған талқанды жолға алып шықты. Күмістен жасалған сақина, сырға, білезік сияқты шешемнің әшекейлі бұйымдарын және түлкінің терісінен тігілген бірнеше ішіктерді де алуды ұмытқан жоқпыз.

Өздерімізбен бірге алып шыққан бұл дүниеліктерді азық-түлікке, тіптен ыңғайы келсе малға да айырбастауға жоспарлап қойған едік.

15–20 адамнан топ-топқа бөлініп, яғни 3–4 отбасы болып шекарадан Алатау тауларының арасындағы қиын соқпақтармен Қытайға өтуге шешім қабылданды. Бұл бағыттағы ел қатынайтын ескі жолмен жүру өте қауіпті еді. Себебі, Кеңестік шекарашылар босқындарды осы жолда тосып алып, өткізбей кері қайтаратын немесе бірін қалдырмай қырып салатын. Қытайға баратын қиын асуды бірен-саран адамдар болмаса, көпшілік жұрт біле бермейді екен, тіпті шекарашылар да бұдан бейхабар болыпты. Тау шатқалдарының арасымен өтетін белгісіз тар жолды көрсетіп отыруға бір адам табылды. Оның ешқандай жейтін тамағы жоқ екен, жанындағы ауру баласымен жолды көрсетіп отыруға келісті, сол үшін жол-жөнекей оларға тамақ беріп отыруды біздің ағайындар өз мойындарына алды.

Қытай еліне қашып бара жатқан босқындардың ішінде әлгі жол көрсетуші адамның ұлы 12 жаста, біздің туысымыздың ұл баласы 9 жаста, ал мен болсам 8 жастағы қызбын.

Әлі есімде, бізге бір жүкті жас әйел жолдан қосылды, оның күйеуі Қытайға бұрынырақ кеткен екен. Әйелдің қолында жейтін тамағы болмай аш келе жатыпты, өзін бірге алып кетуді бізден сұранды. Азық-түлік таусылуға аз ғана қалып, қалт-құлт етіп келе жатқан менің туысқандарым оған жаны ашып, тамақтандырады.

Ол да риза болып, әлденіп алғаннан кейін біздің үйдің тігін машинасын арқасына байлап, көтеріп алып жүрді. Кейін білдік, Шәуешек қаласына аман-есен жетіп, сол күні күйеуін тауып алыпты.

Әкемнің айтуынша, біз жаяулатып 15 күн жүрдік, егер ескі жолмен жүргенде 8–9 күнде жетер екенбіз.

Сонымен, 1934 жылы жазда елге қайта оралдық. Бұл кезде Қазақстандағы ауылдар колхоздарға бірігіп, елдің жағдайы біршама жақсарып қалған екен. Енді көп жылдардағы аштықтан аман қалып, елге оралып тұрмысымыз түзеле бастады. *(220–223 бб.)*

Тараз қаласының тұрғыны ***Досан ақсақал***
1931–1932 жылдардағы Жуалы өңірінде болған ашаршылықтың қасіреті туралы әңгімелейді

ӘУЛИЕ-АТАҒА ЖЕТЕ АЛМАЙ ҚЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚ

— Жуалыда аштықтың азабын тартқан нағашы атам Көлбайдың үнемі аштық туралы мұңайып әңгіме айтып отырғанын талай естіп едім, — деп еске алады, оның жиені Досан қария.

1932–1933 жылдары Жуалы жеріндегі жұрттың малын Кеңестік билік өкілдері түгелдей сыпырып алыпты. Қолындағы бар малынап айырылған халық ашыға бастайды. 1932 жылы осы өңірде қуаңшылық та болыпты. Аштық басталғанда нағашым 9–10 жасар есін біліп қалған бала екен. Сол кездегі Бурное селосынан 20–25 шақырым қашықтықтағы шағын ғана ауылда атам Көлбай өзінің әке-шешесімен, бауырларымен, ағайын-туыстарымен тұрып жатады. Алдағы келе жатқан ауыр күндерді сезгендей, ынтымағы жарасқаи туысқандар азды-көпті азық-түліктерін үнемдеп, артық астықтары бар ағайындар бір-біріне қарайласып отырғаи. Соған қарамастан, қанша жерден үнемдеседе, азық-түлік қоры таусыла бастайды, Осындай жағдайда ауылдың өзі де аштықтан «шықпа жаным, шықпа» депәзер шыдап отырған кезде, басқа жақтан ауған аш адамдар осы ауылға келгенде жұрт үйінің есігін тарс жауып алып, ашпай отырады екен. Өйткені, аш адам ештеңені тыңдамай, үйге кіріп кетіп не көрсе соған қол салатын көрінеді. Ашыққанда тулақ та, тері де, ең ақыры сүйек те тамақ болған. Қыстан қалған соғымның терісін кешке дейіп қайнатады, сонда әлгі тері әбден былбырап, «пісіп», жеуге жарайтын болыпты.

Сондай-ақ қыстыгүні итке тастаған сүйектерді қайтадан қайната бергенде судың бетіне жылтырап майы шығады, соны да талғажау еттік дейтін жарықтық нағашым, — деп, Досан әңгімесін одан әрі жалғастырды.

— Нағашы атам, әсіресе, ауылдан 100 шақырымдай болатын Әулие-Ата қаласына бара жатқанда аштықтан қырылған адамдарды айтқанда қатты күйзелетін. Сол 1932 жылы ағамның ауылынан және жол-жөнекей каңғырып жүрген адамдарды қосқанда 400-ге жуық жан Әулие-Ата қаласына қарай босып келе жатады. Әулие-Атаға 15 шақырым қалғанда қаланың басшы-белсенділері олардың алдынан шығып, «сендер осы жерге тоқтаңдар, қалаға кіруге болмайды. Тамақты осында әкеліп береміз» деп, аш адамдарды тоқтаған жеріне тастап кеткен.

Қала белсенділерінің ойлағаны, егер аштар барса қаланың берекесін алады, тонау, ұрлық көбейеді, бүлік шығарып басшылардың тамағын тартып жейді деген қауіппен өтірік алдап, ашыққандарды қалаға кіргізбеген. Сол кезде тек Жуалы аймағында ғана емес, бүкіл қазақ елінде ашыққан халық күнкөрістің бір жағдайы болатын шығар деп, берісі өзіміздің қалаларды, теміржол стансаларын жағаласа, арысы Қырғызстанға, Ресейге, Түркияға, Монғолияға, Қытайға босып кеткен ғой. Жуалыдан шыққандардың да үміті қалаға барып, жұмыс тауып аштықтан аман қалудың әрекеті еді. Бірақ, олардың ойлағанындай болмады, Кеңес өкіметінің биліктегі уәкілдері аштықтан шұбырған елді алдап, қырып салды.

Ал әлгі ашыққандарды қалаға кіргізбей. тамақ әкелеміз деп, уәде берген жалған белсенділер тамақ та, ештеңеде әкелмеген соң аш адамдардың әлі құрып, сол жерде бірен-саран адамдардан басқаның бәрі түгелдей қырылған. Тірі қалғандардың ішінде нағашы атамда болған екен. Ол кісінің әке-шешесімен туған бауырлары аштықтан әбден әлсіреп, сол өкіметтің белсенділері жұртты иіріп кеткен жерде қаза тауыпты…

Сонымен, атам жылап-еңіреп тірі қалған бір топ адамдарға ілесіп, қалаға әрең жетеді. Қалаға кіргеннен кейін әркім бет-бетімен каңғырып кеткен. Буыны қатпаған жас бала екі-үш күн қаланың ішінде қаңғырып жүреді де, әр жердегі қоқыстардың арасынан табылған қалған-құтқан тамақ қалдықтарын жеп, өлместің күнін көреді. Содан соң Әулие-Атаның шайханаларын жағалай бастайды. Сөйтіп, нан сұрап жүргенде балаға бір өзбек әйелі кездесіп қалады да, оған нан беріп тамақтандырады.

Бір күні қала көшелерінде өліп жатқан адамдарды жинап жүрген арнайы құрылған жасаққа тап болады. Солардың біреуі нағашымды ертіп алып, балалар үйіне тапсырады. Міне, осылай нағашы атам ашаршылықтан тірі қалған екен.

Жергілікті билік өкілдері жоғары жаққа Жуалы өңіріндегі жағдайды жасырып, өтірік ақпар беріп отырған. Ал шындығында, аштықтан Жуалы халқының 60–70 пайызы опат болған екен. *(237–244 бб.)*

Аманбек Байдалыұлы *қарияның көзімен көргендері*

АДАМНЫҢ МАЙЫН ІШКЕН ЖІГІТ

– 1932–1933 жылдары мен Жуалыда мұғалімдік қызметті атқарып, балаларға араб төте жазуынан сабақ беріп жүрдім. Бір жолы адамның жаны түршігетін сұмдық оқиғаның куәсі болдым. Босқындардың ішінде бір пысықтау келген жігіт қойдың қарнына адамның майын құйып алыпты. Ол өлген адамдардың қарнын жарып жіберіп іш майын шыжғырып қарынға құйып алған. Адамның майы қойдың іш майындай тоңбай, сол сұйық күйінде тұра береді екен. Сөйтсе, бұл ашыққан адамға күш-қуат беретін болса керек. Өлген адамның еті жарамсыз, аз ғана уақыттың ішінде тез бұзылады. Жарамдысы осы — іш майы. Байқамаған адам аштық әбден шыңына жеткен адамды алғаш көргенде бағуы келіскен әлді адам екен деп қабылдайды. Алайда бұл — дененің борпылдап, кілкілдеп, ісініп кетуі… Осының бәрін өз көзіммен көрдім, — деп Аманбек ақсақал әңгімесін бір ауыз сөзбен түйіндеді. *(239 б.)*

Пірәліұлы Момынқұл *қария зобалаң жылдардағы ашаршылықтың зардаптарын қинала еске алады*

БІЗ НЕ КӨРМЕДІК?!.

– 1929–1930 жылдардағы колхоз құрылысы күштеп, зорлықпен жүргізілді. Колхозға біріктіру кезінде Жуалы өңірінің ел-жұрты малын бір ортақ қазанға бергісі келмеді. Халық әртүрлі айла-амалдарды қолданып, малды бермеу үшін ірі қаралардың артынан қол ағаш жүгіртіп, іш құрылысын талқандау, немесе тілін буып

тастау секілді қанды әрекеттерге дейін барды. Не оттай алмаған, не су іше алмаған Зеңгі баба тұқымы өз иелерінің қолынан пышаққа ілініп жатты. Қой мей жылқыны қанша сойғанмен, оның санын азайту қиын болғандықтан, әрі десе «обал» деген сөзден қорыққан қазақ баласы осы түліктерінен тапа-тал түсте айырылып қалды. Облыстан, ауданнан қару асынып келген уәкілдер бүкіл ауылдың малын белгіленген орталықтарға жинады. Бұл жиналғап малға қора-жай, жанашыр малшы, бас-көз болар есеп жүргізген ешкім болмады. Колхоз болып ұйымдасқан қазақ ауылдарының малы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, Жуалы елі өздерінің ақ-адал малдарынан айырылғанда олардың қамбаларындағы сүйенетін қордан да түк қалмаған. 1930–1931 жылдардың егіні өте болымсыз болып шықты. Құрылған қазақ колхоздары жерді жерағашпен айдайтын. Тұқымдық астық көмегі берілмеген. Колхоз құрылысының алдында ғана көп адамдар мемлекетке 100–150 пұттан астық салығын өткізген. Оны ауданда Бурныйдың өзінде, Кременьевка, Алексеевка елді мекендеріндегі астық жиып өткізетін заготзерноларға төккен. Кеңестік билік ашығып жатқап қазақтарға бір түйір дән де қалдырмаған.

Сол жылдары адамдар аштан үш түрлі жағдайда қырылғанын білемін.

1. Үйінен шыға алмай өліп кететіндер де көп болған. Оларды ауа райынњ ыстық мезгілінде бұзылған мәйіттің иісінеп сезіп, тауып алып көмеді немесе ағайын-туыстары «пәленше неге көрінбей кетті» деп үйіне іздеп барып өліктің үстінен түседі екен.

2. Ауыл-ауылдардан қайыр сұрап жүріп ағаштардың түбінде, көшелердің бұрыштарында, кез келген жерлерде басы айналып, көзі қарауытып аштықтан бірден өліп қалатын болған.

3. Аштықтан әбден жүдеген, бірақ әлі де болса жүруге шамасы келетін жандар жан далбасамен «бір жердегі ағайын-туысыма барсам, аман қалармын» — деген үмітпен, үйден шығып, жолда жан тапсырады да, құтырған итке немесе аң-құстың жеміне айналады.

Біз не көрмедік?! Екінің бірі үйінде аштан қатып жатса, көшеде өліп жатқандардан аяқ алып жүре алмайтындай жағдайға жеттік. Шет елдерге ауған қазақтар жолда аштықтан жаппай қырылды, одан қалса босқындардың жолын тосып алған Кеңес өкіметінің

шекарашылары жоғарғы биліктен түскен бұйрық бойынша оларды қырып салғаны туралы хабар ұзынқұлақтан бізге жетіп жатты. Бұл мемлекет тарапынан, атап айтқанда, сол кездегі Мәскеу басшылары мен Қазақстанды басқарып отырған Голощекиннің қазақтарға жасаған зұлымдық әрекеттері еді. Жаңа өкіметтің солақай саясатының салдарынан қазақ елі күн көріп отырған малынан айырылды. Осындай сорақылықтар 1931–1933 жылдар аралығында қазақтарды аштыққа ұрындырды.

Алғаш аштықтың шеңгеліне астық салығын өтей алмағандар ілінді. Содан соң ірі байларды тәркілеу науқанында, байлармен бірге орташалар, тіптен кедей шаңырақтарының бас иелері де айдаланып кетті. Олардың артында қалған жетім-жесірлер аштыққа ұрынып, өлгені өліп, босып кеткендері айдалада қалып, аң-құсқа жем болды. «Балапан басымен, тұрымтай түсімен» деген уақыт дәл осы кезең еді. Аштықтан әлсіреп, діңкесі құрыған жандар теміржол бойларын жағалады, стансалардың айналасы өлікке толды. Құлан асуы, Күйік асуы, Бөкей тау шатқалдарында адам жаны түршігетін көріністер әлі көз алдымнан кетпейді. Асуларда өліп жатқан адамдардың мәйіттері көмусіз қалды.

Одан да асқан бір сұмдық — жол шетінде тұруға шамасы келмей әлсіреп жатқандардың кеуделеріне түлкі, қарақұстар қонып алып, олардың беттерін, көздерін шұқылап жеп жатқанын көргенде есіміз ауып қалғандай күйде болдық. Ал Бөкей тау шатқалдарының әр қуысындағы адам өліктерінен аяқ алып жүре алмайтындай жағдай болды.

Тағы бір оқиға есімде жатталып қалыпты. Жуалы қысы өте қатты болады. Боран 3–4 тәулікке созылатын. Бір жазған өзінің астығын жергілікті жалған белсенділерден қорқып даладағы шарбаққа көмген екен. 1932 жылы 6 тәулік соққан боранда ол өзінің тыққан ұрасын таба алмай, үй-ішімен қырылып қалды. *(239–241 бб.)*

Көнекөз шежіре ***Әлімбайұлы Имаш*** *қарттың әңгімесі*

АШТЫҚ НЕ ЖЕГІЗБЕДІ

Жуалы ауданы зобалаң жылдардың алғашқы ызғарын 1930 жылдың өзінде-ақ сезінген еді. Аштық басталғанға дейін бұл өңірдің жағдайы жақсы болды. Жалпы ауданда әрбір кедейдің алдында

30–40 қой, 2–3 сиыр, 8–9 жылқы түлігі болғанын білеміз. Оның үстіне Жуалы жұрты — ежелден егіншілікпен айналысып келеді. Өкініштісі сол, басқа аймақтармен салыстырғанда осындай артықшылықтары бола тұра аштықтың зардаптарын көп тартты. Елге 1921 жылдан бастап азық-түлік салығы енгізілді. 1930 жылы Жаңа өкімет елдің малын зорлықпен тартып алды, бұл аз болғандай ауылдарға шамадан тыс ауыр салықтар салды.

1927 жылдардан бастап Жуалы өлкесінде малы 200-ден асатын адамдарға өздері өндіре алмайтын 400–500 пұттан астық салығын сала бастаған. Ал бұл салықты төлемегендер «тап жауы» болып тікелей түрмеге қамалатын. Бұл кезде «халық жауы» деген ұғым әлі жоқ еді. Жұрт осы кезеңде өзінің басы артық малынан безе бастады. Ешкім елдің алдына шығып, көзге түскісі келмеді. Адамдар өздерінің ақ-адал малдарынан безіп, болмашы бағаға Әулие-Ата базарына апарып сата бастады.

Жуалыда болған алапат аштық, елге қиянат жасаған шолақ белсенділердің қылығы еске түскенде, жаным қиналып, күні бүгінге дейін ойымнан шықпайды. Қазір ғана біліп отырмыз ғой, тек біздің өңірде ғана емес, бүкіл қазақ жерінде халқымызға жасалған қастандыққа шек болмаған екен. Ашаршылықтың зардабынан зар жылаған ағайын-туыстар мен ауылдастардың қайғылы қасірет шегіп, әбден қорлық көріп езілгені күні бүгінге дейін есімізден кетпей қойды. Қазақтың малдан басқа байлығы болған ба? Балалық шақта тамақ тоқ, көйлек көк заман болғанын көзбен көрген едік. Сол бір молшылық пен тоқшылықтан кейін Кеңес өкіметінің солақай саясатының салдарынан қазақ малдан айырылып, асыра сілтеудің құрбаны болды.

Аштық туралы айтсақ, нәубет жылдардың зұлымдықтары мен адам жаны түршігерлік оқиғалары өте көп. «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендей, сол аштықтың алапатын қалай ұмытармыз? Зобалаң заманның зардабы кімді зар қақсатпады, кімді жылатпады? Бір уыс талқанға, бір үзім нанға зәру еткен сол зар заман еске түссе, зәрең зәр түбіне жетіп, төбе шашың тік тұрады. Әсіресе, көздері жәутеңдеген жас балалардың аштан қырылғанын көргенде жанымызды қоярға жер таппай қатты қиналдық. Қатықсыз қара көже нәр болмай, аштап өлген қыршындардың обалына қалған кімдер екен? Бала түгіл өз басымен қайғы болған үлкендер де мезгілсіз мерт болды. Жас кезімізде

ауылдың қариялары: «Аштан өлген кісінің моласы жоқ», — деп айтып отырушы еді. Соның шындығына сұрқия жылдары көзіміз әбден жетті.

Біз не көрмедік?! «Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді» деген сөздің мәніне сол жылдары түсіндік қой. Шөптің тамырын қазып алып, соны қорек еткендер болды. Бірақ, ол да ас болмайды екен. Шөптің аты шөп қой, ол түгіл сарышұнақты жегендерді де көрдім. Адам айтуға ауызы бармайтын бұдан да басқа сұмдықтардың куәсі болдық. Ашыққан адам ақыл-есінен адасып, адамгершілік қасиеттерден айырылып, көзі қарауытып, ненің не екенін білмей қолына түскенді аузына сала береді екен. Өз баласын өзі жеген ананың оқиғасын да естідік. Жағамызды ұстап, жанымыз түршігіп, есіміз ауысқандай күйде болдық. Ойлап қарасақ, оған ана да, бала да кінәлі емес сияқты, бәрін істеткен аштық шығар!..

Жуалы өлкесінде болған азалы жылдардың азапты тұстарын қанша айтсақ та таусылмайды. *(241–243 бб.)*

Ауғанбайұлы Рысқұлбек *қарияның әңгімесі*

АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

Тікелей аштықтан біздің ауылдағы Сиқым руының Асан деген атасынан 70 үйден 1933 жылдың аяғында 8-ақ түтін қалды. Жуалы ауданындағы Алексеевка, Некрасовка, Кантемировка, Успеновка, Благовещенка, Казанка, Петровка, Зыковка, Евгеньевка, тағы басқа толып жатқан орыс елді мекендері, айналасының бәрі аштық пен жоқтық болса да, ауылдарының шетіне осы жоқтықты енгізе қоймаған. Бүкіл аудан, облыс, республика көлеміндегі тілі сумаңдаған ажал қазақ ауылдарының ортасында отырған орыс ағайындарының қылын да қисайта алмады. *(243 б.)*

2.3. ӘУЛИЕ-АТА ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ (жинаған естеліктер негізінде). Жинақтаушы-құрастырушы: Тұңғышбек Байқұлов — Алматы: «Экономика» баспасы, 2017. — 566 б.

***Райхан Шомаеваның** естелігі*

БІР КҮНДЕ ОПАТ БОЛҒАН СЕГІЗ БАЛА МЕН ӘКЕ

Райхан Шомаева 1915 жылы Әулие-Ата өңіріндегі қазіргі Байзақ ауданы Ақыртөбе ауылында дүниеге келген. Әкесінің есімі — Әлібай, анасы — Тоғайым екен.

Кеңес өкіметі билікті қолға алысымен байлармен күрес науқанын қатал жүргізе бастады. Райханның атасы — Өсер мен әкесі — Әлібайдың үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы, жүздеген сиыры болған. Екеуіне де бай-құлақтар деген кінә тағылып, бір тұяқ қалдырмай малын, дүние-мүлкін тәркіледі де, өздерін абақтыға жапты. Олардың артында жылап-еңіреп бала-шағасы қалды. Әлібайдың отбасында тоғыз жан болыпты. Күн көріп отырған малдан, асырап отырған әкеден айырылған соң, олардың жағдайы күннен күнге нашарлай береді. Ішіп-жейтін азық-түлік қоры таусылып, ашаршылықтың күні көріне бастайды. Әлібай Ақыртөбе ауылындағы түрмеге қамауға алынғаннан кейін, зайыбы Тоғайым оған жарытып тамақ апармаса да, жағдайын біліп тұру үшін күнде барады екен.

Бір келгенде Әлібай:

— Тоғайым, сен менің артымнан жүгіре берме, менің пешенеме жазылған өлшеулі жасым келіп тұр. Мені қорғағанша, сен ана балаларыңды қорға, бірақ сол балаларыңның ішінен де жалғыз қара қызыңа мұқият бол. Өйткені, басқаларының барлығы кетеді сенің қасыңнан, сен жылама, өзіңе-өзің берік бол, — деді.

Осы сөздерді естіп Тоғайым байғұс айқай салып жылап жібереді. Сонда түрме терезесінің тесігінен қарап тұрған Әлібай былай дейді:

— Қоя тұр, мен әлі айтып болған жоқпын, енді ертең келгеніңде, мен де жоқпын саған.

Ертеңінде Тоғайым қайтадан абақтыға барса, өзі айтқандай қаза болыпты. Ақыртөбенің шетіндегі үйіне жылап-аңырап келгенде, жалғыз Райхан ғана қарайып отыр, сегіз бала үйден шыға алмай аштықтан келген аурудан түгел қырылып қалған. Кейін анасы қызына әкесінің бұрыннан да «көріпкелдік» қасиеті болғанын үнемі айтып отырады екен.

Бейшара ана жалғыз өзі шырылдап жүріп, бой жетіп қалған қыздарынан, ер жетіп қалған ұлдарынан бір күнде айырылған

соң, Райханды арқалаған күйінде үйден безілдеп, шығып кетеді… Сол шыққаннан Сәмбет деген жердегі Әлібайдың қарындасының балалары тұратын елге жол тартады. «Соларға барып паналайық, тым болмаса осы қызымды аман алып қалайын» деген оймен сонда келеді. Райханның айтуынша, анасы — адуын мінезді, дене бітімі ірі, қайратты әйел болған екен.

Сөйтсе, барған жерінде де халық малдан жұрдай болып, биліктің озбырлық қыспағына түсіп, ішіп-жейтін тамақ болмай аштықтың құрсауына ілініпті. Алайда өлместің күнін көріп жарты ай солармен бірге күнелтіп жүреді де, бір күні Тоғайым қызын ағайындарына қалдырып өзі бір тамағын асырау үшін жұмыс істеуге кетеді. Анасы кетерінде қызына «мен енді колхоздың жұмысына кірейін, тірлік жасайын, сені кейін алып кетемін. Бұл жерде аштан өлмессің, мен тағы өлтіріп аламын ба деп қорқамын, осы жерден сен күніңді көр» деп айтқан екен.

Көп ұзамай Райханның анасы өзінің қайнысына тұрмысқа шығады. Ол қайнысының жаңадан отау тігіп алған әйелі 1930 жылы жүкті болып жүрген кезінде аштықтан далаға шығып кетіп, содан әлсіреп өліп жатқан жерінен бейшара әйелді жақындары даладан тауып алыпты. Ел қырылып, өліп жатқан зұлмат заман болған ғой. Содан қайнысы бір үйде жалғыз қалған. Ауылдың қариялары «бұл бұрынғының салты, екеуің екі үйде отырасыңдар ма, одан да бір-біріңмен жалғасып күн көріңдер» деп үйлендіріп, бастарын бір шаңырақтың астына қосады. Осыдан кейін Тоғайым қызын алып кетпек болғанда, Райханды тәрбиелеп жүрген әкесінің қарындасы бермепті.

Райхан жастайынан пысық, шаруаға бейім, еті тірі қыз болған екен, сол үйдегі апасы қыздан айырылғысы келмей, өзінің тәрбиесіне алады. Бой жеткен соң, әкесінің қарындасы Тоғайымға «сүйек жаңғыртайық» деп, өз босағасына келін етіп түсіреді. Жұбайының аты — Нәметқұл, оның әкесінің аты — Шомай екен. Райхан 16 жасында тұрмысқа шығады. Содан ауылдағы кейбір ағайындар «жас қыз алды» деп, оны өкіметке жеткізіпті. Сөйтіп, Нәметқұлды екі жылға соттатып жібереді. Түрмеден келісімен бірден соғысқа аттанады. Екеуі бас қосып үш жыл ғана бірге өмір сүріпті. Бір жыл майданнан хат келіп тұрған. Одан кейін хат келмеген, Нәметқұл өлі ме, тірі ме бүгінге дейін хабар болмаған…

Әңгіме барысында Райхан жұбайы Нәметқұл туралы: «Құдай жасымнан қосылған ер азаматымды ажыратып түрмеге былай әкетті. Енді ғана абақтыдан келіп, адам сияқты өмір сүріп жатыр едік, соғысқа алып кетті…

… Есімде, мен су тасып сонау ауылдың шетіне кеткенімде Нәметқұл конторында сағатына қарап күтіп отырады. Мен алыстан қарайып кәріне бастағанымда алдымнан шығып, шелегімді үйге дейін көтеріп жеткізіп салушы еді. «Нәметқұл сенің теңің емес» дейтін абысындарым. Мен оларға көңіл бөлмейтінмін. Нәметқұл көрікті еді, онымен қатар отырып суретке де түсе алмадым. Құдайдың жақсылығын осы өзімнің баламнан көрдім…» деп жұбайын есіне алғанда көзіне жас тығылып, еріксіз көңілі босады. *(22–24 бб.)*

***Базарбай Қалдыбаев** қарияның естелігінен*

ШІРКІН-АЙ, ТОЙЫП БІР ТАМАҚ ЖЕГЕНГЕ НЕ ЖЕТСІН!

Ұлы Отан соғысының ардагері Базарбай Қалдыбайұлы 1925 жылы 30-қыркүйекте Байзақ ауданындағы Вансетта (қазіргі Үлгілі) ауылында дүниеге келген. Әкесінің аты — Қалдыбай, анасының есімі — Жарқылдақ екен.

Отызыншы жылдары Базарбай 5–6 жаста болатын. Бүкіл елді аштық жайлаған. Оның әкесі отбасын аштыққа ұрындырмау үшін күнде далада өсетін шытыр деген әсімдікті теріп алып келеді. Анасы шөптің дәнін түсіріп, суға бір-екі рет қайнатып, сонымен тамақтандырады. Басқа ешқандай ішіп-жейтін азық жоқ.

Қыс мезгілінде Қалдыбай қолыма бірдеме түсіп қалама деген үмітпен, даланы кезіп жүріп таяқпен ұрып алатын аң-құсты да іздейді. Қанша жүрсе де, аң дейтін аң да кездеспейді. Бұрын бұл өңірдің сай-салаларында, қыраттардың етектерінде қоян, түлкі, қарсақ, кекілік секілді аң-құстар көп болатын, ал қазір бірі де қалмай, көзден ғайып болған сияқты көрінеді. Аппақ қардың бетінде ешқандай із байқалмайды. Оның үстіне оған қолмен ұрып алатын аң мен құс қайдан табыла қойсын. Әйтеуір, жанталас қой. Тірі адам тіршілігін істейді емес пе? Қалдыбайдың жанындағы аштан бұратылған иті де жыбырлаған жәндік көрсе болды, бас салуға дайын тұрады. Бірақ мынадай ақ қар, кек мұзда қыбырлаған ешнәрсе көрінбейді.

Бір күні суықтан ба, әлде аштықтан ба әбден әлсіреген қоянды оның иті шыр айналдыра қуып, бас салды. Қалдыбай иттің аузында тыпырлап жатқан оны жұлып алып, қонышынан жалтылдаған пышағын суырып алды да, шалажансар қоянды алқымынан орып кеп жіберді. Адам баласы қаншама қиындықтарға төзімді болса да, ашыққан кезде нысабына тежеу салу оңайға соқпайды екен. Қалдыбайдың тарамыс қолдары дірілдеп, қоянның аққан жылымшы қанын алақанына тосып бір-екі рет ұрттап жіберіп еді, көзі жайнап шыға келді. Қалғанын итіне берді. «Аштық не жегізбейді…» деген осы шығар.

Түске дейін аш отырған Базарбай мен шешесі Жарқылдақ есік жаққа жаутандап қараумен болды. Үйдің іші тас қараңғы, мұздай суық. Екеуі үстеріне ескі шапанды жамылып, бір-біріне тығыла түседі. Тек қана кішкентай терезеден түскен көмескі сәуле жарығы ғана бір сәт олардың ашыққандарын ұмыттырып жіберетіндей көрінеді. Тұрғысы келмейді, қимылдап жүре берсе одан сайын қарны ашиды. Одан да жатқаны дұрыс. Аз да болса аштықты ұмытады.

… Жарқылдақ сәлден кейін баласын оятып алмауға тырысып, отырған орнынан ақырын еппен тұрды. Күн түстен ауып қалған екен. Қараңғыда сипалақтап жүріп пешке от тұтатты. Сол мезетте оянып кеткен Базарбай шешесін аяғандай болып:

— Апа, қарнымыз ашты ғой, не жейміз! — деді.

— Құлыным-ау, шыдай тұршы! Әкең де келіп қалар, — деп айта бергені сол еді, қолында қояны бар Қалдыбай кіріп келді.

Үйге жарқ етіп күн сәулесі түскендей, Жарқылдақ пен баласы екеуі қуанып кетті. Бір сәт аштықты ұмытқандай әсерде болды. Адам шіркіннің, ертеңі бұлыңғыр болса да үмітпен қарайтын әдеті ғой, міне, бұлар да отағасының олжамен оралатынын іштей сезген еді. Бүгінгі күні қарындары бір тойса, алдағы уақытта да бір амалы табылатындай болып көрінеді. Бәрінің ойлағаны біреу ғана: «Шіркін-ай, тойып тамақ жегенге не жетсін!» Бірақ, басқа ешқандай амал жоқ, қоянның етін біраз күнге талшықтап жеткізу керек.

Анасы қоянның бір түйір етін кесіп алып, су қайнап жатқан қазанға салып жіберіп, оның үстіне жарты уыстай талқанды салды да, баласына қарап:

— Қазір піседі, қарағым, шыдай тұр.

— Шыдаймын ғой, апа, — деді Базарбай ересек адамдарша жауап беріп.

— Аштық жылдарында талай жандардың үй-ішімен опат болғанын өз көзіммен көрдім, сол кезде бала болсам да есімде сақталып қалды. Мұндай ел басына төнген алапат аштықты ұмытуға бола ма, ұмыта алмаймын… — деп Базарбай қария сөз арасында бір ауыр күрсініп алды да, әңгімесін одан әрі жалғастырып кетті.

— Елден береке кетті. Ашыққандардың есіл-дерті ауыл-ауылдарды аралап бір үзім нан, бір түйір ет қайдан табылар екен деп қаңғырумен болды. «Елде бардың өзегі талмайды» деуші еді бұрынғы көнекөз қариялар. Ал қазір ел- жұртта түк жоқ. Халықтың малын, дүние-мүлкін Кеңес өкіметі тартып алды. Бай деп те, кедей деп те қараған жоқ, бәрін тәркіледі. Қолында бірлі-жарым түйесі, ат-көліктері бар адамдар шетелдерге қашты, ал «байсың, қанаушы таптың өкілісің, колхозға кедергі келтіресің?» деп, бұрыннан ауыл-аймағына қамқор болған байларға жазықсыз айып тағылып итжеккенге айдалды. Ауылда сіңірі шыққан кедейлер ғана қалды. Билік өкілдері оларға да тыныштық бермеді, соңғы тышқақ лағына дейін тартып алып, колхозға зорлап кіргізді. Олардың арасынан уәкілдердің алдауына сеніп «өкімет — менікі» деп, ауылдастарына қырғидай тиген белсенділер де шықты. Мұндайлар ел ішінде «шолақ белсенділер» деп аталып кетті. Колхозға мүше болған кедейлер көмек ала алмай, аштықтың қыспағына түсті, — деді Базарбай қария өткен ауыр күндерді еске алып. Ғасырлар бойы малмен күн көріп келген қазақтар енді не істемек? Тіпті, аштан қырылып жатқан колхоз мүшелеріне неге көмек бермеді? Кеңес өкіметінің жарылқағаны осы ма? Бұрын аса саңырау, қатал байдың өзі де қарамағындағы жарлы-жақыбайларды, кедей-жалшыларды да мұндай аштыққа ұшыратқан емес. Бұлай бола берсе жаңа өкімет тұтас бір халықтың түбіне жетпей ме? Міне, осы ойлар күндіз-түні Қалдыбайды мазалай берді…

Көп ұзамай Қалдыбай қайтыс болды, оның артынан ауыр заманның қиындықтарына шыдай алмай, денсаулығы нашарлап зайыбы Жарқылдақ та бұл дүниеден озды. Базарбай жастай жетім қалды. Әкесінің ағасы мен жеңгесі Балғыздың тәрбиесінде болып ер жетті, білім алды…

… Қан майданнан аман-есен елге оралып, мектепте орыс тілі мен әскери даярлық пәндерінен сабақ беріп, ұстаздық етті. Содан

кейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы, «40 жылдық» колхозында парткомның хатшысы және аудандық мәдениет үйінің меңгерушісі қызметін атқарды. *(24–26 бб.)*

Еңбек ардагері ***Бибосынов Жұмабектің*** *әкесінен естіген әңгімелері*

ҚАСІРЕТ ПЕН ҚАЙҒЫ ӘКЕЛГЕН ЖЫЛДАР

– 1931 жылдың қыркүйек айы. Арқадан ауған жұрт оңтүстік аймақтарға көбіне Мойынқұм даласы арқылы өтетін. Сол кезде кейіннен Мойынқұм ауданының орталығы болған Фурмановка селосында тұрдық. Селоға жақын жерден Іле Алатауынан бастау алатын Шу өзені ағады. «Өзен жағаласаң өзегің талмайды» демекші, ашаршылық келердің алдында ғана ауыл адамдары өзенді жағалай тоған қазып, сонда дән егіп, өздеріне жетерліктей астық жинап алған болатын. Қарттарымыз бар, қатын-қалаш, бала-шағаларымыз бар шағын шаруашылыққа бірігіп, егін салып, тәркілеуден қалған азын-аулық малымызбен күн көріп отырдық, — деді әкем өткен күндерді есіне түсіріп.

— Терістейден шұбырған жұртта есеп жоқ. Біздің ауыл Сарыарқадан оңтүстік аймаққа қатынайтын негізгі жолдан алыс емес. Күн-түн демей аш-жалаңаш, әбден азып-тозған босқындар үйлердің есігін тоқылдатып, қайыр сұрайды. Қанша дегенмен, қонақжайлы халық емеспіз бе? Бала-шағаның аузынан жырып, тары-талқан, кептірген балықты қолдарына ұстатамыз.

Бір күні алыстағы Арқадан келе жатқан өзім қатарлас жігітпен шүйіркелесіп, сөйлесіп қалдым. Аты — Төлен екен. Ол Сарыарқаға аштықтың қалай келгені туралы маған біраз әңгіме айтып берді:

— Арқа жерінде егіншіліктен гөрі мал өсіру қолайлы болып келеді. Қазақтың кең-байтақ даласындағы мыңғырған мал Кеңес өкіметі келгеннен кейін көзімізден ғайып бола бастады. Біздің аймақта 1930 жылдан бастап жаңа өкіметтің өкілдері тәркілеуді қатты қолға алды. Арқаның әрбір қазағы бар малын, тіпті тышқақ лағына дейін ортаға салып, жаңадан құрылған колхоздарға өткізді. Олар малын, дүние-мүлкін өз еріктерімен берген жоқ. Кеңестік билік уәкілдері күштеп тартып алып, өздерін колхозға мүше болуға мәжбүрледі.

Бірақ біздің ауылдағы колхоздың орталығына жиналған мал талан-таражға түсті, ұрлап-жырлаудан колхоздың малы бірнеше айдың ішінде жоқ болып кетті. Малдан айырылған ауыл аштыққа ұшырай бастады. Енді не істеу керек, қалай күнімізді көреміз деп, елдің басы қатты. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден қалдық. Қайсы бірін айтайын, бұл аштық не жегізбеді? Қу жан үшін тышқан аулап, «шықпа жаным, шықпа» деп күнімізді көрдік қой. Шындығын айтсам, ауылдастардың көбі көмусіз қалды, қарға-құзғынға жем болды. Соның бәрі қарғыс атқыр Голощекиннің сойқанынан болды ғой.

Таң атса болғаны тайлы-тұяғымыз қалмай, далаға бидайдың масағын теруге барамыз. Қартаң құлақ алғы, атқұлақ сияқты жабайы өсімдіктерді жинап алып, тұзға малып, ауызға саламыз. Әйтеуір, аздап қана нәр болатындай көрінеді. Бірте-бірте масақ та, шайнауға жарайтын шөптер де тапшы бола бастады. Қайдан білейік, шөпті жеген адам баласы ісіп-кеуіп, өліп қалады екен. Қазақтың кең-байтақ даласында қаптап жүретін суыр, сарышұнақ сияқты жануарларды қақпанмен аулап, аштан өлмес үшін қорек етіп, жан сақтадық. Ол да бізді аштықтан құтқара алмады.

Біздің отбасымыздың бас көтерері — мен едім. Әкем 1928 жылы қайтыс болып кеткен. Үйде қалғанымыз — шешем, екі інім және қарындасым. Олар, ұяда жатып аузын ашқан балапан сияқты, маған не тауып әкелдің дегендей, қарайды да отырады. Күннен күнге жағдайымыз нашарлай берді.

Бір күні түн ортасында колхоздың қорасынан бір түйені ұрлап әкелдім. Енді қайтейін, қараптан қарап жүріп босқа өлеміз бе? Өкімет уәкілдері бар малымызды, бала-шағамызды жылатып, колхозға біріктіреміз деп алып кеткен болатын. Олай болса, біздің де колхоздан алатын үлесіміз бар емес пе?

Содан көп кешікпей бар жүгімізді түйеге артып жолға шықтық. Алған бетіміз — Оңтүстік елі, Әулие-Атаға жету еді. Өйткені, нағашыларым сол қалада тұратын, олар тірі болса бізді қарсы алатын шығар деген үміт қана ойымызда. Түнде ғана жүреміз, ал күндіз көзге түспейтін тасалау жерді тауып алып, сонда жатамыз. Біздің көшіп бара жатқанымызды жалған белсенділер біліп қойса, колхоздан қашып бара жатырсыңдар деп қайтарады да, тіпті сотқа беруден тайынбайды.

Сөйтіп, жолға алып шыққан аз ғана талқанымыз бар, басқа ешқандай азық-түлігіміз жоқ. Тоқтаған жерімізде әрқайсымыз бір уыс талқанды аузымызға салып, сумен араластырып жеп аламыз. Екі-үш күн жүргеннен кейін қалың қамыстың арасына кіріп алып ұйықтап жатыр едік, зар жылаған жас баланың даусынан оянып кеттім. Дауыс шыққан жаққа жақындасам екі жасар бала болса керек, бір жағына қисайып жатқан анасының кеудесін жұлқылап жылап отыр. Баланы жерден көтеріп алып, шешесінің бетіне үңілсем, кәдімгі мені күтіп жатқандай кірпіктерін қимылдатып көзін ашты. Ыңылдап маған бір нәрсе айтқандай болды, бірақ мен оның сөзіне түсінбедім. Басын сүйеп көтеріп едім, отыруға шамасы келмей қайтадан бір жағына қисая кетті. Баланы шешеме апардым да, қайтып келіп әлсіреп жатқан әйелге су жатқызып едім, сәлден соң тілге келгендей болды. Бірден баласын іздей бастады, маған тесіле қарап әлсіреген үнмен «балам қайда?» деп сұрады. «Балаңыз аман, уайымдамаңыз» дедім. Біраз есін жиған соң, аруақтай болған жүдеу әйелді сүйемелдеп орнынан тұрғызып, қамыс ішінде отырған отбасымның жанына алып келдім. Баласын көріп әйелдің жанары жайнап сала берді:

— Сіздерге Алланың ризашылығын берсін, мені де, баламды да бір ажалдан құтқарып қалдыңыздар, — деп жылап жіберді. Біразға дейін өксігін баса алмай отырды. Талқанды суға шылап, аз-аздан беріп отырдық. Аты-жөнін сұрастырдық. Аты — Жәмила екен. Осынша жүдегеніне қарамастан, қасы-көзі қиылған қаса сұлулығы көрініп-ақ тұр. Сөйтсе, бізге жақын көршілес ауылдан болып шықты. Күйеуін 1930 жылы малын тәркілеу кезінде қарсылық көрсеткені үшін «халықты сорған байсың» деп, айдап әкетіпті. Содан қайда кеткені белгісіз, ешқандай хабар болмаған. Аштық басталғанда, бас-аяғы бір айдың ішінде аштықпен бірге індет ауруы келіп, әйелдің үйіндегі жандардың бәрі бір түннің ішінде қырылып қалған. Аман қалғаны осы әйел мен баласы ғана екен.

Күн бата әйелді баласымен, 5 жастағы қарындасымды түйеге мінгізіп алып, тағы да жолға шықтық. Екі інімнің бірі 10 жаста, ал екіншісі 12 жаста бізбен бірге жаяу жүріп отырды. Олар қарындастары Айгүл мен қамыстың арасынан тауып алған сәбиді аяды ма, әйтеуір, түйеге мінуден бас тартты. Басымызға түскен ауыртпалықтар інілерімді де аз уақыттың ішінде есейтіп жіберген сияқты көрінді.

Таң ата Балқаш көліне жақындағанда бір ауылға табан тіредік. Ауыл деген аты болмаса, тірі пенде көзге түспеді. Ауылдың кіреберісінде өліп жатқан адамдарды көріп, төбе шашымыз тік тұрды. Бір өліктің үстіне қарға шығып алыпты, адамның көзін шұқылап жатқанын көріп, балалардың бетін жаптық та, өзіміз дәтіміз шыдамай теріс қарадық. Мұндайда сұмдық болады екен-ау!

Жәмиланың айтуынша, 1931 жылдың жазында ауданнан өкімет уәкілдері келіпті. Ауылға мемлекетке ет өткізу жоспарын белгілеп қойған екен. Тәркілеуден қалған әр үйдегі бір-екі қой-ешкіні де тартып алып, сонымен бірге колхоздың бар ұсақ малын сойғызып, тау-тау қылып үйгізіп тастайды.

Аудан алыс болғандықтан, олар етті ат-арба, түйемен тасып тауыса алмаған. Көп кешікпей, үйіліп жатқан ет саси бастайды. Аш жұртқа сасыған етті де бергізбейді. Ақырында, ауданнан милиция келіп колхоз бастығын, ферма меңгерушісін және үш малшыны алып кетеді. Кейін олардың бәрін соттап, аттырып тастапты. Сасыған малдың етін ашыққан елдің тамағына да қимай көміп тастаған. Өкіметтің адамдары кеткен соң, көмілген етті қазып алып, біраз уақыт қорек еттік. Аш адамда ақыл да болмайды екен. Сонымен, бүкіл ауыл адамдары сасыған өлексенің етін жеп, індет ауруына ұшырады, көбі үйлерінен шыға алмай, айналдырған он-он бес күннің ішінде қырылып қалды. Біздің отбасымыздан екеуміз ғана тірі қалдық, әлі де көретін жарығымыз бар шығар — деп Жәмила кемсендеп жылап жіберді…

Ол әйелді өзімізбен алып келе жатырмыз. Түйеге інілерімді, шешемді, қарындасымды және әлгі әйелді баласымен кезекпен мінгізіп, жануарды түнімен өзім жетелеп отырамын. Таң ата тоқтайтын жерге келіп, түйені шөктіріп, үстіндегі жүкті түсіріп алып бос қоямын. Қандай шыдамды жануар десеңші, қанша күн жүрсек те су да ішпеді, тіпті басқа мал сияқты опырып та оттамайды екен.

— Арқадан жолға шыққанымызға бір айға жуықтап қалды, міне, енді Мойынқұмдағы сіздің ауылға да жеттік-ау, әйтеуір! — деп Төлен менің бетіме жылы шыраймен қарап, үнсіз бірдеме бересің бе дегендей болды. Сөйтіп, оған кептірілген балық, құмның арасынан аулаған қоян етін беріп, қимай қоштасып жолға шығарып салдым.

— Енді Мойынқұм жеріндегі елді аштықтың қалай жалмағанын айта кетейін, — деді Жұмабек. — Ашаршылық жылдары біздің

өңірдің кейбір ауылдарында бірде-бір адам қалмай қырылып қалды. Бұрын-соңды болмаған қасіретті ашаршылықтың зардаптары мен сойқан сорақылықтары біздің де басымыздан өтті, қазір ойласам қаным басыма шабады.

«Бір үй аш болса, бір ауыл ашығады, бір ауыл ашықса, бүкіл ел ашығады» деп айтып кеткен екен бұрынғы ата-бабаларымыз. Сол сияқты 1932 жылдың күзіне қарай Мойынқұм өңірін де аштық жайлай бастады. Аштықтан әбден әлсіреген шал-кемпір, жас балалар үйден шыға алмай өліп жатты. Ауылдастардың біразы жан ұшырып басы ауған жаққа қаңғып кетті. Көбі жолда қырылып қалды, тірі қалғандары діттеген жеріне жете алмай азып-тозып ауылға қайтып келді. Босып кеткендер бірінің бетін бірі топырақпен жабуға да шамалары келмепті. Қазақстанды басқаруға Голощекин деген келіп, тыныш қана жатқан елді тоз-тоз қылып, бар малын зорлықпен тартып алып, аштан қатырды. Бұл қазақтарға қолдан жасалған зұлымдық емес пе? Ана салық, мына салықты салып, елді қайыршылыққа ұшыратты. Тіпті, егін салмаған жұртта астық бола ма, «қайдан тапсаң да, тап» деп астық салығын өткізуді зорлықпен елден қатаң талап етті. Ауылдағы қораларды тінтіп жүретін шолақ белсенділердің көздеріне қандай мал түспесін алды-артына қарамай айдап әкететін. Ауыл адамдарының үрейі ұшып, ертең белсенділер келіп айдап әкетеді деп, кейбіреу сауып отырған жалғыз сиырын да сойып тастады. Ашыққан адамдарда ар-ұят деген болмайды екен, түтіні шығып жатқан ауылдастарының үйінің есігін талқандап, терезесін қиратып кіріп, үй иелерін ұрып-соғып, тамақтарын жеп кететіндер де көбейді.

Осының бәрін өз көзіммен көрдім, қазір ойласам жаным қатты қиналады. Торғайды садақпен атып, сарышұнақтыңініне су құйып ұстап, етін қайнатып жедік. Ауылда ит те қалмады, бірінің итін бірі сойып жеп, адамдар адамгершілік деген қасиеттерден айырылды. Аштық не жегізбеді, бұрынды-соңды мұндай сұмдық болды ма екен? Бұған кінәлі тек Голощекин емес, сол кездегі Кеңес өкіметінің сұрқия саясаты екені кейін анықталды ғой.

Мойынқұмдағы қалың сексеуілдің ішінде қоян, қырғауыл, борсық көп болады. Сол кезде отбасымды аштықтан аман алып қалу үшін сымтұзақ пен қақпан құрып, қоян, қырғауыл ауладым. Борсық қақпанға түспейді, оның інін тереңдете қазып, інінен шыға

берген кезде тұмсықтан ұрып қана соғып алуға болады. Ертеден-ақ қазақтар борсық етінің де, майының да емдік қасиетін жақсы білген. Ал енді елді аштық пен індет жайлаған кезде бұл таптырмайтын дәрі-дәрмек әрі тағам болды.

Ауылдың шетінде тұратын Жұбаныш деген кісі жас балаларын үйге тастап, өзі тамақ іздеп кеткен екен, көп ұзамай-ақ ауылдың сыртындағы қираған үйдің жанында өліп қалыпты. Осының алдында ғана әлгі кісінің ашыққан әйеліне індет ауруы жабысып, қайтыс болғанын көршілері айтып жүрді. Үйде қалған екі бала да жантәсілім етіпті. Аштықтан әлсіреп келе жатқан адам жығылса болғаны, өздігінен тұра алмай, сол жығылған жерінде қалатын көрінеді, мұндай сұмдықты да көзімізбен көрдік.

Үйдегі азық-түлік қорына қосымша тамақ болсын деп, қоян аулауға шығып тұрамын. Қоян мен қырғауылдар көп болатын қалың сексеуілге үлкен жолмен біраз жүріп барып жетуге болатын. Бір күні құрып қойған қақпанға не түсті екен деп, үлкен жолмен кетіп бара жатыр едім, жолдың екі жағында сұлап жатқан адамдарды көріп денем түршігіп кетті, көбінің жаны жоқ, иістеніп кетіпті. Жандарына жақындап келіп байқасам, кейбіреулері өлмеген, бірақ сөйлеуге шамалары жоқ, орындарынан тұра алмайды. Көбі құлаған жерлерінде жан тәсілім еткені көрініп тұр. Талай бірге жүріп, бірге өскен құрдастарым да, ауылдағы басқа таныстарым да жолдың шетінде сұлап жатыр. Не істерімді білмей, тағы да бес-алты қадам жасап, алға қарай жылжи бергенімде жол үстінде көлденең жатқан адам дыбыс шығарғандай болды. Тоқтай қалып бетіне үңілсем, бір жылдай бірге оқыған жолдасым Төреқұл екен. Дереу басын көтеріп үйден торсыққа құйып алған суымды аузына тосып, екі-үш рет жұтқыздым. Дорбамдағы талқаннан бір уыс бердім. Сәл есін жиып, әлденіп алғаннан кейін үйден қалай шығып кеткені туралы айта бастады.

— Үйде кемпір-шалмен, балаларым отыр, бірнеше күннен бері нәр татқан жоқпыз. Әйелім бұдан он шақты күн бұрын Шудағы төркініне кеткен еді, одан әлі хабар жоқ. Жолға шықсам әйелімнен бір хабар болып қалатын шығар деп сандалғаным ғой. Міне, өзің көріп тұрсың, қалжырап жолда сұлап жатқанымды. Сол жақтағы туыстарының жағдайы жақсы болса, біз сонда көшіп барсақ па деп едік. Ал өзің қайда тартып барасың, босып бара жатқаннан саумысың?

— Осыдан үш-төрт күн бұрын сексеуіл қалың өскен жерге қақпан және тұзақ құрып кетіп едім, бұйыртса қоян немесе қырғауыл сияқты аң-құстар түсіп қалған шығар. Кешке дейін қайтып келемін, сен қазір әлің барда үйіңе жетіп ал. Қайтарда қолыма түскен нәсіптен беріп кетемін, — деп Төреқұлға уәде бердім.

Ол қуанып кетті де, сәлден соң жылап жіберді. Оны үйіне қарай жолға салып жібердім де, өзім күн түске таяғанда сексеуілге әрең жеттім. Қақпанға бір қоян, ал тұзаққа бір-бірден қоян мен қырғауыл түскенін көріп қуанып қалдым. Мұндай олжа болады деп ойлаған жоқ едім. Аздап демалып, үйден алып шыққан талқанды суға шылап әлденіп алдым да, қақпан мен сымтұзақты тұрған жерімнен алыстау жерге апарып қайта құрып тастадым. Содан соң ауылға қарай бет алдым. Күн бата шаршап-шалдығып ауылдың шетіне де іліктім-ау! Ендігі ойым тезірек Төреқұлдың үйіне барып, аш отырған әкесі мен шешесіне, балаларына қоян мен қырғауылды беріп кету еді. Келсем қарттар орындарынан тұра алмай, тірі әруақтай болып үнсіз жатыр екен. Балалар үйдің бұрышында көздері жәутеңдеп, маған қарай береді. Төреқұлға алып келген олжамды беріп, үйге қайттым…

Көп ұзамай бұл жасы келген қариялар аштыққа шыдай алмай қайтыс болды. Бір айдан соң Төреқұлдың әйелі келіп, оның туыстары Шуға көшіріп әкетті. Сөйтіп, оның отбасы ағайын-туыстарының арқасында аштықтың азабынан осылай құтылған екен. Үш жылдан кейін олар туған жері Мойынқұмға аман-есен қайта оралды.

Үйге келе жатып, жол бойында өліп жатқан адамдардың сұлбасы көз алдымда елестеді де тұрды. Шынында, жол бойында өліп жатқандар көмусіз қалады ғой. Олардың беттерін топырақпен жабатын ешкім де табыла қоймас. Мүмкін, өкімет уәкілдері ауру, індет ел арасына тарап кетпес үшін өліктерді жиыстырып, бір жерге апарып көметін болар деп ойлаймын.

Айта берсем, зұлмат жылдардағы көрген азаптар таусылмайды. Қайсыбір халықтың болмасын бастарынан талай қиындықтар өтті ғой. Ал біздің еліміздегідей аштықтан миллиондап қырылған халық жер бетінде болмаған шығар. Сол ашаршылықтан біздің отбасымыз да өлместің күнін көріп «шықпа жаным, шықпа» деп аман құтылды.

Менің ендігі арманым — бүкіл елдің, бала-шағамның, немере-шөберелерімнің амандығы, халқымыздың бірлігі, рухани байлығы

және денсаулығы. Жастарымыз имандылық пен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, біз сияқты қайғы-қасіретті көрмей, өмірлерін бақытты өткізсе екен деп, бір Алладан тілеп отырамын.

Осындай әңгімелерді әкем көп айта бермейтін, тек мен сұраған кезде ғана есіне түсіргісі келмегендей, қинала айтып беруші еді, — деді Жұмабек. *(198–204 бб.)*

КЕСІРТКЕ ЖЕП ҰЗАҚ ЖАСАҒАН АПАМ

Сарысу халқы еңбексүйгіш, жомарт келеді. Таулы да нулы табиғатының әсері болар тұрғындары да тау суындай мөлдір, тау тасындай мықты. Қазақ халқының басына жаппай төнген ашаршылықтың өткір жалыны сарысулықтарды да есеңгіретіп тастағаны тарихтан белгілі. Аса, Талас, Сарысу сынды өзендерден жан сақтап, талай жан аман қалды, сонымен қатар талай жан қыршынынан қиылып жатты. Сол аман қалған жандардың қатарында Қаппарбек қарт та бар еді.

Қаппарбек Мұстафаұлы — жаны жайдары, көңілі баладай таза кісі. Кездескен адамымен жылы жүздесіп, әңгіме тиегін ағыта жөнеледі. Айтары да бар, түйгені де мол. Сонау қазақтың басына қара бұлт үйірілген ауыр жылдарда дүние есігін ашқан қарияның көрген азабы да аз емес. Ашаршылықтың ызғары кете қоймаған кезеңмен балалығы тұспа-тұс келген бала Қаппарбек мектепке де 11 жасында барып, жетіншіге дейін-ақ білім алған. Ол зұлматты күндерде баланың мектепке бармауы таңсық емес. Мектеп табалдырығын аттап, білім алмағандары қаншама. Әкесі Мұстафа ұлының білім алғанын қанша қалағанымен «барғызбасы барғызбады». Анасы Мәрияның балаларын қанша тойдырғысы келсе де тойдыра алмауы да сол заманда барша қазақтың басына түскен ортақ «қасірет» болатын.

Әкесінің изолятор қой бағып, жанұясын өлген сиырдың желінімен асырағаны да жадында. Талас, Шу, Аса өзендерінің бойын жағалап аң мен құсын қорек еткендердің қатарында Қаппарбектің отбасы да бартын.

Қаппарбек қария сол ауыр күндердегі ата-анасының қамқорлығын есіне алып:

— Әкем үкіметке жұмыс істегендіктен жарты кесе бидай алатын. Соны үйге алып келгенде шешем марқұм тоқ майды тамызып

қана қазанға қуырып бізге береді. Ой, ондай дәмді ас таңдайда тұрып қалатын. Маңдайымыздан теріміз ағып отырып жейтінбіз. Тоқ май болмаған кезде қой терісінен жасалған әкемнің тонына аз ғана бидайды шашып жіберетін. Біз жүн арасынан бит іздегендей бидайды теріп жеп жүрдік. Анамның сондағысы асқазандарын алдаусыратсын, аштықтан өліп кетпесін дегені де шығар, — деп елжірей түсті.

Өткен күндерін есіне түсірген сайын бір жымиып, бір күрсінген қарт ұзақ ойға батып үнсіз отырып қалды. Бір мезетте ойына бір нәрсе оралғандай селт етіп:

— Бір жағдай есіме түсіп отырғаны, сол ашаршылық жылдары еді. Әкемнің Мейізгүл, Қанткүл деген екі қарындастары болатын. Он сегіз, он тоғыздардағы бойжеткен қыздар. Сол екі қыз әбден тозығы жетіп, ескірген киіз үйдің ішінде отырған. Іргесі ашық тұрған киіз үйдің керегесінен бір сұр кесіртке кіріп-шығып жүреді. Екі апам аштықтан есеңгіреп теңселіп отырса керек. Қайта-қайта жандарына келе берген кесірткені апамның үлкені шап беріп ұстап, тісімен тірідей күтірлетіп шайнап, жұтып жіберген екен. Сұр кесірткенің етін бүтіндей жұтқан сол апамыз тоқсаннан асып барып дүние салды. Сол сұр кесірткені жеп ажал аузынан аман қалған апамның сіңлісі де тоқсаннан асып барып қайтты ғой. Қазақ деген халықтың қаны таза, діңгегі мықты, сондықтан көп нәрсеге шыдай алады. Менің әкем 1971 жылы, анам болса 1976 жылы дүниеден озды. Ал бауырым Мұстафаұлы Сапарбек беріде, 2003 жылы, 80 жастан асып барып, келмес сапарға кетті. Қазақ қажымас қайсарлығымен ұзақ жасайтын халық қой. Егер төтеннен келген сол зұлматты ашаршылық пен жойқын соғыс болмағанда санымыз тіптен көп болар еді-ау, — деп терең күрсінген Қаппарбек қария бүгінгі күніне шүкіршілік етті.

1957 жылдардан бастап ел етегін жиып, асқа жари бастаған. Заман түзелгеннен кейін комбинатта ағаш ұстасы, топбазада қойма меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ашаршылықтан әке-шешесінің арқасында амалдап тірі қалған Қаппарбек ақсақал бүгінде тамырын тереңге тартқан бәйтерек секілді. Құдай берген үш ұлдан он үш немере, он шөбересі бар. Зайыбы Нұржамал апамен бақытты ғұмыр кешуде. Дегенмен, бүгінгі жастардың асқа мастанбай, тірлікке жалқауланбай баруларын өтінгендей айтты.

— Жастар — біздің болашағымыз, шамшырағымыз. Олар жарқыраса, біздің де болашағымыз жарқын. Біздің көрген күніміз еш уақытта қайта оралмасын. Елімізде тек тыныштық орнасын, ас мол, дастарқанымыз әрқашан бай болсын, — деп Қаппарбек қария ақ батасын беруді ұмытпады. Әумин! *(212–213 бб.)*

АЛА МЫСЫҚ

(болған оқиға ізімен)

1933 жылдың қақаған қысы. Тауық жылының бұл қысы қатты-ақ болды. Ел басына төнген аштық салдарынан мыңдаған шаңырақ иесіз қаңырап, талай тағдыр тауқыметпен тоғысып, тамырымен үзіліп жатты… Күні бүгінге дейін сарысулық қариялар «Ала мысық» туралы оқиғаны айтып отырады.

Онсыз да жыртығы мен жамауы мол киіз жапқыш әбден тозғандықтан, қарлы жел сумандай еніп, Күміс апаның бойын әбден қалтырата жауратты. Жасы жетпістен асқан қарт ананың күнұзаққа жанынан шықпайтын ала мысығынан өзге серігі жоқ-тын. Он бір құрсақ көтерген асыл ана бар перзентін Аллаға аманат еткелі қашан. Қызылша мен сүзектен кеткен бейкүнә сәбилерінің сұмдыққа толы өлімі безбүйректің өзін елжіретерлік оқиға болғаны оның әлі есінде. Егіз құлындары Досымайы мен Қосымайы бірінен кейін бірі — бір күнде көз жұмғанда есінен айырылған ананың қос жанарының жасы суалып, сол түні-ақ көрмей қалған еді. Табан жолын ғана зорға айыра-тын анаға бұл жұт жылы тозақ отынан да ауыр соқты.

Аһ, ұрып күрсінгенде кәрі көкірек қарс айырылатын. Бірнеше күн аш құрсағына ешнәрсе түспегендіктен қалтыраған тарамыс қолдары безгектиген-дей дірілдейді. Әбден бозданып, ақжемденіп кеткен жанары беймәлім нүктеге қадалып, қатып қалған. Әлдеқашан семген жанарына сүрланған тұманнан басқа ешнәрсе көрінер емес. Тамыры білеуленген тарамыс саусақтарымен жан серігі ала мысықтың жон арқасынан сипап, мұңлы әнді күбірлете айтудан бір жалығар емес. Ән болса да күңіренген, саз деген аты болғанымен бейне жоқтау айтып отырғандай. Өзімен бірге қартайған ала мысық та Күміс әжейдің жанынан алыстамақ түгілі, апасының жылы қойнына кіріп алатын.

Жалғыз медеуі ала мысық болған әжейдің соңғы күндердегі алданышы мысықты қапсыра құшақтап «Досымай, Қосымай,

құлындарым-ау!» деп әндету еді. Бұл ананың боздақтарын іздеп боздауы ма, әлде әбден аштық меңдегенде алжыған кейпі ме, ол жағы өзіне де беймәлім құбылыс болған шығар.

Теңселе зарлаған әже бір сәт талықсып кеткен екен, есік сықырлай ашы-лып, ішке етікті біреу енді. Лып етіп ананың жанына жақындаған етікті ма-ужырап жатқан ала мысықты оның жылы қойнынан суырып алып, далаға қарғи жөнелді.

Бұл кезде ананың қырылдай шыққан ызалы үніне жауап ретінде ала мысықтың зәрлі мияулауы да қабаттасып жатты. «Қосым-ау, ұлым-ау, қайда кеттің мені жалғыз тастап, қайда…» деп күрсіне жылаған ананың аянышты даусын ешкім естімеді, естілмеді де.

Ал, ала мысық әлгі етіктінің таңғы асына тірідей айналған еді. Күміс ана ұлына балаған мысығын бірнеше күн жоқтап, орнын сипап егіле берді, егіле берді. Соңғы күні дегенде оның тынысы тарылып, бойы жеңілдей бастады. Ақтық сапарға аттанып бара жатып, «Қосым-ай, Досым-айлап» үзілді. Он бір құрсақ көтеріп, бірінің де рақатын көре алмаған ананың жетпіс жеті жасында талқаны таусылды. Оның ажалына аштық пен ала мысық қайғысы қатар кел-ген еді…

Сол талайдың тағдырына балта шапқан аштық жылы тірідей жануар-жәндіктер ғана таңғы асқа желінбеген еді, солармен қатар адамдар да азық болған екен. Әсіресе, өз баласын бесіктен шешіп сүйегін мүжігендер, өз ба-уырына пышақ ала жүгіргендер де қаншама… Әбден ашыққан жандар ақыл-есінен адасып қалады деп, көпті көрген қариялардан естуші едік. Сол рас екен. Әйтпесе. осындай жан түршігетін сұмдықтар бола ма? Бәрі де ашаршылықтың кесірі. Алапат аштық болған жылдар — еліміздің тарихындағы көлеңкелі ақтаңдақ жылдардың бірі болып мәңгі есте қалары ақиқат… *(213–215 бб.)*

***Шерім қарияның** өткен өмірінен баласы Мұрат сыр шертеді*

ҚЫСТЫҢ СУЫҒЫНДА ЖЕТІМДЕРГЕ ПАНА БОЛҒАН ТАНДЫР ПЕШ

– 1923 жылы жарық дүниенің есігін ашқан Төлегенов Шерім әкем де 30-жылдардағы ашаршылықтың азабын көрудей-ақ көріпті. Ол кісі нәубет жылдарындағы басынан кешірген оқиғаларын маған

айтып отыратын. Әкемнің айтуынша, сол кезде ол кісі тоғыз жасқа жаңа ғана толған екен. Әкем алапат аштық кезінде бала болса да көрген, білгендерін есінде жақсы сақтап, өмірінің аяғына дейін ұмытпай, сонау зұлмат жылдардағы басынан өткізген ауыр күндері келешекте қайталанбасын, өзінің ұрпақтарына сабақ болсын деп айтудан жалықпайтын.

1932 жылы адамдардың өлімі бұрынғы жылдардан да жиілеп кеткен, егіс шықпай қалған, елдің бар малын жаңа өкіметтің уәкілдері зорлықпен тартып алған. Бүкіл елді аштық жайлаған екен. Жергілікті «шолақ белсенділер» қайсыбір адамның қолынан бір үзім нан, бір келі ұн және кесек етті көре қалса тартып алады да, оны мемлекетке өткізген сияқты болып, өздері пайдаланған…

Астық дайындаумен айналысқан тұрғындар өздеріне бір үзім нан табуға зар болып жүргенде, астық дайындау жөніндегі уәкіл ауылға келіп, халықты жинап алып «неге астық өткізбейсіңдер» деп айғайлап ұрса бастаған, содан соң «егер астық өткізбесеңдер, өз қолыммен барлығынды атып тастаймын» деп қорқытқан. Кейбір адамдарды сарайға қамап, оларды бірнеше тәулік бойы аш-жалаңаш қамауда ұстаған. Осының бәрін бала көзімен көрген әкем қалай ұмытсын.

1933 жылы ашаршылық үдей түседі. Шерімнің де отбасы аштыққа ұшырап, жалғыз өзі ғана қалады. Жас бала ата-анасының, бауырларының аштықтан қиналып жатып жан тапсырғанын көріп, есі ауып қаңғып кетеді. Үйсіз-күйсіз жүрген бала кез келген жерге түнеп, ауылдан ауылды кезіп жүріп көрмегенді көреді. Бізге әңгіме айтып отырғанда, әкем өзінің ашаршылық жылдары қалай тірі қалғанына таңғалатын. «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, бала әр жерден ұрлағанын ұрлап, сұрағанын сұрап тапқанын жеп, күнін көріп жүреді. Қайда барса да аштықтан бұралып, ісініп-кеуіп өліп жатқан адамдар…Әбден ашыққан жандар ауылдардың шеттерінде, жолдың бойында саршұнақ тышқандарды, өлген жануарларды қазып алып жеп жатқанын талай көрген екен.

Осылай қаңғырып, өлместің күнін көріп жүргенде өкіметтің уәкілдері Шерімді ұстап алып, балалар үйіне тапсырады. Бұл жерде де жағдай өте қиын болыпты. Тамақ жеткіліксіз, ауруға

ұшыраған балалар өте көп. Күнде бір-екі бала аштықтан, аурудан өліп жатады екен. Бұны көріп ол одан сайын шошып кетеді.

Күндердің бірінде балалар үйіндегі жағдайға шыдай алмай, бұл жерден қашып шығып беті ауған жаққа кете барады. Не істерін білмей түнделетіп, қаңғырып келе жатып, жол бойында қазанға ет пісіріп жатқан адамдарға жолығады. Ашығып келе жатқан балаға тамақ пісіріп отырғандар жандары ашып, қазанда қайнаған еттен беріп, тамақтандырады. Әкем әбден етке тойып алғаннан кейін ғана адам етін жегенін білген. Адам етін жеп отырған адам-дардан қорыққан бала таңертең ерте тұрып кетіп қалады. Себебі, аш адамдар өзін сойып, келесі қазанға өзінің етін салып пісіріп жейтін шығар деген ой туып, олар ұйықтап жатқанда бала дыбысын білдірмей қашып кеткен.

Ашаршылықтың салдарынан қаңғып жүріп бармаған тауы, баспаған жері қалмайды. Жол-жөнекей тамақ іздеп шұбырған халық, аштықтан қашып қайда барарын білмей жанталасқан адамдар. Бүкіл елді жайлап алған жаппай қасіретке ұшыратқан аштықты буыны қатпаған жас бала барлық жерден көріп отырады.

Бірнеше айдан кейін әбден қалжыраған бала үсті-басты кір-қожалақ, көзі шүңірейіп жалаң аяқ, жалаң бас, арып-ашып Ташкент қаласынан бірақ шығады. Әрең дегенде балаға лайықты жұмыс тауып алып, бір үзім нан үшін жалданады. Нан тауып жеп жүргеніне мәз болып, қаһарлы қыстың қалай келгенін де байқамай қалады. Жаз мезгілінде көрінген бұтаның түбін немесе қираған үйлердің бұрыштарын пана етіп жүре берген. Сөйтіп жүргенде әкем өзі сияқты ата-анадан айырылған жетім балаларды тауып алады. Суықтан қорғану үшін қыс мезгілінде қаңғып, үйсіз-күйсіз жүрген балалар өзбектердің нан пісіретін тандыр пештеріне түнеп жан сақтаған, қожайындары көріп қалмасын деп ерте тұрып кетіп қалады екен. Тандыр пештің іші кең, екі-үш бала еркін сиятын болған. Кешке қарай пештің ішіндегі шоқ сөніп, ыстығы азайған кезде жасырын кіріп ұйықтаған, ондағы жылылық таңға дейін сақталып, балалар суыққа ұрынбаған.

«Күндіз дамыл таппай тамақ іздеген кейбір балалар шаршап-шалдығып қалың ұйқыға кеткенде, пештің ішіндегі шала өшкен ыстық шоқтан бір-екі баланың жанып кеткенін де айтып отыратын» дейді Мұрат әкесінің әңгімесін еске алып.

Осылай күнін көріп жүрген баланы Смайыл деген немере ағасы күтпеген жерден кездестіріп, елге алып келген. Елге келгеннен кейін жақын туыстары болмаған жетім баланы ешкім қамқорлығына алмаған, соны байқаған Шерім есекке мініп алып Шолаққорғандағы нағашы әжесіне бару үшін жолға шығады. Бұл 1933 жылдың жаз мезгілі екен.

Тағы да осы сапарында ол неше түрлі сұмдықтарды көреді. Жол бойы ары-бері шұбырған ел, жолдың шетінде отырған аштар әртүрлі қалдықтарды талғажау етуде, дала өсімдіктерінің қабығын, ұсақ кеміргіштердің етін шикідей ауыздарына салып жұлқылап жатқанын да байқап қалады. Бір ауылдың маңына жақындап келгенде үйіліп жатқан иттердің, мысықтардың сүйектерінің арасында аш адамдардың жүргенін көреді.

Бірнеше күн жүргеннен соң, мінген есегі алыс жолға шыдай алмай зорығып өліп, ары қарай жаяулатып шаршап-шалдығып, әрең дегенде бес-алты күн жүріп, нағашы әжесіне жетеді.

Сөйтіп, бала Шерім нағашы әжесінің қолына келіп ашаршылықтан аман қалған екен. Содан соң елдің жағдайы енді ғана түзеле бастаған кезде 1941 жылы соғыс басталады. Жас кезінен қиыншылықты көріп өскен Шерім әкем талай қиян-кескі ұрыстарда жаумен ерлікпен шайқасып, көптеген орден, медальдерге ие болады. Сондай ауыр ұрыстардың бірінде ол кісі қатты жараланып, әскери госпитальдан бірақ шығады. Ұзақ уақыт емделгеннен кейін өз полкінен қалып қалған оны Монғолия арқылы 1945 жылдың тамыз айында Жапония соғысына аттандырады. Осы соғыстан әкем елге аман-есен оралады.

1930–1933 жылдары алапат ашаршылықты басынан өткізген, 1941–1945 жылдардағы соғыста аянбай ел үшін қан майданда ерлікпен шайқасқан әкем Шерім екінші дүниежүзілік соғыстың ақырына дейін болып елге келгеннен соң отбасын құрып бала-шағалы болады, бізді — балалары мен немерелерін көріп бұл дүниеден озды. Әруағыңнан айналайын, әке, сіздің айтып кеткен естелігіңізден сабақ алып, ешқашан ұмытпаймыз! *(230–232 бб.)*

***Күшікбаева Тілеулес** ананың ашаршылық азаптары туралы әңгімелері*

ТҰЗСЫЗ ЖЕГЕН ЖАУЖҰМЫР АДАМДАРДЫ АШТЫҚТАН ҚҰТҚАРА АЛМАДЫ

Ашаршылық болардан жарты жыл бұрын ғана Тілеулестің анасы Өмірбекқызы Қантай Үшарал ауылына келін болып түсіпті. 1929 жылдан бастап бұл ауылда да тәркілеу басталып, бай-кедей болғанына қарамай елдің бар малын, дүние-мүліктерін Кеңес өкіметінің уәкілдері күшпен тартып алғанын Тілеулес шешесі Қантайдан талай естіген екен. Жаңа өкіметтің билігі Үшарал ауылына да қысымды күшейтіп, көптеген отбасы мүшелерін қанаушы тап санатына теңеп, жазықсыздан жазықсыз Сібірге жер аударған. Жоғарғы өкімет орындарынан келген уәкілдер жергілікті шолақ белсенділерді алдарына салып алып, ауылдағы кедейлерді қорқытып, сол кезде қарамағындағы елге қамқорлық жасап, асырап отырған байларға қарсы оларды куә ретінде пайдаланған. Көп жағдайда орташа ғана тұрмысы бар шаруалар да байлардың қатарына жатқызылып бүкіл малдан, дүние-мүліктен жұрдай болып айырылған. Осылардаң қатарында Тілеулестің шешесі Қантайдың да отбасын байсың деп малдан бір тұяқ та қалдырмаған екен. Тіпті жергілікті жалған белсенділер өкіметтің тапсырмасын орындаймыз деп, тәркілеуге жататын нормаға дейін жеткізу үшін Үшарал ауылындағы жекелеген кедей отбастарындағы малдарды бір жерге жинап барлығын мемлекетке өткізіп жіберген.

Содан ауылда жұт басталады. Шамасы келетіндер күнкөрістің қамымен тамақ іздеп жан-жаққа кете бастайды. Бала-шағасын келе жатқан алапат ашаршылықтан құтқару үшін Қантай апаның отбасындағы ер-азаматтар да жолға шығады. Бірақ, олардан белгісіз себептерге байланысты бірнеше ай бойы хабар болмайды. Үйде Қантай, оның қарттық жасқа жеткен енесі және тоғыз жастағы қайын сіңлісі ғана қалыпты. Олардың аз-аздан талғажау етіп отырған азық-түлігі таусылып, аштыққа ұшырайды. Жағдайлары әбден қиындаған соң ауылдың әйелдеріне қосылып, үшеуі де Талас жеріндегі құмды аймақта өсетін өсімдік — жаужұмыр қазуға кеткен екен. Жаужұмыр — картопқа ұқсас жабайы өсетін өсімдік.

Бұл өсімдікті қазақтар ертеден жақсы білген. Тұз болмағандықтан әрі аштыққа шыдай алмай жаужұмырды көп жеп қойған адамдар ісініп кетіп, өліп қалатын болған. Әйелдер 5–6 адамнан топ-топқа бөлініп, жаужұмырды қазып алып, жеп өлместің күнін көріп жатады. Өздерімен бірге ала келген жас балалар, денсаулығы нашар әйелдер де жеткілікті нәр татпағандықтан аштықтан, аурудан қайтыс бола беріпті.

Көп ұзамай құмға келе салысымен Қантайдың енесі жаужұмыр жегеннен кейін ісініп кетіп, қайтыс болады. Сол кезде Қантай 16 жаста екен. Енесінің өліп қалғанын білмей, аштықтан әлсіреп ұйықтап жатқан шығар деп ойлап, қайын сіңлісі екеуі енесінің жанында үш күн, оның шапанының етегін жамылып жатыпты…

Өліп қалған енесін қалай көмерін білмей, жылап-еңіреп жүргенде сол құмды аймақта қоян аулап жүрген бір шал Қантайдың енесін жерлеуге көмектеседі.

Жаужұмыр қазып, күнін көріп жүрген әйелдер әлгі шалдың аулаған қояндары бар екенін біліп, Қантайға білдірмей оның 9 жастағы қайын сіңлісін ұрлыққа жұмсайды. Содан шал өзінің қояндарын біртіндеп ұрлап жүрген адамның ізіне түседі. Бір күні қояндарды ұрлауға келген жас қызды шал ұстап алып, дедектетіп әйелдерге алып келеді де:

— Мына бала кімнің қызы? — деп сұрайды. Сонда Қантай шыр етіп:

— Бұл менің қызым, — деп араша түседі.

— Сен өзің әлі баласың, бұл сенің қызың емес. Қызды ұрлыққа жіберген кім, шындықты айтыңдар! — деп шал қасарып тұрып алады.

Ешкім үн қатпаған соң қызды шеген құдыққа салып әбден сабайды. Денесіне таяқ өтіп әлсіреген қыз «анау, апа» деп толықша келген әйелді көрсетеді…

Кейін Қантай мен қоян ұрлаған қайын сіңлісіне шалдың мейірімі түсіп, өзімен бірге ауылына алып кетеді. Сол шалдың жұмысын істеп, қалған құтқан тамақтарын жеп, екеуі ашаршылықтан аман-есен қалыпты. Ал жансақтау үшін жаужұмыр қазып жеуге құмды ауылға барған әйелдердің көбі ісініп-кеуіп, жантәсілім еткен екен. Бір ауылдан барған көп әйелдердің ішінен бес-алтауы ғана «шықпа жаным, шықпа» деп өлмей қалған.

ЕЛДІҢ БАСЫНА ТӨНГЕН АЛАПАТ АШТЫҚ АДАМДАРҒА НЕ ІСТЕТПЕДІ?

— Өткен ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылық туралы анамның айтқан әңгімелерін әлі ұмытқан жоқпын, — деп, Тілеулес шешесі Қантайдан естіген әңгімесін одан әрі жалғастырды.

— Сол жылдары ауылдарда аштыққа ұшырап жатқан елге жаны ашымай, Кеңес өкіметінің қолшоқпары болған адамдарды халық «Шолақ немесе жалған белсенділер» деп атап кеткен. Шолақ белсенділер елдің қолындағы малын бірін қалдырмай зорлықпен тартып алып, бір ортаға жинаған. Біздің ауылдың малдарын да алдарына салып айдап әкетіпті. Кеңес билігінің өкілдері жинаған малды бөлек бақтырып, қатаң күзет қойған. Одан да сорақысы, халықтың күнделікті тамақ етіп отырған аз ғана бидай, тарысын да тартып алады екен. Ежелден ынтымағы жарасып өмір сүріп жатқан ағайын-туыстардың берекесі қаша бастайды. Жаңа өкімет қитұрқы саясат қолданып бір ауылдағы ағайындарды бір-біріне айдап салып, олар бірін-бірі көрсетіп, кейбір адамдар азық-түлікті жасырып қалған өз туыстарының тыққан жерлерін айтып беретін болған.

Елден жинаған малды шолақ белсенділер күндіз далаға жайып, түнде қораға қамап, қолында қаруы бар күзетшілерді күзетуге қояды. Әбден қаны қарайып аштан өлуге айналған жұрт күзетшілерді байлап тастап, қорадағы малды алып, сойған малдың етін өзара бөлісіп, аз уақыт болса да бала-шағаларын асырап жан сақтаған. Бірақ бұл да ұзаққа бармапты.

Сол бір нәубет жылдары болған мына бір оқиғаны шешем айтып беріп еді. Қолындағы бар малынан, талғажау етіп отырған аз ғана бидай, тарысынан айырылған ел бәрібір бір өлім деп, оқтан да, өкіметтен де қорықпаған. Бір күні түнде әкемнің жақын туысы жанына үш-төрт жігітті ертіп алып, қорада мал күзетіп отырған күзетшілерді байлап тастайды да, бір малды ауылдың шетіне апарып сойып, етін бәрі бірдей бөлісіп алады. Үй-ішімен түгел қашан етті алып келгенше ұйықтамай күтіп отырған. Аш адамның ұйқысы осындайда келе ме? Сонымен түн ортасы ауа ет салған қабын арқалап ағасы да келеді. Келген бетте Қантай апамның шешесі етті асып, екі-үш сағат өткенде буы бұрқырап ас та дайын болады.

Ашығып отырған олар етті әп-сәтте жеп бітіреді де, сүйектерін бөтен адам көрмейтін жерге көміп тастайды.

Таңертең тұрар-тұрмастан ауылдағы Кеңес өкіметінің өкілдері әр үйді тінтіп, түндегі ұрланған малды іздейді. Оларға не істеймін десе де толықи құқық берілген, өздері сот, өздері милиция. Егер олар кешегі ұрланған малды тауып алса, ұрлаған адамдарды алдарына салып жаяу айдап, аудан орталығына апарып қамап тастайтын болған. Аштықтан әлсіреп жүрген адамдардан «Ұрлығыңды мойында!» деп қинап, жауап алады. Екі-үш күн қамап, ұрлығын мойындамаған соң нақты дәлел болмағандықтан оларды босатып жібереді. Аштық адамға не істетпейді? Қамаудан қайтып келгендер қараптан қарап тұрып өліп қалмас үшін бұрынғы кәсібін қайта бастайды. Елдің көретін ауыр күндері әлі алда екен. Көктем шыға ағайын-туыстардың, ауылдастардың азық-түлігі таусылып, не істерін білмей босып кетеді. Халықтың көбі өзен жағалап балық аулауға, біразы қырдан аң-құс, сарышұнақ тышқандарды аулап кеткен. Қырсық қылғандай, қармаққа балық та түспейді, сондай-ақ тау қыраттарындағы аңдар мен сарышұнақтарды да аулау оңай емес. Ел тегіс қырылуға айналды, әсіресе балалар аштыққа шыдай алмаған.

Әкемнің інісінің әйелі аштықтан қайтыс болып, артында екі жасар ұлы мен бір жастағы қызы қалады. Арада екі күн өткенде әрі аш, әрі анасының ыстық құшағына зар болып, бір күнде көздері жәутеңдеп, таң ата қыз бен ұл бұл дүниеден озады. Екі жасар баланың «Апа» деп жылаған жан даусы, балалардың өлерінің алдында анасын іздеп, жан-жағына қарағанын көріп, менің әке-шешем әйелдерше дауыстап зар еңіреп жылапты.

1932 жылдың алапат аштығы біздің әулетке де қатты тиіпті. Көптеген ағайын-туыстар 1931–1932 жылдары бір үзім нан, бір уыс талқан таба алмай аштықтан қынадай қырылған. Мыңды айдаған байлардың алтыны мен күмісін, қалы кілемін де, ақ боз үйін де, олардың қарамағында ешқандай аштыққа ұрынбай, тамағы тоқ болып күнін көріп жүрген кедейлердің де бірлі-жарым малын Кеңес өкіметінің шолақ белсенділері бірін де қалдырмай зорлықпен тартып алған. Қазақтардың сол кездегі негізгі күнкөрісі мал болғандықтан ашаршылық қаупі бір ғана ауылға емес, бүкіл елге тарады.

Тілеулес апа сонау зобалаң жылдардағы анасынан естіген тағы бірнеше аянышты, жан түршігерлік сұмдық оқиғаларды айтып берді.

ТУҒАН БАЛАСЫН ӨЛІМГЕ ҚИҒАН ӘКЕ

Бір қарт кісінің әйелі, балалары аштықтан қырылып, тек бір жас ұлымен екеуі ғана тірі қалыпты. Шал күн сайын қақпан құрып, сарышұнақ тышқандарды аулап күнелтеді. Жеті-сегіз күндей қақпанына ештеңе түспейді. Әкелі-балалы екеуі де әбден ашығады. Әсіресе, баланың жағдайы қиындап, күннен күнге әлсірей береді. Әке құдайға мінәжат етіп, өзіне-өзі шарт қояды:

«Тағы да үш күн күтейін. Егер осы үш күн ішінде қақпанға ешнәрсе түспесе, баламның өзін сойып жейін. Мен өліп қалсам балаға ешкім қарамай, бәрібір аштан өледі. Ал мен тірі қалсам, заман түзеліп, кейіннен балалы болармын» — деген ойға бекінеді. Сонымен үшінші күн дегенде шалдың қақпанына екі сарышұнақ түсіп қалыпты. Енді бұдан кейін күн сайын қақпан құр болмайды. Сөйтіп, бала осылай өлімнен аман қалған екен…

1931–1933 жылдардың аштығында елдің көрмеген қорлығы, тартпаған азабы қалмады. Арам ба, адал ма оған қарап жатпай, тамақтан өткен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, сарышұнақ дегеннің бәрін жеген. *(263–266 бб.)*

*Еңбек ардагері **Ержұманов Серікбайдың** әжесінен естіген әңгімесі*

АШТЫҚТЫҢ КЕСІРІНЕН НЕБІР СҰМДЫҚТАРДЫ КӨРДІК ҚОЙ…

— Әкем Мұстапа бір отбасынан жалғыз болған екен, мен туғанда әкесіне серік болсын деп, менің атымды әжем Серікбай деп қойғанын үнемі айтып отыратын. 1946 жылы Шу ауданындағы Сталин атындағы колхозда жарық дүниеге келген мені әжем Теңгеш бауырына басып, бұл дүниеден озғанша «өзімнің баламсың» деп кетті. Мен, тоғыз ай көтерген анам Дәкен екенін білсем де, әжемнің айтқанына әбден сендім. Тіпті, шешемді «апа» демей, Дәкен деген атымен атайтынмын.

Әжем марқұм өте ширақ адам еді, іс-қимылының өзі де ер адамға ұқсайтын. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» демекші, әжем күннің көзі ұясынан шықпай жатып сиыр сауып, өріске мал қосып, шәй қайнатып,

әке-шешем ұйқыдан оянғанша бәрін жайғап қоятын. Есім кіріп, етек жия бастағаннан кейін мен де әжеммен бірге ерте тұрып, жанынан қалмай жүріп, көмектесетін едім. Жұмысқа кеткенге дейін ерте тұрып үйдің тіршілігіне қам жасау — менің өмірлік әдетіме айналғанына іштей риза болып, әжемнің сөзінен емес, іс-әрекетінен алған тәрбием екендігін кейін ғана түсіндім. Ол кісінің ашуланғанын ешқашан көрген емеспін, менен кейінгі немерелері бұзықтық жасап қойса зекімейді, дауыс көтермейтін, тек қана «Құлыным-ау, мынауың болмады ғой» деп, қоя салатын.

Әжем мені «көкешім» деп еркелететін, ал анам болса әжесінің баласы деп, бұл аттың соңғы буынын алып тастап «көке» деп атайтын. Ежелден қалыптасқан қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша ата-енесінің, күйеуі мен қайындарының, үлкендердің атын атамау-сыйластықтың белгісі ретінде күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан жақсы дәстүр ғой. Сөйтіп, әжемнің арқасында туған-туысқандар, бүкіл ауыл, тіпті тай-құлындай тебісіп өскен құрдастарым да «көке» деп атап кетті.

Соғыстан кейін де елдің жағдайы қиын болғаны белгілі. Ертеңнен қара кешке дейін ауылдың егіс даласында жұмыс істейтін колхозшыларға жалақы берілмейтін, тек күзгі жиын-терін біткен соң ғана еңбеккүн ретінде олардың отбасындағы жандарға шағып, өздерінің үлестері астық береді екен. Әр отбасында бірлі-жарым мал бар, бақша егеді, сонымен ауыл тұрғындары жансақтап, күнін көреді. Мал болған соң сүт, айран, қаймақ т. б. басқа тағамдар болады гой, бірақ нан тапшы. Сонда әжем колхоз егінін жинап болган соң ерадамдармен қосылып, масақ тереді. Екі-үш күн егіс даласында жүріп, терген бидайдың дәнін қапқа салып, жаяу арқалап үйге алып келетін. Бидайды тазалап, қол диірменге тартып, одан қамыр илеп, нан пісіріп береді, ал кейде қазанда қуырылған бидайды қаймаққа шылап жейтін едік. Қазіргі кезде дастарқанда наннан пісірілген түрлі тағамдар толып тұрса да, сол тұстағы жеген нанның дәмі әлі күнге дейін аузымда тұр. «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді» деген осы шығар.

Масақ теріп жүргенде әжем аяғын жаралап алады, бірақ елемей жүре береді. Ұзақ уақыт жарасы жазылмай, іріңдеп ем қонбаған соң, 1952 жылы хирург-дәрігердің тізеден төмен аяғын кесіп тастаудан басқа амалы болмаған екен. Әжемнің аяғы жазылған

соң әкем ұстаға ағашаяқ жасатып берді. Өте шыдамды кісі болды, аяғы кем болса да ренжігенін көрген емеспін. Тіпті, кейін немерелерін кесілген аяғының үстіне отырғызып, ойнататын. Енді үйдің барлық тіршілігі анам Дәкенге ауды. Бірақ әжем қарап отырмайтын, ағашаяғын таңып алып, бұрынғыдай болмаса да келініне көмектесіп жүрді.

Теңгеш әжем немерелерінің есімдерін өзі қойды. Маған тетелес туған інімнің атын отбасымыз берік болсын деген ниетпен Берікбай деп атады. Одан кейінгі інілерім мен қарындасыма да Көпбай, Көпбосын, Көпжасар, Сағаділдә, Әсемкүл деп әжемнің қойған есімдері, тек қана кіші қарындасымның атын Айсұлу деп әкемнің өзі қойған. Қазақ халқының жаңа туған нәрестелерге ат қою дәстүрінде үлкен мағына бар екенін есейе келе түсіндім.

Мен мектепке барған кезде біз тұрған ауылда электр шамы болған жоқ, түн мезгілінде керосинмен жағылатын шамды пайдаланамыз. Сабақты күндіз оқып аламыз, кешке қарай жарық беретін шам бізге тимейді, себебі, әкем Мұстапа колхозда есепші болып қызмет етті, кейде құжаттарын үйге әкеліп, қағаздарын жайып жіберіп сығырайған шамды пайдаланатын. Қараңғы түскенге дейін малды жайлап, кешкі тамағымызды ішіп, «күннің батысы, таңның атысы» дегендей, ертерек жатып қаламыз.

Ерте жатқан соң менің ұйқым келмейді, әжемнің жанында жатып:

— Әже, ертегі айтып беріңізші, — деп мазасын аламын.

Сонда әжем:

— Балам-ау, мен оқыған адам емеспін, хат танымаймын, жаманшылықтан басқа ештеңе көрген жоқпын. Құдайдың мұнысына шүкір, бүгінде сендерді көріп отырмын, осы күнге жеткеніме Алла тағалаға мың да бір алғысымды айтып отырамын, — деп бір күрсініп алып, сөзін одан әрі жалғастыратын. — Тілегім енді сендерсіңдер, біздің көргенімізді құдай енді сендерге көрсетпесін, жарықтарым. Алла тағала жақсылығын берсін, өмірлерің ұзақ болсын! — деп, мені бір көтеріп тастайтын.

— Әже, ертегі болмаса да сол көргендеріңізді айтып беріңізші, — деп қайтадан жалынамын.

— Балам-ау, мен керген-білгендерімді айтсам, қорқынышты әрі ұзақ әңгіме болады ғой деп, мені аяғандай болады.

— Мейлі, әже, айтыңызшы, — деп мен де қоймаймын.

— Жарайды, құлыным, ендеше тыңда, — деді де, әжем әңгімесін бастады.

— Біз арғын деген елдің шұбыртпалы руына жатамыз. Бұл рудың арасындағы қарым-қатынас жеті атадан асып кеткендіктен, бір-бірімізбен қыз алысып, қыз берісіп, құда-жекжат болып араласып кеттік. Сонау ерте заманнан-ақ әр рудың тұрақты мекендейтін жері болған ғой, біздің де ата-мекеніміз Мойынты теміржол стансасының солтүстік өңірінде жатқан қазіргі Қарағанды облысындағы «Тайатқан шұнақ» деген жер екен. Сол аймақта туып естік. Кеңестік билік келгенге дейін езімен-езі болып, малын бағып, бала-шағасын асырап, тәрбиелеп, ел-жұртты қиыншылыққа ұрындырмай тыныш қана өмір сүріп жатқан шұбыртпалы елінің жағдайы жаман болмапты.

Соның ішінде сенің атаң Ержұман бір әке-шешеден 5 ағайынды болатын. Осы ағайын-туыстар аса бай болмаса да өздеріне жетерлік малы бар, шаруашылығы мығым, ынтымақтасып еңбек етіп жатты. Атаңның бауырлары Бижұман, Жанжұман, Жұмаш, Жұмажан — бәрінің есімдері ұқсас болғандықтан, бұл әулеттің тұрған жері «Жұман» ауылы деп аталып кетіпті.

Атаң Ержұман ескіше оқыған, ете сауатты еді. Ауылдың балаларын жинап алып, әліпбиді оқытып жүрді. Сонымен бірге ол кісінің емшілік қасиеті де болды. Қарақұрт, жылан шаққан адамдарды оқып, олардың бойындағы уын қайтаратын. Тіпті, бала көтере алмай жүрген әйелдерге де кітап ашып, дұға оқып беретін…

Қай жылдары екенін ұмытып қалыппын, шамамен отызыншы жылдардың басы болуы керек, жаңа өкіметтің «кәмпеске» деген заңы шығыпты. Осы заң шыға салысымен билік өкілдері әскермен келіп, көршілес ауылдардағы елдің төрт түлігін зорлықпен тартып алып, белгісіз жаққа айдап әкетіп жатыр деген хабарды естіп жаттық. Алдымызда не күтіп тұрғанын білмей, үніміз шықпай, үрпиісіп отыра бердік. Бір күні сол кәмпеске бізге де келіп жетті. Алдын ала қамданған ауылдастар малдарын сай-сайға жасырып, олардың ішінде атаңның да інілері бар, өкіметтің белсенділеріне көрсетпеуге тырысып бақты. Ауылдағы барлық малды бір жерге жинап, төрт түліктің бірін қалдырмай тізімге ала бастады. Арамыздан шыққан кейбір адамдардың кәмпескелеуге келген уәкілдерге ел-жұрттың тығып қойған малын көрсетіп, «шаш ал десе, бас

алатындай» опасыздық жасағаны жанымызға қатты батты. Милиция мен қарулы әскер Кеңес өкіметінің сеніміне кірген әлгілердің көрсетуімен тау-тасты, сай-саланы тінтіп, шолақ белсенділердің көмегімен сырт көзден тасақылаған малды тауып алып «Кеңес үкіметіне қарсы шықтыңдар» деп, мал иелерін де қолдарына бұғау салып айдап әкеткенін көзіміз көрді. Сол айдалып кеткен ағайындардан күні бүгінге дейін хабар болмады, не өлі, не тірі екендігін білмейміз, тіпті қайда әкеткені де белгісіз.

— Міне, қарағым, осындай заманды көрдік, енді сендерге мұндай жамандықты көрсетпесін, — деп әжем бір сәт қалың ойға шомды. Мен де әжем не ойлап отыр дегендей, бетіне тесіле қарадым.

Селт етіп қалың ұйқыдан оянғандай болып, «одан әрі тыңдайсың ба» дегендей, әжем менің басымнан ақырын ғана сипады. Әрине, сол сәтте мен әжемнің көңіл-күйін түсінген жоқпын. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген шағымда, бұл әңгіме есіме түсе қалса, әжемнің айдалып кеткен жақындарын ойлап мұңайғанын енді ғана түсінгеніме өкінгендей күйде боламын.

— Сонда да болса, — деді әжем әңгімесін жалғастырып, — өкіметтің құрығынан құтыла алмайтынын білген ширақтау адамдар амалын тауып, 5–10 ұсақ малды жататын бөлмесіне тығып тастаған. Мұндай тірлікті билік өкілдері мен ауылдағы белсенділер байқамаған, егер біліп қойса мал иесін малымен қоса итжеккенге айдатар еді. Сонымен, не керек жасырып қалған малдарымен ашыққандармен бөлісіп, біраз күндерін көреді. Бірақ бұл қаншаға жетсін, ауылды аштық жайлай бастады. Бір үзім нан тауып жей алмай, ет пен сүтті қорек ететін мал жоқ, өліп жатқан адамдардың саны күннен күнге көбейе берді. Малдан жұрдай болған ел-жұрт жан-жақтағы туыстарын іздеп, атамекенін тастап көше бастады, ал кейбіреулері басы ауған жаққа босып кетті. Жол-жөнекей қырылғаны қаншама.

Әжемнің әрі қарай қанша әңгіме айтқанын білмеймін, ұйықтап кетіппін. Мен сұрамасам да кешегі әдеті бойынша әжем келесі түні әңгімесін одан әрі жалғастырды.

— Біздің жақындарымыз да кете бастады. Күйеулері айдалып кеткен абысындарым, тағы басқа әйелдер емшектегі балаларын көтеріп, жүретіндерін жетелеп, төркіндерін іздеп жаяу-жалпылап жолға шықты. Олар діттеген жеріне жетті ме, жетпеді ме, ол жағы да белгісіз. Ауылдың әр жерінде орын тепкен 4–5 отбасы болмаса,

біздің маңымызда ешкім қалған жоқ. Олар кәмпескелеуден жасырып қалған он шақты малымен күнін көріп, отыра берді.

Билік өкілдері елдің малын бір ортаға жинап, алашапқын болып жатқан кезде, мен де ешкімге көрсетпей 5–6 ешкіні үйге кіргізіп қойған едім, олар кеткен соң түнде ешкілерді жайып аламыз да, ал күндіз қайтадан үйге қамап тастаймыз. Қысыр ешкілерді сойып, лақтағандардың сүтін сауып ішіп, басқа да қолға түскен азықты қорек етіп, бір жылдай орнымыздан қозғалған жоқпыз, оның үстіне мен екіқабат едім, айы-күнім жақындап қалған болатын. Әйтеуір, «шықпа жаным, шықпа» деп, әупірімдеп қыстан аман шықтық.

Көктем шыға жер аяғы көтерілісімен көршілеріміз көше бастады, не бары екі-ақ үй қалдық. Мамыр айының жаймашуақ күндерінің бірінде мен босанып, қыз баланы дүниеге әкелдім. Қызыма Әлия деп ат қойдық, қырқынан шығарған соң біз де көшуге дайындала бастадық. Бұл кезде жалғыз қалған көршіміз де кетіп қалған еді. Көп дүние-мүлкіміз жоқ, бар болғаны киім-кешек, аздаған ыдыс-аяқты жинастырып, түйіншекке орап қойдық, қыс бойы жиған құрттарымды суға езіп қарынға құйып алдым. Жалғыз ешкі қалған еді, оны да жолға шығардың алдында сойып, ішіп-жегеннен қалғанын матаға орап, дорбаға салып алдық. Біздің өзімізбен бірге ала кететін бар жүгіміз осы ғана.

Атаң көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты болғандықтан ел басына төнген осындай қиын заманда да білімнің қажеттігін түсініп, кітаптарын төрт буып, алып кетуге дайындап қойды.

Маусым айында жолға шығардың алдында атаң әруақтарға құран бағыштады, сөйтіп, атаң, мен, балам Мұстапа, қыздарым Әсия, Әлия «Аллатағала жолымызды бере гөр» деп, жаяу жолға шықтық. Енді не істейміз, мінетін ат түгілі, өкіметтің өкілдері үйдің алдында жайылып жүрген қозы-лаққа дейін күштеп тартып алып кетті емес пе? Атаңның айтуы бойынша, біз Мойынты деген жаққа бет алдық, — деді де, әжем:

— Ал, балам түннің бір уағы болды ғой, ұйықтайық, қалған әңгімені ертең айтып беремін, — деп басымнан мейірлене сипады.

Келесі түні әжемнің төсегіне ерте келіп жаттым да, оның келуін асыға күттім. Бір кезде келіп, асықпай төсегіне жайғасты да әңгімесін бастап кетті.

— Атаңның екі қолында буылған кітаптары бар, Әлия менің қолымда, Әсияны жетектеп алдым, ал Мұстапа жолға алып шыққан

дорбаларды арқасына таңып, қолына ұстағанын қолына ұстап келе жатты. Мұстапа шымыр болатын, есейіп қалған кезі, мүліктерді қыңқ етпей көтеріп келеді.

Ұшы-қиыры жоқ жазық дала, көкте қаптап ұшып жүрген қара қарғалар, олардан басқа қыбырлаған жан көрінбейді. Туған ата-мекенімізді артқа тастап жүріп келеміз, алдымызда бір жақсылықтың болатынына үміт артамыз. Елден шыға бере біраз жүргеннен кейін алыстан томпиған нәрселер қараңдап көріне бастады. Жақындай келе жолдың шетінде теңкиіп, ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдарды көріп, қатты шошып кеттік. Қыс айларында да ел-жұрт аштыққа шыдай алмай басы ауған жаққа жүре берген ғой, бұл пенделер діттеген жеріне жете алмай суыққа ұрынып, қардың астында қалса керек. Жол бойы толған өлік. Ә дегенде, бас терісі сыпырылып, тек сүйектері қалған мәйіттерге қарауға қорықтық, бірте-бірте көзіміз үйреніп кетті. Балалардың бетін жауып, көрсетпеуге тырыстық, бірақ Мұстапа қарама дегенді тыңдамай, әлсін-әлсін бетін бұрып өліктерге қарап қояды.

Күн төбеге көтеріліп, ауаның ыстық лебінен шаршай бастадық, әрі қарнымыз ашып, шөлдеп бір сайға тамақтану үшін тоқтадық. Сайда 20 шақты адам бір-біріне сүйеніп, отырған бойда өліп қалған, араларында үлкенді кішілі балалар да бар. Біздің болжам бойынша, қыста қатты соққан бораннан ықтап, сайды паналаған көрінеді. Бірақ, бұл да ашыққан босқындарды құтқара алмапты. Өліктер күн жылынғаннан кейін бұзылып кеткен, бет-әлпеттеріне қарап тану мүмкін емес. Бір топ қарғалар осы төңіректі айналшықтап ұшыпжүр, адам етін жеп, дәндеп алғаны көрініп тұр. Осындай да сұмдық болады екен-ау! Мұны көрген соң үрейленіп, сайдан көп ілгерілеп барып, аздап тамақтанып алдық та, әрі қарай жылжыдық. Жол бойындағы қырылғандарға сан жетпейді. Қазіргі кезде айту оңай, ал сол кезде қынадай қырылған адамдарды көріп, жанымыз қиналып, жүрегіміз қатты сыздайтын.

Мұндай алапат қырғынды бұрын кім көрген, көмусіз жатқан өліктердің іштері кеуіп, бүгілген тізелерінің терісі сыпырылып, сүйектері шығып жатады екен. Шалқасынан жатқандардың беттерілері іріп, көз, мұрын, ауыз қуыстары үңірейіп, тістерінің ақсиып кеткенін байқап, тіпті қарауға дәтіміз шыдамады. Кейбір мәйіттердің жанында балалардың сүйектері жатты, сондай-ақ бас терісі сыпырылып қалған жердегі ұзын шаштарға қарап әйел

екенін ажыратуға болады. Ер адамдар да бала-шағасына қарайласуға мұршасы келмей, жеткен жерінде құлап орнынан тұра алмай өле берген.

Күн ыстық, паналайтын жер жоқ, кейде таспен қоршалған қабір көрінсе, соның көлеңкесіне отырып, балаларды тамақтандырып аламыз. Атаң екеуміз сусыннан бір-екі ұрттап, соны қорек етеміз, шыдамаса болмайды, әлі алда қанша жүретініміз белгісіз. Қайткенде Мұстапа мен қыздарды әлсіретіп аямауға тырысып келеміз, сондықтан пісіріп алған етті үнемдеп, балаларға шетінен үзіп қана беріп отырдық. Кішкентай Әлия ызыңдап жылай береді, қайта-қайта емізсемін, бірақ бала тоятындай сүт шықпайды. Күннің ыстығы басылған кезде, түстен кейін жолға шығуға дайындалып жатқанымызда қабірдің ішінен «қайда барсаң Қорқыттың көрі» демекші, тағы да 3–4 өлікті көріп қалдым.

Жүрісіміз баяу, өнбейді, әйтеуір, титықтап жүріп келеміз. Өйткені, Әсия кейде жүре алмай, отырып қалады, жылайды… Сол кезде ол үш-төрт жаста ғана болатын. Бір Аллаға сыйынып, «үмітсіз шайтан» деп, алдағы күндерден үміт үзбей жүре бердік. Кешке қарай қараңғы түсе салысымен жақын арада не кездеседі, қысқасы, пана болатын жерді тауып алып түнеп шығамыз. Атаң жолда қалсаң қорған, күмбез, қабірлердің басына түнеген дұрыс деп, бұрыннан айтып отыратын. Себебін кезінде біз сұраған жоқпыз, ол кісі айтқан жоқ. Сонда ежелден қалыптасқан халық ырымдарының бірі шығар деп ойлап, жүре беретінмін, — деді әжем.

Әжемнің қорқынышты әңгімесін тыңдап жатып, айтқандарын көз алдыма елестетіп, бүкіл тұла бойымды үрей басқандай болып қолтығының астына басымды тығып, ұйықтап кетіппін.

Күндіз келіні Дәкенге тыным таппай көмектесіп, кешке қарай шаршаған болуы керек, төсек салып тұрып маған бұрылып:

— Балам, менің айтқан әңгімемнен қорыққан жоқсың ба?-деді шаршағанын білдірмей жәй ғана күлімсіреп.

— Жоқ, әже, қорқатын мен кішкентай бала емеспін ғой, бұл әңгімені аяғына дейін айтып беріңізші, — деп жалынғандай болдым.

— Жарайды, ендеше, жалықпасаң барлық көрген-білгендерімді түгел айтып берейін деп, әңгімесін төсекке жатпастан-ақ айта бастады:

— Қолымдағы қызым Әлия ызыңдап жылай береді, ашығып келе жатқан менің кеудемде қандай сүт болсын, қарны ашып жы-

лай береді, болмаған соңаузына шалап тамызамын, бар болғаны қырық күн толған нәресте аузына тамызған тамшыны жұтпайды, қызыма ана сүті керек екенін жақсы білемін, соны ойлап іштей қатты күйзеліп жүрегім қақ айырылады.

Екі қызбен өзім де жол-жөнекей әлсіредім. Бір күмбездің жанына келіп тоқтадық, күннің де ұясына батқанына біраз уақыт болып қалған екен. Күмбездің қабырғасына арқамды сүйеп отырып, шаршағаннан қатты ұйықтап кетіппін. Оянсам таң қылаң бере бастапты. Кішкентай қызымның дыбысы шықпайды, тек ауыр демалып жатқаны сезіліп тұр. Мұстапа мен Әсия әкелерінің тізесіне бастарын қойып, қалың ұйқыға кеткен. Қалжырағандары соншалықты оянатын түрлері жоқ, менің қыбырлап қимылдай бастағанымдыда сезер емес. Ұйқыдан оянып, есімді жинап біраз отырдым. Сол сәтте маған бір жаман ой келе қалды. Алдымызда әлі қанша жол бар екендігі белгісіз, бір күн жүргеннің өзінде-ақ әл-қуатымыз әлсіреп, қатты қиналдық. Тамақтанатын қорегіміз шамалы, қаншаға жететінін бір құдай білсін. Аз ғана қалған піскен етті балаларға үнемдеп беріп отырдық, олар шөлдегенде шалапты ішкіземіз, ал атаң екеуміз шалаптан бір жұтып алып, соны нәр етеміз. Шыдау керек, басқа амал жоқ.

Емшектегі қызымның ерні кезеріп, түрі боз тарта бастапты, адам болмайтыны көрініп тұр. Ары ойлап, бері ойлап не істерімді білмей жанталасып, қызымның ақырында шетінейтініне көзім әбден жетті. Біздің үлкен әулеттен қалған жалғыз ұл Мұстапа мен қызым Әсияның жолына садақа етіп, күмбездің ішіне тастап кетуге бел будым. Осындай шешімге келіп, көз жасымды бір сығып тастап, атаң мен балаларды ояттым. Таңғы салқында аздап тамақтанып алдық та, қайта жолға шықтық. Жүрегім сыздап өлімге қызымды қимай, ойлаған райымнан қайтып, жөргегін ауыстырып, қалай көтеріп жүре бергенімді өзім де сезбей қалдым. Енді үлкен қызым Әсия жылай бастады, біраз жүреді де отырып қалады, қайта жүреді. Қызды көтеріп алуға ешкімнің қолы бос емес, оның үстіне бәріміз шаршап, әрең келе жатырмыз. Жүрісіміз өнбейді. Қанша жер жүргенімізді білмейміз, күн ысып, шөл одан сайын қысты. Отыруға болмайды, егер отырсақ орнымыздан тұру неғайбыл.

Бір кезде алдымыздан таспен қоршалған үлкен қабір көрінді, неде болса қоршаудың ішіне кіріп, көлеңкелеп демалуға ыңғайландық, балалардың да қарны ашты, шөлдеді. Қоршаудың ішіне

кірсек, толған өлік. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» дегендей, жол-жөнекей қырылған адамдарды көріп көзіміз үйреніп қалған, көлеңкелеп отыра бердік. Дорбадағы етті шығарып бір үзімін Мұстапаға ұстата бергенім сол екен, өліктер қыбырлай бастады, етті көріп қолдарын созды. Сол мезетте көзді ашып-жұмғанша екі қолын созған біреуі әкеңнің қолынан бір үзім етті жұлып алып, аузына салып жұтып жіберді.

Бұл пенделер кімдер, қайдан келген, мүмкін біз сияқты көлеңкелеп келіп, аштықтан өлгені өліп, тірілері өлім аузында әлсіреп жатқан болуы керек. Мұндай сұмдықты көрмеген біз үрейіміз ұшып, қоршаудың сыртындағы көлеңкеге барып отырдық, сусындап алып, тұрайық десек шама жоқ, не керек әрең дегенде орнымыздан тұрып, бет алған бағытымызға қарай жүріп кеттік. Әсіресе, үлкен қызым Әсияның жүруі қиындап барады, отыра қалып жылайды. Не істерімді білмей жаным қиналып, әлгі жаман қылығымды іске асыруды ойластыра бастадым. Дәрет алуды сылтауратып қабірге қайта бардым да, қоршаудың көлеңке жағына қызым Әлияны бір Аллаға жалынып-жалбарынып, ақ сүтімді кештім деп, әлсіреп жатқан оны тірідей тастап кеттім. Сол зұлмат жылдардағы аштықты көрмеген бүгінгі адамдар менің бұл «опасыздығыма» лағнет айтатын шығар, мен туралы олар не ойласа да, не айтса да келісемін. Кіші қызымның адам болмайтынына әбден көзім жеткен соң ғана, осындай әрекетке баруға мәжбүр болдым. Ендігі мақсатым Мұстапа мен Әсияны сұмажалдың тырнағынан қалайда аман алып қалу еді. Кіші қызымның ызыңдаған дауысы осы күнге дейін құлағымнан кетпейді, жүрегім сыздайды, — деп үнсіз қалған әжемнің көңілі босап кетсе керек, көз жасының бір тамшысы бетіме тамғанын сезіп қалдым.

Сәл үнсіздіктен соң, әжем:

— Құлыным-ау, ұйқың келіп жатыр ма, ендеше ұйықтайық, қалған әңгімені ертең айтып беремін, — деп маңдайымнан сүйді де, әңгімесін доғарды.

Әжем басынан кешірген азапты, қорқынышты оқиғаларды айтып жатқан кезде ұйқым ашылып кеткен болатын, үрейленіп қолтығының астына басымды тығып, тым-тырыс жатқан едім.

— Көкешім! — деді әжем, келесі түні әңгімесін әрі жалғастырып. — Сөздің реті келіп тұрғанда айта кетейін, атаң менен көп жас үлкен болды, арамызда 25–26 жылдай алшақтық бар, оның себебі,

атаң менен бұрын екі әйел алған екен, бірақ балалары болмаған. Ал менің тағдырыма келетін болсақ, анам ерте қайтыс болып үш ұл, бір қыз жетім қалдық. Жалғыз қалған қыз мен едім. Содан соң әкем Күйеубай атаң Ержұманның қонысына келіп қосылды, сол кезде ол науқастанып жүрген болатын, көп ұзамай қайтыс болды. Сөйтіп, біз атаңның әулетінде жүріп адам қатарына қосылдық. Мені атаң жанынан тастамай, ертіп жүретін. Өзім де үйреніп алып, ол кісіні «Сары көке»деп атап кеттім. Атаң менің сауатымды ашуға әрекет жасады, бірақ миыма ештеңе қонбады. Ағаларым: Айшық, Тайшық, Тілеуімбет кәмпескеге дейін атаң Ержұманның малын бақты. Мен де кейде атқа мініп, шауып жүріп малға қарайласуға ағаларыма көмектесетінмін.

Сонымен, 15 жасымда, мандайыма жазғаны сол шығар, атаңа тұрмысқа шықтым. Алланың құдіретімен 9 құрсақ көтердім, көбі шетінеп кетті, тек Мұстапа мен Әсия ғана тірі қалды.

Көзімнен еріксіз жас сорғалап, жаным күйзеліп, жүрегім сыздап Әлияны жолда тастаған соң, қолым босап Әсияны көтеріп алдым. Жастық жігер ме, сол кезде мен 35–36 жаста едім, әлде құдай қуат берді ме, қызымды қолыма алғанымда жүрісім ширай бастады.

Үйден алып шыққан азын-аулақ азық қорымыз да таусылуға жақындады. Тоқтаған жерімізде сарышұнақты амалын тауып ұрып аламыз, сіріңке жоқ, тасты бір-біріне қатты үйкелеп, жарқылдатып шөпті тұтатамыз да, отқа қақтап нәр қылатын болдық. Сары тышқанның шала піскен еті бізге әжептәуір күш береді.

— Осылайша далада екі түнеп, алға қарай жылжи бердік, — деді әжем терең бір күрсініп алып. — Қанша жол жүргенімізді білмейміз, түс ауа келе жатыр едік, көз жететіндей жерде түтін шығып жатты. Тіпті, көңірсіген еттің иісін сездік. Аң-таң болып, түтін шыққан жерге жақындап келгеніміз де үлкен шұңқыр көрінді, түтін сол жерден шығып жатыр екен. Сол мезетте шұңқырдан бірадам атып шықты, үсті-басы жұлым-жұлым, көздері қып-қызыл, бізге қарап алақ-жұлақ етеді. Оның осы түрін көріп Мұстапа мен Әсия шошып кетті, атаңе кеуміз де аңтарылып тұрып қалдық. Қорықсақ та, түрі жан шошырлықтай адамнан қашпай, маңынан өте бергенімізде, құдай қақты ма, әйтеуір, артымыздан екі аттылы кісілердің келе қалғаны, соларды паналап шамамыз келгенше тездетіп, өтіп кеттік.

Біраз жүргеннен кейін атаң былай деді: «Бұл жалғыз-жарым қасынан өткен адамдарды ұстап, етін отқа қақтап, жеп жүрген адам көрінеді, өйткені маңайда мал жоқ, сол сияқты адамның етін жегендердің көзі қызарып, түрі өзгеріп кетеді, ақыл-есінен айырылады деп бұрынғылар айтып отыратын, әлгі адамның бізге де шабуы мүмкін еді». Атты адамдардың қайдан келе жатқанын білмедік, бірақ оларға қарап жақын жерде ел бар шығар деп ойлап, көңіліміз бір көтеріліп қалды. Олардың бет алған жағына қарағанда Мойынтыға кетіп бара жатқан сияқты.

Сонымен, арып-ашығып, әл-қуатымыз кетіп үш күн жол бойындағы небір сұмдықтарды көріп, далаға үш түн түнеп, төртінші күні түске жақын Мойынты деген жерге жеттік-ау, әйтеуір! Бұл жерде ешкімді танымаймыз. Құдай сәтін салса бәрі болады ғой, бір қайырымды теміржолшы кездесіп, үйіне шақырып шәй берді, екі күндей тынығып, есімізді жиып алдық та, әлгі кісінің көмегімен пойызға отырып Шу өңіріне жеттік. Одан әрі жаяу-жалпылап қазіргі Мойынқұм ауданының орталығы Фурмановкаға (бұрын Гуляев), кейінірек сол аудандағы Көктерек колхозына көшіп келдік. Біз келген кезде бұл ауылда аштықтың беті қайтып қалған екен. Колхоздың жұмысына белсене кірісіп, жағдайымызды біршама түзеп алдық. Міне, саған айтайын дегенім осы еді. Мұндай қиын заман сендердің бастарыңа келмесін деп Теңгеш әжем, бауырында жатқан менің басымнан мейірлене сипап, әңгімесін осылай аяқтады, — деді бүгінде ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немерелерінің қуанышына бөленіп отырған Ержұманов Серікбай ақсақал біздің келгенімізге ризашылығын білдіріп.

Автордан. XX ғасырдың 30-жылдарында ғасырлар бойы күнкөріс көзі болған малдан айырылып, Кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан сонау Арқадан тоз-тоз болып, босып кеткен мыңдаған жандардың бірі -Ержұманның отбасы да арып-ашып, талай азапты күндерді басынан кешіріп Мойынқұмға табан тіреп, әулеттің қара шаңырағын алапат ашаршылықтан сақтап қалды.

Сөздің реті келіп тұрғанда айта кеткен жөн шығар, Шу алқабындағы Мойынқұм өңірі өткен ғасырдың басында сырттан келгендерге де және аштықтан еліміздің терістігінен ауғандарға да пана болған құтты мекен. Тарихқа көз жүгіртсек, қазіргі Мойынқұм ауданының орталығы Мойынқұм ауылы (бұрын Фурмановка) 1903

жылы Гуляевка деп аталған екен. Олай аталу себебі, бұл өңірге алғаш рет орта дәулетті шаруа Гуляев Федор қоныстанады. Ол Ресейден қырғыз еліне келіп, мал өсірумен айналысады. Гуляев жаз айларында Қырғызстандағы Шалдабардан малын айдап әкеліп, малдың қоңын көтеруге шөбі құнарлы, Шу өзеніне жақын орналасқан қазіргі Мойынқұм ауылында малын бағып жүреді. Кейін осы жерге қоныстанып біржола тұрып қалады. Алғаш 4 қана үй болыпты. Сонау Ресейден талай қиындықтарды бастарынан кешіріп, жол азабын тартып келген орыс шаруалары адамға да, малға да жайлы осы өңірді тегіннен тегін тандамаса керек.

Сол сияқты өткен ғасырдың 30-жылдарында ашаршылықтың салдарынан Арқадан босып келген ел-жұрт Шу өзені алқабындағы Қазақ хандығының алғашқы билік жүргізген аймағы болған Мойынқұм өңірінен пана іздеген. Ал Хан ордасының осы аймақтағы Қозыбасы деген жерде орналасқаны тарихтан белгілі.

Сөйтіп, көптеген босқындар бала-шағасын аштықтан аман алып қалу үшін Мойынқұмға келіп, жан сақтап қалғанын сол зобалаң жылдардың куәсі болған қариялар айтып отырады екен. *(310–319 бб.)*

Сазгер, Шу ауданының құрметті азаматы
***Серік Әденовтің** естелігі*

АНАМ АЗАПТЫ КҮНДЕРДІ СЫБЫРЛАП ҚАНА АЙТЫП ОТЫРАТЫН

Құйындай ұшып келген алапат ашаршылық қайдан келді? Ғасырлар бойы қалыптасқан тіршілігімен айналысып жатқан ауылдардың күл-талқаны шықты, әр отбасының шаңырағы ортасына түсіп, адамдар бір үзім нан тауып жей алмай басы ауған жаққа қаңғырып кетті. Қазақтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті, бірақ халықтың рухы жойылған жоқ.

Ұшы-қиыры жоқ кең байтақ даланың бір шетінен екінші жиегіне жету үшін айлап жүретін, мыңғырған малы бар бұл өлкеге ашаршылық келеді деп кім ойлаған? Сарыарқа даласында адам айтқысыз аштық басталып, ел-жұрт ұлан-ғайыр қазақ жеріндегі басқа аймақтарға үдере көшеді.

— Сонау зобалаң жылдарды басынан өткерген аяулы анамның айтқандары әлі есімде, — деп бастады Серік шешесінен естіген әңгімесін есіне түсіріп.

— Сонда халық аштықтан аман қалу үшін атамекенін, туған жерін тастап жан-жаққа кімнің кесірінен босып кетті? Кеңестік дәуірде мұндай сұрақ қойған адам қатаң жазаға тартылатын. Жазықсыз қазақтардың қаны тегілді, мезгілі жетпей мыңцап, миллиондап қара жер құшағына кірген құрбандардыңүні халықтьщ санасында мәңгі сақталады. Қаншама адам сайын далада көмусіз қалды, ит-құсқа жем болды… Дегенмен, сол бір зұлмат жылдарда Сарыарқадан босып кеткен ел ұрпақ қалдырмай, із-түзсіз біржола жойылып кеткен жоқ, заман түзелгеннен кейін тірі қалғандары туған жеріне оралды, ағайын-туыстар бірін-бірі тапты. Ал біразы тағдырдың небір тауқыметін тартып, барған жерлерінде күнкөрістің қамымен орнығып қалды.

Сол қасіретті жылдары анамның басынан кешірген қайғылы оқиғалары сияқты ауыртпалықтар, бүкіл қазақ жерінде болғаны еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана айтыла бастады ғой. Кейінгі кезде анам естен кетпес азапты күндерін қинала отырып, сыбырлап қана айтып отырушы еді. 1900 жылы дүниеге келген анам Ақлима Ебейқызы Сарыарқа төсіндегі Ақшатау өңірінің қызы еді. Ерекше қабілетті болды, би билеп, әншілік өнерімен де көзге түсіп қана қоймай, ажарына сай көрікті әрі келбетті болғаны рас. «Алып анадан туады» демекші, менің әнге құштарлығым бала кезімнен басталды, бірақ сазгер боламын деп ойлаған емеспін. Мақтанғандық емес, менің бойымдағы өнерге деген сүйіспеншілік анамнан дарығаны шындық. Мысалы, аты аңызға айналған халқымыздың біртуар азаматы-әнші, сазгер, палуан Балуан Шолақтың анасы Қалампыр сегіз қырлы, бір сырлы алып күштің иесі болған екен, — деді Серік сәл үнсіз қалып.

Қазақтар ежелгі дәуірден мал шаруашылығымен айналысқанына қарамастан, Кеңес өкіметі халықтың тұрмыс-жағдайын ескермей ауылдардағы барлық малды күштеп тәркілеп алады. Аштық осыдан басталды. Сол сияқты Ақлима анамның ауылы да қаңырап бос қалыпты. Ауылдың шетіндегі жыралар көмусіз қалған мәйіттерге толып кеткен. Кеудесінде әлі де болса күші барлар берекесі қашып, жейтін тамақ болмай қалған ауылдан басқа жаққа кете бастайды. Үйінен шыға алмай отбасымен бірге қырылып жатқандары

қаншама, қайда қараса да өліп жатқан адамдар… Осындай ауыр жағдайға Ақлима апамның да отбасы ұшырап, әке-шешесімен қоса бауырлары бар, үбірлі-шүбірлі 13–14 жан аштықтан түгелдей қырылып, тек қана жападан жалғыз езі ғана тірі қалған екен.

Сол кезде Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарындағы биліктің озбырлығы шектен шығып кетсе керек. Мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге шыдамай, халық оңтүстік аудандарға жаяу-жалпылап босып кетеді. Бұл өңірлерде де тұрмыстың жетісіп тұрмағанын аштықтан бұралған жандар қайдан білсін. Әйтеуір, жанталас болған ғой. Сойтіп, туған-туысқандарынан түгелдей айырылған Ақлима жан сақтау қамымен 1930 жылы шұбырған жұртқа ілесіп, Мойынқұм аймағындағы Аманкелді ауылына келіп жетеді.

Бір айға жуық Ақлима жол-жөнекей аштықтың, жолдың азабын тартып небір сұмдықтарды көреді. Елсіз дала адамдардың мәйіттеріне толы, ішінде өмірдің қиындығын да, рақатын да көре алмай анасының құшағында өліп жатқан емшектегі баланы көргенде босып келе жатқан бейшаралардың жан-дүниесі қатты қиналып, етектері көздерінің жасына толған екен. Қазан төңкерісіне дейін миллиондап мал өргізген ұлы далада бірде-бір тірі жан қалмай, бәрі де жер бетінен жойылып кеткен сияқты көрінеді. Беті топырақпен жабылмаған, ісіп-кеуіп еліп жатқан адамдардың, тіпті, әлі де кеудесінде қаны бар, бірақ орындарынан тұруға шамасы келмейтіндердің көзі-басын бір жерде құзғын қарғалар шұқылап жатса, ал жолдың бойында қасқырлар әлсіз тірі адамдарды сүйретіп бара жатқанын көргенде босқындардың төбе шашы тік тұрып, естерінен танып қалатындай күйде болған. Кейде ашыққан жыртқыштар күндіз де, түнде де шұбырған топқа шабуылдап, жүруге шамасы келмей артта қалған бірлі-жарым адамды тарпа бас салып сүйретіп әкетеді екен. Мұндай сұмдықты кім көрген!

Ұжымдастыру басталысымен-ақ Амангелді ауылында тары егуді қолға алып, жергілікті билік барлық ауыл тұрғындарын арық қазуға жұмылдырыпты. Еңбек етсе ауызға бірдеме ілінетінін біліп, Арқадан аштықтың салдарынан арып-ашып келген адамдардың бір тобы осы ауылда тұрақтап қалады. Солардың арасында үлкен отбасынан жалғыз өзі тірі қалған Ақлима анамда болады. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деп ата-бабаларымыз айтып кеткендей, ол бұрын-соңды болмаған Сарыарқа өңіріндегі алапат ашаршылықтан аман қалып, оңтүстік өлкеге келіп өлместің күнін

көріп жүре береді. Дегенмен, Ақлима алдында тағы да тағдырдың қандай ауыртпалықтары күтіп тұрғанын білген жоқ, қайдан білсін!

Ашаршылықтың зардабын тарта жүріп, Амангелді ауылындағы жігітке тұрмысқа шығады. Ертеңнен қара кешке дейінгі тынымсыз ауыр жұмыстың салдарынан, күнделікті ішіп-жейтін тамақтың жеткіліксіздігінен, сондай-ақ жергілікті биліктің зорлық-зомбылығына шыдай алмай күйеуі де, балалары да қайтыс болады. Бұндай бел қайыстырар қайғылы оқиғалар сол ауылдағы әрбір отбасының мүшелерін жалмапты. Қайғыдан қан жұтқан жесір келіншек 1933 жылы Шу стансасынан 7–8 шақырымдай қашықтықта орналасқан Көктөбе ауылына табан тірейді…

Бар болғаны жиырма шақты үймен 1929 жылы колхозға біріккен бұл ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі де мәз емес еді. Малдың бәрін жоғарыдан келген билік әкілдері тізімге алып, ұжымға өткізіп жіберген. Кейбір мәліметтерге көз салсақ, 1929 жылғы малдан бүкіл қазақ елінде 1933 жылы небәрі 6 пайызы ғана қалған. Халықты аштықтан құтқару үшін мемлекет тарапынан ешқандай көмек болмаған. Тіпті, патша өкіметі қазақ жерін отарлай бастаған заманда көшпелі халықтың қамын жасап, аштықтан қырылып қалмас үшін әрбір отбасында ең кем дегенде 30 бас мал болуы керек есептеген.

Сол ауыр жылдары Көктебе колхозын жергілікті тұрғындардың арасынан шыққан Ағаділ Ғалиақбаров басқарады. Бұл кісінің зұлмат жылдардағы қиыншылықтарға қарамастан, өзіне кез келген уақытта қауіп төнетінін біле тұрса да, ашыққан ауылдастарына қамқорлық жасағаны туралы қазіргі кезде сол ашаршылықты көрген қарттар айтып отырады.

1932 жылдың күзіне қарай ашаршылық ауылдың тұрмыс-тіршілігін күйзелтіп жібереді. Бұған дейін тәркілеуден жасырып қалған бір-екі малымен күн көріп отырған елдің азық-түлік қоры таусылып, аштық қысымға алады. Көп адам бірдемеден дәм етіп, сандалып колхоз кеңсесіне күнде шұбырып келіп жатады. Ашыққан адамдарға беретін ештеме жоқ, қамбадағы астық пен мал қораларын қарулы милиция күндіз-түні күзетіп тұрады. Қазақстанның барлық аймақтарында колхоздың бастықтарына қырылып жатқан халыққа астық беруге жоғарғы билік рұқсат бермеген. Жоғарыдан түскен нұсқауды сәл ғана бұзатын болса, бастық бүкіл кеңседе отырған қызметкерлерімен бірге сотталады,

Сібірге айдалады. Жазықсыз абақтыға жабылған басшылар Шу ауданында да көп болыпты. «Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» деп халық айтқандай, бір жағынан Кеңес өкіметінің бұйрығын орындау керек, ал екінші жағынан қырылып жатқан ауылдастарын аштықтан құтқару керек, осындай қысылтаяң кезде колхоз басқару — қияметтің нағыз өзі болған. Егер жұмыстан бас тартса, онда да жауапқа тартылады екен. Сталиннің үлкенді кішілі басшыларға қойған талабы осы болыпты. Бұған не айтуға болады? Осындай аласапыран заманда Ағаділ Ғалиақбаров тығырықтан шығудың жолын жанталаса іздестіреді…

Сол кезде колхоз бастығы өзінің қарамағындағы қызметкерлерімен бірге бір бөлмеде отырады. Бұл кеңсе үйі ауыл байларының бірінен тәркіленіп алынған еді. Колхоз құрыла бастаған кезден-ақ аздаған білімі бар Асанбек Жұрымбаев есепші болып жұмыс істеп, өз ісіне тиянақты маман екендігін көрсете білген. Аштық шарықтау шегіне жеткен кезде колхоз басшылары отырған кеңседе адамның жан-дүниесі түршігетін бір қайғылы оқиға былай болған екен.

Бір күні Ағаділ отырған кеңсенің есігі сықырлап-шиқылдап зорға ашылады. Есіктің аржағынан шамамен 1–1,5 жасар баласын көтерген жас келіншек кіріп келеді. Өңі сұп-сұр, көзі шүңірейіп ішіне кіріп кеткен, қол-аяғы дірілдеп әрең қозғалады. Табалдырықтан аттай бере есікті жабуға тұтқаға жармасады, бірақ есікті ішке қарай тартуға күші жетпепті. Қу сүйегі қалған, кезі аларып кеткен әйел үнсіз кеңсе қызметкерлеріне қарап, состиып тұрып қалады. Бірдеме айтуға аузы икемге келмейтін сияқты. Көтеріп алған баласының үні шықпайды. Әйелдің әбден қалжырап біраз уақыттан бері нәр татпағанын бөлмеде отырған қызметкерлер біліп тұр.

— Бір үзім нан беріңдерші… — деп, аржағын айта алмай жылап жібереді. Кеңседе отырғандардың біреуі жарты уыстан да аз ғана тарының талқанын әйелге ұстата береді. Ол талқанды аузына салғаны сол еді, шайнауға да шамасы келмей қақалып-шашалып жатып, қолындағы баласын жерге сылқ еткізіп коя салады да, арыбері теңселіп екі аяғымен жерді тіреп тұруға әл-қуаты жетпей, бар салмағымен гүрс етіп құлап түседі. Аһ! — деп, бір қызметкер жетіп барса, әйел сол мезетте үзіліп кетіпті, ал бейшара әйелдің сәбиі анасынан сүт шықпай, кеңсеге келгенге дейін аштықтан өліп

қалғанын байқайды. Кеңседе отырғандардың бәрі шыдай алмай орындарынан өре түрегеліп, біреуі терезеге қарап, енді біреуі бастық пен есепшіге қарап, көз жастарын сығып-сығып алады. Ағаділ де сасқалақтап біресе қызметкерлерге, біресе өліп жатқан әйелмен балаға қарай берген…

— О дүние-ай, ел-жұртты осындай халге жеткізген заман да болады деп, кім ойлаған? Мұны көргенше, өлгеніміз жақсы еді ғой, — деп бастық столды қос қолымен қойып қалады да, есікке қарай екі-үш қадам жүріп, кілт тоқтайды. Екі құлағы шуылдап, қаны басына шауып, арқа жотасынан суық тер бұрқ етіп, тұла бойы қалшылдай жөнелгендей күйде болады. Бастық деген аты болмаса, оның қолында ауылдастарына беретін ештеңе болмаған ғой, өзі де екі-үш күннен бері қара су мен бір жапырақ наннан басқа ештемені көрмеген аш екен. Оның мұндай жағдайын ауыл тұрғындары қайдан білсін. Ашыққан әйел есі ауысып, көтеріп келе жатқан баласының да қатып қалғанын сезбей, кеңседегі адамдардан үміт күтіп, соңғы күшін жинап, ақырғы демін тартып кеңсеге келген беті осы болған.. Бейшараға көмек бере алмағанына бастықтан бастап бәрі қандары қайнап, жандары ашып, қатты күйзеледі.

Тіл тартпай кеткен әйелді сәбиімен бірге көмуге шамасы келеді-ау деген екі-үш жігітті тауып алып, ауылдың сыртындағы бір шұңқырға апарып, бетін жабады. Кейін белгілі болғандай, бұл әйел Орта Жайсанда ұжымдастырылған Ленин колхозынан қаңғырып келген, күйеуі мен басқа балалары бір түннің ішінде 1932 жылдың күзгі қара суығында аштықтан өліп қалған екен. Кішкентай баласын көтеріп алып басы ауған жаққа жүре берген, жеткен жері осы болыпты.

Осы оқиғадан соң бастық өзінің қара басын қатерге тігіп, ешкімге білдірмей колхоз қамбасынан отбасымен бірге әлсіреп жатқан тұрғындарға аздап қана астық бөліп тұрған. Егер бұны аудан басшылары біліп қойса, Кеңес өкіметіне қарсы шықты деп, дереу түрмеге жабар еді. Құдай сақтап, биліктің мұндай озбырлығынан аман қалған. «Адал адамға құдай жақ болады» демекші, Ағаділ Ғалиақбаровқа колхозшылардың тұрмыс-жағдайын жақсартып, колхоз құрылысын жақсы ұйымдастырғаны және экономикасын дамытудағы табысты жетістіктері үшін, кейінірек Соціалистік Еңбек Ері атағы беріледі.

Ағаділдің өзі кедей отбасынан шыққан екен, ал әйелі байдың қызы болғанымен адамгершілігі мол, іскер адам болыпты. Ол қиын заманда қарап отырмай ауыл әйелдерімен бірге киіз басып, құрақ құрап, киіз үйдің жабдықтарын жасап көпшілікке көмектесуді қолға алған. Қолынан келген басқа да көмегін аштыққа ұшыраған адамдардан аямаған.

Мойынқұмнан тағдырдың тауқыметін көріп келген жас әйелге қамқорлық жасап, күйеуі Ағаділмен келісе отырып, өз үйлерінде тұрғызады. Ақлима апамда еңбекқорлығымен, инабаттылығымен, кішіпейілдігімен және өнерге деген қабілетімен көзге түсіп, бастықтың әйеліне ұнап қалады. Ол бүкіл қазақ елін жайлаған ашаршылықтың салдарынан туған-туысқандарынан, бауырларынан, әке-шешесі мен балаларынан айырылған жесір келіншекті қамқорлығына алып, оның келешегіне ерекше ықылас білдіріп, Ақлиманы көрегендікпен Көктөбе ауылының тұрғыны Әбдікерімге үйлендіреді…

Қазіргі Көктөбе-Шу жеке шаруашылық серіктестігінің (бұрынғы Жамбыл атындағы колхоз) территориясында 1929 жылы Көктөбе колхозымен қатар, тағы да Қарауылтөбе, Ленин, Кербұлақ деген үш колхоз құрылады. 1951 жылы аталған шағын колхоздар бірігіп, Жамбыл атындағы колхоз болып атанды. Қазақстанның барлық аймақтарындағы жағдай сияқты, Шу ауданында да отырықшылыққа жеделдете көшіру жүргізіледі. Билік өкілдері осындай мақсатпен айналасы 70–80 шақырым қашықтықта мекендейтін тұрғындарды Шу өзенінің аңғарындағы Орта Жайсан деген жерге түгел топтастырады. Бұл Ленин атындағы колхоздың орталығы ретінде жоспарланған көрінеді. Халықты жинап отырықшылыққа және колхозды нығайту үшін алыстағы ауылдардарға жоғарғы биліктің бұйрығымен көлік, сол көлікпен бірге белінде тапаншасы бар милиңионерлер жіберіледі. Олар қыстауларда отырған адамдарды киіз үйлерінен қуып шығып, апарған көліктеріне күштеп мінгізіп алып келеді. Бұл оқиға 1932 жылы көктемгі егіс науқаны басталуға үш күн қалғанда болған. Таңның атысы, күннің батысы ауыр жұмыстарға жегілген колхозшылар колхоздан ешқандай көмек ала алмай аштыққа ұшырап, осы жылдың күзіне қарай тең жартысы жан-жаққа безіп кеткен. Көбісі Қырғызстанға кетсе керек. Жоғарыда айтылған Ағаділдің кеңсесіне құшағында өліп қалған баласымен келген аш әйел сол Ленин колхозынан болып шықты.

Төле би бабамыздың жайлауы болған, ұлы бидің қолында жүріп ер жетіп, тәрбие алған, түйесін баққан Әбілмансұр-Сабалақ (Абылай хан) артында «Сабалақ сайы» деген өшпес із қалдырған шөбі шүйгін, аң-құстарға толы кең-байтақ киелі даланы жергілікті ру-тайпалар ежелден-ақ Алдыңғы Жайсан, Орта Жайсан, Алыс Жайсан деп үш аймаққа болген екен. Кеңес өкіметі келгенге дейін осы өңірдегі халық мыңғырған мал өсіріп, қазы-қарта жеп, а дам ағзасына шипа болатын қымыз, шұбат ішіп, тамақты талғап жейтін ел, енді олар жаңа өкімет орнағаннан кейін Жайсанда бір үзім нанға зар болып қырылып қалады деп кім ойлаған?

1933 жылы Шу ауданындағы колхоздардың жағдай қиындай түседі, тіпті кейбір ұжымдарда 5–6 жылқыдан ғана қалған, басқа да мал басы азайып кеткен. Кейбір ауылдарда халық қатты ашығып, үлкен адамдар қалмаған, ашаршылықтың кесірінен жан-жаққа қаңғырып кеткендіктен, олардың орнында жасөспірімдердің жұмыс істеуіне тура келеді. Колхоз мүшелері үйіне бір уыс дән болса да әкелуге тырысты, бірақ заңның қаталдығы сондай, қалтасынан бір-екі сабақ бидайдың дәнін тапса болды, дереу қолына кісен салып алып кететін.

Сол кезде 12–13 жаста болған Оқас ақсақал Орта Жайсаннан арбамен Шу стансасына Ленин атындағы колхоздың астығын тасыған. Арбадағы бидайды күзетіп келе жатқан милицияға көрсетпей, өзі үстінде отырған қаптың бір бұрышын шұқылап қолына түскен дәнді аузына салып жіберіп, ақырын ғана шайнай береді екен. Сөйтіп, шикі бидай балаға аздап болса да күш қуат беретіндей болған. Кешке қарай үйіне өзегі талып келетін Оқас қорада тұрған жалғыз ешкінің емшегіне ауыз салып, лақша еміп жүрген. «Аштық не жегізбейді…» деген осы емес пе?

Жайсан өңіріндегі басқа колхоздарға қарағанда, Ағаділ туа біткен қабілетімен, іскерлігімен аудан басшылығы мен өзі басқарып отырған Көктөбе колхозының арасында тығыз қарым-қатынас орнатады. Мал саны көбейіп, астық жоспарын орындау бір жүйеге келтіріледі. Колхозшыларға да қолдан келген көмегін аямаған. Қанша дегенмен, Кеңес өкіметіне де колхоз жұмысын жақсы ұйымдастыратын іскер басшылар керек болған ғой.Колхоздастыруға күштеп те, үгіт-насихат арқылы да бүкіл халықты көндіріп, заман түзеле бастаған кезде 1938 жылы Ағаділ Ғалиақбаровты білімін жетілдіру мақсатымен Алматы қаласына оқуға жібереді.

Ұжымның жиналысында есепші қызметін атқарып жүрген Асанбек Жұрымбаев колхоз бастығы болып сайланады. Қиынқыстау кезеңде 5 кластық қана білім алған, ол алғашында Көктөбе колхозын, кейін біріктірілген Жамбыл атындағы колхозды 22 жыл басқарады. Осы жылдардың ішінде колхозшылардың әл-ауқаты жақсарып, колхоздың экономикасы дамып киелі Жайсан жері 56 мың қой, 1,5 мың жылқы мен 2 мың сиырға толып, ауылдың құт-берекесі боп жайлаудың сәнін келтіреді. Асанбектің тікелей қолға алуымен клуб, кеңсе үйінің салынуына, екі қабатты мектептің бой көтеріп халықтың игілігіне берілуіне бас-көз болғанын ешкім ұмытпаған. Серіктің әкесі Әбдікерім басқарманың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметінде жүріп, жан-жақтан колхоздың қажетіне жарайтын әртүрлі техникаларды және мал жинаумен айналысқан…

— Ата-анам бес ұлды болғанымен, 1941–1945 жылдардағы жойқын соғыс зардаптарының салдарынан ертелі-кеш жұмыс бастылықпен дұрыс күтім болмағандықтан төрт бірдей бауырым жастай шетінеп, көрер жарығым бар екен, мен ғана аман қалдым, — деді 80 жасты еңсерген Шу ауданының сыйлы азаматы, сырлы сазгер Серік қария. *(340–346 бб.)*

*Ұлы Отан соғысының ардагері, 50 жыл теміржолда қызмет атқарған **Темірбек Қалықовтың** естелігі*

ЖОЛ БОЙЫНДА КӨРГЕН НЕБІР СҰМДЫҚТАР ЕСТЕН КЕТПЕЙДІ

Темірбек ақсақал 1924 жылы Шу ауданы Көктөбе ауылында жарық дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып елге аман оралады. Ол өзінің өмірбаян беттерінің ең бір қиын кезеңдерін біздің сұрағымызға жауап бере отырып, есінде қалған небір сұмдық оқиғаларды айтып берді.

— Әкем Қалық жас кезінен бастап қартайған шағына дейін етікшілікті кәсіп етті. Шешемнің аты-жөні Уәзипа, ардақты анамыз 4 қыз, 5 ұлды тәрбиелеп ел қатарына қосты, — деп әңгімесін бастады Темірбек қария.

— Өздеріңіз білесіздер, біздің құрбы-құрдастарымыздың балалық шағы ашаршылық жылдарымен тұспа-тұс келді гой. Есімде

қалған адамның өңі түгілі, түсіне кірмейтін кейбір өзім көрген жағдайларды айтып берейін. Біздің сол кездегі балалық шағымызды қазіргі жасөспірімдердің басына бермесін. Өте қиын заман болғаны қазір барша жұртқа белгілі болды ғой, бұрын Кеңес өкіметі кезінде ашаршылық туралы жұмған аузымызды аша алмайтын едік. Билік халықтың аштықтан қырылғанын жасырды, тіпті, заман түзелгеннен кейін де кімде-кім бұл жөнінде сөз қозғай қалса дереу жауапқа тартылатын.

Жергілікті билік өкілдері 1930 жылы жаз айларының бірінде ауылдағы барлық малды жинап алып, колхозға өткізіп жіберді. Біздің үйдің малын да тігерге тұяқ қалдырмай зорлықпен тартып алғанын, сол аласапыран кезде бала болсам да күні бүгінге дейін ұмытқан жоқпын. Малдан жұрдай болған ел-жұрт туған жерін тастап жан-жаққа кете бастады, көбі Шуға жақын орналасқан Қырғызстанға ауды. Біз де жол-жөнекей небір қиындықтарды басымыздан кешіріп, Фрунзе (қазір Бішкек) қаласына әрең жеттік.

Бұл қала біздің ауылдан 120–130 шақырымдай қашықтықта жатты. Ауыл ақсақалдары ақылдаса келіп қырғыз еліне жалғыз-жалпы бармай, топталып бару керек деген шешімге келеді. Кеңестік билік «колхоздан қашсаңдар, өкіметке қарсысыңдар, сотталасыңдар» деп қорқытып, басқа елге қоныс аударуға қатаң тыйым салғанекен. Сондықтан, ешкімге білдірмей бірнеше отбасы көшуге дайындала бастады. Көрпе-жастықтарды, керекті ыдыс-аяқтарды т. б. дүние-мүліктерді атқа, түйеге артып түнделетіп ауылдан шығып кеттік.

Түн қараңғысында отызыншы жылдың қалың күзінде ызғарлы суық желдің соғып тұрғаны есімде жақсы сақталып қалды. Анам түйенің қомында мені көрпеге орап алдына алып отырды. Ат пен түйелердің үстіне кемпір-шалдар мен жас балалар ғана жайғасты. Ал ересек адамдар түйелерді жетектеп жаяу жүрді. Ауылдан 10–15 шақырымдай шыға бере түйенің басын ұстап келе жатқан орта жастағы Жақып деген кісі көзі алақтап, сөйлеуге шамасы келмей тұра қалды да, сылқ етіп құлап түсті, сол құлаған қалпында тіл тартпай кетті. Бірінің артынан бірі тізбектеліп келе жатқан жүргіншілер не істерін білмей, көздерінен жас та шықпай аңырайып тұрып қалды. Оның шын өлгенін білген бір туысы «Ой, бауырым-ай!» деуге ғана әлі жетіп, ол да табан астында үзіліп кетті. Апамның алдында отырған мен осы көріністен қатты қорқып, шыңғырып жылап жібердім.

Сонымен үлкендер қолдарына күрек алып, екі ағайындыны бір жерге көмді. Бұл кезде таң қылаң бере бастаған еді. Жүрісіміз баяу, қазіргі Тасөткелсу қоймасының маңында ертеден-ақ Шу өзенінен ары-бері өтетін өткел болған екен. Бұл жайында бүгінде ғана білдік қой. Су қоймасынан жоғары ортағасырлық Баласағұн қаласында қазба жұмыстарын жүргізген ғалымдардың айтуынша, судың астына тас төселген өткелді ежелгі біздің ата-бабаларымыз пайдаланған көрінеді. Бұл откел XX ғасырдың 60-жылдарында Шу өңіріндегі шаруашылықтарды суландыруға байланысты салынған су қоймасының құрылысы кезінде жойылып кеткен болуы керек. Жергілікті халық керуен жолындағы өткелді тегіннен тегін «Тасөткел» деп атамаған ғой.

Сол кезде өзеннен қалай өткеніміз есімде қалыпты. Өзен суы соншалықты терең болған жоқ, түйені жетектеген кісінің белінен ғана келді. Сонымен ешкімнің көзіне түспеуге тырысып, жүріп келеміз. Ілгері қадам басқан сайын шаршағанымыз біліне бастады. Өзегіміз талып, шөл одан сайын қысып барады. Өзімізбен бірге алып шыққан су да таусылуға жақындады.

Күн көтеріліп, шаңқай түс болды. Жаяу-жалпылап көшті бастап келе жатқан кісілер әлсіреп, бір тынығып алу үшін түйелерді шөгерді де, аттардың үстіндегі жүкті жерге түсірді. Сонда бір ақсақал:

— Азырақ осы жерде тыныстап алайық, — деді. Айтқаны сол еді, бәріміз жерге отыра кеттік. Әр отбасы өздерімен бірге алып шыққан азықтарымен тамақтануға кірісті. Кімде қандай тамақ болды дерсің? Біз бидайдың талқанын суға шылап жедік. Нан болған жоқ, көшердің алдында сойып алған, аз ғана тоқтының еті бар еді, оны әке-шешем кейінгі күндерге қалдырды. Сөйтіп, әркім тамақтан өтетін бірдемелерін ішіп-жеп, әжептәуір әл-қуат жинап алдық.

Түс ауа көш жолға шықты. Жол бойында шұбырған адамдар… Күн ұясына батуға жақындады. Сол кезде екі жағы суалып, көзі шүңірейіп кеткен ұзын бойлы жігіт қарсы алдымыздағы қалың қамыстан шыға келіп менің әкеме қинала тұрып былай деді:

— Аға, мен нәр татпағалы төрт күн болды. Әбден қалжырадым. Масақтан теріп алған екі уыс бидайды үйдегі бала-шағама тастап кетіп едім. Мына қамыстың арасынан өліп жатқан аң-құс кездесіп қала ма деп, далбасалап келген бетім еді. Қолымда қаруым да жоқ, бірақ ешнәрсе таба алмадым.

Әкем оған бір ауыз сөз айтпай, бір кесе талқанды шүберекке орап берді. Әлгі байғұс қуанғанынан жылап жіберді. Жолда тағы бір түнедік. Түн өте суық болды. Көрпеге оранып, оның үстінен ескі киізбен жамылып жаттық. Ертеңіне қайтадан Фрунзе қаласын бетке алып жүріп кеттік. Біраз жүргеннен кейін алыстан екі-үш адамның от жағып отырғанын байқадық, жақындап келсек олар жолдың шетінде саршұнақтың етін отқа қақтап отыр екен. Міне, аштық деген адам баласына не жегізбейді?

Түске жақын жолдан екі-үш шақырымдай қашықтықта бір ауыл көрінді. Ауылдан берірек 4–5 адам жол бойына жақындау төбенің үстінде жерді қазып жатты. Солардың біреуі бізге қарай жүгіріп келді де:

— Ағайындар-ау! Тамақтан өтетін бірдемелеріңіз бар ма, бірнеше күн аш келе жатырмыз. Елден шыққалы бес күн болды. Түнде осы жерде қонып едік, таңертең екі жерлесіміз оянбады, аш өзегіне түсіп кетсе керек, сол жатқан жерлерінде жантәсілім етіпті. Марқұмдардың бетін жасыру үшін ана көрініп тұрған ауылдан кетпен-күрек алып келдік. Өзіміз қонған жерге өліктерді көміп жатырмыз. Сол ауылға тіске басар бірдеме табылып қалатын шығар деп үміттеніп барып едік, бірнеше үйді аралап тамақ пен күрек іздедік, күректі алып келдік, ал тамақ табылмады. Біз кірген үйлердің ішінде дүние-мүлік сол қалпында тұр. Бірақ адамдары жоқ, біз сияқты аштықтан басы ауған жаққа қаңғырып кетсе керек, — деді де, бір нәрсе бере ме дегендей бізге жалтақ жалтақ қарады.

Көшті бастап келе жатқан ақсақал бәрімізді тоқтатып:

— Мына бейшараларға кемек берейік, кімде не бар аздап беріңдер, — деп арқасындағы дорбадан бір уыс жүгеріні оның қолындағы қапшығына салып берді. Әркім бала-шағасының аузынан жырып, алып келе жатқан азықтарынан бөліп беріп жатты. Қандай адамгершілік, қандай имандылық десеңші, өздері әупірімдеп әрең келе жатып, ашыққандарға қол ұшын беру — нағыз ерлік емес пе?

Небір сұмдықты үлкен жолға шыққанда көрдік. Күн суық, күздің ызғарлы желі өңменіңнен өтіп кететіндей гуілдейді. Жол бойында ісіп-кеуіп, ыңырсыған, құлап жатқан, қу сүйегі қалған адамдарды көргенде есімізден танып қалғандай болдық. Бірнеше қадам жүргеннен кейін жолдың шетіндегі қураған ағаштың түбінде бір жас әйел өліп жатыр, кеудесіне жармасқан баласы сол қалпында қатып қалған. Сәбидің аузы қан… Мұндай сұмдықты

көріп жан-дүниеміз қатты күйзеліп, төбе шашымыз тік тұрды. Жол-жөнекей толған өліктерге бірте-бірте көзіміз үйрене бастады. Жолды жағалай біреудің жотасы, біреудің басы немесе он екі мүшесінің бірі көрініп жатады…

Сонымен екі түнеп қырғыз еліне де жеттік-ау, әйтеуір! Төрт жыл Қырғызстанның орталығы Фрунзе қаласында тұрып, 1934 жылы елге қайта көшіп келдік. Ол жерде тұрған кезде әкемнің тіккен етіктері мен байпақтарын базарға сатып күнімізді көрдік.

Ауылдағы мектепке он жасымда бардым. Мектеп өте қарапайым жер үй болды, бір бөлмеде бірнеше сыныпты қосып, сабақ оқытатын. Төрт сыныпты бітіргеннен кейін бесінші сыныптан бастап аудан орталығындағы интернатта оқыдым. Сол ауыр жылдары интернатта оқыған тиімді болатын. Тегін оқытады, керпе-төсек таза, киім-кешекпен қамтамасыз етеді. 17 жасымда оқуды бітірдім. 1941 жылы соғысқа алып кетті. Әскерде жүріп, көрмеген жеріміз қалмады. Ленинград пен Калининград жерлеріндегі майданда болып, Берлинге дейін бардық. 1945 жылы соғыс аяқталып, елге келгенге дейін қан майданда бір күн оңай болған жоқ, соғыстың аты — соғыс қой.

Әскерден келген соң теміржолшылар дайындайтын бір жылдық курста оқып, Шу теміржол стансасына механик болып орналастым. Содан станса бастығы қызметіне дейін көтеріліп, жалпы алғанда теміржолда 50 жыл еңбек еттім. Зайыбым Базаркүл екеуміз 45 жыл бірге тұрып, 4 қыз, 6 ұл тәрбиелеп өсірдік. Бүгінгі күні 20 немереміз бар. Аллаға шүкір, бала-шағамыз аман, немерелер өсіп жатыр. Енді елімізде тыныштық болып, біздің басымыздан өткен қиындықтарды қазіргі және келешектегі ұрпаққа көрсетпесін деп, Алла тағаладан сұрайтыным осы. *(388–391 бб.)*

*Соғыс және еңбек ардагері **Жарқынбек Құлжанысовпен** сұхбат*

ТІРІДЕЙ КӨМІЛГЕН БАЛА

— Жарқынбек аға, сіздің ғұмырнамалық естелігіңізді бұрын да жазып алғанбыз, «есіме түссе тағы да бір оқиғаны айтып беремін» деп едіңіз?

— Иә, айтып берейін. Сол заманда қанша тағдыр болса, соншама қиындықтар болды ғой. Мен өзбектерге жақын болдым, өйткені,

зайыбым– Парақат Мұратқызының ұлты өзбек. Дәм-тұзымыз жарасып, отау құрдық. Құдайға шүкір, қазір жасым тоқсаннан асты, өлген жоқпын, одан басқаның

бәрін көруге тура келді. Жетімдік, ашаршылық, соғыс — осының бәрі менің басымнан өтті. Бүгінгі күнге ризамын 5 балам, 16 немерем және 22 шөберем бар. Аңсаған арманымның орындалғаны осы емес пе?

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне ғана тоқталып өтейін. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Ташкентке әйелімнің туысқандарына барып жүріп, өзбек болып кеткен бір қазақтың әңгімесін естіп едім. Ол кісінің аты-жөні Қалибек еді. Оның айтуынша, 1932 жылдың қаңтар айында әке-шешесі, бірге туған іні-қарындастары бір түнде аштықтан, суықтан опат болған. Олардың тұрған жері қазіргі Тараз қаласынан 10 шақырымдай қашықтықта орналасқан ауыл екен. Жалғыз өзі ғана тірі қалады. Алла тағаланың бұйрығы шығар, ол аштықтан аман қалып, соғысқа да басынан аяғына дейін қатысып елге (Өзбекстанға) төрт мүшесі түгел оралады.

9 жасар Қалибек аштыққа ұрынып, тоз-тоз болып кеткен ауылынан бір үзім нан іздеп, Әулие-Ата қаласына шұбырған босқындармен ілесіп келеді, брнеше күн нәр татпай қаңғып аш-жалаңаш жүргенінде аяқ астынан бір өзбек кездесе кетеді. Қалибек қалада жетім қалған бір баланы тауып алып, сонымен бірге қайыр тілеп жүрген екен. Өзбек балалардың алба-жұлба түрлерін көріп, аяп кетсе керек.

— Өлмеймін десеңдер, менімен бірге жүріңдер, маған көмекші боласыңдар, — деп таза қазақ тілінде балаларға тіл қатады.

Жетімдер үндеместен бастарын ғана изейді. Сөйтсе, бұл кісі саудамен айналысады екен. Балалар оның айтқанын бұлжытпай орындайды. Саудагер тандыр пешке нан пісіріп, әйелі екеуі оны сатуға базарға шығарып тұрған. Оларға ертеңнен қара кешке дейін көмектескені үшін күніне бір күлшеден ғана нан беріп отырады, соған риза болып көктен іздегені жерден табылғандай қуанып, балалар тынымсыз еңбек етеді. Өзбектің әйелі өте мейірімді жан болыпты, күйеуі базарға кеткенде жасырып Қалибекке жарты күлше беріп жүреді. Соны жанындағы бала екеуі қосымша қорек еткен.

Сөйтіп жүргенде бір күні Қалибек қатты ауырып, ауруханаға түсіп қалды. Оның қасындағы бала күн сайын артынан барып,

өзіне тиетін күлшенің жартысын беріп жүреді. Сарттың бір бөлмесінде толған ұн, оған ешкімді кіргізбейді. Тіпті, әйеліне де сенбей ұн сақталған бөлмені құлыптап, кілтін қалтасына салып жүрген. Үй иесінің көңілінен шықпай қалды ма, әлде басқа біреуді тапты ма, ол жағы белгісіз, бір күні сарт әлгі баланы үйінен қуып жібереді…

Бейшара бала өзінің қаңғырып қалғанына қарамастан, Қалибектің халін білейін деп ауруханаға барса, сол жердегі қызметкерлер оның өліп қалғанын, түнделетіп көмуге алып кеткенін айтады. Өзбектің қарамағында Қалибекпен бірге күнін көрген бұл баланың аты — Ақбар екен. Алла тағаланың құдіретімен тірі қалған Қалибек кейін Ақбармен күтпеген жерден кездеседі, сонда ол:

— Сені өліп қалды дегенде, тұрған орнымда сай-сүйегім сырқырап, еңіреп тұрып жыладым. Өзіңді қайда көмгенін ешкім білмейді, далбасалап зираттың басына да бардым… — депті.

Қалибек өзін өлді деп, қалай жерлегенін кейін аурухана қызметкерлерінен біліп алады. Оқиға былай болған екен. Ол ауыр науқастың салдарынан жаны қиналып есінен танып қалады, сонда дәрігерлер өліп қалды деп молаға апарып, оның бетін топырақпен жұқалап жаба салып, кетіп қалған…

Бір кезде топырақтың астында жатқан Қалибек бір нәрседен шошығандай болып басын жұлып алады. Жан-жағына қараса далада, молада көп өліктің ішінде жатыр. Қаптаған өлік, әр жерде қазылған шұңқыр. Таң біліне бастапты. Сол жерде жүрген адамдар Қалибектің тіріліп кеткенін көріп, қатты қорқып бет-бетімен қаша жөнеледі. Ол басын көтеріп, топыраққа белшесінен батып отырады. Әлгілер қашып біраз жерге барған соң сабасына түсіп, қайтып келген. Үш адам екен, ақырын ғана жақындап келгенде Қалибек оларға жалынып: «Ағалар, мені тастап кетпеңдерші, суық өңменімнен өтіп барады» дейді. Олар мұның сөзін түсінбейді. Өздерінің де түр-келбеттері адам шошырлық, сақал-мұрттары өсіп кеткен, тілдері де басқа, қазақтарға ұқсамайды. Үшеуі Қалибектің қасында тұрып өздерінше сөйлеп тұрады. Нақ осы сәтте екі атжеккен арба молаға қарай салдырлатып келе жатады. Аттылы арбаны көрген әлгі үшеуі жанұшыра жан-жаққа безіп кетеді. Ешнәрсеге түсінбей Қалибек біресе қашқандарға, біресе арбадағы адамдарға

жалтақ-жалтақ қарап отыра берген. Біреуі арбадан түсе салып, қашқан адамдарды қуа женеледі де, бір-екі рет бастарынан асыра мылтық атып, арбасына қайтып келеді. Сонда ішіндегі егделеу келген кісі Қалибекті танып қалып:

— Қарағым-ай, сені тірідей көмген екенбіз-ау. Қалай ғана білмей қалдық. Құдайдың алдында қылмыскер бола жаздадық қой! — деп өкінішін білдіреді.

Сөйтіп, Қалибекті көрден шығарып алып, ауруханаға қайтадан алып келеді. Содан ауруханада екі ай жатып, жазылып шығады. Одан шыққан соң баратын жері жоқ, қайда барарын білмей арыбері ойлап, баяғы Ақбар екеуі жалданған саудагер өзбектің үйіне қайта келді. Үйдің дарбазасын қағады, есікті ашқан сарт өліп қалған Қалибектің тіріліп келгенін көріп, есі ауып, алды-артына қарамай қаша жөнелген…

Бұл үйде ол көп тұрақтамайды. Өзбектің қол астында бірге жұмыс істеп, туысындай болып кеткен Ақбарды іздейді. Осылайша қаңғып жүріп Шымкентке, одан әрі Ташкентке өтіп кетеді.

— Ол күнкөрістің қамымен Ташкентке шұбырған қазақтармен бірге ілесіп келіп, жалданатын жұмыс іздеген шығар?

— Иә, отызыншы жылдары Өзбекстанда ашаршылық болған жоқ, аштыққа ұшыраған қазақтар солай қарай ағылды ғой. Сондықтан Қалибек те аштықтан қашқан елмен бірге Ташкентке келген екен, — деді Жарқынбек қария.

— Сол түні аурухана қызметкерлері оны өлдіге санап, молаға апарып бір шұңқырға бетін жұқалап жаба салып кетіп қалғаннан кейін, қабірдегі өлікті тонауға келген ұрылар Қалибектің жатқан жерін қаза бергенде ол кенеттен тіріліп кетіпті. Егер сол түні өлікті тонаушылар келмесе, онда ол о дүниеге аттанар еді. Бұл да бір Алланың құдіретімен болған жағдай ғой.

Отыз үшінші жылы қыс айларының бірінде Қалибек Ташкент базарында нан сатып тұрған бір кісіні байқап қалады. Бұл кісінің түрі таныс сияқты көрінді, ол оған қарап бір орында тапжылмай тұра берді. Ол да Қалибекке қарамай аузы-аузына жұқпай өзбекше сөйлеп, нанын сатуды тоқтатпайды. Сатушыны қайдан көргенін сәл уақыттан соң есіне түсіріп:

— Ей, мені көрден алып шыққан сен емес пе едің? — дейді. Ол сұқ саусағын ерніне апарып, үндеме деген белгі көрсетеді де, аз ғана үнсіздіктен кейін:

— Менің көр қазғанымды әйелім естіп қалмасын, ешкімге айтпашы, — деп жалынады. Қазақша да таза сөйлейді екен. Қалибек кейін білді, оның ұлты украин, есімі — Никола екен.

— Аузымнан сөз шығармаймын, сенің айтқаның болсын.

— Қандай жұмыс істеп жүрсің, егер жұмысың жоқ болса, менде тұра бер, шамам келгенше көмектесейін, — деп мейірімділік көрсетеді, оны ажалдан алып қалған қарсы алдында тұрған көр қазғыштардың біреуі.

Сол сәтте Қалибек іштей қуанып кетеді, бірақ қуанышын сыртқа шығармайды.

— Жарайды, қамқорлығыңа рақмет, қалсам қалайын, — деп бірден келісе кетеді.

— Алыс елден келген жігіт Қалибекке Әулие-Атаға, одан әрі Ташкентке қалай келгенін айтып берді ме екен?

— Иә, бір күні ол Қазақстанға қалай келгені жайында Қалибекке айтып беріпті. Ташкентті шарлап жүріп жұмыс тауып алғанша 15–20 күндей Никола оны асырады. Отызыншы жылдары Украинаға да аштық келген екен. Әке-шешесі сол ашаршылық кезінде қайтыс болады, сөйтіп, ол жастай жетім қалады. Жас бала қаңғырып жүріп, әкесінің айтқаны бойынша, 1905–1906 жылдары оның туыстары Патша өкіметінің жер аударуымен Әулие-Атаға келгенін есіне түсіреді. Соны әкесінен естіген Никола қазақ еліндегі туысқандарын іздеуге бел буады, жол бойында небір қиындықтарды басынан кешіріп, осы қалаға өліп-өшіп жетеді. Бірақ туыстарының мекен-жайы белгісіз болғандықтан ешкімді таба алмайды. Бір айдай Әулие-Ата көшелерін кезіп, әрбір үйдің есігін тоқылдатып қайыр сұрайды. Сөйтіп жүргенде бір бай өзбек кездесіп қалып, соған жалданады. Бір жылдай соның қарамағында болып өлместің күнін көреді, одан кейін де күнкөрістің қамымен әркімнің жұмысын істеп жүреді…

1932 жылы Әулие-Ата өңірінде ашаршылықтан елдің жағдайы қиындап, қырыла бастаған. Енді жалданып бір үзім нан үшін жұмыс істейтін жерде табылмады. Ертеңнен кешке дейін базар аралап жүріп, әр жерден қалған-құтқан қалдықтармен қоректеніп жүреді. Бір күні Никола күн ұясына батып бара жатқанда базардан қайтып келе жатып екі жігітті кездестіреді. Екеудің біреуі оны тоқтатып алып:

— Бізбен бірге жүр, аштан өлмейсің, — депті. Ашығып жүрген Никола ешнәрсеге түсінбесе де бірден келісе кетеді. Үшеуі қараңғы түскенге дейін бір ағаштың түбінде жатады да, кешке тура тартып молаға келеді. Арыққа жасырып қойған кетпен-күрегін алып, қабірдің жаңа жабылған топырағын қаза бастайды.

— Күрекпен сен жатқан жердің топырағын ала бергенімде, сен басыңды жұлып алдың. Мен қатты қорқып кетіп, жүрегім тоқтап қалғандай болды.Үшеуміз жан-жаққа жанұшырып қаша жөнелдік те, біраз жерге барғаннан кейін есімізді жиып, молаға қайта келдік. Сен тапжылмай беліңнен топыраққа батып отыр екенсің. Бірдеме деп тіл қаттың, бірақ бізге түсіну қайда өлген адамның тірілгенін көріп әлі де өз-өзімізге келе алмай тұрдық. Осы кезде екі ат жегілген арба бізге жақындап қалды, арбаның үстінен біреу түсе қалып мылтық атып, бізді қуа жөнелді. Әрең қашып құтылдық. Сол оқиғадан кейін бұл пәлелерден қашып кетуді ойластыра бастадым, — деді Никола.

Сөйтсе, олар өлгендердің жарамды киімдерін алып сататын көр қазушылар екен. Никола өзінің алданып осындай адамдардың қолына түсіп қалғанына қатты қиналып жүреді. Содан бір амалын тауып Ташкентке қашып келеді. Өзбек елінде әркімге жалданып жүріп, бар ынта-жігерімен тыңғылықты жұмыс істейді. Оның адамгершілігі мол, пысық жігіт екенін байқаған өзбек қызы Николаға көңіл аударады, қыздың әкесі де қарсы болмайды. Сөйтіп, ала шапан, ала тақия киіп, сол қызға үйленеді.

Алыс елден келіп, аш-жалаңаш қаңғырып жүрген Никола көр қазғыштарға қосылып, Қалибекті қалай аман алып қалғаны туралы осы естен кетпес оқиғаны айтып берген екен.

— Мен де Никола сияқты өзбек болып кеттім, — деп Қалибек сәл мұңайғандай күйде болды. — Анда-мұнда жүріп аштықтың ажалынан өзбек ағайындардың арқасында аман қалдым. Соғыстың алдында өзбектің қызына үйлендім. Қан майданнан аман оралдым, бұған да шүкір, қазір бір ұлым, бір қызым бар. Олардан 5 немере сүйіп отырмын. Ташкентте тұрып қалдым, бірақ елдегі ағайындарды тауып алып, қарым-қатынас жасап тұрамын. Тоқсаныншы жылдардың басында қазақтар тәуелсіздік алғанда жүрегім жарылып кетердей, шексіз қуанышқа бөлендім, — деді бейнетті көп көрген Қалибек қазіргі өміріне риза болып.

— Қалибек, екеуміз құрдас әрі әйелдеріміз өзбек болғандықтан бажа екенбіз, жетімдікті, аштықты, соғысты бірдей көріппіз.. Бүкіл елдің, сондай-ақ өзіміздің басымызға түскен ауыртпалықтар енді болмасын, — деген тілек білдіріп Жарқынбек ақсақал ажалдан аман қалған құрдасымен қоштасқан екен. *(391–395 бб.)*

2.4. 1931–33 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КУӘГЕРЛЕРІ СӨЙЛЕЙДІ. / А. Әлімовтің редакциясында. — Алматы, 2016.

Кітапта қазақ халқының басынан кешірген ең ауыр қасіреті 1931–33 жылдардағы Ашаршылық куәгерлерінің естеліктері келтіріледі. Жетісу өңірінде ел-жұртты аралап, куәгерлердің естеліктерін 2005–2007 жылдар аралығында Ө. А. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының студенттері мен оқытушылары жазып алған.

Төменде біз сол кітапқа кіріспе ретінде жазылған ғалым А. Әлімовтің мақаласы мен іріктеліп алынған естеліктер шоғырын қаз-қалпында ұсынып отырмыз.

Асхат ӘЛІМОВ

ГЕНОЦИД: ҚАЗАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫ БҮКІЛ АДАМЗАТҚА САБАҚ БОЛСЫН

Тарихшы Қалибек Данияровтың пайымдауы бойынша, 1911 жылы қазақтардың саны 8,4 млн.болған екен (Данияров К. История казахского государства. XV–XX вв. В 2-х ч. — Алматы: Жібек жолы, 2000. — ч. 2, с. 86). Сол санға Қазақстанда араға жүз жыл салып біз енді ғана жеттік. Кейініректе, 15 жыл өткен соң, 1929 жылғы санақ бойынша қазақ саны екі есеге кеміп қалған екен — 4,2 млн. Ал 1939 жылғы санақ бойынша халық саны 1,9 миллионға дейін кеміген. Яғни, ширек ғасыр аясында халқымыз 6,5 миллион перзентінен айрылып қалған! (Егер осыншама халықтың табиғи өсімін де ескеретін болсақ, бұл санның біршама өсіп кететіндігі айдан анық)…

Қазақтың саны сонда қалайша азайған? Оның себебі XX-ғасырдың саяси-әлеуметтік дүрбелеңдері.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы аяусыз жаншылды патша жендеттерімен, талай ауылдар мен ру-тайпалар үдере көшіп, шет елдерге ауып кетті. Бұдан кейін азамат соғысы қазақ ұғымында «ақ-қызыл орыс соғысы» болған емес пе? Бейбіт өмір сүріп жатқан қазақты ақтар келіп бір қырып кетсе, іле-шала қызылдар да ауыл ойранын шығарып отырды. Әлі де социалистік реализмге ден қойып, партияның темір қыспағына түсе қоймаған, әлеуметтік ащы шындықты бүкпесіз жазған ХХ-ғасырдың 20-шы жылдарындағы орыс әдебиеті бұған куә. Әсіресе, Вс. Иванов, Б. Лавренев, т. б. жазушылардың әңгімелерін оқып қараңыз — азамат соғысының басты құрбаны қазақ болған сияқты.

Бұдан кейін қазақ **1921–23 жылдары болған ашаршылық** кезінде тағы да қырылды. Біз бұл әлеуметтік зұлмат туралы тіпті де білмейміз десек болады. Қалың жұртқа жария қылып, ол туралы ешкім де тіс жарып, мардымды ешнәрсе айтпады. Бұл ашаршылықтың қасіретін біз тек орта мектептің 4-сыныбының әдебиет кітабына қырық жылдан астам уақыт еніп келген Бейімбет Майлинның «Күлпәш» әңгімесінен ғана сезінуімізге болады.

Кейінірек қазақ кәмпеске кезінде жан-жаққа тарыдай тағы бір шашылды. Өзбекстан, Ресей, Түркменстан ғана емей, сонымен бірге Қытай, Иран, Ауғанстанға дейін қандастарымыз ауып кетті. Шекарадан өткенде талайы қырылды да ОГПУ жендеттері қолынан. Мәселен, Жәркент өңірінде (жаңылмасам, Шежін ауылының маңында) «Жалайыр қырылған» атты жер бар, халық аңызы мұнда 1929 жылы Қытайға өтеміз деп келе жатқан жалайыр руының бір көшін қызыл әскерлер бала-шаға, қатын-қалаш, шал-кемпіріне қарамай, пулеметтермен кескілеп, турап тастаған дейді. Ал кәмпеске мен ұжымдандыруға қаншама қазақ ауылы наразы болып, көтеріліске шыққан! Олардың барлығын кеңес өкіметі аяусыз жаншып тастаған. Алысқа бармай-ақ қояйық, Алматы облысында Кәстек көтерілісі, Қызылағаш көтерілісі, Қапал өңіріндегі Бөрібай (Бәрібай) көтерілісін есімізге алайық. Ал мұндай көтерілістер бүткіл қазақ жерінде кеңінен өріс алды емес пе?! Тіпті А. Солженицин өзінің атақты «Архипелаг ГУЛАГ» шығармасында «30-жылдан бастап лагерлерге кең даласымен Буденныйдың атты әскері жеңіспен жүріп өткен қазақтар түсе бастады» деп жазды емес пе?

1937–39 репрессия жылдары 66 мың қазақ (кейбір деректерге қарағанда) «халық жауы» айыбымен өлім жазасына кесіліп,

атылды, қаншасы итжеккенге айдалды. Бұл да бір нәубет еді қазақ басына төнген…

Ұлы Отан соғысында, ресми деректерге қарағанда, орыстардың 6%, украиндардың 8%, белорустардың 25%, ал қазақтардың 12% қаза тапқан екен. Алайда славян тектес халықтардың барлығы да оккупацияда болған емес пе? Мәселен, немістер бүкіл Белоруссия мен Украинаны, Ресейдің еуропалық бөлігін толығымен дерлік басып алды ғой, демек, қырылғандардың қатарында тек солдаттар ғана болмай, сонымен бірге бейбіт тұрғындар да болған ғой (балалар, әйелдер, қарттар). Ал қазақ арасында кілең дерлік еркек кіндік шейіт болды. Қандай да болмасын ұлттың гендік қорын еркектер құрайтындығы баршаға мәлім…

Алайда ең ауыр қырғын 1931–1933 жылдардағы АШАРШЫЛЫҚ болды…

Бұл нәубет кезінде, тағы да сол тарихшы Қ. Данияровтың айтуы бойынша, халықтың 70% қырылған (басқа деректер бойынша, ашаршылықта қазақтың 40-тан 75% дейіні опат болған).

Қазақтың басына қара түнек туған кез осы еді… Бұл зұлматта қаншама қазақ аштан бұралып, жеуге нан түйіршігін таба алмай, өліп кетті, қаншама қазақ жанұшыра бөтен жерге ауып кетті десеңізші! Тіпті осы жылдары қазақтың ұлт ретінде жер бетінен жойылып кету қаупі де туды емес пе?!

Бірақ ашаршылықтың салдары тек халық санының күрт төмендеуімен ғана шектелген жоқ, оның ең басты әсері қазақтың санасын түбегейлі түрде өзгертіп жіберуінде. Міне, жоғарыда көрсетілген ұлттық мінездің келеңсіз жақтары мен ұлттық нигилизмнің бастауы осы ашаршылықта жатыр деп есептеймін.

Ашаршылықтан кейін қазақ жалтақ та жасық болып кетті, ашаршылықтан кейін қазақ бейімшіл болып кетті, ашаршылықтан кейін қазақ өзіне немқұрайды болып кетті, ашаршылықтан кейін қазақ рухы әлсіреп кетті! Ашаршылықтан кейін біз кім екендігімізді, қандай екендігімізді, қайда бара жатқынымызды ұмытып қалған секілдіміз…

Тап сол кезде халық санасында емес, бейсанасында «қазақ» атының өлімнен, тағдыр тауқыметінен арашалай алмайтындығы туралы тұжырым қалыптасты деп ойлаймын. Өйткені айналаға көз жүгіртсең, қырылып жатқан кім? Қазақ! Кең далада жосып, тентіреп кеткен кім? Қазақ! Аштықтан есі адасып, бірін-бірі — кіш-

кентай нәрестелерін, бірге туғандарын, тіпті сегіз жолдың торабын аңдып, әрлі-берлі өткен жүргіншілерді — бауыздап жеп жатқан кім? Қазақ!..

Ашаршылық басқа халықтарға тап осындай ауыр да аянышты халде көрінді ме екен?!

Бұл не деген сөз? Бұл дегеніңіз, «қазақ» атаулының жаңа өмірге деген еш бейімділігі жоқ екендігін аңғартты, «қазақ» есімі тек өлім мен қасіретпен ғана байланысты, «қазақ» ұғымы адамды құтқара алмайды екен бұл дүниеде азаптан» деген ой қазақ бейсанасында мықтап орын алды. «Қазақ — жүрген жерің азап!» деген сөз сол жылдардан қалған шығар…

Сонда мына дүниеде тірі қалу үшін не істеу керек?

«Қазақпен» байланысты барлық нәрседен арылу қажет» — деп жауап береді сол уақыттағы күнделікті өмір тәжірибесі бұл сұраққа. Тіл, дін, ұлттық рух, салт-дәстүр, әдет-ғұрып дейсіз бе? Бәрінен де бас тарту керек! Өйтпеген жағдайда кеңес өкіметі билеген мына аласапыран заманда өркендеу тұрмақ, тірі қалудың өзі екіталай нәрсе. Міне осындай ұғым халық бейсанасында мықтап қалыптасты деп ойлаймын.

Ендігәрі қазақ сапалық өлшемдерден сандық, немесе мөлшерлік өлшемдерге ауысты. Бұдан былай қазақта бұрынғы әке махаббатынан ана махаббатына бетбұрыс басталды.

Мен сапалық өлшемдерді әке махаббатымен байланыстырамын (ана және әке махаббаттары жайлы мен «Ана» және «әке» архетиптерінің кейбір философиялық аспектілері» атты мақалада толығырақ жазған едім; қараңыз: «Қазіргі қоғамдағы отбасы: ахуалы және болашағы» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. — Талдықорған: Принтланд, 2007. — 202–206 бб.). Өйткені әке махаббаты шартты: ол баланың алдына түрлі талаптар қояды және әке баласын тек сол талаптарға сай болғанда ғана сүйеді. Әке махаббатының басты формуласы: «Балам, егер қойған талаптарыма сай болсаң ғана мен сені сүйемін». Сол себепті де әке тек ең озық балаларын сүйеді, ал озбаған балалары әке үшін «шешесіне» немесе «нағашыларына тартып кеткен» болады. Әке махаббатын иелену үшін еңбек сіңіру қажет.

Ашаршылыққа дейін қазақ өмірінің негізін әке махаббаты құраған деп ойлаймын. Оның айғағын Абайдың «Рақымшалға» атты өлеңінің келесі сөздерінен келтіруге болады: «Бал болатын

бала бар, бал болар ма Рақымшал?! Бүйтіп берген баланды, берген Құдай, өзің ал!» Міне осылай, аз да, көп те емес: талапқа сәйкес келмеген баланың әкеге керегі жоқ — ол тіпті өліп қалсын! Сапалық қатынас дегеніміз, міне, осы.

Ал ана баласын ешқандай шарт пен талап қоймай сүйеді. Ана үшін баланың бар болғаны жеткілікті, ана махаббатының формуласы: «Балам, мен сені қандай болсаң да сүйемін!» Басқаша сөзбен айтқанда, «Жақсы бол, жаман бол, — бірақ аман бол!» қағидасы ана махаббатының басты мазмұны болып табылады. Мұнда сапа жоқ, тек қана мөлшерлік өлшем бар: бала қандай болса да — мейлі көрінгеннің жетегінде кететін әлжуаз болсын, өз күнін өзі көре алмайтын, жұртта қалған жасық болсын, мейлі қырық жасқа дейін әке-шешесінің мойнында отырған парықсыз масыл болсын, мейлі арақтан аузы босамаған маскүнем болсын, мейлі көзі бейнеттен ашылмаған бейшара болсын — ана оны бәрібір сүйеді, мүсіркейді, аяйды да аялайды. Ана махаббатының қасиеттілігі осында жатыр…

Ашаршылықтан кейін қазақ халқы да осындай мөлшерлік қатынасқа ауысты: өмірлік басты мәселе сапа хақында емес, сан жайында болды. Құрып кетпей, тарих бетінде тірі қалу — қазақ үшін ендігәрі ең басты мақсат болып табылды. Қалай болса да тірі қалу керек, ол үшін тіпті өзіндік қасиеттер мен ерекшеліктерден айрылса да! Құрып кетпеу үшін керемет бейімшілдік көрсету керек: «Жақсы бол, жаман бол, — бірақ аман бол!» деген қағиданың аясында тіпті ана тілін ұмытып, басқа дінге өтіп кету де әбестік емес, бөтен халықтардың дәстүрлерін де қабылдау ерсі көрінбес. Баяғы биік талап та, асқақ рух пен зәулім идея да жоқ: олардың орнын тек аман қалу, қу тіршілікке бейімделу, — яғни еш шарықтауы мен самғауы жоқ әрекеттер басты.

Осылайша, менің ойымша, ашаршылықтан кейін қазақтың өршіл әрі қайсар мінезі де, заңғар идеясы да, асқар рухы да өзгеріп сала берді. Бұдан бастап қазақ қара басының қамын жыртуға кірісті. Осылайша бізде ұлттық нигилизм белгілері орныға бастады…

Бүгінгі күні өз жерімізде қожайын атанып, еңсемізді көтеріп отырсақ та, жоғарыда айтылғандай, бізде әдет-ғұрыптарымызға, тілімізге, дінімізге деген немқұрайдылық табы сезіледі. Қазақта «Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама» деген аталы сөзі

бар. Қырық күніміз әлі де өтпеген бе? Аш өзегімізге түскеннен әлі де айыға алмай келеміз бе?..

Нигилизм дегеніңіз жүйке дерті іспеттес. Біз, қазақ, жүйке ауруына шалдыққанбыз деп айтуға тұрарлық. Әйтпесе, өзімізді-өзіміз жақтырмау, менсінбеу, өзімізге деген немқұрайдылық әдеті қайдан туған?

Жақтырмау ғана емес, тіптен бір-бірімізге деген өшпенділік бар секілді қазақ арасында. Біз ашаршылық кезінде бір-бірімізді жегенімізді естен өшіре алмаған сыңайдамыз, сол сұмдықты әлі бір-бірімізге кешпеген секілдіміз. «Адам жеген шұбартаулықтар» деген сөз бар. Алайда бірін-бірі жеу тек Шұбартауда ғана болмаған, ашаршылықтың ол кеселі барлық жерде болды десек, қателеспеспіз. Менің деректерім бойынша, каннибализм Жетісуда, Арқа өңірінде, оңтүстікте, Семей жақта, Батыс Қазақстанда кең етек алған… Біз бәріміз де не жегендердің, не желінгендердің ұрпақтарымыз…

Мектепте бірге оқыған жолдасым Рапбек кезінде әскери борышын Забайкальедегі Даурия стансасы маңында өткерген еді. Сол досым әскери өмірдің оңай еместігін айта келе, ең басты пәле егеуқұйрықтар (крыса) болғандығын әңгімелеуші еді. «Тіпті ұйықтағанда, аяғымызға етігімізді киіп жататынбыз, өйткені егеуқұйрықтар түнде аяғыңды тістелеп кетуі жиі кездесетін» деп айтатын Рапбек. Олардан құтылудың ең тиімді, алайда адам түршігерлік амалы келесідей екен: 7–8 егеуқұйрықты ұстап алып темір бөшкенің ішіне салып, оларға су да, жем де бермей қояды екен; біраз уақыт өткеннен соң әбден ашыққан тышқандар бірін-бірі жей бастайды екен де, аяғында ең мықтысы қалғандарын жалмап, жалғыз қалады екен; оны орыстар «Крысобой» деп атайды екен; сол Крысобойды түзге жібере салады: ол анталай жетіп, аш бөрідей өзі шыққан егеуқұйрықтар ұясын түгелімен қырып шығады екен. Крысобой ақылынан адасып, құтырған секілді болып, оның миында өзі секілділерге деген өшпенділік пайда болады: ендігәрі ол тек солармен ғана қоректенеді екен. «Осылайша ғана кеміргіштерден құтылады деп еститінбіз. Алайда өзіміз ондайды жасап көрмедік», — деп әңгімелейтін Рапбек досым.

Біз де құдды сол крысобойлар секілді емеспіз бе?.. (Я, Алла! Я, Жаратушы Ием, кешіре гөр мен секілді құлыңды осындай ойлары үшін!)

Философ Эрих Фромм махаббаттың бес объектісін ажыратады, олар: бауырлық махаббат, ана махаббаты, Аллаға деген махаббат, эротикалық махаббат және өзіңе деген махаббат (Э. Фромм. Душа человека. — М.: Республика, 1992. — С. 134–152). Осылардың ішінде өзіңе деген махаббат басқа махаббаттардың негізін құрайды: өзін-өзі сүймеген басқаларды да сүймейді деп есептейді Э. Фромм. Басқаша сөзбен айтқанда, әр адам мен қоғамның өзіне деген сүйіспеншілігі болуы шарт. Ал бізде осындай ыстық сезім бәсең емес пе?..

Біз сонда қалайша өз-өзімізді менсінбеушіліктен, мәңгүрттіктен, ұлттық нигилизмнен арыламыз? Мен әңгімені осы мәселе төңірегінде қозғағым келеді.

Бұл жерде жеке адамның ауруы мен бүкіл ұлттың дертін салыстырып қаралық: ұқсастықтары өте көп. Сол себепті алдымен мына сұраққа жауап берелік: «Психоздар мен невроздар сияқты жүйке аурулары қайдан пайда болады»?

Жүйке ауруларының дені адамның бала кезіндегі (әдетте бес жасқа дейінгі уақытта) жағымсыз әсерлерден қалыптасады деп есептейді психологтар. Үрей, қорқыныш, жиіркеніш, ұят секілді сезімдермен байланысты немесе баланың психикасы үшін түсінуге мүмкін емес, ол түсіндіре алмаған жағымсыз іс-әрекеттер, оқиғалар, жағдаяттарды баланың санасы ұмытуға тырысады. Алайда адам психикасы ұмыту дегенді еш білмейді: келеңсіз жәйттер адам психикасының ең көлемді, әрі санаға бағынышты емес бөлігі — бейсанаға ығыстырылып, сонда сақталады.

Бұл жағымсыз әсерлер кейініректе, адам есейе келе, оның мінезінде жағымсыз қасиеттердің қалыптасуына мейлінше ықпал жасайды. Адам бойындағы жасқаншақтық, жасықтық, қорқақтық, жаман әдеттер, өрескел қылық пен ашуланшақтық, психоздар мен невроздар — бәрі де саналы түрде ұмытылған, бірақ бейсанада жинақталған әсерлердің ықпалынан туындайды.

Ал психоз бен невроздарды медицина қалай емдейді? Ең алдымен дәрігер-психоаналитик derттің себебін анықтап, оны бейсана аумағынан сана бетіне шығаруға жағдай жасайды. Ауру адам ол үшін бір кездері үрей, қорқыныш, жиіркеніш сияқты сезімдерді туғызған бала күнгі оқиғаларды есіне түсіруі керек. Есіне түсіріп, сол туралы әңгімелеп берсе — бейсанадан сана бетіне шығару деген сөз. Ал адам саналы түрде қандай да болмасын жәйтті түсіндіре

алады, яғни «түсіндірме берді» дегеніміз бұл жәйт проблема қатарынан шығарып тасталды, ол енді жүйке ауруын тудырмайды: адам психикалық дертінен жазылды деген сөз.

Бұған дәлел әрі мысал ретінде адам өмірінің мына бір оқиғасын келтірейік. Әлде біреу жақынын жоғалтып, қайғыға оранып отыр делік. Әгәрәкім ол ағыл-тегіл жыламай, дауыс шығармай, қасіретін сыртқа шығармай ішінде сақтайтын болса, бұл қайғы оған дерт болып ауысатындығын бәріміз де жақсы білеміз. Қайғыны сыртқа шығару керек, жылау керек, басқаларға мұңымызды шағып, шер тарқатуымыз қажет, сонда ғана біз сол күйіктен арыламыз…

Ал біз, қазақ, ішіміздегі шел болып, беріштей қатып қалған кесел-қасіретімізді әлі де сыртқа шығарғанымыз жоқ. Біздің қасіретімізді өзімізден басқа ешкім де білмейді емес пе?.. Тіпті өзіміз де бұл туралы жан-жақты білеміз деп айтуға болар ма екен?..

Сенбесеңіз, 1931–33 жылдардағы ашаршылық туралы қаншама кітап жазылды екен? Бірнеше ондаған болар. Қаншама зертеу бар екен? Олар да сол құралпы болар. Қанша фильм түсірілді екен? Өз басым біреуін де білмеймін, көрген де емеспін. Қанша ескерткіш қойылды екен ашаршылық құрбандарына? Бірен-саран шығар… Тарихымыздың бұл парағын ұмытуға жақынбыз және саналы түрде ұмытқымыз да келеді.

Біз тіпті бұл қасіретті әжуа-қалжыңға айналдырып жіберуге тырысып бағамыз. Алдыңғы жылдары марқұм болған талдықорғандық жерлесіміз — театр және эстрада артисін еске түсірген гәзет мақаласында (қандай гәзет екендігін айтпай-ақ қояйын) оның сөз шеберлігі дәріптеліп, сол қасиеттің айғағы мен дәлелі ретінде актердің мынандай бірқақпайы келтіріледі: «Театрдағы үзеңгілес пәленше руынан (немесе түгенше руы — қайсысы екені бәрібір емес пе: бәріміз де қазақпыз?!) шыққан құрдасы марқұмды қалжыңдап сөгіпті: «Өй, жынды!» деп. Сонда әлгі кісі жұлып алғандай: «Мен жынды болмай қайтейін: баяғыда, ашаршылық кезінде әкем бір түгеншенің (немесе пәленшенің) миын жепті, содан болар кеселім!» деген екен». Күлеміз… Халық трагедиясын қалжыңға айналдырып жібергіміз келеді… Руға бөліну не теңің сенің, қазақ, кезінде құрып кете жаздап едің ғой, Жер атты ғаламшар бетінен?!. Жүрген жеріміз азап…

Бұған кері мысал ретінде еврейлердің жағдайын алайық. Екінші дүние жүзі соғысында еврейлердің 6 миллионнан астамы қырыл-

ды. Бұл қырғынды тарихта Холокост деп атайтындығы бәрімізге де мәлім. Бүткіл дүние жүзі адамдары еврейлердің трагедиясын біледі, олардың қайғысымен ортақтасады.

Холокост туралы қаншама кітап жазылып, қаншама фильм түсірілді дейсіз (олардың ішінде ең атақтыларының бірі — талай Оскар сыйлығын иемденген «Шиндлердің тізімі» көркем фильмі)! Тіпті қазіргі күнге дейін Германия еврейлерге айыппұл төлеп жатыр емес пе? Немістер өздерінің кінәсін қалай жуып-шайуын білмей жүр, оларда тіпті еврейлердің алдында ұлттық кінә комплексі де қалыптасқан. Мұндай комплекс бүткіл Еуропа халықтарында бар десе де болады. Олар кезінде еврейлерді фашистердің қырғынынан арашалап қалмағанына өздерін құдды кінәлі сезінеді.

Еврейлер өз тарихының қасіретті беттерін ұмытқан емес, ешқашан ұмытпайды да! Тель-Авив қаласының маңында Яд Вашем атты мемориалдық кешен бар. Жер астында орналасқан бұл мұражай Холокост қырғынын фотосуреттер, куәгерлердің естеліктері мен басқа да материалдармен айғақтап баяндайды. Мұнда келген адам қайта жер бетіне шыққанда өзгеріп, басқа күйде болып шығады дейді білетіндер. Өйткені еврей халқының қасіреті кімнің де болса жанын түршіктіріп, қабырғасын қайыстырып, қайғы мен мұңға бөлейтіндігі рас…

Холокост трагедиясын насихаттау, баршаға паш ету — бүгінгі Израиль мемлекетінің ұлттық саясатының басты мазмұны. Әрбір еврей, отбасы, мектеп, мекеме бұл саясаттан тысқары қалып отырған жоқ, әрқайсысы да ұлттық қасіретті естен кетірмеу үшін, бүкіл әлемді мойындату үшін аянбай қолынан келгенін жасайды. Тіпті бүкіл мемлекеттің өмірі осы қасірет аясында құралған деп айтуға тұрарлық. Ұлттың тәубеге келуі деген осы да болар…

Тағы да бір мысал келтірелік. Түркияның бүгінгі күні ортақ Еуропаға кіре алмай отырғандығының бір себебі оларға 1915 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында 1миллион армяндарды қырып жіберген деген айып тағылып отыр. Еуроодақ Түркиядан осы жәйтті мойындауды және армяндардан кешірім сұрауды талап етуде. Тіпті Францияда осы геноцидті мойындамағандарды бас бостандығынан айыру туралы заң да шыққан 2006 жылы.

Ал армяндар барша ұлт болып әр жылы, ұмытпасам, сәуірдің 25 күні, сонау 1915 жылғы қырылғандар бойынша мейлі Арменияда

болсын, мейлі Франция не Америкада болсын, қара жамылып, аза тұтады.

Украинада 2007 жылы Голодомор, яғни 1931–33 жылдарда жүзеге асырылған ұжымдандыру саясатынан туындаған ашаршылық туралы заң қабылданды. Мұнда да украин халқының бұл қасіретін геноцид деп атап, оны мойындамағандарды жауапқа тарту туралы шешім қабылданған. Барлық украиндар әр жылы қарашаның үшінші жексенбісінде Голодомор құрбандары бойынша аза тұтады…

Ал біз болсақ ашаршылық туралы аракідік сөз қозғамасақ, оны ҰЛТТЫҚ ТРАГЕДИЯ деңгейіне шығара қоймадық. Ашаршылыққа кеңес өкіметі ұйымдастырған қазақ халқының ГЕНОЦИДІ деп баға бермедік. Аза тұтып, қара жамылмаймыз. 31 мамырда біз 1937–1939 жылдардағы саяси репрессия құрбандарын еске алуға басты назарымызды аударып, ашаршылықта қаза тапқандар жайында көп әңгіме көтермейміз.

Қазақтың көбі қырылған нәубет туралы біздің білетініміз де шамалы. Мүмкін бұл туралы тарихшы ғалымдар талай зерттеулер жүргізген де шығар, алайда олар кең жұртшылыққа беймәлім, өйткені халық санасында ашаршылық кесапаты, оның қазаққа келтірген кесірі мен залалы мықтап орын алмаған.

Жалпы қоғамда төл тарихымызға деген немқұрайдылық орын алған деп айта алмаймыз. Талай өткен күндер деректері жан-жақты зерттелген. Репрессия жылдары атылған 66 мың қазақтың аты-жөні бәрімізге де белгілі: олардың есімдері басылған мартиролог баяғыда жарыққа шыққан. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан 280 мыңнан астам қазақ жауынгерлерінің есімдері де баршаға аян: әр ауданда «Боздақтар кітабы» басылып шыққан. Ал ашаршылық туралы осындай кітаптар мен тізімдер бүгінгі күні әлі де жоқ. Неліктен осы біз ашаршылық туралы айтқымыз келмейді?

Бір жағынан ол түсінікті де: бастан өткен қайғы-шерді кім жадында ұзақ сақтағысы келеді дейсіз? Ал қазақ дегеніңіз болашағына жарқын үмітпен қарайтын, оптимистік көзқарас ұстанған халық. Мүмкін біздің 75 жыл бұрын бастан кешкен ұлт трагедиясын жадымызда сақтағымыз келмейтіндігінің себебі осы да болар? Біз болашаққа ұмтыламыз, ертеңгі күнді болжаймыз. Сол себепті де өткенге көз жүгірткенде, біз көбіне-көп тарихымыздың айбынды

да қаһарман беттеріне үңіліп, ата-бабаларымыздың ерлігі мен абыройын паш етеміз, олармен рухтанамыз…

Алайда кешегі күннің келеңсіз мезеттерін де ұмытуға болмас. «Өлі риза болмай, тірі байымас». Ашаршылықта қырылғандардың көз жасы мен төгілген қаны бізге серт болып тұрған жоқ па деп ойлаймын. Біз олардың алдындағы борышымызды толық өтедік пе?.. Әй, қайдам…

XIX ғасырдағы бельгиялық атақты жазушы Шарль де Костердің кейіпкері Тиль Уленшпигель түнде ұрланып барып, инквизиция жалған айып тағып, отқа өртеген әкесі Клаастың мәйітінің жүрек тұсынан күл алып, оны тұмар қылып мойнына іліп алады. Бүткіл өмірін инквизиция мен олардың қолдаушысы болған испан басқыншыларымен күреске бағыштаған Тиль әрқашан да «Клаастың күлі менің жүрегімде соғып тұр!» деп өзін-өзі жігерлендіріп, рухтанып, қайраттанып тұрған. Бұл сөз тіпті Фландрияда азаттық күресінің басты ұранына айналып кетеді.

Біздің де жүрегімізде ашаршылық құрбандарының күлі, қаны, көз жасы, қасіреті дүрс-дүрс соғып тұруы керек! Бәрімiздің де басымызға түскен қасірет тұрғысынан біз — бүкіл қазақ — бірігуіміз керек!

Сөйтіп, ұлттық мінезде ашаршылықтан кейін қалыптасқан келеңсіз қасиеттерден сол қасіретімізді сыртқа шығару, яғни жария ету арқылы ғана арыламыз деп айтқым келеді.

Эстетикада «катарсис» деген ұғым бар. Ол дегеніңіз қайғы мен қасіретті бастан кешу арқылы олардан арылу, ішкі жан дүниені жаңғырту, тазаландыру, пәктендіру дегенді білдіреді. Менің ойымша, біз әлі де катарсисті бастан кешкен жоқпыз, әлі де толық қасіреттен арылғанымыз жоқ. Ал тәубеге келусіз болмайды, онсыз біздің рухымыз жаралы күйде қала бермек…

Қасіреттен арылу үшін, тәубеге келу үшін ашаршылық туралы бүкіл дүние жүзіне күңірене жар салу керек еврейлер мен армяндар секілді. Барлығы да білсін XX ғасырдың отызыншы жылдары бейбіт кезеңде, еш соғыстың жоқ шағында қазақтың 70% қырылғанын! Мойындату керек барша әлемді ұлттық геноцидтің орын алғанын! Мұндай зұлматты ұмытпау керек және басқаларды да ұмытқызбау керек!

Сол нәубетті ұмытпай, оның төңірегінде бүткіл ұлт болып бірігу керек! Бір-бірімізден — жегендер мен желінгендердің ұрпақта-

ры — кешірім сұрауымыз керек! Сол қасіретті санамыздан тағы да бір өткізіп, «Біз — қазақпыз!» деген идеямен рухтану қажет!

Ал бізден кім кешірім сұрайды бұл геноцид үшін? Кімді жауапқа тартып, кімді соттау керек? Жексұрын нәубетті қасақана қолдан жасаған кеңес өкіметі мен Кеңес Одағы баяғыда құрдымға кеткен. Мүмкін Кеңес Одағының ізбасары рөлін өз еркімен көтеріп алған Ресейді жауапқа тарту керек болар?! Өйтетін болсақ, біздің шағымымызды қандай сот қарауға қабылдай қояр екен? Гаага қаласындағы Халықаралық сотқа шағым түсіруіміз керек пе? Немесе бүкіл дүние жүзіне жар салып, «Қазақтар кеңес өкіметіне қарсы» атты жария процесті жүргізуіміз керек пе? Бұл процеске барша ұлт болып куәгерлік көрсетулер (орысша: «свидетельские показания») берсек, дүниежүзілік жұртшылықты қазақ халқының геноциді болғанын мойындатсақ, ұлттық мәртебеміз бұрынғыдан бетер өсер ме еді?..

Ал бұл мәселеге біздің саясаткерлер мен әлі де империялық райынан қайта қоймаған солтүстік көршіміз қалай қарар екен? Ресей өз кінәсін мойындап, бізден былай деп кешірім сұрар ма екен: «Иә, кеңес дәуірі кезеңінде 6,5 миллион қырылған қазақтың және олардың тумаған ұрпақтарының обалы мен айыбы бізге қалып отыр. Кешіріңіздер бізді, қазақтар!»?

Шіркін! Егерде сол кезде қазақ қырылмаған болса, қазіргі күні біздің санымыз 25–30 миллиондай (мүмкін одан да көп) болмас па еді?! Кім біледі: бәрі де бір Алланың құзырында…

Ашаршылық қасіретін біз ұлттық идеяның, ұлт саясатының, ұлттық тәрбиенің негізгі қағидасына айналдыруымыз керек сияқты. Сәби кезден бастап, балаларымызды сол нәубетті естен шығармауға үйрету қажет, мектеп бағдарламасына «Ашаршылық» сабағын енгізсе дұрыс болар ма еді. Репрессия құрбандарын еске алатын 31 мамырдан басқа бір күнді немесе тіпті үш күнді ашаршылық құрбандары бойынша аза тұту деп белгілесек, бұл күні бүкіл қоғам болып қара жамылып, шейіт болғандарға бағыштап ас беріп, Құран оқытсақ, игі болмас па еді?! Ғұлама діндар Халифа Алтай бір кездесуде былай деп қысқа қайырып еді: «Біз әруаққа мұқтаж емеспіз — әруақ бізге мұқтаж. Әруаққа не керек? Құрбандық пен Құран бағыштау ғана». Осыны жасау керек!

Бізге тіпті Яд Вашем сынды мемориалды кешен ашу да артық болмас! Өткеннің би-батырларына ғана белгі қоймай, бірінші ме-

зетте халық жадында сақталып қалу үшін, келешек ұрпақтарды осындай нәубеттен сақтандыру үшін ашаршылықта қырылғандарға әр ауылда ескерткіш орнатсақ абзал.

Ғалымдарымыз жаңа, тың зерттеулер жүргізіп, бүкіл қоғамға жария қылса екен өз жұмыстарын. Сонымен қатар бізге тек тарихшылардың зерттеулері ғана емес, сонымен бірге қарапайым халық куәсі де керек. Тарихты біз көбіне-көп қоғамның жалпылама дамуы мен оның саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістері деп түсінеміз. Ал қарапайым адамдардың өмірі мен ахуалы, олардың ойлары мен мұң-мұқтаждары тіпті де көп жағдайда тарих назарынан тыс қалып отырады. Бірақта, менің ойымша, нағыз тарих дегеніміз осы.

Әр ауыл, әр аудан ашаршылық жайлы өз кітабын жазса, мұнда алапат куәларының бастан өткерген қасіреттері келтірсе.

Уақыт болса алақанға жинаған құм сияқты сусып барады, сусып барады: кешегі күннің куәгерлері — көнекөз қариялардың дені арамыздан бақиға жол салған. Олармен бірге тарих беттері де жабылып, көмескілене түскендей. Сондықтан да асығу керек. Бұл жұмысты зиялы қауым өз қолына алса жақсы болар еді. Мектеп оқушылары, колледж бен жоғары оқу орындары студенттері ұстаздардың жетекшілігімен жасы үлкендердің куәлік келтірген әңгімелерін жазып алып, «Менің жанұям ашаршылық жылдарында» және «Менің ауылымның ашаршылық жылдарындағы тарихы» атты кітаптарды әр оқу орнында шығарсақ. Іле-шала халық жазған және халық аузынан жазылған осындай тарихты том-том болып жарыққа шығарсақ. Бұл кітаптар бірінші мезетте куәгерлік көрсетулерден құралса: мұнда сол зұлматты басынан кешіп, тірі қалғандардың естеліктері немесе олардың әңгімелерін естігендердің куәліктері келтірілсе. Тек қана осындай деректер қажет бізге, ешқандай патетика мен риториканың, талдау мен пысықтаудың, пайымдау мен тұжырымдаудың керегі жоқ сияқты бұл кітаптарда: оларды өз кезегінде (осы кітаптар бүкіл еліміз бойынша басылып, жарық көрген соң) тарихшы, саясаттанушы, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы ғалымдар мен философтар жасасын. Ал бұл кітаптарға тек деректер, деректер және тағы да деректер керек!

Ашаршылық туралы естеліктер фольклорға айналып кетпей тұрғанда, осы істі қолға мықтап алу керек.

Мен бүткіл иісі қазақ, ұлт тағдырына шынайы жаны ашитын оқушылар мен студенттерге, ұстаздарға үндеу тастап отырмын бұл жерде! Кез келген пән бойынша екі-үш кітаптан көшіріп, ешкімге де керегі жоқ, толып жатқан рефераттар, бақылау мен курстық жұмыстарды жазғанша, дәп осы секілді қоғамға, ұлтымызға септігін тигізетін, ар-намысымызды асқақтатаын, жігерімізді ұштай түсетін пайдалы еңбекпен айналысқан дұрыс болар! Осылайша біз ашаршылықта қырылған ата-бабаларымыздың алдында аз да болса қарызымыз бен парызымыздан құтылатын шығармыз.

Алайда бұл парыздан түбегейлі құтылу мүмкін емес деп ойлаймын өз басым… Мұндай әрекет пен жұмыс әр қазақтың азаматтық парызы деп түсінемін. Бәріміз де жұмылып, шама-шарқымызша атсалысайық, қандас бауырлар!

Мен тіпті сол кездер мен бүгінгі күн арасында параллель жүргіземін: ақша мен нарық билеп тұрған осы шақта біз ұлттық рухты тағы да, екінші мәрте тұқыртып алып, мәңгүрттенудің екінші кезеңіне жол беріп қоймаймыз ба екен? Қазір қоғамымызда ұстанатын негізгі құндылықтар байлық пен билік төңірегінде қалыптасып отыр: соларға ұмтыламыз, өмірді де, өзіміз бен өзгелерді де солармен екшейміз, өлшейміз және бағалаймыз — «Аузы қисық болса да, байдың баласы сөйлесіннің» кері дәп бүгін келген секілді. Ұлтымызда әлеуметтік жікшілдік орын алып, кең етек жая бастады. Бұл кесел тіпті мектеп пен бала бақшаларында көрініс тапқан. Бір ғана мысал. Менің жақын жолдасымның бала бақшаның жоғарғы тобына баратын алты жасар үлкен қызы бақшаға бірінші рет баратын үш жасар інісін былай деп үйретіп жатыр: «Сен бақшада бізде «Ауди» машинасы бар екендігін айтып қойма, онда сенімен ешкім де ойнамайды. Бізде джип немесе «Мерседес» бар деп айт»… Күлетініңді де, жылайтыныңды да білмейсің…

Біз осы нашар қазақтың тұқымы емеспіз бе? Исі жақсы қазақ ашаршылық кезінде басқалардың нанын тартып жеуге ұяты жібермей, адамның етін жемей, қырылып кеткен жоқ па?..

Сол себепті қазаққа байлық пен билік жолында ышқына күшенген, күреске, дода мен бәсекеге толы дүниеде бір сәтке болса да басын көтеріп, айналаға баппен және байыппен көз тастап: «Біз кім боламыз? Қайданбыз? Қайда бара жатырмыз?» деген сұрақтар

төңірегінде толғану қажет, ойлану керек. Тұңғиық Көкке жанарымызды тосып: «Жаббар Иеміз! Жаратушы Аллаһ-Тағала-уа-Тағала!.. Бұл біз ғой — қазақпыз!!! Кешір бізді!..» деп тәубеге келу керек болар… Бәріміз де: ашаршылықтан зардап шеккендердің және ашаршылықты тудырғандардың да ұрпақтары, қазақ етін жегендердің және жем болғандардың да ұрпақтары. Ашаршылық нәубетін ескеруді ұлттық дәрежеге көтеру — рухсызданудан сақтанудың басты амалы деп ойлаймын. Бәріміздің де басымызға түскен қасірет тұрғысынан бірігуіміз керек!

Мен студенттер арасында насихат жүргізіп, оларға ашаршылық туралы әңгімелер жазуды тапсыру жұмысымен айналысқаныма үш жылдың жүзіндей болып қалды. Алдымыздағы таяу күндері студенттердің жұмыстарын біріктіріп, алғы сөз жазып, бірінші рет кітап қылып шығарсам ба деген ойдамын.

Алғашында студенттер мұндай тапсырманың қиындығын айтып, маған «Ашаршылық куәгерлері қазір сексен жастан асып кетті емес пе? Ондай қариялар ауылымызда қалған да жоқ. Біз ашаршылық жайлы қалай жазамыз?» деп қиылды. Мен оларға «Ашаршылық куәгерлерінің бүгінгі күні бірлі-жарым ғана қалғандығы рас-ақ. Олардың өзінен болмаса да, сіздер олардың әңгімесін естігендерден сұрап білсеңіздер болады. Бұл көз көргендердің куәсін естігендердің куәсі болады. Мысалы менен сұраңыздар: менің жасым елуге жетпесе де, мен марқұм әкем мен шешемнің әңгімелерін жақсы білемін. Мен солардың куәсінің айғағымын» деп жауап бердім.

Студенттерге әкемнің айтқан әңгімесін қысқаша баяндап бердім. Менің әкем — Қамза Әлімұлы, 1923 жылы қазіргі Қарасай ауданы Еңбекші ауылында дүниеге келген. «Біз бір әке, бір шешеден 13 бала туған едік, солардан үлкен әпкем екеуміз ғана тірі қалдық» деп күңірене әңгімесін шертуші еді қайран әкем.

«1932 жылдың суық күзінде бас сауғалап, жаяулатып Шамалған стансасына жеттік. Бір орыс машинистке алтын-күміс беріп, жүк пойызына отырдық. Бағытымыз — Қырғызстан, ол жерді ашаршылық жайламапты дегенді естігенбіз, мақсатымыз сонда жету. Қанша жүргеніміз есімде жоқ, пойыз бізді Тоқмақ қаласына әкеліп тастады. Стансаға түссек, ана жер, мына жерде сіресіп өліп жатқан қазақтар. Қала халқының дені өзбектер екен, олар ашаршылыққа ұшырамаған тәрізді: әр жерде шайханада сораптап шай ішіп

отырғанын көрдік. Ал шайхана табалдырығында қатып қалған қазақтардың өлі денелерін киген киімдерінен танисың.

Бұл жерде де қазақ үшін жан сақтаудың оңай еместігіне көзіміз жеткендей болдық. Әрі оңтүстікке қарай қашуға қауқарымыз қалмаған. Не де болса осында тұрақтауды жөн көрдік. Қаланың шетіндегі бір сайда аузы-мұрны жоқ біреулер тастап кеткен там бар екен, есік-терезесінің орнына текемет пен алаша жауып, соны паналадық. Екі үлкен ағаларым 17 жасар Мұғали мен 15 жасар Аббас (үйде Қабас дейтінбіз) сайдан қамыс орып, базарға отын ғып сатады. Содан тапқан азын-аулақ тиын-тебенге нан алып жейміз. Шешем елден алып шыққан алтын мен күмісті нанға айырбастайды. Кейін ол да таусылды. Бәріміз де ашпыз.

Әкемнің інісі Кәртеңбай ертеректе қайтыс болып, оның төрт әйелі де бізбен бірге болатын (кіші әкемнің баласы жоқтұғын, сондықтан да әйелді үсті-үстіне ала берген екен), алдымен сол төрт жеңгем қайтыс болды…

Әкем кезінде Бұқара мен Самарқант жақта медресе бітіріп, ауылда молда болып, балалардың сауатын ашып, оқытқан кісі еді. Ауылдағы елді отырықшылдыққа үйрететін: үй салып, тауық-қаз ұстататын, бақ салдыратын. «Еңбекші» ауылының күнбатыс жағында «Әлімнің бағы» деген жер әлі күнге шейін бар. Әкем сол кезде 58 жаста еді. Әбден қажыған, әлсіреген, қозғалуға да қауқары жоқ, күні бойы есікте отыратын, ауыл жаққа көз тігіп. Менің жасым тоғызда, күн ұзақ жеті жасар Күлсім қарындасыммен ойнаймын, ойнағанда да көбінесе отырып немесе көрпе астынан басымызды қылтитып қана, асыр салып, жүгіріп ойнау деген жоқ…

Көктем шыға бізге де хабар келді «Қазақстанға жаңа бастық жіберіліпті, аты Мырзажан дейді, қазақ оңала бастапты» деп. Осыдан кейін екі ағам да қозғалыңқырай бастады «Елге қайтайық!» деп. Әкемнің «Мен елге жете алмаймын, осында әл шақырып алайық» дегеніне қарамай, ақпан айының орта шенінде «Қайдасың Қазақстан, қайдасың туған жер!» деп жаяулатып жолға шықтық.

Шу өзенінің бойында әкем қайтыс болды. Оны өзеннің бойына көмдік. Кейінірек жолда Аббас ағам да көз жұмды. Оны көмуге мұрша жоқ, денесін бір ескі дуалдың іргесіне қойып, дуалды шайқап-шайқап мәйітіне құлаттық — ит-құсқа жем болмасын дегеніміз ғой…

Арып-ашып қырғыздың Қарабұлағы деген жерге де келдік-ау! Алатаудың ар жағы Қастек — қазақ жері, одан ауыл да алыс емес. Тек биік асудан өту керек. Анадай жерде қырғыздың киіз үйі тігіліпті, алдында он шақты қой жайылып жүр. Шешем Мұғали ағама «Менің әрі қарай жүре алмайтын түрім бар. Күлсім екеуміз осында қалайық, сен Қамза екеуің асудан өтіп, елге жетіңдер. Содан соң туған-туысты жиып, көлік алып, мені алып кетерсіңдер. Мен бір-екі күн мына қырғыздарға барып паналайын, мұсылман болса, қуып жібермейтін шығар» деді. Шешемнің сөзін жөн көрдік те ағам екеуміз жүріп кеттік.

Қарлатып, борандатып асудан да өттік екі иінімізден әрең дем алып. Төмен түссек, елдің бәрі де қолдарына шелек ұстап, жотада жүр. Күні бойғы кәсіптері — сарышұнақтың iніне су құйып, тышқан аулау. «Қазақ оңала бастапты» деген әңгіме бекер болып шықты. Содан жаяулатып, ауылға келдік. Ауылдың жартысы қырылып қалыпты, аштықтан естері кеткен ел бізді елеп-ескермеді, тіпті жақтырмады да. Қысқасы не керек, ары ұмтылып, бері қарманып, Алматы жаққа тарттық та, ағам Мұғали біраз уақыттан соң Боралдайда салынып жатқан радиостанса құрылысына жұмысқа жалданды. Алайда бірер күннен соң ағама оба ауруы жабысып, ол да қайтыс болды. Жалғыз қалдым. Қарғалыдағы әпкеме тарттым. Жаяулатып, екі күн дегенде әпкеме де жеттім. Бірақ аш өзегіне түсіп кеткен жездемнің үй-іші мені құшақ жая қарсы алған жоқ.

Бұл жердегі де күйім мәз болмаған соң, екі-үш күннен кейін қайтадан Алматыға жол түзедім. Түнде бір бұтаның басына жатып қондым. Түсіме әкем мен ағаларым кірді: бір ордың ар жағында тұр, ордың бер жағы сым темірмен қоршалған екен, маған күле сөйлеп: «Кел, келе ғой!» деп қолдарын бұлғап шақырады. Ұлдың ең кішісі болғандықтан әкем марқұм мені қатты еркелететін, қасынан тастамайтын, соған орай өзім де ерке-шолжаң болып өстім: әкем мені бір жерге алмай кетсе, ызаланып, долданатынмын, тіпті пісіп тұрған қазанның ішіне шаптырып та жіберетінмін. Әкемнің менің бар қылығымды бәрібір кешіретінін білемін…

Сол еркелігіме салдым да, әлде қырсықтығым ұстады ма, әйтеуір әкемнің шақыруына бармай, жалт бұрылып, қаша жөнелдім… Оянып кетсем, түсім екен. Қайтадан жолға шықтым. Ақсайға жете бере жолдың жиегінде асылып тұрған, астына от жағылған қазанның қасында бүкшеңдеп жүрген еркек пен әйелді көріп, «Бұлар

маған тамақ берер ме екен?» деп дәметіп, соларға қарай жүрдім. Әйел мені көріп, сасып қалды да, сонан соң «Келе ғой бермен, келе ғой, балам!» деп маған қарсы жүрді. Ер кісі де басын көтерді, бет-әлпеті қап-қара екен, көздері де жынданған адамның жанарындай қорқынышты. Ішім, бір нәрсені сезгендей, зу етті. Қаша жөнелдім. Жаңа ғана жылы шыраймен жұмсақ сөйлеп тұрған әйел еркегіне өктем дауыспен «Ұста ананы!» деп бұйырды. Екеуі де артымнан тұра жүгірді.

Қашып келемін, олар ентелеп келеді. Екі өкпем өшіп, «енді ұсталдым-ау!» дегенде бір дөңнің басына шығып үлгердім. Қарасам, дөңнің асты жол екен, сол жолда қасында кемпірі мен бала-шағасы бар, сақалы белуарына жеткен бір орыстың шалы ат жеккен арбамен шоқаңдатып келе жатыр екен. Соларға қарай жүгірдім. Әлгі екеуі орыстарды көре сала, жерге отыра қалып, шөпшек теріп жүргендей кейіп көрсетті. Мен тоқтамай, сайдан бірақ жүгіріп өттім. Орыстар да мүдірместен өз жолымен кетті, жаңағы екі адамжегіш те көрінбей кетті… Бір ажалдан құтылдым, білем, сол жолы…

Айтып-айтпай не керек, Алматыда қайыр сұрап, бірнеше тәулік күнелткен соң, мені милиция ұстап алып, Сергиополдегі (қазіргі Аягөз) балалар үйіне өткізіп жіберді. Екі жылдан кейін ғана күйеуі мен барлық балалары аштан өліп, өзі ғана тірі қалған Қарғалыдағы Секер әпкем әр жерге хат жазып жүріп, мені тауып алып, қолына алды.

Сөйтіп, ашаршылықта әкемнен, екінші әпкем Ынтық пен оның барлық балаларынан, үлкен ағаларым Мұғали мен Аббастан (ең үлкем ағам Мәди ауыл кеңесінің төрағасы еді, 1931 жылы ашаршылық ә деп басталғанда, оны «бидай ұрлады» деп айыптап, атақты «үш масақ туралы» заң бойынша ату жазасына кескен болатын) айрылдым. Шешем мен қарындасым Күлсіннің не өлі, не тірі екенін де білмедім…

Осыдан бастап Секер әпкемнің қолында болдым, орта мектептің жеті сыныбын бітірдім. 1941 жылдың күзінде соғысқа шақырылып, кеңес-түрік шекарасында бір жыл қызмет жасаған соң, 1942 жылдың қарашасында қылмыс кодексінің 58 бабының 12 тармағына сәйкес «антисоветтік үгіт-насихат жасады» (АСА) деген жалған айыппен 10 жыл бостандық айрылуға кесілдім. Сол кезде таралған анекдот бар емес пе еді:

— Не үшін отырсың түрмеде?

— Еш жазығым жоқ, кінәсізбін!

— Өтірік! Кінәсіз болсаң, саған он жыл берер еді! Ал сенде — он бес жыл!

Воркута мен Хальмер-Ю қалаларының маңындағы лагерлерде шахтыда белшемнен суық суға батып көмір қаздым, қарағай құлаттым. Елге 1951 жылдың қысында ғана қайтып келдім».

Марқұм әкемнің хикаясы осындай. Кейінірек, ес жинап, үйлі-баранды болып, алты бала сүйгеннен кейін, 1968 жылы әкем Қырғызстанға барып қайтқан еді. Ондағы мақсаты қарындасын табу: «Шешем баяғыда қайтыс болып кетті ғой, алайда Күлсім қарындасым тірі шығар, соны тауып алайын». Қасына бір жеңгесін алды, өйткені «Қарындасым әкеме ұқсаған аққұба еді, менің жадымда әкемнің бейнесі көмескіленіп қалды ғой, қарындасымды таныса, әкемді келін болып түскеннен көрген осы жеңгем танитын шығар» деп. Қырғызстанда әкем бір айдай жүрді, бірақ қарындасын таба алмады: ешкім де естімеген, білмеген болып шықты.

Бірақ әкем іздеуін тоқтатпады: хаттар да жазды, ылғи да біреулер арқылы сұрастырып та жүрді. Тіпті «Үмітсіз — шайтан» деді ме, қайдам, дінге берік әкем, бал ашудың күнә екендігін біле тұра, ауылдағы таныс балгерге қарындасы тұрғысында бал аштырып та еді. Балгер: «Қарындасың тірі: тұрмыс құрған, алты баласы бар екен» деп әкемді үміттендіріп қойған да.

Әкем біреулердің «Қырғыз деген қазақ сияқты аңғал емес, олар араларында болғанды ешкімге де тіс жарып айтпайды. Ал бала асырап алғанда, қара қойды сойып, барлық туған-туыс жиылып, қойдың ішек-қарнына қолдарын салып, «Бұл жәйтті енді бір адамға да айтпаймыз!» деп серттеседі екен. Сондықтан да қарындасыңызды бекер іздейсіз: бәрібір таппайсыз!» деген сөздерін де елемеді. Іздеу сала берді… Тек өзінің қайтыс болғанынан бір жыл бұрын (әкем 1995 жылы ақпан айында қайтыс болып еді) басқа бір балгер «қарындасың қайтыс болыпты» деп сәуегейленгеннен кейін ғана, бейсенбі-жұма күндері әруақтарға бағыштап Құран оқығанда, әкем Күлсім қарындасын дұғаларына қоса бастады…

Ал тап осындай болмаса да, осы сынды тағдырлар мен оқиғалар әр қазақ жанұясында болып, сол кездегі әр қазақтың басынан өтті

деп айтуға тұрарлық емес пе?! Бұл менің әкемнің тағдыры ғана емес — бүкіл халықтың тағдыры…

Мен студенттерге «Дәл осылайша ашаршылықты бастан кешкендердің куәларын жазып алыңыздар. Біз бұл деректерді кітап қылып шығарамыз, сол арқылы қазақ тарихының ақтаңдақтарын жабуға өз үлесімізді қосамыз, бұған қоса, бүкіл халықтың бейсанасында жатқан дерттен арылуға аз да болса медеу боламыз. Сөйтіп үлкен азаматтық борышымызды өтейміз» деп үндеу тастап отырмын соңғы үш жыл ішінде.

Талай студенттер бұл іске жауапкершілікпен қарады. Оларға мың да бір рахмет.

Біз, міне, осындай ойдан шығарылмаған, бүкпесіз шындықты ғана келтірген, халық аузынан шыққан шынайы хикаяларды жазып, жарыққа шығарып, осы кезге дейін айтылмай, ұмыт болып тұрған тарихымызды жандандыруымыз, дүние жүзіне жария етуіміз керек. Осылайша қазақ тағдыры бүкіл адамзатты адамгершілік сипаттан ада, адами мақсаттан жұрдай, жан түршігерлік нәтижелерге алып келетін әлеуметтік-саяси тәжірибелерден сақтандырады, қазақтың қасіреті барлық адамдарға үлгі-өнеге болады деп ойлаймын.

* * *

Биылғы жаздың шілде айында Қарғалыдағы үйдің ескі көршісі (ауылдағы әкемнің үйінде жалданып бөгде адамдар тұрады) Алматыдағы әпкеме телефон соғып былай депті: «Жақында жасы алпыстан асқан бір ер адам келіп, «Мен Қамзаның Қырғызстандағы жиені боламын. Сол кісінің балалары қайда екен?» деп сұрады. Мен сендер туралы айтып бердім: «Бәрі де Алматыда тұрады» деп. Алайда біреуіңнің де телефоныңды білмейді екенмін. Әлгі кісі солай сендермен қалай хабарласуды білмей кетті». Әпкем оған: «Ол кісінің аты-жөнін, телефонын немесе мекен-жайын жазып алмадыңыз ба?» десе, 70-тен асқан апай: «Ой, ондайды тіпті ойламаппын!» деп жауап беріпті. Ол кісі де өзінің координаттарын көршіге қалдырмапты…

Сонымен әкемнің қарындасының балалары бар болып шықты. Енді жиендерімізбен қарым-қатынас құрсақ деп армандаймыз.

КУӘГЕРЛЕР СӨЙЛЕЙДІ

Әбенова Сарқыт Мұхамбетәбіқызы

Менің әжем 1925 жылы сол кездегі Өскемен облысы, Самара ауданы, Ертістің жағасында орналасқан Казнакоп ауылында дүниеге келген. Сарқыт әжем әкесінен ерте айырылып, оны анасы Мұқыпжамал Байділдақызы тәрбиелеген екен. Бес баланың ішінде ең кенжесі Сарқыт әже екен.

1928 жылы қазақ жерінде кеңес өкіметі кәмпескелеуді бастайды, колхоз, совхоз құруға елдің қорек етіп отырған малын алады. Ел аштыққа ұшырай бастайды. Аштықтың, жоқшылықтың қасіретіне төзе алмаған халықтың көбі жер ауып кетуге мәжбүр болады. Көптеген адамдар Қытайға Шәуешек арқылы қашқан екен. Ал сол кезде Сарқыт әженің отбасы көшуге жағдайы да, көліктері де болмай, ауылда қала беріпті.

Олар Ертістің сағасы Қарасу деген өзеннен балық аулап, күнін көріпті. Сарқыт әженің анасы өте шебер кісі болған екен, біреуге тон, біреуге тымақ тігіп, бір жапырақ нан тауып, балаларына бөліп беріп, асыраған екен. Көбіне орыстардың жұмысына жалданып, солардан бидай, картоп алып, соны қорек етіпті. «Картопты қабығымен жеуші едік» деп есіне түсіреді әжем. Орыстар бидай, картоп, жеміс-жидек егіп, жылдық астығын жинап алып, бидай мен ұн сатып отыратын.

Сол жылдары аштықтың қасіретімен бірге шешек ауыруы да шығып, Сарқыт әже шешек ауыруына шалдығып, әрең жазылған екен. Оның себебі, аш адамдар арам өлген малдың етін қазып алып жеп, содан ауруға шалдығып, қайтыс болатын еді. Дәрігер деген атымен жоқ. «Адам қатты ашыққанда, қатты арықтап, өлер кезінде ісініп кетеді екен» дейді күрсіне Сарқыт әже.

Ол кісі ашаршылықта аман қалып, Ұлы Отан соғысы жылдары халықпен бірге жеңіс күнін жақындату үшін ерен еңбек еткен. Сарқыт әже соғыстан кейін мұғалім оқуын аяқтап, ұзақ жылдар бойы Шығыс Қазақстан облысы, Самара ауданы, Бастауыш ауылында Абай атындағы орта мектепте ұстаздық қызмет жасаған. Қазіргі кезде әжем Алматы қаласында Майкопская көшесінің № 36 үйінде қызы мен немерелерімен бірге тұрады.

Жазып алған Жанар Батырова

Лубаев Қамсы

Бір күні Асхат ағай курстас құрбым Әйгерім екеумізді ашаршылық куәсі болған өзінің енесінің үйіне алып барды. Әжейдің аты — Юсупова Сәрби, 1928 жылы туылған екен. Ол кісі талай-талай әңгіме айтты, барлығын да жазып алдық. Алайда менің есімде әжейдің келіні Гүләйлә апайдың келтірген жан түршіктірер оқиғасы ерекше қалыпты.

— Маған бұл әңгімені 1979 не 1980 жылдары, әйтеуір 7-сыныпта оқып жүрген кезімде, Көксу ауданы, Талапты ауылында тұратын атам Лубаев Қамсы айтып беріп еді.

Қамсы ата ашаршылық кезінде Куйбышев колхозында тұрған екен. Жігіт шағы, шамасы 24–25 жастарда. Бір күні атам қасына досын ертіп, көрші үйге барады. Есікті ашып, үй иесінің екі жасар ұл баласын шелекке салып, астына от жағып, пісіріп жатқан жерінен түседі. «Жаңағының екі көзі қызарып, денесі қалш-қалш етеді» деп есіне алған еді атам. «Есік ашылған дыбысқа жалт етіп, бізге аш көзімен қарағаны әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді». Әлгінің әйелі де із-түссіз жоғалып кеткен екен, көршілері мұны кейін біліп, іздестірген. Алайда таппаған.

Мен «Ата, есімін айтыңызшы ол адамның, мен Куйбышевке барғанда тауып алам, үйіне барам, көрем оны» деп біраз жалындым. Бірақ жетпіске таяп қалған қария:

— Оны қайтесің, қызым, ол сол кезде менен 7–8 жас үлкендеу жігіт еді, қазір тірі. Бүгінде ол өз отбасын қайтадан құрған, әйелі, бала-шағасы бар, — деп жауап қатып еді.

Жазып алған Нұрлан Жұлдыз

Барлықбаев Демежан

Әкемнің әкесі Демежан атамның басынан мынандай оқиға өткен екен. Атамның туған жылы белгісіз, ал әжемнің туған жылы — барыс жылы. Олардың алты баласы болған.

Кәмпеске кезінде «бай баласы болған» деп атамызды өкімет қамауға алған, содан әр күні түрмеде таңертең барлық тұтқындарды сапқа тұрғызып қойып, әрбір үшіншісін атып отырған екен. Атамды да атуға аз қалғанда, әжем әлгі абақты бастығының

әйеліне барып, жылап тұрып, одан көмек сұрайды. Өзінің көп балалы екенін айтады. «Сен менің күйеуімді босатуға көмектес, мен саған жинаған алтын ділдәмді және бір дорба ұнымды берейін!» деп алтынын әлгі әйелге апарып береді. Бірақ абақты бастығының әйелі алтынды алмайды: «Сен бұл алтынды маған берме, одан да балаларыңа қаражат қыл. Таңертең ертерек таң бозынан кел, шамам келсе көмектесейін», — дейді.

Содан күйеуіне бұл туралы айтпаған әйел таң бозынан өзі барып күзетшілермен келісіп, атамызды абақтыдан шығарып береді. Содан атам мен әжем балаларын ала сала, Барлық Арасан тауынан асып, Қытайға өтіп кетеді.

Кейіннен қайта Қазақстанға келгеннен кейін сұрастыра отырып, абақты бастығы әйелінің келесідей жәйін білген екен. Атамызды шығарып жібергенін білген абақты бастығы күзетшілерін қыспаққа алады. Қыспақ көрген күзетшілер тұтқынға шығуға көмектескен өзінің әйелі екенін айтады. Бұны естіген бастық қашқан тұтқынның орнына өзінің әйелін атып тастаған дейді. Ал әлгі алтынды, кіші әкемнің баласының айтуы бойынша, атамыз Қытай жерінде бір зираттың жанына апарып көмген дейді. Оны 1993 жылы үйге қонаққа келген әкемнің әпкесіне айтқанын естігенбіз. Атам мүмкін «бұл алтын жанымның садақасы» деп есептеген болар деп топшылаймын өзім…

Міне, менің атамның басынан кешкен оқиға осындай болған екен.

Жазып алған Маржан Барлықбаева

Бабалиева Жұмақыз

Сарыөзек ауылының тұрғыны Бабалиева Жұмақыз апай (1920 жылы туған) ашаршылық кезінде 10 жаста екен, бастан өткерген әңгімесін маған айтып берді. Ол кісінің шешесі сол жылдары жас босаныпты, ал әкесі қайтыс болған екен. Шешесінің балаларына беретін тамағы жоқ, сондықтан да Жұмақыз екеуі масақ теріп, бала-шағасына талғажау етеді: масақ та титтей де болса, нәр береді екен адамға. Тамақ жоқ, нан жоқ: елдің жағдайы өте нашар. Көрген көзге аяушылық сезім оятады. Сирағы сыйдиған бала-шаға. Көршілер бір-біріне кіріп, араласудан қалыпты. Аштықтан адамдардың ниеті тарылыпты.

Осындай күндердің бірінде масақ теруге кеткен Жұмақыз шешесі екеуі көп кідіріп қалыпты. Масақ таппай, талай жерлерді кезіпті. Сөйтіп аштықтан көздері бұлдыраған болар, қалай қас қарайып, кеш батқанын білмей қалыпты. Таңғы азаннан, күн шыға салысымен кеткен олар адасып, таң ата ғана үйлерін әрең тауыпты. Келсе, үйдің іші аңыраған суық. Шешесі жүгіріп барып, бесіктегі жатқан баланы емізбекші болады. Сол кезде оның аңыраған дауысы естіледі. Жұмақыз кішкентай болса да, бала жүрегімен не болғанын бірден сезеді: бесікте жатқан інісі аштықтан көз жұмған екен.

Ертесіне баланы жерлеп, жер қойнына тапсырып, бұл ауылмен біржолата қоштасып, екеуі ел кезіп қаңғырып кетеді. Жаяу аштықтан бұратылып, ұзақ жол жүріп, ауыл-ауылдарды аралайды. Талғажау боларлық бір түйір дән бере ме деп, қайыршылық жолына түседі.

Бір ауылға келгенде алдарынан қараша үй көрінеді. Шешесі екеуі кірмекші болып, сол үйдің есігін ашады. Үйдің іші қап-қара ыстан көрінбейді. Жыртық киізді төсеніп, төрде бүрісіп бір шал жатыр. Оның бас жағында екі сирағы сыйдиған, аштықтан әбден жүдеген, көздері шүңірейген екі бала отыр. Олардың шешесі қазан жақта от жағып, ауқат істеп отыр екен. «Бізді көре салысымен қолындағы шөмішін ала жүгіріп, балағат сөздер айтып, бізге тап берді. Біз не болғанын түсінбей, қаша жөнелдік» деп әңгімелейді Жұмақыз апай.

Өстіп небір қиыншылықтарды бастан өткеріп, ауылдарды аралап, шешесі екеуі жүре берген. Аштықтан азып-тозып, ауыртпалықты көтере алмаған, әбден жүдеген шешесі бір ауылға келгенде көз жұмыпты. Қаршадай қыз шешесінің мәйітінің қасында не істерін білмей, дал болады. Анасының басын құшақтап, еңіреген қызға көмектесетін ешкім болмайды. Тағдыр тәлкегіне түскен кішкентай қыз жүрегі қайғыдан құса болады, еңіреп етегі жасқа толады. Шарасыздан не істерін білмеген қыз анасының мәйітін тастап, дала кезіп жүре береді, жүре береді.

Жұмақыз алдынан кезіккен ауылдағы бір үйден пана тауып, жалғыз басты кемпірге кез болады, кемпір қызға жаны ашып, оған көмек қолын ұсынады. Жұмақыз сол кемпірдің бабын тауып, жұмыстарына қолғабыс жасап, кемпірге қыз болып сіңеді. Осылай көп қиыншылықтарды бастан өткеріп, Жұмақыз апай ашаршылықтан

аман қалыпты. Ұлтуған есімді кемпірді өз шешесінен кем көрмей, екінші анасы ретінде санапты.

— Сол анам болмаса, тағдырымның не болатыны беймәлім еді ғой. Сондай асыл жандар арқылы біз жан сақтап қалған едік, — деп әңгімесін аяқтады сегіз баланың анасы Жұмақыз апай.

Жазып алған Меңтай Базарбекова

Оразаева Мағлима

Осынау ел басынан өткен нәубет жылдардан қалған көнекөз қариялар да сирек. Сұрастыра жүріп, туған ауылым Қызылағаштың (Ақсу ауданы) тұрғыны, Абай көшесіндегі № 24 үйде тұратын жасы тоқсанның төріне оза бастаған әкемнің нағашы апасы Оразаева Мағлима апамен сырластым. Ғасырға таяу өмір сүріп келе жатқан қарт әженің көз жанарының ұшқыны әлі сөнбеген.

Мен әжейдің қал-жағдайын сұрап болған соң, ол кісіні ашаршылық жайлы сөзге тарттым. Әжей күрсіне отырып:

— Е, қарағым, ол бір «Адам баласына қайталанбасын» деп тілейтін уақыт болды ғой… — деп кимешегінің ұшымен көз жасын бір сығып алды да, әңгімесін әрі қарай жалғай жөнелді.

— Ол уақытта 17–18 жас шамасында едім, тұрмысқа жаңа шыққамын, күйеуім жаман жігіт емес еді, аздаған сауаты да бар еді. Алдымен байлардың малы алынып, көп ұзамай орта шаруаның да малдарын өкімет тартып алды. Әуелі күн көріс, азық қылып отырған малды алды, содан кейін көлікті алды, ешбір аяусыз кең тықыр далада жаяу қалдық. Халықтың жиған қоры жоқ. Сырттан не көмек болмады, елде көлік жоқ, тіпті өзенде балық та қалмады. Жұрт ашаршылыққа ұшырады…

Қазақ халқы үшін нағыз нәубет басталды ғой. Қуаңшылық та бір жағынан қысып тұрды, қайда көз тастамасаң да аш-жалаңаш, азып-тозған бала-шағаны көресің. Елді жайлаған індет. Аштықтан ел жаппай қырыла бастады. Ол кезде біз Семей облысы, Шұбартау ауданы, Сарқымақ ауылында тұрдық. Таршылық заманда шешем өліп, іні-сіңлілерім жетім қалды.

Тамақ жоқ, шөп-шөптің тамырларын кеміріп, сорған күндеріміз де болды. Көзі тұнған аш адамдар тіпті бірінің баласын бірі ұрлап жеуге дайын еді. «Кісі етін жеген шұбартауықтар» де-

ген содан шыққан. Қалада жағдай әлде қалай жақсы деп санаған ауыл қалаға қарай шұбырды. Бірақ қалаға жетудің мүмкіндігі аз еді. Біз де күйеуіміз екеуміз талқанымызды арқалап, қалаға бет бұрдық.

Жол бойы сүйектері ырсиып кеткен арық адамдар, жол шетінде көмусіз қалған балалардың өліктері. Әбден қалжыраған әйелдер арқалаған емшектегі балаларын бел астында қалдырып кеткенін көрдік. Біз итпектеп Семейге де жеттік. Ол уақытта Семейге кіре берісте Ертістен өтетін үлкен көпір бартұғын, соған таяғанда көрдік: Құдай-ау, мұнда да қаптаған өліктер. Менің көз алдымнен әлі де кетпейді олар, әсіресе мына сурет: жас әйел өліп жатыр, бір жасқа таяп қалған баласы шешесінің омырауын сорып-сорып, бақырып жылайды. Өлі денеден не шықсын. Ол бала да өлген шығар. Біреуге біреу қарамайды. Семейде де күніміз белгілі болды: тамақ жоқ, бізге қолғабыс берер жан жоқ. Содан Жетісу жақтағы ағайындарға бет бұрдық.

Алғаш біз қазіргі Сарқан ауданындағы Черкасскіге келдік. Күйеуім осындағы балалар үйіне арбакеш болып жұмысқа кірді. Бұл дегеніңіз сұмдық жұмыс еді. Ертелі-кеш мая боп жиналған балалардың мәйітін арбаға тиеп, тау ішіне әкетеді де, құздан төмен тастайды, өйткені өлі денелерді көміп үлгеру мүмкін емес. Мұның бәрі де өкіметтің бұйрығы бойынша жасалып жатты: ол уақытта өкімет не айтса, сол орындалатын еді ғой.

Біз Черкасскіде көп тұрмадық, Ақсуға келіп табан тіредік. Онда мөлшермен бидай береді екен: әр үйге 1 кесе бидайдан үлестіреді. Сол бидайды кепкен теріге аздап шашып, балаларды алдап, тергізіп жегіземіз, сондан ауқат алатынбыз. Семейден жиырма үй көшіп келдік, оның ішіндегі 13 үй бала-шағасымен тегіс аштан қырылды. Алғашында абысын, келін, қыздарды жуындырып, кебінін кигізуге қорқып едім, үлкен енеміз «сауабын аласың» деп өлгендерді жуындырып, көйлегін кигізіп көметін болдық. Ал кейін тіпті жуындыруға да, көмуге де үлгере алмадық. Бұл жерде де мәйіттерді құздан тастайтын болдық. Бір күнде тіпті 52 адамды құзға апарып тастаған күніміз болды.

Аштықпен қатар сүзек, қылша аурулары да қабаттасты. Ел аш-жалаңаш, өлгендер көп, соның ішінде бала жағы басым. Бір жанұядан 7–8 баланы да көміп едік. Ол кезде «продпомощь» деп аздап азық-түлік таратады, ол бәріне тегіс жетпейді.

Міне осы ашаршылық жылдары өзімнің нағашыларым Есімбек, Есқалы деген кісілер үш баласымен, әйелдерімен шұбырып, Ташкент жаққа кетіп, содан жоқ болды. Солтүстік жақтың көп елі Түркістанға ағылып, аман қалды ғой — ол жақта жағдай біршама жақсы еді ғой, қарғам, — деп күңірене сыр шертті қария.

— Сөйтіп апаларың ашаршылықтан аман қалып, аталарың Ұлы Отан соғысына да қатысты. Тыныш өмірді де көріп кетті. Айналайын, нан ауыз ти, бір үзім нанның қадірін біліңдер! — деп сөзін аяқтап болды да:

— Әй, қайдам, заман да, адам да өзгеріп барады ғой, тек нанды қадірлеңдер! — деп шегелей ескертті.

Апамыз немере, шөбере сүйіп отыр. Апамыз сөз соңында сол кезде көрген бір түсін айтты. Ашаршылық заманында ашығып, шаршап келе жатыпты. О дүниелік болған көп бала-шаға, әйел-еркектер шығады алдынан. Олардың ішінен бір қарт адам апамызға қалшылдаған, еті әбден кеткен, қу сүйек болған, әжім басқан қолымен үлкен кесе толы тарыны ұсынады да: «Осы тары сен жүз жасқа келгенде бітуі керек, соған мөлшерлеп салдым», — дейді.

— Сол тары толған кесе менің жасаған жасым шығар, — дейді көпті көрген Мағлима апамыз. Содан кейін апамыз маған келесідей батасын берді:

Жарылқасын жанды қылсын,
Қатарыңның алды қылсын,
Не тілесе тілеуін беріп,
Қора толы малды қылсын! Әумин!

Жазып алған Айжан Базарбаева

Мұсанова Күмісай

Мұсанова Күмісай, 1915 жылы туған, Кербұлақ ауданы, Бостан ауылының тұрғыны:

— Мен Бостанға бала кезімде ата-анаммен көшіп келгенмін, — деп бастады әңгімесін. — Бостан басқа ауылдардан шеттеу, тау етегінде орналасқаннан шығар, бұл ауылға көп жерлерден адамдар жан сақтауға көшіп келді ашаршылық кезінде. Ол кезде ауылдың

нөмірі ғана бар да, аты жоқ еді. Аласапыран уақытта көшіп келген адам бір-бірін танымайды. Келіп жатыр, келіп жатыр…

Содан аты жоқ ауыл босқан қазақтардың қонысы болып, бара келе Бостан атанды… Қазіргі заманға тәубе, нанымыз бар, қарнымыз тоқ, қайғы жоқ… Ал ол кезде…

Кешке дейін екі көзіміз төрт болып, анамызды күтеміз. Түнге қарай шаршап-шалдығып ол кісі қостан қайтады, онда орақпен астық оратын: соны үгітіп, қойын-қонышына тығып, үйге әкеледі. Түн ішінде бидайды кейде қуырып, кейде қуырмай-ақ төсекте отырып, тығып жейміз. Бар көретін азығымыз сол ғана. Ол кезде ес жоқ қой, картоп салсақ-та болады екен ғой. Қазір ойласам, қандай ақымақ болғанбыз. Көрші Луговое (қазіргі Терісаққан) ауылында орыстар картоп егіп, күнін көрді.

Ашыққан адамдар ондап, жүздеп қырылды. Мәйіттерді ауыл сыртына апарып, жарға тастайды, қазірде Бостанның сыртында орналасқан ол жерде жылда жардан ағарып сүйектер шығып жатады… Аштыққа шыдамаған сорлы қазақ өз етін өзі жеген… О, тоба! Құдайым, әрқашан содан сақта! Осы күніңнен айыра көрме! — деп қарт әже діріл қаққан көздеріне жас алды.

Жазып алған Ажаргүл Ұлдақан

Байтемірова Рәзия

Байтемірова Рәзия әженің (1899 жылы туған, 04.09.2004 жылы қайтыс болған) өз аузынан естіген әңгімем.

— Ол уақытта аштықтан бұратылған бала, ана, кәрі қарттың бір ғана арманы бар еді. Ол — бір үзім нан. Дүние, мүлік — ештеңе керек емес, тек қана бір уыс бидай мен бір үзім нанға зәру болды қазақ. Нанға жетпей көз жұмғандар қаншама!

— Есімде, — деп айтушы еді апам, — бір күні жарты ауыл түгел қырылды. Өздеріне ажалды өздері тілеп алды. Далада үлкен бөшкеде қалған солидол майы бар екен, соны көрген аш адамдар жапатармағай қайың талының қабығына жағып жеді. «Қой!» дегендердің тілін алмай, бала-шаға болып тойып жеп жатыр. «Не болса да қарным бір тойсын» — деп бірін-бірі итеріп, құлшынып, сол майға жеткенше асығып, тойып бір жеді. Ертеңгісін іштері күйіп, ыңырсып жатып өлгендері қаншама болды десеңізші…

Басынан не өткермеді қазақ. Бәріне шыдап, көнді. Талай қайғылы оқиғаны бастан өткізді. Бүгінде сол кездегі «Босқындардың ауылы» атанған Бостан ауылы елімізге танымал азаматтарын мақтан тұтады.

Жазып алған Ажаргүл Ұлдақан

Нүсіпова Бижамал

1932–1933 жылдары елді жаппай ашаршылыққа тап қылған қиын-қыстау заман туралы Ескелді ауданы, Шымыр ауылының тұрғыны, 1925 жылы туылған Нүсіпова Бижамал апа былай дейді:

— Елде ашаршылық туып, шешек ауруы ушығып тұрды. Әкемнің Оразқұл деген бауыры осы кезде қадақ (шаншу) ауруынан қайтыс болады. Атам Нүсіп еті тірі, пысық адам екен. Аштан өлмей, күн көру үшін атам барлық ағайын-туыстарын Шымырдан Сағабүйенге көшіреді. Жалпы халықтың халі нашарлап, ашаршылық пен аурудан көп ел өледі, олардың үстіне топырақ үйіп, осылайша көме салады екен.

Осындай жағдай қиындап тұрған уақытта атамның күйеу баласы Қытайға қашуды ұйғарады. Бір түнде ауылдан қашып шығып, Қапал тауының бір сайына қонып, әлгі жерде түйе сойып, етін асып, әрі кетпекші болады, бірақ орта жолда қуғыншылар қуып жетіп, кері қайтарады. Жол жөнекей әкемнің інісі Оразбайдың жас баласы, тағы да екі туысы өледі. Өлген туыстарының балаларын кейінірек апалары бауырына салып асырайды.

Өкімет қашқан еркектерді қамауға алып, әйел, бала-шағасын түгел тінтіп шығады. Олардың аяқ киімдерінің табанына тыққан ақшаларын, алтын-күмістерін, сәукелесіне дейін алып қояды. Әйелдерді Сағабүйенге абақтыға отырғызады. Бірнеше күнен кейін босанып, бұлар Шымырға қайтып оралады. Біраз уақыттан соң Оразбай да айдаудан қайтып келеді. Ал Нүсіп атам бір жылдан кейін оралды ауылға.

Туысқандар Шымырға келген соң колхозға кіріп, колхоздан бір қой алады, оның сүтін сауып ішеді, өздері Қоғалы жақтағы егіс алқабынан масақ ұрлап күн көреді. Ұстап алса, оны да тартып алып отырған өкімет. Сондықтан да олар теріп әкелген масақтарын жерге көміп, тығып ұстаған, бір уысын алып, бір қазан

суға қайнатып ішетін болған. Атам «ашаршылық жылдары кісі етін жеген, антұрған» деп бір кісіге ұрсып отыратын, — дейді қарт әже.

Ұлы Отан соғысында Бижамал апаның кіші әкелері мен үлкен ағасы Жандос қаза табады. Бижамал апаны да соғысқа әкетпекші болады. Бірақ атасы жүктің артына тығып ұстап, жібермей алып қалады. Бижамал апаны 1945 жылы еңіретіп, өзінен 20 жас үлкен жездесіне зорлықпен қосады. Сол кісімен отауласып, апамыз 12 баланы өмірге әкеледі. Балаларының 10 тірі қалады. Бижамал апа жас кезінде өте сауықшыл болған екен. Алты колхоз біріккен «Қызыл бұрыш» отауында ойын-сауық құрып, әнші болған.

Өмірдің талай қиыншылықтарын басынан өткерген Бижамал апа әлі де өмірден жақсылық тілеп, бала-шағасының ортасында өмір сүріп жатыр. «Үлкендердің сүйегі асыл» дейді ғой, ол кісі де әлі тың, ширақ, балаларының болашағына үлкен үмітпен қарайды.

Жазып алған Ажаргүл Ұлдақан

Худайбердиев Мөрдін

Менің ауылым Садыр Панфилов ауданының орталығы Жаркент қаласынынан 18–20 км қашықтықта орналасқан. «Менің ауылым ашаршылық жылдарында» тақырыбындағы әңгімені жазу үшін мен Садыр ауылының тұрғыны Ұлы Отан соғысының ардагері, 1920 жылы туылған Худайбердиев Мөрдін атамен кездесіп, сол атаның келесі сөздерін жазып алып едім.

— Менің ол кезде бала кезім. Бірақта ауыл адамдары басына түскен қасіретті бала болсақ та сезіндік, қиыншылықтарға ата-анамызбен бірге жанымыз күйзелді. Ол кезде Садыр ауылында көбінесе ұйғырлар ғана тұратын. Ашаршылық жылдарында біздің ауылға қазақтар көшіп келе бастады. Олардың түрінен адам қорқады. Жүдеп-жадап кеткен. Кейбіреуінің балалары, туыстары, үлкендері жолды көтере алмай, аштыққа шыдамай, жолда қайтыс болған. Сөйтіп қазақ ағайындар біздің ауылдан қоныс тепті. Біреулері ауқаты барлардың жұмысын істеп, басқалары малын бағысып, ақысына бидай, тары сияқты азық алып отырды. Кейбіреулері құрай теріп, соны ауылда сататын, сатады деймін-ау, — айырбастайтын. Айырбасқа кішкене тары немесе жан жалғайтын сүт, айран

ішетін. Әрине оларға төлейтін ақша ешкімде жоқ. Сондықтан өзінен жырып, кішкене болса да жейтін асын ұсынып отырды ел.

Анамыз жұмыстан келгенде, бізге қойнына тыққан дорбасына салып алған бидайдың қалдықтарын әкеп беретін. Соны қуырып, жан жалғайтынбыз. Ол кезде бір-бірімізге деген аяушылық, адамгершілік, ізгілік, жанашырлық, бауырмалдық сезімдеріміз шыңдалған тұс еді. Кішкентай бір нәр болса да бөлісіп жеуге асығатынбыз. Ашаршылық бізді жақындастыра түсті. Жақыныңның қадірін біліп, ата-анаңа деген құрмет сезімі арта түскен еді сол кезде. Титтей де болса бір дән немесе кішкентай да болса бір үзім нан бізге үлкен демеу еді.

Осы қиыншылықты, ашаршылықты жеңіп күнімізді күнге жалғап, азамат болуымызға анамыз көп еңбек сіңірді. Өзі жемесе де біздің аузымызға тосатын. «Сендер жеңдер», — деп өзі жемей, бізге қарап отыратын. Сол аналардың төзіміне, шыдамдылығына, қайсарлығына, ержүректігіне таңқаламын, анамды елжірей еске алып, оның алдында басымды иемін. Ақ жаулықты аналар бізді осы дәрежеге жеткізді, бізге осы шуақты, бейбіт өмірді сыйлады десем, артық болмас.

Жазып алған Әлиман Оралова

Мәриәм Шаймұратқызы

Менің әкем Кеңесбай Дәулетбаев (1941 жылы туған, бұрынғы Қапал, қазіргі Ескелді ауданы, Көктөбе ауылының тұрғыны) мынадай әңгіме айтып еді.

Анам Мәриәм Шаймұратқызы (1971жылы қайтыс болған) былай деп әңгімелейтін:

«Шаш ал десе, бас алатын» Толғанбай деген кісі болыпты ауылда. Оны тіпті солдаттар күзетіпті дейді. Апамдар оның атын естісе, «Толғанбайың құрсын!» деп ашуланатын.

Сол жылдары қуаңшылық болып, шөп шықпапты. Мал жаппай қырылып, қалған малды ел сойып жеген.

Ауылда бірен-саран орыстар тұрыпты. Олар егін, картоп салады екен. Қазақтар солардан қалған масақты терем деп, кешке дейін жүріп, бір уыс бидай жинайды екен. Онысын ошақтың астына күлге тығып қояды. Сол тыққан бидайларын да талай Толғанбай,

Рақыш, Тұмарбек деген белсенділер тінтіп, тартып алады екен. Бұл қаныпезерлер талай елді зарлатыпты.

Ашаршылықта апам екі бірдей інісінен айрылған…

Жазып алған Ғалия Дәулетбаева

Жұмаш атай

Мен Қаратал ауданы, Жасталап ауылында тұратын Жұмаш атайға жолықтым. Ашаршылық туралы баяндауымды сұрағанда ол кісі төмендегідей әңгіме айтты.

«Атамыздың жанын өз көзімен көрген, өзі куә болған келесі оқиға түршіктіріпті. Сол жылдары Бекболат есімді жігіт әке-шешесі қайтыс болған соң әпкесі Гүлшатпен бірге тұрыпты. Екеуі де ашаршылықтан азып-тозып, тіпті жүрерге әл-дәрмені қалмапты. Бір күні көздері кіртиіп, жүні шыққан кішкене көрпешеде бүрісіп жатқан інісі әпкесіне:

— Әпке, сен даладан масақ немесе картоп қалдығын теріп алып кел! Егер тауып әкеле алмасаң, мен сенің өзіңді жеймін! — депті.

Сонда әпкесі әлсіреп жатқан інісіне жаны ашиды да кең даланы бойлай жөнеледі. Өзі де жүдеп, аштықтан әбден әлсіреген, аяғын әрең басады. Өкінішке орай ол даладан да, ауылдан да ешқандай ауқат таппайды. Жаны қинала інісіне қайтып оралады. Інісіне мойнын ұсынып:

— Жаным Бекболат, жан інім, мен ештеңе таба алмадым. Кешір мені… Міне, мені жесең — тамағым, сен үшін жан пида, — деп көзінен мөлт-мөлт жас ағытылып, інісіне мойнын ұсынып, өлімге өзінің басын тігіпті. Әлсіресе де інісі алдына бағлан қозы келген аш қасқырдай әпкесін сол жерде бас салып, бауыздайды. Осыны көзімен көрген Жұмаш атамыз, ол кезде жігіт болып қалған шағы, есінен танып құлапты. Қанша жатқаны белгісіз, біраздан кейін есін жинап алып, алды-артына қарамастан қаша жөнеледі бұл үйден…

— Осы оқиғаны шын мәнінде болған десем де, елдің көбісі бұған сенбейді. Бірақта оның болғаны анық… Мың өліп, мың тірілген қазағым осындай жан төзгісіз күндерді де басынан өткерген… Осындай оқиғаны еске алудың өзі де қиынға түседі екен. Ешқашан мұндай ауыр күндер қайталанбасын, халқымыздың аспаны ашық, күндері жарқын болсын! — деп қария кемсеңдеп аяқтады әңгімесін.

Жазып алған Айгүл Мұстапаева

Қапиза Тоқтағұлқызы

Бұл оқиғаны мен өзімнің көрші апамның әңгімесінен естігенмін. Қапиза апаның бұл айтқандарын есімде сақтап, бұндай жанды әлемге танытпасам да, келесі ұрпақтардың санасына құйып, олар қалған ғұмыры мен өмірін қайғы мен қасіретке толтырмай, өкінішпен өткізбесе екен деген оймен бүгін мен қағаз бетіне сонау бір замандағы оқиғаны жазып қалдырсам деп отырмын.

— Е, балам, ерте кезде бітіп кеткен ескі жараның аузын ашып, іштен қан жұттырған заманымның несін айтайын! — деп апам үлкен бір ойға батып кетті. Ауыр бір күрсініп, көзінің жасын бір сығып, апам әңгімесін бастады.

— Қарағым, ол кезде қызымыз — күң, ұлымыз — құл болған заман еді. Марқұм әкемнен тараған еркек кіндіктен ағам және оның артынан ерген жалғыз мен едім. Менің әкем — Тоқтағұл есімді сіңірі шыққан кедей еді. Әкемнің өзі он екі ағайынды болған екен. Әжеміз марқұм он екі баласының он бірін жер жастандырып, оған бала тоқтамаған екен. Барлығы туған соң қызылшамен ауырып, өле беріпті. Ең соңында, менің әкем туғанда, үлкен бір молда келіп, кіндігін балтамен шауып, баланың атын Тоқтағұл деп қойған екен…

Шешем марқұм әке-шешеден ерте айырылған тұлдыр жетім болған. Әкем екеуі қосылғанда шешем 14-те, әкем 19 жаста болыпты. Әкем Тілеуберді деген байдың жеті жасынан қозысын бағып, шешем сол босағаның күңі болып жүріп бір-бірімен табысқан екен. Мен ес білгелі жыртық шоқпыт лашығымыз бен жалғыз сауын сиырымыз, үш-төрт ешкіміз және жалғыз құмай тазымыз болған.

Бай бәйбішесі мейірім түскен адам еді. Одан кейінгі екі тоқалы адамнан емес, иттен жаралған ба деп ойлайтынмын. Байдың бәйбішесі айықпас дертке ұшырап, жыл жарымдай төсек тартып жатып қалды. Бәйбішенің сау күнінде қарнымыз ашыққан емеспіз. Шешеміз марқұм сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығып, таң азаннан кетіп, ел жатар орнында оралатын. Әр күні сорпа, сүйек-саяқ, отқа піскен таба нан үзілмейтін.

Сол кезде анам байғұс әр күні әкелген тамағын тезірек бізге жеткізіп, аузыма тығындаумен болатын. Қайран бала кезім, сонда

шешем бір үзім нанды аузына алмай, бізге тығындағанына мәз, ал біз болсақ кешке дейін аш жүріп, жатар орнында ғана тойып, ас ішіп ұйықтағанға мәз болып жүріппіз.

Анам байғұс титтей қолы бос болса, көрші байлардың жүнін түтіп, арқанын есіп, киізін басып, бір аяқ бидай әкелетін. Ал әкем болса байдың малының соңында айлап кететін. Бай жылқысы қайда жайылса, сол жылқының соңында құрығын сүйреп, әкем де жүретін. Әкемізді анда-санда бір көргенімізге мәзбіз.

Күндердің бір күнінде бай бәйбішесі о дүниелік болып кетті. Бәйбіше кетісімен, екі тоқалдың айы мен күні алдарынан шығып, бар билікке ие болды. Бұрынғы күніміз көзден бұлбұл ұшты. Шешем бір күн келсе, бір күн келмей, аштықтың дәмі ащы таңдайымызға тие бастады. Анамыз келгенде де мандытып ештеңе әкеле қоймады. Келгеніне риза боламыз. Кейінгі кезде көзі ішіне кіріп, құр сүлдерін сүйретіп келген анама жанымыз аши қарап, аш екенімізді ұмытып та кететінбіз.

«Бір келсе, жеті жұт бірге келеді» — деген ғой. Сол жылдары қысы қатты, жазы аптап ыстық болғаннан бар жайылым қуарып, мал біткеннің бәрі қырыла бастады.

Шешеміз ауыр науқасқа ұшырап, төсек тартып жатып қалды. Ағам бай босағасына әкем сияқты қозы бағуға кетіп, жалғыз мен ауру шешеммен қалдым. Жалғыз сиырымыздың төрт емшегін кере сауып, шешемді сол сүтпен асырап бақтым. Бірде қыс қатты болып, аязда, ақ-түтек боранда бай жылқысы бөлініп кетіп, әкем жарты үйір жылқыдан айырылып қалыпты. Бай сол жылқысының құнын сұрап, әкемнің неше жылғы еңбегін бермей және үстіне жалғыз сауын сиырын тартып әкетті.

Ағашқа байланып өзі әзер тұрған көтерем сиырдың екі аяғын құшақтап, мен талай жерге дейін сүйретіліп бардым. Мұны көрген әкем мен шешем ішінен қан жұтып, маған үнсіз ғана қараумен тұрды…

Қазақ даласын жайлаған жұт біздің төңірекке де келіп жетті. Бай малы қырылған үстіне қырыла берді. Байдың босағасында жүрген жалғыз ұлы мен тозып, шаршап, әлсіреген қызын ойлап, анам байғұс аштықтан үш түн сандырақтап, аштық деген залыммен алысып, таңға қарай көз жұмды. Неше жыл бай малының соңында қысы-жазы жүрген әкемнің де екі аяғынан кетіп, мүгедек болып қалды.

Ауыртпалық енді маған түсті. Бір уыс бидай сұрап, күндіз ел босағасын тоздырдым. Жұт жайлаған елде қайдан нан мен бидай болсын? Өстіп қанша жүргенімді білмеймін, бір күні бай апыл-ғұпыл үйін бұздырып, ағама қалған малын айдатып, елден қашпаққа айналды. Кешкісін ұрланып келген ағам бізге «Жүріңдер, бай көрші Қытайға өтпекші. Соның малын айдап, мен де өтемін, екеуіңді алып кетемін» деді.

Оған бай мінезін білетін әкем бармады. Ұлына да жалынып, оның бармауын тіледі. Ақыры көндіре алмаған соң, мені алып кетуін айтты. Аға мен әке ортасында тұрған мен от пен судың ортасында қалғандай болдым. Әкеме қарап, бір жалынам. Сол кезде мен өз ағамды өзім тани алмадым. Көзінен от шашып, бір үмітпен кетіп бара жатқандай болды маған. Екі аяғы сал әкемді қимай, мен елде қалдым. Сонда ағам есіктен шығып бара жатып, артына бұрылып маған: «Күнім, алтыным, Қапилаш, мен ораламын, сені алып кетемін, жарай ма? Бірақ сен жылама, мен жол көріп келейін, сосын екеуіміз әкемізді арқалап, сол жермен Қытай еліне де жетеміз», — деді де маңдайымнан сүйіп, шығып кетті.

Өмірге деген үлкен үмітпен аға соңынан «қашан келер екен» деген оймен мен қалдым. Ал әкем болса ұлымен іштей қоштасып, көзінен аққан жасын маған көрсетпей сүртіп жатты.

Бай түнделетіп көшіп, ағам сол байдың малының соңынан кетті. Ағам Мағжан кетісімен екі күн бойы әкем теріс қарап жатып алды. Бір күні әкемнің нағашысы келіп, «Бізбен жүріңдер, Қытайға өтеміз, жаңадан өмір бастаймыз, бір ауыл тегіс шығып кеткелі отырмыз. Сосын мен де сендерді осында тастамай алып кетпекке келдім», — деді.

Сонда әкем: «Мені басыңа масыл қылып қайтесің. Мен әйелімді жалғыз қалдырып, қайда барамын, өлсем — әйелімнің жанына барамын, ал қызым болса саған аманат. Қарындасыңның аруағы риза болсын десең, өз қызыңдай көріп өсіріп, бақ» — деді.

Біз кетуге жиналдық. Үйден шығып бара жатып, соңғы рет әке бетіне қарадым: әкем маған үлкен бір қимастықпен қарап: «Бара ғой, балам, ағаңды да сол жақтан тауып аларсың», — деді. Әке бетінен айлар мен жылдардың тізгінін тізбектеп қойғандай әжім қатпарлары сызылып біліну тұр. Қызық, бұрын қалай байқамағанмын…

Арбаның ортасына отырып, сахарадай даламмен, ащы бір балалық шағым өтсе де туған жерімді қимай мен келемін.

Қанша жүргенімізді білмеймін, әйтеуір: «Мынау Мағжан ғой! Апырай, соның өзі!» — деген сөздерден ояндым. Өз көзіме өзім сенбей, қақиып тұрдым да қалдым. Көз алдымда екі көзі ойылған, шыбын мен құсқа жем болған ағамның өлігі тал түбінде жатыр. Апыр-топыр арбадан бізді түсіріп алып, келесі кетіп бара жатқан көштің арбасына салып, нағашыларымыз жүре беруімізді қалады да, өздері жиендерінің сүйегін көміп, кейінірек артымыздан қуып жететіндіктерін айтты.

Түкке түсінбей, тіл-аузым байланып қалған менің жүрегім мен жаным осы елдегі, осы жердегі әке-шеше мен ағамның аруақтарының жанында қалып қойғандай болды. Құл сүлдерім қалып, арбаның артына таңылғандай болған аға бейнесінен көз алмай қарап кетіп бара жаттым. Бұл кезде мен тоғыз жастағы жас бүлдіршін едім…

Кейін білдік, бай сол түні Қытайға өте алмай, сол жерде бар малын және ат басындай алтынын тастап, ағам жатқан талдың түбіне бүкіл алтынын тығады. Онымен қоймай, алтынын қызғанып, ағама «Тірі жүрсең, сен бұл алтынды қазып аласың!» — деп екі көзін ойып, сол араға тастап, жалғыз басымен Қытайға өткен екен…

Иә, балам, ол заман мен бұ заманның аралары әлдеқалай қашық…

Қазір егеменді ел болдық, Қазақстанымыз гүлденді. Ол заман қазір бір ертегі сияқты болып кеткен. Елім, жерім аман болсын. Ол заман да біздің маңдайымызға жазылған бір заман шығар. Сүйегі қурап, топыраққа айналып кеткен сол заман азаматтарын еске алып, жаманы болсын, жақсысы болсын, оларға Құран бағыштатып, еске алып отырамын. Заманымыз тыныш, ел іргесі аман болсын! — деп Қапиза апа сөзін аяқтады.

Ол кісінің бүгінде 7 ұлы, 3 қызы бар, 32 немере, 9 шөбере сүйіп отырған бақытты әже.

Қытайдан 1962 жылы қайта оралған әже әке-шеше, ағасының моласын тауып, Құран бағыштап, аруақтарды риза қылуға ұмтылады.

Иә, біз осындай аналар мен аталардың арқасында өмір сүріп, осы күнге жеткенімізге үлкен алғыспен бас имесе болмайды!

Жазып алған Маржан Мақашева

Ержігітова Секер

Менің Секер әжем 1914 жылы туған. Сол кісінің есімде қалған бір әңгімесін келтірейін.

— Мен сол жылдары Гвардия ауданы, Қоғалы ауылына ұзатылып, келін болдым…

Ашаршылық кезінде бүкіл халық үй-күйін тастап, қаңғып кетті. Біз төбесіне майда қорда салып, оның үстіне сабан жабылған тоқал тамда тұратынбыз. Сол кездерде орыстардың тастаған картоп қалдығын, борсып кеткен капустасын теріп жейтінбіз. Масақ тереміз, бізді күзетшілер ұстап алып, аямай соғатын. Сонда бір тостаған бидайды әзер теріп, оны үйдегі қол диірменге тартып, ошаққа нан қақтап немесе қуырып жедік. Нанның күйігін суға езіп, боялған шәй қылдырып іштік, солай өлместің күнін көріп өмір сүрдік. Бір күн тамақ ішсек, екінші күні аш жүрдік. Адам етін жегіштер пайда болды. Масақты күнде тереміз, күнде бидай қуырамыз, күндіз біреулер көріп қояды деп қорқатынбыз. Шәйді мосыға іліп, астына қурай жағып, қайнатып ішетінбіз. Отынымыз — сабан-қурай, соны жағып, ошақтың түбінде ұйықтаймыз.

Киерге киім, ішерге тамақ болмаған кез еді. Бір қабат киім, соны түнде шешіп алып жуып, күндіз киетінбіз. Сол жылдары сабынды қолдан жасадық, алаботаны теріп, оны күйдіріп, күлін қайнатып, борсықтың майына шылап, қатырып қоятынбыз. Ыдыс жоқ, қарағашты кесіп, соның ортасын ойып, тостаған ожау жасаушы едік…

Жазып алған Бауыржан Ержігітов

Саметеев Нығметжан

(1920 жылы туған, Шығыс Қазақстан облысы, Аякөз ауданы, Тарлаулы ауылының тұрғыны)

Ол кездерде мен 8 жаста едім. Біз бір жанұяда үш ағайындымыз. Ең үлкені — Мұхаметжан, кішісі мен едім. Әкемнің есімі — Сәметей, шешем — Бәдіжамал. Біз Таңсық стансасының қасында орналасқан Ақши деген жерде колхозында тұратын едік. Үш қарындасым — Қаби, Ығи, Бази — ашаршылық кезінде Қытайда болған екен.

Сол кезде үкімет басына Сталиннің жіберуімен Голощекин деген келіп, халықтың малын түгел алды. Сондағы көздеген мақсаты, қысқаша қарапайым сөзбен айтқанда, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бүкіл елді бір жұдырықта қысып ұстау.

— Сонда сіздер қалай күнелттіңіздер, не жедіңіздер?

— Е, балам, ол кезде көп жанды үйлерге бір сиырдан берілетін болған. Қазақ деген ол кезде картоп қазуды білмейді, балық аулауды білмейді. Әйтеуір «мал, мал» деп малдың артынан кеткен халықпыз ғой…

— Ой, шырағым, содан не керек, бір сиыр не болады дейсің, ол да суалды. Енді қалай қылғанда да жан сақтап қалу керек. Содан әкем әлгі сиырды сойып, соның етін жедік. Сол үшін әкемді өкімет он жылға соттайтын болған соң, әкем үш қызды алып Қытайдың Шәуешек деген қаласына қашты. Әкем кеткен соң біз Таңсықтың Қызылқия мектебінің интернатына келіп, сонда тұрып жан сақтадық. Шешеміз 50 жасында, ал әкеміз 82 жасында дүниеден өтті.

Ал енді ашшыққан ел не жемеді дейсің? Таңертең тұрып, тышқанның інін суға толтырады, қашан тышқан інінен шыққанша. Аңдып отырып, сол тышқанды ұстап алып жейді. Біздің үйдің жанында бір дәулетті кісі болды. Ол кісі аштық кезінде түгел жанұясымен қырылды. Бір күні үлкен кілемін, сандығын сүйретіп алып келіп: «Бала — шағама бір тілім нан бер» деп жылады. Өзі де аш халық несін берсін?..

Менің әкем бірде ертеңгісін «ит-құс, аң қолыма іліксе» деп үйден шығып бара жатып, жолдан бір үйде екі баласы бар ерлі-зайыпты жанұяны көреді. Әкем үйіне кірсе, барлығы да аштықтан ісініп кеткен екен. Кешкісін қайтып келе жатып, әкем жаңағы жолда тұрған үйдің есігін сыртынан біреу таспен тіреп кеткенін көреді. «Бұл қалай, кім екен?» — деп қараса, әке-шешесі екі баланы қалдырып, өздері кетіп қалыпты. Әлгі екі бала бірін-бірі құшақтаған күйінде өліп қалыпты.

— Е, шырағым, халық жаппай қырылды ғой. Анау Тарбағатайдан Таңсыққа келіп, жан сақтаймыз деп шыққан халық жол бойында тегіс қырылған…

Содан 1933 жыл да келді ғой ақыры. Аштықтан қалған халықты аман алып қалу үшін үкімет азық бере бастады: әр адамға бір уыс тары, бидайдың ұны. Сөйтіп тірі қалған халық жан сақтап қалды ғой…

Қазіргі уақытта зейнеткермін, қалқам. Аллаға шүкір, сегіз балам бар. Бүгінде немерелерім мен балаларымның қызығын көріп отырмын, — деп әңгімесін аяқтады қарт ақсақал.

Жазып алған Жадыра Оспанова

Саметеева Нүрзия

(Шығыс Қазақстан облысы, Аякөз ауданы, Тарлаулы ауылының тұрғыны)

Мен 1919 жылы Аякөз қаласына қарасты Жарма ауылында тудым. Әкем — Нұрахмет, анам — Күлбарам. Біз жанұяда 6 қыз болдық. Шешем қатарынан 7 ұлды дүниеге әкелген екен. Жетеуі де бірінің артынан бірі шетіней беріпті.

Анам артынан қатарынан 6 қызды дүниеге әкеліпті. Екеуі дүниеден өтіп, қазір төртеуміз қалдық, солардың ішінде ең үлкені менмін. Сіңлілерімнің біреуі бүгінде Алматыда, екіншісі Аякөзде, кенжесі Жармада тұрады.

Біз әкеміздің арқасында ашаршылықтың азабын аса көргеніміз жоқ. Біздің жалғыз сиырымыз болып еді, соны сауып, бір кесе сүтін ішіп отырдық. Әкеміз сол кезде таңертеңгі сағат 7-ден кешкі 10-ға дейін ауылдың диірменінде жұмыс істеді. Күнде үйге келгенде қалтасына бір уыс бидай мен 4 жапырақ нан салып әкелетін. Жалақысы, әлі есімде, 5–10 сом төңірегінде болатын…

Әкем жұмыстан келгенде талай-талай жан түршігерлік әңгімелерді айтатын: бір жерде бір топ адам мысықты немесе итті ұстап жепті, басқа біреулер аштықтан өлейін деп жатқан кішкентай нәрестесін жепті дегенді естіп жататынбыз.

Біздің көршіміздің малы көп болушы еді. Сол көршіміз барлық малын шетінен сойып жеп отырды. Бірақ нан болмаса, қара ет ішке тұрмай ағып кетеді екен… Қасымызда екі үйден кейін тұратын бір бай қолына қымбат тасты алқасын ұстап, әкеме «Нұрахмет, мынаны ал да, маған бір жапырақ нан берші!» — деп келгенде, әкем оны «Маған бұл алқаң тамақ бола ма?!» — деп қуып шыққаны есімде.

Бір күні әкем жалақысын алып, шәй-сабын сатып алуға қалаға кетіп еді. Соларды алып, қайтып келе жатса, пойызда орыстың бір әйелі әкемді қасына шақырып алып:

— Сен үш күннен кейін өлесің! — депті.

Әкем сол жерде оны балағаттап, «Менің 4 бірдей балам бар, мен өлсем — оларды кім асырайды?!» — деп кейіпті. Әкем сол кеткеннен екі күннен кейін үйге келді де, есіктен кіре құлады. Мен оны көтеріп алып, төсекке жатқыздым. Әкем мені қасына шақырып алып:

— Балам, маған орыстың бір әйелі «үш күннен кейін өлесің» деді. Егер айтқаны дәл келсе, ертең түскі сағат екіде мен дүниеден өтемін. Қолыңа қалам ал да, маған қарыз адамдарды және менің қарызымды жазып ал, — деді.

Әкемді бір бөлмеге жатқызып, есігін жауып қойып, ешкімді кірбізбей, оған өзім қарадым. Ертеңінде түскі сағат екіде, орыстың әйелі айтқанындай, әкем дүниеден өтті…

Ол кезде әкем 45 жаста еді. Шешем әкемнен 8 жылдан кейін қайтыс болды. Өзім 17 жасымда тұрмыс құрдым да, 23 жасымда жесір қалдым. Жолдасым Сәбит соғысқа кеткеннен, жаралы болып қайтып келіп, екі күннен кейін 25 жасында дүниеден өтті. Одан кейін 31 жасымда Мұхаметжан аталарыңа қосылдым. Сәбиттен қатарынан 6 ұл, 6 қыз дүниеге әкелдім. Бәрі де бір жарым жасқа келмей, шетінен өле берді. Енді Сәбиттен бір ғана қызым бар. Мұхаметжан атаңнан 7 балам бар. Қазір 8 немере, 9 жиен, 3 шөбере көріп отырмын.

Жазып алған Жадыра Оспанова

Байсақов Темірәлі Хасенұлы

(1924 жылы Ақсу ауданында туған)

— «Ақ сақалы қартықтың белгісін көрсетеді», — деп қария сөзін ауыр күрсініспен бастады.

— Мен ол кезде 12 жасар бала болғанмын. Есімде сол шақ: өршіп тұрған күз мезгілі болатын. Жегендеріміз — ұнның қыпығы, соның өзі бізге табылмайтын ас еді ғой. Әжелеріміз бір дөңгелек құрт беріп тамақтандырушы еді, соған біз біреуіміз емей, әр отбасынан 14 адам тояттанып қалушы едік. Әкемнің айтуынша, Голощекин бүкіл асық пен етті қырманға жаптырып тастап, ақырындап Ресей еліне тасып отырыпты.

Ақсу ауданы «Қызылтаң» совхозындағы Баймұхамбет елі аш болды. Әкем қоймада астықты күзетуші еді, кейіннен халық «сол

астықты елге бермей сақтадың» деп әкемді жауапқа тартпақшы да болды. Бірақ 1932–33 жылдары сол астықты аз-маздап елге бергені үшін Сталин адамдары әкемді соттамақшы болғанын ешкім де елеген жоқ еді…

Иә, көргенге — шын, естіген құлаққа — өтірік шығар.

Сол кезде тіпті өзенде жыбыр еткен балық пен әуеде пыр еткен торғай көрінбестей болып кеткен еді: бәрін де жеп қойғанбыз…

Ал қазір «Заман қиын, қиын!» деп шулайды жастарымыз. Қазір еңбек етсең, бәрі де бар емес пе?!.

Сол заманда ғой бәрінің де өте қиын болғаны, Голощекиннің сайқал саясаты емес пе, қазақ жерін тойпаңынан келтірген! — деп көзіне жас алған қария үнсіз қалпы ұзақ отырды…

Жазып алған Жадыра Оспанова

Серікберген ата

1931–33 ашаршылық жылдары, Серікберген атаның айтуы бойынша, елде жейтін тамақ болмай, адамдар бір-бірін жеген екен.

— Ол кезде мен 15 жасар бала едім, — деп бастады әңгімесін көнетоз қария. — Біз үйде бес жан едік. Шешем, мен, інілерім Мәулімберген, Өрікберген, қарындасым Зұлқия.

Біздің тұрғанымыз су жоқ жер, шөлейтті аймақ еді. Жол жиегінде өліп жатқан адамдар жиі кездеседі. Кейде оларды жерлеп кетеміз, кейбір әйелдер емшектегі баласымен өліп жатады, сәбидің аузында шешесінің емшегі тіреліп қалған. Осындайларды көргенде қалай қорқып, шошымайсың?

Тамақ, нан деген жоқ. Шешеміз берекелі кісі болатын. Бал қасықпен өлшеп бір қасықтан тары береді бәрімізге. Кейде түйені үш мезгіл сауып, сүтіне су қосып шалаптап, үлкен қазанға қайнатып, тошалаға сүйектерді қоса қайнатып, тау сарымсағын ұсақтап турап салып, бізге кесеге құйып беруші еді. Біз ет жеп, сорпа ішкендей болып қанағаттанатынбыз…

Кей қыстақта қалған жүнін қырқып, тұздап алған мал терілері ешқашанда бұзылмайды екен. Шешеміз сол теріні ұсақтап турап, қазанға үш рет қайнатқанда, тері аппақ болады екен. Төртінші рет қайнатып, кәдімгі ет ретінде бізге береді. Біз ашпыз, соны соғып алатын едік.

Жауқазын сияқты аппақ сәбіз өсімдік болады, соны шоққа пісіріп жейтінбіз. Сөйтіп аш-жалаңаш жүріп, қара суық күзге де іліктік, жағдайымыз тіпті ауырлай бастады. Інілерім Мәулімберген мен Өрікберген, аштықтан болу керек, екеуі де жатып қалды. Құдай қуат берген шығар, мен әйтеуір сау болдым.

Картоптың қабығын тауып, бір үлкен табыс тапқандай болып қаламын. Сол әкелген картоптың қабығына өзі сіріңкедей қана, сықсаң су шығатын қара нанды темір қалбырға салып, отқа-шоққа қайнатып, тұз болмағандықтан өзімше бір тұзын шығарып, бал қасықпен ең алдымен қозғалмай жатқан шешемнің ауызына құятынмын, сонан соң інілеріме және қарындасыма беретін едім. Түбінде қалған бір-екі қасықты өзім ішіп жерге жата кететін едім.

Етігімнің табанында туырлық киізден жасалған ұлтарақ сияқты бірдеме болатын, жер-жерді тамақ іздеп шарлағандықтан ол екі-ақ күнге шыдайтын. Бұтымда жүнін ішіне қаратып шешем қолдан тіккен иленген тері шалбар еді. Өзі жылы болғанымен, аяздан сыртына қараған терісі сіресіп қатып қалатын, кеудемдегі тері тон да дәл шалбардай, басымда қолдан тігілген шүберек тұмақ болатын. Қыстан сол киіммен шығып едім…

Бір айтарым, аштық кіргенде неше түрлі аурулар да жай жатпайды екен, «Сыпной тиф», «Брюшной тиф» деген аурулар қаптап, аштыққа қосыла, шөпті шалғымен шапқандай, адамдарды қырып салды. Сондағы бізді аман-есен алып қалған орман-тоғай болды. Отынды сындырып алып, жаға бердік. Бірақ тіккен қоста пана болмайды екен, отты маздатып қанша жақсаң да, бет жағыңды ғана жылытып, арқа жағың мұздап отырады екен…

Осыны айқанда Серікберген атаның көңілі босап, көзінен жас парлап, ары қарай әңгімесін жалғастыруға мұршасы болмай қалды. Кемсеңдеп отырған қарияның келіні ымдаған соң, мен әрі қарай сөз жалғастыруға ыңғайсызданып, үй ішіндегілермен қоштасып, далаға шықтым…

Жазып алған Жадыра Оспанова

Бітікенова Сәди

— Мен 1916 жылы қазіргі Алакөл ауданы, Еңбекші ауылында дүниеге келдім. Әкем кезінде беделді би болған кісі. Сол байлықтың арқасында малдары тәркіленіп, өзі түрмеге қамалды. Ол 1917 жыл, қазақ жеріне орыстардың қоныстана бастаған кезі еді.

Кейін 1928 жыл келді, әкем босатылды, мен онда он екідемін. Сонымен үйде мал жок, бірде ток, бірде аш қалыппен өмір кештік…

Ашаршылық кезінде күн көру үшін орыс жеріне қыстыгүні жаяу жолға шықтық. Жолда келе жатып, көптеген адамдардың қырылғанын көрдік, біздің де ішімізде өлгендер жетерлік еді. Сонда өлгендерді шетке тастап, аяктарымызбен тарпып, қарға көміп кете береміз.

Шұбартаудан Ақсуға барамыз деп, Көлбайға да жеттік. Ата-анам кайда қалғанын да білмеймін. Ұзақ жолға елдің шыдағаны шыдады, шыдамағаны шетінен өліп жатты. Өлгендерді лактырып жүріп кетеміз…

Содан Көлбайдан бес шақырым жерде орналасқан орыстың селосына таядық. Бұл жерге келіп нан-су сұрап, ит күнді көрдік. Сосын біреуден пәленбай деген жерде қара бидай өседі дегенді естідік. Барсақ, шындығында да қап-қара боп, шайқалып өсіп тұр екен. Кезекке тұрып, бір-бір уыс қара бидайды алып келеміз, кәдімгідей қуанамыз, қазіргі балалар кәмпитке қуанғандай…

Түнімен келі-келсаппен уытып, әлгіден талқан жасаймыз. Ол уақиға шамамен 1930 жылы еді. Жалғыз мен емес, жұрттың бәрі солай күн кешіп еді. Солай тағы бір жыл өтті, 1931жыл келді. Ол жыл әбден сұмдык болды. Шұбартауда адамды жеуге шықты, — деп Сәди әженің көзіне мөлт еткен жасы келді.

Жаным ашып, әжені аяп кеттім. Біраз демін басып, әңгімесін әрі қарай жалғастырды қарт ана:

— Жер үйде отырамыз. Ортаға от жағып, жылынамыз. Сол арада 17-ге де келіппін. Ширақтығыма қызықты ма, білмеймін, бір жігіт маған сөз айтты. Екеуіміз тұрмыс құрдык. Бір күні үстінде ескі күртешесі бар, кір тақия киген жасы үлкен кісі есіктен кірді де:

— Әй, балалар, жиналыңдар. Менде бір тақия толы бидайым бар, соны егейік, — деді. Сонда не кетпен жоқ, не күрек жоқтығына қарамай, егін ектік. Егін жақсы шықты. Оны жинап алдық. Сонымен қыс бойы қалтақтап, келер жылы үш тақия бидай ектік. Жаз ұзақ титтей баламызды арқалап, егінге барамыз. Еңбек еттік. Ақырын қолымыз тоқтыға да жетті. Сол жылы үш тоқты, бір танамыз болды. Ол бұзаулағанда, сүті тіпті рахат болды, — дейді сол кездегі бір кесе сүтті кәдімгідей бір күннің азығы қылған Сәди әже.

Осындай қилы замандарда, аштыққа төтеп тұра алған, қиыншылыққа төзіп, ұрпақтарын жалғастырған батыр әжеміздің алдында әрқашанда бас июіміз керек.

Бұл әңгімені мен Талдықорған қаласы, Нестеров көшесінде тұрып жатқан Бітікенова Сәди әженің аузынан жазып алғанмын.

Жазып алғандар Жұлдыз Ерденбекова, Айгүл Қалысбаева

Әлімхан Исабаева

Ашаршылық жылдарында қаншама қиыншылықты бастан өткізген Кербұлақ ауданы, Қаспан ауылының тұрғыны апам Әлімхан Исабаева өзінің көргенін және ауыздан ауызға тараған әңгімелерді айтып отырушы еді.

— Сол кезде бір бөлке нан үшін не істемедік? Түрлі ауыр жұмыс істеп, таудан көйлектің етегіне көмір толтырып тасып жүріп, күндік ақысына бір бөлке алып, соған риза болатынбыз. Асығып үйге келіп, сол нанды үстел жағалай отырып, адам басына үш мезгілдік асқа тұрарлықтай бөліп, балаларға нан кескен пышақтың қырын жалататынбыз.

Ас болса — болды, болмаса ауылдың ашыққан қатын, бала-шағасы бір үйге жиналып, еркектері болса тентіреп нан, масақ іздеп кететін. Бір табақ бидай қуырып, оны бір талдап дәмін алып қана, қаншама күн бастан өткердік десеңші. Ауылдың көп адамдары әлсіреп, ашаршылықтан қашып, тамақ тойдырмақ ниетпен ел кезіп, тентіреп кетті. Амал таппағандықтан аштықтан адам етін жеп тірі қалғандар қаншама. Өз ішінен, ет-жүрегінен жаралған нәрестесін жеген аналар, әкелер қаншама болды!..

Сол заманда бай мен кедейде айырмашылық болмады. Байлар тыққылаған алтынын бір дорба ұнға айырбастауға зар болды. Сол қыстың жұтында мал да қырылды. Қаншама қазағым ашаршылыққа шыдай алмай өліп кетті!..

Апа-аналарымыз аштық кезінде тышқан аулап жеген, жердегі жыбырлаған құрт-құмырсқаны да жеген. Өкімет малды отар-отар қылып қалаға айдап, халыққа жегізбей кеткен…

Жазып алған Сандуғаш Ибраимова

Бектербеков Егебай

1924 жылының желтоқсан айында қазіргі Ескелді ауданы Шұбар ауылында дүниеге келген Бектербеков Егебай деген ақсақалдың аузынан жазып алған әңгіме келесідей.

Бұл ашаршылықтан кейінгі 1934 не 1935 жылдары Сорноқай жотасы деген жерде болған оқиға. Сол қыста Егебайдың ашаршылықта жоғалып кеткен ағасы Беққали тауда жападан-жалғыз, тамақ болмағандықтан шөптін басын теріп жүргенін естіген шешесі Рахима Ағыбайқызы баласын іздеп барады. Аштықтан есінен адаса бастаған, ісіп-кеуіп кеткен ұлы Беққали анасын танымай қалыпты. Содан әйтеуір арбаға салып, алып келген баласын адам қалпына келтіруге ұмтылады. Баласының өзегіне аш түсіп, өліп қалмауы үшін күніне тек екі реттен қана бір қасық тамақ береді екен. Ол кезде тамақ та жоқ, тек бидай бұқтырып жейді екен ел. Содан кейін тамақты күніне бір қасықтан көбейткен. Сөйтіп, әйтеуір, бір айдан соң баласын қалпына келтіріпті анасы.

Жазып алған Сандуғаш Ибраимова

Ұлбосын Қасымқызы

Ел есінде сақталған «Ұлы жұт» қазір бізге тарих болып қалғанымен, немересінің соңынан нан қоқымын терген Ұлбосын апайдың балалық шағы еді…

«1920 жылдың сұр бұлт, суық кезінде ел жайлаудан түскен кез бе еді? Сол уақыттарда Лабасы тауының етегінде Талапты ауылында Қасым атты байдың бәйбішесінен туғанмын. Азан шақырып қойған атым Ұлбала, кейіннен Ұлбосын деп кеткен. Есте қалғаны соңымнан сіңілім ерді, ылғи қыз болған соң, оның есімін Ұлтуар деп қойыпты. Артынан бір ұл туып, ол бір жасында шетінеп кеткен…

Естігендер сенбесе, көргендер ұмытпайды. Туғанынан ажыратып, айрандай ұйыған қазақ халқының айманын шығарып, арыстай азаматтарын соққыға жығып кетпес қасірет туғызды. Малдарды күштеп жинап әкетті. Содан ол аз болғандай тінтіп, тіміскілеп, тыққан, жасырған азын-аулақ астықты тауып алып, тік көтере

тиеп әкетті. Оның үстіне жан басына ет салығын салып, тағы да әуселей бастады. Ұра қазып жинаған астықтан да қалдырмады, егіс алқабында өсіп тұрған бір уыс бидайды алғандарды жазалап, он жылға дейін бас бостандығынан айырған.

Қару кезеніп шапқыншылар шапқанда, шешеміз сіңлім екеумізді қазанның астына бастырып тығып қойған. Бір сағаттай қазанның астында қалып, айғай-аттаннан, ат дүбірінен зәреміз ұшып, тұншыққанымызда зорға шығарып алып еді… Сол ашаршылық кезінде кейбір адамдар далада бұрын өлген малдың сүйегін тауып, қайнатып ішкен. Семіз малдың сүйегінен майлы сорпа шығады екен, соған табылса бір екі тал дән салып, біраз қорек жасаған. Кейбіреулер тіккен үйін, мал мүлкін тастап, бас сауғалап арғы бетке, яғни Қытайға жер аударған.

Ашаршылық зұлматының құрбаны болып талай-талай жақсы да жаман да кетті ғой. Бірақ солардың дені жасөспірім, жаңа өрім ұрпақ еді. Небір асыл ару қыздар, ел тұлғасы болар атпал азаматтар бір үзім нанға зар болып қорлықта опат болды. Бұл теңдесі жоқ зұлматты заманды басынан кешірген атамыздың айтуы бойынша қара ормандай тұтас бір халықты қасақана арандатып, алдын-ала ойластырған әдіспен қыру болатын.

Бала-шағасын шұбыртқан сай-сайды, тау-тауды кезген қалың ел — қайда қарасаң да. Қырманның орнын, аңыздың орнын түртінектеп, талшық іздеп кеткен ел. Суық түсіп, қырбық жауған соң жағдай тіпті қиындай түскен. Ұзаңқырап сыртқа шыға қалсаң, жол ернеуінен, бұта арасынан, ескі қора-қопсы маңынан аштықтан ісіп-кепкен аруақтай сидиған адамдарды көресің. Кешікпей әр жерде әл-дәрмені құрып, сұлап жатқандар да, қыбырсыз жан тапсырғандар да кездесетін болды…

Жазып алған Гүлмира Мұхаметчина

Жетпісбаев Жұмажан

… Несін айтасың, үрейлі, қорқынышты күндер туды. Қазір соның барын айтып отырсақ біреу сеніп, біреу сенбейді. Адам ашыққан соң тіске басарлық, талға жау етерлік нәрсенің ешқайсысын талғамайды екен. Көзіне қан толып, хайуан кейпіне түскендер де болды.

Бірде Кенжебек аға мен оның Әбдібек деген досына ілесіп Ақшоқы суының Көксуға құя берісіне, ескі диірменнің түбінен балық іздеп бардық. Қыстың күні болатын, бейуақ болып қалған мезгіл. Біз мұз ойып, тор әзірлеп жүргенімізде, төменіректе бір сай ішіндегі тас қорадан құлаққа әлдеқандай бір жан түршігерлік дыбыс естілді. Елегізіп, елеңдесіп қалдық. Сөйтсе де үрейді жеңіп, үшеуміз тас қораға жақындап бардық.

Баспалап келіп қарасақ, үйшік ішінде сығырайып, жаяу шам жанып тұр. Бір-екі адам жүр. Біреуі тіреуге ілген жас етті боршалап, екіншісі ағаш жарып, қазанның астына от жағып жатыр. Не де болса мұның тегін іс еместігін сездік. Есікті жұлқа тартып ашып, ішке кіріп келгенімізде әлгілердің біреуі бізді қаға-маға сыртқа ытқып шығып жоғалды. Екіншісін ұстап қалдық. Ағайынды Байғазы, Жанғазы дегендер болушы еді. Сол екеуі екен. Ал қазанға салып асып жемекші болғаны үлкенінің бес-алты жас шамасындағы ұлы болып шықты. Оны баланың ілулі тұрған бөркінен, кішкене кеудешесінен сездік. Қолға түскен сұмырайды итше тепкілей беріппіз. Бірақ амал қанша, болар іс болып қойған… Ертеңіне әлгіні Қапыш Құсайынов деген милиция алдына салып, қалаға айдап әкетті. Міне осындай сұмдықты көзбен көргенмін, — деп әңгімелеуші еді атамыз Жұмажан Жетпісбаев.

Жазып алған Гүлмира Мұхаметчина

Абылханов Ахметбек және Кенеханова Бәти

Ашаршылық жеке адамның не отбасының ашығуы емес, бүтін бір аймақтың, халықтың басына түсетін нәубет. Ол адамдардың жаппай қырылуына алып келді.

Соған қарамастан халық арасында тараған, үлкендерден естіп жүрген әңгімелер баршылық. Мен ауылдан сұрастыра жүріп, Алакөл ауданы, Жайпақ ауылының тұрғыны 79 жастағы Кенеханова Бәти апаймен сырластым. Бәти апай Ашаршылық жылдары туралы күйеуі Абылханов Ахметбек атаның (1923–1997) аузынан естіген әңгімесін маған айтып берді.

1931–1933 жылдары Ахметбек ата 8–10 жастағы бала екен. Әкесінің малын өкімет кәмпескелеп алып кетіпті. Көп ұзамай ағайымен бірге азын-аулақ малдарын Қытайға алып өтпекші болғанда,

әкесі мен ағасы өкімет адамдарының қолдарынан қаза тауыпты. Ахметбек ата, он бір жастағы әпкесі, анасымен бірге Көкжар деген ауылда аш-жалаңаш, жоқтық күндерге душар болыпты.

Атаның іні-әпкелері қылша, сүзек ауруларынан қаза тауыпты. Талай жанұя тегіс қырылған. Тамақтың жоқтығына шыдамай шөп-шөптің тамырларын сорған күндер де болыпты.

Әкелерімен Қытайға өтпек жолда қалып қалған Ахметбек ата жанұясымен паналауға боларлық ауыл іздеп, жолда көптеген қиыншылықтарды бастан кешіріпті. Жол бойы ырсиған сүйектері ғана қалған адамдардың өліктері көмусіз жатыпты.

Анасы ауыр науқасқа душар болып, жүруден қалыпты. Ахметбек ата анасын арбаға салып сүйреп, тау арасындағы Кеңес ауылына келеді. Бұл ауылдың жағдайы да мәз емес екен. Азық іздегендіктері соншалықты арам өлген малды жерден қазып алып жегендер де болды дейді. Жағдайлары күннен-күнге ушығып отырыпты. Халық жоғалған балаларын іздеуден де қалыпты. Аш адамдар бала ұрлауға дейін барыпты.

Ата көрші қызының көз алдында ұрланғанына куә болыпты. Анасы кейіннен қызының киімдерін жаман қорадан тауыпты. Бірақ бәрі кеш еді. «Кісі етін жеген шұбартауықтар» деген содан тараған дейді. Адам аш болғанда тіске басарлық нәрсені талғамайды екен.

Бұлардың тапқан үйі ауылдың шет жағындағы есіктері жоқ бұзылған үй еді. Анасын сүйреген арбадан алған ескі киізді бүрісіп-бүрісіп үшеуі паналады. Жалғыз қалған көрші әжей көп ұзамай әжей аурудан қайтыс болды. Ауру анасы мен әпкесі әжейді жуындырып, жерлейді. Ал жерленбей тау-тасқа, құзда қалған өліктер көп еді. «Әкеміз тірі кездегі нанның, малдың қадірін енді түсіндік» деп терең күрсінді Ахметбек ата.

Бәти апамызбен Ахметбек ата 55 жыл бірге шаңырақ көтеріпті. Алғашында Кеңес ауылда тұрып, бірер жылдан соң Жайпақ ауылына көшіп келіпті. Әпкесі жанұя құрғанымен балалы болмай, ұрпақ жалғастыра алмапты. Құдайға шүкір, Бәти апа мен Ахметбек атаның қазірде 5 баласы бар.

Атамыз Абылханов Ахметбек өзінің ғұмырында осыншама қиыншылықтарды басынан өткерді. Ата 73 жасында дүниеден озған. Бәти апамыз үлкен ұлы мен келіні, немерелерімен ауылда тұрып жатыр.Уақыт өз дегенін алған екен — апамыз да ауырады.

Соған қарамастан өз есінде қалмаса да жолдасынан естігенін маған айтып берді. Апа соңында маған ақ батасын айтып, ұзақ ғұмыр тіледі.

Қазақ атамызда бір сөз бар: «Өлі разы болмай, тірі байымайды» — деген. Сондықтан сол ашаршылық жылдары қаза тапқан ата-бабаларымызға арнап ескерткіш орнатып, оларды еске алып, Құран бағыштап, құрбанға мал сойылса, өлілер разы болар еді.

Жазып алған Гүлмира Мұхаметчина

Жабықбай қария

Әркімнің жан сыздатар өз қайғысы, өз қасіреті бар. Тіпті арада 70-жылдан астам уақыт өтсе де ол жөнінде ауызға алып әңгімелеу соншалықты ауыр, тіпті кейде мүмкін емес нәрсе. Алғашқы жүздескенімде Ақсу ауданы, Діңгек ауылының тұрғыны Жабықбай есімді қария да айтқысы келмеді. Менің сөзімді селсоқ тыңдап, ақырын жымиды:

— Айта алмаймын, қызым, ауыр, өте ауыр, — деп қолын сілтеді. Бірнеше минутқа созылған үнсіздіктен кейін оның тұнжырай сөйлеген сөзі естілді.

– 1932–1933 үрейлі ашаршылық жылдары қаншама адам жазықсыз қырылды, — деп әңгімеледі Жабықбай қария. — Сол кездегі оқиғаларды еске алудың өзі қорқынышты, — деп бір сәтке үндемей көзіне жас алды.

Бес жасар жасөспірім шағында қария өз көзімен көрген жан түршігерлік суреттерді жадында сақтапты.

— Далада өлген адамдардан аяқ алып жүргісіз, көше таң атпай мәйіттер тиеген арбаның жағымсыз шиқылынан жаңғырады. Есімде, ауылдағы бір шал адам етін жеп, бір айдай күнелтіпті, — деп күңкілдескен ел.

— Мені әсіресе мына бір оқиға қайран қалдырды.

Бір күні далада айқай-шу шықты. Не болды екен деп терезеден басымды созып қарасам, анадай жерде бір шұңқырдың ішінде жас қазақ жігіті етпетінен жатыр екен. Бүйірімен жерге жабысып, қолдарымен басын ұстап, қалш-қалш етеді, басын қан жапқан. Оның үрейді ұшыратындай арып-ашқан қу сүлдеріне қарау мүмкін емес еді…

— Қандай аянышты қал десеңші, — деп күрсінді қария. Әбден титықтап аш өзегі шыдатпаған соң, біреулердің таба нанын жұла қашқысы келсе керек. Бірақ сүйретіліп жүрген жігіт бір аттап үлгермей, таяққа жығылып, басын жарыпты…

Жазып алған Гүлмира Мұхаметчина

Әлібаев Айтжан Нұрымқұлұлы

Мен 1928 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Ескелді ауданындағы Шымыр ауылында дүниеге келгенмін.

Ашаршылық кезінде Талдықорғаннан, осы біздің Шымыр, Қарабұлақ маңайынан адамдар Қоғалыға масақ, бидай алып келуге жаяу баратын. Сол жақта бидай бар дегеннен кейін кейбіреулер жолға шығып, жете алмай, шамалары жетпей, әлдері бітіп, жол үстінде қайтыс болып кететін. Талдықорған мен Қарабұлақтың ортасында жол-жөнекей өліп жататын. Сонда менің шешем Орынбасар Шоқықызы мен жеңгем Жібек жандарында әкемнің інісі Нұрман бар — үшеуі Қоғалыға барып, ол жақта бір айдай болып, екі қап бидай алып келген болатын. Сонда бара жатқан кезде, жолда ісініп жатқан өлі адамдарды көрдік, деп айтып келгені есімде.

Шымыр ауылында қазірде Ашаршылықта қырылғандарға қойылған ескерткіш бар. Ол кезде Шымыр ауылы бүгінгі тұрған жерінен сәл жоғары болатын, ал ескерткіш тас тұрған жер ауылдың төмен жағы болатын. Қазір енді ауылдың ортасы болып қалды.

Сол жердің маңайында кезінде ауылдың тұрған жері ауысып, жаңа үйлер салына бастағанда, топырақ астынан сүйектер шығатын. Сол жерге жүзге жуық ауылдың адамдарын, оларға қоса Талдықорған мен Қарабұлақтың екі ортасында жолда қайтыс болған адамдарды көмген. Барлығы екі жүзден астам деп айтатын ел.

Біз сол жылдары Қарабұлақта тұратынбыз. Дәл үйіміздің жанында, қазіргі базардың орнында, көл болатын. Қыс уақытында сол көлдегі қатқан мұздың үстінде сырғанап ойнап жүрген кезде, өлген адамдардың денелерін шанамен төмен қарай апара жатқанын көретінбіз. Шымыр жаққа апара жататын…

1997 жылы ел аузында көп тараған сөз болғаннан кейін, адамдар бұл жәйт туралы жиі айта бастағаннан соң аудан әкімшілігінің

ұйғарымымен тура сол жерге 1931–1933 жылдары Ашаршылықта құрбан болған адамдарға ескерткіш тас қойылды. Ал 2005 жылы сол жер қоршалып, ел жиылып, Құран оқып, мал сойылып, кешеннің ресми ашылуы болды.

Жазып алған Зарина Әлібаева

Қанапиянов Тоқтарбай

1931–1932 жылдардағы Ашаршылықты басынан өткерген Ұлы Отан соғысының ардагері Қанапиянов Тоқтарбай атамыздың айтуынша, Ашаршылық өкіметтің халыққа деген қастандығы еді…

— Ол кезде мен бала едім. Бірақ үйдің ересегі болғандықтан, біраз нәрсе есімде қалыпты… Жанұяда үш бала едік. Ата-анамыз бір дәу қазанға су қайнататын, оған бір ғана кесе бидай салатын. Сосын оны кетерде бөтелкелерге құйып кететін. Кейбір күндерде сол бидайдың 200–300 грамын қуырып, бізге бір уыстан бөліп беретін. Ал өздері «балаларым аман болсын» деп, тірлік жасап, бар азығын бізге беруге тырысты. Кейде құс атып жейтін. Міне, сондай қиыншылықтар басымыздан өтті…

Жазып алған Индира Байсалбекова

Құбылысова Зейнеп Кәрімқызы

Мен, Бердиярова Әлия, Балқаш жағасындағы Көпбірлік ауылында тұрамын. Сол жерде тұрған ашаршылық зардаптарының қиыншылықтарын көрген нағашы әжем Құбылысова Зейнеп Кәрімқызының айтқан хикаясын баяндап бергім келеді. Бұл әңгімені маған анамның үлкен әпкесі айтып берген.

— Балқаш өңіріне ісініп кеткен және ескі-құсқы киген аш адамдар, көбінесе қазақтар, әртүрлі аудандардан ағылып келіп жатты. Ауыл солармен толып кетті.

Адам айтқысыз қайыршылық етек алды. Әр үйге күн сайын ондаған аш адамдар келіп-кетуде. Олардың арасынан әртүрлі жастардағы адамдарды: жастарды, кәрілерді, балаларды көруге болады. Емдеу мекемелері аштан өлгендерге толып кетті. Ашаршылықтың салдарынан жұқпалы аурулар тарады. Ауыл ішінде

және төңірегінде панасыз қалып үсіп қалған, аштықтан өлген адамдардың денелері ана жер-мына жерде табылады…

Бір үзім нан сұрап келген адамдардың қолдарын жайған күйінде өліп кеткендері қаншама!.. Шанаға заттарын, жиһаздарын тиеп, олардың үстіне жол бойында қайтыс болған баласының өлігін тиеген қазақ әулеттерін жиі кездестіруге болады. Мекемелерде үсікке ұрынған аш балаларын тастап кетушілер де бар. Адасып қалған, тоңып-жаураған, жадап-жүдеген, аштықтың салдарынан ісініп кеткен әртүрлі жастардағы балаларды ауылда күн сайын ондап ұшыратуға болады. Олардың барлығы да бір ауыздан: «Әкем өлді, шешем өлді, үйіміз жоқ, бір тілім нан да жоқ!» деп айтатын…

Аштық пен індеттен өлгелі жатқандарды, үйдің ішінен, ауласынан табылған өліктерді ылғи көресің, оларды көрген сәтте шошисың. Балалар, әйтеуір, күніне бір-ақ рет аз мөлшерде ботқа немесе сорпа мен бір үзім нан алады. Көзге түртсе көргісіз қараңғы бөлмелерде лас киімдерімен еденде, пештің үстіне жатады, жылайды, ал кейбіреулері аштықтан ыңырсиды, қырылдайды.

Жағдай осылайша өте ауыр болған… Балаларға қарайтын әйелдер келесі күні-ақ қашып кеткен. Қайыршылық етек алды. Аштыққа душар болған, әлсіреген адамдар жол бойында қайтыс болып жатыр. Үйді-үйді аралап, бір үзім нан үшін өз үйлерінен кетіп, басқа ауылдарға босып кеткендер қаншама! Өлтіруден, кәмпескелеуден, мүлкін тонаудан қорқып үріккен халық қайыр сұрап, бөтен өлкеге, ауылға, басы ауған жаққа қаңғып жүре берді…

Барлық жерлерді өлім жайлаған, халық қырылып жатыр, егін шықпай қалған, ал мемлекет тарапынан колхозшылар астықпен жабдықталмаған: халық ішер ас жоқ болып, қорексіз отырған. Базар саудасы, еркін сауда сол жылдары болмады, себебі оларға жергілікті жерлерде тыйым салынған еді. Кейбіреулер өзгенің мүлкісін тонаумен айналысты. Ел колхоз егініне түсіп, масақты көктей жұлуда…

Аштықпен қоса адамдар киім-кешектің жоқтығынан зардап шегуде болатын. Әке-шешесі аштықтан балаларын тастап, өздері кетіп қалған жағдайлар болды. Ал балалардың хал-жағдайы өте мүшкіл. Тазалықтың жоқтығы жұқпалы аурулардың таралуына жол ашты (қара шешек, сүзек, қантышқақ): балалардың ішінде іш өту дертіне шалдықпағаны жоқ. Балалар шетіней береді, көбісі

ауырады. Ауылда бір әйел екі баласын мұз ойығына тастап кеткенін білемін.

Әкем де, үлкен ағаларым да ашаршылықтан қайтыс болды. Мені анам тәрбиелеп, күтіп, тамағымды тауып беріп асыраған. Анам өзінің туыстарымен қосылып, барлығы бір үйде екі-үш жанұя тұрып, өмір сүрдік. Қиын болса да анам ашаршылыққа төзе білді…

Мен өзімнің тірі қалғаныма, өмір сүргеніме және өзімнен кейін ұрпақ қалдырғанына қуанамын, — деп әңгімелеуші еді әжем… Ол кісі Балқаш көлі жағасындағы өзінің туып-өскен ауылы Көпірлікте қайтыс болды.

Жазып алған Әлия Бердиярова

Айнаева Жәми

Жанәділова Күләш апай былай деп сыр шертеді:

— Бұл әңгіме Ашаршылықтың бірде-бір куәсі болған менің шешемнің апасы Айнаева Жәми апаның басынан өткен оқиғасы болмақ.

Жәми апаның туған жылы белгісіз, өйткені ол жылдары қарапайым халық әріп танымаған дейді. Ол кісінің жанұясында бір бастарына жетерлік малы арқасында дәулетті болған. Олар қазіргі Райымбек ауданына қарасты Шыбышы тауында тұрған.

Сол ашаршылық жылдарында атамыз өте пысық адам болғандықтан, өз балаларын еш ашықтырмай, ашаршылықтан аман-есен алып шыққан екен. Менің шешем 5–6 жас шамасында болған екен. Жәми апамен бірге аштықтан іштері кеуіп ісіп, қырылып қалған адамдарды көрген. Оларды арбаға бір-бірден тиеп алып, бір шұңқырға апарып төккендерін де көрген. Бірақ кішкентай болғандықтан, олар оны түсіне қоймапты. Ал Жәми апасы оларды тысқа шығуға рұқсат етпей, үйде қамап отырғызыпты.

Бұл кісілердің малдары болғандықтан, олар басқаларға да көмектесіпті, бірақ барлық ауылдың тірі қалуына көмектесе алмаған. Сондайлардың бірі апаларымыздың көршісі болған. Оны өз балалары тастап кетіп қалғандықтан, ол өлгелі жатқанда апаларым оны үйіне алып келіп, тірі алып қалған екен.

Аштықтан әбден қалжыраған ел бірінің етін бірі жеген, бірақ бұл да оларға ас болмаған. Өлік сасыған далаға адам етімен қо-

ректенген құтырған қасқырлар да қаптап кетіпті. Содан кейін апамдар басқа таудың арасына көшіп кеткен екен.

Сол жерде атамыз таудың бір қуысында азын-аулақ малдарын жайып, өлместің күнін көрген. Әрине ол кезде шөп те тапшы болған, бірақ атам өзінің шеберлігінің арқасында сол малдарымен күнелткен. Осындай қиын күндердің бірінде апам жақын маңда белгісіз біреулердің жүргендігін естіп, астың барлығын жер астына тығып, үйдегі екі баласы мен әлі де әлін жинай алмай жүрген көршінің бетіне күл жағып, оларды сабанға орап, өлгелі жатқан адам кейпіне салып қойған екен. Жаңағы белгісіз адамдар жер үйге кіріп келгенде, апам өзін өлтіретінін біліп қорқады. Бұлар апамнан басқа бір тілде бірдеңе сұрайды. Ал апам болса қорқыныштан ештеңе жауап бере алмапты. Белгісіз адамдар жаңағы балалар мен көрші кісіні көргенде оларды аяп, біраз тамақтарын қалдырып, үйден үндемей шығып кетсе керек…

— Мұндай қиыншылықтар ендігі өмірімізге кедергі келтірмесе деп тілеймін. Келесі ұрпағы үшін күрескен ата-бабаларымыздың есімі мен олардың көрген қиыншылықтары да әрқашан жадымызда жаттаулы, оларды әр кез құрметтеп, қадір тұтамыз, — деп аяқтады әңгімесін Күләш апай.

Жазып алған Арайлым Жақсылық

Тоқбай Аманқұлұлы

Алматы облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласында тұратын менің кіші әкем Тоқбай Аманқұлұлы 1931–1933 жылдардағы ашаршылықты былай деп еске алады:

Ескелді би, Балпық би бабаларымыз Сыр бойынан елін көшіріп келгенде Бәйшегір бабамның ұрпақтары, «әрбір ши түбінде бір табақ ет, Балқаш көлінің тереңінде таусылмас маржаны, балығы бар, елімнің ырысы екен, елім тоқ болады екен» — деп, осы Қаратал өзенінің бойын Балқаш көлінің құйғанына дейін таңдап алыпты дейді.

Бәйшегірдің ұрпақтары Мықтыбек, Тілеуқұл бабаларымыз, Мықтыбектің баласы Бақай батыр, қазақ халқына аты белгілі Жәлменде би, оның баласы Пышан-Қаңғай деген жерге қоныстанады. Солармен бірге сол Қаңғайды менің төртінші атам — Байтерек те

мекен еткен екен. Бәйшегірден Байтерекке дейін менің аталарым төменгідей жалғасады: Бәйшегірден Тынымбет туады, одан Тағымбет, Тағымбеттен Жоламан, Жоламаннан Жанту туады, Жантудан Байтерек туады.

Менің бабам — Мазабек, Жылқайдар атамның әкесі, алты ағайынды болған екен: Мазабек, Тазабек, Тастан, Аманқұл, Смағұл және Бейсенбай. Ашаршылық жылдары олар Қаратал өзенінің бойында «Қаңғай» деген құтты қонысын тастап, Талдықорғанға қарай жаяу-жалпы босыған көрінеді. Мазабек, Тазабек, Тастан бала-шағасымен Ешкіөлмес тауының бөктеріне жетеді. Ал Аманқұл, Смағұл, Бейсенбай Үштөбе қаласының маңайындағы қазіргі Новый мир ауылына әрең-әрең жетіп, сол жерде қалады.

Бұл жерге келгеннен кейін темір жолды жағалап, қайыр тілейді. Баспана да жоқ жардың астын паналайды. Аштықтан бала-шаға қырыла бастайды, Бейсенбай қайтыс болады. Аманқұл да өлім аузында жатқаннан кейін, інісі Смағұл өз басын өлімге тігіп, бір түні ат ұрлауға барған жерінде, кімді-кім аяған заман, Смағұлды аттың иесі атып өлтіреді…

Көп ұзамай Аманқұл да қайтыс болады. Аманқұлдың төрт баласы бар екен — Ақбай, Ақбар, Тоқбай, Қазтай деген. Әке-шешелері қайтыс болғаннан кейін Тоқбай мен Қазтайды детдомға алып кетеді. «Ақбай мен Ақбар туралы осыдан кейін ешқандай хабарым жоқ. Ашаршылық жылдары аштан өлген болар», — дейді үлкен бауырлары туралы Тоқбай атай.

Балалар үйі қазіргі Көксу ауданының Талапты ауылында болған болуы керек, ел ашаршылықтан шыққаннан кейін Тоқбайды іздеп жүріп, 5–6 жылдан кейін Аманқұлмен бірге туған Мазабектің үлкен баласы Жылқайдар тауып алады да бауырына басады. Ал Қазтай болса детдомда жүргенде қайтыс болады.

Ел ашаршылықтан шыққаннан кейін төменгі Қараталдың Балқаш көліне құйғанында балық колхоздары ұйымдаса бастайды. Сол кезде Сарыесік, кейіннен Киров атындағы колхозда Кенебай әкеміз (Жантумен бірге туған Бармақтың балалары) бастық болыпты. Жұмыс күші аз, колхозға мүшелер тарту керек заман. Қыстың көзі қырауда, Кенебай әкеміз, әйелі Рабиғамен екеуі екі ат шанамен келіп Ешкіөлмес тауының бөктерінде қоныс теуіп отырған Мазабек балалары Жылқайдар мен Игенбайды «бірге боламыз» деп көшіріп алып кетіпті.

Содан бастап Жылқайдар мен Игенбай бала-шағасымен Балқаш көлінің жағасында өмір сүріп, өніп-өсті. Топырақ сол жерден бұйырды, екеуі де Көпбірлік ауылында жерленген.

1931–1933 жылдардағы нәубат, ашаршылық қырғыны тек бір ғана Аманқұл атамыздың отбасынан оншақты адамның қаза болуына әкеліп соқса, ал жалпы қазақ халқының басына түскен «ақырзаман» болмағанда немене?! Одан бері 70 жылдан астам уақыт өтсе де, сол нәубаттың запыраны осы уақытқа дейін әлсін-әлсін ауызға келеді.

Неге дейсіз ғой? Тоқбай атамыз әке-шешесінің, бауырларының сүйегінің қайда қалғанын осы күнге дейін білмейді. Аруаққа құрмет көрсетіп, басына белгі қоя алмады, аруақтарына арнап Құран оқыса да көңілі пәс екенін налып отырып әкемнің інісі, кіші әкем Тоқбай қария өз әңгімесін аяқтады.

Жазып алған Марсұлан Мазабеков

Еділұлы Кәсілің

…Сол қатыгез кезең ешкімге аяушылық көрсетпеді. Қаншама халық қырылды, қаншасы босып басқа елдерге бастарын сауғалап кетті. Міне солардың ішінде менің де атам болған екен.

Атамның айтқан бір әңгімесі бар еді. Ол әңгімесі маған сол кезде қорқынышты аңыз сияқты көрінетін. Атам қазір 76 жаста, аты Кәсілің Еділұлы, 1932 жылғы. Ашаршылықтың ащы дәмін татпаса да, қиыншылығын көрген екен. Атамның әкесі 1896 жылы дүниеге келген екен. Аты Еділ, руы –найман, Семей өңірінде тұрған деседі.

Атама бұл әңгімені ағалары айтып беріпті. 1929 жылдары байлардың малдарын кәмпескелеп, ауылдарды біріктіре бастағанда, Еділ атамыз оған көне алмай, туыстарын жинап алып Қытайға қашпақшы болған екен. Бірақ ол шарасы іске аспай қалып, қаша алмай қалады. Араға бір жыл салып атамыз әрекетін тағы да қайталайды…

Кәсілің атамның ағасы Аутәліп ол кезде ес жияр 14-тегі бала екен. Аутәліптың айтуынша, 1929 жылдардан бастап Еділ ата шаңырағына көп соққы тиген, мал-мүлкінен, баласы мен әкесінен айрылған екен. Ашаршылық олардың да төрінде болған. Емшектегі кішкене баласы аштыққа шыдай алмай өліп кетіпті.

Қыстың қақаған суығы да келісіп алғандай қатты тиіпті. Малдары суыққа, аштыққа шыдамай, жаппай қырылған. Аталарымыз күнде қорқыныш, үреймен есікке қарайды екен. «Есіктен, — дейді атам, — өлім әкелушілерді және мал-мүлікті тәркілеп жүргендерді ғана күтіп отырасың, көрші үйлердің есігін қағып, бір-бірінен нан сұрап жүргендерді көресің».

Аштықта сойып жер малы, бір тілім нансыз қалған олар, амалсыздан туған жерлерін тастап Қытайға, Алтай өңіріне кеткен екен. Жолда қаншама қиыншылық көріп, өліп-талып жеткенде, ол жақтан да тыныштық таппапты. Сөйтіп атамның әкесі Монғолияның таулы жеріне бет алып, сол жерден пана тапқан екен.

Қазақ халқы 1991 жылы егемендігін алғаннан кейін, туған елге — туған жерге жол ашылып көшіп келген екен. Міне, атам Еділ ұлы Кәсіліңнің әңгімесі осындай.

Жазып алған Алтын Мамық

Көпбосынов Кеңесбай

Көпбосынов Кеңесбай Алматы облысы, Балқаш ауданы, № 1 Көкжиде ауылында туған. Сол кісіден естіген әңгіме:

Біздің № 10 ауылда «Аққөл» совхозы болды, онда «Ойбай, шеңгел» деген жер бар. Ол неге солай атанды десек, шеңгел қалың болып жолдың екі жағында өседі екен. 1931–1933 ашаршылық кезінде осы жолмен келе жатқан жаяу адам болсын немесе атты жолаушы болсын, соларды атып өлтіріп, етін жеген деген әңгіме ел арасында көп айтылатын. Сол себептен адам өлер алдында тосыннан болған оқиғадан «Ойбай!» деп құлап өледі екен. Содан «Ойбай, шеңгел» деп аталып кетіпті.

Жазып алған Бекзат Шолақов

Бекеұлы Қайыпбай

Менің нағашы атамның аты Қайыпбай. Ол кісі қазір 70 жаста (1938 туған). Оның әкесі Беке, руы — суан, оның ішіндегі ақша. Осы Беке атамның ашаршылық кезіндегі көрген оқиғаларын менің анама және тағы да басқа кішкентай немерелеріне әңгімелеп берген. Соларды келтірейін.

Жаркент өңірі Ынталы ауылында туған атам Ашаршылық кезінде 30–35 жас аралығында екен. Атам аңшылықпен айналысқан. Өзінің жанұясын, туыстарын аң атып асыраған. Аң еті арқылы Ашаршылықта өздерін аман алып қалған.

Атамның айтуы бойынша, көптеген бай-ауқатты адамдар өздерінің мүліктерін сақтап қаламыз деп Қытай еліне тау арқылы өтіп кеткен. Ал кейбіреулері бір биік таудан аса алмай аштықтан өлген. Қазіргі кезде Жаркент өңіріндегі ол тауды «Адам қырылған» деп атайды. Сол таудан әлі күнге дейін адам сүйектерін, байлардың тыққан алтын, күміс, тағы да басқа асыл тастарын табуға болады дейді ел.

Кейбір адамдар бір-бірінің етін жеп, өлген малдардың сүйектерін теріп алып, оны әбден қайнатып, сорпасын ішкен екен. Адамдардың бір-бірінің етін жеуі мүмкін дегенге көп адамдар бүгінде сене бермейді. Бірақ сол кездегі ашаршылықтан адамдар адам етін жеуге мәжбүр болған.

Менің атамның сол кезде өте нашар тұратын көршілері болған. Олардың жанұясында бес адам болған. Екі ұлы, келіні және немересі, кәрі аналары болған. Кәрі аналары аштыққа шыдай алмай қайтыс болады. Ал балалары анасын көмудің орнына, оның етін пісіріп жеген екен. Сол оқиғаны үйіндегі кішкентай немересі көрші балаларға айтып қояды, содан бұл оқиғаны бүкіл ауыл естиді. Көптеген адамдар болған жағдайға теріс қарап, кемпірдің балаларының маңына жолауға қорыққан. Ал кейбіреулері аштықтан қиналғандықтан көршілерінің істерін қайталаған дейді атам…

Жазып алған Самал Тиынова

Сармекеева Мазтай

Бұл менің әжем Сармекеева Мазтайдың (1915–2004) маған өзінің тірі кезіндегі айтқан әңгімесі. Әжем сол кезде Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы маңында тұрған екен.

– 1931–1933 жылдар аралығында қанша қазақ отбасы ашаршылық зардабын тартты десеңізші!.. Бұл қазақ халқына келген өте ауыр да қатал кезең болатын. Қара суға жете алмаған ел қара нанын аңсаумен күн өткізіп, оған да жете алмай, көбісі дүние салып

жатты. Өлген адамдардың денелерін ауылдардан жинап, мекендердің шет жағына апарып төгіп жатты. Қаңсырап қаншама отау бос қалды, қаншама бала жетім болып, қаншама әйел жесір қалды!.. Көптеген жанұялар тамақ таппай, түгелімен қырылып жатты. Адамдар бір-бірін жеуге дейін барды. Барлық адамдар қара нан, қатықсыз қара быламық, сүтсіз қара шайға ғана қарап қалған. Әбден әлсіреп кеткен қалқандай қазақ балаларына неше түрлі аурулар жабысты. Олардың біразы жетімдер үйіне аман жеткізіліп жатты, бірақ олар да сол баяғы аштықтан қырылып жатты…

Мен сол кезде бар-жоғы 15 жаста едім. Бауырларымнан, анамнан, әкемнен ерте айрылдым. Етек-жеңім ырым-жырым, мен жетім күшікке ұқсап быламығы не аталасы бар үйдің босағасынан шықпаймын мөлиіп. Бірер қасық бермейінше үйдің адамдарына көзімді сатып, пештің түбінде тіленіп, қылқиып отырып алатынмын. Сосын көне киіз, көр-жер жатқан пештің есік жақтағы қуысына барып, түнеп шығатынмын. Осылайша дірдек қағып, бүрсеңдеп, ауыл кеземін, түтін аңдимын. Күн санап ондай үйлер де азая бастады.

Бір күндері кейде қатарынан дым сызбайтын халға жетіп қалатынмын. Ақырында шер көкірек, қу жетімдік әбден титықтатып, аштан әлім бітіп, көзім қарауытып, есім бірде бар, бірде кірмей, тек кірпігім ғана қимылдап, бас сауғалап басқа бір жаққа көшіп кеткен үйдің тастанды күшігіне ұқсап, құрым киіздің ортасында шала жансар жатқан жерімнен ересек біреудің тауып алып, сыртта тұрған шанаға салғанын, үстіме киіз жапқанын еміс-еміс білемін. Сөйтіп мен де балалар үйіне жеткізілдім…

Мұнда мен қыс күндері өлген панасыз балаларды тоң болып қатып қалған жерді қазып, қаза алмаған жағдайда қардың астына көме берген жерді де көрдім. Көктем шыға далаға шыққанымда көргенім: ана көшеде аштан өліп жатқан шал, мына бұрышта өлім аузында ыңырсыған кемпір, келесі бір қиылыста терісі сүйегіне жабысқан кішкентай баласын алдына алып, қайыр сұрап отырған әйел…

Мен енді туған ауылыма қарай бет бұрдым, жолда бір үйді көрдім, «Кішкене дем бассам ба екен», деп ішімнен ойлап, сол үйге кірейін деп жылжыдым. Үйдің ішіне кірсем, үлкен қазанда бұрқылдаған еттің иісін бірден сездім. Үйдің іші тым-тырыс екен,

«Мұнда кім бар?» деп сұрағанымда, даладан екі адам кіріп келді. Екеуі де әлсіз көрінеді. Екеуі маған қарай ұмтылды, мен қашайын деп жүгіріп едім, екеуі екі таяқты бұрыштан алып, маған қарай ұмтылды. Мен шошығаннан бұрқылдаған қазанның қақпағын алайын деп жүгірдім, қазанды ашсам, қайнап жатқан нәрестенің денесін көрдім. Қақпақпен қорғанып жүріп, үйден қашып шықтым. Жанағы екі адам артымнан жүгіріп, біраз жерге келгенде екеуі де құлап, ілесе алмай қалды.

Мен ауылыма жетуге біраз қалдым, ауыл жаққа қарасам, адамдар көрінбейді. Мен ауылға жеткен соң барлық үйлерді аралап, әр үйде өліп жатқан адамдарды көрдім. Ауылда барлығы да қырылып қалыпты…

Аранын ашқан аштықта бір тайпа ел қырылған, азын-аулақ тірі қалғандары жан-жаққа босып кеткен. 1957 жылға дейін, яғни ширек ғасыр бойы, ауыл қаңсырап бос жатты. Аңырап адам кетті, қаңырап дала қалды…

Жоғарыда жазылған менің он бес жасар жетімнің сол жылдары өз басымнан кешкендерім, өз көзіммен көрген сұмдықтарым, соншама жылдардан кейін есімде қалғандары. Сол кезде біздің ауыл сияқты қазақтың мыңдаған ауылдарында, жүздеген аудандары мен ондаған облыстарында не болып, не қойып жатқанын кім білсін?!. Ол туралы ешқандай мағлұмат, дерек қалмаған, сақталмаған.

Жазып алған Шолпан Тоғызбаева

Туғанбаева Қамила

Алматы облысы Қаратал ауданы, Қаңбақты ауылдық округі Алмалы ауылының тұрғыны 1914 жылы туылған Туғанбаева Қамила 1931–1933 жылдары 16–17 жастағы бойжеткен қыз екен. Ол кісі өзінің басынан өткенін былайша әңгімелейді:

— Бұл өңірдегі халық мал бағады. Өкімет келіп қолдағы жалғыз сиырға дейін малды тартып алып, айдап әкетті. Халық қиналып қалды. Елдің біразы Қаратал мен теңіз жағалап, балық аулап күн көрді.

Елдің көбі қазіргі Алмалы ауылынан 170 шақырым жердегі Үштөбе теміржол станциясына қарай босыды. Үштөбеде ол кезде ет комбинаты мен күріш егетін егіс даласы бар үлкен елді мекен

болатын. Олар қазір де бар. Сонда жұмыс бар деген соң біз де: әке-шешем, бауырым Әбутәліп төртеуміз Үштөбеге қарай жолға шықтық.

— Сол бір қиын кез болды ғой! — деп көзіне мөлдіреп келген жасты қарт ана жасыра алмады.

Әке-шешем сол жақта, яғни Үштөбеде, қайтыс болды. Ол жақтың да адамдары жетісіп жатқан жоқ екен. Халық аш. Аш адамдар жан-жақтан күнде ағылып келіп жатады. Бойнаның (мал соятын орын) маңында қырылып жатқан адамдар. Мен күріш тазалаушы болып жұмыс істедім. Бауырымды балалар үйіне өткіздім. Ол менен үш жас кіші болатын. Жазда оларды Алматыға алып кетті деп естідім. Күзге қарай қайтып келді.

Олар Алматыға барғанда бас киімдерінің жыртығына алма тығып сатып, жан сақтайды екен. Күзде келгенде алма сатып, жинаған ақшаларын маған беріп жатыр. Балалар үйіндегілердің айналысатын ісі — егістіктен масақ теріп, соны пісіріп, тағам қылады екен.

Інімнің әңгімесі. Сол жылы қасқыр да көп болып, олар да адамдарды жеді. Балалар масақты теріп, от жағып, отты айнала қоршай тамақты пісіріп отырғанда, айнала отырған балалардың бірі Төлтайды қасқыр іліп алып тұра безеді, қайта сол жерде отырған балалар шуылдап жүріп Төлтайды аман алып қалыпты.

Мен Үштөбеде жүріп, елде «Көпбірлік» колхозының ашылғанын естіп, төрт адаммен бірігіп, ауылға қайттым. «Көпбірлік» колхозына келіп, артелге жұмысқа кірдім. Күні-түнімен теңіздің үстінде балық аулап, сүзекі тартамыз, әйтеуір қарның тоқ, ел қатарына сөйтіп жүріп қосылдық қой. Біраз ес жинаған соң, балалар үйіне хат жазып, бауырым Қарымсақов Әбутәліпті іздеттім. Хат жазғаннан кейін, он күн өтпестен жауабы келіп, бауырымның мекен-жайын содан алдым. Сөйтіп, бауырымды тауып алдым, бірге болдық. Кейін ол оқуға түсіп қалаға кетті, ал мен күйеуге шығып, осы ауылда қалдым. Сөйтіп, жылдар зулап өте берді, өте берді.

Міне, қазір 94 жастамын. Ауылдың үлкен ақсақалдары менің баламмен қатарлас. Көзімнің нашарлау көретіндігі болмаса, әлі де далаға өзім шығып-кіремін! — деп аяқтады өзінің сөзін қарт ана.

Жазып алған Айна Манапбай

Нұрбаева Аққайша Қалиасқарқызы

«Өлі риза болмай, тірі жарымас», «Аштықта жеген құйқаңды тоқтықта ұмытпа» сияқты қазақтың өмір тәжірибесінен қалған дана сөздері көп. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық нәубетін бастан кешірген жандардың бірі Сарқан қаласының тұрғаны Нұрбаева Аққайша Қалиасқарқызымен кездесіп, қазақтың қаралы жылдары туралы өзінің көрген-білгендерін әңгімелеуін сұрадым.

— Қайсыбір халықтың болмасын бастарынан талай нәубеттер өтті. Бірақ олар басынан өткен мұндай қайғылы оқиғаларды әрдайым естерінде ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырады.

… «Ұжымдастыру» деген желеумен қолдағы малды сыпырып алудың аяғы мешін, тауық жылдарына ұласып, ел арасын ашаршылық жайлағанда біздің отбасы «Аманбөктер» совхозында тұратын нағашым Құрманбайдың үйіне барып еді. Алайда оның да шиеттей бала-шағасының көріп отырған күндері өлмешінің аз-ақ алдында екен. Әкем мен шешем «аштан өлсек біз өлейік, тек сен тірі қал» деп 10 жасар мені нағашымның қолына тастап, өздері әрі қарай кетті. Кейін нағашымнан олардың қазіргі Матай кентінде аштықтан өлгендерін естідім…

Бір күні нағашым «қалада құрият бар екен, өкімет аштан өлтірмейді, сені соған тапсырайын» деп, мені өзім құралпы аш балаларды жинап жатқан жерге әкеліп тапсырды. 800-дей жиналған баланы байлардан қалған үйлерге орналастырды.

Жан сақтарлық қана тамақтың түрі — тас бұршақ, қара нан. Бір тілім нанның жұқалығы сондай, қолға ұстап тұрғанда өз салмағымен сынып кетеді. Оны да есік алдынан ересек балалар қағып алып жейді. Кейде бұрын егілген егістікке барып, сол жердің ара-арасында қалып қойған бидай, арпа дәндерін жинап, соларды азық ететінбіз. 1932 жылдан 1933 жылға қараған қыста жер қазып, балалардың денелерін көмуге мүмкіншілік болмаған соң жетімдер үйінің шаруашылық меңгерушісі күн сайын балалардың өліктерін погребке тастай беріпті. Егер нәубет құрбандарына белгі орнатса, сол қыршын кеткендердің мүрделері көмілген жер дұрыс болар еді.

Балалардың барлығы қазақ балалары, бір-ақ орыс баласы болды, оның өзі тірі қалды. Тірі қалған балалар кейін ер жеткесін Ұлы Отан соғысына қатысып, көпшілігі сонда опат болды…

Ұлы нәубеттің бүгінгі тірі куәсі Аққайша Қалиасқарқызының балалық шағындағы тартқан азабы — сол кездегі қазақ балаларының азабы болған. Тарих сол кездегі солардың тағдырына тап келтіргенде, бізді сол кездің жария болған кезеңіне келтіріп отыр. Оқулықтарда жазылмай, кейінгі ұрпақтан көлегейленген бұл нәубетті бәріміз ұдайы еске ұстап, аза тұтуымыз керек.

Жазып алған Балжан Тұрыспекова

Кәрімұлы Әскен

Қиын жылдарды өз көзімен көрмесе де, әкесінен өз құлағымен естіген біздің жерлесіміз, Кәрімұлы Әскен атамыздың сол қиын жылдардағы болған оқиғаның біріне тоқталсақ.

«…Әкемнің аты — Кәрім, ол 1906 жылы Балқаш ауданында туған еді. Отбасында 12 бала болған екен. Әкем сол он екі баланың алтыншысы. Ол кездерде қайтсем де дүниеге әкелген балаларын жеткізіп-тәрбиелеймін деп жүгірген атам байлардың ірі қара малын (сиырларын) бағып жүріпті, әжем болса кешке дейін үй шаруашылығымен айналысып, он екеуіне қарап, тамақ пісіріп отырған екен.

Әкем еске түскен кездерінде әңгімелерін анда-санда айтып, бір көңілі босап отыратын. Әкемнің айтуы бойынша, тып-тыныш өмір сүріп отырған қазақтардың күй-жайын құрткан құрғыр орыстар!. Әкем 80 жыл ұзақ өмірінде жұтшылықты да, соғысты да көрген адам болатын. Өзі соғыс ардагері, екінші топ мүгедегі болатын. Айтуы бойынша, соғыста су жұтып, немістерге қарсы шыға алған, ал ашаршылық кездерінде, дұшпанға қарсы шықпақ түгілі, өздері жүнжіп, шөп тамырларын жеп тірі қалған екен.

Атамның біраз малы болыпты. Күні кешкіге дейін әкем ағаларымен сол малды бағып, күндерін өткізіп жүрген балалар қатарында болыпты. Шұбыраған малдардың ішінде әкемнің дәу Көк сиыр деп аталатын сиыры болған екен. Атам мен әжемнің айтуы бойынша, әкем кіші кезінде сол бұзауға ғана көңіл аударған екен. Ол кезде кім білсін, оның кейін біздің жанұямызды құтқарып, шөлдерін қандырып, ауыздарын жібітетінін…

Қиын жылдарда орыстар келгенде, біздің ойнап-күліп, жүгіріп жүрген күніміз бірден тыйылды. Есімдегісі, оңбаған Голо-

щекин қыстыңғы күні барлық қойлардың жүнін қырқытып, не елге жоқ, не жеуге жоқ қылдырып, бәрін құртқандығы. Малымыз бір мезетте күрт азайды. Әкем айтушы еді: «Мен өлсем де, кейін сендердің бәріңді жеткізетін осы мал, соған дұрыс қараңдар, күтіңдер, ұрлатпаңдар!». Енді сол малды ешкімге ұрлатпай-ақ көзімізше өзі қырды…

Кім білсін, сондай көп малдың ішінде көк сиырдың ғана тірі қалып, аштан бұралып, тоңып жатқанымызда көк сиыр сүтін беріп, суық болғанда бізді жылытатынын. Кейінгі кезде ешқандай күші жоқ болса да бізге жылуын берген. Жеуге тамақ жоқ болғанда, ішуге су болмағанда, көк сиыр сүтін берген.

Күндер өте ең сұмдық іс басталды. Аштықтан бұралып, алдымен қарындасым, оның артынан бауырым кетті. Жалғыз сиырдың бір құлағын кесіп жеп, қайнатып сорпасын ішкенбіз. Міне, сондай қиыншылық көрдік. Қасиетті малымның етін жеймін деп, соңымнан еріп жүрген бауырым да кетті о дүниеге. «Осының бәріне кінәлі болған орыс оңбағандарға қарсы шығамын!» — деп кіжініп, кегін алуға кеткен әлсіз әкем де оралмады…

Сонымен анам екеуіміз ғана, аман қалдық. Анам ауырып, шамасы болмаса да, тырысып, талпынысып, жанталасып жүріп тірі қалдық. Масақ теріп, оны келіге салып үгітіп, талқан қылып жейміз. Сонымен қатар шөп жеп, өсіп тұрған ағаштардың жапырақтарында қалған су тамшыларымен ауыздарын жібітіп, тірі қалдық.

Бұндай сұмдықты көзбен көрмей-ақ, құлақпен естігеннің өзі қандай қорқынышты! Әуелі, әкемнің айтуы бойынша, кейінірек өлген адамдарды қазанға салып, қайнатып жеген жанұялар да болыпты. Қандай жұтшылық, өзінің ішінен шыққан адамды қазанға салып қайнату дегенің! Үйде біреу әлсіреп, ауырса, аш отырған туысқаны қуанады екен. Ол кездерде қарынның ашқаны сонша-лықты, анаң қайсы, әкең қайсы, сол сияқты інің, қарындасың қайсы екенін ажырату мүмкін болмаған екен.

«Астыққа бай болған қазақ, егілген астыққа дейін айрылып, аяғы соның жемісін де жемеген. Ағып жатқан өзенге барлық жиған тергендерін, өсіріп-еккен егіндерін лақтырған оңбаған орыстар, аш жатқан қазақтарды аяғымен теуіп, Голощекиннің айтқанымен жүрді!» — деп айтып отыратын әкем. Менің ойымша, әкеме атам

барлығын айтпаған секілді, қаншама жыл көрген қиыншылықтарын, ауыртпашылықтарын ұмытуға тырысты…

Аш-жалаңаш адамдардың дала төсінде босып сандалып жүргендері, олардың даладағы атқұлақ пен сарышұнақтарды түк қоймай жеп қойғаны жан түршігерліктей…

Жазып алған Әсел Смағұлова

Егеубаев Жақсылықбай

Егеубаев Жақсылықбай 1921 жылы 19 мамырда қазіргі Алматы облысы Кербұлақ ауданының Жоламан ауылында дүниеге келген екен. Атамыз басынан кешкен қиыншылықтарды былай әңгімелейді.

— Әкем тоғыз ағайынды еді. Ал әкемізден біз Бейсембай, Жақсылықбай, Орымбай, Қатымтай, Бөрібай атты бес ұл мен Қыдырбике атты қыз болып тудық.

1928 жылдың жаймашуақ күндері ел ішіндегі байларды кәмпескелеу науқаны қызу жүргізілді. Кәмпескеге ілінетіндердің ішінде ел билеген байлар мен билер, болыстар мен старшындер, сол кездегі әл-ауқаттылар бар. Мен 8 жасымда едім, әкем де кәмпескеге ілініп, мал-мүлкімізден айырылдық.

Әкемнің екі бауыры Кербұлақ ауданындағы Бостан ауылында тұратын. Біз сол ауылға көшетін болып жолға шықтық. Жолда келе жатқанымызда Қыдырбике атты қарындасымыз қатты ауырып, қайтыс болды. Біз жолда қарындасымызды жерледік те ары қарай жүре бердік…

Бостан ауылына да жеттік. Байлардан алынған мал-мүлік белсенділер арқылы колхозшыларға, үкіметке тапсырылды. Бірақ «тапсырылды» деген атақ қана, жырындылардың пайдасына шешіліп, орынсыз, жүйесіз ит рәсуәға ұшырады. «Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты», «Жығылғанның үстіне жұдырық» дегендей 1930-шы жылы бай-кедей демей қазақ елінен ет салығы алынды, мал құны топыраққа айналды. Диқаншылықты кәсіп етіп, жер емшегін емуді енді пайдаланып келе жатқан қазақ үшін малдан айырылу — жаннан айырылумен бірдей болды.

1931 жылы мен 10 жаста едім. Ауылдағы ел-жұрт көшіп, Қытай асып кетіп жатты. Біздің әкемізді бауырларымен бірге кеңес

үкіметінің белсенділері келіп, «Сендер бидай, мал сатасыңдар!» деп айыптап, «абақтыға жабамыз» деп алып кетті, — деп Жақсылықбай қария терең күрсініп алды.

— Е, балам, — деп әңгімесін қайта бастады шал бірер уақыттан кейін. — Біз — шешем, бауырларым — сөйтіп аш қалдық. Шешем байқұс ағам екеуі ертеден қара кешке дейін табандары тілім-тілім болып, масақ теріп әкелетін. Біз олардың алдыларынан шырылдап жүгіріп шығатынбыз…

Мен үйде үш ініме қарап қалатынмын. Бір күні Қатымтай мен Бөрібай катты аштықтан науқастанып шыдамай қайтыс болды. Біз сол жерге екі інімді жерледік…

Адамдар ашыққаннан бірін бірі жеді. Аштықтан қырылған адам сүйектері әр жерде шашылып жатты. Жеуге ештеңе таппағандықтан шөптердің тамырларын кеміріп жеген күндеріміз де болды… Мың өліп, мың тірілген қазағым осындай күндерді де бастан өткерген! — деп өткен өмірін есіне түсірген қарияның жүрегі елжіреп көзіне жас келді. — Мұндай ашаршылық сендердің бастарыңа бермесін! — деп сөзін аяқтады.

Жазып алған Асқар Асанов

Сағымбаев Ыбырай

Күләш тәте марқұм әкесі Сағымбаев Ыбырайдың әңгімесін былай баяндайды:

— «Басымызға ашаршылықтың қиың жылдары түскенде жасым он жеті жаста еді», — деген екен Ыбырай ата Күләш тәтеге.

«Әкем белгісіз жоғалып кеткенде, одан он шақты қой, екі жылқы қалған еді. Шешем екеуміз оларды арман қарай асырауға шамамыз жетпеді. Інілерім Ерболат пен Еркебұлан ол кезде 4–6 жаста болған. Шынымды айтсам қолымда бар мал ұрланған соң әйтеуір аштықтан өлмес үшін тамақ табу мүмкіндігі өте аз еді.

Көп ұзамай екі інім де көз жұмды. Біреуге жем болмасын деп ауыл сыртына өз қолыммен көмгенмін. Өмірімнің соңғы күніне дейін ұмытпаймын: Ерболат пен Еркебұланның денелері көмілген жерлерінен ертеңгі күні жоқ болып кетті. Осы көрініс көз алдымда мәңгілік қалды. Осыны түсімде көріп, шошып оянған түндерім

осы күнге дейін сансыз болды. Денелерінің қайда кеткенің бір Аллаһ тағала біледі…

«Күләш, қызым менің, егер олар аман қалғандай болса, қазір сенде екі ағаң болар еді», — деп әңгіме айтқан Күләш тәтеге.

Жазып алған Мақсат Есболов

Тоқбайқызы Күлжәмилә

«Ұлы жұт» Алматы облысы, Қаратал ауданы, Көпбірлік ауылына да жеткен. Сол нәубетті өз көзімен көрген ауыл тұрғыны Тоқбайқызы Күлжәмилә (1920–2007) апамның баяндап берген әңгімесі келесідей.

— Ол жылдары 11 жасқа шыққан кезім еді… Сол кезде «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұран тастап, өкімет бүкіл ауылдардың малдарын айдап алып кетіп жатты. Сөйтіп аз ғана уақыт ішінде халық ауыр жағдайға ұшырады…

Қыс кезі болатын. Ел көрші ауылдардағы туыс-туысқандарымен қатынас жасап жүріп, нан сұрап әкеп жеп жүрді. Қарақұм мен Көпбірлік арасында ат шанамен қатынас бар. Ары-бері жүргендер жол бойында аштықтың зардабынан өлгендерді шанаға салып, ауылға әкеп тастап кететін. Бір күні тіпті теңіз үстінде мұз болып қатып қалған кемпірді де әкелгені есімде. Әрбір өлікті көрген сайын елдің зәре құты қалмады. Тіпті далаға шығудан қалдық. Үйлердің өзінен де қаншама өлік шығып жататын!..

Бірде апам колхоз бастығынан жылап жүріп, бір дорба бидай сұрап әкелді. Сол дорбадағы бидайды диірменге салып, бір мезгіл аш қарын ашықпасын деп бізге беріп отырды. Соны біраз қорек қылдық…

Бір күні көрші ауыл Байшегірге кеткен көрші ағаның ашыққан балаларымен сол дорбаның ұнын бөліп жеуімізге тура келді. Бір жеті өтті ме, өтпеді ме — әкелері де келді-ау, әйтеуір. Алайда балалары әкесін көріп, шошып кетті. Әкелерінің түрінен түр қалмаған, бет ауызы домбығып, ісіп кеткен. Келе сала ол біздің есік алдына құлады. Оған апам ыстық шай беріп, әрең есін жинатты. Әйелі:

— Нағашыңнан бір нәрсе таба алдың ба? — деп сұрады.

— Үйіне барсам, жып-жылы, от жағылған екен, — деп әңгімесін бастады көрші. — Мені көріп нағашым қуанып кетті. Үйі толған

ет, қабырға-қабырғасымен бөлінген еттер ілініп тұр екен. Бейне бір аштық сол үйден айналып кеткендей. Нағашым: «Отыр, шай іш!» — деді. Шешініп, пештің жанына жылынайын деп барып едім, арғы үйден қанға шалынған екі адамның басын көрдім. Көзім шарасынан шығып кете жаздады, шошып кеттім. Есімді дереу жинап алдым, бәрін де түсіне қойдым. «Далаға шығып келейін» деп сыртқа қалай шыққанымды да білмей қалдым. Зәре-құтым қалмай, жолға түсіп алып, жүре беріппін, — деп көрші әңгімесін аяқтады.

Сөйтсе нағашысы адам етін жеп күнелткен екен. Сондай қиыншылық кездер өтіп жатты…

Бір күні әкем төсек тартып, жатып қалды. Тіпті сөйлеуге шамасы келмеді. Бұл аздай, қиыншылық үсті-үстіне жамала берді. Шешемнің көзінен жас тоқтамады. Күн көрісіміз күннен күнге қиындады. Нан тауып әкеп беріп отырған жалғыз әкемізден бір күнде-ақ айырылдық. Жылап-сықтап, қолы қалтыраған шешем екеуміз қораның артынан жер қазып, әкемізді жерледік.

Бүкіл ауыл теңіз бетіне қаптап жабылып, балық аулайтын. Теңіз беті жыпырлаған ел. Әсіресе еркек атаулы теңіз жағасынан шықпайтын кезі еді. Майда шабақтарды ұстап келетін. Біздің аштыққа шыдамағанымызды көріп, шешеміз теңізге шықты. Теңізде ау салып, бір-екі балық аулағанына қуанып, қазанға салып, сорпасын беріп бір тойғызатын. Итшілеп жүріп, шешемізге көмектесу үшін көл жағасына баратынбыз. Сонда жолшыбай әне жерде де, мына жерде өліп жатқан адамдарды көреміз, кейбір шамасы келгендер өліктердің бетін таспен жасырған болады. Көздері жәудіреп, жүруге шамалары келмей қалғандар қаншама десеңізші!.. Еркегі кім, әйелі кім екені белгісіз.

Сол жылдары адамдар аш қасқырмен тең болды. Аштықтың кесірінен теңіз бетінде балыққа таласып, қан жаласып жатқан кездері де болды. Елдің ит-мысық жеген күндері де болды. Ал тірі қалғандардың аштықтан әлсірегендігі сонша өліктерді жерлеуге шамасы келмеді.

Көктем шыққан кезде жер-жерден өлік иісі шыға бастады. Ауылдың әлсіреп біткен кезі еді. Әлі жеткендер шет жақтарға, аудан-қалаларға, тіпті Қытайға көшіп жатты. Сондай сұрапыл кезеңдерде комсомол құтқарушылар келіп, қысты күні әлсіреп жетім қалған балаларды ат шанаға киізге орап отырғызып, аудан орталығына

алып кетіп жататын. Оларды аудан орталығындағы панасыздар үйіне апарып орналастырады. Ал ол жерде жататын төсек жоқ…

Сол әкелген киізге төрт бала жаттық. Панасыздар үйіне барып, бір күні ауырып, ауруханаға жатып қалдым. Қанша күн өткенін білмедім, әйтеуір есімді жинағанда, аяқ алыссыз жатқан балаларды көрдім. Кейбір балалар «Өліп барамын, бір уыс сұлы берші, апа!» деп сандырақтап жатады.

Сол бір жылы аштықтан өлудің үш түрі болды:

Үйінен шыға алмай жүріп кету;

Ауыл ішіндегі үйлерден қайыр сұрап жүріп, көшеде өлу;

Адамдардың әбден қалжырап, «Пәлен жерде жекжатым бар, аман қалармын!» деген үмітпен үйден шығып, жолда жан тапсыруы.

Бүгінде ойлап отырсам, сол ашаршылық алапаттың Голощекиннің бүкіл бір халыққа қастандықпен жасаған жауыздық әрекеті екен.

Жазып алған Әсем Ишамбаева

Тойшыманова Бақшагүл
(Ақсу ауданы, Сағабүйен ауылы)

Сағабүйен ауылында ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш бар. Бұл ескерткішті орнатқан «Темірлан» шаруа қожалығының төрайымы, бүгінде марқұм болған Әкімова Еркежан еді. Ескерткіштің тасына мынадай сөздер қашалып жазылған:



«Бұл жерде 1931–33 жылдары ашаршылық құрбандары жерленген. «Темірлан» шаруа қожалығының төрайымы Әкімқызы Еркежан орнатты. 31.05.2002».

Бұл жерде сонау 30-жылдары жетім балаларға арналған мектеп-интернат ашылған екен. Мал-мүлкін тартып алғаннан соң жаппай қырылған ауыл адамдарынан қалған жетім балалардың паналайтын орны осы интернат еді.

Интернатты да аждаһадай аранын ашқан ажал оты шырмаған. Мұндағы балаларға да аштық келіп жетіпті. Не істерін білмеген интернат қызметкерлері Бүйен өзенінен балық сүзіп, соны балаларға қайнатып беріп, жүректерін жалғапты. Қандай қиындық көрсе де, мұғалімдер мен тәрбиешілер қайсарлық пен табандылық көрсетіп, аштықпен күресіпті. Алайда бүткіл елді жаппай жайлаған аштық интернаттағы қызметкерлер мен балаларды да алып жеді.

Сондай ұстаздардың бірі 50 жылға жуық ұстаздық еңбек жасаған, Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрмұханбет Тұрғанбаев атай еді (зейнеткерлікке шығып, кейіннен қайтыс болған).

Ол кісі өз көзімен көрген балалар үйіндегі жан түршігерлік оқиғаларды баяндағанда, көзінен жас тамшылайтын. Аштықтан талықсып өліп бара жатқан сәбилердің жүзіне қарау мүмкін еместігін айтатын. «Әлі күнге дейін тұла бойым түршігеді: интернат жанындағы сайға өлген балалардың денесін топырақпен жасыруға әрең шамамыз келетін. Дәл осы жерде 96 бейкүнә кішкентай ұл-қыздарымыздың сүйегі жатыр», — деп көрсетіп кетіп еді қарт ұстаз.

Жазып алған Жандос Әбдікеров

Баяхметова Күләш

Ал мына сұқбат Сағабүйен ауылының тұрғыны Баяхметова Күләш апайдан жазылып алынды. Ашаршылық жылдарында ауылымызда жетім балалар үйі болған. Ол үйде шамамен 96 бала болған деседі. Ол үйдің жетекшісі Нұрмұханбет Тұрғанбаев (немесе Тұрғанбек Нұрмұхамбетов) деген кісі болыпты.

Ашаршылық жылдарында сол балалардың бәрі дерлік қайтыс болғанын және Нұрмұханбет балаларды өз қолымен көмгендігі туралы әңгімені ауылдың көп тұрғындары біледі екен. Кейінірек

ауылдың кейбір адамдары әрілі-берілі жүргенде, сол жерде балалардың жылағаны мен жанған отты көргендерін айтқан.

Күләш апай бірде осы оқиғаларды өзінің жиен сіңлісі Әкімова Еркежан деген кісіге айтады. Еркежан жеке шаруашылық қожалығының төрайымы болған. 2003 жылы ол кісі ауылда сол балаларға арнап ескерткіш орнатыпты. Ескерткіштің ашылу салтанатына мектеп оқушылары, ауыл тұрғындары және Ақсу ауданының әкімі де қатысқан еді. Ал Күләш апай бір-екі жыл сол жерде наурыз айларында көк көже жасап, Ашаршылықта қаза болған балалардың рухына арнап Құран оқытып, жеті нан таратып тұрады.

Жазып алған Жандос Әбдікеров

Зейнеп әжей

1931–1932 жылдардағы Ашаршылықты өз көзімен көріп, басынан кешкен ата-әжелер Жетісу өңірінде, соның ішінде Ақсу ауданында көп. Солардың бірі Зейнеп әжей болған екен. Бұл әңгімені мен сол кісінің немересі Орақбаева Нүкен апайдан жазылып алдым.

— Халықтың көбі ашаршылық жылдарында ауылдың ішінде тапа-тал түсте жерге құлап, өліп жатты. Адамдардың денесінен аттап өтіп кететін кездер де болды. Аш адамдар сенделіп, босып жүретін, сол себепті де түтін шығарып, тамақ жасауға да қорқатынбыз. Өйткені «түтін шығып жатқан үйде тамақ бар», деп аш өзегіне түскендер сол үйге бас салатын.

Бірде күн батқан кезде жасы 40-тар шамасындағы әйел адам үйіме қонуға сұранған еді. Тығылып, қараңғы түскенде ғана тамақ пісіруші едік. Аздаған бидайдан ботқа көже жасадық. Әлгі әйел «Мен де тамағымды салып, қайнатып алайыншы», — деді. Мен «Қане, не тамағың бар, көрсетші», — дегенімде, әлгі әйел дорбасының ішінен шығарып, кішкентай баланың қолын көрсетті. Менің зәрем ұшып, қолды қазаныма салдырмадым.

Ол әйелге өзімнің жасаған тамағымнан беріп, таң атқанша көз ілмей отырдым. Таң атқанда оны шығарып салып тұрып, әлгі баланың қолы кімдікі деп сұрадым. Сонда әйел, аштан өлген баласының денесін ел талан-таражға салып, талап алып кеткенін айтып, «өзімнің қолымда қалғаны осы» депті.

Жазып алған Мейрамгүл Аязбекова

Исабаев Шаяхмет

Шаяхмет атам маған келесі әңгімесін айтып берді.

— Сонау ашаршылық жылдарында мен он төрт-он бес жастағы қаршадай ұл едім. Есімде қалғанымды айтайын.

Бір үйде біз екі бала болатынбыз. Әке-шешемнің сол кездегі жас шамалары есімде жоқ. Әйтеуір, олардың «біреу жеп қояды, далаға шықпа!» деген сөздері құлағымнан әлі кетер емес.

Бір күні бауырымды далаға ертіп шықтым, үйде әке-шешем жоқ болатын. Күн күңгірт екен. Бір ойнайтын төбешігіміз болатын, соған қарай бет алдым, қасымды бауырым бар.

Әлгі төбешікке жетер жетпесте кенеттен бір ыңырсыған дауыс естідік. Қасына бара алмадым, алыстан «бұл не болды екен» деп көз салдым. Жерде қапқа ұқсаған бір зат жыбырлайды. Біраз қарап тұрдым, не істерімді білмедім. Бір уақытта қорыққанымнан жылап жібердім, әлгі қап ішіндегі де жылады. Қасына бара алмаймын, әлі баламын ғой (осы жерде атам терең күрсінді), сөйтіп мен де, ол да біраз уақыт жылап тұрдық. Бір кезде әлгі қап ішіндегі тыншығандай болды…

Сол кезде қай жақтан келгенін білмеймін, әкем келіп қалды. Қуанғаным ба, қорқаным ба, әйтеуір әкемді бас салып жылай бердім, әлгі қапты саусағыммен шұқып көрсеттім, сөйлей алмаймын, дәрменім соған ғана жетті. Әкем мені бауырына басып, бір мезгілде өксігімді тоқтатты. «Не болды?» дегендей жүзімді өзіне қаратты. Әлі де дірілдеп тұрмын. Бауырымның қайда қалғанын да білмей қалдым.

Кенеттен бауырым қолы қан-қан болып, бір нәрсені алып келе жатқанын көрдім. Мен одан бетер қорықтым, әкем қарап еді, інішегімнің қолындағысы адамның бір қолы екен. Содан кейін әкем барып қапты ашып еді, әлгі қаптың ішінен бір қолы, екі емшегі кесілген әйел денесін көрдік. Қансырап, өліп кетіпті… Бұл айтқан сөзімнің бәрі де рас, өз көзіммен көргенмін! Мұндай сұмдықты құдай басқа бермесін!

Ұшы мұжылған кішкентай темір күрегіміз бар еді, сонымен әкем әлгі кісінің денесін арулап, жерге көмді. Бұл әйелдің денесін кім алып келіп тастағаны белгісіз қалды.

Содан біраз күндер өткен соң, «Кім болса да адам ғой», деп әкем әлгі әйелдің басына тас қойды. Сол қабірді күнделікті көріп

жүрдім, қорыққаным ойымнан кетпеді. Әкем дұға қылады. Бір күндері әлгі кісінің денесі молада жоқ болып шықты. Аш өзекке түсіп кеткендердің бірі қазып алып кеткен көрінеді…

Жазып алған Дидар Исабаева

Мақұлбекова Бану

Бұл әңгімені менің анам Сапарова Еркеш Машыққызы (1967 жылы туған) көрші апай Мақұлбекова Бану (1920 жылы 14 мамырда туған — 2007 жылы 6 қыркүйекте қайтыс болған) апайдан естіген. Бұл хикая Шығыс Қазақстан облысы Таскескен ауылында болған екен.

— Отбасымызда сегіз ағайынды болдық, ақырында екеуміз қалдық, туғандарымның барлығы да аштықтан қайтыс болды. Оларды жоқтап, жылайтын уақыт та болмады. Есімде үлкен ағам екеуміздің таңғы сағат үш шамасында қайтыс болған сіңілім мен бауырымды бұрын мал жайылатын жаққа барып, ешкім аяқ баспайтын жерге жерлегеніміз. Ал ең ауыры анамды да сол жерге апарғанымыз болды.

Бауырларымыз бен анамыздың денесін шығарып жүргенде, жасы үлкен бір әйел кісі бізге үңіле қарап отырғанын байқаймыз. Өзі ауру адамға ұқсайды, түсі де өте суық. Бірде жаны ашыды ғой деймін, ол бізді қираған шалаш үйіне шақырып, «жүріңдер!» деп қолымыздан сүйреп ішке кіргізді.

Қазан қайнап жатыр екен, еттің иісі мұрын жарады, қуанғанымыздан жанымызды қоярға жер таппадық. «Қазір келемін» деп, жаңағы әйел далаға шығып кетті. Біз аш болғанымыз соншалықты, шыдамай дәмін татып көрейік деп, қазан қақпағын аша бергенде, қазанның ішінде сорпа бетінде адамның қол-аяғын көріп, шыдай алмай бар даусыммен шыңғырып жібергенімде, әлгі әйел үйге жүгіріп кіріп келді. Есімнен танғандай жерге үнсіз отырып қалдым, әйелге не айтарымды білмедім. Есімді жинап алып, ана әйелден «Адам етін жеуге қалай дәтіңіз барды?» деп сұрадым. Ол күрсіне отырып, «Бұл заманда тірі қалу үшін істемейтінді істейтін болдық қой… Тірі адамды сойып жеп көрмедім. Сендерді аңдып жүргенімді байқаған шығарсыңдар. Жерді қазып…»

Біраз күннен кейін ағам ауырды… Сөйтіп ол да, сәл кейінірек әлгі әйел де дүниеден өтті…

Жазып алған Мөлдір Серікқожанова

Туғанбаев Қызайбек

Сарқан ауданы Аманбөктер ауылының тұрғыны соғыс ардагері, 80-нен асқан қарт атамыз Туғанбаев Қызайбек ашаршылық кезеңін былай деп әңгімелейді.

– 1931–1933 жылғы ашаршылық қазақты дүр сілкіндірді, талай адам ашаршылықтан қырылды. Аналар балаларының аштан қайтыс болғандарын өз көзімен көрді. Аналар балаларынан, балалары аналарынан, әкелерінен, туған-туыстарынан айрылды. Адамдар өлген адамның етін жеген деседі.

Сол жылдарда марқұм жеңгем Сәкужамал апай отбасын сауыншы болып жұмыс істеп, қаншама сиыр сауып, таңның атқанынан кештің батқанына шейін балаларым аштан қатпасын деп жарты литр сүт үшін жұмыс істеген. Сол кезде Сәкужамал апаммен бірге жүрген Әнипа деген әйел өзінің балалары үшін жарты литр сүт ұрлағаны үшін сотталып кеткен екен.

Балалардың қарны ашып, жыламасын деп, қойдың терісін жайып, соның ішіне анамыз бір уыс бидайды жүннің үстіне шашып жіберетін, соны терінің ішінен теріп жейтінбіз. Шешем бір жапырақ бөздің шетіне бір тілім нанды түйіп, аузымызға салып қоятын, соны сорып, жыламай алданып жүрдік.

Сол жылдары біздің ауылда егіншілікпен айналысқан талай адам аман қалған екен, содан біздің ауылымыз Аманбөктер аталып қалған деседі. Ашаршылықта басқалардан бұрын жас сәби балалар мен қариялар шығынға ұшырады. Аштықтан ісіп кеткен сәбилердің бет келбеттерінде сәбилік сүйкімділіктен із қалмайды екен. Қарындары қампиып, беттерін әжім басып, кәрі ергежейлерге ұқсайды.

Сол ашаршылық жылдары туыс іздеп, жолға шықтым. Төртбес шақырым жүріп, аштықтан басым айналып, дел-сал болып тұрғанымда, менің жөнімді сұрап, бір ақсақал былай деді: «Ой, балам, саспа! Анау шөп үйілген үйде нағашың Мұқатайдың үлкен қызы тұрады. Күйеуі ауылдық кеңестің орынбасары. Дүрілдеп

тұр. Тамағы тоқ, киімі көк. Сен сонда бар!» — деді. Мен көрсеткен үйге келдім, апайым ренжімеді. Ол кісінің мейірімін көріп, жүрегім орнықты. Мен Ашаршылықтан солай аман қалып едім…

Жазып алған Эльмира Есенова

Сәдуақасұлы Бабай

Мен Өсек өзенінің бойындағы Талды ауылында 1930 жылы қаңтар айында дүниеге келгем. Ашаршылық жылдары мен небәрі бір жаста едім. Ол жылдардағы оқиға туралы әкем Сәдуақастың айтқан әңгімелері бойынша білемін.

Өкімет қарапайым халықтың мүшкіл күйін көре тұра, оларға қанап, ет салығын жүктеп, ауыр жұмыстарға салған. Жас балалары бар аналар балаларын шапанына орап, жотасына асып, егістікте бидай орған екен.

Аналары жұмысқа кеткен кезде үйде қалған балалары топырақ-құмға аунап жүре берген. Балаларға қарайтын ешкім болмаған. Үйде қалған аш балалар шыбынға дейін ұстап жеген. Кейбіреулер балаларына талқанды, бидайды үгітіп, суға шылап береді екен. Ал ересек балаларға «Сендер тауға барып солқылдақ, қымыздық деген өсімдіктерді теріп, жеңдер» деп жібереді екен.

1931–1932 жылдары көп адамдар дүние салды. Өсек өзенінің бойындағы Талды ауылында да өлген адамдар көп болған. Үлкен кісілердің айтуы бойынша, тіпті ашыққан адамдар мал болсын, аң болсын солардың сүйектерін әкеп, бір қайнатып төгіп, екінші қайнатып сорпа қылып ішкен екен.

Ашаршылық жылдары әкем Сәдуақас совхозда бригадир болып жұмыс жасаған. Күндіз егістікте бидай сепкен. Егістікке бидайды толық емей, сирек, шалаң сеуіп, қалғанын кешке қарай 7–8 үйге бір-екі қасықтап немесе кесемен таратып беріп отырған. Ол кездері күндіз бір жерден түтін шықса, бәле болған. Сондықтан қарапайым халық өз жұмыстарын түнде бітірген. Көпшілік ел жанбағысқа шыдамай, Қытайға өтіп кеткен. Ол жылдары өкіметке жағынушылар, яғни шолақ белсенділер көп болған. Егер артық сөз, артық қимыл жасасаң, бірден түрмеге жауып отырған.

Әкемнің бидайды толық сеппей, оны аш халыққа таратқаны үшін, түрмеге жабу қаупі төніп тұрғандықтан, әкемнің досы Сыдық әкеме арғы бетке өту туралы кеңес айтады. Әкем өкіметтің бүгін болмаса, ертең біліп қоятынын түсініп, сол түні барын жинап, арғы бетке өтпек болады. Әкем Қытайға кетер алдында досына «Осындай жерде қапталған бидайды көміп кеттім. Бәрі тынышталғанда, барып қазып алыңдар» депті де, жолға шығып кеткен екен.

Арғы бетке өтер бойда інім Ескендір екеуіміз ауырып, сол жерде біраз аяңдапты. Аштықтан інім екеуіміздің қол-аяғымыз, денеміз ісіп, тіпті көзіміз жұмылып қалыпты. Інім екеуіміздің ауырғанымызға шыдамай, әкем шұңқыр қазып, бізді тірідей көмбекші болғанда, Сыдық деген кісі әкемді тоқтатып қалған екен. Анам да аш болғандықтан ол кісіден сүт шықпапты, ақыры інім аштықтан қайтыс болыпты. Інімді сол жерге көміп кеткен екен.

Інім өлгеннен кейін, жағдайымыз болмаған соң кері қайтуымызға тура келіпті. Кері қайтып келген соң әкемді қайта жұмысқа алмай қойыпты. Ол жылдары арғы бетке өткендерді немесе өтпекші болғандарды жақтырмайтын. Қайтып келген соң құжаттарды қайтадан қалпына келтіруге тура келді. Сонда маған екі жас қосып, 1932 жылғы деп жаздырыпты. Кейінірек комсомолға қабылдар алдында дәрігерлік тексеруден өткізіп, тісіме, бойыма, түріме қарап 1932 жылғы екеніме әрең сенді.

Кейін шешем Балқия Тұтқабайқызы екі жыл сал болып ауырып, 1935 жылы қайтыс болды. Шешем көз жұмған соң, ауылда адамның жоқтығынан мәйіті 2–3 күн далада тұрып қалған. Ол жылдары тіпті өлгендерді көмуге адам да болмаған екен. Шешемді көмуге көмектесетін адам болмаған соң, шешемнің бауыры Ахметқан мен әкем өздері көмген екен.

Ашаршылық жылдарынан әкем екеуіміз ғана аман-есен өттік. Әкем Сәдуақас 1964–1965 жылдары дүние салды.

Міне осындай қиыншықтарды бастан кешірдім. Қазір, Құдайға шүкір, құрметті зейнеткермін. Зайыбым былтырғы жылы дүниеден озған. Әзіргі өміріме мың да бір шүкіршілік айтамын. Біздің көрген қиыншылықтарымызды ендігі ұрпақ көрмесін!

Жазып алған Гүлмира Құнанбаева

Мұрынова Қайынжамал

Мұрынова Қайынжамал Сейітқызы 1924 жылдың 22 наурызында Сарқан ауданы, Бақалы деген жерінде дүниеге келіп, сол жерде өскен.

— Жанұямызда әкем, шешем және төрт бауырым, екі сіңілім болған. Ең үлкені мен едім. Әкем мен төрт бауырымды түнде екі солдат келіп, «Үйдегі ер адамдарды соғысқа жинап жүрміз, кіші болсын, үлкен болсын, дайындалсын, қазір келіп алып кетеміз», — деп айтып, соғысқа қатысады деп біз көрмеген, білмеген жерге алып кетті. Әкем мен бауырларыма шешем бір шелек бидайды қолына ұстатып қана үлгерді. Сол беттен әкем мен төрт бірдей бауырымды көрген емеспін…

Содан біздің қиын өміріміз басталды. Анам таң атпай, аспанда жұлдыздар жарқырап көрінгенде жұмысқа кетіп, жұлдыздар шыққанда келіп жүретін. Қолына ағаштың қабына ораған бір уыс бидай ұстап келетін, сол бидайды алып келсе, біздің аузымыз бір нәрсеге тиеді де, ал әкелмесе — ол да жоқ.

Үйдің үлкені болған соң, екі сіңлімнің аузын бос қалдырмауға тырыстым. Көмек сұрайтын көршілердің халі де біздікі сияқты. Бар болса –бөлісетінмін, жоқ болса — сұрап, естерін шығармаймын. Ағайын да, туыс-таныстар да өз беттерімен ауыр өмір кешуде еді. Ол заманда керегіңді жүгіріп барып, алып келетін дүкен де жоқ. Қара суды каучукпен ішетінбіз, өзі шыны кесе емес, сүйек кесеге ұқсайды. Бар ыдыс-аяқпен көршілермен бөлісіп тұрамыз.

Анам қойнына тығып, ұрлап әкелген бір уыс бидайын қуырып, кегелі сапқа салып, қара көже жасап ішеміз. Ол кегелі сапты алу үшін кезекке тұрамыз. Сіңлілеріме бидайды қуырып, тонның үстіне шашып, қазіргі күндегі шемішке сияқты, біртіндеп жегіздіріп, алдап, ойнатып отыратынмын. Қарақтарым-ай, бәрін бірден жеп алғылары келеді, мен әдейі «бәрімізге жетсін, таласпаңдар» деп ойын шығарып, біртіндеп ауыздарын жыбырлатып отырсын деп қана жегізетінмін. Қыста маядан бір-бір аша сабан түсіріп береді, ол тез жанып, тез бітеді. Көктемде өгіз арбамен сасық құрай жинап, үйге тасимыз. Титтей күн шықса, жусан шауып аламыз.

Мал жоқ, айдалада бағып жүрген бір сиыр ғана бар, ол сиырдың иесі көңілі түскенде бізге бір кесе сүт беретін, бермесе — ол да жоқ. Аяқта — керзі бәтеңке, баста — жамалған шыт. Ол шыты-

мыз кірлеген кезде, жуатын сабынымыз да жоқ. Елдің ескі-құсқы киімін киіп жүретінбіз.

Адамдар аштан өліп жатса да, оларды дәстүр бойынша жерлеуге ешкімнің де шамасы жетпейді, қауқары да жоқ. Шамасы жеткендері мәйіттерді тұрлыққа орап (қазіргі замандағы киіз) жерлейтін. Жер қазатын еркек те аз, әйтеуір бір туысқаны, жақыны болса келіп, жылап көмеді…

Біз көрген қиыншылықтың Алла сендерге бір күнін де көрсетпесін!

Жазып алған Айжан Медиева

Сүлейменова Әдеміш

Менің әкем Байқұтмеңденің анасы, яғни менің әжем, Әдеміш Сүлейменова (1905 жылы туған) Ашаршылық кезінде небәрі 27 жаста екен. Кішкентай кезімде әжем Әдеміш аштық жылдары туралы өз көзімен көрген, басынан өткен оқиғаларды маған айтып отыратын.

Сол кезде аталарымыз Балқаш көлінің жағалауын мекен етіпті. Аштық басталған жылы бүкіл ауыл болып, олар Балқаш көлінің қамысты жағасынан үдере көше бастаған екен. Жоқшылық сүйектен өтіп, әбден азып-тозған ауылдары тірліктен үміттерін үзбей, тамақ іздеп, аштықтан тірі қалуға жанталасып, Үштөбеге аттанады. Ол кезде Үштөбеде Түрксиб темір жолын төсеу жұмыстары жүріп жатқан еді. Осыны естіген ауылдықтар есін жиып, жолға шығады.

Ілби келе жатқан адамдардың көздері алақтап, аштықтан ісініп, талып құлай беріпті. Тіпті туған баласын тастап кеткен аналар да бар араларында, жанұясының мүшесіне қарайласпай, бас қамын ойлап, алға жоса берген ел. Көмектесетіндей оларда да әл де жоқ еді. Әжемнің айтуынша, жол бойғы азаптан бір ауылдан азғантай ғана адам қалыпты. Кей адамдар жанын сақтау үшін адам етін де жеген екен! Ол кезде ұят, ар, болды ма — белгісіз, ондай адамдар әдейі өлгендердің жанында қалып қойып, солардың етімен жасырын қоректеніп, кейін қатарға қосылып отырған екен. Неткен сұмдық десеңізші! Алайда, сол жылдары бұндай сұмдыққа таң қалуға болмайтын еді. Өйткені аштықтан құр сүлдері қалған адамдардың

есі ауысып кетеді екен. Ол кезде бір-бірінің етін жегені жөнінде нақты деректер көп…

Сонымен, араларында менің әжем Әдеміш бар үлкен ауыл тұрғындарының кішкене ғана бөлігі Үштөбеге сүйретіле жүріп, бірнеше күн дегенде зорға жетіпті.

Қаптай көшкен ауылдың,
қорымы қалды-ау, о, жалған!
Ардағы кетіп ауылдың,
тобыры қалды, о жалған! —

деп халық осындай босу туралы зарланыпты. Аш құрсақта қандай әл болсын? Әйтсе де сол кезде адамдардың етін жеген кей адамдар Үштөбеге аман-есен жетіпті. Менің әжем өз жастығының арқасында ғана өлім аузынан аман қалған екен.

Жазып алған Бекзат Байболатов

Алпысбаева Қалия

Шұбартауда 1905 жылы өмірге келіп, Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Ақжар ауылында 1991 жылы дүние салған Алпысбаева Қалияның 1931–33 жылдардағы ашаршылық кезіндегі басынан өткен оқиғалардан үзінді.

— Біздің ел — Арғын, оның ішінде Жалаң деген ру. Күйеуім екі ағайынды еді, ағасы — емші де, менің күйеуім — шаруа баққан момын адам болатұғын. Орташа тұрмысымыз бар еді. Елге келген зобалаң бізді де айналып өтпеді, біздің де малымызды алып, ортаға салды.

Елді аштық жайлағанда, малдан басқа күн көріс жоқ болғандықтан, ішерге тамақ болмай, ел аштан өле бастады. Менің күйеуім және бес бірдей балам аштан өлді, бір үйден өзім ғана тірі қалдым.

Ашыққан ел жөн жоққа боси бастады. Қайнағам «Қалия, мына кетіп бара жатқан елмен, Бөрліге бар, сол жерге орнық, тірі болсам артыңнан мен де барамын», деді. Содан бір топ адам жаяу-жалпы жүріп келеміз, жүрген сайын соңымыз азайып келеді… Сөйтіп Балқаш көліне де жеттік, сол жерден қайық жалдап, күндіз көл

шетімен жүзіп, кешке жағаға шығып қонамыз. Олай жасаған себебіміз: жаяу жүруге шамамыз жоқ.

Бір күні кешке дауыл соқты. Сол кезде қайықтағы жүктерімізді суға лақтырып, қайықшымыз бізді тастап, қашып кетті. Енді тағы жаяу жолға шықтық, ішерге тамақ жоқ. Біреудің туырлығын күніне бір қасық бидай үшін үш күн арқаладым. Ол кезде тепсе, темір үзетін жиырма бестегі жасым еді ғой. Әбден ашығып, шаршап, шалдығып келе жатсақ, алдымыздан көк ат мінген кісі шықты. Өңкей аш адам әлгіні қуалап жүріп, ұстап алдық. Ол кісі, кейінірек білдім: «Жаңа тілеу» ауылының бастығы екен, атты тастап, «шыбын жанымды қиындаршы!» деп қашып кетті. Әлгі көк атты сойып, етін жеп, әл жинадық. Сөйтіп жүріп, Бөрліге де жеттік-ау, әйтеуір.

Ол жерде орыстар тұрады екен, олар бау-бақша егеді екен. Үй-күйлері жоқ босыған адамдар бақшаға түсеміз. Бұрын көрмеген қиярды отқа көмеміз, қияр пыш етеді де, отымыз сөніп қалады. Асқабақты шикідей жейміз. Қара сораны баулап кептіру үшін бір-біріне сүйеп қояды екен, түнде суыққа тонған біз оны жағып жылынамыз. Сол үшін орыстардан талай ұрыс та естідік, таяқ та жедік, талай рет төбелестік те. Әйтеуір, осылайша күн көріп, жанымыз аман қалды…

Жазып алған Әлия Бесікбаева

Әтекенов Мырзакерім

Талдықорған облысы, Көксу ауданы, Еңбекші ұжымының Кеңарал (бұрынғы Молотов атындағы колхоз) бөлімшесінде 1914 жылы туып, 1992 жылы қайтыс болған Әтекенов Мырзакерімнің әңгімесі.

— Біздің ру — Жалайыр, оның ішінде — Қарашапан елі. Күн көріп отырған малдан айырылдық, елді аштық жайлады, ауылда кісі етін жегендер де бар деп естідік, бірақ өз ондайларды көрген жоқпын.

Талдықорғанда тұратын Солтанбеков Ілімбет деген ағайым бар еді, сол кісі ноғайлармен бірігіп, сауда жасайтын. Өзім ашпын, ауылдағы анам да аш, бірдеңе бола ма деп ауылдан шыққан кісілерге ілесіп, Талдықорғанға сол ағама бардым. Ағамның үйінде бірнеше күн болып, аздаған тамақ алып қайттым.

Ағайым мені біраз жерге дейін шығарып салып, «жолда абайла, біреудің қарасы көрінсе — тығыл», деп кеңес берді. Жол бойы кісінің қарасы көрінсе, тығылып келе жаттым. Бірде көпірдің астына тығылдым. Сөйтсем, ол жерде бір жас келіншек өліп жатыр екен, қойнында екі күлше наны бар. Қорыққаннан зәрем жоқ, көпірдің астынан шыға сала, өкшем өкшеме тимей жүгірдім. Қас қарая мен де жеттім ауылға…

Жазып алған Әлия Бесікбаева

2.5. ЖАҢААРҚА ЖЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ АПАТЫ

1928 жылы Қазақстан төрт буынды басқару жүйесіне (ауыл-аудан-округ-орталық) көшті. Республика көлемінде 13 округ, 180 аудан құрылды. Ақмола округіне қарасты 15 ауданның бірі — Асанқайғы ауданы бұрынғы Асанқайғы болысынан және Сырдария губерниясын көшпей қалған Сарысу болысының ауылдарынан ұйымдастырылды. Сарыарқа болысына қосылған Қарағаш, Көнек, Жыланды болыстары Нұра ауданының құрамына енді.

1929 жылы 16 тамызда Асанқайғы аты өзгертіліп, С. Сейфуллиннің ұсынысы бойынша, аудан Жаңаарқа деп атала бастады. Аудандық партия ұйымының хатшылығына 1929 жылы 6 қаңтарда өткен сайлауда Әбенұлы Зияда деген азамат бекітілгенімен, көп тұрақтамады.

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары Жаңаарқа жерінде ірі мал иелері өмір сүрді. Алсай руының байлары Қунақтың Жәкейі мыңға жуық, Жексенбінің Мақаты 700-дей жылқы ұстады. Осыншама мал Тоқа руының белгілі шонжарлары Жәкен, Ысқақтарда болды. 700–800 қаралы жылқы Тұңғатар Телжан мен Қалыбек Құрақбайға бітті. Тарақты Әбеу мен Сайдалы Оралбайдың Төлеуі әрқайсы 1000 қой, 600–700 жылқы иемденген дәулетті адамдар еді. Сайдалы Әйнеке байдың мыңнан астам қойы, 800-дей жылқысы болды. Алайда, жаңаарқалық асыра сілтеуші белсенділер көп жағдайда заңдылықты бұзып, кек алу жолын қуып кетті. Алғашқы болып мал-мүлкі тәркіленген Алсай Кемелбек сияқты байлармен қатар орта дәулетті адамдар, кейде жеке үйі мен 3–4 қарасы барларға дейін кәмпескеге ілікті. Дәулеті шағындалып үлгергенімен,

бай тұқымы, болыс болды деген желеумен «Енең Тоқасынан» Мұстафаның Дәулетбегі, «Сатыбалды Тоқасынан» Телғозы ұрпағы Солтүстік өлкеге (Севкрай) жер аударылды. Асанқайғы ауданынан Ақмағанбетов Кемел, Әділбаев Ахмет, Әлдиев Мақатай, Ерденбаев Құсайын, Жәймин Әубәкір, Қунақов Жәкей, Қорғанбаев Тілепбек, Құрақбайдың әйелі Жақсыбала, Қуандықов Мұқажан, Мұстафин Дәулетбек, Сәдуақасов Айтмағанбет, Смағұлов Қарпықбай; Сарысу ауданынан Қақу және Өксікбай Арғынбаевтар, Төлепбек және Толыбек Жәнібековтер, Ауылбек және Иманбек Қожантаевтар, Әліп және Әріп Қуановтар, Ықыласов Түсіп, Кеңкөзов Ақберген, Отыншин Сыздық, Шақасов Жүсіп кәмпескеге ұшырады.

Бас көтерушілер аяусыз жазаланып отырды. Аралбай Өтебайдың тамының ішінде, Манақа өзенінің бойында қанаушы топқа жатқызылып, атып өлтірілгендер болды. 1930 жылы Құдайменде өзенінің жағасында Шоңның Ахметжанының баласы Әбдікәрімді еш жазықсыз ГПУ қызметкерлері атып кетті.

Осы жылдары жазалаушы органдардың құқы мен қызмет аясы мейлінше кеңейіп, қуғын-сүргін шаралары күшейді. Ақой, Батық, Бидайық, Көктіңкөлі, Ақтау, Ортау, Қызылтау сияқты жерлерге Карлаг («ерекше режимді» Қарағанды еңбекпен түзеу лагері) бөлімшелері салынды. Карлагтың Бидайықтағы бөлімшесін — Скуратов, Ақойдағы (Просторненский) бөлімшесін — Дроздовский дегендер басқарды. Әйелдерге арналған АЛЖИР (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) атты лагерьдің Батықтағы бөлімшесінде 30-шы жылдардың аяғында Бейімбет Майлиннің әйелі Күлжамал азап шекті.

1929 жылы әртүрлі деңгейдегі кеңестерге қайтадан сайлау өткізілді. Бұл жолы басқару жүйесіне тек қана кедейден шыққандар тартылды. Ауылдың рулық принциппен құрылуын жоюға ерекше мән берілді. Нәтижесінде, жасанды түрде отырықшыландырылып, әр рудан жиналып құрылған ауылдарда «бірін-бірі көрсету» мен руаралық айтыс қыза түсті.

1929–1930 жылдары жергілікті кадрлар қайтадан іріктеліп-тексеріліп, санасы ояу азаматтардың, әсіресе қазақ зиялыларының түптамырына балта шабу жағдаятының алғашқы толқыны басталды. Бұл жұмысты «ерекше жиналыстар», «үштіктер» және «екіліктер» жүргізді. Ақын Түскен Сартбасұлы саяси тұтқын ретінде алғаш рет осы жылдары ұсталып кетті.

1929 жылы «тексеру барысында» «ақсақалдық» құрып, билік айтқаны үшін, байлармен және атқамінерлермен байланыста болғаны үшін, әйеліне қалыңмал төлегені үшін деген айыппен Әлиев Рақымбай, Қарабеков Смағұл, Мейрамов Тілек, Балғабеков Байжұман, Аяпбеков Бұқа, Сәрсембаев Ілияс, Шалқарбеков М., оқушыларға бөлінген қарындаштарды жеке түрде емес, екіге бөліп сатқандығы үшін мұғалім З. Мұхамбетбәкіров партиядан шығарылды. Әкесіне мешіт салуға көмектескені үшін Тұрғанбеков Несте, айт мейрамына және көкпарға қатысқаны үшін Мергенбаев Хасен, байлармен байланысы болғандығы үшін Таласпаев Әкпар ауылдық кеңестің төрағалығынан босатылды.

1930 жылы округтер жойылып, аудандар ірілендірілді. Жаңаарқа ауданының орталығы болып — Атасу мекені, Сарысу ауданының орталығы болып — Кентарал қыстағы бекітілді. Аппаз (Жаман Сарысу) және Жақсы Сарысу өзендерінің құйылысына таяу жерден аудан орталығы бой көтере бастады. Саз балшықтан кірпіштер құйылып, мекеме үйлері салынды.

Коммунистік партияның XV съезі белгілеген ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағыты Жаңаарқа жерінде зор қиыншылықтарға кезікті. 1931 жылғы архив мәліметтері бойынша, ауданның көлемі 41 мың шаршы километр жерді алып жатты. Алайда, бұл жерлердің 70 пайыздайы егін салуға қолайсыз тау, тас, құм еді. Осы жылдың 30 тамызындағы деректерге қарағанда, колхоздандыру жұмысының деңгейі төмен болды. 11 ұжымшарға (колхозға) аудан халқының 30 пайызы ғана (1354 үй) бірікті. Бұл шаруашылықтарда 81 өгіз, 425 ат, 771 түйе, 630 құлынды бие, 151 бойдақ бие, 186 үш жастан төменгі жылқы, 474 тай-құлын, 1090 бұзаулы сиыр, 14 бойдақ сиыр, 22 үш жастан төменгі сиыр, 557 бұзау-тайынша, 1289 қой, 1066 ешкі, 57 айғыр ғана жиналды. Орта дәулетті адамдар колхозға кіруге асықпады. Бірақ ауыл белсенділері ұжымдастыру жөнінде жалған ақпар беріп, «коллективтендіру науқанын» ерте бітіргені туралы үндеу тастаумен болды.

1929 жылдан бастап, халық шаруашылығын индустрияландыруға мол азық-түлік қажет деген сылтаумен өкіметке қисынсыз көп мөлшерде ет өткізу ұйымдастырылды. Жергілікті басқару орындары бұл науқанға ерекше сипат беріп, елдің малын «аша тұяқ қалдырмай» қырғызды. Жаңаарқа аудандық партия ұйымын

1932 жылдың қыркүйек айына дейін басқарған Мусин Бегімбектің тұсында аудандағы «асыра сілтеу» саясаты шырқау шыңына жетті. Елден тек қана мал емес, бүкіл ауыл шаруашылығы өнімдері тартып алына бастады. Қарсы болғандар жұмыстан қуылып, партиядан шығарылып, басымен қайғы болып кетті. Нәтижесінде аудан халқы бүкіл республикадағыдай орасан зор демографиялық апатқа ұшырады.

Жезқазған облыстық архивінің деректері бойынша, Жаңаарқа ауданының 1930 жылғы жоспары 3094 тонна (оның ішінде 34 мың бас қой еті бар) ет өткізу артығымен орындалып, өкіметке 3124 тонна ет тапсырылған. 6273 бас сиырдың орнына 9475 бас сиыр сойғызылған. Осыншама еттің негізгі бөлігі ірі қалаларға дер уақытында жөнелтілмей, шіріп-сасып, далада қалған. Кейбір деректерге қарағанда, Жаңаарқадағы малдың 1931–32 жылдары 90 пайыздан астамы қырылған.

Жаңаарқа көлемінде 1931 жылы 9259 мүшесі бар 10 кооператив жұмыс істеді. Бұрынғы «Елтай», «Бас алға» артельдері біріктіріліп, 325 үйден құралған «Ленин» артелі ұйымдастырылды. Ауданда 18 жастан жоғары 13852 адам болды (ер адамдары — 7237). Хат білетіндері — 5922 (ерлері — 4318, әйелдері — 1604). 8–16 жас аралығындағы 2223 баланың 1036-сы оқу оқыды (852 — ер балалар, 184 — қыз балалар). 141 жетім баланың 50 пайызы оқумен қамтылды.

Жаңаарқа ауданынан облыстық парт- комиссияға жіберілген хабарлама бойынша, 1932 жылы 1 шілдеге дейін 17 колхоз құрылып, ұжымдастыру көрсеткіші 65 пайызға жеткен. 8024 га жерге дәнді дақылдар себілгенмен, жер көлемінің 28 пайызына егін мүлдем шықпай қалған. Басқа жерлерден гектарынан 15–20 пұт қана (240–320 кг) астық алынған. Онсыз да құрып біткен малдың 1932 жылдың алғашқы 5 айында мың шақты басы кеміген. Атап айтқанда: мүйізді мал — 25%, түйе — 28%, жылқы — 4%, ал колхоздардың ішінде Ленин колхозында — 361 бас, Голощекин колхозында — 242 бас, Ақтүбекте — 173 бас мал азайған. Мал басының күрт кемуі Жартас, Шо- лақеспе, Кеңжарық, Көккемер колхоздарында да байқалған.

Бегімбектің жұмыс істеу тәсілі облыс басшылығының да наразылығын туғызып, 1932 жылы қыркүйек айында орнына Қатон-Қарағай аупарткомының хатшысы болып істеген Смайылов Жұ-

маш жіберілді. Ол да нәтижелі жұмыс атқара алмай, 1933 жылы 1 тамыз күні орнына жұмысшылар әулетінен шыққан, жоғары білімді, тәжірибелі, облыстық партия аппаратында істеген Мыңжасаров Қами тағайындалды.

30-шы жылдардың басында ауатком басшылығы да жиі ауысып отырды. Атқару комитетінің төрағалығына жіберілген Петропавл қаласының бұрынғы өндіріс-сауда және көлік секторының меңгерушісі Әлімов Идаят 4 ай ғана жұмыс істеп, облыстық партия ұйымының хатшысы А. Розовтың бұйрығымен қызметін атқара алмады деген тұжырыммен орнынан алынды. 1933 жылы 5 тамызда ауатком төрағалығына бекітілген Еңбекшілдер аудандық жоспарлау комитетін басқарған Дүйсеков Досан да көп тұрақтай алмады. Әбден тұралап қалған аудан экономикасы мен аштықтан қалжырап, титықтаған елдің жағдайын бірден көтеру ол жылдары мүмкін емес еді.

Жаңаарқа жеріндегі ашаршылық апатының көлемін архив құжаттары арқылы анықтау айтарлықтай нәтиже бермеді. Ол кездегі мәлімдеме, хабарламалар тек қана жетістіктерге, ұжымдастыру, «бай-құлақтарды» әшкерелеу пайызын асыра орындауға негізделген болып шықты.

Ашаршылық куәлерінің әңгімелеріне қарағанда, аудан халқының бестен бір бөлігі, шамамен 5 мыңдайы ғана тірі қалған. Және бір сұмдық көрініс: адамдар аштан қырылып жатқанда, сойылған малдың еті тау-тау болып үйіліп, дер уақытында жөнелтілмей, сасып, бүлініп кеткен. Сасыған еттің мыңдаған тоннасы Ақтауда өртелген. Аштықтан әлсіреген ел қалаға, өндірісі бар жерлерге жетпек болып, Нұра, Қарағанды, Ақмола жаққа жаяу шұбырған. Басым көпшілігі жолда қырылған. Сырдария губерниясының Әулиеата, Шымкент уездеріне жетпек болған тама руларының 80 пайыздайы жолда өлген. Іргелі ел болып отырған кейбір рулардан бірен-саран отбасылар ғана тірі қалған. Сайдалы руының Жабай атасынан Жаңаарқа ауданында екі ғана жанұя, Жақсыбай атасынан бір ғана азаматтың ұрпағы сақталған. Ебентай ашасы деген жерге жайлауға келген Тарақты елінің арасында тігулі үйлерінің ішінде үйелменімен өліп жатқандар көп болған. Тоз-тоз болып шұбырған, әрі аштықтан қалжыраған адамдар өлгенінің бетін жаппақ түгілі, әлсіреп, жүруге жарамайтындарын қалдырып кетіп

отырған. Емшектегі нәрестесін жол бойына тастап кеткен аналар болған. Даладан қалаға жеткенше, қара жолдың бойы еті ағып кетіп, ырсиып-ырсиып қалған қаңқа сүйектерге толған. Қазіргі аудан орталығы Атасу мекенінде бірнеше жерде қаза тапқандардың ауқымды қорымдары болған. Солардың бірінің үстіне кейін астық қабылдау мекемесі салынып кетті.

Ашаршылық, адам өлімі 1933 жылы да толастамады. Тек 1934 жылдан бастап, өкімет бөлген қаржы мен техниканың, тірі қалғандардың ерен еңбегінің арқасында халықтың хал-ахуалы біртіндеп түзеле бастады. Әсіресе ауыл шаруашылығын тарктορландырудың маңызы зор өте болды. Тоя тамақ ішуді ұмытып кеткен халықтың қолы нанға жетіп, қоңдана бастады…

«Жаңаарқа». Энциклопедия. — Алматы: Темірқазық, 2009. — 448 б. — 41–49 бб.

2.6. НҰРА ӨҢІРІНДЕГІ ЖҰТ

1929 жылдан бастап, халық шаруашылығын индустрияландыруға мол азық-түлік қажет деген сылтаумен өкіметке қисынсыз көп мөлшерде ет өткізу ұйымдастырылды. 1931 жылғы 7 тамыздағы Нұра аудандық V партия конференциясында төмендегідей көрсеткіштер жария етілді: Аудан бойынша 3367 жылқы, 2126 сиыр, 2362 қой, 169 ешкі, 587 түйе, 739 өгіз, барлығы 9330 бас мал ұжымдастыру кезінде қоғамдық меншікке алынған. Жеке шаруашылықтарды қосып есептегенде 14467 бас мал болған. Осыншама малды жергілікті басқару орындары «аша тұяқ қалдырмай» қырғызды. 1931 жылғы 1 мамырға дейінгі мал етін дайындау жоспарындағы 751 бас малдың орнына 6709 бас мал (893%!) сойылып кетті. Аталған жылы 10 желтоқсан күні өткен Нұра аудандық партия комитетінің бюросында жеке меншік малынан соғым сойғаны үшін № 5 ауылдың партия ұйымының хатшысы Момбеков пен Өндіріс ауылының тұрғыны Тайшықов партия қатарынан шығарылып, істері сотқа берілді. Аудандық мал шаруашылығы одағының төрағасы Табабаев пен № 3 ауылдың уәкілі Мұсабаев партия қатарынан шығарылды. Бұл жылдары елден тек қана мал емес, бүкіл ауылшаруашылығы өнімдері тартып алына бастады.

1929–1930 жылдары қуаңшылық болып, аудан шаруашылықтарының егіні шықпай қалды. Көктемгі егіске лайықты дайындық жүргізбегені үшін «Қызыл қазақ» кеңшарының директоры Сачковтың ісі сотқа берілді. Алайда, әміршіл тәсілдер нәтиже бермеді. Үкіметке астық тапсыру жоспары 47 пайызға ғана орындалып, қамбаларға тұқымдық дән құйылмады. Сүрдігер жырту 25,3 пайызды ғана құрады. Осыған қарамастан үстеме салық мөлшері көбейтілді. Тұқымдық дәнді дақылдардың тапшылығынан 1931 жылы көктемде жоспардағы 23345 гектардың орнына 22491 гектар жерге ғана (67%) дән себілді. Есесіне елдің «артық» астығы тартып алынып, 1932 жылы астық тапсыру жоспары 126%-ке орындалды. Ал бұл кездегі бір сұмдық көрініс: аудан адамдары аштан қырылып жатты.

Партия тапсырысын орындау жолында билік басындағылар ешнәрседен тайынбады. Қарсы болғандар жұмыстан қуылып, партиядан шығарылып, басымен қайғы болып кетті. Нәтижесінде аудан халқы 1932–1933 жылдары бүкіл республикадағыдай орасан зор демографиялық апатқа ұшырады.

Нұра жеріндегі ашаршылық апатының көлемін архив құжаттары арқылы анықтау айтарлықтай нәтиже бермеді. Ол кездегі партия конференцияларының хаттамалары, мәлімдеме, хабарламалар тек қана жетістіктерге, ұжымдастыру, «бай-құлақтарды» әшкерелеу пайызын асыра орындауға негізделген болып шықты.

Аудан көлемін жайлаған аштықтың үстіне көкөніс егіп, өзен балығын қорек етіп отырған Нұраға жаяу шұбырған аш-арықтар мен қоныс аударғандардың саны шамадан тыс көбейіп кетті. Аштықтан әлсіреген олардың басым көпшілігі жолда қырылды. Тоз-тоз болып шұбырған, әрі аштықтан қалжыраған адамдар өлгенінің бетін жаппақ түгілі, әлсіреп, жүруге жарамайтындарын қалдырып кетіп отырған. Нұраға жеткенше, қара жолдың бойы еті ағып кетіп, ырсиып-ырсиып қалған қаңқа сүйектерге толған.

Қоныс аударушылардың көпшілігі малмен ғана күн көріп отырған Жаңаарқа және Сарысу аудандарынан болды. Жаңаарқа ауданынан 768 шаруашылық — 2781 адам көшіп келді. Ел-жұртын тастап, босып келген халықтың құрамы мынадай еді:

қазақтар — 4400 шаруашылық (17313 адам);

орыстар — 969 шаруашылық (4343);

немістер — 39 шаруашылық (194 адам);

басқалары — 84 шаруашылық (773 адам).

Оларға арналып, 15 отырықшыландыру пункттері ұйымдастырылды және босқындардың 69 пайызы ұжымдастырылды. Үкімет тарапынан 1932 жылы сәуір айында аштыққа ұшырағандарға 10 мың пұт қара бидай және 4000 пұт тары бөлініп, азық-түлік көмегі көрсетілді. Қосымша Жаңаарқа ауданынан жерлестеріне 4800 пұт әлеуметтік жәрдем берілді. Алайда, 1933 жылы босқындарға арнап жөнделуге тиіс 162 пәтердің 67-і ғана іске қосылып, олардың 36-ның ғана (20,2%) төбесі жабылды. 1932 жылы құрылысы бітпей қалған үйлердің 60,9%-ғана пайдалануға берілді.

1933 жылы наурыз айында өткен аупартком жиналысында көктемгі егіске дайындық ойдағыдай жүргізілмегендігі қатты сыналды. Тұқым тазалау — 48%-ға, қар тоқтату 30%-ға, ауыл шаруашылығы техникасын жөндеуден өткізу 78%-ға ғана орындалған болатын. Қызыл диқан, Қуаныш, Бірлік колхоздарында тұқымдық бидай талан-таражға түсіп кеткен, Қараой, Жаңа құрылыс, Кеңес, Қуаныш, Жаңа бірлік колхоздарында мал басы азайып кеткен еді. Аупартком тарапынан шұғыл шаралар қолданылды. Шаруашылық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, қатаң бақылау орнатудың нәтижесінде аталған жылдың 29 мамырында аудан үкімет жоспарын толық орындағанын мәлімдеді. 26295,94 га жерге дәнді дақылдар себіліп (бидай — 12563,47 га, сұлы — 566,55 га, арпа — 341, 10 га, тары — 10232, 50 га), күнбағыс — 566,55 га, көпжылдық шөптер — 247,28 га, қауынқарбыз — 306,38 га, картоп — 323,10 га басқа көкөніс түрлері 38,20 га жерге отырғызылды.

Алайда, ашаршылық, адам өлімі 1933 жылы да толастамады. Тек 1934 жылдан бастап, өкімет бөлген қаржы мен техниканың, тірі қалғандардың қажырлы еңбегінің арқасында халықтың хал-ахуалы біртіндеп түзеле бастады. Халықтың тұрмыстық жағдайы осылайша көтеріле бастағанымен, Нұрадағы саяси қуғын-сүргін толастамады. Ондаған адамдар пікірі жат деп табылып, әртүрлі жаза тартты.

«Нұра ауданы». Энциклопедия. — Қараганды: «Болашақ-Баспа», 2014. — 524 б. —61–63 бб.

2.7. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АҚСУАТ ӨҢІРІНДЕГІ АШТЫҚ КЕЗІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАЯНДАҒАН ЕСТЕЛІКТЕР

Тілеуберген ДЕМЕУОВ

ҚАТЕРЛІ САПАР

(Болған оқиға ізімен)

Бұл әңгіме 97 жастағы кемеліне жетіп, дүние салған атам Айтмұхамбет, «Айкеннің» аузынан естіген едім.

— Осы сен «Аяз мүйізді қысады, мүйіз тұқылды қысады» деген мақалды білесің бе? Әдетте бір әңгіменің шетін шығарарда, қасындағы кісінің жүзіне «осы сөз ұғама екен» дегендей барлай бір қарап алатын әдетімен:

— Е, оны малмен өскен қазақтың білмейтіні жоқ шығар. Сөзімді әрі қарай жалғастырып, қыстың сақылдаған сары аязында, таңертеңгілік жылы қорадан шығарған ірі-қара малы, аязға шыдай алмай басын шайқап-шайқап, аузын қайшылап бір ықтасын қалқа тапқанша зыр жүгіріп, жанын қоярға жер таппайтынын талай көріп жүрміз ғой.

— Бұл енді сиыр малына қарата айтылған мақал шығар.

— Солайы солай ғой. Бірақ малды мысалға алып, адамдарға қарата айтылған ба? — деймін.

Олай дейтінім: Кеңес үкіметі орнаған жылдарды басынан өткерген үлкендердің әңгімесіне құлақ түргенімізде, жоғарыдан келген аяздай қарыған үкіметтің тапсырмасын орындауға келгенде, өз ішімізден сайланған шолақ белсенділер, қара халықты «тұқылды» қаны шыққанша қысқан. Тіпті бұлардың назарынан жар-жағалап, сай-сағалаған жалғыз жарым үйдағы көздерінен таса қалмаған ғой. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген жалаң ұранды ту еткен белсенділер салық жоспарын орындау жолында халықтың соңғы тайыншаларын алып, астықтан, қабының түбін қақтырып әкетіп отырған. Оның үстіне «Жұт жеті ағайынды» деген 1931–1933-жылдардың қытымыр қысы, ашаршылықпен қабаттасып шекараға тақау ауылдар Қытай асты. Кете алмағандардың талайы аштықтан ажал құшты. Тіпті айтуларына қарағанда бір үйлі жанның түтіні өшкендері бар көрінеді. Осы мақал ойыма

түскенде бірін-бірі қысқаннан, қойдай қырылған ағайындарымыз көз алдыма елестейді.

— Жә, әңгімеміз сол бір ауыр жылдарға ауысқан екен, ол кезде баламын, өз басымнан өткерген бір әңгімемді айтып берейін.

1932 жылдың ашаршылығы Кіндікті өңіріндегі елге де ауыртпашылығын тигізбей өтпеді. Ол кезде біздің үй Қауқар қорасында еді. Сол жылы қар қалың түсті. Мал дейтін мал да жоқ, өткен жылғы қатты қыс пен жазғы қуаңшылық елдің қолдағы малын селдіретіп тастаған. Енді қас қылғандай биылғы қыстың түрі мынау: «Жұтайтын малың жоқ болса, өзіңді алам!» дегендей.

Бізде мал дегенде жалғыз лақты ешкі қалған, оны үйде бұрышта ұстаймыз. Өйткені, қасқыр қатты, қораға түсіп жеп кетеді, үретін ит те жоқ, оны қар алғаш жауған күні-ақ, топ қасқырлар үйдің іргесінде құйрығын қарға шаншып, түк қалдырмай жеп кеткен.

— Енді жейтін ештемесі жоқ, — деді ме екен, көптен бері қасқырдың өзін қойып, ұлыған даусын да естімейтін болдық.

— Мен 1916 жылы туғанмын ғой. Демек 1932 жылы он алты жасқа келсем керек. Іргеде биік тау, сай-сайға, үйір-үйір болып өскен қайың теректер, қашқан-пысқан аң-құсты қалыңына жасырып, іздегенге мұнда келген ешкімді көрген жоқпын дегендей, өтірік мүлгіп тұрғандай көрінетін. Бірақ сол жылы ақ қояндар көп болды. Қолыма құлаштан артық таяқ алып, қоянның кеуегін аңдимын. Қоян бірақ соқпақпен жайылымға шығып, сол соқпақпен кері қайтады. Мен сол соқпақпен кеуегіне қарай барамын. Заты қоян дегенді қорқақ дейді ғой, шын батыр қоян. Ол кеуегіне тақағанша қашпайды. Мен соқпақпен келген соң ол еріксіз жанына қарай ырғиды. Қалың қарға шоршып түскенде таяғымды жіберіп қалам. Кейде дәл тигізіп алып қайтам, көбіне бос оралам.

Бір күні шешем Қазижамал шай үстінде жұбайы Ахметке (әкем):

— Мына Айкенді Бөкедегі қыздыкіне жіберейік. Сандай барады деп естідім, соған ілестіріп, үлкен адам жол біледі және Бекбаудан тараған ұрпақтың бірі бауырым емес пе? Қыс болса мынау, жазға дейін кім бар, кім жоқ ең болмағанда Айкеніміз тірі қалар. Күйеу бала Абзалбек те жақсы ғой, бір баланы ауырламас. Ол жақта шахтада ақша береді, тамақтан тарықпайды деп естідім.

— Жарайды десең, Сандайға қосып жіберейік. Алдағы айда кетеді екен. Оған дейін ана иленген теріден киім тігіп, дайындап берейін, — деді.

Әкем біраз ойланып барып:

— Қази, оның да жөн шығар, бірақ мына қыста атты да емес жаяу төте жүрсе елу-алпыс шақырым жер қалай жетер екен? Оның үстіне қасқыр болса анау, аштықтан қорадағы иттерді жеп кеткен, — деп екі ұштылау сөзін аяқтай бергенде.

— Әй! Ахмет, сен не деп күмілжіп отырсың? Үшеуіміз қораның үш бұрышында аштан бұратылып, өлгенімізді қалап отырсыңба? Еркекке 16 жас аз жас емес, дәрменсіз болып аштан өлгенше, қарсы келген қасқырмен алысып өлгені артық. Сен қолына кепкен қайыңның түзуінен жуантықтау етіп таяқ дайында! Шаршаса сүйеу, жауына қару болады. Мен жаздай ана ешкінің сүтінің бетін жиып, бір қарыс бүйенге май жиғам, ана бір шелек бидайдан талқан түйіп, дорбаға салып берем, үнемдеп жесе, бес-алты күнге жетеді. Осымен сөз бітсін! — деді. Шешем жарықтық тәуекелшіл, бірбеткей адам еді ғой.

Қойшы сонымен ақпанның 19 күні Сандай екеуіміз жолға шықтық. Екеуміздің қолымызда екі таяқ, басқа жүгіміз жоқ. Сандайды Төлеубек Смағұлов шежіресінде «Солдат» деп жазған екен, негізгі Сандай Бекбаудан бері Отыманнан үш ұл Домай, Ысқақ, Қарасай. Осы Қарасайдан Түсіпжан, Сандай, Шоқымбай. Бұл үшеуінің Түсіпжаннан басқасында ұрпақ жоқ. Сол кезде Сандай алпыстың жуан ішінде. Анам Қазижамал таңертең жолға шығарып салып тұрып:

— Балам, оңбайын деген отызында баламын дейді, болайын деген он үшінде данамын дейді. Өмірдің ағысына қарсы жүзбесең, тағдыр ешкімге қажеті жоқ, салындыдай жағаға шығарып тастайды, — деп тағы бір сөзді бастап келе жатты да, аяқтатпай шұғыл бұрылып, бірдемесін ұмытқан адамдай жітей басып артына қарамастан үйге еніп кетті.

Анадан бергі мені батылдыққа баулыған қатал мінезі бір сәтке бор кемікке айналып, дәрменсіз ананың күйін кешкендей еді. Қазір анам өзінің төркінінен келген төсегім дейтін, екі басы қайқы, бетжағы сүйекпен оюланған ағаш төсегінде екпеттей, жастығын құшақтап, көз жасына ерік беріп егіліп, тіпті дауыстап та жылап жатқанын көз алдыма елестеткенде жас жүрегім қан жылап, төгіліп келген көз жасымды әкеме көрсетпеуге тырысып, онсыз да өзі әрең келе жатқан әкемнің уайымын одан-әрі асқындырып алмайын деп теріс айнала бердім. Заты әкем көп сөзге жоқ берекенің адамы еді, недәуір жерге дейін бірге ілесіп барды да:

— Ал әрі қарай өздерің кетерсіңдер. Санду! Мына Айкенімді алдымен бір құдайға, одан кейін саған тапсырдым. Алла жолдарыңды оңғарсын! — деп мені бауырына басып, біраз тұрып, маңдайымнан иіскеп «Тірі көруге жазсын!» — деп үйге қарай беттеді.

Қайран әке! Сол сәтте оның ойына не келіп, не кетпеді дейсің?!

Біраз жер жүріп барып, артыма бұрылып қарағанымда, әкемнің жүріп бара жатқаны, я тұрғаны белгісіздеу, сырт қарағанда қапсағай денесіне жараса біткен жауырыны, бір уыс болып бүрісіп көз алдымда шөгіп бара жатқандай болып көрінді. Шешем көрінбей кеткенде, үйден кеткендей күй кешіп едім, әкеммен айырылысқанда өзімді елден кеткендей сезіндім. Ендігі жерде сенерім де, сүйенерімде жоқ, тек өзіме ғана сенуім керек. Жолдың қандай да болса қиыншылығына төтеп беріп, діттеген жеріме жетуім кажет.

Бет алыс бағытымыз солтүстік батысқа қарай, бұл жақтың бораны жиі соғады. Жотаның қарын сайға тығып тастаған, қарын ұшырған қыраттардың үстімен жүріп келеміз. Кейде еріксіз сайдағы қалың қарды кесіп, төтелей жүріп өтуге тура келеді. Қардың кей жері көтереді, кей жерлері ойылып түсіп кетеді. Омбылай қарсы бетке шыққанда «Ух» деп бір демаламыз.

Алғашқы күні қозы көш жер жүріп өттік, бұл шамамен 14–15 шақырымдай болар. Қысты күні күн қысқа ғой, ұясына енуге де арқан бойы қалды.

— Айкенжан, бүгінге осы жетер, анау ұйысқан қалың бұтаны көрдің бе? Әне, үстінен қар жүріп кеткен, осының астына түнеп шығамыз. Қардың асты жылы болады. Астын ін сияқты етіп қазып қарын сыртқа шығарып, тобылғы төсесек астыдан сыз өтпейді. Тоңбай түнеп шығамыз, — деді.

Бұл таң атқалы бірге жүріп келе жатқандағы үнсіздікті бұзған алғашқы естіген дауысым еді.

— Мен қазір тобылғы шауып әкелейін, жарықта от жағып, қар ерітіп, ыстық су қайнатып ішіп тамақтанып алайық, — деп белбеуіне қыстырған кішілеу шаппашотымен бір қолтық тобылғы шауып әкелді де, от орнындай жердің қарын теуіп қарайтып от жақты. Екеуміз екі темір кружкаға қар ерітіп, әрқайсымыз өз тамағымыздан мөлшерлеп жеп, жылы сумен талқанымызды ары айдап, дорбамыздың аузын буып, енді жатар орнының қамына кірістік. Мен төсенішке тобылғы шауып әкелгенше Сандай да тобылғының бүрінің астын қардан тазалап, ауыз жағын бір кісі

еңбектеп кіретіндей арғы жағы кеңдеу, екеуміз сиятындай етіп орын дайындап қойыпты. Ең тәуірі таулы жерде қараған тобылғы қалың. Әкелген тобылғыны астыға жайып, үңгірімізге жайғастық. Сандай көп ұзамай ұйқыға кетті, жасы келіп қалған адам шаршады ғой. Менің көзім талайға дейін ілінбеді. Өткен күнді көз алдымнан өткеріп жатырмын. Таңертеңгі анам бастаған әңгімесін аяқтай алмай, шұғыл бұрылып үйге еніп кеткені, әкемнің шарасыздықтан ілгері баспай бара жатқан қадамы…

Маған дейін алды 5 жаста, арты құйрығын басып отырғанда бірі шешектен, бірнешеуі қызылшадан шетінеп жер томпайтқан 7 баланың күйігінен енді арыла бердім дегенде «Тірідей кеткен менен көз жазып қалам ба» деген шешемнің зар дауысын естімейін деп, әкем үйге де кірмей жүрген шығар… Ойды-ой қуып жатып, ұйықтап кетіппін. Қанша ұйықтағанымды кім білсін, оянсам денем тоңазып қалыпты, жанымдағы кісіні оятып алмайын деп, шегіншектеп далаға шықтым.

Қыстың түні ұзақ қой, таң белгісі білінбейді. Ай туған жоқ па, әлде батып кетті ме екен, аспан шайдай ашық, жұлдыздар жамырап тұр аяз аса қатты болмағанымен, дегенмен шыңылтырлау. Бойым жылынғанша бір ізбен әрі-бері жүріп, қайтадан келіп орныма жаттым. Қанша сақ қимылдайын дегенмен тар жер емес пе, Сандай оянып кетті. Әлде бұрын ояу жатты ма?…

— Айкенжан, немене тоңдың ба? Таңнан белгі барма екен? — деп маған қарай аунап жатты. Мен әлі таңнан белгі жоқ екенін айтып қырын қарап жатып едім өзіне қарай тарта:

— Бері тақау жат, тақау жатсаң тоңбайсың, таңда таяу қалған шығар, —деп, демін ішіне тарта қатты бір «ух!» деген дауыспен тыныс алып: — жата тұрайық, — деп қайта үнсіз қалды.

Менің ұйқым қанып қалды ма, дөңбекшіп жатып әйтеуір бір уақытта, ұйықтап кетіппін. Сандайдың қозғалғанынан оянып:

— Не аға жүреміз бе? — дедім.

— Жоқ әлі қараңғылау шығар, мен тоңазып қалыппын. Сен тоңбасаң жата бер, өзім оятамын жүрерде, әрі-бері жүріп кішкене қозғалмасам болмас, — деп шығып кетті.

Таңғы ұйқы тәтті емеспе қайта ұйықтап кетіппін. Бір кезде Сандайдың «Айкежан!» деген даусынан ояндым.

— Жерге жарық түсті енді жүрейік, түндегідей емес аяз қыса түскен екен. Таңның шыңылтыр аязы біздің де жүрісімізді ши-

рықтыра түскендей. Күн арқан бойы көтерілгенше, бірталай жер өндіріп тастағандаймыз.

Аяздың беті қайтты, күн көтерілді. Өзіміздің де денеміз қозғалыстан жылынды. Жә, енді дем алып, асықпай отырып тамақтанып алмақпыз. Барып қу тобылғы теріп әкеп маздатып тұрып от жағып, ыстық суымызды қайнатып іштік. Бұл күні де кешегідей болмаса да соған тақау көңілді көншітерлік жол ұттық. Кешкілік түнемелік жатын орын жасап жайғастық. Дегенмен кешегідей емес жолға үйреніп қалдым ба, ия шаршадым ба екен тез ұйықтап кетіппін. Түс көрген екем. Түсімде Сандай екеуміз биік тауды қиялап жалғыз аяқ жолмен жүріп келеді екенбіз деймін. Төменге қарасаң бас айналатын терең, құз-шатқал, алдыда Сандай, мен соңындамын маған дауыстап «төмен қарама, қарасаң басың айналып құлап кетесің, алдыңа қарап жүр» дей бергенде, аяқ басқан тасы қопарылып кетіп, Сандай төмен құлап бара жатты. Мен жан ұшыра: «Сандай аға!» деп айғайлаған өз даусымнан шошып ояндым. Сандай да менің даусымнан оянды ма екен?

— Айкенжан, қорқынышты түс көрдің бе? дауысың қатты шықты ғой, түсіңде қорықсаң, өңіңде қуанасың деген, түс жорушылардың сөзі бар, ұйықтай ғой, — деп әрі қарай не түс көрдің деп қазбаламады.

Менде көрген түсім туралы жақ ашпадым.Үлкендерден естігенім бар. Биіктен құлау жақсы нышан емес, сондықтан көңіліне «Әлде қандай болар екен?» — деген қаяу түсіргім келмеді.

Әлгі түстен кейін қандай ұйқы болсын?! Байқаймын Сандай да ұйықтап жатқан жоқ. Осы бір сөзге сараң, өз ойына қамалған тұңғиық адамнан сыр тартайын деп:

— Аға, бұл жақта сіздің кіміңіз бар? — деп сөзге тартпақ болдым.

Сөзімді естімегендей, біраз үнсіздіктен соң, қатты бір күрсініп алды да:

— Шырағым, Айкенжан сеземін ойыңды. Бұл не қылған сөйлемейтін адам деп келе жатқаныңды. Мен сөйлеймін, кейде түсімде де сөйлеп жатамын, бірақ тірі адамдармен емес, о дүниелік болып кеткендермен.

— Мен о дүниелік болып кеткен адаммен қалай сөйлеседі? — деген таңданысымды жасыра алмай:

— Қалай? — деппін.

— Менде осыдан жиырма сегіз жыл бұрын сен сұрап жатқан әйел де, бала да болған.

Тез білуге асыққан балалық, құштарлығымды жасыра алмай.

— Олар қайда? — деппін.

— Сен білесің, Үмбеттің өзені жайшылықта таяз, балалар түсіп ойнап жүреді. Ал көктемде тасқыны қатты. Себебі: басы бірнеше терең сайдың еріген қарынан құралып, селі Үмбет өзеніне құяды. Бұл тасыған кезде ылдиға қарай ағысы қатты, кесек тастарды ағыза, жолында не тұрса да қопарып әкетеді. Менің де көз жасым жиырма сегіз жыл бойы осы Үмбет өзенімен бірге ағып келеді.

Тіпті, кейінгі кездері көзімнен жас та шықпайтын болды, көз жасым ішке түсіп кетті ме? Іштей жыламайтын күнім жоқ, жылаймын да жүремін, Айкенжан!

Сол бір құрғыр көктем кезі еді, қар еріп жатқанымен, тасқын әлі келе қойған жоқ болатын.Өзеннің қарсы бетінде бір ағайынымыз баласын сүндеттетіп. Соның сүндет тойына Қазила алдына үш жастағы баламыз Арманды отырғызып алып жуас атпен тойға кетті, өзім мал өргіздім. Түстен кейін оңтүстіктен ескек жел тұрып, еріген қар суының екпіні сай-сайға құйылып, қатты ағысқа айналды.

Кешке малмен өрістен оралсам ауыл у-шу, жасынан кәрісіне дейін, тасыған өзен бойымен әрі-бері жүгіруде, енді әрі қарай айтып не қылайын?!

Осы аяқ астынан келген тасқын менің барлық үмітімді кесіп, Арманымнан айырды ғой. Қазіргі күйім не өлі емес, не тірі емес. Тамақ ішеді демесең, тіріден гөрі өлінің күйін кешудемін, міне солай, қарағым… — деп үнсіз қалды.

Сандайдың басындағы қоламтаға айналған қайғысын қозғап алғаныма өкініп, өзіме-өзім ренжулі қалпымда ұйықтап кетіппін.

Үйден шыққанымызға бүгін төртінші күн, дегенмен алғашқыдай емес, Сандайдың қарымы азайып, жиірек дем алып тыныстайтын болдық. Менің жастығым ба, көбінесе жол бұзып, артымнан жүргіземін.

Түс ауа терістіктен жел тұрып, арты қарлы боранға ұласа бастады.Жер жағдайын білетін үлкен адам ғой, әрі қарай жүруімізге болмайтынын, ертерек орын дайындап алуымыз керек екенін ескертті.

— Сонау қалың бүргенге жетіп, соны паналайық.

— Жақсылығына бақсы, ертең осы уақытта басылады, әйтпесе екі күн соқпай тоқтамайды, — деп бүргенге қарай беттеді.

Қалың қар астынан үй тұрғызу біз үшін түкке тұрмайтын болған, орнымызды дайындаған соң тамағымызды жеген боп қаужандап жатырмыз. Талқынымыз да бітуге айналды, бір қарыс ішекке тыққан майымның соңын талқанға қосып ауызыма салып, ішекті қар үстіне тастай салдым. Оны байқап қалған Сандай:

— Ана ішекті неге тастадың? Бері әкел! — деп жанып жатқан тобылғының жалынына әрі-бері қарсалап, бүрісіп қалған ішекті маған ұсынды.

Аузыма салып көріп едім, май сіңген ішек мұндай дәмді болар ма? тісіммен бөліп жартысын, Сандайға ұсындым. Әлгі: «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді», — деген сөз осындайдан қалған шығар.

Түнге қарай боран күшейіп, үстімізден қар жүріп кетті. Енді не болса да боран басылғанша далаға шығу жоқ. Ұйқы дейтін ұйқы да емес қашанғы ұйықтайсың? Үстіңнен жел соқпағанымен жамбастан өткен ызғар шыдатар емес.

Қанша жатқанымызды кім білсін бір кезде боранның дыбысы бәсендегендей болды.Үстімізден жүріп кеткен қарды аршып далаға шықсам, боран саябырлапты.

Шығыстан күн қызыл щапағын шашып келеді екен.Әрі-бері жүріп келіп:

— Аға, боран басылыпты, шығып ары бері жүріп бойыңызды жазып алыңыз, — деп дыбыстап едім:

— Жоқ, — деді.

Күн шықты түк болмағандай айнала тып-тыныш.

Қайта келіп:

— Аға тұрыңыз, тоңып қалдыңыз, — десем кішкене жата тұрайын деп қозғалмайды.

Біраздан кейін тұрмағанынан қауіптеніп:

— Жүріңіз, — деп далаға сүйрегендей алып шықтым. Шыққан соң екі-үш рет ұмтылып тұрмақшы болып еді — аяғын баса алмайды. Иығыма қолын артып, әрі-бері жүргізейін десем, тізесі бүгіле береді. Жүре алмаған соң отырғызып қойып, соңғы сіріңкенің шырпысымен от жағып, ыстық су ішкіздім. Ол ішкен ыстық судың да пайдасы болмады. Сонымен денесі қызса жүріп кетеді ғой деп алыса-алыса күнді де енкейттік.

Бір кезде Сандай:

— Әнеу бір дөңеске жеткізші, — деді.

Бізден 15–20 метрдей жерде маңай көрінетіндей биіктеу дөңес бар еді, әупіріммен сүйретіле оған да жеттік. Біраз демалып отырған соң бара жатқан бағытымызды нұсқап:

— Сонау көлбеу жатқан таудың ең биік шоқысын көресің бе?

Нұсқаған жағын барлап:

— Иә, көрдім, — дедім.

— Иә, көрерсің, жассың ғой. Сол биіктің бергі бауырында жол бар. Сол жолмен батысқа қарай жүрсең, арғы жағында апа-жездеңнің үйі, Бөке алыс емес. Мұны көрсетіп тұрғаным, мен енді ары қарай жүре алмаймын, құдайдың мандайға жазғаны жеткен жерім осы шығар, адам ажалдан қашып құтылмайды, — деп сөзін одан әрі жалғады.

— Осы жерден топырақ бұйырды дей алмаспын. Көріңді қазып, көпшілік жаназана тұрып, жер қойнына тапсырып салған топырақ міне сол топырақ. Ол тұр ғой маған бетімді жасыратын тас та, бұйырмайтын болып тұр ғой. Бұл сүйегім ит пен құсқа жем болатын ит өлім болды.

— Мұны қалай айтып отыр екен? — деп өңіне барлай қарасам, алдында жатқан жұмыр қара тасқа тесіле қарап қалған, жүзінен қорқыныштың не үрейдің ізі байқалмайды.

Терісі сүйегіне жабысқан, құдды бір жансыз мүсінді көргендей болдым. Біраз отырғаннан кейін

— Жә, енді мені қуысымызға енгіз, қар еріп кеткенше үйім де көрім де осы ғой. Күн кешкіріп кетті, таңертең ертерек жүріп кетсең ел орынға отырғанша жетіп барасың. Алладан аман жетуіңді тілеймін. Кетеріңде осы дөң белгі болсын тұрған жеріңе тас қарайтып кетерсің. Дәм тартып ел жаққа қайтар жолың түссе, осы белгі арқылы танып, шашылған сүйегімді жинап, таспен жасырып кетерсің, — деп сөзін үзіп-үзіп аяқтады. Сөз осымен бітті дегендей бетін теріске бұрып жатып қалды.

— Енді мен де не істей аламын? Қолымнан не келеді? Әрі-бері дыбыстап аға, бірдеме десеңші деп жылағандай болам, оным өліп қалмаса екен дегенім. Ұйықтап кетіппін, бірдеме деп сөйлегеннен ояндым. Байқаймын сөзі ұғынықсыз сандырақтап жатқан адамның сөзі.

— Аға, не бірдеме дейсіз бе? — деп қолымды бетіне тигізіп едім, ыстығы көтеріліп күйіп жатыр екен.

— Су, — деді.

— Япыр-ау, суды қайдан таптым? От жағып қар ерітетін сіріңкенің соңғы шырпысы бағана таусылған. Шөл қысып, қаңырығы түтеп әл үстінде жатқан адамның аузына бір тамшы су тамыза алмағаныма өзімді-өзім түкке тұрмайтын адам ретінде іштей сөгіп, қорландым.

— Су, — деді тағы да естілер, естілмес әлсіз дауыспен.

— Не істедім, қалай шөлін қандыра аламын? Жаным үзілердей алас ұрып жатырмын.

— Қар! Иә, қар!

Алақаныма бір уыс қарды қатты сығымдап, қараңғыда аузына апарып едім, сықпа қардан қомағайлана тістеп кесіп алды. Есеңгіреп жатқаны ғой, әйтпесе канша жесе де қардың ішінде жатырмыз. Әлгіден кейін тынышталып қайта ұйықтап кеткен сияқты еді сәлден соң қайта сандырақтай бастады.

— Не айтып жатыр? — деп сөзіне құлағымды тостым.

Ұғымсыздау, үздік-үздік шолақ сөз, ұққаным біреуге қамқор болып асты-үстіне түсіп, үзіліп елжіреп жатқан сияқты.

— Жаным, қарашығым, сағындың ба? Міне, мен де келдім, көп тостың ба? Тоңып қалыпсың ғой кел, келе ғой, кірші қойныма!.. — Арғы жағы ұғынықсыздау. Қозысына еміренген қойдай мейірлене созылыңқы дауыспен тынышталды. Ойладым. Арманымен табысып жатыр-ау, — деп.

Ұйқы қашқалы қашан, көрер таңды әзер дегенде көз ілмей атқыздым.

Ары-бері жүріп жерге жарық түскеннен кейін қайта келіп қозғап:

— Аға, сыртқа шығып тағы да жүріп көрейікші. Жүріп кететін шығарсыз, — дегеніме, басын шайқады.

Неше күнгі қасымдағы жолдасым, қалай болса да тірі адам ғой көзін бақырайтып қалай тірідей өлімге қиып тастап кетемін?

— Аға, көрейікші қане!…

Көзімнің сорғалаған жасын тыя алмай кеудесінен құшақтап «көтерейін», —деп едім, ұмтылмады.

— Құшағындағы қолымды алақанымен өзіне қысып:

— Бар. Кеш болып кетеді, — деп қысқа қайырды.

Қош бол дегендей кірпік қақпай тесіле қараған көзі мұндай өткір болар ма?

Қайтейін, қолдан келер шара жоқ, жүрегімді Сандайдың жанында қалтырғандай, құр сүлдерімді сүйретіп шықтым. Енді бар

қолымнан келетіні кешегі тастан белгі қойып кет деген өтінішін орындау. Қолыма түскен тасты шоқайтып, маңайға көз жіберіп табиғаттың тағы да бір-екі белгілерін көңіліме түйіп, артыма қарай-қарай кезең астым.

Бағытым кешегі Сандай аға көрсеткен шоқы. Мақсат күн жарықта көлденең өтетін жолға шығып алу, бұрынғыдай қарайлайтын емес жүрісім жіті.Қараңғыға қаламын ба?-деген қауіпте жоқ емес. Әне! күн ұясына енбей жолға да ілiндім. Енді жүрек орнықты, жол дегеніміз шана жол, дегенмен жаяуға тас жол сияқты, жүргенге жеңіл, құр атқа мінгендей жүріп келем.

Артқы жақтан шыққан дыбысқа бұрылсам, бір атшана келіп қалыпты. Жол беріп тоқтап едім, жігіт ағасы жасындағы кісі екен.

— Кел, отыр, қайдан келесің? Қайда баратының белгілі. Мұнда кімдердікіне келе жатырсың? — деп сұрақтың астынан алып келді.

Мен жөнімді айттым.

— Бұл жақта апа-жездеме келе жатырмын. — Жездемнің аты Абзалбек, апайым Сақыпжамал, — деп едім.

— Иә, білем. Бұл жер бірін-бірі білмейтін, қала емес қой, — деп ысқыра атына бишігін иіріп қойды.

Өзінің атының Қасым екенің, осында атшы бастықтардың мініс атын күтетінің айтып салды.

— Жұмыс істеймін десең, менің қасыма кел, көмекшім боласың, — деп махорканың ысы сіңген сап сары күректей тістерін ақсыйта күліп қойды.

Заты ашық, ақ көңіл жақсы адам сияқты. Көшеге келген соң:

— Міне мына үй Абзалбектікі, — деп түсіріп кетті.

Мұндайды кім көрген, көшеде де электр шамы, үйлердің терезелері де жарқырап тұр.

Жездем жұмыста, апайым Сақыпжамал үйде екен, мені бас салып құшақтап жылап жүр. «Бұл көріп тұрғаным шынымен өңім бе?», — деп бауырына басып қысып-қысып қояды.

Мауқы басылған соң ел жақтың амандығын, әке-шешеміздің қал-жағдайын естіп, тірі екендігін құдайға тәубә етіп көзінің жасын сығып-сығып алды.

Шай үстінде:

— Қашан шықтыңдар, бірге келген кісілерің кімдер? Мұндағы туыстарын мен танитын шығармын, өзің тонып қалған жоқсың ба? — деп асты-үстімнен түсіп жатыр.

— Әпке бірге шыққан кісім осыдан бір түстік жерде жүре алмай тірі өлік болып жолда калды.

— Тірі өлігі қалай?

— Білмеймін, ауырды ма, болмаса буынын суық алып қалды ма, аяғын баса алмай қойды.

Тірідей тастап кете алмай жүргізем бе деп бір күн әуре болғанымнан ештеңе шықпады, енді келесі түнге қалсам өзім де өлетіндеймін жолға алған тамағым кеше біткен.

— Ата, енді қалай істегеніміз жөн болады, не айтар ақылыңыз бар дегенімде. Өзіне қарай ымдап құлағынды тақат дегендей белгі берді.

Сондағы айтқаны:

— Апай мен жездем өзіңді Алланың атымен аманат етіп тапсырып еді жететін жеріңе жеткізе алмадым, жеткен жерім осы болды қош деді, — деп еңіреп жіберіппін, апайым бауырына қысып.

— Жылама енді не істей алушы едің ол кісінің алдында сенің қарызың жоқ, бір сөтке алысқан екенсің, енді бір күн қалсаң өзің де не үсініп, не өліп қалар едің, құдай сақтап қайта аман есен жеттің ғой деп жұбатып жатыр.

Байқаймын бірінші баласына аяғы ауыр сияқты. Ертеңінде еңбек ауысымынан жездем келді. Жездем де мына қыста жалғыз жүріп аман-есен жеткеніме қуанышын айтып, жеткізе алмай жатыр. Бір аз күн дем алған соң жездеме:

— Мен де жұмыс істесем, — деген ойымды айттым.

— Оның жөн ғой бірақ, шахтаға түсуге сені алмайды, жасың жетпейді, басқа қандай жұмыс бар екенің білейін, — деді.

Мен анау күнгі ат күтушінің қасына көмекші керек екенің құлақ қағыс еттім.

Ертеңінде жездем күліп кірді:

— Алатын болды, сен өз жұмысыңды өзін тауып келіпсің ғой, — деп. — Жұмыс — жеңіл жиырма аттың шөп, жемін салып, астын тазалайсың. Төлейтіні 15 сом ақша. Бес сомға бағалап азық-түлік береді.

Бұл дегеніңіз біз үшін телегей теңіз байлық қолыма ақша ұстап көрмеген бақыттан басым айналып жүріп қысты өткізіп, көктемнің келгенің де байқамаппын.

Шаруамды тиянақтап тастап, әдеттегідей түс кезінде үйге келсем, күндегідей емес апайымның бір жері ауыратындай, ара-тұра қабағын шытып қояды.

— Не, апай, бір жеріңіз аурып отыр ма?

— Иә, толғақ қой деймін. Жездең де жұмыста, ертең келеді.

— Шайыңды өзің құйып іше бер мен дәрігерге барып, көрініп келейін, —деп киініп шығып кетті.

Сол кеткеннен апайым Сақыпжамал үйге орлмады. Екі күн қиналып жатып баладан қайтыс болды.

Арғы жағын айтты не, айтпады не, бақ байланған төбемнен бұлт айналды. Енді бұл жақта жүре берудің жөні жоқ екенін шай үстінде жездеме айттым:

— Ана жақта әке-шешем не күйде? Ренжімесеңіз үйге қайтайын.

— Жездем көзіне жас ала отырып:

— Көз қуаныш болып жүріп едің, енді сен кетсең бұл үйге қайтып сияр екем? Жарайды ата-анаңа сәлем айт, апайыңнан айрылып қалғанымызды сенің аузыңнан есту ол кісілерге қандай қиын болар екен.

— Мына азық-түліктен көтергеніңше ал, қыс емес жаз шықты ғой. Шөлдемейсің, әр жылғалардан су ағып жатыр, — деп жолға шығарып салды.

Ендігі ойым-алғаш келген жолды адаспай табу, өйткені, Сандайдың аманатын орындау. Күн ұзақ ғой діттеген жеріме сәскеде адаспай жеттім. Жатқан жерінде түлкі, қарсақ сүйреп тастаған, шашылған сүйегін жинап, жер қазатын құрал жоқ, таспен басты-рып кеттім.

Ол кезде әр жерде ондай шашылған адам сүйектерін кездестіре бересің.

Көп қиналған жоқпын, екі түнеп үйге жеттім. Әке-шешем мені тірі көргендеріне қуанып құдайға мың қайта шүкірлік етіп жатыр.

Қызының қайтыс болғаның қалай айту керек, естісе олар не күйде болады деген жол бойы жегедей жеген ойдың, енді тірелген жері осы. Олардың амандығын сұрап, мені тірі көргеніне өздері мен өздері мәз.

Бір кезде ана жүрегі сезімтал ғой:

— Әй! Сен осы келгеннен бері сұрағанға «иә», «жоқтан» басқа шешіліп бір жауап айтпадың ғой. Не ол жақтағылар өзі аман ба? — деп сұрағын көлденең тартты. Енді шегінер жер қалған жоқ.

— Апайым баладан қайтыс болды, — дедім.

— Не дейді?! Шын айтып отырсың ба?

Басымды көтерсем, маған тесіле қарап тұр екен, өтірік деші дегендей. Мен үмітіне балта шапқандай, «Рас», — дегендей басымды изедім.Тік тұрған шешемнің тізесі бүгіліп құлап бара жатқанын байқап, «апа», — деп ұмтыла бердім. Әкем екеуіміз сүйемелдеп деп төсегіне жатқыздық. Сондағы «Құдайым-ау, Құдай! Қайсы қылығыммен жақпадым, неге аямадың? Неге мұнша қорладың, сорлаттың?!» — деп зарлаған үні күні бүгінге дейін құлағымнан кетпейді. Сол жатқаннан келесі күні сол уақытқа дейін теріс қарап жатып қалды.

Тақау маңда, келіп көңіл айтып жұбатар ел де жоқ, ауыл арасы алшақ. Әкем байғұс анда-санда барып:

— Қази, тұр, түрегел, басыңды көтеріп, бір-екі шыны шай ішсенші, кешеден нәр татқан жоқсың.

— Құдайға өкпе жүре ме? Түрегел, — деп, тұрмаған соң қасында біраз тұрып далаға беттейді. Әйтеу далада шұқынып бірдеңе істеген болады, байқаймын не істеп, не қойып жүргенін өзі де білмейтін сияқты.

Әкеме де жаным ашып жүр. Мен ол кісілердей емес, арада бірнеше ай өткендікі ме, көңілім суып қалған болуы керек, бұл қайғыны аса ауыр қабылдамайтын сияқтымын.

Әкем шығып кеткен соң шешемнің қасына отырып:

— Апа, басыңды көтеріп дастарқанның шетіне келші. Әкеме бұл жатысың қайғы үстіне қайғы жамағандай ауыр тиіп жүр. Тұрыңыз, қане мен деймін, Әуп!

Шерін сыртқа шығырғандай:

— Ух, — деп қатты бір күрсініп алып, — иә ол сорлыға да обал болды. Жанып тұрған оттын қасындағы бізге шай құйып беретін өз орнына жайғасты да:

— Бар, әкеңді шақырып кел, байғұс шайын ішіп, бойын жылытсын, —деді. Мен тұра бергенше әкемнің өзі ішке қарай табалдырықты аттай беріп:

— Е! Қази тұрғансың ба? — деп дастарқан шетіне жайғасты. Алдындағы құйған шайын ала отырып:

— Қази, — деді.

— Ау!..

— Өзіңді-өзін іштей тегіндей жей берме, қайғы деген қамау, қамалың бұзып шықпасаң, жазылмас дертке, не адам өзін өзі жоғалтуға дейін апарады. Сонау бір жеті баланы жерге бергенде

де, аруанадай боздап жүріп, мына жарық дүние тұрғанда, өмір бар екенін, өмір бар жерде үміт бар екеніне сенгендіктен шығар. Етек жеңінді жинап, белінді буып, мынау бір бітпес тірлікке араласып кетіп едің, сонда мен өз бойымнан таба алмайтын, қайрат-жігерді, өмірге деген құштарлықты сенен көріп іштей тәнті болып едім. Бұл айтып отырғанымды жыртық көңілге жамау жапсырғаны ғой деме. Алланың пендесіне бергенімнен берерім көп деген екен, ертеңімізден үміт үзбейік, — деп, кесесін төңкеріп бетін сипады.

Мен әкемнің ойындағы сөздерін бұндай түйіндеп, жып-жинақы етіп жеткізетінін бұрын-соңды естіген емеспін.

Алланың алда берері көп дегені рас екен, менен кейін бір қыз, екі ұл дүниеге келді өздерің білесіңдер, Қайныш Ақсуатта сатушы болып істеп еңбек демалысына шықты, жолдасы Ыдырышев Дәуітбек те басшы қызметтерде болды. Отан соғысына қатысып аман оралды — әлгі қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі деген рас сөз ғой. Одан төрт ұл, бес қыз бар. Балаларының ішінде ерекше туысшыл, бауырмал Сайраш деген қызы бар. Күйеу бала да бөлек Сәкен деген. Аман болсын.

Одан кейін Солтан деген бауырым болды, амал не… Аякөздің мал дәрігерлік оқуын бітіріп келіп, 21 жасында аяқ астынан қайтыс болды.Одан соң өздерің білетін Солтанғазы деген інім, бала шағалы. Жәнтікейде тұрады.

Ал өз кіндігімнен 6 ұл,5 қыз,11 бала, құдайға шүкір, бәрі көз алдымда, аман-есен.

Мына сенің шаңырағыңды ұстап отырған тұңғышым Нұржамалым. Бұл сіңілісі Күлжан екеуі Россияның Күзбас деген жерінде туған.

— Оған қалай барып жүрсіздер?

— Ой, ол ұзақ әңгіме, кейін бір айтып берермін!

Міне, қарақтарым, бұл тек менің ғана көріп, басымнан кешкенім. Ал мен сияқтылар қаншама?! Өмірдегі қиындық толқынның тауқыметі ұмытылмайды.

— Ол кездің адамдарының қуанышынан қайғысы басым еді. Өзімен кетсін, сендердің бұл күндерің жақсы ғой. Халық іргесі тыныш болса, бақыттысыңдар! — деп қатты бір күрсініп барып Аймұханбет (Айкен ата) әңгімесін аяқтады.

Демеуұлы Т. Өмір асулары. — Алматы: Елтаным, 2015. — 224 б.

Оралхан ЛЯМБЕКОВ

ОЛ КЕЗ ЕСТЕН КЕТПЕЙДІ

Мен Оралхан Лямбеков (Оралхан Нұрсейітұлы) Кеңес өкіметі қазақ жеріне толықтай орнаған, ел 1921–1922 жылдардағы аштықтың зардабынан енді бас көтеріп, мал-жанын түзеп, қайтадан қатарға қосылып жатқан кезде, яғни 1925 ж. 25 тамызда дүниеге келіппін. Туған әкемнің аты Нұрсейіт. Қарапайым еңбекқор шаруа еді. 1931 жылы аштық басталған кезде мен алты жасар бала едім. Әлі еш нәрсені байыбына барып түсінбеймін, ойын десе бәрін ұмытып, кештің қалай батқанын да түсінбей қалатынбыз. Осы аштықты көзіммен көрдім. Аштық басталған жылы қолымызда бар азықты үнемдеп, әупірімдеп күн көрдік. Кейіннен шешеміздің айтуынша, қолымыздағы жалғыз сиырдың күнімен-түнімен ұрылардан қорып, сүтін сауып ішіп, бидайды бөрттіріп жеіп, жан сақтауға мәжбүр болыппыз. Аштық алқымды алған кезде сол сиырдан да айырылып қалса керек.

Бала болсам да қолымызға берген қуырылған бір уыс дәннің бір түйірін түсіріп алмай талғажау еткенім есімде. Аштықтан жүре алмай құлап, жан тәсілім болғандарды да өз көзіммен көрдім. Аш адам өлер кезінде ісініп, жүре алмай, тілі байланып сөйлеуден қалады екен. Әкем Нұрсейіт жалғыз ұлы болғандығымнан тапқан азығын мені мен қарындасымның аузыма тосатын. Қарындасым әлсіздіктен жүре алмағандықтан, әрі ұрлап кетер деген қауіптен шешемнің арқасында байлаулы жүретін.

Ауылымыздың ат ұстар азаматтары түнделетіп көршілес Қытай асып, қолдарындағы бар алтын-күміске бидай, талқан, жеуге жарар азыққа айырбастап әкеліп, жұртты аман алып қалуға тырысқан еді. Кейіннен 1937 жылдары сол азаматтардың біразын «Қытаймен байланыс жасады, халық жаулары» деп өз арамыздан шыққандар ұстатып, ақыры аттыртты.

Әбден қиналған кезіміз 1933 жылы болды. Ауылымыздың тең жартысы азық іздеп, босып кетті. Колхоз дегеннің аты ғана болмаса, тіпті бір адамсыз қалғандары да болыпты. Бұл кезде мен сегіз жасымда едім. Оң, солымды тани бастаған кезім. Әке-шешем де «егер бізге бірдеңе болса, туыстарыңды жағала» деп күнде құлағыма құя беретін. Ашыққандардың тышқан біткенді аулау үшін дала кезіп,

оралмай жоқ болып кеткенін де көрдік. Кейіннен үлкендердің жантәсілім етіп, жерлеуге шамалары жетпей, бір шұңқырға жинап, үстілерінен тас үйіп кеттік дейтін. 1950–60 жылдары ауыл ақсақалдары осындай үйілген тастарды өлгендердің молалары деп құран оқып жататын. Сол әдет бойынша қазір де ен далада сондай үюлі тастарды көрсем, мен де құран бағыштауға тырысамын.

Аштықтан адамдар қыс айларында қырылды. Тамақ іздеп жаяу-жалпылап кеткендер жолда қатып қалып, боранда үсіп өлді. Оларды іздеп жатқан ешкім жоқ. Мүрделерін ит-құсқа жем болмаса, қар еріп, жер қарайған кезде жинап алып, жерлейтін. Жаз кезі аз да болса көңілімізге демеу берді. Қылтиғандарды теріп жеп, балық аулап күнелтуге жарады.

1933 жылы жағдайымыз тым ауырлап кеткен кезде Қытаймен жақын Ақсуаттықтар босып шекара асты. Әкем Нұрсейіт елмен бірге бізді аман сақтап қалу үшін Қытайға өтуге бел буды. Алайда Бақты деген жерге келгенде қызыл шекарашылардың қолға түстік. Қалың адамды қойша иіріп айдап, орыс солдаттары бықпырт тигендей қырды. Менің әке-шешем қолымнан мықтап ұстап алып, жота, бұталарға тығылып, кейін қарай құстай ұшып сол қырғыннан аман қалды. Денелеріне оқ тиіп, тірі жатқандардың өзін әскерлер аямай атып тастап кете беретін.

Менің әке мен шешем сол тобырдан аман-есен қашып шығып, Аксаковка ма, Алексеевка ма нақыт қазір есімде жоқ, жақын маңдағы ауылға қарай қаштық. Сол жерде шешемнің жалғыз ағасы тұратын. Анам әкелерінен тоғыз қыз, бір ұл болған. Біз сол ағасын паналап бардық. Аштықтың тырнағы мен қызыл шекарашылардың оғынан осы нағашым аман алып қалды. Қолынан келмейтін ісі жоқ еді. Өзінің асырап отырғандары көп болса да, бізге көмек қолын созып, аман алып қалды.

Осы ауылға келгеннен кейін әкем түс көріпті. Түсінде сол өңірдегі Түйемойнақ деген жер қап-қара болып өртеніп, тек таудың төбесіндегі Заңғар деген төбенің үстінде бір түп ағаш қана қалса керек. Осы түсткен кейін әкем «бұл түп мына Оралхан шығар, жалғыз атымды шығарар осы. Елге қайтайық, өлтіре қоймас» деп жолға шығуға қамданды. Шешемнің ағасының «Далада қаңғып өлесіңдер ғой, сәл шыдаңдар» дегеніне қарамастан мамыр айының соңы, маусымның басында жолға шықтық. Әкемнің өзіне деп бөлінген азығын жемей, мені мен қарындасымның аузына тосқандығын, жолда қатты ауырып, жүре алмай, бізді анамызға аманаттап, жан

тәсілім еткенін кейін шешемнен естідім. Өзімнің де есімде әкемнің «сен аман бол» деп аузыма жол-жөнекей тықпалағаны қалды.

Әкеден айырылғаннан кейін елмен ілесе Қызылжарға келіп түстік. Есімде қалғаны үлкен өзеннен өткеніміз. Су буырқана қатты тасып жатыр екен. Шешемнің арқасында қыз баласы бар. Мен көйлегінің етегімнен мықтап ұстап алғанмын. Ағысы қатты су мені бірден жұлып әкетті. Ағып кете бардым. Көзімді жұмып алып, су жұтпауға тырысып бақтым. Шешемнің жан айқайын еміс-еміс естимін. Ағысы қатты болмаса, өзен сондай терең емес екен. Бір мезетте өзеннің жағасына келгендей болдым, шап беріп қарманып ұстап едім, қолыма шөп ілінді. Тырмысып жағаға шықтым да кері қарай жүгірдім. Шешем айғайға басып, боздап жылап келе жатыр екен. «Мен өлген жоқпын, тірімін, су жұтқан жоқпын» дей беріппін. Суға ағып бара жатқан кезде шешем жағаға арқасындағы қарындасым мен жүкті шешіп тастай салып, менің ағып кеткен жағыма қарай жанұшыра жүгірген екен. «Нұрсейіттің жалғыз тұяғын аман қыл» деп Алла тағалаға жалбарынған екен.

Өзеннен аман шыққан мені қолымнан тас қылып ұстап, шұбырғандармен бірге елге қарай жол тарттық. Тіршіліксіз, бос жатқан ауыл ауылдардан өттік. Бұралып құлап, өліп жатқандарды көрдік. Оларды жерлеуге еш мүмкіншілік болмады.

Елге келдік. Мұнда жағдай одан сайын қиынға айналды. Жоқшылықтың азабына тап болдық. Бүгін тіске басар бір нәрсе тапсақ, ертеңгі күніміз не болады деп уайымдайтын болдық. Есім кірген бала болғандықтан шешемнің қиналғанын көріп, тамақ сұрамауға, үндемеуге тырысатынмын. Іштей қарындасым мен шешемнің амандығын тілейтінмін. Бағымыз ба, осы 1933 жылы анамызға Лямбек Тұяқбайұлы деген азамат кездесіп, бізді аштық тырнағынан аман алып қалды. Өзі Найманның Құттықадам руынан. Шешем осы ер азаматқа тұрмысқа шығып, мен тағы да әке алақанын сезіне бастадым.

Аштық жылдарынан кейінгі жылдар да жеңіл болған жоқ. Бірде аш, бірде тоқ болып, ел қайта қалпына келіп, егін салып, мал асырағанша қиыншылықты көрдік. Қаншама отбасы жоқ болды, шаңырақтары ортасына түсті. Көмусіз, ит-құсқа жем болғандардың саны да есепсіз.

Әңгімелесіп, жазып алған
тарих ғылымдарының докторы С. О. Смағұлова
2014 ж.

Дүйсеш ӘЗІМБЕКОВ

ОЛ КЕЗДІ ЕНДІ БАСҚА БЕРМЕСІН

Мен Сағындық Батқақовтың ұлымын. 1930 жылы туғанмын қазіргі Екпін ауылында дүниеге келгенмін. Руым — Тоқабай. Оның ішінде Бәйелміз. Әкемнің інісі Әзімбек бауырына салып алған. Сондықтан Әзімбеков болып кеткенмін. Аталарым бай адамдар болған. Совет өкіметі орнағаннан кейін олар кәмпескеленіп кетті. Олардың мекендеген жері осы Тарбағатай өңірі. Жер бөлісіп әр жерде үй, қора-жай салып отырған ғой. Қарбыға өзінінен Бәйел, Кегенбай, ата-бабаларымыз қол күшімен тоғам алып, топырағын сыртқа шығарып, егін салып, көшпелі елді отырықшы елге айналдырған.

1917 жылы Қазан төңкерісімен Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін де 1928 жылға дейін жоғарыда аталған рулар егінін салып, малын жайлауға шығарып келген. Жайлаулары Қалба тауы, тіпті Тобықты елімен шектесіп, жайлап отырған. Қыста Тарбағатай тауына әр жерге қыстақ салып, ауыл-ауыл болып, қазақтың салт-дәстүрімен, ойын-күлкі, той думанмен өмір сүріп, ауқатты тұрған қазақ едік. 1928 жылдан бастап басында мойынсерікке біріктірілді. Одан зорлап, колхозға күштеп айналдырылды. Соның ең алғашқысы қазіргі Екпіндегі «Қараоба» колхозы болған.

Байлар кәмпескеленіп, мал-мүлкі, тіпті, соғым еті, май, құрты, сүзбеге дейін алынып, «Қараоба» мойынсерік болып құрылған ауылға әкелініп, сасып-құрттап кетті. Оның үстіне байларға, орта шаруаларға астық жүктеп, алым-салық салған. Сөйтіп, халықты аштыққа ұшыратты. Ол кезде мен баламын. Шешеміз сол кездегі қиыншылықты айтып отыратын. Ашаршылық болған кезде кішкентай баламын ғой. Бірақ шешемнің арбаның үстіне отырғызып әкетіп бара жатқанда, жол бойында құлап жатқан адамдарды көретінмін. Бұл жағдай шала-шарпы есімізде. Дегенмен, үлкендердің айтуынша, көптеген ағайын-туғанымыз аштан өлді. Жоғарыдағы айтылған ауыл дамдары көпшілігі Қытайға жан сауғалап кетті. Жаяу-жалпы балаларын арқалап, аштықтан бұралып, көздеген жеріне жете алмай, қанша адам жол-жөнекей өлді. Жүре алмағандарын жүре алатындары таудың қуыс үңгіріне кіргізіп, кейбіреулерін таспен қоршап кетті. Өлгендері де болған деп үл-

кендер, әке-шешелеріміз айтып отыратын. Үлкен шешем 96 жаста қайтыс болды. Сол шешем байлардың киіз үйлері, тігулі күйінде бір шелек бидайға адам алмай қалды. Ол кезде байлардың өзі аштыққа ұшырап, үлкен қалы кілемдерді 2–3 кесе бидайға сатып кеткендері болды дейтін.

Бала кезімде әрбір ауылдың отарған жерінде көптеген қазан сынып жатқанын көретінбіз. Сол қазандардың сынығына 1950 жылға дейтін шешелеріміз нан салып, таба орнына пайдаланды. Қытайға аштық кезінде өтіп, 1962 жылы қайта туған еліне келген «Ақсуат» совхозының № 2 фермасында шопан болған Қазтай ақсақал:

— Біздің ойда жеріміз жоқ. Тарбағатайдың терістік жағында тек мал асыраумен күн көрген еледік. Күзде май, құрт, сүзбемізді теңдеп, Қарбыға бойындағы елге келіп, бидайға айырбастаймыз. Енді өздері ашаршылық көрген соң, таудағы қыстағымыз «Бабатай» деген жер еді. Ажы ауылы түгел Қытайға өтпек болып, Нарын өзеннің бойына келгенде, өзен тасып, көптеген адамдарымыз суға кетіп өлді дейтін. Мен мына шешелерімен судың тасуы басылғанша, қараған, бүргенді паналап, 2–3 күн жатып, арғы жағаға өттік. Сонда, мына балам Есбай 1,5 жаста еді, — деп әңгімелеп айтқаны есімде. Онда барғаннан кейін де көрген күніміз шамалы. Байларына жалдандық. Кейбіреулері жас қыз балаларын сатып, қайта елге қайтып кеткендері де болды. Сол жылдары Қытайға өтіп кеткен ақын Зейтінқожа Мұхаметжановтың:

Қарғыба, үш Боғас пен Базарым-ай,
Кірмеді сендерден соң ажарым-ай.
Таралып бет-бетімен тозып кетті-ау,
Толықсып түгел жатқан Назарым-ай.
Қарғыба — қалың елдің асаы еді,
Шырайлы жер біткеннің сарасы еді.
Барлық көз бидайынан майы шыққан,
Көлемі баданадай тамаша еді, —

деген үлкендердің кейінгі кезде айтып отыратын өлеңінен есте қалғаны осы. Көпшілігі ұмытылды ғой…

Әңгімелесіп, жазып алған
тарих ғылымдарының докторы С. О. Смағұлова
2014 ж.

* * *

Нұрқия Жанәбілқызы: 1900 жылы Маңырақта дүниеге келгенмін. Руым Сайболат. Туғаннан бері бар қиыншылықты бастан кешірдім. Әке-шешем 15 жасымда қарапайым малшыға күйеуге берді. Патша өмірін де, кеңестік билікті де көрдік. Қазақ жерінде болған екі бірдей ашаршылықты да бастан кешірдім. Қалай аман қалғанымды Алланың берген сыйы ма деп есептеймін.

Серіктес құрып, ұжымдастыру жүргізген кезде бар малды алып қойды қой. Бәрін бір жерге жиыңдар деген бұйрықты бұлжытпай орындады. Елдің қолына еш нәрсе де қалдырмай қиналтты. Осының бәрін көрдік.

30-жылдары аштық қатты болды. Ол кезде Ақсуаттың Құмкөл деген жерінде тұрдық. Аштықтан қырылғандар көп болды. Балалар, кәрі адамдар көп өлді. Көбін жайлаған ауру алып кетті. Кейбір отбасы тұтастай қырылды. Қайда барсаң да қол жайып тамақ сұрағандар. Талғау іздеп ауыл-ауылды кезгендер, әлсіреп құлап өліп жатты. Ауылда тек жүре алмай қалған кемпір-шалдар ғана қалды.

Ауылда тамақ жоқ, талғау іздеп ауыл-ауылды кезіп келгендер, босқандар көп болды. Құлаған жерінде көмусіз қалғандар қаншама. Олардың санын алған ешкім жоқ. Осының бәрін көзіммен көрдім. Жалаңаш болдық, аш болдық. Соған қарамай балаларымызды аман сақтап қалуға тырыстық. Біздің отбасын сиырдың сүті аман алып қалды. Дүниеге 12 бала әкеліп, оның 6-ауын жер қойнауына тапсырдым.

Қиын кез болса да жұмыстан қалмадық. Жерді тесемен қопарып тұқым септік. Көктеп шыққан кезде қызғыштай қорғадық. Аяққа киетін түк жоқ. Сиырдың терісінен шақай тігіп алып, егінге жеткенше сол шақайды тақылдатып барамыз. Аяғымызды қысып жібереді, жаралап жібереді. Шыдауға тырысамыз. Суға тығып жібітіп аламыз.

Аштықтан туыстарымыз, жақындарымыз, көрші-қолаңдарымыз көп өлді. Арулап көмуге жағдай жоқ, бірнеше адамды шұңқырға жерлеп үсінен топырақ тастап, үсіне тас үйілетін. Кейін көбі жермен-жексен болып кетті. Амал қанша, кейбірінің түндігі ашылмай қалды. Обалы сол кездегі үкіметке.

Әңгімелесіп, жазып алған
тарих ғылымдарының докторы С. О. Смағұлова
2014 ж.

* * *

Сейдахмет Шұқыжанов: 1914 жылы Семей облысы Ақсуат ауданына қарасты «Ленин жолы» совхозының Үштөбе ауылында дүниеге келдім. Кеңестік жүйенің тұсында конфискелеу (тәркілеу), коллективтендіру (ұжымдастыру) барысын көрдім. 1928 жылы біздің аймақтың ірі байы Райыс қажы конфескеленіп, жер аударылған кезде мен 13 жаста едім. Оның байлығы, басқа малымен есептегенде түйенің көптігі сондай, бураларынан қорқып, байдың ауылына бара алмайтынбыз.

Осы бай конфескеленіп, жер аударылып, малы жалшыларына, кедейлерге бөлініп берілді. Сол кезде байдың артық малынан және әр бар мойынсерікке (колхозға) мүше болғысы келген адамдар өз малдарын қосты. Осылайша сол жылы 22 үйі бар «Жаңа тұрмыс» атты мойынсерік құрылып, оған 500-дей қой, 60–70 ірі қара, 50-дей жылқы, 12 түйе топтастырылды. Ол кездерде техника деген жоқ, барлық жер жұмысы күрекпен, кетпенмен аударылып, тұқым қолмен себіліп, үстінен қойды айтап өтетін. Сөйтіп, 20–25 гектар жерге егін салынды.

Райыс қажы конфескеленген кейін оның туған-туысқан, жолдас-жоралары, жақтастары және оған кулактар, Ақсуат, Аягөз, Шұбартау, Шар, Абай, Абыралы, Жарма аудандарының желіккен атқамінерлері бас қосып, «Қаражал» («Қаражал» қазіргі «Ленин жолы» совхозының Үштөбе, участігі, Өкпеті тауы немесе Қабанбай шаты) бандасын құрды. Бандаларды бастаушы Қызылбай, Ақанғали, Серікбай дегендер болды.

Халықтың еңбекке деген құлшынысы жоғары болды. Бірақ, көп ұзамай аласапыран басталып кетіп, үкіметтің қысымына тап болғандар Совет үкіметіне қарсы шыққан бандаларға қосылып, көршілес Қытай еліне ауа бастады.

Менің әкем, өлген шешем Бұбайса ақылды, сөз білетін алғыр, алдын ойлайтын адамдар еді. Осы дүрбелең кезінде үлкен ұлы Рахманқұлды екі биені жетектетіп, бір атқа мінгізіп, азық беріп, Долаңқара тауына аттандырып жіберіпті.

Сол кезде «Қызылкесік» («Ленин жолы» совхозының орталығы) Қызылтас ауданы жаңа құрыла бастаған. Онда ОГПУ-дің началнигі Куткин болатын. Ол кісі банданың беталысы қиын екенін жоғары орындарға хабарлап, көмек сұрап, өзі бандалармен, оларға ерген халықпен келіссөз жүргізбекке келгенде, бандалар оны пышақтап,

өлтіріп кетеді. Қасына еріп барған Құрманғали Самархановты соққыға жығады.

Бандалар ұйымдасқан серіктестіктің халқымен бірге малдарын да алып кетті. Біздің үйде тұрған 2 түйе, бір биемізді Қонақбай деген өз ағайымыз тартып алды. Сонымен не керек сентябрь айының бас кезінде арыған-шаршаған отбасымыздың көбінен айырылып, зарлап жылаған қатын-бала, кемпір-шалдарды шулатып, айдап әкелді. Сөйтсек, бұлар асуға жақындап қалғанда, асуға солдаттар бекініп алыпты. Куткиннің хабарлауы бойынша, бандылар да жақсы қаруланған, барлығында бесатарлары бар екен.

«Хабар асу» деген шекара бекетінде арғы бетке өтпек болғандарды әскерлер пулеметпен бауша қырып тастағандықтан, өлгендерден аяқ алып жүру мүмкін емес еді. Көмусіз қалғандардың сүйектері ұзақ уақыт көмусіз жатты. Адамдардың бас сүйегі әппақ болып жата береді. Кейіннен шекара әскерлеріне жинаттырып, бір жерге көміпті деп естідік. Бұл кездерде Ақсуат өңірінде аштық басталған болатын. Халық Қытайға ауыр жағдайларына байланысты көшті. Шекара маңынан ұсталғандар қайтадан өз ауылдарына қайтарылды. Аштықтан әбден қалжырағандар бірінің тамағын бірі тартып жеуге дейін барды. Сонымен ашыққандар жаяу-жалпы көбі теміржол сағалап, жақын-жуық көздеп, бірсыпырасы Мақаншы, Үржар жаққа жылап-еңіреп кете барды. Көпшілігі осы жолда көздеген жеріне жете алмай, аштан қырылып қалды.

Өзім білетін 22 үйі бар «Жаңа тұрмыс» мойынсерігінің 21-і қырылып, отындары өшті, ұрпақсыз қалды.Тек біздің ғана отбасымыз тірі қалып, Көкпектіге жол тарттық. Жол бойында аштарға тап болып, айдап бара жатқан малдарымыздан айырылып қалдық. Көкпектіге біз де ашығып зорға аман жеттік. Сол кезде Көкпектіде аштарға көмек көрсететін комиссия болатын. Солар бізге көмек жасап, інім Ақшайықты Көктекті детдомына (панасыз балалар үйі), мені Үлкен Бөкендегі училищеге, ағайым Рахманқұлды (бес баласы, шешесі бар) Көкпекті асханасына күзетші қылып орналастырды.

Аштықтан ісіп-кепкен адамдар жол бойында құлап, бірі тіл тартпай кетсе, екіншілері шалажансар жатты. Топ-топ болып өліп жатқан адамдарды айтуға тіл жетпейді. Аштықтан адамдар мысықтың, тышқанның, иттің етін жей берді. Өз баласының етін жегенін екінің бірінен естідік.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен қазақ халқының сорына келген Голощекин қолдағы малды тартып алып, нағыз аштықты ұйымдастырды.

Әңгімелесіп, жазып алған
Қ. С. Дүзбаева
3 қараша 1991 ж.

* * *

Қабнаби Қабыкенов: 1912 жылы Семей облысы, Ақсуат ауданы Бөріктал ауылында тудым. Аштық басталған кезде, яғни 1931 жылы Бөріктал деген жерде отырдық. Мойынсерікте 11–12 үй бар-тын. Аштық жылы күн керемет ыстық болды. Жерді қашап, тұқым қолмен себілді. Топырақпен тұқымды жапқанша шал-кемпір, бала-шаға теріп жеп қояды. Түсті үзіліс кезінде тамақ таратылады. Үлкен кісіге үлкен қасық, балаға кішкене қасықпен бір қасық ас беріледі. Тоймаған соң, Боғас бекетінен жұлып әкеп қарамық қайнатып жейді. Аштық қысқанда Манабай қажының қоқсыққа тастаған ескі тулақ, терілерді алып, қайнатып жеуге дейін барды. Сарытышқанның iнiне су құйып шығарып, ұстап жейміз.

Мен 1931 жылы Ақсуатқа келіп, интернатта жатып оқу оқыдым. Екі қызыл мектеп болды. Біреуінде ылғи жетім балалар жатып оқыды. Онда әлгі балалар аштықтан күнде өледі. Бұл мектепке ешкімді жолатпайды. Ақсуаттың көшелерінде ісіп-кеуіп, қарайып өлгендердің қарасы көбейді. Оларды ақыретке арулап қоятындай жағдай жоқ, өзен жағасында өскен шөпке орап көметін. Ашыққаннан әйелдер балаларын далағатастап кетті.

1931–1932 жылдардағы аштық қатты болды. Көп адамдар ауып Қытай кетті. 1933 жылдың маусымынан үкімет халыққа назар аударып, әр отбасына 5 қой, 1 ұрғашы тайыншадан мал бере бастады. Қолына мал тигеннен кейін халықтың жағдайы жақсарды.

Әңгімелесіп, жазып алған
Қ. С. Дүзбаева
2 қараша 1991 ж.

* * *

Ләтипа Боранова: Семей облысы Ақсуат ауданы «Социалистік» колхозында 1912 жылы туғанмын. 1930 жылы 60 үйлі Қарасу колхозында тұрдық. Колхоздағы егіс алқабы күш-көлік,

соқаның жоқтығынан қолмен қашалып, себілетін. Себілген егініміз осы жылы да, 1931 жылы шықпай қалды. Елде аштық басталып, ел қырылды. Түйетабан деп аталатын шөпті қазып жеді. Тамақ болмағандықтан қара суды қайнатып ішкен күндер де болды. Кей күндері нәр татпадық. Ел босып кетті. Тамақ іздеп келгендер есіктен кіріп келеді де құлап өледі. Есімде қалғаны қолында кішкентай жетектеген қызы бар Малғаждар деген адамның табалдырықтан аттай салып, жан тісілім еткені. Қызының аузына бір қасық су тамызып үлгердік, ол да үзіліп кеткен екен.

Адамдардың етін жеу де көбейді. Алпысбай деген көршіміз бар еді. Соның көзімен көріп, айтқаны: «Аштықтан басым айналып, есіктің алдында отыр едім, бір тамақтың исі мұрныма келді. Соны аңдып еңбектеп барып, терезесінен қарап едім, шәугімге ет асып жатыр екен. Едәуір аңдып жаттым. Бір уақытта ол далаға шығып, үй айналып кетті. Мен соны пайдаланып, үйге кіріп барып, шәугімнің қақпағын ашып қалып едім, жас баланың қолы сопаң етіп шыға келді. Тіл-аузым байланып үйден қалай шығып, осы жерге келгенім есімде жоқ». Осыны айтқан Алпысбайдың өзі көп ұзамай көз жұмды.

Аштық кезінде адам етін жегендерді анықтап, заңға тартып жатқан ешкім болған жоқ. Алғашында ел жағасын ұстап, қарғапсілеуші еді. Кейін мән де бермейтін болды.

Әңгімелесіп, жазып алған
Қ. С. Дүзбаева
2 қараша 1991 ж.

* * *

Нұрбек Сейілханов: Мен Семей облысы Ақсуат ауылының тұрғынымын. 1928 жылы Ақсуат өңірінің орталығы Көкпекті болған. Аштық жайлаған 1931–1932 жылдары халық көп қырылды. Ашыққандар тамақ іздеп, дала кезіп кетті. Халық үкіметке сенбей, бандаларға қосылды. Оларға еріп Қытай аспаққа да бел буып, Кентүбек деген жерге жиналған кезде Көкпектіден келген ОГПУ-дың қарулы отрядтары қоршап алып, қырғынға ұшыратты. Олардың сүйектері 50-жылдарға дейін жиналмай, сайда шашылып жатты. Сүйектерді өз көзіммен көрдім. Аман қалған 1000 тарта адамды отряд Ақсуатқа айдап әкелген. Жараланған,

ашыққандар жол бойында құлап өліп жатса да, ешкім көңіл бөлмеді. Соңғы ағасы оққа ұшып өліп, әке-шешесінен тірідей айырылған қаршадай екі қыздың зарлап айтқан жоқтауы ел аузында қалып қойған.

Сөкпеңдер халқым сөзімді,
Жасымнан толған көзімді.
Топшыңнан өтті атқан оқ.
Ажалға тура кезінде,
Төлеубай басшы Қайран,
Мақатай залым антұрған.
Момынға тиіп залалың,
Нақақтан ағам атылған.
Сыбаннан келген Қызылбай,
Қайғыдан көңілім бұзылды-ай.
Асанбай, Шәріп ел шауып,
Халықты қойдай қырғызды-ай.
Қолға да түспей кетер ме,
Мың жасаған құзғындай.
Қасымның ұлы Әліппи,
Қаражалдан тіктің үй.
Өкіметке оқ атқан,
Осыларда бар ма мый,
Ақанғали, Серікбай,
Көзім көрді шерікті-ай.
Осыларға өкімет,
Не қылса да ерікті-ай.
Ақанғали мұғалім,
Халыққа тиді залалың.
Құтырған шикі обал жоқ,
Әділ сот айтар обалын.

Бұл жоқтау сол кездегі саясатқа бейімделіп, биліктегілерді ұнатпайтын көзқарас байқалғанымен халықтың қойша қырылғаын байқауға болады. Бандылардың осы кезде неліктен шыққаны (Оларды банды деп атаудың өзі дұрыс па, шындығында өлімнен бас сауғалап қашушылар емес пе?!)? Аз бандылар тобы үшін қарусыз босқын халықты пулемет оғымен жаппай қыру неліктен? Әлсіз жаралыларды атып өтіп, үңгір, сай, тоғайлардың арасына тығылғандарды қуып жүріп, азаптап өлтіргені қалай? Қырылған қазақ халқының

құнын сұраушы болмауы неліктен? Осындай сұрақтарға жауап беретін заман да, сұрақ қоятын адам да болмаған.

Бас көтерушілер талқандалғанымен Ақсуат өңірі жұртшылығының толқуы басылмай, 1932 жылдың жазында Қытайға бірліжарымды топталып жер ауып отырған. Тіпті 1933 жылдың аяғында да үдере ел босқан. Сөйтіп, бұл өңірдің тұрғындардың үштен екі бөлігі елдегі қиыншылықтан, аштықтан қашып, Қытайға кетті. Қалғандары босып Үржар, Мақаншы аудандарын жағалады. Алайда Қытайға босып барғандар сол елдегі қытай-дүнген соғысынан азып-тозып, елге қайтып орала бастады.

Ақсуат өңірінде болған 1932–1933 жылдардағы ашаршылықтан халық тау-тасты кезіп, сарымсақ теріп, ашығып, кеуіп өлген. Жол бойында ісініп-кеуіп өлгендердің өліктері жиналмай жатты. Ақсуат-Көкпекті, Зайсан-Ақсуат арасында ашығып өлгендердің көзін құзғын қарғалар шұқып тастады. Олар көмусіз қалды. Сөйтіп, 1930 жылдан басталып 1934 жылға дейін созылған бандалар соғысы мен аштық апатынан өлген адамдардың нақты санын айту қиын.

Айтылған жылдары аштан өлген, шетелге босқан халықтың есебінің алынбауы халықтың (қазақтың) қырылғанын шыбынның қырылғанындай көрмеушілік деп саяси баға беруге болады.

Жазып алған Қ. С. Дүзбаева
19 қараша 1991 жыл.

* * *

Қадыр Кәріпжанов: 1930 жылы туғанмын. Аштық кезінде есімді жақсы білмеймін. Бірақ марқұм шешемнің айтқан әңгімелері көкейімде сайрап тұр. Оның айтуынша, 1931–1933 жылдары аштық Ақсуат өңірінде қатты болыпты. Азық таппаған халық есі шығып, не істерін білмей, арғы беттегі Қытайға өтуге даярланып, буынып-түйініп Кентүбек деген жерге жинала бастаған. 1931 жылы мамыр айында шекара асып өтпек болған кезде Нарын өзені қатты тасып өтуге мүмкін болмаған. Ақсуаттықтардың бұл ісін жергілікті милиционерлер Көкпектіге жаққа хабарланып, қарулы отряд бірден жетіп, Кеңтүбектің бергі жағындағы биік төбеге пулемет құрып, таң қылаң бере оқтың астына алды. Есі шыққан халық Нарын өзенінен өтіп, қашпаққа тырысты. Алайда жартысы оққа ұшты, жартысы суға кетіп жатады. Өзен қанға боялыпты.

Мен ол кезде құндақтаулы екенмін. Аман қалсын деген ниетпен шешем мені ат үстіндегі әкеме ұстата қойыпты. Бір қараса, әкем өзеннің ортасынан атпен өтіп барады екен, бірақ мені қамшы сияқты ұстап, атты сабалап бара жатқан көрінеді. «Бала өлді-ау» деп ойлаған шешем ойбайға басып, әкеме жеткен екен. Көрер жарығым бар екен, аман қалыппын. Сүріне-қабына өзеннен өткен әке-шешем елмен қаша Қытайға жетіпті. Содан ол елге барып, жалданып, тіршілік жасап, аштықтан аман қалдық. Ата-анам Қытай елінде қайтыс болып, жерленді. 60-жылдары туған жерге оралдым.

Әңгімелесіп, жазып алған
Қ. С. Дүзбаева

2.8. АШАРШЫЛЫҚ КУӘГЕРЛЕРІНІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

(Ұрпақтарының естеліктерінен, жазу стилі сақталған)

Осы жерде 25–30 мыңға жуық ашаршылық құрбандары мен атылғандардың мүрдесі жатыр…

«Атам Шәкен Ерейментаудың Торғай ауылында тұрыпты. 1929 жылы кәмпескеде бүкіл мал-мүлкін тәркілеген екен. Сол жылы жұбайы Гүлзағи әжеміз қайтыс болып, баласы жетім қалады. Шәкен 2 жастағы баласы Саттарды Омбыдағы жетімханаға апарып өткізген.

Ондағы себеп, Қазақстанда жетімханадағы балалар да аштықтан қырылып жатқан кез екен. 1930 жылы өткізген баласын 1934 жылы барып алып қайтады.

Атамыз қайтыс болардан бұрын ертіп барып, ауыл шетіндегі бір төбені көрсетті. Осы жерде 25–30 мыңға жуық ашаршылық құрбандары мен атылғандардың мүрдесі жатыр. Бұл жерді баспаңдар деп айтып еді», — дейді ҚР Қарулы күштері Әскери-тарихи музейінің қызметкері Тұрар Саттарқызы.

Қытайға барып, қазақтардың көмегімен аман қалдық

1932–35 жылдары Қытайдың шекарасына таяу аудандардан тау асып, аштықтан жан сауғалаған халыққа ол жақтағы адамдар көмек қолын аямаған. Нағашы атам Исахан — орта қол шаруасы бар, ішіп-жемі өзіне молынан жететін орта дәулетті адам болған. Үйінде жалшылыққа кісі ұстап, өз балаларын ішкері жаққа оқытқан.

Ел басындағы ауыр күндері үйдің, ауладағы ет жаятын шоланның есігін түнде жапқызбаған. Ет биікте ілінгенімен өлмейтінін білсін деген ниет болған. Себебі аш адамға тоя тамақ жеу қауіпті, тамақ аш өзегіне түсіп өліп кетеді. Алдымен қасықтап, содан кейін кеселеп тамақтануларын қадағалапты.

Анамның өзі әкесінің айтуымен бірнеше аш адамға қолымен тамақ берген. «Бала болсам да есімде, аш адам жыртқыш аң сияқты, сөз ұқпай кетеді. Кейбіреуіне әкемнің айтуымен жігіттерге күш көрсетуге тура келетін кездер болды. Осылайша біршама адамның аштықтан аман қалуына күш салды» деп айтып отыратын.

Бірде ұйғыр қызы да осы үйді panaлаған екен. «Балаларыңыздың, өздеріңіздің барып кел, шауып келі болсам да қалайыншы, ешкімім жоқ» деп қалып қойыпты. Анам «әттең, бергі бетке өткенде әлдеқандай жағдай болады деп көшкен ауылға тастап кеттік. Ол кезде өзіміздің аман өтуімізге күмән бар еді. Біреудің обалын көтермейін деп тастап едік» дейтін.

Өз баласын жемекші болған

Тағы бір үйленген жас отбасы бір баласымен аштықтың азабынан құтылу үшін Қытайға бет алады. Аштықтан қатты қалжырағанда күйеуі әйелін азғыра бастайды. Бала әлі жас. Жол болса ауыр. Барар жер де алыс, етін талғажау етсек деп. Содан әйелі «Шыдайық, бір мәні болар» деп көпке дейін көнбейді.

Енді тағы демалып отырғанда әкесінің балаға қараған көзқарасынан әйелі қатты қорқып жер қазып отыра берген ғой. Сол кезде жерден малдың тобығы шығыпты. Сол тобық құтқарушы болып, кезек-кезек мүжіп, арғы бетке жеткен көрінеді

Нағашы атам — Исахан. Анам — Исаханова Жамал. 1922 жылы Шәуешекте туып, өскен. 1962 жылы бергі бетке (Қазақстанға) өтті. Жазып алған немересі Аукенова Толғанай.

«Өкіметке өткені» өліп, қолындағы ұл мен қызы аман қалған

— Ашаршылықтан аман қалған бірде-бір қазақ отбасын таппайсыз. Оның отты шарпуын менің аталарым да тартқан. Атам Әбдірайымда екі ұл, бір қыз болған. Өзі орта шаруа қатарында екен. Зұлмат басталғанда өзіне сенімі болмай, бір ұлын өкіметке (балалар үйіне — авт.) өткізіп жіберіпті. «Мыналар өлсе, сол аман қалсын» деген есебі болды ма, кім білсін… Неткен трагедия десеңші!

Міне, солардан «өкіметке өткені» өліп, өз қолындағы ұлы мен қызы ғана аман қалған екен… Жарықтық өзі 93 жыл жасап, немере-шөбересін көріп кетті. Кіндігінен тараған ұрпақтың саны бүгінде 100-ден асты, — дейді өткенді есіне алған философ, Алматы қаласының тұрғыны Әбдірашит Бәкірұлы.

Он сегіз баладан қу ағаштай жалғыз қалдым

Келесі естелік Бөке Әбіқаев ағамыздан келді.

«Біздің әулетте аштық әкемнің жолдасы бірінші әйелі яғни менің шешем Бәткен әжем мен екі ағамның өліміне себеп болды. Араға көп уақыт салмай атам Әбіқай мен әжем Асылтас қайтқан. Колхоздың шөбін тасуға барған жерде жалаң киген етіктен екі аяғы үсіп, өзі аш-жалаңаш, өзі әлсіз, інісі Нәжіп те қайтып кетіпті.

«Нәжіп менен артық туған бала еді, қаламын көтермей жазатын, ағып тұрған ақын, өте зерек бала еді, әттең өмірі қысқа болды» деп әкем марқұм қамыға есіне алатын.

«Ең ауыр тигені қыздан қалған соңғы қарындасым Шапиғажан он үш жасында аштықтан үзіліп кеткені» дейтін. «Мен колхозда жер жыртып жүрмін, үйде оған қарайтын жан жоқ, жамбасы тесіліп жатты. Белсенділер бұрылуға мұрша бермейді, таңның атысы кештің батысы соқаның соңында аш-жалаңаш жүремін, бірдеңе десең сен молданың баласы өкіметке қарсы келдің деп әкіреңдейді. Солай жүргенде қарындасың үзіліп кетті деген хабар келді, үйге барсам…» деп арғы жағын айта алмай тұншығып қалатын әкем марқұм.»Айтуға ауыр, бірақ айтайын, адамның жаны шыққанда денесінен бит те қашады екен. Қарындасымның білектей екі бұрымының ұш жағы аппақ болып битке толып тұр екен» деп әкем егілгенде, қасында естіп отырған менің де қосыла жылағаным есімде. Қазір де осыны жазып жатқанымда көзіме жас толып отыр.Бір ата-анадан он сегіз жан туып, аштығы бар, соғысы бар не зұламаттарды басынан өткізе отырып, қу ағаштай жалғыз қалған еді менің марқұм әкем. Маған екі қолын жайып жіберіп: «Балам, мына екі қолыммен сол аштықта жүздеген адамды жерледім, Алла бастарыңа бермесін біздің көргенімізді!» деп жақсы тілегін тілеп отырушы еді. Ия, ағайын, Алла елімізге тыныштық пен ауыз бірлігін, тоқтығын берсін деп тілейік, инша Алла».

Аш адамдар Сібірдің суығында өліп жатты

Батыс Сібір өлкелік атқару комитетіне 1931 жылы 7 желтоқсанда Алейск аудандық атқару комитетінің төрағасы жазған хатта ауданға кейінгі екі айда аштыққа ұшыраған қазақтардың көптеп келіп жатқанын, олардың жағдайларының тым ауыр екенін, босқындардың арасында жұқпалы ауруға шалдыққандардың көп екені айтылады. Өлкелік прокуратураның 1932 жылы 9 наурызда жазған есебінде қазақтар Барнаул, Омбы, Ключи, Тюменцев, Волчиха, Новосібір, Ново-Омск, Славгород, Бийск, Алейск, Бай, Прокопьевск, Сталинск, Поспелихинск, Шипуновск, Угловск, Родинск қалалары мен елді мекендеріне таралып кеткені жазылған. Аш-арық жұрт алғашында Қазақ АССР-мен шекаралас аймақтарға кідірген, бірақ ол жерлерден жан сақтайтын мүмкіндік, істейтін жұмыс таппаған соң, Сібір даласына ішкерілеп ене берген. Үкіметтің есебінде сол жылдары Сібір даласын жайлаған қазақтың саны 100 мыңның үстінде болған. Бірақ, белгілі тарихшы, марқұм Владимир Позанский босқындардың саны 200 мыңға жетеқабыл деген деректі келтіреді. Ол: «Қазақтар деревнялардағы, қалалардағы қираған ғимараттарды, бос тұрған қора-қопсыны паналады, вокзалдарда түнеді. Олар өлексе көметін жерлерді аршып, өлген ит-құстың, малдың етін жеді. Үйлерге, асханаларға кіріп, қайыр сұрайды. Олардың қазіргі «бичтер» сияқты жылу құбырларына, жылы жертөлелерге жататын мүмкіндігі болмады. Өзі аш, өзі аурушаң адамдардың Сібірдің қақаған қысында қираған ғимараттарды паналауынан соң қандай күйде болатындарын өздеріңіз де пайымдай беріңіздер. Қаланың әр бұрышында аштықтан, аурудан өліп жатқан қазақтарды ұшыратасың» деп жазған», — дейді қарағандылық журналист Дәулетқали Асауов.

Босқын қазақтарды 24 сағаттың ішінде қуып шығуға бұйрық береді

«Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің бірінші хатшысы Р. Эйхе өңірдің әлеуметтік ахуалын оңалту мақсатымен босқын қазақтарды 24 сағаттың ішінде қуып шығуға бұйрық береді. Бұл бұйрық жергілікті үкіметке қазаққа қарсы ашық жауыздық жасауға жол ашты. Өлкелік милиция қазақтардың жеркепелеріне, тұрған орындарына бұзып кіріп, қуып шығуға белсене кірісті.Тіпті, жұмыс істеп жүргендерінің есеп айырысуларына да мүмкіндік бермеді.

Жергілікті тұрғындар арасында босқын қазақтар бай-кулактың тұқымы, тығып жүрген байлықтары бар деген сөзді таратты.Ол-ол ма, «аш қазақтар орыстардың балаларын жейді екен» деген өсек шықты. Осыдан кейін тұрғындар қазақтарды ұстап алып, өлімші қылып сабап кететін болған», — деп Дәулетқалы Асауов тағы бір деректерді келтіреді.

«Комсомолдардың моласы»

«Бала күнімізде ауылдың іргесінде көптеген мола болушы еді: өзеннің арғы бетінде Шәкіртам деп аталатын ауыл адамдарын жерлейтін арнайы қорым орналасқан. Ал ауылдың маңында Шәкіртамнан бөлек әр жерде кейде қоршалған, кейде қоршалмаған белгісіз солдат бейітіндей бейіттер бар еді.

Шынын айтқанда, ешкім оларға мән бермейтіндей көрінетін (олай еместігін мен есейе келе түсіндім), әркім өзінің күйбең тірлігімен айналысып жатушы еді, оның сыртында «коммунизмге жетеміз деп» боз ала таңнан жұмыс соңындағы халықтың мұршасы да бола бермейтін.

«Бұл не қылған қаптап кеткен молалар? Шәкіртам қорымы болса тиіп тұр, ал мыналар неге шашырап әр жерде» деп таң қалушы едім. Біреулерден сұрағанмен, ешкім де тұщымды жауап бермеді. Кейін орнатылған қызыл жұлдыздарды меңзейді ме, Кеңес Үкіметін орнатқан кездегі «комсомолдардың моласы» деуші еді, одан өзге ештеңе де айтылмайтын. Менің сол молалардың тарихын білмекке ынтам сонда оянған.

Шынында, бұл — аштық кезінде сүйектері көмусіз қалған қазақтардың өлген жерлері екен. Кейін әйтеуір орны белгілі болса да, аштық құрбандарын білмесін деген жоғарының нұсқауынан қорыққан болуы керек, «комсомолдардың моласына» айналдырылған».

Бұл торғайлық Амандық Әмірқамзиннің жазған естелігі.

Мәскеу қаулы шығарып, аң-құс атуға, балық аулауға қатаң тыйым салған

«Біз әдетте «Қазақ деген егін салуды, аң-құс, балық аулауды білмеген, сол себепті аң-құстың ортасында отырып қырылып қалған» дейміз. «Ашаршылық» фильмінен жаңа дерек көрдім. Сөйтсе, Мәскеу қаулы шығарып, аң-құс атуға, балық аулауға қатаң тыйым салған екен ғой. Ораз Исаев В. Куйбышевке «Қазақтарға аң аулауға, құс

атуға, балық аулауға рұқсат беріңіз» деп хат жазғанда, Куйбышев оған «Ешқандай рұқсат жоқ, бір құс немесе аң атқан адам сотталады» деп жауап берді», — деп еске алады Рысбек Үркімбай деген азамат Сағат Жүсіп құрастырған «Ашаршылық ақиқаты» кітабында.

Біздің ауданда 25 мыңнан 5 мың адам қалыпты

Жазушы, сценарист Ерлан Төлеутай: «Тағы бір айтайын дегенім, ашаршылықтан қазақтың жартысы қырылды деп жатыр. Мен өзім Арқаның (Қарағанды облысы) қазағымын. Мысалы, Қарқаралы ауданында шамамен ашаршылыққа дейін 50 мың адам тұрады да, ашаршылықтан кейін 15 мың адам қалады.

Менің ауданым Жаңаарқада ашаршылыққа дейін 25 мыңнан аса халық болған екен. Кейін бес-ақ мың адамды санаған. Шет ауданында да ашаршылыққа дейін 26 мың халық болса, кейін бес-ақ мыңы қалған.

Иә, ашыққан адамның психологиясы өте қатты өзгереді. Қанша қиналса да, ең соңғы мүмкіншілікке дейін баласын жемейді ғой. Бірақ әбден өлуге айналғанда алдымен қыз баласын жейді екен. Ұлым тірі қалса екен деген ой. Бірақ бәрі өледі.

Сосын босып келе жатқанда, әбден қажыған аштар алқа-қотан отырып бір-біріне «сенің балаң бітті, енді адам болмайды, соны жейік те» деп ақылдасады екен. Осындай келісімге келеді екен. Бұл масқара ғой!

«Егер ұсталып қалса, Пышақпай атын аузынан шығарса, қан қарызым мойнында кетеді»

Қабиден Қуанышбайұлы: «1930 жылдары екен. Қазіргі Семей өңірінің Шұбартау елді мекенінен шыққанда Орынтай деген әжеміздің болғанын, одан туған бірнеше бала болғанын білдім.

Үдере көшіп, қақаған қыстың қарсаңында ат терлетіп, ауылды жиып отырған тұсынан көршінің естияр бір азаматы жүгіріп келіп:

«Жұма аға, (Атамның өз есімі Жұманқұл, ауыл адамдары осылай атапты деседі) Семейден Пышақпай нағашым келіп кетті. Алдымыздағы малды түгелімен жинап алғанымен қоймай, үкімет халық жауларын ұстап жатыр дейді. Оның көзі «Сагындыкулы деген фамилияға түсіпті қағаздарды аударыстырып отырып, анықтап қараса, Джуманкул деп тұр екен. Соны жеткізуге Пышақпай нағашым келіпті, тек сенімді болғасын маған осы хабарды тез айт деді де, өзі сізбен кезігуге сескеніп кетіп қалды. Бүгін түннен қалмасын, жер

ауып кетсін деп сәлем айтты. Егер ұсталып қалса, Пышақпай атын аузынан шығарса, қан қарызым мойнында кетеді» деп қатаң ескертті.

Адам сүйегінің үстімен жүрген екен

… Онсызда сескеніп отырған атам Орынтай әжемізбен шиттей балаларды алып, сол түнде Балқашты жағалап, Талдықорғанға бет алған екен. Қыстың күні Балқаштың беті қатты деген кез. Тәуекелге бел буып, көрпе-жастық, тең-текеметтерін артқан арбаның доңғалағын шығарып алып, шана жасап, Балқаштың ортасымен бір-ақ тартыпты. Көлге жеткенше маңайдағы ауылдармен жүргенде, жай өтпепті, адамдардың сүйектерінің үстімен өтіпті. Тіпті бір ауыл түгелімен қырылып қалғанын көргенін күйзеле айтып беріпті «жас әжемізге».

«Қашық тұр, бас жағымда үш мүрде бар, менің өзім бір аяғым көрде жатқан жанмын, түгелі обадан өліп таусылды»

«Шұбартаудан жүріп омбы қарға із салып бір ауылға жеттік. Еңселі ақ үйдің алдындағы күрелусіз қар сол күйі ізсіз жатыр, сонда да түндіктен болмашы түтін шығады, ішерге су біткен, қарды жей бергеннен қарық болмайсың, сол үйге атбасын бұрып, аз аялдамақ болдым.

Кірсем, үй іші иістеніп кетіпті. Пештің түбінде бір кемпір жатыр екен, қолымен оттың астын қағыстырып, тұруға әл-дәрмені болмай жатқанын байқадым да, қасына жақындап едім.

«Қашық тұр, бас жағымда үш мүрде бар, менің өзім бір аяғым көрде жатқан жанмын, түгелімен обадан өліп таусылдық. Өлгің келмесе, алшақ кет, шық үйден» деп айқайлағысы келіп, дауысы шықпай ентігіп қалды.

Су сұрап едім, үстел басын нұсқады. Беті бір қабат жабылып қалған жарты күбі суды ала бергенімде кемпір: «Ей, өлесің ғой!» деп кейіді. «Тірі жанға бір өлім» деп күбіні көтеріп далаға шығып, бетінің бір қабатын қалқып алып тастадым. Амалсыз қолдана бастадық. Талдықорғанның Сарыөзегіне жеткенше жол-жөнекей бала-шағам мен келіншегім түгел қырылып таусылды. Обадан кетті» деп жас әжемізге әңгімесін айтып отырар еді атам.

Қабиден Қуанышбайұлы, Сәкен Сейфуллин музейінің қызметкері, Астана.

https://informburo.kz › kaz. 31 мамыр 2018 ж.

3-бөлім

АШАРШЫЛЫҚ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕ

3.1. ПРОЗА

Бейімбет Майлин

КҮЛПӘШ

Күлпәш осы кезге шейін өзінен бетер баласын аяумен келді. Ауыл-аймақ, көрші-қоландарынан сұрастырып алған сорпа суын баласына беретін болды.

Соңғы кезде оның өзі де болмай кетті. Бұл ауылда отырғандардың бірсыпырасы-ақ өлмелі кедей, бәрі де «шықпа, жаным, шықпа» деп отырған секілді. Бұрынғыдай ауысып тамақ беру абысын-ажын арасынан кеміп кетті. Шағын тамақтың үстіне біреу келсе, кірпік шешендей жиырылатынды шығарды. Мұны, әсіресе, Күлпәш сезеді. Бұрынды-соң аш болсын, тоқ болсын тамақ үшін біреуге телміруді ар көретін Күлпәшқа бұл оңай болсын ба, көрші үйлерге қатынауды сиретіп еді…

Міне, бүгін ақтық азық таба алмағандарына үшінші күн, іші қабысып, жүрегі қарайып, көзі бұлдырап, өлім сағатын күткендей ыпыны кетіп отыр… Әлі есі-дерті баласында. Ойлап отырыпп-отырып қабағын шытып, кейістік тартқан кісі тәрізді баласына қарап:

— ққұдай-ай!.. Не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен? — деді.

Жылап жіберді. Бүртік-бүртік ыстық жас үстіндегі жарғақ тонның омырауынан сырғанай бастады…

Аштықтан басқа Күлпаштың мазасын алатын тағы бір ой бар еді. Ол ойдың Күлпашты қинағанына бүгін екінші күн. Қыстың бас жағында, жұртпен қатар соятын малы болмай, жалғыз атты ұрып алып, Мақтым жаяу тілек тілеуге айналған соң, Күлпаштың бірге туған сіңлісі Раушан келіп Күлпашты азғырған:

— Осы жаманмен біраз күн өмір өткіздің ғой. Ендігі қалған өміріңді қорлыққа салма… жыл болса ауыр, осы бастан азбас, тозбас қамыңды ойла… — деген.

Күлпаштың көңілін аудару үшін Раушанның ұсынатын адамы Жұмағазы.

— 40–50 қарасы бар. Бір ауылдың байы. Бұрынғы қатынынан бала қалған жоқ. Жасы биыл тап 40-та. Оған тисең, өзің би, өзің хан боласың!… — дейді Раушан.

Қыстың бас кезінде ептеп күнделік тамақ тауып ашыға қоймағандықтан «байыңды тастап, байға ти…» дегенде, Күлпаштың жүрегі тас төбесіне шығып кетті.

— Қарағым, Раушанжан-ау, аузың барып неғып айтып отырсың! –деп еді…

Арадан екі-үш ай өткен соң аштық шеңгелін қаттырақ салды. Тұрмыс түрі қиындыққа айналған соң, әсіресе, баласының тамақ сұрап жылағанына жаны төзбеген соң, кейбір кейістік тартқан уақыттарда Күлпаштың ойына Раушанның сөзі түсетін болды. Бірақ, ол сөздің өзіне пайдалы, я зиянды екенін бұл уақытқа шейін айырып білген емес.

Әйткенмен соны ойлайды, неге ойлайтынын өзі де білмейді…

Әрі-сәрі болып жүргенде сіңлісі Раушан тағы келді. Күлпашты көріп аяды, жылады…

— Енді өлесің ғой, жазған, мен биыл не айтып едім?! — деді.

Күлпаш үндемей ойға шомды. Жүрегінде таласып тұрған екі ой бар: «Жұмағазыға тисем, тамағым тоқ, көйлегім көк болар еді… Калижанды да ашықтырмауға болар еді…» деп ойлайды. «Жастан қосылған қосағым еді. Оны жылатып тастағанда не оңам!..» деп те ойлайды. Екі ойдың бірі жеңіп шыға алмай, өзі қатып отырған Күлпаштың басын одан жаман қатырады…

Күлпаштың қажығанын, нақ бұрынғыдай қарысып кетпейтіндігін сезіп Раушан сөзді кесіп айта бастады:

— …Мына күйіңмен ұзаққа бармай өлесің. Сені өлімнен құтқаратын бізде де әл жоқ. Өзіміз де сол Жұмағазыдан күн көріп отырмыз… енді, сөзді қойып, соған ти!.. — деді.

Күлпаш күрсінді:

— Қалижанды қайтем? — деді.

— Ойбай, апа, баланың басы құрысын, әуелі өз қамынды же, артынан алдыра жатарсың, — деді.

Байын ауызға алмай, баласын ғана атағаны — Күлпаштың әбден әлсіреп, ескі қайрат, шыдамдылықтан айрылғандығын білдірді. Жұмағазының нұсқауымен келген Раушан, апасының жайын сезген соң істі біржола бітірудің қамына кірісті. Күлпашты қызықтыра сөйледі.

— … Не бар тамақ соның үйінде: бұзылмаған қазы, бүрулі ет, шұжықтың саны жоқ… Әлі күнге дастарқаннан наны үзілген емес. Сені алып беремін деп біздің үйдегі күйеуің сөз қылғанда, «одан артық қатынды іздесем де таба алмаймын ғой» деп қутың-қутың етеді…

Бұзылмаған қазы, бүрулі етті есіткенде Күлпаштың аузынан суы ағып, ынтығуға айналды. Бүрліктірген аштық, тамақты есіткен соң, Күлпаштың еркін алып, жеңгендей… жүрегі дірілдеп, көзі қарауытып «тием!..» деген сөз еріксіз аузынан атылып шыға жаздап отырып:

— Әй, қарағым-ай! — деп өксіп жылап жіберді. — Қарағым- ай, өздерің білші… мен естен танған кісі ғой… — деді.

Жамаулы күпіге оранып бүрісіп жатқан Қали жыбырлап:

— Әже!.. — деді.

— Ау, қарағым! — деді Күлпаш.

— Әкем келді ме?..

— Қарағым-ау, әкеңнің қарасы батсын!

* * *

Таңмен кеткен Мақтым әлі қайтқан жоқ. Күн батуға барып қалды. Боранды ызғырық азырақ серпіліп ашылып, бұлттың жиегінен шыққан күн Мақтымның жамаулы терезесінің көзінен көрініп, босаға жаққа нұрлы сәулесін шаша бастады.

Күлпаш пештің қасында. Жанында бүрісіп Қали жатыр. Ойға шомып біраз отырып, «уһ!» деп ауыр күрсінді. Бұл күрсіну — күн батардың алдында катындардың от жағып, тамақ асатынын еске түсіргендіктен шығып отырған емес, бұл жүректі қаптап топта-

нып, іші-бауырын елжіретіп, тұла бойын удай жайлаған калың касіреттің, ауыр derttің ұшқыны еді. Бұл дертті Күлпаштың кірсіз таза жүрегіне салып отырған сіңлісі Раушан. Раушанға қосымша болып ызғарын төгіп бүрліктірген аштық!..Өткен өмірінде ойына келмеген істі Күлпаш істегелі отыр. Байынан айырылып екінші адамға, өткен өмірінде ойына кірмеген адамға тиюге уәде берді… ертең мәңгі кетпек. Бірақ қалай кетпек? Қалай айрылмақ?.. Оны Күлпаштың өзі де білмейді.

Раушан кеткелі ойлағаны жалғыз Мақтым. Мақтымның өзін айттырып күйеу болған шағы көзіне елестейді:

… Жазғы кез… Мақтым ұрын келген. Түксиген қабақ, қушық мұрын, еңкек денелі қара сұр жігіт. Жұртқа қалай көрінетінін өзі білсін, әйтеуір Күлпашқа ұнауы анық.

Күлпаш бір көргеннен-ақ тәуір көріп кеткен. Содан бері екеуінің арасы әлі тәуір: біріне-бірі наз қылып сөйлескенде: «екеуімізді қара жер айырар» деп серттесетін… Мақтым үйде азғана жоқ болса, «қайда кетті» деп келгенше ынтық болатын Күлпаш осы… Сүйткен Мақтымын бүгін тастамақ. Әй, рақымсыз аштық-ай! Кімдерді жылатпады, кімдер жыламады!

Күлпаш өксіп жылап жіберді.

Бүрісіп жатқан Қали қозғалып:

— Әже, — деді.

— Немене, қарағым?

— Әкем келді ме?..

Далада тықыр білініп сықырлап есік ашылды. Қыржиып тырысқан қысқа тон, қаудырлап қатқан жаман тымақ, аяғында қонышысынан басылған жаман етік; мойнында дорбасы бар, жағы суалып, көзі адырайып, адам бейнесі кеткен біреу есіктен кірді.

Бұл — Мақтым еді, Күлпаш жалт етіп қарады да мұңайып кетті… Қали басын көтеріп алып:

— Әке, келдің бе?

— Келдім, қарағым!.. — деп кемсендеп, калтылдап жыртық етігін сықырлатып, үйдің ортасындағы бағананың түбіне келіп Мақтым салбырап отыра кетті.

Қали сүйретіліп тұрып, екі көзі Мақтымның мойнындағы дорбада, ептеп басып жақындады.

Мақтым жылап қоя берді:

— Қалқам-ау, дым жоқ!..

Күлпаш та жылады.

Қали ауыр күрсініп, тәлтіректеп басып барып күпісіне оранып, Күлпаштың қолтығына басын тыға бүрісіп жата кетті.

* * *

Көп уақыт өтті. Қас қарайып, үйдің ішін қою қараңғылық қаптады. Мақтым бағанаға сүйеніп әлі отыр, оқта-санда уһілейді.

Күлпаш ойға шомған адам тәрізденіп біраз отырып, бір кезде шошынған адамдай кенет басын көтерді:

— Әй, — деді.

Дауысы бір түрлі қалтырап, үйдің ішін жаңғырықтырды.

— Жай ма?

Күлпаштың үні бітті… не айтарын білмеді… көзінен мөлдіреп жас төгіле бастады…

— Қатын, бірдеме айтайын дедің бе?

— Әшейін… бүгін Раушан келіп еді…

— Жай келіп пе?

Күлпаш тағы сөйлей алмай, көз жасына булықты. Әлде не уақытта тағы да:

— Әй, — деді.

— Немене, жазған, айтсайшы!

— Біз осы қайтеміз?

— Қайдан білейін.

— Біз өлмейміз бе?

— Өлетін шығармыз!..

— Біз… — деп тағы тоқталды.

— Біз… біз… айрылсақ қайтеді?!

Мақтым әлденеге қозғалғандай болды. Үй іші тым-тырыс. Жаңа туған айдың сәулесі түсе бастады..

— Қатын, сен не деп отырсың?

— Айрылыссақ?!

— Раушан айтты ма?

— Ия.

— Қалиды қайтесің? — деп, Мақтым кемсендеп, өксіп жылап жіберді.

— Әттең кедейлік, әттең аштық, қылдың-ау!..

Пеш пен Күлпаштың арасындағы қуысқа тығылып бүрсеңдеп жатқан Қали тағы қозғалды:

— Әже, — деді!
— Қалқам-ау, не қыл дейсің?
— Тоңдым!

* * *

Марттың іші. Жетіге созылған боран бүгін ғана ашылып, жылы шуақ күннің көзі ықтасындағы қардың бетін жылтыратып, терлетіп жатыр. Жерде де бұрынғыдай ызғар жоқ: арық малдар тысқа шығып, күн шуақтықтағы боқтықты, шөпті тіміскіп жүр.

Ұзыннан созылған ауылдан оқшау, жеке, маңайында бұдыр жоқ, қалың күртіктен моржасы зорға көрініп тұрған шеткергі үйге ауыл сыртындағы жіңішке жолмен жастау әйел аяндай басып келе жатыр.

Бұл — Күлпаш еді. Жұмағазыға тигеніне жиырма күндей болған. Аштықтың қанды тырнағы Күлпашты бұған да көндірген. Бірақ аштықтан құтылған екем деп қабағы ашылған Күлпаш жоқ. Жұмағазының үйіндегі жиырма күн жиырма жылдан ауыр болды. Әсіресе Қалиды сағынды. Жұмағазының үйіне барған күннің ертеңіне түнде Қали түсіне кірді: Күлпаш үйден шығарда «қалқам» деп барып Қалидың бетінен сүйгенде, өкпелеген адамдай аузын бұртитып, тұрған орнында қалшиып қалып еді.Түсінде де сол күйін көрді. Аузы бұртиып, көзі әлдеқайда бірдемеге тіреліп қатып қалған… Күлпаш «қалқам» деп бауырына тартса да, тас секілденіп орнынан қозғалмайды…

Бір күні түсінде Мақтымды көрді. О да ренжулі, о да ашулы. «Әй, әй!» деп Күлпаш бір-екі рет сөйлесе де, Мақтым жауап бермейді…

Дүниедегі ең жақсы көретіні — байы мен баласын ренжітіп, өзінің бас сауға қылып кеткенін Күлпаш енді ар көре бастады. «Өлсем солармен бірге өлсем болмайтын ба еді?!» деген ой кірді. Бір жағынан Мақтым жайын ойлайды. Ала дорбаны мойнына іліп алып таңмен тамақ іздеп кетсе, тапсын-таппасын кешке бір оралып соқпай қоймайды. Сондағы азаптанып жүргені қатын-баланың қамы, соларды аштан өлтірмеудің жабдығы, сөйтіп жүрген адамның кадірін білмей тастап кететін не жөні бар еді?!.

Күлпаш барғалы қайғы үстіне қайғы жамап, ақырында, бүгін Жұмағазының үйде жоғын пайдаланып, келе жатқаны еді. Күлпаш бұл жолы түрлі ойға мініп келеді. Мақтым ренжімесе, басқа

байға тидің деп ашуланбаса, ескі тұрмысқа қайта қайту да ойында жоқ емес.

Аяғын екі-үш басып қайта-қайта сол жақ қойнын сипап қарайды. Қойнында екі кесек ет бар: біреуін Қалиға, біреуін Мақтымға деп жасырып пісіріп алған.

— Қарағым-ай, етті көргенде не дер екен? — дейді оқта-санда. Ауылға төніп келгенде екі-үш ит үріп алдынан шықты. Күлпаш елеген жоқ, кіре беріс шеттегі Ыбырайдікі еді. Биік қылып соғылған аққаланың басында Ыбырай тұр екен. Күлпаш оны да абайлаған жоқ. Жүрегі алып-ұшып үйіне жеткенше асықты. Ыбырай танып:

— Ау, келінбісің? — деді.

Күлпаш сәлем қылды да жөнеле берді, Ыбырай бірдеме айтқысы келген кісі секілденіп, аққаладан аяғын бір-екі басып түсіңкіреп барып тоқтады.

Күлпаш үйіне жетті. Лапастың есігіне көзі түсіп, жүрегі қалтырап тіксініңкіреді. Есіктің алды күртік қар, із дегеннен дым жоқ!.. Малтығып басып барып үйдің есігіндегі қарды аяғымен ысырып, есікті ашуға айналды… жүрегі лүпілдеп соғып, көзі қарауытып бір түрлі қорқыныш пайда болғандай тәрізденді. Бірақ неден сезіктеніп корыққанын өзі де біле алмады. Білетін жайы да жоқ еді…

Жан дәрмен қайраттанып зорға дегенде салдама есікті қозғап, сықырлатып ашты. Суық леп бетке соқты. Терезеде жарық жоқ, үй тастай қараңғы.

Күлпаш қалтыранып кетті, үйге кірерін де, кірмесін де білмеді. Бір аяғын табалдырықтан ішке салып, есіктен қолымен ұстап қалтырап:

— Қарағым! — деді.

Үн жоқ…

— Қарағым, қайдасың?.. Әй, бармысың?..

Жауап жоқ…

Күлпәш не қыларын білмеді. Жалтаңдап артына қарады. Жүгіріп терезеге барып күртік қарды қолымен қопарып ашты. Нұрлы күннің сәулесі жамаулы терезе арқылы үйге түсіп, жарық қылды. Түс кезі екен, күн тұп-тура пешке түскен…

Қарды тастай беріп Күлпаш жалма-жан сығалап еді, пештің жанында ұйлығып, бүк түсіп құшақтасып жатқан әкелі-балалы екеуіне көзі түсті… Іші елжіреп көзіне жас келді. Ұйықтап жатыр екен деп қуанып, малтыға, сүріне үйге кірді:

— Қарағым, Қалижан, тұр!..

Төніп келіп Қалиды сүйейін деп ұмтылғанда, көзі Мақтымның көзіне түсіп кетті: көзі адырайып, аузы ашылып, тісі ақсиып жатыр екен!..

Күлпаш шошып:

— Әй… — деді.

Бұдан кейін не болғанын өзі де білмей өліп жатқан байы мен баласын құшақтай құлады.

Майлин Б. Шұғаның белгісі [Мәтін]: әңгімелер. Алматы: Атамұра, 2003 ж.

АШТЫҚ ҚҰРБАНЫ

Боран. Қар бораны… Қар бораны емес-ау, қан бораны!.. Желі, ұйтқып соққанда, тұншықтырып дем алғызбайды. Қары майда жабысқақ емес, тікенектей қатты; бетке тисе қарып, қаны сөліңді сорып алғандай.

— Қатын-ай, үй құрғыр азынап кетті ғой, тағы бірдеңе тауып жағасың ба!.. — деді Қайрақбай.

Аласа, тар жер үйдің іші ит байласа тұрғысыз, есігінен,, терезесінен жел азынап үйдің іші қырауытып кеткен.

— Қайтейін, байғұс, отқа жағатын не қалды дейсің, лапастың төбесін әлдеқашан жағып бітірдік. Қар астында қалған азын-аулақ саңылтырын Дәмеш екеуіміз әлгіде қазып алып жақтық.

Шырынкүл пештің алдына отырып, сөніп бара жатқан оттың шоғын шыпшамен көсеп, тағы бір жайнатып қойды. Жанып; біткен қамыстың шоғы қанша ұзаққа барсын, ә дегенше болмай сөніп қалды. Шырынкүл шын налыды.

— Құдай-ай, жоқшылықтың да шегі болмайды екен ғой! Қара. судан басқа ішетін бір ұрттам тамақ жоқ. Екі күннен бері дым, татпай, жүрек қарайып отырғаны мынау! Мұның ар жағында не; болмақшы? Не қыламыз? Немен күн көреміз?

Көзінен бүртік-бүртік жасы ыршып шығып, бетін жуып сала берді.

Жақ сүйегі сорайып, екі көзі аларып, еңсесі түсіп Қайрақбай отыр. Екі көзі жаутаңдап, әкесінің шоқпыт күпісіне орана түсіп, сегіз-тоғыз жасар бала Таңсық жатыр. Бәрінен де қайғылы, бәрінен

де жүдеу, біресе жылаған шешесіне, біресе еңсесі түскен әкесіне қарап, жаутаңдап Дәмеш отыр. Дәмештің казіргі түрі адам шошынарлық, бұдан екі-үш ай бұрын адам сұқтанарлық келбетінің ешбір ізі қалмаған секілді.

Дәмешті мүжіген жалғыз аштық емес, басқа қасірет бар. Қайрақбайдың баласы Дәмеш пен Таңсық. Таңсықтың қолынан іс келмейді. Дәмеш бала емес, биыл он алтыға шығып тұр. Жұрттың он алтыдағы баласы кісіге жалданып, я үйінде кәсіп істеп, әке-шешесін асырап отыр. Дәмеш мұны істей алды ма? Балам деп мәпелеген, асыраған, өсірген әке-шешесіне қысылғанда Дәмеш не көрсетпекші. Екі күннен бері дым сызбастан аш отыр, енді неше күнге шыдайды? Шыдамағанда қайтпекші. Ұлтарақтың үйі құсап қол ұстасып шұбырып кетпекші ме? Шұбырып жүріп кешегі Рахымның шомын жастана жатып, қатып қалмақшы ма?..

Дәмеш мұны ойлағанда от боп күйіп кетеді, әке-шешесінің осы күйге түсуіне өзі себепкер болған секілденеді. Құдай-ау, неге ғана еркек болып тумадым екен?! Еркек болып тусам ең арғысы біреудің есігінде жүрсем де, қайыр сұрасам да, әке-шешемді мұндай қысылшаң күйге түсірмес едім!.. деп ойлаған сайын еңіреп-еңіреп алады…

Үй іші қара күңгірт тартып бұлдырлай бастады. Кеш болды білем, жағатын, жарық қылатын шам қайда? Пешке арқасын сүйеп, бүрісіп Қайрақбай жатыр. Қайрақбайдың қолтығына басын тыға Таңсық жатыр. Таңсыққа басын салып Дәмеш жатыр. Жалғыз Шырынкүл байының бас жағында, қазықтай боп қақиып тізерлеп ол отыр… Ой терең, ойлап-ойлап кеп күрсінгенде, жүрегі жарылып кеткен секілді болады.

Дала боран, жел ысқырады, ұлиды. Сақылдап күлгендей болады, сарнап жылағандай болады. Қараңғылық түнеріп, тұлданған күннің ызғарымен әлемді құшағына алып тұншықтырып бара жатқан секілді!

Есік алды сықырлағандай болды. Сипалап есікті ашып, тәлтіректеп бір адам үйге кірді.

— Уа, бүгімсің?

— Құдайы мейманмын.

— Байғұс-ау, бізде не бар деп келдің? Өзіміз дым таба алмай ұлып отырмыз, байларға барсайшы!

Аяғын сықырлатып мейман аз-кем тұрды да, өлімсіреген дауыспен мұңын айтты:

— Ашпын, жаяумын, ешкім есігінен қаратпады. Тым болмаса түнеп шығуға рұқсат етсеңіздер!

Шырынкүл күрсінді.

— Жата ғой, жата ғой, — деді.

* * *

— Әй, басыңды көтересің бе, — деп Шырынкүл Қайрақбайды оятты.

— Не айтайын деп едің?

— Манағыны, манағыны қайтеміз?..

Қайрақбай жауап бермей, басын салбыратып отыра берді.

— Сен жаси берме, құдайдың салған ісіне көну керек! Көре-біле өлеміз бе, қырыламыз ба?! Сен бата алмасаң мен-ақ айтып көрейін!

Қайрақбай әлдене уақытта барып:

— Мейлің! — деді…

— Қалқам Дәмеш!

— Ау, әже!

— Басыңды көтер. Біз сорлы болдық қой. Біз өлуге қалып отырмыз… Біз енді қайтпекпіз?

— Қайтейін, әже, қолымнан келетін нәрсе болса, басымды құрбан қылсам да, сендерді құтқарар едім, бірақ қайтейін!..

Дәмеш көзінің жасына булығып, сөзінің артын бітірмей тоқтады…

— Қалқам Дәмеш!

— Ау, әже!

— Сен білесің бе, бізге өлімнен құтылатын бір жол табылып отыр ғой…

— Әжетай, айтшы! Қолдан келетін іс болса, құтылып бағайын. Тым болмаса өзіміз құтыла алмасақ, Таңсықты құтқарайық!..

— Оны істесек бәріміз де өлімнен құтыламыз.

— Айтшы, әжетай, айтшы!

Шырынкүл біраз күрмеліп отырды да, сөзін бастады.

— Қалқам, өткен жайдың несін айтайын, езің де білесің, сен жасыңда күйеуге беріп қойып едік. Былтыр күйеуің өлді. Әмеңгерім деп қайнағаң қатын үстіне алтысы келеді, мен де, әкең де төбе шашымыз тік тұрып сені айырып алуға жан салдық. Айналдырған төрт-бес қараны сыпырып байдан алған қалың малдың төлеуін бердік. Нақ ол күлде сені айырып алудан басқа біздің ойымызға

еш нәрсе келмеді. Біздің бар тілегіміз сені теңіне қосып, қызығыңды керу еді. Бірақ құдай онымызды, қос көрмеген секілді. Біз тұңғиық жарға кез боп отырмыз. Бұдан шығудың амалын қарастырмасақ, бәріміздің де өлгеніміз. Бәріміз өлмей, біріміз ғана өлейік десек, ортамыздан сені құрбан қылғалы отырмыз, сені сатқалы отырмыз!

— Әжетай, мен шынымен пұл болам ба? Мен пұл болып әжеттеріңе жарасам, сендерді өлімнен алып қалатын болсам мың жаным болса да қидым, мен садаға?

— Рас айтасың ба, қалқам?!

— Рас айтам, әже, мен құрбандыққа әзір!

— Ендеше сені Тілеумағамбет тоқалдыққа сұрап отыр. Мал бермейді, үй ішімізді қыстан асырап қана шығады.

Дәмештің жүрегі мұздай боп, тұла бойы қалтырап қоя берді.

— Тілеумағамбет!

Тілеумағамбет алпысқа келген шал. Бай. Екі баласының еншісі басқа. Екі қатыны бар еді, тоқалы биыл жаз өлді. Апыр-ау, өлейін деп отырып қызды қайтеді екен? Өзі өлгенше қатын үстіне болса да, балаларының біріне неге әпермейді екен?.. Болса да сатылатын болған сол, тым болмаса бір жас жігіттің душар болмауын қарашы!

Дәмеш отырған күйі қалшиып қатып қалды. Еңіреп жылағысы келіп тығылса да әжесі ренжіп қала ма деп қысылып, тістеніп үнін шығармады. Көзден шұбырған ыстық жас үн-түнсіз бетін бояп, койнына құйылып жатты…

Төр алдында жатқан мейман тіленші ыңырсыды. Түс көрді ме қалай, сандырақтап сөйледі:

— Өй, қатын, наның күйіп барады… Табадағы нанды ал!.. Маған бір үзіп берші, — деді.

— Нан!

Нан үшін жұрт не қылмай жатыр. Шұбырып кетіп жатыр, жүрегі үзіліп аштан қырылып жатыр! Әке-шешесі үшін құрбандыққа атап, Дәмеш сияқты қыздар құнсыз бәске сатылып жатыр!.. Әй, аштық, қылдың-ау.

— Қалқам Дәмеш! — деп Шырынкүлдің даусы қалтырап шықты.

— Ау, әжетай!

— Әлгіні қайтесің?

— Көндім, әже, көндім! Сендер үшін, жас нәресте Таңсық үшін бір түгіл мың басым болса да, қидым… Мен –құрбан! Мен аштықтың құрбаны!..

Дәмештің хаты

«… Қарағым Рақила! Сен тірі екенсің ғой!

Тірлігіңді, хал-жайыңды бүгін естіп білдім. Көрмегелі көп болды. Біз айрылғалы биыл дәл жеті жыл екен. Сен онда он жасар еділ… Есіңде ме күзді күні, суға барғанымызда, бір шелек суды көтере алмай тәлтіректеп жардың басында отырып жылап едің, «екі шелек көтеруге әлім жетсе, дүниеде арманым болмас еді!» — деп еділ, оның жастық еді, соның артынан-ақ арман көбейді: ішуге тамақ болмады; әкең қайыр тілеп ел кезіп кетті; шешеңнің басы істі, сақылдаған сары аязда жерден ойып істеген үйшіктеріңді мәңгі қалдырып, қол ұстасып кетпек болдыңдар. Сонда ақша қардың үстінде қалтырап тұрып: «бірге өскен, ойнап-күлген замандаспен бірге жүрген адамның арманы бар ма екен» деп тағы айтып едің? Мен сені қимай ауылдың артындағы белеске шейін шығарып салып едім. Жол өтердегі қыраңның басында тұрып, ызғырық өтіп қалтырап құшақтасып жылап едік. Әжең екеуің тәлтіректеп белестен асып кеткенше, мен көз айырмай қараумен болып ем. Үйге келгенде көз жасыммен омырауым сауыс-сауыс болған екен.

… Қан жауған қара күннің ол басы ғана болды. Қайғылы тұрмыс сонан былай басталды. Біз де сендердің күніне ұшырадық. Бірнеше күндей нәр татпай, аштан өлуге жеттік. Әкем неше рет қайыр сұрайын десе де, аштан өлсек те қайыр сұрама деп әжем екеуіміз көнбедік… Бізден бетер Таңсықтың ашыққаны батты; сап-сары болып қатып, құр сүйегі қалды.

…Өлетін болдық. Өлеміз ғой дедік. Өлім ауызға жеңіл болғанмен, өлу оңай көрінбейді. Бірер адам жанын қиып өліп те кетер-ау, бірақ үй орманымен өлу қиын екен. Өз басыма өлім тілесем де, әке-шешеме, жалғыз інім Таңсыққа өлім тілей алмадым. Өлім тілемек түгіл солардың өлімнен құтылғанын көрсем, арманым болмас еді дегенге келдім.

…Бірақ мен өлімге байланғанмен бір есеп болдым. Мен басымды құрбан етіп, әке-шешемді өлімнен құтқардым. Тілеумағамбетті білесің ғой, әй, тұқымы құрғыр ғой!.. Ұялмай-қызармай мені тоқалдыққа алды-ау! Не айтайын, мен бай іздеп тиіппін бе? Көндім, көндім…

…Тілеумағамбет уәдесін орындамады. Тілеумағамбет әке-шешеңді қыстан асырап шықпақшы еді. Жаз болса әке-шешем өз бетімен тырбанып, өлмес қамын істер деп ойлаушы едім. Солай

ет деп әкеме айттым да. Бірақ бұған Тілеумағамбет керте болды. «Қыстай тамағымды жедің, енді осыны өте!» деді малғұн. Мен өз бетіммен тиген болдым да қалдым! Әкем қой бақты, шешем отын жағып, күлін шығарды. Таңсықты бұзаудың соңына салды. Қаныш бәйбіше жыландай ысқырып, «тұқымы жарымаған, қалғырлар!» деп сөккенде, адамның сай-сүйегін сырқырататын болды. Қарсы келер дәрмен жоқ, бар білетініміз кешке жақын қара үйге бас қосып үн шығармай ғана жылаймыз. Ыстық жас көңілдің шерін ірітіп, жуып, азырақ босатқандай болады…

… Бұл тұрмысты өзгереді деп мен ойлаған жоқ едім, ойлауға мүмкін де емес еді. Бірақ талпынса, ұмтылса қандай бұғауды да үзуге болады екен. Мен тәжірибемнен кердім… Майдың іші шығар деймін, күн шағырмақ жылы еді. Үлкен үйде әйелдер жиналып, құлынға ноқта есіп отыр едік, есіктен бір-екі жігіт кіріп келді. Аққұба келген, ұзын бойлы жігіт. Жаңа тап беріп шығып келе жатқан мұрты бар. Үстіндегі киімі орысша, шашы бұрқырап самайынан шығып тұр… Мен бір көргеннен сол жігіттен көз ала алмадым. Неге екенін білмеймін, қарағым келді де тұрды. Содан бір нәрсе күтетін сияқтандым. Ауыр жараға сол жігіттен ем іздейтін сияқтандым…

…Үйге кісі келсе, әсіресе төрелердің біреуі келсе, бай да, бәйбіше де мені үлкен үйге жолатпайды. Жұмысым болып кіре қалсам да шық-шықтың астына алып декпірімді жаңылтады. Мен мұның себебін баста сезбесем де, арт жағынан ойланайын дедім: «Апырым-ау, неге мені қуады. Келіп отырған төреге бір нәрсе айтады деп ойлай ма. Ойлана келе төреге айтып көрген теріс болмас еді», — деп көңілімді бекітіп те едім. Бай мен бәйбіше бұл жолы да бұрынғысын істеді, мені шық-шықтың астына алды. Бірақ мен қарысып отырып алдым. «Төре» бірдеме айтар ма екен деп қарап едім, ол елемеген адам секілденіп отыр екен. Бәйбіше жанымды сығып бара жатқан соң, мені ашу кернеп кетті. Аузыма не түскенін білмеймін:

— Сіз «төре» боласыз ба, — деймін.

– Онда нең бар, — деп бай мен бәйбіше шап ете қалды.

«Төре» жігіттің құлағы елеңдейін деді, біресе байға, біресе бәйбішеге, біресе маған қарады.

— Төре болсаңыз айтатын арызым бар еді, — деп едім:

— Онша үлкен төрелігім жоқ, әйтсе де айтып көріңіз, — деп күлімсіреді.

Менің арыз айтуға ыңғайланғанымды сезді білем, бай ашуына мінді.

— Шық, иттің баласы, шық де ген соң! — деп таяғына жармасты.

— Арызым бар, өлтірсең де шықпаймын! — деп қарысып отырып алып ем, ақ таяғын ала бай жүгірді. Таяққа үйренген ет қой, қайқаңдап арқамды тоса бердім. Ащы етіме ақ таяқ қашан тигенше жаным шығып болды… Дауыс тына қалғанда жалт қарасам, ойпырым-ай, мұндай қуанбаспын, әлгі «төрем» сұқ қолдай мылтығын байдың төсіне қадап тұр! Бай сұп-сұр. Өңі қашып кеткен, таяғы жерде жатыр. Аузын ашып сұрланып бәйбіше отыр…

— Айт мұңыңды, — деді «төре». Іште жатқан шерді тасыған судай ағыттым.

— Өз басым не болса да көндім. Әке-шешемді осы жауыздың тырнағынан құтқарсаң екен! — дедім…».

Майлин Б. Шұғаның белгісі [Мәтін]: әңгімелер. Алматы: Атамұра, 2003 ж.

Ғабит Мүсірепов

ШҰҒЫЛА

Біз Қостанайдан шыққалы он төрт күн. Жоқ, он төрт күн, он төрт түн. Өйткені біз түнде де жүріп келеміз. Жүрмесек аттар да тоңады, өзіміз де тоңамыз.

Батпақты ауданының жеріне кіргелі жеті күн. Жеріне кірдік, елі қайда кеткенін біле алмай келеміз. Әлі бір адам кездескен жоқ.

Қостанайдан кашава шанаға жегілген пар атпен шыққанбыз. Аттар арықтады, жол екі күннен кейін жоғалды. Көшпелі құртікті есепке алмағанда табандап бекіп қалған қардын өзі аттың тізесінен келеді. Атшымыз аттарды жетектеп отырады да өлке мен облыстың екі уәкілі шананың артынан жаяу келеміз. Үстімізде етегі сүйретіліп қар сызып отыратын қара тон, аяғымызда қара пима, әйтеуір жылжып келеміз.

Күн құлақтанып тұрған, суық. Сібірдің атақты суығы бетімізден сүйсініп сүйгені сонша, үшеуміз де қарақожалақпыз. Атшының төменгі ерні торғай шұқып кеткендей қып-қызыл жара, арақпен емдеп келеді…

Батпақтының күні қаңғырған қайыршыдай әлдеқайдан, алыстан көрінеді де ақшаңдақ аязға оранып алады. Бізді жылыту т.гіл өзі тоңып жүргендей бүкшеңдеп, белуардан жоғары көтеріле алмай, буалдыр аязға тез батып кетеді. Нан қойнымызда, колбаса қойнымызда, арақ қойнымызда. Суықтан қатып қалған азығымызды осылай жылытып жеп күн көріп келеміз.

Батпақтының айы мұндай арсыз болар ма! Шығырық атып аспанға шығып алады да, ыржыңдайды да тұрады. Күннің өзі көтеріле алмаған биікке шығып алғанына мастанып жүргендей.

— Жолсыз қалың қарда темір табанды кашавамен шыққандарың қандай ақылдылық болған! — деп бізді мазақтайтын сияқты.

Тастап кеткен қыстаулар кездеседі. Ондай иесіз қалған мекенге не қонып, не түстеніп, паналамай өте алмаймыз. Кенді қыстауларға қалың шыққан бидайық неше жылдан бері шабылмай қала берген екен! Аттарды ағытсақ болды — тұра қалып қар тебеді. Өзекті-ойпатты жерлердің шабылмай қалған шөбі одан да қалың. Аттарымыз осылай күн көріп келеді.

— Ел жиі отыратын жер еді. Батпақты мен Торғай даласында мал басы миллиондап саналатын еді ғой! — дейді жолдасым Елқожа. — Қазір қаншасы қалғанын кім білсін…

— Әне бір шұғыла көрінеді! — деді алда келе жатқан атшымыз. — Шұғыла!..

— Шұғыланың бізге не керегі бар? Тезектің түтіні көрінеді десең қандай қуанар едік…

— Әйтеуір адам жасаған бірдеменің көрінгені жақсы ғой! — Атшы бізді қатты ұялтып тастады. Асыға аяңдап, шұғылаға қарай тез жүріп кеттік.

Жазық даланың ойпаттау бір жерінде кесек қардан қаланған «аққала» көтеріле берген күнге шағылысып шұғыладай жарқырап көрінді.

«Аққаланың» қасында осы араға келіп қайтқан шананың ізі бар, ішінде бір сиыр дірдектеп жатыр. Әуелі оны қара ала сиыр ма деп қалып едік, қара ала емес, мойны мен қыр арқасының жүні түсіп ақ құйқаланып қалған қара сиыр болып шықты. Безгегі ұстағандай қалшылдап тоңып жатыр. Қаншырдай қатқан арық. Дәл жаялығында «Алып» деген күйдіріп басқан таңбасы бар. Бірп мүйізі сынық. Астына жаялықтай ғана қарақұрым киіз төсепті де иесі тастап кетіпті. Тоңып-қалшылдап жатқан бейшара сиыр тұра

салып жүгіріп кететіндей ілгері-кейінді сырғып қояды. Бұл, әрине, шегіне жете жіңішкерген тіршілік. Сиыр байғұс соның өзін де қия алмай шолақ құйрығын қысып алыпты.

— Бір кезде «Алып» колхозының сиыры болған ғой! — дейді Есқожа.

— Бір кезде дегенің немене?

— «Алып» құрылған жылы-ақ құлап қалған.

Шанамызда келе жатқан «сақтық қорынан» сиырдың алдына шөп тастап едік, жей бастады. Ыңылдап қойып жалмап жатыр.

— Өлмей бақ, ақ құйқа! — дедік те жүріп кеттік.

Сиырын тастап, шанасын сүйреп кейін қайтқан адамның ізіне әлі қылау тұрмапты. Сайрап жатыр. Сол ізге түсіп екі сағаттай жүрген соң қар басып қалған ауылға кездестік. Бір ит үріп шыққан жоқ. Ойнап жүрген бала да кездеспеді. Үй-үйдің арасында адам іздері де жоқ.

Аяғында жалпақ табан шолық шаңғы, иығында бір-екі қоян, бір-екі қақпаны бар шал ауылға оралып келеді екен. Біз оған қол бұлғап едік, шал бізді алыстан орап өте беріп:

— Бастықтың үйі анау… төтеншеміз де сол… анау! — деп ұзай берді:

— Анау!..

Бастықтың үйіне келдік. Ауыз үйде семіз торы ат. Бізді көріп оқыранып қалды, — Шөп әкелдіңдер ме дегені болар. Төр үйден әйел даусы шықты:

— Қайдағы қазақ, қайдан қаңғыра береді екен осы!.. — деді.

Жас әйел бөксе жағын пешке қапсыра тірей жатыр екен. Саусақтарында істікке шанышқандай алтынды-күмісті сақина мұнша көп болар ма! Шашы дудырап кеткен, ұйпа-тұйпа… өзі де ұйпа-тұйпа. Бізге наразылық білдіруге қалай ерінбегеніне таң қалғандайсың. Семіруге, ұйықтауға әдейі арналып жаралған адамдай екен. Ұйықтап тұрып тамақ жейтін болар, тойып алып қайта ұйықтайтын болар деген ой келеді. Мына денеге көп ұйқы, көп тамақ сиятын сияқты.

Үй иесі-бастық — төрде мамық төсектің үстінде, кеңсірік дейтін кең алқаптан ызғырық сияқты үн беріп ұйықтап жатыр. Бас жағында беті жабулы ағаш табақта қазының қабырғасы көрінеді.

— Бұл жолдас жай жатыр ма?

— Жай…

— Оятуға болмас па екен?

Жас әйел ордаңдап барып бүйірден түрткілеп еді, бастық оянбады.

— Ғойсаңшы, әй… болды ғой… — деді де теріс айналып жатты.

Енді оның үні сыбызғы үніндей сыңсып шыға бастады.

— Оятыңыз! — деді Есқожа барынша қатқыл үнмен. — Тұрсын!

Әйелі қайта oята бастады. Бастық шоқпардай жұдырығымен уқалап көзін әрең ашты. Бізге сын көзімен қарап қалай сөйлесуді ойланып қалғандай мелшиіп әлі жатыр. Біздің олпы-солпы тоңдарымыз, қырынбаған қарақожалақ бет-аузымыз оған беделсіз көрінетін сияқты.

Есқожа сыртқы тонын сыпырып тастап еді, беліндегі Бельгия браунингі көрінді. Сары ұлтаннан жасалған қабы қалтқысыз әсер етті білем, бастық басын көтерді.

— Е, мырза, бұл не, тал түске дейін жатқаныңыз?

— Мырза деп, қайсың менің қойымды бағып едіңдер? — Бастық ықтамай сөйлесуге бел байлаған сияқты.

— Мырза болмасаң қай кедейдің түске джейін жатқанын көріп едің? — Есқожа да даусын көтере бастады.

Бастық жұмсауға бет алды білем:

— Бәріміз де Совет өкіметінің арқасында жүргесін еркелейміз ғой, — деді жарамсақтана жымиып.

Есқожа жібіген жоқ.

— Сен өзің қанша уақыт болды деп ойлайсың? — деді.

— Тоғыз! — деді бастық — қабырға сағатына қарап.

Қабырға сағатының ұзын тілі тоғызды, қысқа тілі он екіні басып тұр екен.

— Тоғыз емес, он екі! — деді Есқожа.

— Тоғыз! — денді бастық. — Біз де сағат көрмей жүрген адам бола бермеспіз…

Аяқтап келгенде ашылған сыр — сағаттың екі тілі қай цифрдың үстін бірге басып тұрса бастық үшін сол сағат болатыны анықталды.

Бастық еріксіз ықтай келе бізге жол болсын айтты. Қайдан келгенімізді білген соң оқыс әбігерленіп кетті.

— Шәй қой, ет ас! — деді әйеліне. Ылғи тарыла бастаған, жеңі қысқарта бастаған ши барқыт қамзолын қапыл-құпыл киіне сала, жаңа ғана өзі жамылып жақан батсайы көрпені төрдің алдына төсей бастады.

— Төрлетіңіздер!

Сасқалақтай жүріп дамбалының балағымен қазының қабырғасын іле кетіп, аударып тастағанын білген жоқ. Бір тұтам қазысын сүйрей келіп, майы сорғалаған қабырға батсайы көрпенің үстіне аунап түсті.

Шай мен ет біздің он ттөрт күн көрмеген тамағымыз. Шешініп төрге шыға бастадық.

Ұзамай атшымыз да келді.

— Аттарға шөп болар ма екен? Өзім қарастырып көріп едім, ттаба алмадым, — деді.

— Болады, болады. Қазір әкеледі, — деді үй иесі. — Шайға кел!

Әуелі өзімізге рай бере қоймаған үй иесі енді атшымызға да қошемет көрсете бастады.

— Аттарыңды қораға кіргіздің бе? Шанаңды да қораға кіргіз. Қаңғымалар көп…

— Әуелі аттарымыз бірдеме шайнап тұрса деп едім… — Атшымыз дүмді жерден келгенін аңғартып үй иесіне безеріп қарап тұр.

— Шайнайды, шайнайды. Шөп қазір келеді, — деді үй иесі. — Өзім ауданда екі күн айналып қалып түнде келіп едім. Шөп таусылып қалған екен. Кісі жібердім, қазір әкеледі.

Бастық біздің атшымызға толық есеп бере жауап қайырды. Атшы да оның ығысқан түрін танып кердең басып келе шайға отырды.

Үй иесімен шай үстінде таныстық. Бұл алдыңғы жылы құлаған «Алып» колхозының бастығы екен. Колхозы бұдан екі жыл бұрын құласа да өзі кеше ғана құлапты. Оның үстіне үш жылдан бері осы өңірге ауданнан жіберілген төтенше уәкіл екен. Ол қызметінен әзір түспеген адамша сөйлейді.

— Жә, бұл кезде төтеншенің кәсібі не? — деп сұрадық.

— Әуелі жұрттың сал бөкселігіне жол бермей колхозға тарту еді. Одан соң елді бытыратып алмау сарпылтанына кездестік…

— Қазір колхоздарың бар ма? Нешеу?

— О, қайдан болсын… бәрі де құлап қалды. Үшеу еді.

— Енді елің не кәсіп істеп отыр?

— Тарап кетті…

Сақал-мұртына мұз қатқан еңгезердей бір адам әлде ғана біз көрген аңшыны үйге сүйрей кірді. Қақпандары мен қаяндары аңшының мойнында әлі жүр…

— Мұның не, әй, сірі тақым? Шөп ұрлап жатыр ма екен? — деді үй иесі.

— Бұл менің актым! — деді еңгезер. — Актым! Айтсын өзіңнің көз алдыңда! Айтсын!..

Содан соң аңшыны тағы бір ілгері итеріп қойып:

— Сен менің күн шықпай қара сиырымды жегіп алып кетіп бара жатқанымды көрдің ғой? — деді.

— Көрдім.

— Өзім шанаға мінбей сиырымды жетелеп бара жатпадым ба?

— Иә, жетелеп бара жаттың.

— Жаңа ғана шанамды жаяу сүйреп қайтып келе жатқанымды көріп тағы көрдің ғой?

— Көрдім.

— Сонда менің сиырым қайда?

— Е, мен қайдан білейін.

— Жоқ, сен менің актымсың! Турасын айт! Айтасың!

— Далада қалған шығар…

— Міне, міне, далада қалды! Сойып жегенім жоқ. Қардан аққала жасадым да, соның ішіне тастап кеттім. Енді сен кете бер!

Еңгезер аңшыны есікке қарай итеріп жіберді де, үй иесіне қарады.

— Өзің естідің ғой, төтенше бастық жолдас. Сиырым далада қалды. Торы ат аш болмайды. Бір атты жаяу болсам да асырап шығам. Ана арам қатқыр сиырды енді менен сұрамайтын болшы, әке-құлдық!..

Еңгезер көзі алақ-бұлақ екен қорқақ адам тәрізді. Бастық «естідім» дегенше есінен танып қала жаздап тұр.

Есқожа шыдай алмады.

— Аққалаңды біз де көрдік. Сиырың тірі. Алдына шөп салып, бір уыс тары төгіп кеттік. Жеп жатыр. Алып келіп жылы қораға қойсаң мал болып кетеді, — деді.

— Жарайды… бірдеме қыдармыз. Бара бер, — деді үй иесі. Еңгезер шығып кетті. Біраз үнсіз қалдық. Шай суынып, дәмі кете бастады.

Түлкі малақайлы, қызыл бет, семізше жігіт үйге жүгіре кірді. Арт жағында бейберекет шуласқан әйелдер дауысы ере келе жатыр.

— Ойбай, бастық жолдас, төтенше бір шара қолданбасаң мына қатындар мені жеп қоятын! — деді түлкі малақай. Қаракөлеңкелеу жер үйде бізді енді ғана абайлап, тоқтап қалды.

— Қоя тұр, қоя тұр! — деді үй иесі.

Топырлап әйелдер де үйге кірді.

— Өлтірмесеңдер… біржола құртайын демесеңдер… — десіп келеді.

Бәрі де азған-тозған, арығы жеткен, ашынған әйелдер. Малақайлы жігіт кете алмады. Төтенше бастық, үндей алмай қипақтай берді. Әйелдермен біз сөйлесе бастадық.

— Кәне, жеңгейлер, келген жұмыстарыңызды жайлап айта бастаңыздаршы, — дедік.

— Жұмыстарыңызды деп мазақ қыласыңдар ма? Бізге қандай жұмыс беріп қойып едіңдер! — деп бір әйел шап ете түсті.

— Жайлап деулерін қарашы!.. Жайлап отыратын қандай жайымыз қалды біздің? Жай сендерден басқа кімде қалды! — деп екінші әйел де шаптыға қосарланып еді, содан кейін бәрі қосыла шуласып кетті. Бір сәтке сөз ұшығын ұстай алмай қалдық. Әйтеуір наразылық, әйтеуір ашынғандық, әйтеуір аянбай салғыласуға кегендік аңғарылады.

— Әй, шағаладай шуламай қоя тұрыңдаршы! — деп бір мосқал әйел ілгері жылжып берірек келіп отырды.

— Жайлап дедіңдер ғой, өздерің де жайлап тыңдаңдаршы! — деді бізге. — Бір шана астықты мына түлкі малақай пірканшік өз үйіне жөнелтті емес пе? Жөнелтті! Жөнелткем жоқ деңдерші, кәне!.. Ол бізге деп берілген өазынаның астығы емес пе? Тағы бір шанасын мына жырлайын деп отырған қатынның үйіне жібердіңдер ме? Жіберген жоқпыз деңдерші, кәне!

Әйелдердің бәрінің сұқ саусақтары төтеншенің өз әйелін нұсқап қалды: — Мына қатынның!

— Неге үндемейсіңдер?

Төтенше мен пірканшікте үн жоқ. Пірканшік төтеншеге ығыса қарайды, төтенше бізге ығыса қарайды. Әйелдердің айыптауына мойындасып отыр. Ешкім үндей алмаған соң әйелдер енді біздің шанамызға келіп тиісті.

— Жаңа ғана осы үйге пар атпен келген қайсыңның жақындарың? Тағы бір шана астықты түнге қарай әкететін шығар!

Шай тамақтан өтпей қалды. Арам ас жеп отырғандаймыз. Ұрының үйінде отырғандаймыз.

Бізді осындай қиындыққа ұшыраған аудандарға жәрдем беруге жіберер алдында өлкенің ең үлкен басшысы едәуір сөз сөйлеген:

— В Казахстане ни карипов, ни касиров, ни джесиров нет! — деген.

Ауыл адамдарына партия бағыты дегеннің бет алысын аңғарту үшін мына екі жігіттің қырын сындыру керек сияқты.

— Сен, бастық, атыңды жегіп қазір әлгі адамның сиырын әкеліп бер! — дедік үй иесіне. Ол тез жөнелтіп кетті. Пірканшік деген түлкі малақайға: — сен, бізге магазиніңді көрсетші, — деп орнымыздан тұрдық. Әйелдер бізге ере жүрді.

— Лапке дегеніміз осы, — деді түлкі малақай, талдан тоқылған сарайдың есігін ашып жатып.

Екі терезесіне ішінен де, сыртынан да әртүрлі темірден айқыш-ұйқыш тор ұсталыпты. Сарайдың сырты сыланбаған еді. Ішкі жағы сыланған екен. Жер еденде ауыр жүк өлшейтін кір жатыр. Бір бөшке қара май, бір-екі қамыт, он шақты сырланбаған доға, бір қап тұз бар…

— Сен, әй, сұрқия-сұрдың сұмырай байы, мына кісілерге өтірік лакпеңді көрсетпей, шын лакпеңді көрсет! — деді әлгі мосқалдау әйел. Біздің қайдан келгенімізді аңдап қалған екен, енді қатты кетуге бет алғандай тепсініп тұр. — Бұл лапкең, адыра қалсын!…

Әйелін сұрқия сұр, өзін сұмырай дегенге пірканшік шамдана алмады. Бейпіл ауыз әйелдің сөзін елемейтін, кең мінезді, кешірімді кісі болып күлімсіреді де:

— Қайдағы лапкені айтады?! — дей салды.

— Шошалаңа жапсыра салған лапкеңді айтамын. Жүр, мына кісілерге соныңды көрсет! — дей салды.

— Склатты айтамысың?.. Склатты лакпе деп тұр…

Қора жақтан ашына шыққан әйел даусы келді:

— Ойбай, Дәулетбек, талап жатыр, талап!..

Бәріміз де далаға шықтық. Кең ауладан баршылық белгілері танылады. Жер-қарада үйіп алған оқшау мая шөп. Төбесі жартылай жабылған лапасты қомы алынбаған атан түйе отқмейіл күйсеп жатыр. Жабуланған семіз оры ала ат, он шақты қой-ешкі шөпте тұр. Біздің аттар да сол шөпке келіп қадалып қалыпты. Аулада шуылдасқан көп әйел шұбырып жүр.

Сұрғылт түсті бойшаң әйел қолында темір айыр, шошала жаққа жанды жақындатпай қорғап тұр.

— Жақындағаныңды түйреп тастаймын! — деп айбат көрсетеді. — Өңкей өлімтік! — деп қорлап та қояды.

Азған-тозған, ашынған әйелдер де біз жақындаған соң арқаланып кетті. Олар да айыр ұстаған әйелді көп ауыздан жабыла сыбап кетті.

Әйелдердің алма-кезек салғыласқандарынан едәуір нәрсені аңғарып қалуға болатын еді. Жалмауыз саудагердің қызы.. жалмауыз сұмырайдың жалмауыз қатыны! Сенің атың Ұрқия еді, сұрқия-сұр деп жай атанған жоқсың, сен салдақы…

Ұрқия деген әйел бір мінезіне қарай сұрқия-сұр атанып кетсе, оның аржағында «салдақы» деген бір кең шиыр тағы жатқанға ұқсайды.

Әйелдердің үшеуін ғана ертіп шошалаға кірдік. Азық-түлік иісі аңқып тұр.

— Жасырын есігінді аш! — деді мосқал әйел. Дәулетбек үйілген тері-терсекпен жасырып қойған есікті ашты, — складқа кірдік

— Бұл жылдарда, қар басып қалған азғана ауылдарда мұндай көп астық болар деп ойлау қиын еді. Ауыл аш. Мынау складта қазына қабымен жатқан бидай, тары, ұн, шай-қант үйіліп жатыр.

— Склатыңда қанша астық бар? — деп сұрадық.

— Елу қап шамасы болар, — деді Дәулетбек.

— Ой, қаптың астында қалғыр, сұмырай! Кем болса жүз елу! — деді мосқал әйел. Елу мен жүз елудің арасында үш есе айырма барлығына Дәулетбек әзір қысылмай тұр.

Әйелдер қаптарды қолдарымен түрте жүріп: — мынасы тары, мынасы ұн, мынасы қант! — десіп қалады.

— Мына қаптардың астында қамбасы тағы бар! Оны да аштырып көріңдер! — дейді әйелдер.

— Бұл қайдан келген, қашаннан бері жатқан қаптар?

— Қазынаның беріп жатқан жәрдемі ғой…

— Таратып бермеген бе едің?

— Келгендері алды, келмегендері алған жоқ.

Ауыл сыры әйелдерден жасырына алмайды. Үлкен қалаларда да, алақандай ауылдарда да солай. Біздің қасымыздағы әйелдер енді тіпті еркіндеп кетті.

— Сен өзің қанша үйге, қанша адамға деп жәрдем әкелесің? — деп сұрады мосқал әйел.

— Қанша адам болса сонша сұраймын да! — деді Дәулетбек. — Артық беріп жатқан кім бар деп тұрсың!..

— Жоқ, антұрған, өтірік айтасың. Сен үш жүз үйге деп жәрдем астығын аласың. Саған қарайтын үй саны жүзге толмайды. Өзгесі әлдеқашан тарап кеткен. Мына қаптар сол жоқтардың несібесі.

— Ауылнай қанша үй бар десе, мен соған жәрдем әкелемін. Менің жазығым не? — деді Дәулетбек.

Жергілікті қызметкерлер өлке басшыларының жоқты бар дегізіп отырған ыңғайына көндігіп алыпты. Өлісі-тірісі белгісіз, әйтеуір аудан көлемінде жоқ адамдарды бар деп жәрдем алады. «Өлі жандардың» несібесі өлік тонаушылардың несібесі болып жатыр. Тірі жандар қоса тоналып жатыр.

* * *

Біз қара сиырдың иесі Сатығұлдың үйінде отырмыз. Манағы өжеттеужеңгей Сатығұлдың әйелі Уәзипа жік-жапар болып шақырып әкелді.

— Төтеншенің қою шайын шала-пұла іштіңдер… Пірканшіктің үйіне де кірген жоқсыңдар. Осы ауылдан құр ауыз кетесіңдер ме!.. Тым болмаса біздің үйдің ас-су шайынан ауыз тиіңдер, — деді.

Он төрт күн, он төрт түн жүріп келген біздің де бір ыстық шай ішетін уақытымыз болған екен. Бас тарта алмадық. Қара сиырды әкелген екен. Әлі дір қалтырап ауыз үйде жатыр. Әйтеуір алдында шөп бар. Сатығұл қара сиырдың жырын бастағалы жарты сағаттай болды.

— Мұндай мініске берік мал көрген емеспін! — деп бастап еді, — қызығы енді келе жатыр! — деп, шайды бір-екі ұрттап алды.

— Қызығы енді келе жатыр.. бұл өзі менің сиырым болатын. Сауырына «Алып» деген таңба басылған соң колхоздың ортағы болды. Сол кездегі төтенше уәкіліміз мені ауданға жұмсады:

— Мынау «найзағай-телеграм» деген нәрсе! — деді маған. — Рапорт! Райком

— Ыбырайдың өз қолына тапсыр!

«Алыптың» малы сол күні таңбаланып жатыр еді — сиырыңа таңба бастырып ал да, мін де жөнел! — деді. — Таң атқанша қайтып кел!

Сол кезде «Райком өзіне райком, төтеншеге түк қыла алмайды!» деген закон шығып, төтеншеге қарсы бір ауыз сөз айта алмайтын болғамыз. Мен де жүре бердім. Төтеншенің бір жұмысына жарап кеткеніме ренжіген де жоқпын. Кім біледі, сөйте-сөйте белсенді қылып алар деген ой да жоқ емес…

— Сені ме? — деп, осы арада Уәзипа жеңгей бір сөз қыстырып қалды.

— Қызығы енді келе жатыр.. Райқомға ертеңіне таң ата жеттім. Біресе сиырымды жетелеп алып жүгіріп отырамын. Біресе сиы-

рыма мініп алып аяғымды суытып аламын. Ауданға дейін қырық шақырым жер. Сиырды жетелеп алып жүгіріп-жүгіріп алмасам, таң атқанша қайдан оралып келе алам? Ылғи жүгіріп отыруға өзім қайдан шыдайын! Әйтеуір, таң ата жеттім-ау… Ауданға да жеттім, қапалақтап қар да жауып кетті. Найзағай-телеграмды райкомға тапсырдым да кейін қайттым.

Қар әлі жауып тұр.. Ауданнан он шақырым шықтым ба, шықпадым ба, үш салт атты кез болды. Сиырды жетелеп алып, қабырғаласа жүгіріп келе жатқамын.

— Тоқта! — деп ақырып қалды біреуі. Тұра қалдым. «Қош бол, қара Сиыр, дедім ішімнен. Қош бол, Сатығұл» дедім.

— Қайда қашып бара жатқан қазақсың?

— Райқомға найзағай әкеліп қайтып барам.

— Райкомнан алған қағазыңды көрсет!

— Қағаз берген жоқ…

— Сиырды қайдан ұрлап әкеле жатырсың?

— Өзіміздің «Алыптың» сиыры. Кеше ғана басқам таңбасы бар, міне!

— Сиырыңның қағазын көрсет!

— Базарға апарғанда болмаса қазақтын сиырында қағаз бола ма, қағазы жоқ, — дедім.

— Бас жібін бері әкел! — Бір белсенді сиырымды жетелей жөнелді, екінші белсенді дәл таңба басқан сауырдан қамшымен осып кеп жіберді… Қара сиыр мықшиып қала жаздады.

— Өзімді де бір тартып қалды демедің бе? — деді Уәзипа жеңгей.

— Өзімді қойшы, тәңірі… Менің арқам не көрмеген арқа! Қара сиырға жаным ашып кетті. Қолымда туып, қолымда өскен дөнежін сиырым ғой.

Сиырды белсенділер әкетіп барады.

— Тым болмаса сиырымды алғандарыңа өздерің қағаз беріндерші! — деп мен жүгіріп зарлап келем.

Сиырымды тарғып алған, кейін білдім, осы Егізек төтенше екен. Мана өздерің келіп бірінші түскен үйдің иесі, осы күнге дейін төтенше бастығымыз болып отырған жігіт. Қасындағы екеудің бірі жаңағы пірканшік, оны да кейін білдім, аты Дәулетбек екен.

Егізек төтенше атының басын тартып азырақ бөгелді де:

— Аулыңа сәлем айт: мен Егізек төтеншемін! — деді. — Сиырың «Теріс аққанның» малына қосылды. Қағазды сонда келіп аласың!

Сиырым желе жортып ұзай берді, мен қала бардым…

«Теріс аққан» киіз үйден жасалған қала екен. Бұрын бөлек-бөлек отыратын ауылдарды бір жерге жинап қондырыпты да «қала» деп атапты. Кәдуілгідей көшелері бар: Қалашөкін көшесі, Елтай көшесі, Құрамыс кешесі.. Үйлердің маңдайшасында қағазға жазып жапсырып қойған номерлері де бар. Ең шеткі үйдің қасында ат ерттеп жатқан бір жігітке кездесіп «Теріс аққанның» бастығы қайда тұратынын сұрадым.

— Калашокін алпыс, Елтай жиырма жеті! — деді ол жігіт. Одан әрі сұрауға бата алмай жүре бердім.

Қаланың орта кезінде әрлі- берлі біраз қаңғып жүрдім де бала арқалап келе жатқан бір қатыннан «Калашокін алпыс» қайда болады деп сұрадым.

— Адыра қалғыр, Калашокін алпыс деп сәнденбей-ақ бастықтың кансаралы қайсы деп сұрамайсың ба?! Әне, анау үй… түндігінен түтін будақтап жатқан…

Түтін будақтап жатқан үйден керісіп-кергілескен еркек дауыстары да будақтап шығады. Кіруге бата алмай, сол үйдің айналасынан ұзай да алмай, күн батқанша жүрдім де қойдым.

Бұл үйде аудан көлеміндегі барлық төтеншелердің сьезі болып жатыр екен. Сол съезге арыз айтамыз деп келген мен сияқты көлденең күйіп кеткендер де жиырма шақты адам болды, бәріміз арқамызды киіз үйге сүйеп жүрелей отырып, сьезге құлақ салдық.

Киіз үйде сыр жасырына ма, үйдің ішінде не болып жатқанын түгел естіп отырмыз.

— Ыбырай жолдас, сен қатеңді мойныңа ал! — дейді бір өктем дауыс. — Ат арқандар оты жоқ, бұзау ішер суы жоқ жерге киіз үйдей қала салдыра ма екен? Қыс мынау келіп қалған. Барлық малды иіріп бағып, айдап барып суарып отырсыңдар, тал түсте қырып алмайсыңдар ма?

Ыбырай райком да бас сауғалап жатыр:

— Күзден қалмай жүз процент колхоздасып болсын деген бұйрық берген өздеріңіз емес пе? — дейді. — Ол бұйрықты алғанымызға екі-ақ жеті болды. Міне, орындадық! ТОЗ құрмандар, ірі болсын дедіңдер, орындадық. Колхоздарымыздың алып емесі бар ма? Біз өз бетімізбен ешнәрсе істеген жоқпыз! — деп бар күнәні өлкеге аудара сөйлеп отыр.

Бұл керіс ұзаққа созылып барып, пышақ кескендей тоқтады. Ыбырай райком болмай қалды. Үйден салбырап шықты да, атына мініп алып жалғыз кетті…

Оның артынан біздің Далабай төтенше үйден шықты. Оның да босап шыққанын сезіп, мен қасына да бармадым. Одан кейін де екі-үш төтенше салбырап шығып жалғыз-жалғыз кетіп жатыр. Енді бір-екі жігіт, колхоз бастықтары болу керек, осы бәледен құтылғанымыз жақсы болды, — деп кетіп барады.

Өлкеден келген адамның Егізекке жан тарта сөйлегені естіледі:

— Егізек, сен «Алып» колхозына бар… Төтенше болып қала бер, төтенше бастық бол! — дейді. Егізек оған алғыс айтып, қасында Дәулетбек үйден жайраңдап шықты. Атып тұрып сәлем бердім.

— Өй, сен манағы қара сиырдың иесімісің? Мен «Алыпқа» бастық болдым. Сиырыңды тауып алмай қайтпа! — деді. Қуанып кеттім.

Сол түні «Теріс аққан» қаласы құлап та болды-ау деймін. Орталықтағы малдарынан көлік алып, әр ауыл өз мекеніне көшті де кетті. Колхоз бастығы Есентай ауылына көшіп кетіпті.

Қызығы енді келе жатыр.. Мен Есентай ауылына келейін. «Теріс аққанның» бастығы бір кеудемсоқ жігіт болып шықсын. Мен одан сиырымды сұрайын, ол маған өзің осы колхозға кіресің десін!

— Неге? — деймін ғой.

— «Алыптың» жаңа бастығы Егізекпен келістім. Интернационалды колхоз жасайтын болды: «Алыптан» отыз үй біздің колхозға көшеді. Бізден отыз үй «Алыпқа» көшеді. Сен өзің «Алыптың» бас білетін белсендісі көрінесің. Осы жұмыстың басына қоямын. Сиырды қайтесің, астыңа ат берем, үйіңді де, сол отыз үйді де көшіріп әкелетін бол, белсенді қоям!

Белсенді қоям дегенгеішім бұрып та тұр, қорқып та тұр. Бірақ бастық маған сөз беретін түрі жоқ. Қасыма бір жігіт косып берді де:

— Колхоздың жылқысынан қалаған атын ұстап бер! Әйда! — деді.

Қалаған атын ұстап берсе, оның аржағында қазақтың арманы бола ма, жігітке еріп жүре бердім. Бір торы бесті ат, пай-пай-ой, құлағы шекесінде, әлдекімнің бір қызға балаған аты аты болды екен, ойқастап көзіме түсе берді.

— Осыны ұста! — дедім, ұстады, міндім де жүре бердім.

Аяғын шекіп басады. Шабыс қандай, көзіңнен жасыңды ағызады. Желіс қандай, желқайық па дерсің.Егізектің ауыз үйінде тұрған торы атты көрдіңдер ғой. Сол ат. Қазір жетісі толып, сегізге шықты. Бір он шақырым аттың қызығымен келе жаттым да қара

сиырым есіме түсіп кетті. Қой мұндайат менің маңдайыма сыя бермес. Түптердің түбінде әрі атсыз, әрі сиырсыз қалсақ, мына қатын менің басымды үйтіп жер дедім де «Теріс аққанның» сиыр малдарын аралап жүріп сиырымды тауып алдым. Соным дұрыс болған екен… Торы атты көрген жерден-ақ Егізек тартып алды. Сиырым әлі өз қолымда… Одан бері не көрмедік!.. Жаз бойы өзім Егізектің анда бар, мында барында жүремін. Қыс бойы торы аттың шөбін тасимын.. суын әкелем… соны күтем…

— Енді ол бейнеттен құтыларсың. Егізек орнынан алыныпты, — дедік Сатығұлға. — Енді оның орнына бір дені дұрыс адам келетін болар.

Сатығұл біздің сөзімізге әуелі сене алмады, одан кейін қорқа бастады:

— Ай, шырақтарым-ай, осы сөздібасқа бір үйде айтсаңдар екен. Біздің ауданда жақсы адамдарды оңай құлата салып, қолынан түк келмейтін құр қылауыз, қызыл өңештерді қорғаштай беру — әдет болып кетті. Әй, Егізек төтенше құлай қоймас… Екінші, біздің ауданда орнынан құлаған адамнан төрі соның орнына қойылған адам жемсау болып шығады. Бұл да әдетке айналып кетті. Әй, Егізек құламас! — деді.

Біз әңгімемен отырғанда пірканшік Дәулетбек Сатығұлдың үйіне бір шана шөп әкеліп беріп кетті. Сатығұлдың сенімі енді ғана тұрақтағандай болып — Қат-ен! — деді әйеліне.

* * *

— Білмедік, не мәнісі бар екенін.. Анау күні бурыл бас райком келіп түзеп берген соң төрт күндей сызықтай аударылмаған жер қалмап еді… Енді бұзылып тұрғаны…

— Қашаннан бері?

— Үш күн болды, бір гектардай жеріміз бүлініп қалды.

— Оның алдында оңға тартатын еді, райком түзегеннен кейін сауығып кетіп еді, үш күннен бері тағы да бүлдіріп жүргені…

Қарасақ кіндіктің тетікті винті жоқ екен. Сондықтан түпкі көлік аударып отырса соқа солға кетеді де, шеткі көлік аударып отырса оңға кетеді. Оны бақылап отыруды бұлар білмейді. Білгенге бір минуттық жұмыс, білмеген бұлардың барлық егінін шығармай тастауға жетерлік себеп.

Соқаны түзеп, өз білгенімізді түсіндіріп «соп» дегенімізде, қара сиырдың шолақ құйрығы көзге түсті.

Бұл, кәдуілгі, қысты күнгі ақ құйқа сиырың. Қотыры жазылған. Жып-жылтыр қара сиыр болыпты. Өзі күйлі. Арбиған атан мен тырбиған көк байталдан гөрі бұл басым тартады. «Батпақтыда» болған бір қызық арық жылқы мен еркектер жоспарды кем орындайды да, сиыр мен әйел артығымен орындайды. Жегуге төселіп қалған қара сиыр да жоспарын артық орындап жүр.

Қара сиыр соқаны сүйрей жүріп, күйсей жүр, шолақ құйрықты сүйкей жүріп, күйлей жүр!..

— Бұқа керек!.. — дейді Сатығұл.

1933

Мұхтар Мағауин

САРЫ ҚАЗАҚ

(романнан үзінді)

Баяғыда, бала кезімде естіп едім. «Халық аштан қырылып жатыр, нан болмай», — дегенде, корольдің қызы: «Онда неге тоқаш жемейді?» — депті. Қазақшаға көшірсек, «Ет таусылса, неге май жемейді?» болып шығар еді. Ет таусылған жерге май қайдан келмек. Нан мен тоқаш әуел бастан жоқ. Бар өмірі мал сүмесіне қараған ел. Мал кетсе, тамыры тартылған бұлақтай, елдің бүкіл тірлігі суалмақ екен. Біз Көкжайлауға қонғаннан соңғы үшінші жылы бар малы қолды болған бүкіл қазақ халқы аштан қырылды.

Мексика мен Перуді жаулаған конкистадорлар заманы, тарихында мұндай сұмдық болған емес. Кортес пен Писарро адам қанын судай ағызды, одан соңғы Альфингер мен Ордас сияқты келте қарақшылар түземдіктерді бестеп, ондап, жүздеп аулады, қолы ұзын, қарпымы кең Алмейда мен Альбукерки жер шарын қақ бөліп, тереңнен тартқан елу жылдық, жүз жылдық жоспарлар жасады — нәтижесінде айналасы екі–үш ғасырда мұхит айдынындағы алақандай аралдарың не, жер шарының жарымын алып жатқан алып құрлықтар өзінің байырғы иелерінен тазартылып, өміршең де жеңімпаз нәсілдің мәңгілік мекен –тұрағына айналды. Оқ-дәрісі жоқ, темір текті жарақтардан ада, тым құрса ат мініп үйрснбсген, жалаңбұт тайпаларды (Станислав-Стамбек бұл арада аз-маз қателесіп отыр, кейінгі орта ғасырларда, отарлық экспансия кезінде мағлұм болған батыс құрлық халықтарының көбінің мәдениеті жоғары, кей реттерде Европалықтардан артық еді, —

М.) жою үшін нендей амал қолданбады дейсіз: басын шапты, дарға тартты, отқа жақты, итке талатты, шөлге қуды, ауызсуларын улады, өздерінің озық үлгілі мерез бен соз, ШЕШЕК пен алапес сияқты ауруларын жұқтырды — не істемеді — ақыл–ойын да, қулық–сұмдығын да, ғылым-білімін де қалтқысыз жұмсады, аянған жоқ, сөйтіп, ақыр түбі, екі жүз жыл, үш жүз жыл дегенде мұраттарына жетті — топырақпен бірге жаратылған, мыңдаған жылдар бойы бақытты тұрмыс кешіп жатқан, ұшан мұхиттың арғы жағындағы асыл нәсілге қастандық ойламақ түгілі, олардын бар-жоғынан бейхабар қаншама халық, неше миллион жан — әйел-еркегі, шал-кемпірі, бала-шағасы — тұқым-тұяғымен жер бетінен аласталды. Ғайыптан тірі қалған жеке топтарын құл–құтан қылып, борыштар, кіріптар қылып қойды. Неткен тартыншақ, жұмсақ, әрі топас жұрт бұл испандар мен португалдар, ағылшындар мен голландтар — бүкіл Батыс Европа жамиғаты! Қаншама күш жұмсаған, оншақты ұрпақ ғұмырына созған. Ал біздің қызыл революционерлер — менің ағайындарым — қазақ сияқты дарқан халықты, бай халықты, кең өлкені мекендеп, кенеусіз өскен арда халықты бір оқ атпай, бір тамшы қан шығармай, жалгыз–ақ жылда жусатып салған! «Белдеуде бұзау қалмасын, көгенде лақ калмасын!» деген коммунистік өршіл ұранмен қолда барын тегіс сыпырып алған соң, бар тіршілігі малға ғана қарап тұрған халық бестеп-ондап, елулеп–жүздеп емес, жүз мыңдап, миллиондап қырылмағанда, екі ғасыр, үш ғасыр бойы шегін шұбатып жүрмсй, бір-ақ жаз, бір-ақ қыста тегіс жер жастанбағанда қайтсін! Жасасын заманымыздың акыл-ойы, ар-намысы, данышпандардың данышпаны, күштілердің күштісі, тереңдердің тереңі, ірілердің ірісі — туысқан бауырымыз, әке-шешеміз кәмөнес-балшабектер партиясы! «Ондай партия бар!» – деген екен ұлы көсем. Бар екен. Бір–ақ күнде төңкерді де тастады. Шіріген буржуазиялық парламентке, т. б., т. с. с. тәртіп, низамға пысқырған да жок.. Төтенше билік тілеген құрылтай делегаттарын қойдай қуып таратты. Жаса, Владимир Ульянов – Ленин! Ақ генералдардың бірін біріне соқты, Жаса, Лейба Бронштейн – Троцкий! Содан соң… көмекші болған, жебеуші болған, тілеуші болған ақымақтар мен ашықауыздардың тобын жойды. Жаса, Каменев, Бухарин және К. Одан кейін бұлардың өзі, бұлардың етегінен ұстағандар, етегінен ұстағандардың етегінен ұстағандар, етегінен ұстағандардың етегінен ұстағандарға жанасқандар, етегінен ұстагандардың етегінен ұстағандарга жанасқандарды

көргендер, е… е… е… е… жанасқандарды көргендерді танитындар, көргендерді танитындар туралы естігендер, е… е… е… е… к… к… к… естігендер туралы естігендер, естігендерді көрмегендер, көрмегендерді білмегендер… — тегіс өздеріне лайық сазасын алды. Жаса, ұлы Сталин! Соның бәрі кімнің соры десең, соның бәрі ең алдымен біздің сорға — қазақтың сорына болып шықты. Жүз адамның жетпісі өлсе отызы қалады, отыз жыл өтпей қайтадан жүзге толады. Он адамның жетеуі кетсе не калады? Қаншама заманнан соң ортасы толады? Кеше өзінен еңсесі төмен тұрған тоғыз — тоқсанға ілініп, толықсып отырғанда, ендігі жүз болатын, ұзамай мың болатыны шалқып дәурен сүретін кешегі онның сарқыншағы — аштық тозағы, ождан тамұғынан өткең, жетім–жесір, қорқақ–жалтақ үшеу бұрынғы санына жете ме, жетпей ме? Жетсе, баяғыдай жүре ала ма, әуелгі орнын ала ала ма? XX ғасыр адамзатқа апат әкелсе, сол апаттың ең ауыр салмағы қазаққа түсіпті. XX темір ғасырдағы сырты әсем, іші зәр, аяр да жалған ұрандар бүкіл Россия империясына өлшеусіз шығынға түсер ең үлкен шығынды қазақ көтеріпті. Коммунизмге жеткен осыншама бақыты үшін кімге рахмет айтуы керек бұл халық? Әлбетте, менің әулетіме. Әлемді қайта құрмақ болған, сол үшін қарақшылық жолға түскен мына маған!

Дүниеден баз кешіп, иенге ұмтылуым — жан сақтау амалы ғана емес, құдаймен көңілде тілдесер, риясыз кешу сұрар оңаша тыныштықты аңсау да болса керек. Мен өз күнәмді бұрын да білгемін. Бірақ мұншама дәрежеде қылмысқа баттым деп ойламағам. Мен! Мен сияқтылар! Менен гөрі жолды, яғни, бастаған ісін аяғына жеткізген мыңдаған бейбақтар. Социал–революционер. Социал–демократ. Октябрист, кадет. Максималист, анархист. Оңшыл, солшыл. Меньшевик, большевик… Бәрінің төбесінде тау кыраны — мұртты гүржі тұрыпты. Бәрі де соған қызмет еткен. Соған қызмет еткен болып шықты ақыр түбінде… Бұл — енді ғана, бұрынғы ана тілімдегі «БК(б)П тарихының қысқаша курсын» оқып шыққан соң түйген ойым. Ал сол бір күндерде… Буын–буынымнан әл кетіп, төсек тартып жатып қалдым. Жас төгіп жылағам жоқ. Ашу шақырып қарғыс та айтпадым. Ет-жүрегім езіліп, үнсіз зар түттым. Ата-бабамның өскен елі, өзімнің бауыр басқан жұртым, жалғыз перзентімнің туған ұлты — жүздеген жыл бойы кең даланың көркі болған мәрт халықтың жер бетінен көшкен талайсыз тағдырын, азаладым. Бұл күнді көрмесем керек-ті, бұл кепке жетпесем керек–

ті. Төңкерістен соңғы кезеңде когам өміріне бел шешіп араласуым жөн екен. Ак патшаға қарсы шыққан, каторгаға айдалған деген атағым бар, екі тілге бірдей жетікпін, сауатым жоғары, көргенім көп, ел басқару ісіне ат салысу қажет еді, жоғарыдан арнайы шақырулар келгенде, ауыл арасына шыққан комиссарлармен жүздескенде ұсынып отырған жұмыстан бас тартпау керек еді, мүмкін, автономия көлемінде болмаса да, белгілі бір аймақта тәп–тәуір мансапқа жетсем, жұртымның басына түскен ауыртпалықты аз-маз жеңілдетуге, бәлкім, кейбір зауалдардың зәрін қайтаруға себім тиер еді. Бас сауғалаудан аспаппын. Жаңа тәртіптің жаршысы болмай-ақ қояйын, партиясына кіріп, қанды шелекті жаламай-ақ қояйын, атқамінер әкім, тым құрса, губерниялық кеңседе тілмаш болып жүріп те көп игілікке ұйтқы болар ем… Аз-маз ес жиып, ой тоқтатқанда мұның бәрі бос далбаса екеніне көзім жетті. Ақылдың кемдігі, танымның үстірттігі. Құдай-ау, эсэр емес, тіпті, меньшевик те емес, большевик болғандардың өзі оққа ілініп жатқанда, курс тәмамдамаган студент қайда, ғылымды түгескен, ізгіліктен басқаны насихаттамаған профессор Ақ теңізге айдалып жатқанда, мені болыстық не губерниялық кеңседе екі күн аман отырғыза ма! Әуелі жазалаушы отряд, кейін азық-түлік жинайтын жасақ құрамында елді қасқырдай таласаң, бейбіт күндерде кешегі қандышелектердің өзін қан қақсатқан арызқой, жалақорға айналсаң, немесе құпия полицияға тыңшы-үндемес болсаң — тіршіліктен аз-маз үміт бар. Әйтпесе… 14-жылы қазылған көрің қаншама мәрте жаңартылғанын, тереңдеп, кеңи түскенін, тартқыш, тапқыш қасиетке жеткенін білсең керек!

Буыным бекіді. Үйелменімді қуантып, орнымнан тұрдым. Бірақ ішім қуыс еді. Бауырым езіліп, жүрегім шымырады да тұрды. Сұмдық еді. Әкейдің алып келген хабары сұмдык еді. Адам сенбейтін. Бірақ айна қатесіз ақиқат.

Біз жатқан жеріміз қанша тыныш болса да, бар қажет өзімізден табылса да, қалың елмен катынаспай тұра алмадық. Ең ауыры — белгісіздік екен. Мүмкін, жаңа тәртіп құлаған шығар. Әлде, НЭП кезіндегідей, қиялап тартатын, адамдыққа сыйымды тағы бір саясат ойлап тапты ма. Қалың ел не болып жатыр. Әкейдін жүйкесі берік. Мен әуелден саяқ жаратылған жанмын. Зағира бар бақыт ошақ басында деп санайды. Жансалқам ес білгеннен жалғыз жүріп, жалғыз ойнап үйренген, желідегі құлыннан басқа серік іздемей-

ді. Әйтсе де белгісіздік жегідей жеді. Ақыры, жаңа тұрмыстың үшінші жылы ат ерттедік. Бір ат. Жол менікі еді. Алайда көкем рұқсат бермеді. Балам, көзге түсіп каласың деген. Мен байқап жүретінімді, бейсауат көзге шалынбасымды айта бастап едім, сырттан бақыламай, жұртпен сөйлесу керек деді. Сонда ғана түйсіндім. Баяғыдай. Қанша қазақпын десем де, түрімді жасыра алмаймын ғой. Сөз мәнісін ұққанымды көрген соң әкем де қысылып қалды. Мен қызарып кетсем керек. «Мұнда шаруа көп, мен малға ие бола алмаймын, оның үстіне, кім біледі, жалғыз-жарым адасқан қарықарақшы үстімізден түсіп жүре ме…» — деді көкем күмілжіп. Немересінің бетінен сүйіп, үнсіз аттанып кетті. Ажал көлеңкесі ұялаған Сорбұлаққа емес, тура түстікке тартқан. Айтқанындай, оншақты күннен соң аман-есен оралды. Көлігі тың, өзі де ширақ. Тек жел қағып, қарайған. Шөлден бе, жолдан ба, түтігіп кеткен. Аттан түсіп, сусын ішіп, Жансалқамды алдына алып, аяқ жазған соң ғана күрсіне тіл қатты. «Қырылып жатыр!..» Өзен бойы өліктен көрінбейді дейді. Аштықтан бұратылған, ісіп-кепкен адамдар, — басқа емес, қазақтар, — шұбырып, Қаратауға қарай кетіп жатыр. Онда да аштық дейді. Ел Сырға ауған, Сырда да аштық. Аяғында әлі бар тірі жан атаулы бір жағы Шуды өрлеп қырғызға, бір жағы таудан асып, шөлді басып Тәшкен, Самарқанға өтуге тырысады. Сөз ыңғайына қарағанда, қырылып жатқан Қазақстан ғана. Онда да басқа емес, қазақ. Шет жұрттар жиналған қалалар, қарашекпендер орныққан селендер дін аман…

Тамақтан түйір өтпеді. Бірақ алдында ас тұрған адам аштан өлмейді екен. Жүрек күпті, көңіл үрейлі болса да, қажетті тіршілік қамын жасай бердік. Су сүзіп, тау кезіп жүріп нәр тапқан, ғайыптан тірі қалған қазақ атаулыны біржола жайпап өту үшін келгендей, 33-жылға қараған қыс каһарлы болды. Алдағы малдан айырылсақ, біз де қалған жұрттың соңынан кетеріміз анық еді. Қысқы соғымға екі күр атты катарынан сойдық та, қалған жылқыны, төрт түйеге қосып, Жетіқоңырдың құмына айдадық. Кәдімгідей қос тігіп, әкеміз бел шешпей тебін күзетті. Қасқыр жоқ, сірә, малы кеткен қазақпен қоса қырылса керек, бірақ мына тұлдырсыз кенде жылқыдан көз жазуға болмайтын. Мен төрт күнде бір қатынап тұрдым. Екі-үш рет алмастырып, орнында қалғанда, мұндай ауыр шаруаға біздің әкей сияқты сүйегі асыл, ат үстінде туып, мұз төсеніп өскен дала перзенттері ғана шыдайтынына көзім жетті. Тоғыз биенің бесеуі

құлын тастап, бір түйеміз мертігіп, сойысқа түскені болмаса, ауыр қыстан аман өттік. Қақаған аяз түгілі, жалындаған оттан, ақыр заман, қияметтен де аман шығарымыз белгілі болған. Мұным, әрине, күпірлік. Бірақ жер аяғы кеңіген соң, Шу бойына — Ақжайқыннан түсіп, Жуантөбеге дейін жүргенде қатар-қатар тігілген, қысқы боранда да шаңырағы құламай, уығы шашылмай аман қалған, бірақ аппақ үзіктері борсып, қопсыған, иен қалған киіз үйлерден баска ештеңе көрмедім. Кейбіреулерінің есігі сыртынан жабылған екен, ашып қарауға жүрегім дауаламады. Былтыр әкем айтқан, амалы таусылған жұрт, шырқырап көз алдында кетеріне шыдамай, балаларын үйге қамап, өздері аулаққа барып өліп жатыр деп. Әрине, қараптан қарап өле салмайды. Тышқан іздейді, тамыр қазады, шабақ сүзеді — таба алмай, ала алмай қар астында, жар басында, су жағасында демі үзіліп жығыла береді. Биыл өзен жайылып тасыған екен, қарға-құзғын, қасқыр-қарсақтан аман қалған сүйектер казір Ақжайкынның түбінде тыныстап тұнған. Соның өзінде… шалғын арасы толған қаңқа. Епетейсіз жығылған, бүріскен, құрысқан қалыптарында саудырай шашылып жатыр. Жаңылмасам, Қазақ Ордасы Шу бойында құрылды деп оқып едім баяғыда, өзіммсн аталас туыстарымның бірі, атақты тарихшының енбегінен. Енді сол жерде көмілгендей көрінді. Жалгыз Шу ғана болса, ер қазақтың өкшесі ғана кетілер еді ғой, Сыр мен Ертіс, Есіл мен Жайық. — бәрі… бәрі де осы кепке ұшыраған. Ғаламат. Қазір ойлап тұрсам, әлемнің бес жүз жылдык, отарлау тарихында дәл осындай кең көлемдс, аз уақытта, мұншама мінсіз, таза жүргізілген операция жоқ екен!.. Және, орыс коммунистері өкімет басында жүз жыл отырса да, олардың мақтан етерлік, орнына келген, тиянақты жасалған жалгыз-ақ шаруасы — осы, қазақты тұқымымен қыру жоспарын ойдағыдай жүзеге асырып, Европаның оншақты мемлекеті еркін сияр байтак өлкені өз ұрпақтары үшін біржола босатып алғаны болса керек.

Кең даланы қаптай өрт жапқанда қақ ортада ғайыптан бір түп ши аман қалатын. Тірі қалғандар да бар болып шықты. Жүзден екеу, мыңнан үшеу дегендей. Соның бірі Алмаш кемпір екен.

Түр-тұлғасы ұсқынсыз әлдебір тірі жанның, өзеннен бөлініп қалған таяз, қомша суды жалдай кешіп жүргенін анадайдан байқағам. Жақындап келгенде, жағада екі кішкентай бала ойнап отырғанын көрдім. Ал су кешуші — қобыраған аппақ шашы білте-білте, үсті-басы өрім-өрім кәрі кемпір екен. Мен қатарына жеткенде

құмда отырған, қарындары қампиып кеткен, шаштары өскен, жас шамалары үш-төрттердегі қалқанқұлақ екі бала көздері бақырайып, таңырқай қарады. Тізеден су жалдап, еңкеңдеп, әлдене сүзіп жүрген кемпір, ел көрмей, жан көрмей келе жатқан көк азбан екі балаға карап оқыранған кезде ғана мені байқады. Шошып кеткен. «Ассалаумағалейкүм, апа!» — дедім мейлінше сыпайы дауыспен. «Ойбай көтек! Орыс па десем… Ноғай ғой. Мұсылман екенсің ғой…»- деді кемпір жүрегін басып. Асығыс, қимылмен қылтадан жоғары түрілгсн етегін түсірді. «Е-е, апа, орыстан көргсн бір қорлығыңыз бар ғой?» — дедім. «Жоға, шәрде болмаса, орыс қайдан келсін мұнда. Мен білген орыстың бәрі адам сияқты еді. Жамандығын көргем жоқ». «Онда, казактан көрген жаксылыгыныз бастан асты гой…» Кемпір алақанының сыртымен мандайын сүртіп, күрсінді. Маған қадала карады. Көзі адырайған, ұшқынды, өткір, жағы сорайған, бет-аузы шалбар-шалбар, қолы қап-қара күс, үстіндегі сауыс-сауыс мақпал қамзол мен қандай матадан тігілгені, әуелгі өң-түсі белгісіз, бой-бойымен сөгілгсн пара-пара қоңыр көйлек иығына әрең ілініп салбырап тұр. «Шырағым, тамағы тоқ, уайымы жоқ адам сияктысың. Бірақ не белсендіге, не кепеуге ұқсамайсың. Көктен түстің бе, жердсн шықтың ба. Кім қырса да қырылды алаштың баласы. Өз басым үшін емес, мына екі жетімек немерем үшін жүрмін. Асығыс болмасаң, қайыр жасап аттан түс, мына сүзгінің бір жағын ұстап жібер. Балық сүземіз…»

Сүзгісі бір кездегі ақ шаршы болса керек, ұзындығы құлашқа жақын, сатал-сатал, кырық жамау, ескі шүперек екен. Балық — ең үлкені шынашақтай ғана, көбі қолға ілінер-ілінбес шабақтар екен. Кішкентай демесең, жыпырлап жүр. Кемпір ұсынған шүперектің екінші жақ шетінен ұстадым. Бір қолмен жер сызып, жалдай сүзіп келеміз. «Иә, алла, бергеніңе шүкір, — дейді кемпір күбірлеп. — Ризығыңды тауыспа. Екі жетімді жеткізе гөр… Ал, көтер!» — деді кенет. Көтердік. Суы сүзіліп шыққанда шүперектің ортасында салынды, балдыр аралас көп шабақ қалған. Жағада, екі баланың қасында сырты қара қожалақ, ішіне азгана су құйылған көк қауға тұр екен, кемпір шабақтарды соған апарып салды. Екінші қайыра түстік. Тәуірірек шықты. Үшіншіде мәз ештеңе ілінбеді. Содан соң қомша судың қарсы бетіне көштік. Не керек, он ба, он бес пе рет сүзгенде жарты шелек шабақ жидық. «Болды. Ендігісі ертеңге қалсын. Анау жерде тағы бір су бар. Балығы көп. Бірақ бұдан гөрі тереңірек…» — деді кемпір.

«Бұл қалай болды?..» — дедім мен жағаға шыққан соң, шұлғауымды орап, етігімді киіп жатып. «Е-е, мырза жігіт, айт, айтпа — орнына келмейді, — деді кемпір. — Тым асығыс болмасаң, дәм ауыз тие кет. Мына балықты біз бүгінге тауыса алмаймыз. Құдай ертеңгі ризығын тағы бере жатар». «Шеше, қалай, мына құрт шабақтар да асуға келе ме?» «Қазір көресің, — деді кемпір. — Басқа түссе баспақшыл деген. Мен үйрендім». Кемпір анадайдан, бұта түбінен салдыратып кесе, табақ және тайкылау темір шелек әкелді. «Міне, былай, — деді маған көрсетіп. — Шабақты алып, сығып, шегін шығарасың да, суға шайып, темір шелекке саласың. Қазір, құлындарым, қазір… Мына ағаларың жақсы кісі екен, екеулеп тез жасап тастаймыз», — деді мешел екі балаға қарап. Әлде әбден мәңгі кеткен бе, әлде қарындары тоқ па, бастары қауғадай, мойындары қылқиған екі бала сылбыр қимылмен тас қалап, құм құйып, еріне ойнап, өз беттерімен отыр. Біз жұмысқа кірісіп кеттік. Көн шелектен шабақ алам да, бас бармақпен желбезек түбінен жылжыта сығам. Тарының түйіріндсй ғана көкшіл өті, бидай дәніндей ғана торсылдағы мен жіптік-жіптік ішек-қарны ақтарылып сыртқа шығады. Өңшең тоқ балық. Және көп. Кемпірдің саусағы епті, мен үшеу-төртеуін тазартқанша, оншактысын аршып тастады. «Сонымен, шешей?..»- дедім кемпірді әңгімеге тартып. Әрине, ас үшін емес, әңгіме үшін бөгелгем. «Иә, — деді кемпір терең күрсініп, Маган бажайлай карады. — Тілің таза екен. Осы сен шалақазақтар ішіндегі таза қазағы болып жүрме». «Рас», — дедім. «Туған жерің қайда?». «Туган жерім Есіл еді. Өскен жерім Сарысу». «Онда біле қсймассың, — деді кемпір. — Анау Ақжайқыннан мына Қамқалы көлге дейінгі жерді еркін жайлаған Уыз деген мырза болған. Уыз бай. Мүмкін естіген де шығарсың. Шеше, шеше деп отырсың, бүгінгі түріме қарама. Менің жасым сенен кіші болса керек, отызға жаңа іліндім. Алмаш еді менің атым. Уыз байдың дәурені жүріп тұрған кезінде атағымды естіп айттырып, қырық жетіні матап беріп, сонау Созақтан алған сұлу тоқалы мен едім, Бүлықсыған он алты жасымда, күні кеше ғана. Менімен бірге байдың ақ отауына құт келді. Сол жылы екінші ұлы Петірборға, үлкен оқуға кірді. Тұңғыш ұлдың қатыны ұл тауып, жақсы көретін жалғыз қызына баяғы Байзақ датқаның әулетімен құда болды. Уыз мырзаның жасы қырықтан жаңа асқан, атан өгізді құдықтан тартып шығаратын, қайраты кемел шағы. Мені тоқал емес, үлкен келіндей ерке

ұстады. Айтып айтпай не керек. Уһ… Ауылымыздан ойын-сауық, жиын-той арылған емес. Алаштың жақсысы үйімізге соқпай өтпейді. Орыстар да келетін. Үлкен ұлықтар. Жиһанкез оқымыстылар. Бұл орыстардың түрі де, мінезі де басқа еді. Кейінгілермен салыстырып айтам. Өңшең марғасқа. Сырбаз, сыпайы. Тіпті, тәкаппарлығына дейін жарасымды. Бай-екеңнің атын атамайды, «Мурза» деп қана сөйлеседі, мені «Ханум» дейді, бірде омырауы толған шен, бет-аузы толған сақал, бірдеңе бірдеңені дейтін оқымысты ұлық қолымнан да сүйді. Міне — мына қолымнан!» — Алмаш қап-қара көн болып, жарылып-жарылып кеткен, қу сүйек қолын көрсетті, тырнағы аз-маз өскенімен, саусақтары салалы, түзу екен.

«Ерке болдым, қызықты дәурен кештім, — деді Алмаш сөзін сабақтап. — Отызға толғанда он сегіздегі өңім сақталып еді… Тек… нәресте көрмедім. Өзім іштей уайымдағанмен, ешкім кем санамайды, бәйбішенің балалары тегіс апалап тұрады, келіндерімнің етегінен өрбіген сәби түгел менің бауырымда. Мен түскен жылы оқуға аттанған Әлижан Петірбордан демалысқа келгендс арнайы сәлем береді. Төрт құбылам түгел еді. Бір мен емес, барлық жұрт шат-шадыман болатын. Жарлы-жақыбай бар, малшы-жалшы көп, бірақ аштан өлген қазақ жоқ еді… Жаңа өкімет жеңді, заман бұзыла бастады. Бұрынғы, маңдайы кере қарыс, сақалы қауғадай, жылы жүзді, өңі суығының өзі кісілікті, маңғаз орыстардың орнына өңшең қару асынған, қылыш байлаған, көздері шақырайған, түстері ызбарлы, өз-өзінен ашулы басқа бір орыстар келді. Бұл кезде Орынборда үлкен қызметте жүргсн Әлижан мырза алаш азаматтарымен бірге қамауға алынғаны туралы хабар жетті, ізінше, інісімен сыбайлас деп, байдың үлкен ұлын әкетті. Көп ұзамай қалқоз басталды. Қолдағы аз ғана мал түгел алынды. Ол мал ортада тағы тұрған жоқ. Ресейге көмек деп, осы өкіметті орнатқан жұмыскерге жәрдем деп, дүркін-дүркінімен айдап әкетіп жатты. Көгенде қотыр лақ қалмады. Сонда да жан бағуға болатын еді. Жұрттың сойып алған соғымы бар. Бұрыннан жиған құрт-майы бар. Мылтық асынған белсенділер үй-үйді аралап, кебеже, сандыққа дейін ақтарып, қора іргесінен қырман басына дейін қазып, тіске басар дәм атаулыны сыпырып отырды. Ақыры міне… Ордалы жұрттың орны ғана үңірейеді. Қаптаған елден карасын да таппайсың. Түгел кетті. Барымызды шьшшымдап аузына тосқан, ажалы жетпеген екі немере қалды. Жанымның сірілігінен мен қалдым…»

Әжептәуір отырдық. Шабақ бІтер емес. Қауға ішінде қарындары тырсиып, жапырлай төңкеріліп жатыр. Қол сұқсаң түбі құрттай қайнайды. Аршылып, темір шелекке көшкені онның біріне жетпейді. Мен жалығып, қажып кеттім. «Е-е, жарар енді, — деді заманында қымыз бен шұбаттан басқаны ішпеген, қазы мен қартадан басқаны жемеген, бір кездегі сұлу тоқал. — Мына, бетінде жүрген үлкенірек бес-алтауын аршысақ болды!» Жіті қимылмен сәбидің шынашағындай ғана шабақтардың оншақтысын бірінен соң бірін сығып, шетінен тазартты да, қалғандары қауға түбінсн қос қолдай сүзіп алып, темір шелекке түгел көшірді. Үстіне жаңа ғана өзіміз жалдагай судың шеткері тұнығынан төрт-бес ожауын әкеп құйды, шырт еткізіп шақпақ шағып, күні бұрын жинап койған шөпшсгін тұтатты. Ағаш мосысы да әзір екен, шелекті лаулаган от үстіне ілді.

«Қырық жыл қырғыннан да тірі шығатын ажалсыздар болады ғой, — деді Алмаш аузы-басы тобарсып, отқа шөпшск қалап отырып. — Аман қалған қадау-қадау кісілерді жинап, қайтадан қалқоз жасап жатыр дейді. Кеше төменнен бір топ жаяу өтті. Үй басы мал береді дейді. Қужак Кәләшокін кетті, Стәлін білмепті, енді жұртты жарылқамақ. Тек қалқозга кірсе болганы. Кім сенеді. Қалған елді жинап алып, амалын тауып, тағы да қырғалы жатыр.

Бірақ жан сауғалар жерің кане. Енді аяйтын нең бар. Мылтықпен келіп, айдап әкетіп жатса көрерміз. Әзір осы жерден бүйырған несібемізді жейміз. Анау тұста, жар астында күркеміз бар. Қысқа дейін қанша заман…»

Шелек бұрқылдап қайнап, іші толған шабақ қуырған қарамықтай аппақ боп жарылып, шат-шәлекей араласып жатыр. «Болып қалды, — деді Алмаш, мен үңіле қарағанға, карны ашып отыр деп ойласа керек. — Енді сәл ғана…» Аздан соң шелек оттан түсті. Ішіндегі қайқия бырысқан, ішек-қарны жарылған, түйіртпектене бөлінген шабақтар түбіне тұныл, қайнаған су шымырлап барып басылды. Басылған кезде қарасам, беті көлкіген май екен. Кәдімгі май. Алмаш қалқи сүзіп, жарты кеседей сап-сары кегілжім май алды. Шелек асылғанда от басына келген, үнсіз телміріп отырған екі немересіне жарты қасықтан ішкізген. Содан соң агаш касықты көсіп алып, маган ұсынды. «Алда жарылқасын, — дедім мен. — Өзің іш. Балаларыңа сақта». Алмаш майды аузына апара берді де, кесеге қайта құйып, қасық басын жалаумен шектелді. Содан соң ботқа болып кеткен шабақтарды түгел сүзіп алып, жеке ыдысқа салды. Қымыз ішетін үлкен шара аяқ екен. Ортаға тақау шықты.

Енді жейтін шығармыз дегем. Жемедік. Алмаш түйіртпек ботқаны қасық сыртымен одан әрмен араластырып, жаныштап, майдалай бастады. Көріп отырмын, аршылмаған шабақтардың ішек-қарны, жыны мен еті қоса ұнталып жатыр.

Ісіне тиянақты әйел сияқты, мұқият езіп болған соң, үстіне екі касық май құйып, тағы араластырды. Содан соң жер түстес қоңырқай, қою ботқаны менің алдыма қойған. «Жартысы сенікі, мырза жігіт, — деген. — Сен болмасаң, ширегін де ұстай алмайтын едім. Жеп, әлденіп ал. Шөлдесең су мол. Ал енді…». Өзі саусағының ұшымен шөкіп алып, ұядағы қарақанат балапандар сияқты аузын ашқан екі ұлды кезекпе-кезек жемдей бастады. Мен дүдәмал көңілмен аз отырдым да, адал асқа қол создым. Дәмі қышқылтым, соншалық сүйкімсіз екен. «Балықтың өтінен, — деді Алмаш. — Залалы жоқ. Мүмкін, іштегі уды жоюға пайдасы да бар шығар. Аз болса, түгелге жуық аршитын едім. Өзің де асықтың. Ештеңе етпейді». Мен көңіл үшін тағы екі-үш түйірін алдым да, кетпек ыңғай білдіріп, етегімді қақтым. Қоржынымда бітеу қазы, майлы жая, тағы қаншама сүр бар еді. Екі аптаға өлшеп алып шыққам. Бірдеңе берсем бе, бермесем бе деп ойланып, тағы аз бегелдім. «Бізге ештеңенің керегі жок, — деді менің ойымды сезгендей Алмаш. — Құдайдың көзі түзу болсын. Ал сен, жапан түзді жолдас қылған мырза жігіт, бұл жақта көп бөгелме. Атың да мықты, каруың да сай сияқты. Бірақ өкіметтің көзіне түссең тегін жібермейді». «Олар да аштан өлмеп пе еді?» — деп сұрадым. «Аштан өлген белсенді көргем жоқ, — деді Алмаш, — Райкомың да, аткомың да, пүркорал-сотың мен кепеуің де бала-шағасы, шаңырақ-үйелменімен тегіс аман. Ендігі жалғанда солардың ұрпағы жасайды. Қанды жерде құзғын семіреді деп бұрынғылар бекер айтпаған. Сақ жүр. Келген жағыңа қайт. Бұл елдің ғайыптан тірі қалған жақсы азаматтарына кездесе қалсаң, Алмаш сұлудың колынан дәм таттым дегейсің. Тірі екен, екі немересін қатарға қосу үшін ит етін жеп жүріп аман қалыпты, енді шабақ аулап, лай судан май сүзіп жүр дегейсің. Замам оңалса, дастарқан қайтадан толып, қарын тойса, тәубасын ұмытпасын, ел бүлінген шақта аштан өлген мың сан мүскінге дұға қыла жүрсін дегейсің. Саған да айтарым осы, мырза жігіт. Қайт келген жеріңе, пәлеге жолықпай тұрғанда!..»

Бірақ мен қайта алмадым. Қаралы алқапты жағалап, тағы екі-үш күн жүрдім. Дала кезіп, аң, құс аулап, су бойлап балық ұстап,

әлдебір себеппсн қор сақтап, ең аяғы ит жеп, тышқан қазып, әйтіп-бүйтіп ғайыптан аман қалған біраз адаммен кездестім. Аңдай сөйлескем, Сарысудан туыс іздеп шыққан жолаушы болып біраз жөнге қаныққам. Ақыры арып-аршып, Көкжайлауға жеткенде, үрейленіп, уайымдап отырған катын-баламмен, қарт әкеммен қауышқанда Жерұйықты (түпнұсқада «Обетованная земля» — М.М.) жаңа тапқандай еркін тыныстап едім.

Сырттан қайыр жоғын, дүние ойран болып, іргелі елге заманақыр орнағанын білген соң, біз тұйықтан шығар, өткенге оралар жол кесілгеніне біржола тәнті болдық. Әкей де, мен де мәңгібақи осында қалатынымызға ден қойдық. Айтпай ұғысқамыз. Бізді ендігі әлеммен жалғастыруы мүмкін жалғыз-ақ жіптік бар. Ол — қарындасым Айсалқам. Біз әйтіп-бүйтіп бой тасалап жүргенде Сарысудағы басы асау барлық тама ойға қарай төгіліпті. Арқадағы зорлықшыл өкіметке бой ұсынбай, Орталықтан келген, осы жүгенсіз заманның өзінің шегінен шығып, ойына келгенін істеген қаныпезер, зорлықшыл әкімді қосшыларымен бірге, тірідей кескілеп өлтірген де, бір-ақ күнде түп көтеріле көшкен. «Ескі жұрттың қасқыры жеткен жоқ, жаңа жұрттың касқыры білген жоқ» дегендей, арғы өкімет қуып жете алмай қалады, бергі өкімет жаңа тәртіп орнатып үлгермейді, екі ортада әлейім- тәлейім басталған. Әрине, олардың да барын сыпыруға кіріскен, бірақ ешбір есепке енбеген, орнығып қоныстанбаган жалпақ жұрттың біраз малы кең даланың әр тарабында қалып қойса керек. Тама дін аман, көп болса, жартысы ғана аштан қырылды дескен білетін адамдар. Сол тірі қалған жарым жұрттың ішінде біздің Айсалқам жоқ деп кім айтар. Үміт мол еді.

Заман азған, адам тозған кезде ең үлкен бақыт — бас амандығы, ең үлкен қуаныш — қарын тоқтығы десек, біздін бақыт — өлшеусіз, қуаныш — кенеусіз екен. Өмір үйреншікті арнаға көшті. Күн озған сайын тіршілік жеңілейе түсті. Көңіл таза, уайым жок, жер бстіндегі алғашқы кісілер сияқты тіршілік кештік. Жұмыс ауыр болмаса да жеткілікті, алданыш мол. Өмір қызық. Мұндай иендегі оңаша ғұмырды, әдетте, бірыңғай күндер, қалыпты тіршілік деп сыпаттар сді. Ал біздің бір күніміз бір күнімізге ұқсамастай, тіршілік те бай, сан салалы. Мен осы медиенде өткен соңғы он алты жылда аса бір мағыналы ғұмыр ксштім деп ойлаймын. Іші-сыртым бірдей тазарды.Өмір мәнін, замана жайын түсінгендей болдым.

Өкінер, қайрылып қарар ештеңе қалмаған. Тағдыр алда қандай сыбаға тартса да реніш, кейіс орынсыз. Бәріне ризамын. Өйткені мен он тоғызға жетпей үзілген өмірімді жазмыштың күшімен қайта жалғастырдым, екі емес, үш есе ұзарттым. Әке таптым, жар таптым, бала сүйдім. Сондықтан әр күнім қуаныш еді. Кесірленер, қамығар ретім жоқ.

Тәңірі тағала өзінің даладағы киігіне дейін ұмытпайды екен. Ал адам ше? Өзімізді айтпаймын. Кеше ғана жүз мыңдап қырылған қалың қазақтың құдайы не бітірді? «Орнында бар оңалар. Тұқымы тұздай құрымаса, кенересі қайта толар», — деген әкей. Тіршілік үшін таптырмас философия. Ал өмір мағыналы арна табуы үшін, адам өз жерінде отырып, өзін кісі сезіну үшін тағы басқа көп нәрсе керек. Мен тағдыр қосқан халқымның оңалып келе жатқанын көрдім, бірақ оңып кетеріне көзім жетпейді. Өте қиын, шарасыз халге түсті ғой. Қазаншұңқырдың ең түбінде қалды ғой. Баса түспесіне, жаныша түспесіне, үстінен тағы бір топаңды қаптатпасына кім кепіл… Күлкілі. Оғаш. Мен — өмір бойы өз басын сауғалаудан аспаған Станислав- Стамбек, арысы ұлы Россия, берісі іргелі Қазақстан туралы ойлауымның өзі сөлекет емес пе. Бірақ… бүкіл ел, ең үлкен халықтардын өзі мен сияқты жекелеген адамдардан құралады ғой. Солардың әрқайсысы… Мұным да ақымақшылық. Утопия. Бір тал ши, тіпті, зәулім бәйтеректің өзі, бір тал, бір шоқ түрғай, миллион шыр-пылы қалың ши, ойды-қырды жапкан мыңдаған түп ағаш бүкіл даланы, қалың орманды қамтыған қызыл өртке қарсы тұра ала ма. Адам да сол сияқты. Замана зұлматын ешкім де тоқтата алмақ емес. Тұтас бір халықтың, ұлы мемлекеттің дымын өшіру үшін жалғыз-ақ ұшқын жетіп жатыр. Сол ұшқынды тұтатпасам да, тұтатуға дем берген мен сияқтылардың күнәсі кырық жыл иенде тұрса да, күн сайын кырық мәрте сәждаға жығылса да кешірілмек емес. Қанмен ғана жуылар, қазамен ғана өтелер қылмыс…

Өзіңмен кетсе жақсы ғой. Тағдырдың құлаштай сілтеген гүрзісі әуелі жақындарыңның басына түседі екен. Неткен қатыгез жалған!.. Жоқ! Сен тудырған заман сенің өзіңнен қатыгез емес.

Мағауин, М. Шақан-Шері [Мәтін] / М. Мағауин. Алматы: Жазушы, 1993. — 448 б.

Төлен Әбдік

ӘКЕ

(повестен үзінді)

Жаз бойы Жыландыға барып қайтуға көліктің реті келмеді. Әкем:

— Әпсаттардың үй-іші не күйде екен, қыр жақтың жағдайы жақсы емес деп жатыр ғой, барып білуге халдеріңнің келмегені-ау, — деп зарлай береді.

Сөйтіп жүргенде күз келді. Артельде күш қылатын адам соншалық көп емес. Шөптен шыға алмадық. Ақыры қыс түсті. Қыста қайда шығасың. Қамалып отырдық та қалдық. Келесі көктемде судың қайтуын күттік. Содан не керек, жаздың ортасында өзіміздің артельге қосқан торы атқа мініп, Жыландыға тарттым. Жаз ерте түскен еді. Қырдың шөбі де қурап кетіпті. Жыландыға дейінгі тоқсан шақырымға жуық аралықта Дауқардан басқа жерде ел жоқ. Онда да Қожай деген кісі ата-мекені болған соң шыға алмай отыратын. Шөлді жер. Құдықпен ғана күн көреді. Таңертең ерте шыққан адам торы атты зорықтыра жаздап түнде әрең жеттім. Келсем, Әпсаттардың үйі жабық. Терезесін қағамын, есігін қағамын, ашпайды. Есікті сындырып ашып, үйге кірдім. Тастай қараңғы. Тіршілік иісі сезілмейді. Зәрем зәр түбіне кетті. Әбден запы болған жүрек тағы да бір жаманшылықты сезді. Жанұшыра жүгіріп Айтыбайдың үйіне келдім. Айтыбай да, әйелі де төсек тартып жатыр. Жөн сұрадым.

Айтыбайдың айтқаны:

— Осыдан бір ай бұрын Әпсаттар үй-ішін ертіп алып, жаяу ойға кеткен. Мұндағы жағдай сендердегімен бірдей емес. Жатысымыз мынау. Ауылнайың белгілі Омар ғой, Малдыбайдың тұқымы. Ой жаққа мен де кетіп қалғым келіп еді. Бәйбіше ауру болды да, жете алмаймыз ғой деп қорықтым. Әпсаттардың жетпегені-ау, шіркін-ай. Олар шыққанның келесі күні-ақ әуе айналып жерге түскендей ыстық болды ғой. Өлмегенге өлі балық кездесіп, бір жөні болмаса, әй, қайдам… Бір айдан бері нағып түк хабар жоқ…

— Не дейді?! — деп өкіріп қоя беріппін.

— Қой, жаманшылық шақырма. Өлігін көзіңмен көрген жоқсың. Бір жерде отырған да болар… Жылама, — деп жұбатты Айтыбай.

Әпсаттардың үйіне әкелген азғантай тарының жартысын Айтыбайдікіне беріп, таңертең Әпсаттарларды іздеуге шықтым. Көңілімде ешқандай үміт жоқ. Шыққанына бір ай болса, қандай үміт болсын. Қара жолдың айналасына көз жіберіп, аяңдап келе жатырмын. Жол маңында көзге ілігер қара жоқ. Қу медиен дала. Анда-санда ұшар төбенің басына айқайлатып салған зираттар, шошақ тамдар, обалар… Сордан өтіп, Дауқараға дейін келдім. Дауқарада ел жоқ екен. Қожай қайда екені белгісіз, көшіп кетіпті. Құдығында ит өліп жатыр. Енді жолды тастап, обалардың төңірегін шарладым. Ақыры іздеген сорыма жетіп тындым. Үлкен жолдан Төлек сайына бұрылатын тағы бір жол бар еді. Сол жолдың бойында жатқан баланың киімін көрдім. Көп ұзамай тағы бір дорба… одан әрі Әпсембеттің пешпетін кездестірдім. Зәре кетті. Айдалада аңырауға өз даусымнан өзім қорықтым. Күн еңкейген шақта жолдың шетінде шашылған адамның сүйегін көрдім. Баланың сүйегі екен. Төрт-бес шақырымдай жүргеннен кейін Әпсаттарлардың өліктерінің үстінен шықтым. Әйелінің сүйегі қатарында жатыр. Екінші балалары өздерінен бұрын өлген болуы керек, жолдың екінші бетінде. Еттері ағып кетіпті. Киімдері сүйектеріне жабысып қалған. Жылауға шамам келмей қалды. «Аллалай» бердім. Әпсаттардың өлігі көз алдыма келсе, осы күні де кейде екі қолымды төбеме қойып, безіп кеткім келеді.

Не істерімді білмей, мәңгіріп біраз отырдым да, құдайға сиынып, «құлхуалла» қайырдым. Адамның ондайда буыны кетіп қалады екен. Үш ұмтылып, орнымнан әрең тұрдым. Жолдың арғы бетіндегі баланың сүйегін «бісіміллә» деп көтеріп алып, қатарға қойдым. Сосын атыма мініп, кейін қайттым. Түн ортасында Айтыбайдікіне жеттім. Айтекең басын көтерген екен. Менің әңгімемді естіп болған соң, көңіл айтып, жұбатқан болды.

— Күн болса аңызақ, баламен шыққан адам шөлге шыдай ма. Бекер қылды, кетпей тұра тұруы керек еді, — дейді баяғы.

Атымды суардым. Өзім де қаталап қалған екем. Ақсу қайнатып ішіп, есімді жидым. Таң ата Әпсаттардың қорасынан кетпенін алып, кешегі ізіме қайта түстім. Жолай кездескен бірінші баланың сүйегін дорбаға салып, үшеудің қатарына қойдым. Сосын түске дейін сол жерден төрт адам сыятындай ұзынша қабір қазып, ағам мен жеңгемді екі баласымен көмдім. Басына құран оқыдым да, белімді шарт буынып, атқа отырдым. Ауылға келгенде үйдің ішін-

дегілер менің түрімді көріп, шошып кетті. Бәрін айттым. Әкемде ес жоқ. Құр лоқсып, құса береді. Дүйсен көп жылады. Ақыры әйтеуір сүйегі далада шашылып қалмай, топырақпен көміп, төмпешік шошайтқанға шүкіршілік етіп, сабамызға түстік.

— Далада қалса, тіпті таба алмай қалсаңдар, қайтер едіңдер. Оған қарағанда, құдайға шүкір сүйегін таптыңдар, енді өткен-кеткенде басына соғып, құран оқып тұратын белгінің болғаны да құдайдың аянышы шығар, — деп жұбатты біреулер. (Осы тұста әкем мынау бір Әпсаттар өлгенде шығарған күйім еді деп, мойнын жезбен қаптаған ескі домбырасын алдырып, қазақтың ескі қара өлеңінің ізімен шығарылған зарлы күй тартар еді).

Әбдік Т. Әке. — Алматы: Қайнар, 2005. — 376 б.

Смағұл Елубай

ҒАРАСАТ МАЙДАНЫ

(«Ақ боз үй» романына үзінді)

1

Аспанда Күн тұтылғандай. Лабақ ахун көп айтатын «ғарасат майданы» басталғандай. Көзі жас, көңілі пәс Хансұлу құмсақ жолменен ілбіп келеді. Арқасында — бөпесі. Артта, бел астында моладай қаңырап ауыл қалды. Алда — шаң буып мұнартқан беймағлұм көкжиек. Белгісіз тағдыр. Бұлар жаяу-жалпылап шұбырып келеді. Алыстан, арқа тұстан жұртта қалған иттердің созылтып ұлыған үндері естіледі. Жаманат хабаршысындай аспан астын құлазытып күңірене ұлиды. Хансұлу енді бұрылып кейін қарауға жүрегі дауаламады.

Сәскеге көтерілген Күн көзі шағырмақтанады. Шөл даланың әр тұсынан шаңыт бұрқылдайды. Бұта біткен боздап уіл салады. Көзге қиыршық құм ұрады. Жалпақ дүние бір уыс, тарылып тұр. Бір ғаламат қалайда басталды. Жүрегі қалтырап қорқып келеді Хансұлу.

Құмайт шағыл аралап ирелендеген аяқ жолменен үздік-создық шұбырған ел. Жыңғылды алаптан өте бергенде жол жиегінде біреудің ағаш сандығы калды ауызы аңқиып. Жақындай бере таныды, Күлзипаның қара кебежесі екен, әспеттеп төрінде сақтап жүрген.

Жол шетінде жатқан әшекейлі сүйекті қара кебежеге бұлар бір-бір қарады да, жұмған ауыздарын ашпастан өте берді. Не әкесінде, не шешесінде, не Дәу апада тіл қатуға деген құлық болмады. Жалғыз ғана, арқасындағы Түгелхан шыдамады, сұқ саусағын шошайтып:

— Ап! Ап! — деп, кебежені көрсетті.

Хансұлу соң білді. Күлзипаның кәрі әкесі бар еді, ауызы ұрадай опырылған. Сол шал жүре алмапты. Күлзипа сол әкесін есекке мінгізіп, қара кебежесін лақтырған екен.

Ұзақ жүруге шама қайда, іркіс-тіркес шұбырған жұрт түске таман жолшыбай кездескен шоқ жыңғылдың арасына кіріп ығын паналап шоғырланып іркілді. Жүктерін түсіріп, төңіректен шөпшек жиып, бықсытып әр жерден от түтетті. Шәугім-шәйнектеріне су толтырып отқа қойды. Жұрттың соңын ала жеткен Хансұлулар да іркілді. Жыңғылдың түбіне жүк түсіріп, ықтасынға алаша жайды. Әр бұтаның түбінде түстенгелі жатқан бір үйлі жан. Ескі дағдымен түскі ас қамына кірісіп жатыр. Айтудың құмында отырғанда Хансұлу сығандардың тобырын көргені бар-ды. Қазіргі мына шұбырған елдің жыңғыл арасына кеп түстеніп жатқан кейіптері дәл сол сығандардан аумай қалыпты.

Қыз-келіншек, қатындар жер-жерден бықсытып от жағып, шәугім көтеріп жатса да танауға бәрібір ет иісі, сорпа иісі келмейді. Содан болуы керек, қатындардың шаңқылдап бала-шағаға ұрысқан ащы үндері жиі естіледі.

— Қағынды келгір, әрі тұр, отқа түсеме-ай мына қояншық! — деп жатыр Қатира ошақ басына емінген балаларын қарғап-сілеп.

— О, шұнақ Құдай! Шұнақ Құдай! — деп бір қатын зарланып, Құдайды қарғыстың астына алып жатыр.

Желкем күн ашық аспан астында Хансұлу жайған шағын дастарқанды қоршап, екі үйдің төрт-бес жаны қуырылған жүгері, зағра нан, ақ су шайға апақ-жапақ бас қоя берген. Сөйткенше Дәу апа дауысы дірілдеп:

— Ойбүй, жазған-ай! — деді. Сөйтсе, бөлек-бөлек дастарқан басында отырып қалған жұртшылықты аралап, қолында тостағаны бар бір бала келеді екен. Майлыбай мүсәпір деген бар еді. Қой аузынан шөп алмас, момын еді. Бала-шағасы тоғыз ба, он ба, көп болатын. Ас-суы таусылатын реті бар еді пақырдың. Қайыр сұрап келе жатқан соның баласы екен.

Әркім дастарқанынан бір нәрсе шымшып алып баланың созған тостағанына салып жатты. Кейбіреулер көзін алартатын болуы керек, бала жылыстап өте береді. Қолында жамаулы тостағаны бар, жалаң аяқ, жалаң бас, бұтындағы дамбалы өрім-өрім, он екілер шамасындағы ер бала бұлардың жанына келді. Жазған баланың назары төменшіктеп, кісінің бетіне тура қарай алмайды. Төмен қарап тостағанын созып тұр.

— Ау, жақындау керек! — деді Пахраддин, дастарқан үстінен бір уыс қуырылған жүгеріні ұсына беріп. Бала үрке басып жақындады. Пахраддин тостағанға үңіліп қарады. Тостағанға Хансұлудың да көзі түсті. Баланың бүкіл ауылдан манадан бері жиған тары, жүгерісі бір уысқа да жетпейді екен.

— Манадан жиғаның осы-ақ па?- деді Пахраддин, танауы шуылдап өз көзіне өзі сенбегендей.

Бала бас изеді.

Пахраддин Сырғаның тізесінің астында жатқан шүберек қалтадан және бір уыстай жүгері алып, баланың тостағанына тастады. Бала ұстап алатындай шапшаң бұрылып бүлкілдей жөнеді. Сырға шаршаулы назарын отағасыға қадап, сәл қабақ шытқандай болды.

Пахрадцин бәйбішесін түсінді. Түсінді де шарасыз күй кешіп:

— Е-е! Е-е -е!!! — деп, ауыр бір күрсінді. Еңсесі күрт түсіп ойға кетті.

— Әнеки, тағы келеді, таратып бер, енді мына қалған бір уыс бидайды да!.. — деді Сырға. Ақырын айтса да күйініп айтты. Пахраддин басын көтерді. Қараса жетім қозылардай жан-жақтан өріп келе жатқан өңшең жоқ-жітік балалар.

— Ей, қарақтарым! Қайда келесіңдер ентелеп, түге?! — деп қалды зор дауысты Дәу апа. Балалар үрпиісіп тоқтай қалды.

— Келіңдер! Келіңдер! — деді Пахраддин. Дауысы қатқыл.

— Көкесі-ау!.. — дей беріп еді Сырға, Пахрадцин:

— Жә, доғар! Өлсек бірге өлдік! Осы нәрестелердің жанынан артық емес менің жаным! — деді ширығып.

Әңгіме осымен бітті. Пахраддин әр баланың жайған алақанына бір-бір шөкім бидай салып жатты.

Осы жұртта Күлзипаның кәрі әкесі үзілді. Үн шығармай тез жерледі оны ел. Түс ауа тағы шұбырды.

… Хансұлудың бір қорыққан адамы Балқия еді. Бұрынғы күйіне басса, кез келген уақытта, басы ауған жаққа тұрып жүре беруі

керек еді. Жоқ, Балқия өйтпеді. Жетекке ерген ботадай томпаңдап қалмай келеді қатардан. Жат қылығы болмағаннан кейін Дәу апа да, Хансұлу да оны аңдуды қойды. Бірақ, қызықты қараңғы түскесін көрсетті Балқия.

Іркіс-тіркіс шұбырған ел түс қайтқасын да екі-үш бел асқан. Кеш түсе қойселеуі молдау құмсақ бір шағылды қоналқыға таңдап іркілді. Есектерді жайылсын деп селеуге арқандап, өздері шөпшек жинап от жағып, жүктен ықтасын жасады. Айсыз қою қараңғы түнде шағылдың тұс-тұсынан от лапылдап, адам қыбырлап төбе үсті пері қонғандай құжынап жатты.

— Ойбүй! — деді бір кезде от жанында отырған Дәу апа орнынан түрегеле беріп. — Құдай безгелдек, келін қайда әлгі?!

Бұлар жүктерді шешіп жұмсақ құмның үстіне төсек жайып күйбеңдеп жүргенде Балқия жандарында сияқты еді.

— Балқия! — деп дауыстады Дәу апа. — Балқия-ау-ууу?!

Тым-тырыс. Пахраддин бастап бәрі түгел өре түрегедді. Оттан қашықтап түн ішіне таман барып, бәрі қосылып: «Балқия! Балқия!» деп, айқайға басты.

Аспан бұлтты. Көзге түртсе көргісіз қараңғы. Хансұлу отыра қалып үңілді көкжиекке. Не көп, жан-жақта бұталы шағылдар көп. Кенет түн түкпірінен сықылықтаған әйел күлкісі шықты. Хансұлудың тұла бойы түршігіп кетті.

— Мына жақта! — деп, әкесі далпылдап тұра жүгірді түн ішіне қарай. Әлгі есалаң күлкіден кейін Хансұлу қостан көп ұзауға қорықты. Пахраддинмен бірге ауыл еркектері де кетті дүрсілдеп жүгіріп.

Балқияны қуған кісілердің айқайы түн ішіне қарай кем-кемдеп ұзай берді.

Хансұлу шешесі екеуі түн жамылып бірауық тұрып, кейін қайтты. Түнгі даланы бастарына көтеріп, қанша айқайлағанмен бұл түні Балқия таптыртпады. Таң сәулесі жерге түсісімен сұр есектің беліне отырып Пахраддин Балқияны іздеп кетті. «Ашыққан елді іркуге болмас, алға қозғала беріңдер!» деп тапсырды Лабақ ахунға. Дәу апа, Хансұлу, Сырға бәйбіше жүктерімен осы шағылдщ басында күтетін болды Пахраддинді.

Пахраддин із кесіп әлектеніп жатпады. Кешегі келген жолға түсіп ескі жұртқа қарай тартты. Көп ұзамай жерге жарық түсті. Күн шықты. Таң алдында ғана сәл-пәл сіркіреп өткен жаңбырдың

иісі бұрқырайды. Топырақ, жас шөп иісі кеңсірікті жарып барады. Сендей соғылысып алажабыр бұлт көшіп жатыр аспанда. Жалғыз аяқ жолға көп ұзамай Балқияның да ізі келіп қосылды. Балқия жолменен жалаң аяқ ызғып тартып отырыпты. Тіптен кідірмепті. Бүлкілдеп жүгіріпті әлсін-әлсін. Пахраддин да аямады есекті. Ызғытып айдап отырды. Содан екінді әлетінде ғана жақындады кешегі ауыл маңында іркіліп өтетін көлденең белге. Оған шықса ескі жұртта қалған ауыл көрінеді.

Сұр есек мамырлап құмсақ белге тырмысып шығып келеді. Осы арада Пахраддинді бір сезім биледі. Күтпеген сезім. Ол — жұртта қалған ауылға қараудан сескенген, белгісіз үрей еді. Қайта айналып келмеуі керек еді жұртқа, қаңырап қалған қара шаңырағын көрмеуі керек еді.

Есегі, сөйтсе, асудың үстіне де шығыпты. Есектің аты есек емес пе, иесіз ауылға қарап құлағын тікірейтіп ал кеп ақырсын.

Құм арасы қазан шұқыр ойпаңда үйректің жұмыртқасындай томпиған қоңыр үйлер. Есектің дүниені көшірген дауысынан кейін сыртқа адам қара жүгіріп шығатындай қарай қалды Пахраддин. Бірақ, ауыл селт етпеді. Жабулы есіктер жабулы күйінде тұра берді. Қаңғыбас құйын ғана шайқақтап жер ошақтардың күлін көкке ұшырып, ауылды аралап өтіп барады.

Шағыл төбенің басындағы Бұлыштың томпайған жалғыз моласына қарай бұрды есегін. Жан-жағы да қоршалмай, басына қадау ағаш шаншылған жалғыз ғана төмпешік боп жатыр баяғы Бұлыш. Есіл Бұлыш.

— Боздағым-ай! Есіл азаматым-ай! — деді есегінен түсе берген Пахраддин. — Сен бар екенсің ғой! Сен жатыр екенсің ғой!

Пахраддин жүресінен отыра қалып көз жасы бетін жуа отырып, аят оқуға кірісті.

Жануар сұр есек иесінің мына тосын халін түсінбей құлағы салпиып тұра берді.

Әлден уақытта Пахраддин көзін сүртіп тізесінің құмын қаққыштап орнынан түрегелді. Байқаса, моланың төңірегінде Балқияның жалаң аяқ ізі жатыр. «Өй, антүрған-ай!» деп еңсесін тіктеп таң қалып жан-жағына көз жіберді. Кенет көзі анадай жерде шоқ дүзгеннің тасасынан сығалап тұрған келіншекті шалып қалды. Сол-ақ екен, Балқия жалт берді.

— Балқия! Өй! Қашпа! Өй! — деп, Пахраддин тұра ұмтылды кеп.

Балқия байғұс қобырап тарқатылып кеткен шашы арқасында лықсып, ақ табаны жарқылдап зытып барады, тап-таза құм бетімен. Үстінде өрім-өрім ескі бөз көйлек, Тәңір алғырдың тоқ балтыры жарқ-жұрқ етеді.

— Ай! Хай! Ұрып кеткен, тоқта! — деп аяғында етігі, үстінде шапаны жүгіре алмай қорбаңдап келеді Пахраддин. «Тәңір алғыр, жабайы болып кеткен бе, киіктей жүйткуін!». Балқия артына жалтақ-жалтақ қарап қойып қайқайып тартып барады.

— Балқия! Сәл кідірші, айналайын! Балқия! — деп айқайлап келеді Пахраддин. Бірақ, жалаң аяқ есалаң келіншек сөйткенше қыр асып та кетті. Пахраддин жүгіре алмады. Демікпесі ұстап ырсылдап қалды. Кеудесін әрең сүйреп сусыма құм төбеге де көтерілді-ау итшілеп. Қайда, бұл кезде Балқияның әлдеқашан қарасы батқан-ды.

— Қап, мына бейбақтың азабы-ай! — деді, төбе үстінде іркіліп, ұшы-қиырсыз шалқар құм әлеміне көз жіберіп тұрып. Қайда қарасаң да жал-жал құмдар.

Балқияның ізіне түсіп сөлпектеп жүгіріп және бір төбеге шықты.

— Бұ қараң батқырдың қарасы қайда батты? — деді күйініп. Сөйтіп тұрғанда есегі ақырды, манағы қалған тұстан. Бұрылып қараса, тұсаулы есегі ары қарай шапшып секіріп қашып барады. Оның ізінен ит пе, қасқыр ма, әйтеуір, бір қос көлеңке тақымдап қуып барады. Бұл ес жиып үлгіргенше, есегі сол ытырынып қашқан күйі ойпаңға құлап көрінбей кетті.

Пахраддин есеңгіреп сәл түрды. «Қасқыр!» деген ой сап етті басына. Сол-ақ екен, тұла бойы мұздап қоя берді. Сөйтсе, байғұс есек мана ақырамын деп басына пәлені шақырған екен ғой. Түу, атаңа нәлет, енді көрмегені осы еді! Балқия болса құрыды құм арасына тастай батып, судай сіңіп. Өзінің тұрысы мынау сөлпиіп. Бұ кезде қос қасқыр сұр есектің кеудесін үңгіп жеп жатқан да болар. Есекті жайғап болып, атойлап қос қасқыр сайдан шыға келсе не істемек? Пахраддин ауылға қарай елпең қақты.

Ырсылдап борша-борша терлеп қоя берді. Бойынан әл кеткендей. Үйлерге дейін жүгіре алатын шамасы жоқ. Жөнді ас ішпегендіктен болар, көз алды қарауыта береді. Аяғы да ап-ауыр, ырқына әрең көнеді.

Ауыл отырған ойпаңға құлады. Қаңырап жетімсіреп тұрған үйлер. Қылт еткен тірлік нышаны жоқ. Жым-жырт тыныштық. Жалғыз-ақ өзінің аяқ дүрсілі дүниені көшіріп келеді.

Шетте тұрған Қиқымбайдың үйінің есік алдына ырсылдап жақындай бергені сол еді, кенет іргеден тоқтыдай бір нәрсе ытқып шығып бажылдап тұра келе қашты. Түу, атаңа нәлет, балпақ тышқан! Өмірінде бұйтіп қорықпаған шығар. Иманы тас төбесінен шықты. Үйдің іргесінен шырқырап шығып және екі-үшеуі безді. Аяғының буыны ұстасыншы енді. Тышқан жайлап кеткен мына иесіз үйге кіру, қасқырдан да қорқынышты еді. Көзіне тер құйылып, басы айналып теңселіп Дәу апаның жұлым үйіне қарай өте беріп аяқ астындағы жер ошаққа түсіп кетіп оңбай құлады. Қолымен жер таянып түрегеле беріп, басына бір ой келді. «Біткен жерім осы екен» деген. Шалғайының күлін қағып буын-буыны қалтырап әрең тіктеліп Дәу апаның қауашадай үйіне қарай тәлтіректеп аяқ басты. Одан сәл әрі есік, түндігі тұмшалаулы өз үйі. Есік алдында төңкеріліп жатқан дәу қара қазанның төңірегін тышқан қазып тастапты. Жоқ, өз үйіне өлсе жолағысы келмеді. Дәу апаның үйінің есігі сыртынан байланбапты. Ашық есікті ашып, ішке бас сұғуға келгенде Пахраддин тағы жүрексінді. Үй ішінде әлгіндей азынаған балпақ тышқандар толып жүргендей елестеді. Найсап, неткен жиіркеніішті мақұлықтар еді!.. Ақыры, лажсыз ішке бас сұқты. Қаракөлеңке үй ішінде еш нәрсе байқалмайды. Сәл тұрып ішке кірді. Көзін жұмып теңселіп біраз тұрды үй ортасында. Ес жинады. Қаракөлеңкеге көзі үйреніп үй ішіне назар қыдыртты. Тірілей молаға кіргендей түршікті жаны. Адам кеткен үйде не жылу, не ұсқын болсын. Әйтеуір, қаңқиып тұрған бір қуыс.

Төрде алашаның үстінде қырық құрау ескі көрпеше қалыпты. Сықырлауық есікті іштен ілдіріп әлгі көрпешенің шаңын сілкіп төрге қайта төседі. Соның үстіне отырды. Шаршаған, әлсіреген денесі ұйып, тыныш демалыс аңсайды. «Тынығайын, көп ұзамай Күн батар, атасына нәлет, таң азанда-ақ жүрермін» деді ойы. Сыртқа құлақ түріп қалжырап жатып көзі ілініп кеткенін де байқамады.

…Түннің біруағында оянды. Тұла бойы тоңазып қалған екен. Түндіктің жыртығынан жайнап жұлдыздар көрінді. Үй іші қараңғы. Бірақ жүрегі, неге екені белгісіз, дүрс-дүрс соғады. Қорқыныш бар бойында. Қартаяйын дегені ме, қорқа бергені несі? Сол-ақ екен, назары көлеңке ұйыған есік тұсқа іркілді, Жабық есіктің арғы жағында әлдене жасырынып тұрған сияқтанды. Пыс-пыс тыныс алғанын анық шалды құлағы. Дереу төңірегін қарманды. Түнде шешіп жатқан етігі ілінді қолына. Есіктің бармақ сыйғандай саңылауынан бұған қарап бақшиған жалғыз көзді көріп қалды. Содан:

— Ай! — деп, ақырып айбат шегіп, қолындағы сыңар етікті есікке қарай жіберсін. Есік жақ сатыр-сұтыр етті.Бұны аңдыған жын ба, пері ме, әйтеуір, бір пәле апыл-ғұпыл тұра келе қашты.

— Айт! — деп, тағы ақырды Пахраддин бұ жолы орнынан ыршып түрегеп. Мақұлықтың аяқ дүрсілі ұзап бара жатты кем-кемдеп.

— Астапыралла! Я, пірлерім!.. — деп, Пахраддин жатқа білетін аяттарын бірінен кейін бірін шұбыртып жатыр. Ұйықтау қайда енді? Тар үйдің ішінде теңселіп көрер таңды көзбен атырды. Құлқын сәріден тысқа шығып дәрет алды. Есік алдында отырып таң намазын оқыды. Жүруге халі бар сияқтанды. Қолына таяқ алды.

Төңірек ала көлеңкелене бастағанда иесіз ауылдан жаяулатып жолға шықты.

2

Пахраддиннің жолын тосып айдалада қалған Хансұлу, Дәу апа, Сырға бәйбіше екі түн ұдай ұйқы көрмеді. Шағыл құмның басына от жақты. Айқайлады. Пахраддин адасып жүр ме деп.

— Адыра қалғыр, осының бәрі ана қаншықтың әлегі! Өлсе өрем қапсын, неміз бар еді соны іздетіп?!.. — деп, күйінеді Дәу апа ашық үні саңқылдап.

Сырғада үн жоқ. Иығына ішігін жамылып отқа қарап тұнжырап отырады да қояды. Ауыл, үйді тастап шұбырған күннен бері төңірек дүниеден бөлініп өзінше бір тұңғиық қалыпқа түсіп жүр еді. Бұрыннан да сөзге сараң, тілі майда, жұмсақ мінез шешесі соңғы күндері, тек, көлеңкедей қозғалып жүргені болмаса, үндеуден, сөйлеуден мүлдем қалғандай еді.

Күн көтеріле Хансұлу жақын маңай шағылдарды аралап көсік қазды. Жуа терді. Осындай тіске басатын нәрселер болмаса қалта түбінде қалған азғантай бидай, жүгеріні бұлар бір-ақ күнде жеп бітетін түрлері бар еді.

Құмжуаны жұлып ауызына салды Хансұлу. Қуат кеткен бойына ол да болса едәуір нәр, едәуір жұғын. Ал, көсік дегеніңіз, кәдімгідей ас. Соны іздеймін деп Хансұлу шағыл аралап қостан ұзаңқырап кеткен екен. Әлден уақытта қыр астынан Дәу апаның айқайы шықты. Хансұлу етегіне сүріне аттап төбе басына ұмтылды. Дәу апа таң саз берісімен ескі жұртқа қарай жүріп кеткен.

Қырқаға шықса Күн астынан ақ жаулығын бұлғайды Дәу апа. Шақырып тұр.

Хансұлу жүгіріп келеді. Көкесінен бір белгі болған ғой.

Қырқаның күнгей баурайында керіскідей созылып біреу жатыр, шалқасынан түсіп. Қасында жаулығы қарқарадай боп Дәу апа отыр. Қарасұр шапанынан таныды жатқан кісіні — көкесі. Хансұлу жақындай бергенде басын көтерді. Пахраддин сырқаттанып қалыпты. Беті-аузы ісініп, көзі жасаурап, гүрк-гүрк жөтеле береді. Дәу апа мен Хансұлу екі жағынан сүйемелдеп қосқа әрең жеткізді.

— От жағындар! — деді Пахраддин.

Отты лаулатып жағып, суды қайнатып алаша керіп қалқа еткен қос ішінде дереу дастарқан жайылды. Пахраддиннің ерні жарылып тобарсып кеткен. Бір кезде тұз салған ақ су шайдан тіктеліп отырып ұрттады. Зағра нан, қуырылған бидай, жүгеріден шымшып алып аузына салды.

— Ouф! — деп қояды Пахраддин, ыстық шайдан ұрттаған сайын.

— Я, Алла!

— Я, Барақ ата! Я, Бекет ата! — деп Дәу апа аруақты сарнап шақырып отыр.

Пахраддинде үн жоқ. Көрпені бүркеніп алып мандайы жіпсіп ақ су шайдан сораптай береді. Сораптай береді.

Түске таянған көктем Күні шақырайып шекені шағып барады. Аспан тараптан молдаторғай құйқылжиды. Айнала ызыңдаған шыбын-шіркей. Босаң топырақ құм көгі ерте көтерілетін әдеті. Қайда қарасаң да қаулап өскен көк раң, жантақ, мия, түйетабан, қойселеу, ақшатау. Алыс-жақын ой, қырлардың арасында мөлдіреп кілкіп тұнған көгілдір ауа. Дала жарықтық құлпырып жатыр. Табиғаттың мына мамыражай қалпына назар жіберіп демі дірілдеп күрсінді Хансұлу.

Қуырылған бидайды қытырлатып, ақ су шайды үнсіз отырып ұзақ ішкен Пахраддин ақ тер, көк тер терлеп, аздасын көзін жұмып сұлық жатты. Сырға бәйбіше жік-жапар боп Пахраддинді қымтаумен жүр.

— Ау! — деді бір кезде Пахраддин.

— Не? — деді Сырға елп етіп.

— Тіске басатыннан не қалды?

Сырға үндемеді. Кішкентай қара шүберек қалтаны қоржыннан алып Пахраддиннің алдына тастады. Қолдағы кішкентай бидайды тал түсте жұртқа үлестіріп берген әпенді еріне не десін.

— Осы-ақ па? — деді Пахраддин.

Сырға тағы да тіс жармады. Теріс қарап отыр.

— Ым… м, — деп, сағы сынып калды Пахраддиннің.Көзін жұмып сәл-кем үнсіз жатты. Ойланды. Әйелдер отағасыдан бір лебіз күткендей түгел тым-тырыс.

— Су қанша қалды? — деді Пахраддин.

— Жарты мес… —Дәу апа! — деді Пахрадцин, қымтанып жатқан қалпы.

— Айта бер! — деді Дәу апа.

— Дәу апа! Былай етуге керек! Мен бүгін… асасы, жүре алмаспын… Ал сіздер, Хансұлу екеулерің жүре берулерің керек! Іркілуге болмас… Менің қасымда… Сырға қалсын. Аман жүрсек, жетерміз іздеріңнен! Суды торсықтарға құйып екіге бөліңдер! Жүгеріден бір қос уыс тастаңдар! Қалғанын алыңдар! Көтергендеріңше көрпе-жастық, киім алыңдар! Ал, қимылдаңдар!

— Бөлінбей-ақ, бірге болсақ қайтеді, көке?! — дей беріп еді Хансұлу, Пахраддин:

— Болды! Сөз қысқа! Қозғалыңдар! — деп кесіп тастады.

Манадан үнсіз отырған Сырға бәйбіше теріс қарап көзінің жасын сықты. Дәу апа:

— Інімдікі жөн ғой, қарақтарым!.. — деп, бет әжімі қалыңдап күңірене күрсінді.

Содан Хансұлу мен Дәу апа екеуі екі баланы жетектеп жолға шықты. Дәу апаның иығында — ала қоржын. Хансұлудың қолында — су құйған торсық, киім-кешек.

Иен дала. Селеулі шағыл басында шошайып қалып бара жатқан әке-шешесіне жалтақ-жалтақ қараумен Хансұлу кетіп барады. Дүние бұлдырап көздің ыстық жасымен жидіп еріп үгітіліп көк жиектер қорғасындай балқып, төңірек көлкіген сұйыққа айналғандай осы сәт. Аспан асты, жер үсті Хансұлудың шарасыз тұншығуға айналған ғаріп халіне қарап қаңтарылып тұрғандай. Тірлік доғарылғандай. Жапырақтай жалғыз жүрегі қасірет айдынында малтыған Хансұлу басқа ұрған балықтай дал. Еш нәрсені ұқпай, әйтеуір, бір сергелдең далбаса күйде кеудесін сүйретіп келеді. Өмір кәдуілгі көктемнің қызыл суындай жайыла аққандай. Ештеңе ұға алмайды, ештеңе байыптай алмайды. Бар білетіні — жетегінде томпаңдап келе жатқан құлыншағы, бөпесі. Бар білетіні — содан айрылып қалмау. Білегінен қыса түседі ұлының.

Біраз ұзап шыққанша баласының да, өзінің де көздері жастан құрғамады.

Қолында ұзын сырық таяғы, иығында ауыр қоржын, еңкендеп тартып келеді жалғыз аяқ жолменен Дәу апа. Үн жоқ, іштей түйіліп тістеніп алған. Әлден уақта:

— Е-е, балам-ай, «болған іске болат бол» деген. Аллам душар қылмасын… де! Бұдан да зорын көрген, мына аддыңда келе жатқан бейбақ апаң!.. — деді Дәу апа зор қоңыр дауысы күңіреніп. Жалғыз аяқ жол біресе құмсақ шағылды аралап ирелеңдеп, біресе тегіс сортаңға шығады. Жүрген сайын жантақты, ақбасты, жыңғылды, шилі алаңдар кездесе бастады. Алдан саяқ өскен биік тораңғыл ағаштары көрінді. Құм аймағы артта қалғаны байқалады.

Кіші бесін шамасында, балалар нан сұрап қыңқылдауға кірісті.

Жол екі жағы жыңғылды, шилі, ажырығы қалың сортаңмен келе жатқан. Лүп еткен леп жоқ. Кісі бойы жыңғыл арасы бұйығы тыныш ықтасын.

Дәу апа иығындағы ала қоржынын ажырық үстіне тастап, ұйып қалған белін жазып, тіктелді.

— Ал, балам, кәне, не бар, шеш түйіншегіңді! — деді.

Мана түсте жүрерде Сырға ас-суды өз қолымен екіге бөлген-ді. Дәу апа ол кезде араласпай сырт беріп күйбеңцеп жүрген-ді.

Хансұлу жарты күлше зағра нан мен қос уыстай қуырылған бидай түйілген орамал түйіншегін шешіп Дәу апаның алдына қойды. Нанды көріп балалар тамсанып ұмтыла беріп еді, Дәу апа:

— Тәк! Тәк! Сәл сабыр етіндер! — деді. Күс-күс қолын созып, алдымен шаршы орамалдың жиырығын жазып кеңірек жайды. Арбиған саусақтарымен орамал үстіндегі шөкім бидайды бірнеше топқа бөлді.

— Сәл, сәл, сабыр етіңдер, балақайларым! — деп танауынан сөйлеп, бидайды алдымен төрт, одан кейін сегіз, одан кейін он екіге бөлді. Құмалақ ашып отырған балгердей.Хансұлу да, балалар да Дәу апаның не істеп отырғанын түсінбеді.

— …Асып кетсе, Қоңыратқа дейін екі түнерміз… ымм… Мынауың былай, — деп, қабырғасымен кеңесіп отырған Дәу апа, енді қалған жарты күлше нанды да ортасынан сындырып, екіге бөлді. Нанның иісі танауды қытықтап барады. Хансұлудың аузынан сілекейі шұбырды. Дәу апа екі бөлінген жарты күлшені және екі рет сындырып төртке бөлді. Балалардың қолына бір-бірден жапырақтай ғана нанды ұстатты.

— Балаларым, өстіп жеткізбесек болмас, жол ұзақ. Шыдаңдар! — деді Дәу апа. Піскен қызыл бидайдан Хансұлу аузына

салды. Қатты бидай емес, тандайына бейне бір сары май түскендей тұшынды. Іш-дүниесі қасқырша ұлып қатты ашыққанын осы сәт сезінді Хансұлу. Зағра нан, піскен бидайдың иісі танауын жарып барады-ау. Жарып барады.Дәу апа орамалды жинады. Жақсылап түйді. Бәрінің көзі сол түйіншекте. Түйіншекті Дәу апа қоржынға ықтияттап өз қолымен салды. Содан кейін, жүктерін иыққа алып жолға түсті. Жол жыңғылды алаптан шығып дүзгенді, қарағанды құмсақ адырларды аралап иреленңдеп алға тарта берді.

3

Түс көріп жатыр Пахраддин.

Ел іші бұзылмаған баяғы кездер екен дейді. Көл жағалай қонған өңшең ақ шағала үйлер. Ауыл іші құжынаған адам. Той ма, мереке ме, әйтеуір бір қуанышты күн. Жұрттың бәрі Пахраддиннің аузына қарайды. Жұрттың бәрінің құрметтегені Пахраддин. Пахраддин билік айтуға тиіс екен дейді. Сөйлеуге тиіс екен дейді. Тәйірі, шаршы топ алдында сөйлеуден, сірә, Пахраддин қашқан ба? Бүгін әңгімені әріден бастағысы кеп жиылған дүйім қауымды көзбен шолады. Бүгін әңгімені тіптен әріден бастамақ. Мынау алаш ұранды халықтың ата тегі жайлы, түп тамыры жайлы сөз қозғамақ. Тегін білмегеннен тексіз шығады. Талай жыл шежіре ақтарғаны содан емес пе? Соны көкірекке түйген көкірегінде сайрап бұлбұл оянғаңдай, ағарып таң атқандай. Жағын ашса көмейден күмбірлеп сөз ақтарылардай, оқыс бір шабыт үстінде тамағын кенеп, халқына жүзін бұрып енді... еңді тіл шеше бергенде... оянды да кетті.

Шалқасынан жатқан Пахраддин басын сәл көтеріп төңірегіне қарады. Ми далада ашық аспан астында жатқан қалпына сенер-сенбесін білмегендей бір әуре-сарсаң күй кешіп отыр. Құй сен, құй сенбе, жанбасында — қара жер, төбесінде — жұлдызы жылтырай бастаған алқара көк кешкі аспан төніп келеді. Әттеген-ай! Түсі болып шықты-ау әлгінің бәрі. Бір жағынан — түс әсерінен арыла алмай, екіншіден — мына шындыққа, кескіні суық өмір шындығына көндіге алмай біраз есеңгіреп отырды. Тері қайтып, бойы әлдеқашан тоңазып қалған екен.

«Уф» деп күрсініп, басын жастыққа қайта қойды. Ұйқысы шайдай ашылды. Бүгінгі күннің суреттері, тіптен, үй-орманын тастап қалаға қарай шұбырғаннан бергі уақиғалардың бәрі көз алдынан

тізбек-тізбек өтті. Тағдыр шіркін бұны ілгерілі-кейінді дірдектетіп, қуалап айдай жүріп, ақыры міне, жапан дүздегі қайдағы бір құмсақ, жайдақ төбе басына әкеп тастапты. О, паруардігер! Анау-мынау емес, алпыс жылға тарта созылған бұл фәнидегі сапарының соңы төбе басы болғаны ма? Бұ не жатыс? Жүргенде не бітірмек? Барғанда қайда бармақ? Барар жері, басар тауы қайсы!?

Шырағдандай сирек жұлдыздары жылтырап далиған қаракөк аспанға қарайды. Сол баяғы атам заманнан таныс зеңгір көк, таныс жұлдыздар. Пахраддиннің бала кезінде сол қалпы еді, әлі сол қалпы. Түк өзгермепті. Бұл неткен кеңістік? Бұ неткен меңіреу әлем? Мынау жер бетін құмырсқаша шимайлап, шым-шытыр тағдыр соқпақтары жатыр шатысып, ию-қию араласып, шиеленісіп. О, паруардігер! Соны шешемін деп, соны бір қалыпқа келтіремін деп кісі ғұмыры өтеді арпалысумен. Қанша бас құрап, қанша шаш ағарады. Бейне өзі жерді тіреп тұрғандай, бейне өзі мәңгі сол жер бетінде алшаң басатындай тойымсыз, қанағатсыз кісі арманы әлемді шарлайды. Құлқынның да қомағайлығында шек жоқ. Талай бас соның құлы болып-ақ құрайды. Соның қанағатын толтырамын деп оңды-солға соқтығады. Алдайды. Арбайды. Иіледі, бүгіледі. Жағынады. Жалбарынады.

Тыныш ымырт қараңғысында жұлдызды алқара көк аспанға қарап осылай ой кешеді Пахраддин. Ойын бір көлденең тысыр бөліп жіберді. Мынау жым-жырт кешкі өлкеде өзінен басқа тірлік барын ұмытып кеткен екен Пахраддин. Тіксініп, тұла бойы түршікті. Кебісі сырпылдап біреу жақындап келеді.

— Сырға, сенсің бе? — деді дауысы бір түрлі алабұртып.

— Мен ғой, — деді Сырға әлсіреп, әрең ғана дыбыс білдіріп.

Пахраддин бәйбішесінің үнінен шошыды. Үлкен күйзеліс үнін есіткендей құлағы.

— … Қайда жүрсің… жаным-ау! — Лықсып көмейіне тығылған бір ыстық толқынды ерең ірікті.

— Жуа тердім. Сен ұйықтасын дедім.

«Алла-ай, Алла-ай!» деп, ет-бауыры езіліп кетті Пахраддиннің. Жасаурай қалған көзін төңкеріп, бәйбішесіне ұзақ қарады. Сырға жаулығын жагына орап алыпты. Иығындағы жуа салған ескі кенеп дорбаны алып, ақырын жерге қойып жатыр. Өзінде үн жоқ. Баяу, биязы қозғалады. Жүрегі шымырлады Пахраддиннің. Жан дүниесі алай-дүлей болды. «О, кер заман! Кер заман!!!» — деп іштей

күңіреніп кетті. Мына Сырға аяғын керіліп басатын кербездің өзі емес пе еді?! О, кер заман, көрмегенді көрсеттің-ау, сен заман! Қайран Сырға! Әйел затының падишасы — Сырға! Қыз күнінде сені жұрт бейіштен үзіліп түскен гүл ме деуші еді. Сәніңді, салтанатыңды көрген, сыңғырлаған күлкіңді естіген жан қараптан-қарап тұрып, шырын жаннан кешкендей еді. Сені қолға түсіру көктегі жұлдызды көксегенмен тең еді. Саған бас қосқанда Пахраддин аспанның гауһар жұлдызын алақанына қондырғандай байтақ сахарадағы жалғыз бақытты жігіт өзі болып еді. Содан бері мінеки өзіңмен талай сәулелі жылдары бірге өтіпті. Сенің жанарыңның, жаныңның шұғыласы мынау сұрқай тірлігіне жарығын түсірумен келген. Қайран кермиығым, кербезім! Керілген кер маралым! Кенеп дорбаны иығыңа салғаныңды көргенше, Пахраддиннің шыққыр көзі неге шықпайды!

Пахраддин жаралы арыстандай ыңыранып, бұлықсып күрсін атты.

— Не болды, көкесі? — деп, Сырға лып етіп отыра қалды қасына. Үздігіп мөлдіреп қарайды кеп бұған. Өзі көлеңкедей әрең қозғалып жүрсе де аяйтыны Пахраддин. Қайран Сырға, асылым-ай, аяулым-ай! Сөйткен қосағың, тәңірдей табынып жүрген азаматың не көрсетті саған? Не әуселе керсетті? Иығыңа кенеп дорба ілгізіп жуа тергізгені ме көрсеткені?

— Уһ! — деп, көкірегі қарс айрылып кетті Пахраддиннің. Дөңбекпііп кетті.

— Бісміллә! Бісміллө! — деп, үстіне түсіп жыламсырап бебеу қақты Сырға. — Көкесі, не болды?!

— Уһ, Алла-ай! Не жазығым бар еді?! Уһ! — деп, ышқынып жастықтан басын жұлып алды Пахраддин. Екі иығынан дем алып, дір-дір етіп, көзден жасы бұршақтап кеп берді.

— Қай қылығымнан жаздым! Не қиянатым болды адам баласына! Не жазығым бар еді?

— Бісміллә! Бісміллө! — деп, зәресі ұшып кеткен Сырға зар илеп Пахраддинді құшақтай алды. — Не болды, сабыр етші, көкесі!

Сырға ерінің кең иығынан қапсыра құшақтап, ашылып қалған омырауын қымтап әлек.

— … Асасы, маған лағынет неге айтпайсың?! Мен…қарабет болдым ғой… кешегі қаңғыған дүйім ел алдында… сенің алдыңда… бала-шаға алдында… сенің обалыңа, жұрттың обалына қалдым… мен.

— Көкесі, қойшы енді… Құдайдың ісі шығар…

Пахраддин Сырғаның сезіне жұбанғандай, байыз тауып ойланғандай болды. Сырға оны жұбатып отыр.

— … Елді көшірсең… мал-жанына жайлы қоныс іздедің… Жамандық ойлаған нең бар? Көшпеген жұрттың да көріп отырған әуселесі белгілі ғой…

— Білмеймін… «Қырсық бір айналдырса шыр айналдырадының» кері ме. Әйтеуір, бір шырғалаңнан шыға алмай-ақ қойдық қой… Ақыры, мынау… тозғынға түскеніміз…

Содан кейін екеуі жайдақ төбе басында түн жамыла отырып ұзақ ойға шомды.

— Ел дейсің-ау… Сол елің қайда қазір? Жапан дүзде шойырылып отырған сені неге сол елің қазір іздемейді? Ауызындағыны жырып берген жұртың неге сені іздемейді? — деді Сырға ашынып.

Пахраддин таң қалды. Сөзге сараң, өмірде үні шықпайтын Сырғаның, міне, тұңғыш рет ашынып сөйлегенінің куәсі болып отыр. Айтып отырғанының бәрі рас. Бірақ, Пахрадцин кешегі шұбырған елден Сырға тәрізді қайырым, жәрдем дәме етіп иегі қышымас еді. Өзгеге қарайламақ тұрмақ, ол жазғандар өз бастарын аман алып ел шетіне жетсе екен. Сөйтіп, өкіметтің назарына ілігіп, әйтеуір, аштық зұлматтың құрығынан құтылса екен.

— Бәйбіше! — деді Пахраддин бір кезде.

— Ау! — деді Сырға.

— Қозғалайық!

— Шамаң бар ма жүре алатын? — деп, қуанып сұрады Сырға. —

— Бар-ау деймін…

4

Кісі арып-ашқанда қарға адым жер мұң болатын әдеті ғой. Ертесіне түске таман тіптен естен тануға айналды Хансұлу. Жапырақтап үзіп беріп үнемдегенмен нан да бітті. Баласы нан сұрап қақсағанда алғаш жын қағып кетермін деген. Бірақ оған да көнді. Еті үйренді. Балалар қақылдап-қақылдап ақыры, нәтиже шықпағасын олар да тыншықты. Біресе арқалап, біресе жаяу жетелейді баласын. Балапанды жемдегендей ауық-ауық аузына бидай салып қояды. Бала соны талмап жатып, кейде арқасында ұйықтап та кетеді. Өз өзегі талып, көзінің алды қарауытса дагы сылпытып келеді. Әйтеуір, сылпытып келеді. Алдында таяғы тырсылдап,

өңкендеп адымдаған Дәу апа. Дәу апа… Япыр-ау, бұ неткен қажырлы кісі. Шаршағаннан, қалжырағаннан Хансұлудың кейде тізесі бүгіліп-бүгіліп кетеді. Сондайда отыра кетейін десе Дәу ападан қорқады. Дәу апаның түсі өрт сөндіргендей ызбарлы. Іштей шырыққан, жаныққан қолбасшыдай айбатты. Шаршағанын айтуға Хансұлу сескенеді.

«Жас басыңмен бұ не, тақа, қамырдай езіліп! Кәне қимылда, бас аяғыңды!» деп тастауы ықтимал. Өмірінде кісіден сөз естіп көрмеген Хансұлуды намыс қамшылай түседі. Жас басымен жетпіске келген кемпірден кем соққысы келмейді. Бір жағынан, арқасына жабысқан қаршадай нәрестесін ойлағанда кеудесінде жан барда қыбырлай беру керек екенін біледі. Божырауға, босауға хақы жоқ еді Хансұлудың.

— Балам, шаршадың ба? — деп қояды Дәу апа. Үн қатуға шама жоқ Хансұлуда. Дыбыс қатпайды.

— Жә, шыда, қазір дем аламыз! — дейді тағы да Дәу апа жұбатып.

Жиде, тораңғыл, тал өскен үлкен бір ұзынша аңғар сайдың шетіне жетіп іркілді түске таяу. Жар басына қоржынын қойды Дәу апа. Хансұлу арқасында ұйықтап жатқан баласын жерге түсірді. Байғұс балада үн жоқ. Әлсірегенге ұқсайды. Екі баланы жерге көрпеше төсеп соның үстіне отырғызды. Алдарына орамал жайып, орамал үстіне азғана бидай шашты. Балалар бидайды балапанша шұқып теріп жеуге кірісті. Бәрінде де үн жоқ. Дәу апа да, Хансұлу да қытыр-қытыр шайнайды бидайды. Жарықтық қуырылған қызыл бидайдың иісі-ай. Дәмі балдай ериді таңдайда. Арандары ашылып өңіреңдеп жалмап барады дастарқандағы бидайды, түйіріне дейін теріп жеп. Әсіресе, екі бала шүйкілдеп өліп барады.

— Жә, болды! Қанағат! — деп, Дәу апа орамалды жинады. Екі бала еріндерін жалап, жұтынып жәутең қақты.

Баласының түріне одан әрі қарауға дәті жетпей, көзіне жас айналып назарын шөл далаға бұрды Хансұлу. Аспан таза, ашық. Жазғытұрғы жалпақ, әлемге Күн нұрын риясыз төгіп тұр. Көгеріп, түлеп жатқан қырлар, сайлар, алыс-жақын көк сағым көлкіген алаптар.

Тұла бойы зіл тартып, шаршаған Хансұлу отырған жерінде қоржынды жастанып қисайды. Сол-ақ екен, күллі денесі маужырап ештеңені ойлатпай ұйқы шақырды. «Ух» деп, жаны жай тауып күрсінді.

5

Пахраддин мен бәйбішесі түнделетіп біраз қозғалды. Аспанды бұлт бүркеп, аяқ жолдарын әрең көріп қана отырды. Түн ортасына таман бұлар бір кең айтақырға келіп тірелді де, соқпақ жолдан адасып қалды. Бірақ, іркілмеді. Келе жатқан бағыттарын өзгерт-пей ілби берді. Шығыстан таң сібірлей бастаған шамада қалың раң өскен үй орнындай тегіс көк шөптің үстіне көрпеше төсеп жатып дем алды. Күн жерден тұсау бойы көтеріле қоржынды иыққа салып, тағы алға қарай қозғалған.

Сәскеге таман қарағанды, тырбық дүзгенді, көк шөбі тұнып тұрған құмайт шағылға кезікті. Осы жерде Пахраддин ойланып іркілді.

— О, не көкесі? — деді, діңкелеп әрең келе жатқан Сырға.

Пахраддин сонау алыс, сағым кілки бастаған көкжиекке екі оқтылау ойланып кеп қарайды.

— Ух, — деп Сырға жұмсақ құмға отыра кетті.

— Ымм… о, паруардігер? — деп, жалпақ алақанымен мұртын сылап тұрып дағдарды Пахраддин. — Менің шамалауымша бұ кезде біз «Есек өлгеннен» өтіп Жиделі сайдың о жақ, бұ жағында жүруіміз керек еді. Ендігі жерде бағытымызда мынандай құм шағыл кездеспеуі керек еді…бұ қалай?! Астапыралла!

Сырға бәйбіше сөйлесуге шама жоқ, отырған жерінде басын қоржынға сүйеп көзін жұмған. Пахраддин өз көзіне өзі сенбей биігірек бір төбешікке шығып тағы назар жіберді, сағым тола бастаған төңірек атырапқа. Уай, әттеген-ай. Түнделетіп бекер жүрген екен. Жарыкта болса ғой, соқпақ жолдан шығар ма еді. Тіптен, жолсызбен жүрген күннің өзінде де бұншалықты бағыттан көп ауытқымауы керек еді. Бұған не көрінді адасып? Әлде мана таң алдында көз шырымын алып оянғанда, басы айналып басқа жаққа жүріп кетті ме екен? Ұқса бұйырмасын. Сырғаға не дейді енді? Қай бетімен айтады «адастық» деп? Жетпегені осы еді енді…

6

Хансұлулар «Ел қарасын көреміз-ау» деген үміттен күдер үзе бастаған. Жол жеткізетін емес. Әбден титыктады.

— Балам, — деді алда келе жатқан Дәу апа. Бұл — мезгіл кіші бесінге таяған шама еді. Айнала кісі бойын жасырғандай қалың

жыңғыл, тал, ши. Соның арасымен ирелендеп жалғыз аяқ соқпақ қашады.

— Балам, көріп келесің бе? Ел шетіне де жетіппіз-ау!

Хансұлу еңсесін көтерді. Оң қапталда, әудем жерде қабырғалары жартылай құлаған ескі кесек там тұр. Одан әрігеректе де қалқиған сыңар қабырғалар байқалады. Және сәл жүргеннен кейін Дәу апа:

— Естіп келесің бе? — деді. Тоқтап тың тыңдады.

Хансұлу да іркіліп құлақ түрді. Есектің ақырғаны естіледі алыстан.

Күн ұясына еңкейген шамада қозыкөш жерде түтіні шүйкеленіп иірілген қала көрінді. Қоңырат деген қала.

Жыңғыл арасындағы бұлтиған шағын бір төбешікке шығып қарап тұр бұлар. Аштықтан, жол азабынан итсілікпесі шығып аяқ үстінде әрең тұрған Хансұлуға Қоңырат о шеті мен бұ шеті көз жеткісіз үлкен шаһардай боп елестеді. Біріне-бірі мінгескен үйлері де көп сияқты. Әйтеуір, көзге тығыз, жыпырлап көрінеді. Ғұмырында қала көрмеген Хансұлуға анау көрінген кесек үйлі Қоңырат қыры-сыры беймағлұм бір жат дүниедей.

— Қала дегенмен… бізді онда құшақ жайып күтіп отырған жан жоқ, балам! — деді Дәу апа, қабақ шытып, арқасында ұйықтап жатқан немересін әлдилегендей теңселе түсіп. «Бәсе, — деді іштей Хансұлу. — Бәсе, осылай боларын сезген. Сонда бұлар танымайтын калаға итініп неменеге сонша асықты?»

— Бейтаныс қала ғой… түнде кірмей-ақ қоялық… ұры-қары, аш-арық көп дейді ғой, — деді Дәу апа, батыс жаққа мойын бұра беріп. — Балам, мына тұрған зират — «Дәуіт ата» зираты. Басында кісі түнейтін жері бар. Сонда барайық!

«Дәуіт ата» зираты Үстірттің бергі бір мүйісінің үстінде екен. Төрт құлақты бейіттер батар Күннің жалқын нұрына малынып тұр.

— Балам, хабарың бар ма, жоқ па, білмеймін?.. — деп, әңгіме бастады Дәу апа. — Мына алдымыздағы зират жарықтық қасиетті бабамыз Дәуіт батырдікі. Барақ, Бароқтан — Асау, Асаудан — Дәуіт туған ғой. Барақ батырдың аруағы өзінен кейін ұлы Асауға, Асаудан кейін осы немересі Дәуітке дарыған дейді. Аруағына бас иіп барайық басына! Жалбарынайық… — Дәу апаның дауысы дірілдеп сөзінің соңын жұтып үнсіз қалды.

Кімге мұңын шағарын білмей келе жатқан Хансұлуға ұнай кетті мына ақыл. Бұның қасіретіне құлақ түрер әулие-әнбиелер бар болса, Хансұлуда оларға айтар мұң-зар аз емес-ті.

Жайдақ төбе үстінде екен Дәуіт ата зираты. Көз байлана жетті. Ою-өрнекті сандық тастармен қоршалған төрт құлақты бейіттердің сән-салтанаты бірінен-бірі асады. Меңіреу ымырт қараңғысына еніп бара жатқан қойымшылық маңайы жан үріккендей зіл тыныштық.

Төбенің батыс жақ құлай берісінде төбесі шым сылақ, қоңыр кесек үй тұр. Дәу апаның айтқаны рас болып шықты. Есігін күрекпен тірей салған иесіз үй. Мінәжат етуші келім-кетім жұртқа арналып салынған үй. Балаларды жерге түсіріп, иықтан жүктерін алып Хансұлу да, Дәу апа да «ух» деп, белдерін жазды. Балалар да төңірекке қарап аң-таң.

— Балаларым! Көрдіңдер ме? Үйге келдік... — деп қояды Дәу апа балаларды алдаркатып. Дәу апа есікке тіреулі тұрған күректі ала бергені сол еді, маңдайша тұс сатыр-сұтыр ете қалды.

Құс екен. Қанаты сусылдап қараңғыға сүңгіп жоғалды.

— Тфә! Тфә! Жүректеріңе түкіріңдер, қорықсандар! — деді Дәу апа.

Тіреулі күректі алғаннан кейін сықырлауық есік шыңғыра шиқылдап ашылды. Үңірейген каранғы ішке кіруге Дәу апаның да жасқанып тұрған қалпы бар.

— Е, садағаң кетейін... — деп қояды Дәу апа. — Осы әулиенің өзінің киелі құсы бар деуші еді. Сол екен ғой әлгі жарықтық.

Дәу апа дегенмен жүректі кісі. «Бісміллә!» деп, қараңғы үйдің табалдырығын жалғыз аттады. Жан дүниесінде үміт пен күдік шарқ ұрып, екі баланы білегінен ұстап шеттеңкіреп тұр Хансұлу. Сыртта жел көтеріле бастаған. Аспанды жапқан бұлт бар. Жауын жауып кетпесе неғылсын... Дәу апа шырт еткізіп оттык тұтатып қараңғы жайдың ішін ала көлеңке жарық етті. Іле-шала кемпірдің:

— Е, садағаң кетейін! Бесе! — деген қош көңіл үні естілді. — Хансұлу, балам, бері кел!

Хансұлудың жүрегі лүпілдеп кетті. Құдды жаюлы дастарқан, мол тағамның үстінен шыққандай Дәу апаның дауысы ширақ шығып еді. Балаларды сүйрей-мүйрей есікке ұмтылды. Бірақ, ала көлеңке үй ішінде босаға тұста май шамға от тұтатып сопайып тұрған Дәу ападан басқа назарға еш нәрсе ілінер емес. Хансұлудың назары дастарқанды, нанды іздегіштейді.

— Көрдің бе, балам, майшамды?! — деді Дәу апа, жарық түскен иесіз бөлме ішіне ол да енді айнала қарап. Төрде қамыс төсеніш үстінде ескі текемет жатыр. Босаға жақта қазан, тұтқыш, құман тұр. Дәу апа «Бісміллә!» деп, қазанның қақпағын ашты. Үңіліп қарады.

— Міне, су бар екен, балам! — деді, дауысы ширап.

Хансұлудың күткені бірақ басқа еді. Нан бар ма, сол еді білгісі келгені. Есеңгіреген күйі тек нанды іздейді. «Нан» деген ғажайып үнді естігісі келеді.

Дәу апа үй ішіне үрпиіп үнсіз назар қыдыртқан Хансұлудың, көздері жаутаң қаққан нәрестелердің нені іздеп, нені көздегенін түсініп-ақ тұр. Өзі де көлеңкесімен қоса ербеңдеп тінтіп жүр бөлме ішін. Іздеп жүр. Балалардан маза кетті.

— Әже, ол не, нан ба? — Едігенің таңдайы тақ-тақ етеді.

— Ой, балаларым, кәне, сәл шыдандар! Қазір отты жағып, өйдейт, шайды қайнатамыз! Өйдөйт, ыстық шай ішеміз! — деп, кенет, Дәу апа дауысы самбырлап бала-шағаға қайрат бере, жігер бере сөйледі. Өзі құманды алып сүріне аттап сыртқа беттеді.

Бидай салынған кішкентай қалтаның ырқы Дәу апада болатын. Дәу апа айтпайды қанша ас қалғанын. Үнемдеп келеді әйтеуір. Хансұлудың шамалауынша бүгін бидай бітуге тиісті. Шайға Дәу апа не бергелі отыр, о жағы жұмбақ. Дәу апаның ажарына қараса үміт оты жылтырай түседі. Қазір дастарқанға Дәу апа қалайда бір жейтін дәм тауып қоятын тәрізді.

Отта тұрған қара құман, ақыры, сақырлап қайнай бастады.

— Қайнады ғой! — деді Хансұлу.

— Қайнады, — деді Дәу апа. — Сен құманды ішке алып кіре бер.

Хансұлу қара құманды тұтқышпен көтеріп ішке беттеді. Бірақ, Хансұлуға керегі қара құман емес еді. Анталап отырған балалардың аузына қазір не тауып салады Дәу апа! Сол еді андығаны. Буы бұрқыраған ыстық қара құманды көтеріп бара жатып ошақ жақта айналсоқтаған Дәу апаға жалтақ-жалтақ қарай кетіп барады. Қараңғыда жанған отты айналып Дәу апа әлдене іздейтін тәрізді.

Хансұлу буы бұрқыраған қара құманды алып үйге кіргізді. Иықтарына күпі, бешпет жамылып, ұяда отырған балапандардай екі бала шүйкілдеп қоя берді.

— Нан!

— Нан!

— Шыдаңдар! Шыдаңдар! — деп, жаны қуырылып ышқынды Хансұлу, есікке қайырыла қарап. Дәу апа тезірек бір амалын таппаса мына екі бала бұны тутіп жейтін түрлері бар. Балаларды алдарқатайын деп, кесе алып дастарқанға қойды. Тұз қалтадан бір шымшым тұз алып құманға тастады.

Сыртта әлдене «дүрс», «дүрс» етті. Балалар есікке жалтақтады. Дастарқанға қоятын енді еш нәрсе болмағасын Хансұлу бір сәтке лажсыз дағдарып қалды. Аш нәрестелерге карауға беті шыдамай, бір қырын есікке бұрыла отырды.

Есік алдын орап жел есті. Іле кір-кір жаулығы қарқарадай боп еңкейіп, ішке Дәу апа кіріп келе жатты. Дәу апаның қолында бірораулы шүберек. «Ия, Алла!» деп, Хансұлу көзін жұмғанда дүние теңселіп кеткендей болды. Балалар мойындарын созып ұшып кете жаздады.

Дәу апа дастарқанның бұрышына кеп тізе бүкті.

— Бісміллә! Мінеки, — деді ескі сұр шүберекті жаза беріп. Хансұлудың көзіне бөлшектелген ақ кесек құрт оттай басылды.

— Таңдайларыңа салып талмап сорсаңдар бұдан өткен ас жоқ. Тек асықпандар! — деп, Дәу апа әрқайсысының қолына бармақ басындай құрттан ұстатты.

Балалар құртқа бас салды. Қақала-шашала шайдан да ұрттап жатыр.

— Асықпаңдар!

— Сорып ішіңдер!

Тілінің астында жатқан бармақ басындай тастай қатты құртты ақ су шаймен қоса талмап отыр Хансұлу. Жарықтық болмашы тұз қатқан ыстық шай таңдайында еріген құрттың сүт дәмін бүкіл тұла бойына жайып таратып, күллі алпыс екі тамырына жол тартқандай. Мандайы жіпсіп қоя берді. Көзі жарқ етіп ашылып, санасына бір сәуле құйылғандай. Хансұлу осы кезге дейін мынадай дәмді құртты көрмеп еді. Бейне таңдайына майлы шырын сүт құйылып жатқандай. Бейне таңдайына Бейіс тағамы тамып жатқандай.

Шым-шымдап бойға ас нәрі жүгіре бастағаннан-ақ, енді шаршағандары сезіліп, сүйектері ауырлап отырған жерлерінде қисая кеткілері кеп маужырай бастады.

Дәу апа бір кезде барып есікті жапты. Бармағын сорып ұйқыға кіріскен бөпесін құшақтап Хансұлу текеметтің үстінде ұзынынан түсіп сұлық жатыр. Кірпігі айқаса береді. Денесі қорғасындай зілмауырланып бір шырын масаң күйге көшіп барады ақыл-санасы. Қайдан келш, қайда жатқанын, ертеңгі күні не болады, о жағын ойлаудан қалған.

7

Көзін ашса босаға тұсы, төбесі күйе-күйе болған қаңыраған ескі жайдың ішінде жатыр шалқасынан. Таңғы салқын жайлап

алған бөлме ішін. Оң жағында бүрісіп тоңып Түгелхан жатыр, аштан бұралып. Киімі кір-кір. Оған тығылып Едіге жатыр. Оның ұсқыны Түгелханнан да әрі. Байғұс балаға қарауға аяйсың, Дәу апа орнында жоқ.

Сыртқа шықса Дәу апа Дәуіт ата мазарының алдында тұқшиып, шарт жүгініп құран оқып отыр екен. Қасына барып Хансұлу да тізе бүкті. Екеуі сарғайып келе жатқан таңға жүз беріп ата-баба аруағына сиынды.

Аздасын бет сипап орындарынан тұрды.

Екеуінің де назарлары төбе үстінен бейне алақанға салғандай ап-айкын көрініп жатқан әудем жердегі Қоңырат қаласына қадалды. Қала әлі ұйқыдан ояна қоймаған. Бірақ, тұс-тұсынан тауықтар шақырып жатыр. Бір-біріне иін тіресе быжынаған кесек үйлер. Қарауытқан шоқ-шоқ тұт ағаштары.

Қалаға дейінгі аралық тегіс. Айқыш-ұйқыш аяқ жолдар көрінеді. Ақ теңбілденіп тақыр жатыр.

— Ал, балам, бір Аллаға сиынып, қимылдайық! — деді Дәу апа таң астында жатқан қаладан көз алмай. — Біз барғанша таң да атып, Күн де шығар…

Содан ұйқылы-ояу, балаларды арқалап, жүктерін қолға ұстап екеуі алагеуім таңменен қыбырлап қозғалып кетті қалаға қарай.

Әудем жердегі қалаға жеткенше көкжиектен шашырап Күн де шықты. Әр жерден селтеңдеген адам қара көрініп, қаланың қыбыр-қыбыр тірлігі басталғандай. Иті үріп, сиыры мөңіреп, есегі ақырады. Көшеде ерсілі-қарсылы жаяулар. Есек жеккен жаман арбасын сықырлатып әне бір шөгерме бөрікті өлмелі шал шөп алып келеді. Орипек жамылған бір топыр қыз-келіншек, иықтарында кетпендері, шуылдасып қаладан шығып барады. Бригат болса керек жұмысқа беттеген.

— Ал, балаларым, мінеки, Қоңыратқа да келдік. Қазір базарға да барамыз. Кәнеки, енді өздерің жүре қойыңдар! — деп, Дәу апа балаларды көңілдендіріп, жерге түсіріп жаяу жүргізіп қойды. Балалар көрінген нәрсеге бір қарап аздап та болса жұбанып, жетекке еріп келеді. Түнде жауған жаңбырдан жер бусанып жылы топырақ иісі шығады.

Жан-жағы дуал тар көшеге келіп кіре берді. Бейне бір ертек дүниесіне енгендей қатты әсерленді Хансұлу. Үйлердің бәрі кесек дуалдың ар жағында. Көрінбейді. Түтіндері шығып жатыр

ошақтарынан. «Қала дегеніміз осы екен ғой!» дейді, Хансұлу іштей үркініп. Дәу апа бір рет Қоңыраттың базарында болған екен, ертеректе. Ғұмырыңца қала көрмеген Хансұлу көшеге кірісімен-ақ басы айналғандай. Дәу апа болмаса мәңгіріп тұрып қалатын түрі бар. Орипек орамал жамылған әне біреулер қалпақтың әйелдері ғой. Ал, мынау басына шапан бүркеніп беті-аузын тұмшалап алған өзбек келіншектері болар, сірә.

Өстіп, әр нәрсеге бір алақтап келе жатқанда бұрқ етіп, піскен нанның иісі шықты қаптал тұстан. Жасаған ие-ау, тура оттан енді суырған піскен нан иісі, танауды жарып барады.

— Нан?!

— Апа, нан?! — деп, балалар жамырап қоя берді. Нанның иісі келген тарапта дуалдың ішінен түтін будақтап жатыр екен. Балаларда ес жоқ. Жемге ұмтылған арық қойдай топырласып сол үйдің есігіне қарай жүгірді. Дәу апа артта қалды. Мана аяқтарын әрең көтеріп келе жатқан балалар енді жетім қозыдай томпаңдап шауып барады қақпаға қарай.Есікке Едіге бұрын жетті. Бала есіктің саңылауынан сығалады. Есіктің саңылауынан ішке Хансұлу да үңілді. Қателеспепті. Есікке жақын тұста орипегін жамылған қалпақтың бір келіншегі еңкейіп, тандырдан нан алып жатыр.Жап-жалпақ тандыр нанды оттан суырып, жердегі ағаш табаққа салды.

— Нан!

— Апа, нан! — деп, шүйкілдеп қоя берді, балалар.

Осы кезде Дәу апа:

— Былай тұрыңдар! — деп, келіп есікті тарс-тұрс ұрды. —-Осы үй ме анық нан жауып жатқан?

— Осы үй, — деді Хансұлу.

— Әне! Әне! — деп, іш жақты нұсқады Едіге. Сөйткенше есік те ашылды. Орипек орамалды әлгі сұңғақ бойлы қара сұр келіншек есікті жартылай ашып бұларға таңырқай қарады.

— Балам, мүсылман баласы екенсің?! Наныңнан сат бізге!- деді Дәу апа, келіншектің қолына мыж-мыж болған қағаз ақшаны ұстата беріп. Келіншек алаканындағы ақшаға бір, көзі жәутеңдеген балаларға бір қарап бөгелеңдей берген.

Дәу апаның:

— Құдай үшін, балам! Сата ғой наныңнан! — деген жалбарынышты үні шығып кетті.

— Яхшы! — деп, келіншек бұрылды да, әлгі табақтың бетіндегі орамалын сыпырып үстінен бір тандыр нан алды.

— Балаларым, жүріндер! Сыртқа шығайық! — деп, нанды алған Дәу апа, сыртқа беттеді. Опыр-топыр бәрі сыртқа ұмтылды. Шыға салысымен Дәу апа қоржынын жерге қойып дөңгелек жұқа тандыр нанды екіге, іле төртке бөлді.

— Маған!

— Маған! — десіп, шүйкілдейді балалар. Оңды-солды ағылған жұртта шаруасы жоқ. Бұлар енді дуалдың түбіне жүктерді қойып отыра қалып жұмсақ нанды ауызға бұрап соғып жатыр. Осы дуал түбінде отырып жеген мына ыстық нанның дәмі тандайында өмір бақи қалар-ау деген ой кірмеп еді Хансұлудың басына. Бұндай хош иісті дәмді нанды Хансұлу бұрын-соңды жеп көрмеген сияқты. Тіске тиісімен жұмсақ нан таңдайында өзінен-өзі еріп бара жатқандай. Осы кезге дейін өмірдің бір ақиқатын түсінбей келгеніне таң. Қызыл бидайдың наны дастарқанда жатса, тіршіліктің өзге тауқыметі тауқымет емес екен ғой! О, Жасаған Ие! Өмірдің осы ақиқатын бұрын неге түсінбеген?!

Балалар әлгі алақандай нанға тоймай қалып еріндерін жалап, жалмаңдап тағы қыңқылдайды. Хансұлу да, Дәу апа да қолдарындағы нанның қалғанын балаларға берді.

— Қой, балам, қимылдайық! — деді Дәу апа.

Жүктерді иыққа қағып салып көшені бойлап қозғалып кетті. Анда-санда «Базар қайда?» деп қарсы кездескен жұрттан сұрастырып қояды. Көше ирек-ирек. Тар. Есек мініп митыңдап бара жатқан біреу. Базарға қарай ағылған жұрт.

Біреу ешкісін сүйреп, біреу қойын айдайды. Қаланың ішіне ұзап кірген сайын әр түрлі иіс-қоныс молайғандай. Өздері сияқты, арып азған қыр қазақтары көріне бастады. Балаларына қайыр сұратып қойып өздері дуалға арқа сүйеп әрең отырғандар көп. Сұлап жатқандары да көрінеді.

Ағылған жұртпен қабаттасып, ақыры, базар алаңына да келіп кірді-ау. Абыр-жабыр әңгіме. Ығы-жығы адам. Біреу сатып жатыр. Біреу алып жатыр.

Балаларының қолынан жетектеп құжынаған елдің арасымен келеді бұлар.

— Алыңыз! Түшпәра! Түшпәра алыңыз!

— Қатық бар! Айран! Бері келіңіз!

— Ыстық самса! Ыстық самса!

— Зағра нан! Зағра нан ал!

Едіге мен Түгелхан самса сатқан әйелдің жанынан кегежектеп өтер емес.

— Әже! Нан!

— Ал, балаларым, әжелеріңнің ақшасы әлгінде біткен! — деді Дәу апа, балаларға айтқан боп Хансұлуға естірте.Хансұлу түсіне қойды Дәу апаның нені мегзеп тұрғанын. «Ақшаң болса сауатын жер келді» дегені.

Құлағындағы алтын сырғасы мен қолындағы жалпақ күміс білезіктен басқа Хансұлуда нәрсе жоқ еді. Дәу апаны шеткерірек шығарып құлағындағы сырғасын шешіп қолына ұстатты.

— Апа! Осыны сатыңыз! Нан-пан алайық! — деді.

— Ақша жоқ па еді? — деді Дәу апа, күректей алақанында жылтыраған алтын сырғаға қарап. Іле:

— Жүр! Енді бұның бәсін білейік, қанша тұрады екен!- деп, Дәу апа жайма базарға қарай жол бастады.

— Құдай сәтін беріп, бүгін базар күнге тап келгенімізді қарашы! — деп қояды Дәу апа. — Жан-жағыңа қарай жүр, таныс біреу кездесіп қалар!

Базардың бір шетінде түйелерін шөгеріп қойып отын сатып жатқан түйежүн шекпенді, елтірі бөрікті қыр қазақтарын Дәу апа танымады. Дәу апа жақындап жөн сұрап еді, ернінде бұлтиған насыбайы бар ала көз шермек сары:

— Қошай атам-ау, сол ауыл шіждей ме едіңіждей? Құмның ішінде башпашы шапқан? Қошай атам-ау, ол ауыл шөйтіп аштыққа ұшыйады деңіш? Шеше! Шіж ол туыштарыныжды жағадан іжделіж! Алматыдан өкіл келіп жатый, Ашылбеков деген. Ол шондай ауылдайды жинап жатый, кемемен алып кеткелі жатый. Шолай, шеше!

— Ай, інім, жағалауынды біз қалай табамыз? Соны айт сен! — деді Дәу апа.

— Қошай атам-ау, міне тиіп түй! Былай жүйе бейіндей! Суға байашындай, көп үжамай! — деді, шүлжің шермек сары көзі бақырайып.

Сөйткенше арт жақтан шаң-шұң айқай шықты.

— Мелиса шақырың! Бай-бай!

— Мелиса! — деген байбалам үн естілді.

Хансұлу шүлжің қазақтың аузына қарап тұрған кезде Едігеден айырылып қалыпты. Жаңа ғана қасында тұрған.

Базардың шетіндегі шаң-шүң айкайдың ортасында бір бала көрінеді. Самса сатушы әйел әлгі баланы білекген ұстап алыпты.

— Ойбай, менің балам ғой анау! — деп, Дәу апа тұра ұмтылды. — Кызым-ау, қалай айырылып қалдың?

Хансұлу да қоса жүгірді.

Самса сатушы әйел Едігені білектен ұстап тұр. Төңірегі үймелеген кісі.

— Ұстатыш керек!

— Тапсырыш керек мелисаға!

— Шундақлар көбейіп кетті! — деп, бір томпақ саудагер қолын ербендетеді. Қорқып кеткен Едіге шырылдап тұр жылап.

— Адыра қалғыр. Әй, жібер баланы! — деп ұмтылып келеді Дәу апа, қалың жұртты жарып.

— Тапсырыш керек мелисаға, шундақларны! — деп байбалам салып, әлгі томпақ қарын саудагер мұрты ербиіп, Дәу апаның алдын кес-кестеді.

— Адыра қалғыр, былай тұр жолымнан! — деді еңгезердей Дәу апа, томпақ қарын саудагерге төніп келіп, төбесінен еңкейіп.

— Яқ! Яқ! Болмиды. Мелиса! Мелиса! — деп, томпақ қарын саудагер Дәу апаны өңменінен итерді. Сол-ақ екен, қаһарына мінген Дәу апа:

— Мә саған «мелиса!» — деп, кестапандай жұдырықпен томпақ қарын саудагерді құлақ шекеден қонжитты. Томпақ қарын саудагер төрттағандап ұшып түсті. Сәлдесі домалап кетті. Көріп тұрған халық қыран-топан күлкіге батты. Самса сатушы әйел қара кемпірдің екпінінен қорыққаннан Едігені босата салды. Едіге бақырып кеп әжесінің кең құшағына тығылды.

— Қой! Қой! Құлдық етейін, жылама! — деп жатыр Дәу апа немересін көтеріп бауырына басып.

— Вай, бұ қырады, ә! — деп, сәлдесін қаққылап тұрегеле берді таяқ жеген саудагер, қып-қызыл боп.

— Мелиса қайда бұ, вай! — деп бажылдаумен тұр самса сатушы әйел.

— Мында! Мен боламын «мелиса!» — деп, топ ішінен қара былғары кепкалы, қара былғары плащты орта бойлы бір сары кісі алға шыға берді.

Самса сатушы әйел өзіне туралап келе жатқан оқыған төрені көріп сасқалақтап қалды.

— Қанша самсаңызды жеді бала? — деді, әлгі кісі қалтасына қолын сұға беріп.

— Бітта! Біттасын жеді, — деді әйел қаймыжықтап.

— Мінеки, ақшаңыз! — деді кісі. — Және сегізін беріңіз!

Қолына ақша тиген самса сатушы әйел тұқшыңдап алдында тұрған өкімет адамының өтінішін орындауға кірісті.

Кісінің соңында екі қызыләскері бар екен. Олар да жақындады. Кісі сегіз самсаны кәзитке орап алды да, Дәу апаның құшағында өксігін баса алмай тұрған баланың қолына ұстатты. Жұрт аң-таң. Дәу апа да, Хансұлу да аң-таң.

— Бері жүріңіз, апа! — деді кісі, базардан шығатын есікке қарай жол бастай беріп. Әлгі екі қызыләскердің бірі -Дәу апаның, бірі — Хансұлудың жүгін қолынан алды.

— Апа, қай жақтансың? — деп, былғары плащты кісі сыр тартты Дәу ападан.

— Е, балам-ай, қай жақтан дерің бар ма бұл апаңның?! Кезінде кәлектиптен қаштық. Сөйтіп жүргенде баспашыға тоналдық. Ақырында жұтап, қаңғып жүрген бейбақтар боламыз! — деді Дәу апа.

— Бәсе… біз де солай шығар деп топшылап едік… —деді, былғары плащты, толықша, қой көзді сары кісі. —Былай, апа! Қазір, мына жігіттер сіздерді жағаға алып барады. Ас та, баспана да бәрі сонда бар. Қарсы емессіз ғой!

— Қалқам-ау, неге қарсы болайық! Ас берсеңдер, баспана берсендер неге қарсы болайық?!

Көшеде ат жеккен екі арба тұр екен. Соның біріне бұларды отырғызды. Делбеге қызыләскердің бірі отырды. Мұрты енді тебіндеп келе жатқан жап-жас жігіт екен. Дәу апа да, Хансұлу да арбаға мінгеннен кейін әлгі «өкімет адамы» берген самсаға қол ұрды. Қашан самса ораған кәзит босағанша бұларда үн болмады. Бір кезде бойға нәр тарап ес жиған Дәу апа делбеде отырған қызыләскер баладан там-тұмдатып сыр тартты.

— Балам, әлгі төреңіздің ныспы кім болды?

Қызыләскер мырс күлді.

— Шеше, ол «төреңіз» Абдолла Асылбеков деген Каз.ЦИК-тің секретары. Алматыдан келген, — деді.

Арба бұл кезде қаланың арқа тұсындағы сортаң жазыққа шыға беріп еді.

— Садағаң кетейін… кім болса о болсын, әйтеуір бір иман жүзді бала екен өзі, — деді Дәу апа.

Қызылөскер:

— Кешегі асыра сілтеудің кезінде, апа, өздерің сияқты жан-жаққа қашқандар көп болды қазак жерінен. Бүгінде де аштықтан шұбырып кетіп жатыр елден, жерден. Соларды жинап елге көшіруге келдік, — деді тағы да.

— Е, жөн екен, балам! — деді Дәу апа бас изеп, риза болып.

Жан-жаққа Күн сәулесі мол түсіп тұрған алаптарға, жыңғылды тоғайларға, тегістеп тастаған егінжайларға, тұт ағаштарының арасына жасырынған балшық үйлерге қазір Хансұлу өзгеше бір өміршең көзбен қарайды. Әлгінде базарда, бір түпсіз тұңғиыққа түскен екенбіз ғой, адам болудан қалған екенбіз ғой деп аспанын мәңгі түнек басқандай жүнжіп еді жаны. Бір күшті құдірет келіп сол құлдырап құрдымға кетіп бара жатқан жерлерінен суырып алғандай, тұңғиықтан жарық дүниеге алып шыққандай қазір.

Дәу апа қызыләскерден жағадағы елдің ішінде «Пәленше деген бар ма, түгенше деген бар ма?» деп жөн сұрап еді, қызыләскер айтқан кісілерін танымайтын болып шықты.

Көкжиекпен астасып жатқан сұрғылт тегістік шалынды көзге.

— Қайсы, жарықтық Әмудариямыз сонда анау ма? — деп шұқшияды алға қарап Дәу апа. Дәу апаның да,

Хансұлудың да Әмударияны тұңғыш көруі еді бұл. Балалар:

— Ол не? — десіп, арбадан бастарын қылтитты. Хансұлу:

— Апа, бұл дария неге сұп-сұр? — деп таңырқады.

— Арнасына сыймай аққандықтан шығар лайытып жатқаны.

Алыс көкжиекпен түнере тұтасып жатқан орасан жойқын дария бұларды ә дегеннен сұсымен сескентті. Лайытып, көбіктеніп жал-жал толқындары аунап төңкеріліп, арнасына сыймай толықсыған дарияны жаны бар су екен дерсіз. Сол суға, құдіретті жойқын күш иесіне тіке қарауға дәтің шыдамайды. Бойына бір түрлі үрей шапқандай Хансұлудың.

— Апа, мана сіз саудагерлермен шайқасты бастаған кезіңізде мен біреуді көрдім топ ішінде… — деді Хансұлу. Дәу апа Хансұлуға қадады көзін.

— Қолында таяғы бар Лабак ахунды көрдім топ ішінде. Тура, әпенді, түрі.

— Е, балам-ай, болса болар… «Тұрымтай тұсына, балапан басына» кеткен заман ғой… Оған таң қалатыны жоқ… —деді Дәу апа, бет әжімі қалыңдап ауыр күрсініп. —- Сен оны айтасың… Әлгі базарда мен бір сұмдықты көрдім ғой… Қыз баласын саудаға

салып тұрған аш байғұс ата-ананы көзім көрді ғой… Өзіміз сияқты қырдың қазактары…

Дәу апа одан әрі сөйлей алмады. Тілін жұтып Хансұлу да үнсіз қалды…

Жағада от түтетіп, қостанып жатқан алабажыр бір қауым ел көрінді. Жаулықтары ағарып арасында әйелдер жүр. Бұттары сидаңдап балалар жүр. Қаратал, шігілдік, бояуы қалың өскен жағаның тегістеу алаңқайына орныққан бір қауым ел. Екі-үш жұлым үй көрінеді. Он шақты қоңыр брезент шатыр тұр. Бес-алты жерде от түтеп, мосыға шәугім, шелектер ілініп қойылыпты. Түс әлеті кезі еді. Шамасы, жұрт ас қамына кірісіп жатса керек. Қатындар от басында күйбеңдеп әлденені турастырып, еркектер отын бұтарлап от жағып жүр.

Алдымен бұлардың арбасын балалар қоршап алды. Одан кейін жұмыстарын тастап әйелдер жүгірді.

— Ойбай, Дәу апа ғой мына келген?!

— Аман жеттіңдер ме? — деді шуылдасып.

— Өздерің де амансыңдар ма? — деп, Дәу апа түсіп жатыр арбадан. Назарлары төмен, сүдіндері жоқ еркектер де біртіндеп жақындады.

— Ойбай-ау, би қайнағалар қайда?

— Балқия табылды ма? — деп, сұрақты жаудырып жатыр әйелдер үсті-үстіне.

— Е, қарақтарым-ай, жетпіске жетсек те бұл фәниде көрмегеніміз көп екен. Несін сұрайсыз, көрдік кой көресіні.Ух, — деп, қапсағай тұлғалы Дәу апа белін жазып, қабак шытып ауыр күрсінді. — Анау… біздің «қаншықты» іздеймін деп Пахраддин сырқаттанып жолда қалды. Сырғасы қасында.Мына екі баламен біз де әйтеуір, итшілеп Қоңыратқа жеттік-ау. Несін сұрайсыз, абырой болганда, Құдай оңдап мына өкімет балаларға ұшырасып…

Содан ашық аспан астына алаша, сырмақ төселіп қадірлі қонақ болып бұлар төрде отырды. Бұларды қоршай кемпір-шалдар жайғасты. Қатын-қалаш дастарқан жайды ортаға. Күлзипа қуырылған бидай төкті дастарқанға. Қатира шақпақ қантты пышақтың қырымен ұрғылап жатыр.

Хансұлу қарап отырса жағадағы халықтың ішінде бұл танымайтын да біраз қожалық бар екен. Дастарқан басына олар келген жоқ. Өздерінше бөлек-бөлек топ болып от түтетіп, қазан көтеріп дербес тіршілік етіп жатыр. Және құлағы шалғаны Қатираның шешесі аштан ісіп өліпті жолда. Біраз бала шығын болыпты.

Ішінде — Майлыбай мүсәпірдщ үш баласы бар. Бұлардан екі-үш күн бұрын келген өз ауылдастарының да кәдімгідей райы өзгеріп қалған. Едәуір ес жиып тойынып, тыныққан сыңайы бар. Сөйлеген дауыстары да қаттырақ шығады. Әнгімелерінің де түрі бөлектеу. Өздері кешеден Арал тараптан келетін кемені күтулі екен. Сол кеме енді бүгін келер дейді. Алматыдан келген өкіл бұларды сол кемеге тиеп, теңіз арқылы пойыз аяғына әкетеді-мыс. Содан, жер түбіндегі Әулиеата деген қалаға дейін тартады-мыс. Әулиеатадан түсіріп сол төңіректегі колхоздарға бөледі-міс.

— Ей, жарайды да. Әйтеуір аш қылмаса болды да! — деп, кемпір, шалдар шүкірана етті.

Астан соң Дәу апа қисайып жатып дем алды. Хансұлу екі баланы ертіп, өзен жаққа барды. Жаға кісі бойы тік жарлауыт екен. Су төменде шылпытъш жағаны ұрып жатыр. Ағыстың екпіні жақыннан қарағанда кісі шошырлық. Көз алмай тұрсаң бас айналғандай. Әредік-әредікте шұқыр иірімденіп, лайытып жөңкілген мол су. Балалар лақтырған жоңқаны шырқ көбелек айналдырып әкетеді. «Бұл неткен құдірет. Бұл неткен мол су?» деп, жар басында таңырқаумен тұр Хансұлу. Ту, алыс жағада бір қайық көрінеді. Қайық үстіңде шошайған екі кісі. Соған қарап отырып көз жасы бұрқ етті. Әке-шешесі түсті есіне. Құла дүзде қалған қос мұңдар! Күндері не болды екен? Тірі ме екен? Әлде… әлде бір бұтаның түбіңде қарға-құзғынға жем болып жатыр ма екен? Не болды екен? О, арсыз тіршілік! Әлгінде ғана бұл өз жұмырына жұғын барғанға мәз болды-ау. Дүниені ұмытып, есіл-дерті дастарқанның үстіндегі дәм болды-ау. Со кезде ғой, жарты жолда қалған байғұс әкесі мен шешесі миына кіріп те шыққан жоқ. Мінеки, енді есіне алды, әбден қарны тойып болғасын… О, арсыз тіршілік! Айтпақшы, бұған не көрінді? Әке-шешесін тастап қайда барады? Әке-шешесінің өлітірісін білмей тұрып жер түбіндегі Әулиеатаға қалай кетпек?

— Апа, енді қайттік? — деді Хансұлу, абдырап, дегбірі кетіп.

— Сабыр… сабыр ет, балам! — деді Дәу апа қабақ шытып ойланып. Алыс көкжиекке еңкейген Күнге сығырайып қарап тұрды Дәу апа. Қайратты, жігерлі, өмірде көрмегені жоқ Дәу апа бұл жерден де бір жол тауып шығатын тәрізді Хансұлуға.

Өстіп тұрғанда қозы-лақша жар басында ойнап жүрген балалар тағы да шуылдап қоя берді:

— Кеме! Кеме келе жатыр!!!

— Алақай! Кеме! Кеме! — десіп.

Кеме балалардың қуанышына орай жауап бергендей алыстан үн қатты, Жар басындағы балалар одан бетер дуылдап мәз болып қалды.

Дарияның төменгі жағынан түтіні будақтап қарауытып кеме келеді. Дәу апаны қайдам, Хансұлудың тұңғыш көруі еді кемені. Көз ала алмай қарайды. Дарияның ағысына қарсы жүзіп кеме жақындай түсті. Бұл кемеге отырды бітті, әке-шешесін, Шегені енді қайтып көре алмайтындай көрінді Хансұлуға. Жер түбіне шығандап кететіндей. Әулиеата қайда, біреу қайда?

— Апа, мен кемеге мінбеймін… — деді.

— Балам-ай, мен де соны ойлап тұрмын.

8

Қараңғы түсе кемеге отыру басталды. Бұл кеменің шын аты «Баржа» екен. Қарауытып түнеріп көлбеп тұр жағада. Ішіне ауыл-аймағыңмен, бота-тайлағыңмен кірсең де тарлық етер түрі жоқ.

Асылбеков басқарған қызыләскерлер алдымен кеменің үстіне шығып аралап көрді. Сөйтіп жүргенде ымырт жабылды. Жұрт бұ кезде жағада жүктерін буып-түйіп, балаларын қолға ұстап өкілдің бұйрығын күтіп тұрды.

Заттарын буып-түйіп жол жүретін адам тәрізденіп Дәу апа мен Хансұлу да қамданған. Шындығында бұлар абыр-сабыр қараңғыны пайдаланып қалың бұтаға қойып кетуді көздеп тұр. Ақыры реті келді. Жұрт дабырлап тұрғанда:

— Ал, міниңдер! — деген бұйрық болды. Содан көпшілік бірінбірі басқылап кеме мен жарлауытты жалғап тұрған ағаш баспалдаққа қарай таласа-тармаса ұмтылсын. Қызыләскер айқай салды. Оны тыңдайтын халық па, у да шу, опыр да топыр. Кеменің ішінен қараң-құраң етіп және екі-үш кісі жүгіріп келді. Қара қойдай топырлап ішке ұмтылған жұрттың алдын кес-кестеді.

— Тәртіп сақтаңдар! — деген айқай ереӊ естіледі мол нөпір ызы-шудың арасынан. «Бүгін кемеге сыймай қалғандарды келесі кемеге қалдырады екен. Ол келесі кеме отырғандарды суық жаққа әкетеді екен» деген қауесет тарап кеткен мана. Қазір елдің бірінбірі басқылап, басқа, көзге қарамай кемеге таласа-тармаса мініп жатқан себебі содан-ды.

— Ал, балам, осыдан ыңғайлы сәт тумас! — деді Дәу апа.

Содан екеуі ығысып шеттей беріп түнерген қалың бұтаның арасына қойды да кетті. Ақ жаулықтарын қоржынга тыққан, кешкі ымыртта ағарып көзге шалынбасын деп. Балалар — арқасында, түйіншектер — қолдарында, қалың шігілдік, боянның арасымен тартып барады, сарғайған шапағы бар батысты бетке алып. Іздерінен біреу қуып келе жатқандай. Жортақтап, бүлкектеп бұтасы қалың, бұдыры көп жолсызбен сүріне аттап келеді. Үн жоқ. Жаңа бір өзірде, Едіге:

— Әже, неге мінбедік… кемеге? — деп қыңқылдап еді. Дәу апа:

— Өшір үніңді! — деп, бір перді құйрықтан. Балалар да, жүк те ауыр, көтеріп қашуға, ақ тер, көк терлері шығып ырсылдап қалды Дәу апа да, Хансұлу да. Енді құтылдық-ау деген шамада алда келе жатқан Дәу апа «Ух!» деп іркілді. Тоқтаған жерлері кісі бойы қалың боянның арасы еді.

Балаларды, жүкті жерге түсіріп екі иықтан дем алып тұр ырсылдап. Бұрылып соңдарына қарайды, терлерін сүртіп. Боянның тасасынан не көрінсін. Аулақ қалған жаға тараптан сол ызы-шу, қым-қуыт кемеге мініп жатқан жұрттың дабыры жетіп тұр.

— Мәссаған! — деді, түнеріп түн басқан төменгі ағыс жаққа бұрылған Дәу апа. — Жалт ойнап келеді, адыра қалғыр, жауын жауып кетер ме екен?

Сөйткенше, арқа тұстан жел гулеп бұта бастарын сыбдырлатып шайқап өтті.

Хансұлу өкпесін соғып ентігіп отыр. Жүрегі кеудесіне сыймай дүрсіл қағады. Көзіне құйылған ащы терін қайта-қайта сүртеді. Алдында тәлтиіп тұрған кішкенгай Түгелінің басынан сипай береді. Шегені айтам-ау, Хансұлу мен мына Түгелхан қазір түн жамылып қалың бұта арасында бұғып отырғанын білмейді-ау. Баласы мен жарының дауыл қуған қаңбақша дірдектеп жүргенін білмейді-ау. Шеге! Қайда екенсің? Алыссың-ау! Жете алмай жүрсің-ау! Бұл тағдыр сірә көрісуге жазса жарар еді… Осы айрылғанымыз айрылған, сен дүниенің бір бұрышында, бұлар бір бұрышында қаңғып кетпесе жарар еді… Сондай бір сұмдық ой келді басына. Жаны түршікті. Мына бұта бастарын теңсеген жел уілі сол мазасыз ызғар ойға қозғау салғандай. Мына тірліктің опасыз бейнесінен хабар бергендей. Сұсы жаман шындықты сыбырлап айтқандай.

Дәу апа екеуінің, ендігі мақсаты — Қоңыратқа жетіп Пахраддиннің ескі тамыры Шамұрат деген қалпақтың үйін тауып алу еді.

Қараңғы әбден қоюлады. Бұлар жүріп келеді. Аяқ асты көзге еміс-еміс шалынады. Қуалай соққан жел бар. Күн жауатынға ұқсайды. Манадан, көкжиектің ар жағында күн күркіреп келе жатқан. Кенет, тура көк желке тұстан аспан шатыр-шұтыр етті. Оңбай шошыды бұлар.

— Бісміллә!

— Бісміллә!

— Қап, қалаға жетпей жаңбырдың астында қалатын болдық-ау! — деді Хансұлу, иығында қапшық, еңкендеп.

— Неғылар дейсің, балам! Жазғытұрдың жаңбыры ғой… — деді Дәу апа.

Майда құрақ өскен тақырлау сортаң жерменен келеді. Құрақ судырлап аяқты қағады.

— Балам, әне бір қарауытқанды көріп келесің бе? Жассың ғой, қарашы, неге ұқсайды өзі? — деп, Дәу апа алға еңкейіп көкжиекке көз тікті. Жаңбыр да тамшылай берген бұ кезде.

Қалтаны иығынан түсіріп Хансұлу да отыра қалып батыс көкжиекке шұқшиды.

— Ағаш тұр қауқиған… Қасында құлаған қабырға ма, бір нәрсе көрінеді…

— Дұрыс… — деді Дәу апа. — Неде болса сол қалқиған нәрсені паналайық… Балаларды жауратып алармыз.

Қайта қозғалды әлгі белгіге бет түзеп. Дәу апа жол қысқарсын деп бір әңгіме бастады.

— Е-ей, балам-ай, жаңбыр дейсің бе, қар дейсің бе, жоқшылық дейсің бе, токшылық дейсің бе, бұл апаң көрмеген не қалды дейсің бұ дүниеде. Иен далада талай жападан-жалғыз түнеп те шыққан бұл апаң!

Дәу апаның әңгімесі біткенше түн жамылып түнерген ағашқа да жақындады. Ағашқа таяу балшық үйдің құлаған қабырғасы. Бұлар тұт ағаштың түбіне тығылып, бұ кезде сабалап жауып берген жаңбырдан бой тасалады. Өздерінің үстеріне көрпешелерді жамылып, балаларды күпіге орап бауырларына қысты.

Күн тағы да бірер рет дүниені дүңгірлетті де, соң біржола тынышталды. Содан суылдап жылы жаңбыр күйсын кеп. Жапырақтар, бұта бастары — төңірек түгел қыбырлап, сыбырлап сыбдыр қақты. Жаңбырдың ғажайып иісі бұрқырады. Құдіретті жаратылыс үніне ден қойып бірауық бәрі қыбырсыз үнсіз қалған. Жаңбыр

толастар емес. Әлден уақта балалар ашығып нан сұрады. Сол бүркеніп отырған күйі бәрі құнжындасып бидайдың нанынан ауызға бұрап соғып отыр. Балалар қарындары тойғасын қалғи бастады.

Хансұлу баласын күпіге орап, бауырына қысып жатты. Тұттың жапырағы қанша қалың болғанмен, бір кезде тысырлап үстеріне тамшы тамды. Көрпеше су болуға айналды. Хансұлу ұйықтап қалған Түгелін бауырына қымтап қыса түсті.

— Қалайсың! — деп қояды бұған арқасын беріп немересін бүкіл денесімен жауып жатқан Дәу апа.

— Тамшы тама бастады, — деді Хансұлу.

— Шыдайық! Жерге жарық түссін. Сосын қимылдармыз. Оған шейін мүмкін, жаңбыр да басылар. Көз шырымыңды ал!

Ит сілікпесі шығып шаршаған Хансұлудың көзі ілініп кеткен екен. Бір кезде тура жауырын ортасынан құйылған мұздай судан тітіркеніп оянды. Түрегеп малмандай су болған көрпешені сілікті. Көйлегінің етегі, он иығы, жауырыны су болыпты. Жаңбыр саябырлай бастаған. Баласын қымтаңқырап, балапанын бауырына басқан тауықтай үстін ылғалдан көлегейлеп қайта жатты. Киімінен өткен ылғалдан денесі түршігіп, қайтып көзі ілінбеді. Дәу апа ұйықтап жатып солықтап құрғақ өксіді. «Құлыным!» деп қалды. Көкірегі қарс айырыла «аһ» ұрды. Қайран Дәу апа! Қасіретіңнің бәрін ішке жиып жүрген болдың-ау! Бұлышынды жоқтап жатсың-ау, байғұс ана!

Хансұлу тым-тырыс жатыр. Дәу апа жаулығын тартып, көзін сүртіп, орнынан тұрды. Бұ кез төңірек тұс айқындала бастаған шақ еді. Жаңбыр да толастаған. Дәу апа жөткірініп:

— Хансұлу! — деді ақырын.

— Ау! — деді Хансұлу басын көтеріп.

— Қимылдайық, балам!

Таң атып калыпты. Жүктерін буып-түйіп ұйқылы-ояу балаларын арқалап алып, аздасын жүріп те кетті. Жер балшық. Шөп ылғал. Күн шыға көлденең үлкен сайға жолықты. Ары жағында қала да көрініп тұр.

— Су жүріп кеткен бе, балам-ау? — деп таңырқады Дәу апа. Мәссаған, лайытып жаңбырдың суы ағып жатыр сайменен, кішігірім өзендей.

— Ымм… адыра қалғыр… Су кешетін болдық-ау! — деді Дәу апа.

Не десін Хансұлу. Үндемеді. Аздап басы ауырып, еті ысып келе жатқанын айтпады. Топырақ, қоқым аралас аққан лай судың жаға-

сына жеткесін көк тырбық ажырықтың үстіне жүктерін қойып, етіктерін шешті. Ұйқыдан енді оянған балалар айналаға жалтақтап таңырқанды. Баласы арқасында, жүктерін, етіктерін қолға ұстап жалаң аяқ Дәу апа суға бастап түсті.

— Бісміллә! — деп, қою лайсаң кешті Дәу апа. Су ені он бес қадамдай-ақ жер. Дәу апа ортасына таман барды. Хансұлу бір қолымен етегін көтеріп қырындай қозғалып, лай суға бұл да аяғын батырды. Су тастай екен. Тура мидан шықты. Үн шығармай еңкейіп еппен басып балтырдан келетін мұздай суды жалаң аяқ кешіп келеді. Жұмсақ табанына су астының қиыршық тасы батады. Қабағын шытып тістенеді. Судың ызғары етігінен өтіп, сүйегіне жетті. Акыры жағаға да шықты. Жағаның құмын басқан кезде табанының біртүрлі жаны жоқ сияқтанды. Қоржынның үстіне отыра қалып аяғын кептірді. Сүртті. Шұлғауын орап жылы етігін кигесін барып қана аяғына жан енгендей болды.

Бұ жақ бет жерінің «миы шығып» жатқан балшық екен. Сайдан шыға алсашы, жүкпенен. Арқасында бала. Дәу апа балшыққа қарайтын емес, тайған сайын:

— О, адыра қалғыр, тақа! — деп қарғанып, немересін сүйрей-сүйрей, қолымен жер таянып сай кенересіне жақындап қалды.

Қайта-қайта тайып құлап Дәу апаның қиналғанын көріп Хансұлу сайдан шығатын басқа жылға көздеді. Судың ағысына таман бұрыла түсіп бір шағын жылғамен сайдан шығуға ыңғайланды. Бұл жылғадан да су жүріп өткен екен. Көк өскіндердің үстімен аттап басып өрге тырмысты Хансұлу. Арқасында — баласы. Қырқаға шығып алған Дәу апа:

— Балам! Ау, қайдасың? — деп, қақылдап дауыстап тұр.

Хансұлу екі бүктетіліп алға басқан аяғы кері кетіп сары балшығы иленіп етікті ұстаған баураймен өрлеп келеді. Кей жерде қолымен жер таяп төрттағандайды. Көзіне тері құйылып аяқ астын әзер-әзер көреді. Көз алды карауытып дым көрмей, басы айналып тұрып қалады кейде.

— Апа, қара! — деді, бір кезде арқасындағы баласы.

— О, не? — деп, бұл теңселіп тұр. Көзіне құйылған ащы терін сүртті.Бір топ қарға дүрр көтеріліп әрегірек барып қонды.

— Әне! Әне! — деді Түгелхан. Оң жағына қарай назары түскені сол, жүрегі су етті. Үйілген балшық төбешіктің астынан қатар-қатар тізілген адам аяқтары шығып жатыр.

Хансұлу сіресіп қатты да қалды. Бір жағын жаңбыр суы шайып кеткен топырақ астынан ырсиып жалаңаш кісі аяқтары шығып жатыр. Дені шілпиген бала аяқтары. Әйелдің аяғы да көрінеді, балтыры толықтау. Шала көмілген аштар екенін көріп тұр. Бір баланың домаланған басы жатыр. Көзін үңірейтіп қарға шұқып тастапты.

— Өліп қалған ғой, — деді Түгел. Сонда барып Хансұлу есін жыйды. Тұла бойы дірілдеп енді аяғын көтере алсашы.Еңбектеп өрмеледі.

Иттің азабын көріп, ақыры, қырқаға да көтерілді. Хансұлудың қос шекесі солқ-солқ етеді. Қара терге малшынды. Жаны көзіне көрінді. Қаланың бергі тұсында қалың тұттың арасында жалғыз там үй көрінеді. Бір сеңсең бөрікті шал қой-қозысын өргізіп жүр. Түрікпен болар, үстінде қызғыш шапаны.

— Апа, басым… шығып барады, — деді Хансұлу, өң жоқ, түс жоқ көзіне тері құйылып.

Дәу апа бұның маңдайын ұстап көрді.

— Ойбұй, етің күйіп тұр ғой…

Дәу апа бұны жүктің қасында қалдырып, өзі көгалда қой шетінде таяғына сүйеніп калқиып тұрған түрікпен шалға қарай беттеді. Біраздан кейін сеңсең бөрікті шал бұлардың жүгін өзі көтеріп үйіне қарай бастап алып жүрді. Хансұлу мең-зең. Бір баспана болса, тек құлағалы келеді.

Есік алдында шағын тоқал там бар екен. Ас үй тәрізді. Сонда кіргізді бұларды шал. Жерде қоғадан тоқыған шыпта жатыр. Басында гуппалы қызыл жаулықты кемпір келіп, алаша төседі әлгі шыпта үстіне.

— Пешті қыздырайық? — деді Дәу апа.

— Хава, хава, гыздырыш керек! Гыздырыш герек өйни! — деп, шал Дәу апаны мақұлдай кетті.

Пеш жағылды. Үй қызды. Дәу апа жез легенге ысыған су құйып «Аяғыңды мал!» деп, Хансұлудың қасына қойды. Аяғын ыстық суға малып көзін жұмып бұл біраз отырды. Хансұлуға осының бәрі көрген түстей. Судың ыстығы шым-шымдап бойға тарады. Төңірегіндегі күбір-күбір әңгіменің бірін естісе бірін естімейді. Шал үлкен бір тонмен үстін жапты. Кемпірдің аты Огултәч әже екен. Огултәч әже кесемен, ерітілген азғана қойдың құйрық майын әкелді, аяғын сылауға. Дәу апа әлгі маймен Хансұлудың аяғын тізесіне дейін сылады. Аздасын Огултәч әже май қатқан ыстық сүт

әкелді. Оттың қызуынан ба, әлде ыстық сүт ішкесін бе, Хансұлудың мандайынан тері бұрқ етті.

— Енді тырп етпей жат! — деп, Дәу апа бұның үсті-басын түгел қымтады. Киімнің бәрін үстіне үйіп тастады.

— Мен Шамұратты тауып алайын!.. Сен жат, қимылдама!- деді.

Хансұлу бас изеді. Жүктерді қалдырып, балаларды ертіп Дәу апа қалаға кетті. Хансұлудың жатқан жері пешке жақын, іші-сыртын саз балшықпен сылаған тауық кетегіндей, төбесі аласа тап-тар ас үй. Ішінен от жаққаннан кейін қыз-қыз қайнады. Хансұлу қара су боп терлей бастады. Огултәч әже кіріп-шығып жүріп:

— Гызым, хал нечик? — деп қояды.

Сырттан Қақабай ата да бұның жағдайын ауық-ауық кемпірінен сұрап қояды. Түрікпен тілін түсінбесе де мына ұлты басқа екі кәрінің мол шуақты пейілін сезеді. Ішкен сүт, жанған оттан да бөлегірек шипа — мейірім сәулесі жан түкпіріне жарық түсіргендей.

Таңертең кеткен Дәу апа кешкісін бір-ақ оралды қаладан.

— Балам-ай, жолымыз болады екен! — деп, ер пішінді еңгезердей Дәу апа ас үйдің есігінен екі бүктеліп сөйлей кірді. — Шамұратты тауып алдым. «Шамұрат» десем базардағы саудагерлердің бәрі біледі екен. Үйін де, жұмысын да көрсетіп жіберді. Содан екі баламды жетектеп үйіне барсам Шамұратым отыр төрде, садағаң кетейін. Ал, балам, бас қалай?

Хансұлу тауықтың жас сорпасын ішкенін, үй иелерінің зор қонақжайлық көрсеткенін айтты.

— Шамұратым бір пысық пәле екен… — деп Дәу апа әңгімесін жалғады. — Мені ертіп «КПУ» дегеніне алып барды. Олар түгел жазып алды Пахраддиннің, Сырғаның, Балқияның аты-жөнін, жас шамасын, табылса хабарлаймыз деп. Сөйтіп, Шамұраттың арқасында, балам, ол шаруаны бір жайғадық. Одан соң Шамұратым енді менің жағдайымды да бір жақты етуге кірісті. «Інтірнат» дегеніне алып барды. Өзі сонда «забхоз» дей ме, бір қызметті істейді екен. «Інтірнатында» жоқ-жітік, жетім балалар толы екен. Өңшең қыр қазағының балалары. Солардың асханасында ыдыс-аяқ жуатын болып істей тұр деді маған. Тамақтарың тоқ болады деді. «Е, жарайды» дедім. Сол «інтірнаттың» отын жинайтын қорасынан баламыз екеумізге бір қоналқалық орын да тауып берді, садағаң кетейін. «Бала-шағаңның рахатын көр! Маған істеген жақсылығыц Құдайдан қайтсын!» дедім. Осы, міне, кешке дейін айналып қалған

себебіміз. Құдай сақтасын, аштан бұралып жатқандар көп екен көшеде… Бәрі өзіміз сияқты қырдың елі…

«— Көкемдер жете алмағаны-ау, — деп күрсінді Хансұлу, балшық сылақты ас үйдің қарауытқан ыс тебесіне қарап жатып.

«— Қайткенде не лаж бар?.. — деп, Дәу апа да қамықты, өлітірісі белгісіз Пахраддин, Сырға жайын ойлап. Бірауық алакөлеңке ас үйдің ішін зілмауыр тыныштық басты. Үнсіз налып отыр екеуі. Сыртта тауықтар қыт-қыттайды. Екі бала ойнап жүр есік алдында.

9

Дүзген түбінде әлі құрып талықсып жаткан Сырға көзін ашса Пахраддин келіп отыр екен жанына. Сырға ыңырсып қозғалды. Сексеуілдің шырпысындай жіңішке әлсіз саусақтарын дірілдетіп ауа қармап әлдене іздеді. Неде болса тіске басатын нәрсе іздеді. Жұмырына жартымды нәр қонбағалы қанша заман. Біліп болмайды. Күннің, түннің есебінен жаңылған Сырға. Сағыздай созылып бітпейтін бір бейнет мезгіл. Бар үміті — Пахраддинде. Пахраддин тірі тұрғанда Сырға бүйтіп бейнет шекпеуге керек еді. Өмірде білмейтіні жоқ, қолынан келмейтіні жоқ асқар таудай отағасының шынымен-ақ жол таба алмай шағылды айналып шырғалғаны ма? Сырға көрген Пахраддин бүйтіп ойламаған жерден дәрменсіз күйге түспеуге керек еді. Қой бастаған ай мүйізді серкедей ел бастаған Пахраддин емес пе? Не болды? Неге сонша бұ тығырақтан шыға алмады?

Сырға, бұған сырт беріп отырған ерінің жауырынына қарады. Еңсесі түсіп отыр ерінің. Үстінде жалаң ақ жейде. Басында қара тақия. Сақал, шашының ағы қалыңдаған. Сұрайтын несі бар. Шарасы таусылып отыр.

— Көкесі!.. — деді Сырға, жатқан күйі. Пахраддин қыбыр етпеді. Жел ғана сақал-шашын, көйлек етегін үлбірете үрлеп қояды. Шыбын-шіркейдің ызыңынан өзге дыбыс естілмейді. Күн тал түс. Төңірек тұс әуірлеп ысып тұр.Алыстан орағытып бұлаңдап құйын өтіп барады.

Сырға арық әлсіз қолын созып ерінің арқасынан сипады.

— Адасқанымыз ба?

Пахраддин жауап қатпай, беті шалбарланып алыс көкжиекке шаршап құлазып қарады. Шағыл төбенің үстінен жарты әлем көрінеді. Сағым кілкіп жатқан ойқыл-шойқыл шөл дала. Бірақ, қылт еткен тірлік белгісі жоқ.

— Аспан ашық қой бүгін… Жұлдызға қарап қозғалармыз… кешкісін… — деді әлден уақта Пахраддин Сырғаны жұбауратып. Ерінің үнінен сөне берген үміт оты қайта тұтанғандай. Пахраддин айтты — бітті. Оның сөзіне өмірде шүбә келтіріп көрген жан емес қой Сырға. Үміт үзбеді тірліктен.

Шайқақтап билеп алыстай берген жалғыз құйыннан көз алмай тебіренеді Пахраддин. Жанына у себіліп күрсінеді. Алдамшы… жалған дүние… Бұның да басынан өткені-ау… Өткені-ау… Бір күнгідей болған жоқ. Кеп-кеше еді. Бала боп тайға шапқаны, жігіт боп ат жалын тартып мінгені, түн баласы үйқы көрмей қызды ауылды торығаны, соның бәрі кеп-кеше еді. Одан беріде есі кірді, ел қамын ойлады. Әділет қуды, дау-шарға араласты. Би атанды. Ірілік емес, бірлік іздеді. О да бір заман екен-ау. Киіз туырлықты көшпендінің келмеске кеткен заманы екен-ау. Көрген түстей өтті кетті. Зым-қайым. Бәрін айт та бірін айт, басын ақ шалып жасы алпысқа таяған шағында бүйтіп аштан өлермін деп ойлап па еді Пахраддин?!… Ит-құзғынға жем болып далада көмусіз қалармын деп ойлап па еді… О, паруардігер, сонша итқорлықпен өлетіндей не жазығы бар еді бұның? Ең болмаса күнәсін біліп неге өлмейді? Не үшін, қай қылығы үшін бұндай зауалға тап келді? Қай қылығы үшін?

Өзегі талып өлім халінде отырған Пахраддиннің көкірегін осындай запыран ащы ойлар торлайды. Оқта-санда еңсесін көтеріп қаңырап сұлық жатқан жапан дүзге шаршаулы назар жібереді. Адам-қара көрінбес пе екен деп. Арқа тұсы бірсыдырғы тегіс сыңсыған раң, жусанды кең жасыл алап-ты. Арагідік сағымға қалқи жүзіп бұлтиған ақ селеулі құмайт шағылдар да кездеседі. Назары сондай бір шағылдан ысырылып өтіп күншығысқа қарай жылжи берген. Көк сағымы көлдей көлкіп бұлдыраған жайпақ жотаны қыдыра берген. Сол-ақ екен, я, паруардігер, көзіне сенсін бе, сенбесін бе, әлгі ұзыннан шұбап сұлық жатқан жотаның үстінде томпиған бір үй тұр. Сағымнан жартылай шығып үлкен ақ боз үй тұр. Пахраддин ал кеп шұқшисын. Жоқ, айна қатесі жоқ, ақ күмбез үй тұр. Астапыралла, бұ қашан келіп қонған үй? Жүрегі өрекпіп кетті Пахраддиннің.

— Бейбіше! — деді, қуанышын ірке алмай.

— А! — деді Сырға көзі жұмулы қалпы. .

— Бәйбіше, әне… Әне үй тұр.

— Не?.. — деп, көзін ашты әлсіз Сырға.

— Әнеки… О құдірет! Үй тұр… Біздің үй…

Сырға көзін ашып, мойынын бұрды.

Бұ кезде Пахраддин тәлтіректеп тұрып кеткен еді орнынан. Есалаң жандай қолын алға созып, алыс көкжиектен көз алмай екі-үш аттай беріп іркілді.

— Әнеки! Ана белдің үстінде тұр! Біздің үй…

Сырға қолымен көзін көлегейлеп сығырайып кеп қарады, көлденең белге. Көзіне еш нәрсе түспеді. Дүниенің бәрі бұлдыр көк сағым. Көкжиек жидіп еріп бұлдырайды. Құбылып қыбырлайды.

Пахраддин тіктеліп теңселе тұрып буыны жоқ адамдай аяғын әрпіл-тәрпіл басып қозғалды.

— Қайсы? — деді Сырға сыбырлап.

Бірақ, дауысы шықпады. Пахраддин жейдесін жел кеулеп, жалаң аяқ қозғалып барады. Соқыр адамдай екі қолымен ауа қармап, біртүрлі ебедейсіз аттап басады. Осы сәт Пахраддин Сырғаның көзіне тәй-тәй басып бара жатқан бір үлкен сәбидей елестеді. «Құдайым-ау, құлайды-ау» деп қылпылдайды іші.

— Я, ата-баба! Я, Барақ! — деп әулие-әнбиелерге жалбарынып, құламауға әрекет етіп, қалт-құлт басып құм-баурайдан ойпаңға түсе берді Пахраддин. Тізесі құрмағырда әл жоқ. Салмағын ұстай алмай біресе оңға, біресе солға ауытқиды. Бірақ, кеудесінде жан барда іркілуге жоқ Пахраддин. Құласа да қайтпас, қажымас, ұрынып өлер. Бұ тірліктегі соңғы үміт, соңғы сәуледейін көз ұшында бұлындаған сол бір үйге жетпей шегінбес. «Төбе басында қалды, жалғыз қалды, Сырғаны құтқарыңдар!» дер. Соны айтып өлер. Сырғаны құтқарып өлер.

Жан-жағы қоянсүйек, дүзген, селеулі ойпаң алаңға түсті. Тегіс құмсақ бетінде иретілген қоңыз, кесіртке ізі. Жұмсақ құм бетінде Пахраддиннің де ойдым-ойдым ізі калып барады. Құм арасының мәңгі ұйыған зілмауыр тыныштығын Пахраддиннің жүрек дүрсілі, ырс-ырс еткен тынысы ғана үркітіп, серпілтіп келе жатқандай. Тым ауырлап кеткен кеудесін осы ойпаңнан алып шыға алар ма енді… Көзіне тері құйылып төңірек түнеріп, қарауытып кеткендей болады. Аш өзегі талғандықтан шығар… Санасы да божырап біртүрлі түс көргендей алмағайып кейіпте. Тандайы құрғап тілі аузына сыймай тобарсып ісінгендей. Соның бәріне қарайлатпай, тоқтатпай сүйрейді бір күш. Алаңнан шығар ернеуде дізерлеп қолымен жер тірей жүріп көтерілді қырқаға. Бой тіктеп көзіне құйылған терді

сүртіп, назары әлгі сағым буған көлденең дөң үстіндегі ақшаңқан үйді іздеді. Көгілдір айдын судай көлкіп жатқан көк сағым. Үй зым-қайым жоқ, жер жұтып қойғандай. Астапыралла, елес болғаны ма? Пахраддин өз көзіне өзі сенбей тұр. Тағы да әрпіл-тәрпіл аттап әрегірек барып, тағы да бір төбешікке шығып назар салды. О, Жасаған Ие, не көрінген бұған, тал түсте алжасып?! Ауыл қайда әлгі? Әлгі ақ боз үй қайда?

Жым-жылас шөл дала қатыгез тағдырдай мелшиіп сазарып жатыр. Сағымға алданғаны-ау бұның. Оңбай алданды-ау. Өзін ғана емес, Сырға байғұсты да алдады-ау, о, алжыған!

Пахраддин бұрылып кейін қарады. Құмсақ төбе үстінде дүзген түбінде қалған Сырға көрінбеді. Басы қылтиып бұның соңынан қарап отырған тәрізді еді, жатып қалған-ау.

Көз алды қарауытып, басы айналып теңселіп кетті Пахраддин. Одан арғысын білмейді. Қанша мезгіл өткенін білмейді. Есі кіріп бір кезде көзін ашса күн ыстығы қайтып, көлеңке басы ұзарып қалған екен. Бет-ауызы дуылдайды. Құмырсқаның жолағына құлаған екен, бет-аузын оңдырмай шағып тастапты. Еріндері көнектей ісік. Еңсесін көтеріп тіктеліп отырып ес жинады. Аштықтан да жаман шөл өртеп барады өзегін. Көзі көк шөпке түсті. Тырбық дүзгеннің әрегірек қалың раң, мияға араласа өскен жуа сабағы көзге оттай басылды. Бір тал жуа. Түрегеліп бару қайда. Оған әрекет те еткен жоқ. Шөп арасындағы тал жуаға қарай тырбаңдап еңбектеді Пахраддин. Жуадан назарын алмайды. Бұ жолы да елес болып кете ме деп қорқады. Жоқ, елес емес, қолына жуа сабағы ілікті. Жұлғанша шыдамай еңкейе құлап қарш-қарш шайнады. О, паруардігер! Тал жуаның өзінен-ақ кәдімгідей өмір нәрі тамғандай таңдайына. Құлшынып, ындыны ашылып, көк шөпті аралап еңбектеп келеді. Тағы да, тағы да қарш-қарш шайнағысы келеді, көк жуа сабағын. Ашқарақ назары аласұрып тағы да іздейді құм жуаны. Сөйтіп, еңбектеп, шашағын жайып сәукеленіп тұрған қоянсүйектің түбіне де жетті. Раңы тұнып тұрған үй орнындай алаңда, о, құдіреті күшті Құдайым, самсап тұрған мол жуаға кезікті. Ие, берейін десе бұ Жаратқан Иеңнің шапағаты мол ғой. Содан кіріссін шетінен Пахраддин. Төрттағандап жүріп алаңды аралап көк жуаны тіспен орып қарш-қарш шайнайды кеп. Осы сәт өзге дүние-тірлікгі түгел ұмытқан Пахраддин көксегені тек ылғалы бар жуа сабағын талмау. Бар білгені сол ғана. Көбірек талмау, көбірек

жұту. Пахраддин сөйтті. Есі кіргенше көк жуадан орып асай берді. Есі кіргенде өзінің жуа емес, кәдімгі мал жейтін көк раңға жайылып жүргенін бірақ білді. Аузы толы қышқылтым шөп… Түкіріп тастады. Еңкейіп төрттағандап тұрған күйі көз жасы құм бетіне домалады. Адамға лайық ажалын қимайтындай не жазып еді бұ Құдайға? Не жазып еді? Шөп жеп, құрт-құмырсқаға жем боп, ит қорлықпен өлетіндей бұ Тәңірге?

— Мылқаусың… қатыгезсің безерген? Опасызсың, сұм жалған? Біресе бетіңді, біресе көтіңді беріп құбыласың! «Бұқа» сынды, Күрең сынды сұқ иттерге сүйек салдың! Абалаттың, айтақтап! Ақыры жетіп тындың ба дегеніңе!? Жынға тойған иттерге қойдай қоңыр халықты тақымдатып, талатып, тырқыратып торғайдай тоздырдың ба? Жеттің бе, мақсатыңа? Жемсауың толды ма? Ыбылыс иектеген кер заман! Судың да сұрауы болар! Елдің обалы жібермес. Бала-шағаның көз жасы жібермес! Аяғыңнан шалар! Құдай алдында жауабын әлі берерсің, сен заман! Сұраусыз кетпес еш қылмыс… Сұраусыз кетпес! Кетпес! Кетпес!!! — деп қырқырап, тұмсығымен жер сүзе құлады Пахраддин. Әлдебір құдырет иесінің құлағына шалынар дегендей айқайламақ еді, бірақ кеуіп қалған аш өзегінен ысылдаған дыбыс қана шықты.

Естен танып сол жатқаннан мол жатып әлден уақытта санасы саңылауланып, шала-пұла ес жиды, Алдымен топырақ, жас шөптің иісін сезді. Кірпігін қозғап еді, тұмсығы жер сүзіп етпетінен жатыр. Бұл жатысының мәнісін түсінбеді. Өзегін өртеген шөл. Тілі тобарсып, желім болып қалғандай. Иегі астында жатқан көкөскін шөптен тістеп жұлды. Лабақ ахун елес берді. Лабақ ахунның үні келді құлағына:

— Айтқаным келіп, болжағаным болды ма? Тау тауға соғылар, теңіз ернеуінен шығар, мағрыптан бір от, машырықтан бір от көрінер дегенмін. Аспаннан Ғайса түсер, жерден Мәді шығар дегенмін. Адамзат ғарасат майданына жиналар. Сол жерде Құдайдың жүзін көрер. Құдай алдында һәмме адам ұлына Ұлы Сот болар дегенмін. Сол күнге жеттік, міне! Тілегіміз қабыл болды. Ақырды көзбен көрдік. Сен әлі де болса жалғаншыны қимай жатсың ба?! Көк шөп талмап тірлікті көксеп жатсың ба?! Ол райыңнан қайт! Қазір көз жұмсаң алдыңнан О Дүниенің нұрлы қақпасы ашылар! Мынау жалғаншы тірліктен көтеріліп мәңгілікке бет түзерсің! Сол үшін жеттім қасыңа. Жылынбайын деп жаһилдің жаққан отына,

тәрк еттім һәмме тірлікті. Қиналма! Шыдам ет! Қалимаға келтір тіліңді! Алдымнан жарылқа деп тіле! Иман сұра Алладан!

Пахраддин ерні күбірлеп іштей дұға оқыды. Әлгі ашуланғаным, Құдайды кінәлағаным асылық болған екен деп ойлады. Кеше гөр, Жаппар Ием, деп жалбарынды.

Пахраддин кеудесін әзер қозғап ауырсынып күш жиып тіктеліп отырды. Басы айналғандай. Аспан қиялап төңкеріле бергендей. Жер жылжығандай. Бет-аузының құм-топырағын сүрткен де жоқ.

— Бауа, шұбырған ел … ел не болды?- деп сұрады қиялындағы ахуннан.

— Өлгені өлді, қалғаны қалды, інім.

— Үстірт үстінде қалған ел-жұрттан не хабар?

— Істері бар болсын олардың. Жастары азған-дүр. Бейіт тынышын бұзған-дүр. Аруақты күңірентіп, содан елі тозған-дүр. Мешіттерді құлатып, сөйтіп Құдай атқан-дүр, Елін аштық жайлап, өздері тышқан аулап жеп, бытырап жөн-жөніне кеткен-дүр. Өздерімен кетпей кесапаты күллі адам баласына тиіп содан міне жер бетіне қиямет-қайым жеткен-дүр.

— Ехе-еее! — деп күңіренді Пахраддин. Басы салбырап төсіне құлаған. Мұқап, мұңайып екі бүктетіліп отыр. Аздан соң танау астынан күбірлеп сөйлей бастады. Өзімен-өзі тілдесті.

— …Қарағай басын шортан шалды десеңші… Тұрымтай — тұсына, балапан басына кетті десеңші… Бәсе… бәсе… Күрең мен Сұржекей, Ждақай мен Қозбағар басқарған ел не оңсын… Басшысын таппаған ел азып, жолдасын таппаған ер азып… зұлмат өктеген екен ғой… О, Жасаған, осы күнді көргенше күмрә неге болмадым… Осы күнді көрсетіп қинау ма еді мақсатың? Бір емес, екі өлтіргің келген екен ғой…Өлтірмей-ақ өртегенің ғой Дозақ отына… Ажалыңды да аяғаның ғой. Пахраддиннің алпыс жыл жанын отқа қақтағаны аз болып па еді? Ыбылыспен, Сайтанмен, надандық, зұлымдықпен алпыс жыл айқасқаны аз болып па еді?.. Мынау фәниден өтерде енді… ең болмаса соңын күйретпей алсаң етті!!!…

Пахраддин енді бірде қараса еңбектеп келеді екен. Сөйлеп келеді екен. Қайда бара жатқанын ұмытып іркілді. Осы арада өзінің қайда бет алғаны есіне түсті Пахраддиннің. Құм шағыл басында қалған Сырғаға жеткісі келген екен.

Күн ұясына қонып төңірек маңайда көлеңке тұтаса бастаған шақ болыпты.

Құм шағыл басына қарай еңбектеп келеді Пахраддин. Шалбарының қалтасына салған екі тал жуасы бар. Сырғаны ойлауға тырысты. Өлген шығар. Ең болмаса ақтық сапарға аттанар алдында қасында да болмады-ау!.. Ит тағдыр-ай… ит тағдыр!

Итшілеп өрмелеп ақыры төбе басына да шықты. Күн де бұ кезде жалындап барып кешкі ұясына қона берген еді. Дүзген түбінде құм үстінде шалқасынан түсіп Сырға жатыр. Қимыл жоқ… Үстінде қырмызы торғын көйлегі, ақ жаулығымен мойыны, басы шандып ораулы.

— Сырға! — деді сыбырлап, бәйбішесінің жіңішке білегінен ұстай беріп Пахраддин. Сырға тірі екен, кірпігі қимылдады. Ортайып нұры азайғандай болған жанарында тілмен айтып, сөзбен жеткізе алмастық бір қасірет мұң бар. Шаршаулы, жадау назарын сәл төменшікгетті. Пахраддиннің қалтасына қарады. Пахраддин қос тал жуаны қолына ұстатты. Басын сүйеді. Сырғада салмақ қалмаған. Қаңбақтай. Әлжуаз, әлсіз саусақтарын жыбырлатып жуа сабағын дәрменсіз ұстағанмен қолын аузына апара алмады. Пахраддин жуаны өз қолымен Сырғаның аузына тыққыштады. Сырға ыңылдап асықпай талмады.

Қиян шөл құм шағыл басында бірін-бірі сүйеген қос ғаріп, қос мұңдар.

Кең шөлістан, сайын дала үстіне күміс жұлдызды ал-қара көк кешкі аспан қанатын кең жайып төңкеріліп келеді. Алыс көкжиек шеңберін тарылтып, күңгірт көлеңкеленіп, сай-салаға іңір қараңғысы ұйи бастаған.

Еңсені басқан бір ұлы тыныштық бүркеп келеді әлемді. Ымырт қараңғысымен қоса төңіректі түр-түсі белгісіз бір үрей жайлап келеді. Тысырсыз еппен ши бөрідей тіміскіленіп бұта-бұтаны тасалап, орағыта жақындап келеді. Жым-жырт, құлаққа ұрған танадай тыныштықты бұзып, әлден уақытта тура желке тұстан байғыз сұңқылдады. Пахраддиннің тізесіне басын қойып жатқан Сырға дір етті.

Пахраддиннің бойына да ызғар шапты. Қоянның көжегіндей бүрісіп жатқан Сырға әлдене деп сыбыр етті. Бұл құлақ тосты еңкейіп. Көзі жұмулы Сырғаның ерні болмашы ғана жыбырлады. Пахраддин құлақ тосып, еңкейе түсті. Бірақ, ести алмады. Сырға кірпігін әрең қозғады. Алыстан, өзге бір дүние түкпірінен қарады Пахраддинге. Айта алмай жатқан мол сырын, жан сырын үнсіз

жанарымен паш еткісі келгендей. Соған шамасы келмей қиналғандай. Бақылдасқысы келе ме, кім білсін. Пахраддиннің көзіне жас айналып бәйбішесінің шүңкиген сопақтау бетіне үңіліп отыр. Үздігіп қиылып қарайды Сырға. Үнсіз, қимай қарайды. Бәйбішесінің кішкентай ашаң жүзін жалпақ алақанымен аймалады. Сырғаның көз құйыршығынан ыстық тамшы үзілді.

Қоянсүйектің шақасына қонып отырған жұдырықтай жалғыз байғыз сұңқыл қақты. Қаңыраған елсіз кешкі өлкені сұңқыл үнге толтырып, одан бетер құлазытады. Жаманат шақырады.

Құм шағыл үстінде құшақтары айқасып жатқан екі адам. Төбеде — жұлдызы жайнап төңкерілген аспан. Төменде — түнерген алып Жер.

Байғыз қанаты сыпылдап, аздасын бет алды ұша жөнеді.

Құм басында қалған екеу осылай өтті дүниеден.

Елубай С. Ақ боз үй. Роман-трилогия. Алматы: Атамұра, 2008. — 520 б.

Балғабек Қыдырбекұлы

АЛАТАУ

(романнан үзінді)

Мен колхозға келгенде халық аштықтан ісіне бастаған екен. Жылдың басында әрбір үйге ауданнан екі пұттан тары берілді. Оны әркім өзі барып алуы керек еді. Ауданның мекемелерінен басқасы әлі де Қарақыстақтан көшіп үлгермеген-ді. Қыс көзі қырауда әлім келеді-ау дегендер солай қарай шұбады. «Ақсеңгір» колхозындағыларға тиістісін біз тасып әкеліп, осыннан бермек едік, оған ауданның жаңа бастықтары рұқсат етпеді. Шамасы колхоз белсенділері бөліп жеп қояды дегеннен болса керек-ті. Жұрт ашыққан, жүруге шамасы жоқ. Сонан соң Мырзалин екеуміз бірдей ауданға шаптық.

Күн қақап тұр. Күрті өзені қатып, кейбір жерінің мұзы ілініп, ары-бері өтуге де мол мүмкіндік болып қалған. Бірақ мұз үстіне түскен қардан саланың қай жерінің мұзы көтеретіні белгісіз еді. Екі атқа мінген Мырзалин екеуміз ауданға жөнеп бердік. Әр түтінге екі пұт астық беріледі дегенді естіген ел енді тоқтар болмады. Ауылға бірер күнде өзіміз жеткізіп берейік дегенге ешкім

қарамады. «Ораза намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта», мұндай адам баласы басына ташалаң түскенде кімді кім тыңдай қойсын. Олардың тыңдамағанына ренжуге болмайтын еді, інім. Олар өзіміз әкеп берейік дегенге сенбеуі де дұрыс. Оны да айыптауға болмайды. Жылға нәпақа қылар, қауызынан ажырамаған айналдырған екі пұт тары. Түйіп ақтай келгенде одан несі қалады. Әкеліп береміз деп үстінен бір уысын алып қоймайтынына кімнің көзі жетіпті. Міне, сондықтан да «менікі деген басын ұстайды» дегендей, тарының құлаққабынан өзі ұстап тұрғанға ие жетсін. Сол күні таңертеңмен кеңсеге түрі кетіп, түсі қашып Нұрлан кірді. Артынан Нұрқалық келді. Екеуінің де жылап-сықтағаны көзінен көрініп тұр.

— Он бір үйдің есігі жабылды, — деді Нұрлан. — Қалай көмерімізді қайдам.

— Қанша? Не болды, оларға? — деп Мырзалин шошып кетті. Ол ашаршылықты білгенімен нақ осылай болар деп ойламаса керек.

— Аштан қырылып қалды. Екі-үш түтіннің иелері алдыңғы күні маған келген. Не істейміз? — деп еді. Енді міне… — Нұрлан сөйлей алмай қалды.

— Сіздер тездетіп Қарақыстақтан беретін екі пұтты алуға қам жасамасаңыздар болмайды, — деді Нұрлан Тоққұлов.

Аяз жалап, аштық жайлап алған шақ. Қақаған қаңтардың суығы ішінде арқауы жоқ аш адамды бір жағынан шыдатпай барады. Біздің де жейтініміз таусылып, тілімізді тістеп, тұғыраяқтап қалдық. Мырзалиннің үш жасар Әмина деген үкідей сары қызы бар. Ол қарыны аштықтан жылағанда адам шыдап тұра алмайды. Жоқ дегеніңді бала білмейді. Амал таусылып не істерімізді білмей қатты састық. Мырзалинде құс мылтық менде тапанша бар. Екеуміз саятқа шықтық. Қазақта саятқа шығу — саяхатқа шығу, сайраққа аттану сияқты еріккеннің, көңіл көтеріп, уақыт өткізу шарасы еді. Бұл кездегі біздің саятшылығымыз серілік-салқамдықтан емес, кәдімгі аштықтан, қажеттіліктен шықты. Екеуміз жаяулап қоныстандыру аяғындағы қалың шиге кіреміз де қоян атамыз. Қоян сорлының да жауы көп. Оған қожа мылтық ұстаған Мырзалин мен Шұнақ болса бірсәрі, түлкі де, қасқыр да оған мәтібі. Бір қоян атып алу бізге бір жылқыны соғымға жығып алумен бірдей. «Қоянның бойын көріп қалжасынан түңіл» дегенмен ол әжептәуір тамақ. Жалпы сирек те болса ет жеп, сорпа ішкен кісі өле ме? Кейде қоянның екеуі қолға түссе, онда біреуін кездескендерге

байлап кетеміз. Әрине, бұл жерде «байлап» кетеміз деген қызыл сөз. Ол кәдімгі ерікkеннен саятқа шыққан адамның істейтіні. Ол алғашқы кездескен адамға олжа салады, олжасын байлайды. Ал біздікі олжа салу емес, қажеттіліктен, қарынына қоян еті болса да барсын дегеннен. Бәлкім неге жаяу, неге аш, тым аш болса Тарланкөкті сойып алмай ма деп отырған шығарсың. Осының алдында мен жаяу қалдым.

Тарланкөк бөрілер ары салғанда-ақ жығылды. Сәл басын құшақтап отырдым. Көзі аларып, басын көтеріп, маған адамша қарады. Қарай алмай шімірігіп кеттім. Абатқа ымдап пышақ әкел дедім. Тіпті шыным, інім, тілім келмей қалды. Тарланым пышаққа ілінді. Мен бір-ақ сөз айттым: «мен жемеймін, халыққа үлестіріп бер» дедім. Үйге кіріп кеттім.

Аштық, ашаршылық не істетпейді. Аштық не жегізбейді, тоқшылық не дегізбейді. Мырзалин менің көзімше айғайлап Нұрлан мен Нұрқалықты шақыртты, қамбадан қол таразыны алғызыпты. Тарланкөкті осы менің есігімнің алдына сойғызып, сүйек-саяғына дейін, сирақ-терісіне дейін, тіпті бауыздау қанына дейін жұртқа теңдей етіп бөліп беріпті. Ауыл жарты килодан ет үлесіп дәмін алыпты. Қанша алып болса да бір жылқының еті бір ауылға тұлдыр бола ма, жұғын бола ма. Баяғыда бір сараң әйел ит басына іркіт төгіліп жатқанда үйінің жанына келген балалардың ауызына айран жағып: «Үйлеріңе айран іштім деп барыңдар» дейді екен. Тарланкөктің еті де бес жүз үйлік Ақсеңгірге ауызына айран жаққандай ғана болғаны белгілі. Мен он сегіз жылғы жолдасымды — Тарланкөктің етін жей алмадым. Маған оның етін жеу — ең жақынымның етін жеумен бірдей еді. Тарланымның өлігі де үш қасқыр болды. Оның бірін Мырзалинге байладым. Қазақ салған жол солай. Жау оғынан, жау сарқытының қолынан аман қалған Тарлан осылай өлді. Енді інім, жалғыз ат та бітті, сыңар құлақ қана қалды.

Желе шоқырақтатып Байсейітке жеткенімізше мола қазуға бара жатқан, қазып жатқан, өлікті қол шанаға салып сүйреп бара жатқан адамдарды көрдік. Жол бойы шұбаған адам. Олардың бәрінің беті Қарақыстақ, бәлкім одан ары…

Байсейіт қорғанының астыңғы жағында үлкен «Алтын арықтын» жағасында күзде қырман болған. Соған қарай ойысқан көп халық. Оның басы да толып жүрген ілбіген адам. Мұның бәріне қарауға қазір мұрса жоқ, әрі қарай жөней бердік…

Ауатком председателі Сағатовты іздеп, оны аупартком хатшысы Саттаровтан таптық. Бұл екеуі де біздің орнымызға келген жаңа бастықтар. Мырзалин екеуміз баса-көктеп кірдік. Олай етпегенде қайтпекпіз. «Өліп бара жатырсыңдар ма?» деген осы. Әрі-беріден соң одан да жаман, өліп бара жатқан жоқпыз, қырылып барамыз, құрып барамыз. Барлыққаннан, барлықтан рұқсатсыз кіргеніміз жоқ, бұрлыққаннан, жоқтықтан, амал жоқтықтан істеп тұрмыз.

— Ей, қазақтар, жау қуды ма? — дейді тілі ащы жігіт Саттаров.

— Жоқ, жау емес, жаудан жаман ашаршылық қуды, — деді Мырзалин түтеп. Мырзалин көп артық сөйлемейтін жігіт еді, жол бойы көргендері жанын күйдіріп жіберді білем. — Сенің күлкің түзу екен, біз күле алмаймыз!

— Ең сұмдығы тас жолға шыққанда болды деді Исахан. Айнала аппақ қар. Қарлы жолдың үстінде ісініп-қабынған, ыңырсыған, құлап, жылап жатқан, көздері аларған, қу сүйегі қалған, көздерінің оты өшкен адамдар. Жол үстінде бір жас әйел өліп жатыр, оның кеудесіне жармасқан сәби қатып қалған. Баланың ауызы қан… Балажанды Қасымхан бөбекті көтеріп алып, өліп қалғанын көрген соң жылап «көрмесем еді, мұны» деп жерге қоя салды. Бәріміз де қан жыладық, қатты күңірендік. Жансыз қысқы қатыгез далада баланы қалдыру тіпті қиын болды… Өзіміз де екі-үш жігітті жол жағасына қармен ғана бетін бүркей алдық. Бізде де шама қалмады. Ұзынағашқа кіре берісте үшеуі тағы қалды. Күн батып кеткендіктен шанаға салып сүйреп, өліп жатқан өліктерге қостық. Ұзынағаштағылардың айтуынша оларды біраздан соң жинап алып кетеді.

Ауаткомға он біріміз жеттік, деді Исахан. Он бірдің бірі нақ Сағатовтың алдында қайтты. Тіпті Сағатовтың алдына кірерде салдырлап сөйлеп кірген еді, отыра беріп құлап түсті. Оған бір тостаған көже, бір үзім нан беріліп еді, іше де, жей де алмады, мәлінен өтіп кетіпті. «Қош жалғызым, Мұрат!» деді Екі ағайынды жігіт еді. Інісін айтты. Сөйтіп Жұрат дүние салды. Осы жерде тағы бірі қисайды. Берім деген төменгі қамаудағы елден сіңген жігіт еді. Оны біздің көзімізше көшеден тиелген көп өліктің үстіне салды.

Қыдырбекұлы Б. Алатау. Алматы: Ел-шежіре, 2010 ж.

Адам Мекебаев

ҚҰПИЯ ҚОЙМА

(романнан үзінді)

Онсыз да жаны күйзеліп, қасірет шегіп жатқан Түктібай:

— Аш бала күтпей қайтушы еді, — деді, аузынан от-жалыны ақтарыла күрсініп.

— Мені асқар тау, алып жан көреді ғой, құлыным. Әкесінің қауқиған құр сүлдері ғана сүйретіліп жүргенін қайдан білсін. Дүниенің ақыреті еңбегінді сатсаң, нан беретін пенде таппау екен ғой. Мен қазір ақы төлеп, ас ұсынар адамға құл болып жалдануға да дайынмын. Садақа берер ел болса, қайыр сұрауға да арланбас едім. Қалайда баламды ашықтырмас үшін бәріне әзірмін. Әттең дүние-ай мына далада тірлік, тіршілік көзі құрып, қазақты алақан жайған мүсәпірге, қайыр-садақа бере алмайтын мүшкіл хәлге жетер деп кім ойлаған…

…Сырға осыдан екі-үш жыл бұрын ғана өзіне уқалатқанда алақанға сыймай майы сыртына шығып тұратын күйеуінің кужірейген шүйдесінің, енді ортасы шұқырайып, үлкен басты әзер ұстап тұрған жіңішкерген желке тамырларына шошына қарап тұрып:

— Неге? — деді онсыз да өлі аруақтай қан-сөлсіз жүзі онан сайын көгіс тартып. — Не үшін?

— Маған өмір қажет емес, Ердәулетжан тірі қалса болды …Көз жұмғасын мүрдемді жілікте. Тұз сеуіп қақта. Сосын қалың қардың астына жасыр. Ердәулеттің жүрегі сазғанда жасырынып келіп, шетінен кесіп алып пісіріп бересің. Ол әлі бала. Ненің еті екенін ажырата алмайды. Сөйтіп көктемге жеткізсең, аржағында шөптің тамырын шайнаса да, аштан өлмейді.

Әлгіден бергі әңгіменің түпкі мәніне енді ғана түсінген Сырға аштық пен суыққа қабаттасқан қорқынышты сөздерден жаны түршігіл, тісі-тісіне тимей сақылдап кетт. Бір сәт қандай уәж айтудың ретін ақыл таразасынан өткізіп алып барып:

— Қайдағыны айтпа, — деді еркіне көнбеген ернін әрең икемге келтіргенімен кекештене тұттығып. — Әкесінің етін жеп тірі қалған бала кісі боп жарытушы ма еді.

— Оңбаған! — Шаян шаққандай баж ете қалған Түктібай жалт бұрылып, Сырғаның жағасынан уыстай ұстап, көзі көзіне тақалған-

ша өзіне қарай тартты. — Сенің осылай дейтініңді ішім сезген. Арамза қатын ақыл айтқансып мені ұрпақсыз өтсін, жер бетінен біржола із-түзсіз жоғалсын дейсің ғой! Есіңе сақта, оған Түктібай көнбейді. Қазір айтқанды істейсің, істемесең өз обалың өзіңе. Онда сенің етіңді жегізіп, Ердәулетті аман сақтап қаламын.

Сырға күйеуінің қаң толған шегір көзіне қарап тұрып, оның қандай қаталдыққа да бел байлағанын байқады. Сонда да соңғы пікірін айтып қалу ниетімен:

— Мен де ажалдан қорықпаймын, — деді. — Бірақ әлі де ойлан демекшімін, жарқыным. Ата-анасының бірінің етін жеп тірі қалған ұл ұрпақ боп жарытпасына басыңдағы шашыңдай сен. Ержетпей жатып-ақ ел бетіне қарай алмай, құсадан қан құсып, қор болып өледі бәрібір.

— Сонда берер ақылың қандай? Көре-біле тұрып жалғыз баланы ажал аузында қалдыра бер демекшісің бе?

— Әрекеттен. Әзір тіріміз…

* * *

— Мүмкін онан кейін Құдай жарылқап, аштық тырнағынан құтылып кетерміз.

Жүрісін тоқтатпаған Қабыш:

— Мені жағдайды түсінбейді ғой деп ойлайсың ба? — деп әйеліне сәл-пәл ренжіген сыңай танытты. — Баста елді мекеннен шалғай, жұрт аяғы жетпеген жер ғой деп шығып ем, қателесетінімді қайдан білейін. Енді шорт бұрылып, кейін қайту да оңай емес. Жүргіншілердің жиі екеніне өз көзің куә. Аштықтан ақылынан алжасқан біреудің қарсы жолығып, жазым қылуы да ықтимал. Қазіргі жағдайда ең абзал нәрсе қарайған қарадан қашу ғана. Көп айтқаннан ештеңе өнбейді, қалған кезде ретіне қарай іс қыলармыз.

Күйеуінің айтқандарына іштей келіскен Мәдина тағы да амалсыз сүт пісірімдей уақыт тақым созды. Сонан қалың арасындағы жалғыз аяқ жол аумағы алты қанат үй орнындай ашыққа тірелгенде ғана тоқтады. Мәдинаның алдымен назарына іліккен нәрсе тағы да мүрде болды. Майлыкөлдің шетіне табан іліктіргеннен бері жаны түршігіп талайының қасынан өткенмен, мынаның жығылған жері өзгелерден ерекше екен. Ол шағын алаңның қақ ортасындағы ошақтай орынның тізеден асатын үрме қарын тазартып, етік басы тереңдіктің мұзын ойған шұқырдың жиегін ала құлап-

ты. Мүсәпірдің үстіне киген сеңсең тонының омырауы айқара ашылып қалыпты. Қандай күй, нендей күштің әсерінен екені де түсініксіз, әйтеуір соңғы рет құлаған сәт басына киген тымағы да бір аттамдай қашықтыққа ұшып кетіпті. Үшеліге жетеқабыл мойыл қара шашында қылау жоқ. Қабағында шеті сетінеместей қайғы-мұң. Көптен ұстара жүзі тимей, бет-аузың басқан түктің өскелеңдігі өкініштен өзегі өртеніп, мына ит өмірге тістенумен өткендігін жасыра алар еместей. Бейне дала тағдырын тәлкекке ұшыратып, халқына қасірет уын ішкізген қатыгез дұшпанға әні-міні сермеуге оқталған кісіше, шапа шоттың бір тұтам сабын қышқаштай қысып ұстап алыпты. Ал сол жұмылған саусақтары арасынан шыпшып шыққан қан жағдайдың бұдан бірер күн бұрын ғана болғанын айғақтап, қара күрең тартып қатып қалыпты.

Мына сүреңсіз көрініс пен әлсіздіктен, бір сәтке Мәдина соқпа аурудай қайталап басы айналып көз алды бұлдыр тартып бара жатқанын байқады. Енді өзі қалайда ілгері қарай жетектеген тіршілік тізгінінен айырылып қалмау қамына кірісіп, жан-жағына назар салып еді, батыс пен шығыс беттің қамысының оңтүстік пен солтүстікке қарағанда әлдеқайда селдір, жұқа екен. Артынша шалқайып жоғары қарады. Алдымен суық желдің екпініне шыдамай дірдек қағып ырғалған ұшан-теңіз қамыстың үпелектерін, сосын Қабыш екеуі нақ іргесіне келіп тұрған биік төбені, онан кейін аспан астын тегіс астарлап, сіресіп жатқан бір тектес сұр бұлтты көрді. Жанында сүйменге сүйеніп, ентігін басып үлгірмегеніне қарамай, алдарында арыстай болып өліп жатқан адам жайында Қабыштың айтқан сөзін тыңдады.

— Марқұм біраз еңбектенген екен. Шамалауымша істің жөнін де көзі танитынға ұқсайды. Қолтыққа жиналған судан үлкен көлге балық қатынайтын қылбелбеу жерді үкі ою үшін біліп таңдапты. Тек дұрыс құралы болмай, жұмысы өнбей діңкелесе керек.

— Қазақ мал баққаннан басқа не тындырған, —деді жүйкесі жұқарған Мәдина өзін-өзі ұстай алмай. — Сосын жұмысы қайдан өнсін.

— Рас, рас айтасың, — Қабыш әйелі жалпы халыққа тигізіп кейістік, реніш білдіргенімен, алдымен өзін кінәлі сезініп сасқалақтап қалды. — Бәріміз де сорлымыз. Мына бейшара да сол бір кездердегі бейқамдығының азабын тартқан болса керек. Шотпен мұз ойып, оны қолымен күрепті. Тіпті үшкір мұз саусақтарын қақ

айырып қанын шығарса да тоқтамапты… Қой, қайдағыны айтып шарша майық. Онанда тірлік жасап, марқұм әзірлеген дайын жерді айналдырайық. Құдай жарылқайын десе қиын ба, мүмкін бала-шағамызға олжалы оралармыз.

Әдепкіде не істеудің амалын ойланғандай, сәл кібіртіктеп қалған Қабыш іле іске кірісті. Тіреуді күштеп жұлып алып, лақтырып жіберді. Қардың желмен нығыздалып, аязбен зар еңіреп қатып қалған жоғарғы қабатын сүйменмен құлаштай ұрып сындырып, төмендегі жұмсағын аяғымен есіп, қолымен күреп тазарта бастады. Біраз бейнеттеніп барып, ылғал тартып ісінген ағаш есіктің табанына жер тырната сықырлатып саңылау жасап алды да, тонын сыдырта сығылып, ішке кіріп кетті.

Сыртта қалған Мәдина қайтып тез орала қоймаған күйеуінің соңынан бармауға дәті шыдамады. Әлденеден сеске нетіндей жай басын ілгері жылжыды. Еш нәрсені ажыратып болмастай қаракөлеңке дәлізде біраз түртінектеп, үлкен бөлменің табалдырығынан аттады.

Ақ қырау басқан кішкентай терезеден түскен жарық мұнда да жартымсыз екен. Баспана деген аты болмаса, көптен от жағылмағандығын айғақтап, даладан да бетер азынайды. Онсыз да тоңуы жеткен Мәдина іші-бауырының қалтырағанына да қарамай, қаракөлеңкеде қалбиа сұлбаланған Қабыштың қасына барып, қыбырсыз тұрып қалды. Бірте-бірте көз үйретіп, төр алдындағы қарайғандарды бір-бірінен ажырата бастады. Сөйтсе, жас шамалары он мен үш жасар арасындағы төрт бала екен. Үш ұл, бір қыз. Әр жер-әр жерде бауырсақтай шашылып қалыпты.

Мәдина ең алдымен үш жасар шамасындағы қыз балаға ұмтылды. Бауырына қыса көтеріп, сәл кідіріп қайтадан жайлап қана бұрынғы орнына жатқызды. Түк салмақ сезін ген жоқ. Аштықтан арып, қу сүйегі шыққан бейкүнә сәби әлдеқашан мұзға айналып қатып қалыпты. Осыдан кейін екіншісін, үшіншісін, төртіншісін ұстап көрді. Бірақ бірде бірінен жылы леп, тыныс білінбеді.

Сол сол-ақ таң атқалы бері кеудесін кернеген қасірет тасқыны кенересінен асып, ақыл мен ұстам атаулыны қарап қылғандай, ботасы өлген аруанадай калай аңырай жөнелгенін өзі де білмей қалды.

Мәдина Қабыштың сүйемелдеуімен тысқа шыққасын да, жолды жалғастырып өрге тырмысып келе жатып та, жалқұмдардың биігінде суық желге бет қарытып тұрып та, еңіске қарай құлди-

лағанда да ағыл-тегілі шығумен болды. Қабыш жұбату ниетімен әр қилы әңгіме қозғап:

— Бейшара балалардың ата-анасы үйлерінен тамақ іздеп шығып, қайтып жете алмай қалды ма екен, — деп топшылау жасады да: — Балаларды бірге алып кетуге тамақтары таусылып, өздері салт басты, сабау қамшылы жат ел ауылдары да мүмкін ғой, — деп күдік білдірсе де, икемге келмеді.

Қабыш ақырында:

— Қой, енді Мәдина, жылағанмен бұл маңнан біздерді жұбатар пенде таппайсың, — деп алып барып, сыр айтуға көшті. — Рас, мынадай көп өлімге кезіккен әдепкі кездерде мен де көз жасыма ие бола алмайтынмын. Тек сонан қыстауға жақындағанда ғана ақылға жеңдіріп, есіктен ішке дым көрмегендей енетінмін. Сондайда өзінің дәрменсіз дігіне өкінген кісі мендей-ақ болар. Бірақ жүйке тоздырғаннан бөтен онан тапқан пайдам кәні? Қиналған халыққа жәрдем жасай алмағасын құр көздің жасын көл қылу неме керек… Кейінгі кезде байтал түгі бас қайғы», бәрін қойдым. Шамасы етім өліп кетсе керек. Қазір менде тамақ тауып, бүгінді ертеңге созудан өзге арман қалмаған…

Кәкімжан Қазыбаев

СҰРАПЫЛ

(романнан үзінді)

Бесікте жатқан Амангүл оянды. Қайша оған тұра ұмтылды. Әрлі-берлі тербетіп еді, уана қойған жоқ.

— Қарны ашып жатыр ғой, жарымай жүр сорлы, — деді Дәмелі кейістене.

Әрине, Малыбай оны бірден түсіне қойды. Балалары тойғанша өзі тамақ ішпейтін әйелі қазір бәрін аузынан жырып соларға беріп жүр ғой. Әлденіп тамақ ішпеген соң, емшектен сүт шыға ма?

— Емізіп көрейін, — деп келінін шай құюға жіберді.

Қуырған бидай, ақтаған сұлы дәні, шайдың бар жемі осы ғана. Дегенмен шөлдеп келген Малыбай қара шайдың өзін біраз ішуге ыңғай білдірді. Қайшаның әңгімесін одан әрі жалғастыруын күтті.

— Әнеукүні райкомның тапсырмасымен он ауылды араладық. Соның төртеуінен бір тірі пенде таба алмадық. Түгел қырылған.

Бәрін бір жыраға көмдірді. Екі ауылда ешкім жоқ, қаңырап қалған, босып кеткен болу керек. Ал қалған төрт ауылдан тірі тапқанымыз отыз шақты әлсіреген екі мен онның арасындағы жас балалар. Әке-шешелері өздері өлгенше ең соңғы дәмін ауыздарына тосып, ұрпағын артында қалдырған болу керек. Кей үйлерден қазанда асулы қалған тышқан еттерін көрдік.

Малыбай тыжырынып кетті. Ішіп отырған шайын лоқсып құсып жіберді.

Көрген сен тұрғай, көрмеген менің халым мынау, қарағым-ау, қалай дәтің барып айтып отырсың дегендей келініне аянышпен қарады.

— Сұмдығы басқада. Шеттеу бір үйге келсек, түндік есік түп-түгел жабық. Тірі пенде иісі сезілмейді. Тобымызбен ішке кірдік. Кемпір-шалы жүктің түбінде отырған-отырған күйінде қатыпты. Отыздарға әлі жетпеген келіншек қан-қан, етпетінен есікке ұмтыла құлаған сияқты. Сол шамалас, бірақ сақал-мұрты өсіп, әбден жүдеген жас жігіт қолында шөміші бар, оты сөнген қазан-ошақтың түбінде серейіп жатыр. Қақпақты ашып қалғанда бәріміз шалқамыздан құладық. Қазан ішінде… Амангүлдей жас сәби…

— А, не дейді? — Шар еткен Дәмелінің даусы шықты. Қайша қараса, енесі шалқалап құлап барады. Аузынан емшек үзілген бала да баж ете қалды. Өңі қашып бара жатқан Дәмеліні көріп, Малыбай орнынан атып тұрды.

— Су бүрік, қарағым, талып кеткен шығар, — деді Малыбай. — Бұл әңгімені естімеген ғой, сірә.

— Қорқытып алам ба деп айтпап едім. Жүрегі үлкен адам алдымен жүректен кетеді. Апамның жүрегі елжіреуік қой. Осы үйдегі біраз дәнді де сол аяныштығынан таратып алды. Бар қайыршыны асырай аларсың ба? Жемтік бар жерге қара қарға көп үймелейді демекші, бірінен бірі ести ме, осы үйдің алдынан аш-арықтар шықпайды. Үкіметтің қорға жинаған бір клет астығын да Ақылжанға апам тараттырып жіберді.

— Баласы мен екеуі сөзге келіп қалды, — деді Қайша жаңағы сұмдықтан көңілді басқа жаққа бұрғысы келіп. Бұл кезде Дәмелі есін жиып, басын көтерген еді. «Уһ» деп бір кесе салқын көже ішті. — Ақылжан өкіметтен қорқып, астықты таратқысы келмеді.

— Қорқақтығы саған тартқан, — деді Дәмелі езу тартып.

— Судың да сұрауы бар, бір клет астықты кім кешіреді? — Малыбай баласын жақтады.

— Сонда не, қамбада астық тұрып, жұрт қырылмақ па? — Дәмелі ашу шақырды.

— Оу, сен тірілейін дедің ғой. — Малыбай қалжыңға ұқсатып айтқан болды бұл сөзді.

— Содан әлгі оқиға қалай болған?

— Қасымыздағы дәрігердің айтуы бойынша, сәби әке-шешесінен бұрын жан тапсырған. Ақыры өлді ғой, жейік деген болуы керек күйеуі. Оған ана қарсылық көрсетсе, көнбесе керек. Аштықтың аярлығынан асқан дүлей, арсыз күш болмайды. Көнбеген әйелін ол пышақтаған, содан ол жан ұшырып есікке қарай ұмтылған. Өлі сәбиді қазанға салған соң өзінің де, онсыз да әлі құрыған сорлының күні біткен болу керек деп жобаладық.

— Астапыралла, не сұмдықты құлақ естіп отыр, құдайым-ау!

Малыбай орнынан тұрып, теңселіп жүрді де қойды. Дәмелі Амангүлге қайтадан емшек берді. Солқылдатып сорғанда кеудесін сорып әкете жаздайды. Өзге балаларынан мұндай мінезді көрген жоқ еді, ашаршылық жылы туған бала ашқарақ бола ма, немене?

… Құдайторының мерт болғанын анасы адам өлгендей етіп естіртті. Ақылжан көзіне жас алды. Нағашысының бағы қайтпаса жарар еді. Ал балық аулап жүргені ақылдылық. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген. Бәйге жаратып бас қосатын, думандатып той жасайтын заман ба қазір. Ең бастысы — бір қарынның қамы ғой. Жұтпен жалғаса келген мынау 1932 жылдың аштығы қандай жаман болып жүр. Малға — жұт, адамға — аштық. Бұдан асқан зобалаң бола ма? Әншейінде ешкісі лақтаса, бір-біріне тұра жүгіретін ағайын енді бір-бірінен қашықтап барады, қатыгез болып барады. Құлқын құрғыр бәрінен әмірлі екен, ең үлкен билік енді соның қолында.

— Әрі айдауда, әрі бөтен елде, менің тұқымымнан түк қалмады-ау, — деп зар иледі Қайша. Ақылжанның да қолқасы үзіліп кете жаздады. Мына күйде тұқымы жөнінде ойлауға шамасы келген парасатына бас иді. Ал өзі болса, Қоспанбет ағасының қос қызығының көз жұмуына жол берді. Ауданы өзге дегендей, екі ортада өте алмайтын мұхит бар ма еді? Іргелерін соншама аулақ салып алғаны несі. Әкесінің шыдамсыздық жасауында қисын бар. Кеткені дұрыс болған.

Қолынан келсе, үш жарылуға дайын. Нарғазы деп анасы, тұқымым деп Қайшасы, туған ауылым деп өз жүрегі жұлмалайды.

Ауылнайлық шағындағы қызмет өзгеге пайғамбардың биігіндей көрінер. Мұны тұқым-тұяғымен ақ май құсып отыр деп ойлайтын шығар. Сұлының қауызына шашалып, жол аңдыған қарақшының қармағына түсе жаздағанын кім білсін. Ауылнайдан артық бұл күннің ауыртпалығына арқасын тосқандар бар дейсің бе? Жиырма жасында қатпаған топшысы мұндай зілді үзіліп кетпей қалай көтеріп жүр екен. Ауылдың салмағының өзі мұндай, ауданның салмағы, облыстың салмағы қандай десеңші. Көз алдында Шодыр мен Жүсіп келді. Шодырды жиі көреді, жездесінен былтырғы қыстан бері хабар жоқ. Ажырасқандарына бір жыл толмаса да, мынау сұрапыл уақыт атам замандай болып өзі сонша қалай алыс көрінеді? Қызыққа толы кезде уақыттың да аяғына жел бітіп, тез өтуші еді, ауырлық аяққа зіл қара батпан байлағандай жылжытпай тұр ғой. Егіннің пісуіне аз-ақ қалған мезгілдің өзі қандай қашық көрінеді. Оның әлі қанша өмірді жалмары белгісіз.

Шодырдың бүгінгі кейпі ауданның айнасындай. Шашы кәдімгі сексендегі қарттың шашындай ақ селеу болып кеткен. Оның бетіндегі әжімнен мынау Алатаудың сай-саласының саны аз шығар. Өзге ауданнан гөрі бұл ауданда аштыққа ұрынғандар салыстырмалы түрде ғана аз. Әйтпесе төтенше комиссия құрғызып, жағалай жәрдем көрсеткізе ме? Келімсектер, босқындар өлімді көбейтіп жіберген. Олар да адам ғой. Қайырым көрген бір қайыршының сөзі мың қайыршыны шақырады. Әр-әр ауылдан, ауданның орталығынан аштырған үлеспе қара көженің өзі аштарды қара шыбындай қаптатып жіберді емес пе. Енді тіпті жаңа нұсқау болды. Елге, жерге, ауданға бөлмей, аш атаулыға қол ұшын беру керек. Шодыр онсыз да нар тәуекелге басып, екі қамба НЗ-ны таратты-рып жіберген. Сол үшін өз НКВД-сі үстінен арыз берген. Алдымен аштықпен күресем, арызға жауап сосын деп жүргенде Құдай ондап кеңшілік келді. Аш атаулыға көмектесу жөнінде нұсқау түсті. НЗ-ның орны енді табылады.

Ақ гвардияшылармен күрес, тап жауларымен күрес, ірі байлармен күрес, отырықшылық үшін күрес, сауатсыздықпен күрес, колхоздастыру үшін күрес, енді аштыққа қарсы күрес — күрестен күрес, тіпті көз аша алмай қойды ғой тегі. Шодырдың шашы ағармағанда, кімнің шашы ағарады. Бәрінен де өтіп кеткені осы аштық. Ертеңіміз үшін күресеміз деп, сол ертеңімізді жасайтын адамдардан айырылып қалсақ, ол күресте не мән бар? Күресу

үшін ғана күресе бермей, революция күндерінде төккен қанның өтеуі болмаушы ма еді. Болатын уақыт та жеткен жоқ па! Сол үшін күресу керек қой. Мынау аштық деген пәле күресіміздің нәтижесі ме, жоқ, әлде күресеміз деп жүріп, алды-артымызды ойлай алмай жығылған жарымыз ба? Күрес мұраты — жығу, жығылу емес. Ал ашаршылыққа ұшыраудан артық омақаса жығылу бола ма? Қырқа шалып, гүрс еткізіп құлатайын деп тұрған осынау қиын сәттен қалай шығу керек. Оны қартайтқан, осы ақ шаштың әрбір талында ауыртпалықтың ізі жатыр.

Қамбадағы астықты таратып жіберуінде де үлкен сыр бар. Жейтін, себетін адам қалмаса, ол астық кімге керек. Ертең оны кім егіп, кім қайта астық етіп өсіреді? Анда-санда Нарғазылардан хабар бар ма деп сұраушы еді Шодыр, қазір одан да қалды. Мұрнына су жетпей жүр.

Қазыбаев К. Сұрапыл. — Алматы: Қайнар, 1995. — 266-520 б.

Тұрысбек Сәукетаев

ҚҰЗҒЫН ТОЙҒАН ҚЫС

(романнан үзінді)

…Они лежали, а трава росла,
На тропах прямо, и к плетению приткнувшись,
Усевшись на завалинке сырой.
Как будто легче умирать снаружи,
Не в хате сдверью, глухо запертой.

«Заколоченный дом»
А. Марков

Кең дүние қауашақтай тарылды,
Не амал бар: артым — тұйық, алдым — жар,
Қазы-қарта жемейтұғын жарығым,
Көн тулақтың пұшпағынан болдың зар.
Ит кемірген қу сүйекті қайнаттым.
(Ол да болса ризық қой бұйырған.)
Кеуіп қалған қу тезекті қарадым —
Табам ба деп арасынан түйір дән…

«Шәрипаның зары»
Ел аузынан

* * *

Қаңтардың қарға адым күні қиялай барып қыбыладан үңірейе төнген көксүңгі шыңның ұшында алтын жамбыдай ілініп тұр. Тиіпқашып терістіктен тіріле бастаған «қызыл шұнақ» ызғырық, «түрт, шайтаны» ұстап, әлде бір ойранды бастап жібергісі келіп тұр ма, ұлпа қардың үстінде ақ құйрығын арлы-берлі бұлғап-бұлғап қояды. Кеңірдектен қарға қылқынған түп-түп ши мен селдірей өскен тобылғы, жыңғыл кебін жамылып серейіп-серейіп жатқан дөң-жоталардың басында жоқтау айтып тұрғандай, уілдей сыңсып, онсыз да жүдеу даланың сұрқын одан сайын қашыра түседі.

Жатаған тау сілемі қолтығын кең ашып, айқара құшақтаған күнгейі мол үлкен аңғар «Жылы сай» аталатын. Жылда Бисары ауылының үйір-үйір жылқысы шұрқырай жайылып, алты ай қыс тебіндеп шығушы еді, қазір қыл-құйрықтың өзі түгілі ізі де жоқ бұл маңда. Игілікке бұйырмай адыра қалған қалың қияқ құлақ қайшылап, сипай сырғыған желмен сыпсың-сыпсың сыбырласа жөнелген…

Кенет қара тұмсықтан қылт етіп бір сұр қоян көрінді — ақша қардың бетімен бір уыс құйын боп бұрқырап домалап келеді. Соңында тірсегінен әне-міне ала түсердей тұмсық созып ырсылдаған кер ауыз сары тазы. Оқ бойы жерде ұлпа қарды тізеден омбылап етек-жеңі далаңдай жүгірген еркектің қарасы шалынды.

— Иә, Алла, сәтін сала гөр! Сәтін сала гөр! — дұға оқығандай күбір-күбір етті де, ышқына айғай салды. — Жіберме, Ұшар, жіберме! Бас, бас!

Бар сүйегін сыртынан санап алғандай ырсиған тазы иесінің айтағымен дәл тұмсығының түбінде уыс-уыс қар шашып борандатып бара жатқан қос табанның бірін шап беруге мойын созған. Бірақ, жәй мытуға ғана жарайтын тіссіз қызылиекте не қауқар болсын, серпінді сирақтың тепкісінен тәлтіректеп барып әупіріммен әзер түзелді. Хайуандық ашумен қайта қайраттанып, апыр-топыр жеткен күйде бар екпінімен кеуделеп қағып кеп жіберген. Сұр қоян қарға бір аунап түсіп, зымырай жөнелді. Қолында тымағы ербеңдеген еркекте ес жоқ.

— Ойбай, Ұшар, кетті. Жіберме, қайыр, қайыр! Жіберме! — Жаны шыға айғайлап, бір қырын қалып бара жатқан қырқаға қарай қолын үсті-үстіне сермейді.

Ұшар, айтты-айтпады, есті ит екен, иесінің сілтеген бағытына қарай, қоянның алдын орағытып қақпайлап жүр. Сәлден кейін

көбесі сөгілмеген аппақ қарды қиыр-шиыр шимайлап, үш қарайған үздіксоздық түйетайды беткейді құлдилап бара жатты. Алдыңғы екеуі бірінен бірі қалып та қоймай, не озып та кетпей, тірсек тістесіп, ұмаржұмар жұп жазар емес. Соңғының аяғына тас байланғандай жүрісі ауырлап, бірте-бірте ара қашықтық алыстай берді. Жүрісі шабандаған сайын айғайы күшейіп, «айырылдым-ау, құрыдым-ау» деген шарасыздықпен жан ұшырта қолын ербеңдетеді. Ескі күпінің арқасы терден түтіндеп кеткен. Бет-аузын жүн басып, суы тартылған құдықтай көзі шүңірейген кісікиік сияқты жабайы біреу.

Бұл — осы алқапқа аты әйгілі аңшы Нұрбек қой. Сері көңіл серік қылса, үкілі домбыра, жүйрік ат, құмай тазы емес пе ер жігіттің жұлдызын жарқырата түсетін. «Ұшар» десе құлағы елең етпейтін кім бар еді. Таң айырып тырағайлаған талай көкжалды тірсектен іліп, тырапай асырған құмайдың ендігі түрі мынау, жұдырықтай қоянға қауқары жетпей қансорпа.

Ел қатарлы құлатөбел ғана тірлігі бар болатын. Мына «Аша тұяқ қалмасын!» деп, қамшы үйіріп қара құйындай ұйтқыған ұраннан қазірде шайқалмаған шаңырақ қалды ма? Салпаңдаған жылтыр қап тапаншасы санын сарт-сұрт соғып сабылған өкіл мен әкімнен көп нәрсе жоқ. Жаппай колхозға бірігеміз деп ала өкпе. Қойша иіріп қойып, түйіле сөйлеп, қызыл мата жабылған үстелді жұдырықтарымен түйгіштеп-түйгіштеп кетеді. «Хош» деп өзің ұмсынсаң да, осқырынып туласаң да — бәрі бір қылша мойныңа түсер қыл шылбыр осы дегенді білдіріп кетеді. «Кіру-кірмеу әр кімнің өз еркінде» деп, ұзын саясаттың сойылын соққансып мәймөңкелеткенмен, жеме-жемге келгенде тірерге тұяқ тастамай, жарлының аузын аққа тигізіп отырған жалғыз сиырына дейін сыпырған. Көктем шығар-шықпаста басталған науқан болса бір сәрі, жер тырмалап, қап түбіндегі қалған-құтқанды сепсе де, өлмес күннің қаракетіне кірісер еді ғой. Жаздың қақ ортасында төбеден жәй түскендей тарпа бас салғаны қай сасқаны! Бауырын тартып күнелтіп отырған төрт түліктен тышқақ лақ қалдырмай тартып алғанда, пісіп тұрған егіні, толықсып тұрған бау-бақшасы жоқ, киіз туырлықты қалың қазақ топырақ жалай ма?! Мұны ойлап қабырғасы қайысатын ешкім жоқ. Аулыдың әкімінің де, ауданның әкімінің де аузынан көбігін шашып айтатыны бір-ақ сөз: Колхоз! Колхоз! Сонда қалай, аштан қырылу үшін колхоз құру керек пе! Әлде, әне бір газеттерде дүрілдетіп жазып жатқандай, «пәлен-

ше ауданның шаруашылығы жаппай коллективтендірілді» деп, ақпар беру үшін колхозға біріге ме?.. Әйтеуір, қалай ойласа да түбі жеткізбес тұңғиық.

Алдындағы азын-аулақ ұсақ пен жалғыз сиыр маңырап-мөңіреп колхоздың қорасына қарай айдалғанда шыбын шаққан құрлы көрмеген. Кезек Ақтұйғынға келгенде қатты толқыды. Ақтұйғынсыз күні не болатынын елестете алмай дел-сал. Құлынынан жалқұйрығына шаң жуытпай үкілеп ұстаған жан серігі ғой. Ел аузына ілініп, «Нұрбек» атанып жүргені де соның арқасы. Қарада қасқыр соғып, талай-талай дүбірлі жарыста бәйге алған. Бұл тіпті, тұяқты түгілі, «шайтан арбаның» өзіне шалдырмаған сәйгүлік емес пе! Баяғыда, машинаның бұл жаққа жаңа келе басталған кезі. Көрген де таң, көрмеген де таң. «Астағифиралла, ат сүйреткен арбаны көріп ек, өзінен өзі дар-дар етіп зырылдаған көк темірді кім көрген!» деп жағаларын ұстайтын. Бір күні бір топ жігіт көкпардан қайтып келе жатқан. Анандайда айдау жолды шаңдатып «шайтан арба» өте шыққаны. Еріккен жігіттер қарап тұрсын ба. Қиқу сап әйда қуа жөнелсін. «Әне қашты көк шайтан, міне қашты көк шайтанмен» талай қырқаны артқа тастады. Іштерінде не бір дәмелі жүйрік бар еді, бірі де маңайлай алар емес. Биік жалдан құлдилай бере шамын жылт еткізіп жоқ болған машинаның соңынан қарап тұрып: «Әй, не дегенмен өзі де қатты састы-ау, бәлем. Құйрығы қызарып кетті ғой!» деп, кеу-кеу даудырлап ат басын іріккен. Тек бұл ғана сонау Шонабайдың көк жазығына дейін қапталдаса шауып барып, алдын бір орап кері қайтып еді. Кейін Ақтұйғын туралы сөз бола қалған жерде: «әлгі Нұрбектің «шайтан арбадан» озатын Ақтұйғыны ма?» — деп, жұрт таңдай қағып отыратын. Сөйткен Ақтұйғыннан айырылғаны — топшысынан қайрылғаны емес пе!

Кім ен жайлаған еркін өмірін там сағалаған тақ-тұқ тірлікке оңайшылықпен айырбастай қойсын, «мал ашуы — жан ашуы» деп ширығып, тәуекелге бас тігіп жатқандар да баршылық. Орманы сыңсыған таудың сай-саласына сіңіп кете ме, тесік тауып шекара асып кете ме — әйтеуір, кеште тұрған кейбір ақбоз үйдің таңертең орнын сипап қаласың. Әуелгіде бұл да құйысқаны қопаңдап барып, ақылға жеңдірген. Таразыға тартып зерделеп көрсе, қанша жерден сәйгүліктұлпар дегенмен, туған жердің бір түйір топырағына татымайтын іші — боқ, сырты — түк жаман тай екен. Жүйрік деп елден безгенде, бес күндік дәурені озған соң қу басты қадаға іліп қойып, қайран жұртым деп боздап отырмақ па!

Іші қан жыласа да қайтеді, амалсыз көнген. Ауыл шетіндегі шаңдақта үйездеген колхоздың қырық құрау табынына жетелеп алып келді. Құлағын қайшылап, ауыздығын күрт-күрт шайнаған Ақтұйғынның езуіне қолын салып, сілекейін алақанына жақты да, жүгенін сыпырды.

— Қош, жануарым. Тірідей айырылам деп ойлап па едім! — Көзінің алды неге ысып бара жатқанын сезген жоқ.

Ертеңінде ойнақтаған Ақтұйғынды басқарма Әубәкірдің астынан көргенде жүрегіне әлде кім ине сұғып алғандай болды. Басында көнетоз милиция қалпағы қоқырайып, сәнім енді түзелді деген кісіше қаққан қазықтай қаздиып қалыпты. Ақтұйғын мұны анандайдан байқап, танауын делдите оқыранып тартыншақтай беріп еді, қақшиған немеге жан біткендей, борбайға бір тартып шаба жөнелді.

* * *

Көлді дауыл шайқаса, түбіндегі шөккен ылай-қоқсықтың бетіне қалқып шыға келетін әдеті емес пе. Осы Әубәкір бір кезде тақымы тайға, аузы майға тиіп көрмеген тақыр кедейлігі өз алдына, шаруаға қырсыз, қозы бағуға жарамайтын қор еді. Ұйықтап қалып баққан малынан айырылып, не ит-құсқа жегізіп қожайынының қамшысынан көз ашпай жүретін. Ана байға барып бір жалданады, мына байға барып бір жалданады. Жарғақ құлағы жастыққа тимей мал-мал деп зар қағып тұрмаған соң, табақ босатар масыл кімге дәрі. Бүгін мына ауылдан көрген Әубәкірің біраздан соң шоқпытын арқалап басқа ауылға беттеп бара жатқаны. Алғаны — әке-шешесі обадан өлген жетім қыз еді, еті тірі, пысық болып жолықты. Біреудің сабасын пісіп, біреудің киізін басып қараша үйдің нан-шайын айырып отырған сол. Кешке жақын от басында итиіп, балалардың алдындағы кетік аяқтың түбіне көз сатқаннан басқа бұдан сабақты жіп пайда жоқ. Жұмыс істеп береке таппаған соң, ақыры бұл құлқын күйттейтін арсыз кәсіпке көшкен. Жалпақ елде не көп — торқалы той, топырақты өлім көп, ондайда қазақтың кең дастарқаны кісі алалай ма, ит екеш итке дейін сүйек тиіп қарық болып қалады. Жаман шапанын қағып-қағып киіп алады да, сасусылдаған көп қыдырмаға ілесіп, ауыл-ауылды адақтап жүргені. Ішкен ас түске жетпейді, көрген қызық естен кетпейді, не бір жайсаң мен қасқа бас қосқан жер ғой, ақынның жырын, жақсының сырын тыңдайын деген ой-сезім жоқ, бір тойғанын олжа көріп,

ошақтың басы, босағаның қасы демей, кекірген жерінде қор етіп қылжия кететін.

Айналайын өкімет енді, міне, тепкі көрген талай тесік өкпенің көзін ашты ғой, есіктегі басын төрге сүйреп, хан ұлымен теңгеріп отыр. Асып-тасқанның кеудесін басып, қылыш суырғанның қылша мойнын қырықты. Малдың буымен ісіп-кеуіп, жел жағынан жүргізбейтін сасық байларың бұл күнде бетегеден — биік, жусаннан аласа, кешегі отымен кіріп, күлімен шыққан жалшыларына жетім баладай жаутаң-жаутаң етеді. Құдай теңгермегенді адам теңгерді деген осы емес пе, бұдан артық қандай әділеттілік бар! Бірақ, жақсы мен жаманның, ер мен ездің арасындағы ала жіпті елемей бір санатқа қосып жібергені қиын: адал ісіңе, алақаныңның күсіне қарамай, тағдырыңды шешер таразыға малмүлкіңді салды. Малың көп болса — қан сорғыш қанаушы байсың, жоқ болса — қорлық көрген кедейсің. Сонда шапаны жыртықтың бәрі бірдей езілген еңбекші ме? «Алма піс, аузыма түс» деп, шырпы басын сындырмай шалқадан сұлап жатып алатын кержалқау мен құнтсыз езге қашан шыр бітіп көрген?

Бірақ, бақ шіркін қонайын десе, кісі таңдамайды екен ғой. Аласапыран заманның ала құйын желі жапа шеккен жарлы, кедей деген дақпыртпен алақанына салып, аспанға көтеріп алды да кетті. Дуан басындағы қос қабатты қыш үйдің маңдайшасында қызыл жалау желбірегеннен-ақ Әубәрікге желік біткен. «Күнім туды, өкімет — менікі!» деп, кеудесін ұрып шыға келді.

Елде бұрынғы күй жоқ. Бір өзі бір бұрышты толтырып күрп-күрп п ісілетін сабалардың бүйірі түсіп шөмиген. Қырық қазанның құлағын тістеген қыдырма түгілі құдасы келсе де қыржимай қарсы алатын үй кем де кем. Құланның қасуына мылтықтың басуы дөп келіп, ауылауылды аралап қызыл әскерге кісі жинап жүрген былғары шекпенді, шалғы мұрт: «киім береміз, тамақ тегін» деген соң, ойланбастан ере салған. Сол-ақ екен Әубәкірдің тасы өрге домалап сала бергені. Әуелгіде «әскердің ат қорасын тазалайды екен» дегенді естігенде «ее!» деп, жұрт мұрын шүйіріп еді, іле-шала: «ойбай, аудан басындағы абақтыны күзететін болыпты» деген хабар жеткенде «о-о!» деп, ауыздары аңқиып қалған. Ол таңырқаған таңырқаған ба, ауыз ашқанның көкесін дөкей бір өкілмен еріп ауылға келгенде көрді. Аяғында сықырлаған қисық табан құрым етік, иығында шошайған мылтық, мүлде танымайтын адамдай

айналасына иегін кекжитеді. «Е, өзіміздің бала ғой!» деп, қауқылдаған шалдар мен жаман шапаны жалпылдап талай бірге қозы баққан құрбы-құрдастары еркінсіп бірдеңе дейін десе, «кәнчәй!», «мәлчәйт!» деп, қысқа қайырып қырқып тастайды. Анталаған ел не күлерін, не күлмесін білмей дал. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» — талайдың тілінің ұшында тұрса да айтуға қаймықты. Өзіне қарап тамағың жыбырлағанмен, мылтығын көргенде тілі құрғыр күрмеле береді екен.

Араға жарты жыл салып, бір топ комиссиямен қайта оралғанда, тіпті, қырып кете жаздады. Азық-түлік салығының орындалмай жатқанын айтып қатты шүйлікті. Ауыл белсенділерімен бірге үй-үйді аралап, қарындағы май, кебежедегі тары-талқанға дейін хатқа түсірді. Бетін тырнап бажылдаған қатын-қалашты желкеден түйіп, оған болмаса, басынан асыра мылтығын гүрс еткізіп, аядай ауылды быкпырт тигендей қылған. Боранбайдың қатыны: «осы қайыршы ақырып, төбемнен мылтық атқанда шошып кетіп, ішімдегі балам түсіп қалған!» — деп күні кешеге дейін қарғайтын. Енді жұрт «Әубәкірің құрысын!» деп, азар да безер боп, қарасын көргенде қашатын болды.

Сол күні кешке қарай ауыл совет кеңесінде жиналыс өтті. Қызыл мата жапқан ұзын үстелдің шетінде отырса да, Әубәкірдің қабағы аса қатулы, төрдегі үлкен өкілің оның жанында жәй ыржақай бала секілді — аракідік айналасындағыларға әлде нені айтып, тісі ақсия күліп қояды. Кісі қорыққанын сыйлағанмен, сыйлағанынан қорқа ма, үлкен өкілден онша ығыспай, елдің дені Әубәкірдің қас-қабағына жаутақтап отыр. Сыздаған сайын күш, түпкі билік сонда жатқандай болып көрінеді.

Көпшілікке сөз берілгенде түйеші Салық көмейін сөз кернеп бара жатқандай, елден бұрын көститіп күс-күс қолын көтерген. Дін, құдайға қарсы күрестің қаны жерге тамбай тұрған кез емес пе, аузына қай сайтан салғанын кім білсін, сорың құрғыр салған жерден мақалдап: — Жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесе… — дей бергенде, Әубәкір жөткірініп, үстелдың бетін қарындашының түбімен тақылдатып еді, есі шығып сасқалақтаған байқұс: — …қатты-қатты сөйлесең, қайта ініне кіріп кетеді! — деп, жұртты қыран-топан қылған.

Келе-келе Әубәкірдің әпербақан айқайына ет үйреніп: «Бүйтпесе Әубәкір бола ма!» дегендей бір ұғым қалыптасып кеткен. Мешелді есер қылатын өзінің келеңсіздігі мен лағып бара жатқан-

да бетінен қақпай, «құл болмасаң, бұл бол!» дейтін айналасының енжарлығы ғой. Сиынған діні, әдет-ғұрыпы пайдасыз ескі-құсқы нәрседей тарихтың отына тасталып, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін білмей, сең қаққандай теңселген ессіз тобырда ондай тегеурін қайдан болсын. Құлдық деп бас шұлғыған сайын Әубәкір өршелене түсті. Ішінде комсомолы бар, бір топ жасты желіктіріп тапа-тал түсте күмбезі күнге шағылысқан осы маңдағы жалғыз мешітті қиратты да тастады. Көріп тұрған дүйім жұрттың бірі араша түсіп ләм деуге жараған жоқ. Қайта екі жарылып, өз ара дауға кіріскен. Таяғына сүйеніп қалт-құлт етіп жанына барған Омар хажыны шап беріп: «молда-қожамен, міне, осылай күресеміз!» деп, өңірін жапқан аппақ сақалын шолтаң еткізіп шорт кесіп алғанда, қалың Бисары: «Астағифиралла!» деп, жағасын ұстаса, аз ата Жәдік: «Е, бізден де біреу шықты-ау. Есе-теңдік бермеген Бисарының кеудесіне бір міндік пе, бәлем!» — деп, ерлік жасағандай иығын қомдап, көтеріліп қалды.

Үйірілген қамшының ысылы, әпербақан айғайдың жаңғырығы әлде кімдердің құлағына күрескерліктің аттан салған дабылындай болып естілетін болу керек, тегі. Жұртқа тізесін батырған сайын Әубәкірдің айдарынан жел есіп, ақыры міне, бір колхозға дырдай бастық болып шыға келді. Колхоз басқаратындай шаруаның қыр-сырын білетін көзі ашық біреу болса екен-ау. Қолына шошайтып мылтық ұстады деп, бастық қып қоя салатындары қызық. Ауданнан ере келген екі өкіл сайлау жиналысын ашып: «Кедей десең — кедей, Таптық санасы жоғары. Бай-құлақтарға қарсы белсене күресіп, Кеңес үкіметіне шынайы берілгендігін танытты. Аудандық комитет осы жігітті лайық көріп отыр. Бұған қалай қарайсыздар?» — деп, колхозшылардың талқысына салған. Бисарының бір ақсақалы:

— Шырағым-ау, колхозыңды бұрын кім көрген. Ортақтасқан іс озық деп жатырсыңдар ғой, ортақтасыңдар. Қойды серке бастайды, елді көсем бастайды, бұл да бір білетін адамның ойлап тапқан ақылы шығар. Қарап отырсам, бір колхозға бір рулы елдің мал-жаны бірігеді екен. Баяғы Темірхан болысқа да мұндай мал бітпеген. Жаңа ана, Әубәкір баланы «таптық санасы жоғары» деп жатырсыңдар, жоғары болса, жоғары шығар. Азаматын ардақтаған — өсер елдің мінезі. Мақтағандарың дұрыс. Бірақ, тобылғыдан садақ ие ме? Торқадан сауыт кие ме? Күні кеше көз алдымызда өскен Әубәкір ғой. Бір көген қозыға ие бола алмаған адам бір рулы елді қалай басқармақ? Қолы көтермес шоқпарды беліне байлап тұрған

жоқпыз ба, ағайын? Осы жағын да бір ойланайықшы! — деп, күдік білдіріп еді, Әубәкірді ен тағып иемденіп, тайлы-таяғы қалмай түгел жиналған қалың Жәдік ауыз аштырсын ба: «Артыңдағы айтағыңды білеміз. Атасы бөлек деп қия тартып, қисайып отырсың ғой. Өкімет — кедейдікі. Кедей деген — осы. Көзіңді ашып қара!» деп, өре түрегелген. Оған, заман қалай боладымен әр түрлі айла жасап колхозға еніп алған жымысқылар қосылды. Олардікі — іс білмейтін осындай ұр да жықтар тізгін алып, былықтыра берсін, тоздыра берсін іштен; тұралаған колхоздан ертең жұрт екі қолын төбесіне қойып өзі-ақ тоз-тоз боп қашады деген жіңішке есеп.

Басқармалық қолға тиген соң бұрынғы шалқайған-шалқайған ба, Әубәкіріңнің танауынан ақсарбас құрт ыршыды. Жілік-жілігіне балқытып қорғасын құйғандай аяғын баса алмай бір жолата талтаңдап қалды. Ұршықтай үйіріліп тұрған жігіттің бір-ақ күнде бұлай өзгеріп шыға келгеніне жұрт ен таға алмай дал. Жамандыққа қиғысы келмеген көңілмен кейбіреу далбасалап: «е, қайтсін байқұс, шабына шиқан шыққан көрінеді» деп, сәуегейсиді. Ол жеріне ондай пәле шықса, атқа қалай мініп жүр? Ақтұйғынды колхозға өткізгеннен бері бір күн тоқымы құрғаған емес. Құдды бір баяғының мырзасы дерсің. Алтындатқан ер-тұрманы жалт-жұлт етіп ойқастаған Ақтұйғынның үстінде қалпағы қисайып қаздиып отырғаны. Алғашында қой соңында салпаңдар қойшының тақымына түсіп қор болғанша, серінің жүрісіндей емес пе, Әубәкірдің мінгені дұрыс қой деп көңілін жұбатқан.

Бір күні кеңсе алдында қаңтарулы тұрған ақбозды көргенде көзінің алды қарауытып жүре берді. Қу қаңқаға тулақ жауып қойғандай, көзі былшықтанып, ырсиған сүйегі ғана қалған.

— Айналайын, Әубәкір-ай, — деді кеңсеге кірген бойда аман жоқ, сәлем жоқ. — Хайуан да болса обалы бар емес пе, Тұлпар еді, тулақ қылыпсың ғой. Белін суытып біраз күн басқа ат мінші!

— Ол ненің ақысы? — деді Әубәкір туатын саулықша ыңыранып.

— Ақтұйғынды өзіме бере тұршы, бағып берейін.

— Шаңыраққа қара!

— Әубәкір оң жақ шантағына жантая, қолындағы қызыл қарындашын төбеге шошайтты.

— Қайда тұрғаныңды білесің ба? «Өзіме берің» не сөз?

— Қайтейін, өзімнің Ақтұйғыным ғой, жаным ашып кетті.

— Өзіңнің Ақтұйғының да, Көктұйғының да жоқ — ұқтың ба, жолдас Жұманиязов? Бәрі — колхоздікі! Сенің жаның ашыған

нәрсеге менің жаным неге ашымайды? Сен мейірбансың да, мен тас жүрекпін бе? Жоқ, жарқыным! Сен жекеменшіктік көзқарастың шырмауындағы адамсың. Өзімдікі деп өзегің жыртылады. Мал-мүлкіңнен айрылғың келмейді. Мұның артында колхозды жек көрушілік жатыр. Социализмді жатырқау деген сөз бұл. Малыңды, құрал-сайманыңды колхозға бергеніңмен жүрегіңді, ықылас-ниетіңді берген жоқсың! Байқұлақтарды тап жауы ретінде түп-тамырымен аластадық. Бірақ, әлі де болса колхоз жұмысы ойдағыдай өрге баспай отыр. Неге? Өйткені кедей атын жамылғанмен кер заманды көксейтін сен сияқты кері тартпалар, бай-құлақтың құйыршықтары кедергі жасауда. Міне, Сталин жолдас соларды тез арада әшкерелеп, аяусыз күрес жүргізуге үндеп отыр! — Әубәкір бар денесімен бұрылып, желке тұсындағы үлкен суретке иек қақты. Басқарманың жылтыр төбесінен қылт-қылт қиып қараған қара мұрт «иә, солай» деп, жыбыр еткендей болды.

Салы суға кетіп сыртқа шықты. Қорғалақтап өз атына өзі жақындай алар емес. Тағы бірдеңе деп жүрер деген қорқыныш аяқ-қолын жіпсіз матап тастағандай. Анандайдан көз сата мүсіркеп, күбір-күбір айналып-толғанып біраз тұрды да, кеңірдегіне тірелген ащы запыранға булыққан күйі теңселе басып алыстай берді.

Бірақ Ақтұйғынның ғұмыры бәрі бір ұзақ болған жоқ. Екі өкпеге тепкілеп күнара аудан мен ауылдың арасына шапқылаған Әубәкір түбіне жетіп тынды. Терін баспай отқа қойса, карта ойнаған жерінде таң асып қаңтарулы тұрса, тұраламай қайтсін. Қыран ұшып келе жатып, тұлпар шауып келе жатып мерт болады деген, тегі, рас сөз шығар. Бір күні Әубәкір екі етегі далақтап аудан жақтан құйғытып келе жатқанда, ауылға жете бере Ақтұйғын омақаса құлапты. Жатқан жерінде зәр орнына қан сұлатып, тұяғын бірақ серпіпті. Ымыртқа қарай бұл барғанда теңкиіп жол жиегінде жатыр екен. Аяқ асты болмасын деп, басын кесіп әкеліп қадаға іліп қойған. Көзі түскен сайын қу бастың қуысында уілдеген жел оралмас күндердің өкінішін айтып өксіп тұрғандай жүрек тұсы шаншып-шаншып кетеді.

* * *

Енді, міне, жүген ұстап жаяу қалғаннан бергі тірлігі осы. Таң қылаң бере ырсиған кәрі тазыны ертіп күнде аңға шығады. «Өлмегенге — өлі балық» дәме ғой, әйтпесе аштан бұратылған кәрі тазы мен қара жаяуға қайбір тырнақты мен қанатты шалдыра қойсын.

Аң дейтін аң да жоқ. Жылда осы уақытта Жылы сайдың жықпыл-жықпылы шіл, қоян, түлкі, қарсақтан жыртылып-айырылатын, биыл жер ауып кеткен бе, жымжылас. Із кесіп қай сайға барса да, қардың беті қалам ұшы тимеген ақ қағаздай жып-жылтыр боп жатқаны. Жыбырлаған жәндіктің қолға түскені — олжа. Тышқан көрсе де бас салады. Жылтыңдаған ол құрғыр оңайлықпен ұстата қоя ма, жып беріп шидің түбіне сүңгіп кетеді. Әйда кеп жалаңаш қолмен қарды бұрқыратып жанталассын. Бірақ, көбінекей ондайда тұмсығын қарға тығып қорс-қорс иіскелеген Ұшар бұрын тауып алып қылғытып жібереді…

Су ішкілігі бар шығар, әзірге, әйтеуір, құр қол қайтқан күні жоқ. Әнеу күні қасқыр жарған еліктің үстінен түскені. Иттен жасқанды ма, әлде тойып алған ба, екі көкжал онша айбат шекпей, анда-санда бір бұрылып қарап, қыр аса берді. Сүйегіне дейін қалдырмай шапанға орап, сүйреп әкелген сол өлексені біраз күн талғажау қылған. Бүгін тағы да сәтін салып, ор қоянның жолыққанын көрмейсің бе. «Иә, сәт, иә, сәт! Жаратқан ием, шиеттей сәбиімнің көз жасын есіркей гөр!»

Нұрбек омбы қарға бір құлап-бір тұрып жүгіре басқан күйі қия беткейді құлдилап келеді. Шығандап барып қайта оралып, оңды-солды бұлталақтаған қоян мен тазының ізін төтелей кесіп, тік-құлама тұстан отыра қалып, сырғанай түсіп, әзірге аралықты оқ бойынан асырған жоқ. Етектегі анау жарлауытта қарайған — Омар хажының ескі қыстауы. Баяғыда Әубәкір шолтырайтып сақалын кесіп алғанда: «Көр де тұр, хажының киесі ұрады!» деп, жұрт шулап еді, Әубәкірге түк те болған жоқ, қайта тасы өрге домалап құтырып келе жатқан жоқ па күннен күнге. Есесіне, есердің қорлығына құсаланған Хажы аузымұрнынан қан кетіп, жұмаға жетпей қайтыс болған. Бала-шағасы кейін кәмпескеге ілініп, жер ауып кетті. Күмбезі ортасына түскен мешіт пен қабырғалары қаңқайған қора-қопсы жараның орнындай үңірейіпүңірейіп тұр.

Жаңа Ұшарға «қайыр, қайыр!» деп, осылай қарай қолын үсті-үстіне сілтегендегі ойы — қораның біріне қуып әкеліп тықса, бұрышқа қамап жүріп ұстаймын ба деген далбаса үміт еді. Ақылыңнан айналайын, көкейіндегісін қағып алғандай, міне, қақпайлап алып келе жатқанын көрмейсің бе!

Ұлпа қарды омбылаған оңай ма, екеуі де шаршап баяу бүлкекке көшкен. Алдыңғы екі аяғымен тік шапшып, шоқақ-шоқақ қарғыған

қоянды кәрі тазы жетіп барып тірсектен ала түседі. Бірақ, қауқарсыз қызылиектің мытығанын қайтесің, бір-ақ серпіп сытылып кетеді. Ақыры тістегеннен түк өнбесін білді ме, анандайдан айтақтаған иесіне жалтақ-жалтақ қарап қойып, қол шошайтқан жағына қарап қоянды қайырып әлек. Шіркін, баяғы кезі болса бақыртып бірақ баспай ма. «Жұт жеті айғайынды» деген рас. Аяқ артар қотыр тайы қалмай, дастарқанында түйір дәні болмай, аштық пен аяз аш қасқырдай азуын ақситып, алқымынан ала түскенде құтқарар деп үміттенген жалғыз тазысының сиқы мынау. «Ұшарым аман болса, аштан өле қоймаспын» деп, арқасын кеңге салатын. Кәрілікке сыр бермей келіп-келіп, дәл биыл тісі түсіп қаусап қалғанын қайтерсің.

Ит аузындағы тышқанға таласарын бейбақ басы білді ме! Он үш жылдан бері серік боп келе жатқан Ұшары тірі тұрғанда басқа күшік асырап баулимын деген ой қаперіне кірмейтін. Сөйтсе, тозбайтын темір, озбайтын өмір жоқ екен ғой. Қара басқанда, жығылған үстіне жұдырық боп, қиюы қашқан тірлікке кәріліктің дөп келгенін айтсайшы.

Қыс басына дейін, күйі кеміп, қызылы қайтпай тұрғанда, онша көп сыр бере қоймаушы еді. Қоян, суыр, түлкінің күшігі, саңырау құр секілді ұсақ-түйек аң-құсты мытып, буындырып өлтірмесе де, далақтап бұл жеткенше тырп еткізбей желкесінен басып жатып алатын. Тіршіліктің барлық мәні бір үзім нанға тіреліп, өзің тышқан аулап, қоңыз теріп тентіреп жүргенде иттің бабын ойлауға шама қайда! Тамақтан өтерді қимайсың. Қинала-қинала тастаған сүйек-саяғыңды қаужауға халі жоқ. Ши-шеңгелдің түбін тіміскілеп аузына ілінгенімен күнелткен байқұста қайдағы қауқар. Міне, қабырғасы ырсиып қарасүмек болып қоянның соңынан сүлкілдеп келе жатса, онысы қанында қиқу салған туа бітті ескі құмарлық емес, «жесем, жесем!» деп өзегінде ұлып аранын ашқан аштық қой. Текті итті бүйтіп қорламай, баяғы кез болса, аңшы жосынымен, бір уыс май асатып, қақ маңдайдан атып салмас па еді!

Үздік-создық шұбатылып қыстаудың шетіне де ілікті-ау. Қарманатын сәт осы. Қапы кетсең, санынды соғып қала бергенің. Үміт пен күдік тай-талас түсіп, шыбын жаны шырқыраған сайын Нұрбектің бойына қайрат қосылғандай жүрісі ширайын деді. Емпеңдеп жүгірген күйі айқай сап, аңғал-саңғал қора жақты нұсқай қолын үсті-үстіне сермеді: — Ұшар, былай қарай қайыр. Былай! — Бірақ Ұшары құрғыр айғайын құлағына қыстырар емес. Ауланың ор-

тасындағы әне бір қалқайған діңгекті айналқостап кеткені несі? «Япыр-ай, еңбегі еш болып айырылып қалар ма екен?» — Ұшар деймін, ойбай, былай қайыр, былай. Қора жаққа қайыр!

Ұстап беремін кел-кел деп құшағын үңірейте ашып қора-қопсы тұрғанда жалғыз ағашты шыр айналып не қара басты бұл бейбақты! Байланып қалғандай шиырлап шықпайды ғой, тіпті! Діңгек түбінде әне бір дөңгелене қарауытқан не нәрсе? Е, құдықтың аузы екен ғой. Ойқастай қашқан қоянның адымын аштырмай алдын орап, құдықты шыр айналдыра қуып жүр. Айналған сайын шеңбердің ауқымы қусырылып барады. «Япыр-ау, не істегелі жүр?» деп бұл жеткенше, қақпаймен ернеуге таяй берген қоянды Ұшар кеуделей бір-ақ қағып, құдықтың ішіне топ еткізді. «Бол, бол, тез!» дегендей қыңсылап аяғына оратылған Ұшарды мойнынан құшақтай алды: «Ақылыңнан айналайын, сырттаным сол! Айлаң адамнан артық қой сенің!

Апыл-ғұпыл шапанын шешіп қардың үстіне тастап еді, Ұшар ежелгі дағдысымен бауырын төсеп сұлап жата кетті. Нұрбек беліне ораған ұзын қыл шылбырын шешіп, бір ұшын діңгекке байлады да, қармалып төменге түсті. Құдық онша терең емес екен. Құрық бойы жетер-жетпес қана. Түбіндегі көк шеге мұз сүйімендесең ойыла қоймас. Өкшесі тиген бойда тыраң етіп бір құлады да, дір-дір етіп бұрышта тығылып жатқан сұр қоянның үстіне қона түсті. Алқымынан шеңгелдей қысқан қолдарына әл берер болмаған соң бар салмағын сала тізесімен жаншып езгілеуге көшкен. Шыңғырған баладай ышқына қырылдап, аяғымен жер тарпып тыпырлаған күйі біраз жатты да, сұлық қалды.

Олжасын беліне байлап, арқанды өрмелей сыртқа шықты. Жердүние көгілдір нұрға бөгіп, жайнап кеткендей. Мұртының ұшы жыбырлап, өз-өзінен жымыңдай береді. Қоянды құлағынан салақтата ұстап, баға жетпес байлықтың қожасындай айналаға ақсия қарап тұр.

Ұшар бұл қылт етіп құдықтан көрінгенде-ақ аяқ-қолын бауырына жиып, атып тұрған. Бұның кербезденген шабан қимылына шыдамсыздық білдіріп, «ием-ау, біз жаққа да көз қырыңды салсаңшы. Еңбегіміз бар ғой« дегендей, тілін жалаңдатып, қыңсылап қояды. Нұрбек қонышынан жарқ еткізіп кездігін суырып алды да, әлде не іздегендей айналасын қыдырта шолып ойланып қалды. Сонан соң тымағын шешіп қардың үстіне төңкерді. Шалажансар

қоянды «бисмилла» деп алқымынан орып кеп жіберді. Тамшы қалдырмай тамызып алған жылымшы қанды уыс толтыра бір ұрттап еді, көзі шырадай жанып шыға келді. «Тағы, тағы» деп өзегінде ұлыған нысапсыздықты әзер тежеп, қолы қалт-құлт етіп тымақты Ұшардың алдына жылжытты.

Батар күннің сәулесі ара-тұра түртіп-қашқан желге бір желп етіп мың құбыла ұшқын атқан ақша қардың үстінде тиянақ таппай секеңдеп жүр. Найза шыңның көлеңкесі сонадайдан түксие төніп еңбектеп келеді. Айнала жым-жырт. Ши басындағы сыбдырға дейін өшіп, сықыр еткен дыбысқа селк ете түсетіндей. Үркек, үрейлі тыныштық. Бөрі тісті бұзық түн қыр астынан мен мұндалап қара туын желпіп-желпіп қояды.

Үңірейген ымырттың ұзын сирақ көлеңкесін алдына салып алып Нұрбек безіп келеді. Төтелей тартып қарсы беттегі ирек жотаның желкесіне шыққанда, етекте шашырап жатқан шағын ауыл көрінді.

Аудан көлеміндегі алғашқылардың бірі болып желбірей көтерілген «Қызыл Ту» колхозың осы. Дүрмекке ергені бар, зорлықпен енгені бар, ежелден осы өңірдің отын оттап, суын ішкен Бисары менЖәдіктің дені бас қосып отыр. Қиыр жайлап, шет қонған жалба тымақты біреу көргенде: «Поу, мына «Қызыл Туың« тіпті қала болып кетіпті ғой!» деп таңдайын тақылдатар еді. Бірақ «қала» дегенде, әзірге суы мол, шұрайлы кең жазықтарға қоныс тепкен орыс селолары секілді емес. Тәртіппен қатар түзеген көшелері жоқ. Тамы мен қамыс күрке, жеркепесі аралас, ағайын-ата қуалай, сиырдың бүйрегіндей боп шоғыр-шоғыр орналасқан. Күзге салым от түтеткен шаңырақтың ұзын саны жүз елуге жетіп жығылатын. Енді, міне, қисая ұшқан қара түтін құлап бара жатқан тіреу ағаштай ауыл үстінде қадау-қадау қыңырайып тұр. Жалпылдап топ-тобымен ұшып жүрген қарғадан көз шұбартқандай. Әне шеткі үйдің тұсынан тояттаған кезқұйрық па, қарақұс па — қанатын самарқау қағып көтеріліп барады.

* * *

Күйеуі сұр қоянды салаңдатып кіріп келгенде, Зейнеп соғымға ту бие сойып алған кісідей қуанған. Нағашысы босағасына құт ала келгендей көңілденіп, қоянның ішек-қарны, өкпе-бауыры мен бір жілігін қазанға бір-ақ салып еді. Үсті-үстіне сыңғытып ішкен қара

сорпадан қалжасы жаққандай үлкендердің бой-бойы шықты. Ағаш табақтағы бір уыс қарайғанды үшеуі шетінен шымшып қана алып, сыпайыгершілікпен «сен же, сен же» деп бір-бірінің алдына итеріп тауысқан жоқ. Қолды қымсынбай салған кішкентай Нұржан болатын. Арғы жағына ел қонған соң әкесінің тізесіне басын сүйеген күйі қылжиып қалған. Тәмпіш танауының үсті тершіп, рахаттана құр-құр етеді. «Ой, балам, саным ұйып қалды ғой» деп, Нұрбек көтеріп апарып, төсектің үстіне жатқызды.

Өзекке аз да болса нәр барып, жүздеріне жылт жүгірген. Сорпа иісі мұрын қытықтаған жып-жылы үй өздері үшін қазір пейіштің төріне айырбастағысыз. Осыдан артық нәпаха-ризық керегі жоқ деген көңілдерінде бір шүкіршілік бар. Қазандық аузында маздай жанған оттың да бүгін қызуы мол, жалыны жоғары сияқты. Жарықтан жасқанып қуыс-қалтарысқа тығылған қалқан құлақ көлеңкелер тыпырлап тұра алмай жатыр. Нұрбек жанары жарқ етіп төрдегі қол тоқыған кілемнің шетіндегі шанағын бір елі ыс тұтқан қара домбыраға жұтына қарап қойды. Күні бойғы сүркілден қалжырап, сараң тіл қатып, оны-мұны жөн сұрағаны болмаса, бағанадан бері қонағына онша шешілмей отыр еді. Сонысын жуып-шайғысы келді ме, маужырап көзіне ұйқы тығылса да қарттың көңілін аулап, арғы-бергіні қозғай ұзақ шүйіркелескен. Сөздің бір ретінде:

— Аға, қыстың көзі қырауда кәрі кісіге қаңғып жүру оңай ма. Қайыр-садақа беріп жарылқайтындай жетісіп отырған ел жоқ. Не көрсек те бірге көрерміз. Қасымызда болыңыз — деген. Қарт күтпеген ұсынысқа абдырып қалды. Қанша жерден қан жаласып бірге туысқан болса да мынандай қиын күнде аузындағы жалғыз түйірді жарып берер деп ойламаған.

— Қарағым-ай, шықпа, жаным, шықпамен әрең отырғанда салмақ болмаймын ба? — деді даусы дірілдеп. — Арық атқа қамшы ауыр ғой.

— Бір бұйырғаны болар, аға. Ұшар аман болса, ептеп-септеп жазға ілігерміз.

Сәукетаев Т. Құзғын тойған қыс. https://adebiportal.kz/kz/news/view/22060

Алдан Смайыл

ТАМҰҚТАН КЕЛГЕН АДАМ

(романнан үзінді)

* * *

Тамақтан соң Ударцевтің сөмкесін ақтарған.

— Ал керек болса! — деді былғары әмиянның ішінен шыққан екі куәлікті айналдыра қарап. Олардың бірін Қарағандының ревкомы берген, далалық атқыштар полкінің құрамындағы арнаулы жазалаушылар отрядының командирі екенін растайды. Екіншісі НКВДнікі.

— Енді түсінікті болды, — деді қалтасына салып жатып. — Сенің екпіндеп, екі иығыңды жұлып жеп жүретінің осыдан, аты аталса, ажал азынап қоя беретін пәленің агенті болғандығыңнан екен ғой.

Шашы желкесінен қиылған әйелдің суреті сарғая бастапты, сыртында сандырақ өлең жазылған, кілең күйем-сүйем деген шалдыршатпақ бірдемелер.

— Күйіп-жанбақ түгілі, өртеніп кетсең де, енді саған Ударцев жоқ, — деп лақтыра салды.Беттері жыртыла-жыртыла жұқарған қойын дәптер толған есепқисап, ай сайынғы жалақысы, қай ауылдан қанша малмүлік тәркіленгені… Соңғы парағына келгенде:

— Мына қызықты қара! — деп дауыстап жібергенін аңғармай қалды.«Николайдың алтын ақшасы — 2000» деп жазып, астын сызып қойыпты. Төменгі жағында «НСР» деген белгі бар, сірә, әлгі қыруар қазына тығылған жердің атын қысқартып көрсеткен.

— Ойна Ударцевпен! — деп жыртып алды. Кім біледі, күндердің бір күнінде кәдеге жарап кетер.

Сөмкенің қалтарыс қалтасында Халық коммиссарлары Қарағанды Ішкі істер басқармасының құпия шешімі жүр. НКВДның Қызыл армия бөлімдері командирлерінің деңгейіндегі агенттеріне арналыпты.

— Солай да солай! — деді оқып шығып.

Ударцевтің шалкемпірлерді қырып салып, тұтқын қазақтарға бүйідей тигенінің сыры, өзі айтқандай, Тасқоралыда ұшырасқан көштің қарулы қарсылық көрсетіп, он жауынгерін мерт қылғанында емес, басқада болып шықты.

Қос жастыққа шалқайып, шаңыраққа сыйған аспанға қарады, тұмсығында әлдене салақтаған қара қарға күлдіреуішке қона беріп қайта ұшты.

— Солай да солай, — деп қолындағы қағазға қайта үңілді.«Дала халқы революцияға қай жағынан да сәйкес емес. Ортағасырлық жүйе социалистік жүйемен ешқашан да үйлесе алмайды…»

Осылай түсініксіз сірескен жолдардың түйінін зорға ұқты. Қырда қызыл террор ұйымдастыру керек. Қырған сайын — қырағысың, жойған сайын — жойқынсың. Атқан сайын — атақ, шапқан сайын — шен. Дөңгелек столдың үстінде тұрған сырлы аяқты басына бірақ көтерді.

— Террор! — деп тістенді.Оны бұл НКВДның көк төбеттерінсіз-ақ бастаған.

Сыртқа құлшынып шықты. Қатынқалаш манағы жерде әлі ұйлығып тұр.

— Қайдасың? — деді ұзынтұраны іздеп.

Ол киіз үйдің көлеңкесінен қалбаң етіп жетіп келді.

Мына далада жаңбыр жаумағалы қанша ғасыр өтті екен? Түксиген көк көлкөсір құйып берер ме еді! Дүниенің азабы — шөлдің қысқаны, жалғанның рахаты —

шөліңнің қанғаны екенін кім білген. Өтіп кеткен жылдары мен алдағы көреркөрмесі белгісіз күндері бір тамшы суға қарап телміргені ме?! Телміркен тасқаяқ тағдыры ма, өзі ме? Өзі туралы ойлаудан қорықты. Өзінөзі ойландырған пенде бар ма жалғанда?

Бетпақтағы алғашқы, әлде бүгінгі түнде өзінен өзі үрейленгені есіне түсті. Өзінен өзін алып қашпақ болып аласұрған сонда. Неліктен еді сол жанталас? Өзінеөзі қайта оралғысы келгендігінен бе еді? Адасып қалған әуелгі бейкүнә рухын біржола жоғалтқанына қынжылғаны ма еді? Бетпақта тағы да жұмбақ хал кешті, сірә, жаназа ойлар торлай бастаған шығар.

Еңгезердей қазақ ертоқымды қолтығына басып ұзынынан сұлаған. Ол бұларға қандай үкім шығарды екен?

Шөл қысып барады, Дараттың түбіндегі бұлақтың сылдыры естілгендей. Жоқ… судың сылдыры емес, қыр соңынан қалмай қойған құрып кеткір ызың. Сол ызыңның сары уайым сарынын бұзыпжарып әлдекім қақ сүйегін қан қақсатып қарғайды. Бозамық сәуленің тұнығынан бозғылт жаулық бозарады.

Қан қақсатқан зәрлі үн құмдауыт жазықта аңыраған көп әйелдің зарына ұқсады. Сол бір желсіз кеште тау бөктері күңірене көшкен. Бірде көлбең етіп, бірде зымзия жоғалған арсылгүрсіл елес айқындала түсті. Қарсы алдында таяқ тастам жерде екі әйел қабаттасып

тұр. Мылтықтың қарауылы кеудені кеміре тінтіп, жүрекке тікендей қадалды. Құлақты тұндырған гүрсіл жаңғырығып үлгермей екеуі де құлап түсті.

Мылтық тағы да шаңқ етті, ұзынтұра қосақтаған үш әйелдің соңғысы тізерлеп барып жер таянды.Солдаттар даурығып қызыл кеңірдек. Тәпелтек жирен мен қартаң жауынгер бәс тігісіп жатыр.

— Екі жүз метрден қақ маңдайдан тигізсем, не бересің?

— Қалағаныңды ал.

— Онда өлген шалдан олжалаған мүйіз сапты кездікті тік.

* * *

… Бес-алты солдат аттарын ауыздығымен алыстырып, көше-көшеге қаптап кеткен ашжалаңаш қазақтарды қуып жүр. Оларды қалаға бұрын да жолата қоймайтын, кейінгі күндері жұқпалы індет тарай бастаған соң шаһарды күндізтүн қоритын болған.

Жалынған, жалбарынған дауыстар, боқтаған, ит терісін басына қаптаған айғай құлақ тұндырады. Ызғарлы, ызалы қала ушу.Пар ат жеккен көк арба көлденең көшеден өтіп бара жатып тоқтады. Үстінен қарғып түскен екеу жерден әлденені көтеріп алып, артқы доңғалақ жаққа лақтыра салды.

— Өлгендерді теріп жүр, — деді көшір.

Базарға жақындағанда әлгіндей тағы екі арба көрінді, қораптарының ернеуінен түнде аязда қатып қалғандардың аяққолы сереңдейді.

— Күнде осылай, — деді көшір, — азаюдың орнына көбейіп барады.

Қара базар артта қалғанда, алдыңғы жақтан әйелдің шыңғырған даусы естілді. Осы арадан жүз қадамдай жерде ескі бақсымақ болатын, жөргектегі баланы қолтығына қысып алған еркек солай қарай қираландап барады, соңында шашы дода-дода жайылып кеткен әйел сүрініп жығылады.

— Анау мына бейшараның баласын алып қашып барады, — деп түршікті көшір.

— Шап!

Арба алдын орап тұра қалғанда, қарасұр еркек баланың аяғын кергілеп ысылдады.

— Таялма! Қақ айырамын!

Түрі адам шошырлық, тістері түсіп қалған, қызыл иегінен тілі жалаңдайды. Әлгі екі сөзді булығып зорға айтты.

— Сабыр! Сабыр! — деп састы. Өлім мен өмірдің арасында алжасқан пәле не істеп, не қойғанын айыра алмай, нәрестені мерт қылуы мүмкін.

— Сабаңа түс! — деп алдаусыратып, қалтасынан суырып алған әмиянды аяғының астына тастай салды. — Ананы ал да, баланы босат!

Ол жылап жіберген, әлде ессіз күлген секілді түсініксіз қырылдап баланы жерге түсірді де, әмиянды ала сала баққа қарай ұмтылды. Шамасы жалғыз рет ышқынуға жетті, қисалаңдап барып құлап түсті.

— Өліп қалды ма? — деп аңтарылды бетіне үңілген көшір.

— Иә, өліп қалыпты. Сорлы соңғы сәтінде есінен ауысқан ғой.

Жүгіріп барып сәбиді жерден көтеріп алды.

— Тірі! — деп айғайлап жіберді.

Әйел бұларға қарай әлі сүрініп-жығылып келеді.

— Бәйтемір! — деді бұл.

— Ә?

— Сен қолыңдағы бала мен шешесін үйіңде бірер күн күт. Әрі қарай бір ыңғайын табармыз.

* * *

Үйге қаусап жетті, көшірді аналыбалалы екеумен қоя беріп жаяу келген, жолшыбай тағы бір сұмдыққа тап болды.

Әлгі бақсымақты төтесінен кесіп алып, орталыққа қарай созылатын тар көшеге шыққанда, пар ат жеккен арба көрінді, еңгезердей мұжық қорабына сүйеніп тұр. Қасына таялғанда жолын кескестеді.

— Тамыр, постой, шаруа бар!

— Не шаруа?

— Напарник мас болып қалды.

— Оның маған қатысы қанша?

— Сен былай, ренжіме, помоги. Ана өлген қазақты көремісің, соны арбаға грузить етісіп жібер.

— Жоқ! — деп кете беріп еді, алдына көлденеңдеп тұра қалды.

— Қазақ твой, давай, помогай!

Қар үстінде етпетінен жатқан адамды бүйірден теуіп жіберді. Ол ыңырсығандай болды.

— Мынау тірі ғой!

— Ну и что? — деп шайқалды мұжық. — Аздап тірі, это не проблема. За город шыққанша өледі.

Қалтасындағы шөлмекті алып аузынан қылққылқ жұтты.

— Я тебе больше скажу, — деп теңселіп түзелді. — Кеше такой полуживой қазақ за город шыққанша другой қазақты кусать етіп тастапты, съел короче. А я так долбанул его — раньше всех побежал к своему мусульманскому богу.

— Жоғал! — деді түршігіп.

— Что?! — деп едірейген мұжықты шықшыттан қондырды…

* * *

Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық жүрегіне беріш болып байланған, түйнеп мазасын алды.

— Өңіңіз келіспей отыр ғой, бәлкім, үйге бұрыламыз? — деген Бәйтемірге сыр бергісі келмеді.

— Кеңсеге! — деді де темекі сұрады.

— Тартпаушы едіңіз ғой, — деп таңырқады ол. — Менде махорка, тоқтап орап берейін.

— Онда керегі жоқ, жүре бер.

Тыртық бет сұмырайдың сұсты жүзі көз алдынан кетпей шаршатты. Бұл оның «Айт!» десе абалай жөнелетін қабаған төбеті болмақ па?! Қалада соның және сондай талайлардың қанша алып кел, шауып келі жалаң қағып жүр екен?

Кеудесін жасын жарып өтті, көкіректі емі жоқ дімкәс ойдың қара бұлты торлап алса, қамалып қалған ыза найзағай болып жарқылдамағанда қайтеді?!

Көшенің бойында біреулер от жағып отыр, күйген жүннің иісі білінеді.

— Аналар не істеп жатыр? — деді Бәйтемірге.

— Білмеймін.

— Көре кетейік.

Үстеріне не болса соны орап алған екі әйел, қанден бе, күшік пе, талдың бұтағына түйреп шоққа қақтап отыр. Анадай жерде сақалы қар сызған қария осылай қарай еңбектеп келеді. Жүрегі тағы да шаншыды.

— Қозғалайық, — деді кеңсеге тезірек жеткісі келіп. Сол кезде көшенің қарсы бетіндегі шым үйден тоны шұбатылған ұзын бойлы мұжық жұлынып шықты, қолында көлденең ұстаған айыры бар, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып келеді, сірә, мыналар үйткен ит сонікі болар, арбадан секіріп түсіп жолын кескестеген мұны қағып өтті.

— Гады! Живодеры!

Ұстап үлгергенше әйелдің бірін көк желкеден кіжіне соқты, отқа етпетінен түскен байғұстың беті шыжылдап шыжғырыла жөнелді. Қыбы қанып бір боқтап алған мұжық енді екінші әйелге шүйілді. Сол кезде Бәйтемір тобықтан қағып құлатты.

— Хайуан!

Іштен сылқита соғып кеудесіне қона кетті.Отқа құлаған байғұс қатты соққыдан өліп кетсе керек, кеудесінде жан жоқ. Екінші сорлы иттің күйекүйе етін апыл-ғұпыл жеп жатыр, дәл жанында улапшулаған бұларға қарамайды да. Еңбектеп жеткен қария соған қолын соза беріп сылқ түсті, шамасы, жасы сексенге жеткен, күзен ішігі мен былғары саптама етігіне қарағанда, бұл өмірде тарығам деп ойламаған адам.

— Таста! — деді астындағы малғұнды әлі төмпештеп жатқан Бәйтемірге.

— Өлтірем! — деп бұрқырады ол. — Тірі қоймаймын!

Қарсыласуға шамасы келмей қол-аяғы ербеңдеген доңыздан зорға ажыратып алды.

— Күнде осы ғой! — деп безектеді ол. — Күнде осылай! Аштық бір жағынан, жыртқыштанып кеткен жұрт бір жағынан қырып жатыр! Шарасыздық пен қорлықтан өлер болдым, аға!

Жүрегі тағы да шаншыды. Сөніп бара жатқан оттың жанында қалқиған әйел иттің етін емес, өз қолын қақтап жеп отырғандай түршікті. Қаусаған қария басын жерден көтере

беріп қайтадан сұлқ түсті.

— Ана кісіні арбаға салайық, — деді Бәйтемірге. Орнынан тұра салып қаша жөнелген мұжық былай шыға бере сыпыртты.

— Ит жегендерге өз етін жегізбесем ит болайын!

* * *

Желтоқсан желігіп басталды, үдере соққан боранның толастамағанына бүгін үшінші күн. Аласапырандатқан ақтүтек көтерем қаланы ақ кебінге ораганша асық.Қыс күшіне енбей жатып шалажансарланған шаһар шық па, жаным, шықпамен қашанға шыдары белгісіз, қаңтар тумай жаланған жеті ағайынды жұттың үңірейген өңешіне жаутаңжаутаң қарайды.

Аштық босқан елді сарқып, жалпақ жұртқа ауыз салған. Халық ұрандатқан күндер ұлып шыға келгенде есінен айырылып

жым-жырт. Дүрегей тыныштық жауар бұлттай түнеріп, қаны қашқан қаланың қабынған қабағында түксиеді.Өзегі талғанның бәрі қарақшы, тал түсте тайсалмай талайды, жұрт түнді қойып, күндіз жүруден қалған. Қадірі жоқ қайыршы күндерде қатыгездіктен басқа күтері жоқ. Кірпігінде үрей түлеген, түңілумен таң асқан түндер күдігі көп көксоққан күндерге күрсініп жалғасады

Өлгеннің ойы жұмбақ, өлмегеннің көңілі көмулі. Ақтүтекте көрден шыққан көрсоқыр күндер күңгірт көшені күңіреніп кезеді. Аруақ қала аласапыранда адасып әлек. Тіленші тірлік мысық тілеу үміттің үрейінде үздігеді. Үдере соққан боран үдей түсетін шығар. Ұлыған жел — ұлы шындық іздеген есуас сана, ұры жалғандық ұлылықтан дәмеленіп ұрандап жатқанда, ақиқат аңсап не керек? Жасанды құдай жасаған мен жағаласып, жалғандықтан жалпақ ел зар илейді.

Жалғандыққа жау серік — жалғандығын жасыруға. Қарауылда қалтыраған жұрт жау іздеп әлек. Жаусыраған күндер қансырап қағынады. Ойлай алғанның бәрі дұшпан. Ойсыз заманға ой не керек? Ары барлар арам қатқан. Қан тілемегендер шетінен қауқарсыз.

Алай-түлейге араласып тұра бергісі келді, аласапыран асқына түссе екен. Жатаған үйдің үстінен қар жүріп кетіпті, қиыршық құйын орай соғады, есіктің алды омбыға айналған. Ашарық қала ашарықтардың қыр жілігіне асылып қалғандай, азынаған жел аңырап жоқтайды.Сүреңсіз ойлар қажытып барады, кесек қарды маңдайына басты. Күтпеген дауыс селк еткізді. Қасында Қайдар тұр.

— Қашан келдіңіз?

— Әлгінде.

— Мұнда бекер соқтыңыз ғой.

— Мына боранда кім байқай қояр дейсің.

Бұл жерге бүгін алғаш рет келген. Қаланың шетінде баяғыда қаңырап қалған баракты Қайдар мен Сүлейменге жөндетіп, босқан елдің балашағасын жинатқалы соға алмай жүрген. Кім біледі, тыртық бет қара соңына көп сүмелегінің бірін салып та қойған шығар.Ұзыннан созған аласа жайдың іші қоңыр салқын, екі жерден жаққан темір пештің айналасы ғана жылы. Балалар соларды төңіректеп ойнап жүр, ұзын саны елу шамалы. Кішісі үштөрт, ересегі жетісегіз жаста. Көшеден теріп алған тілекші өмірі, бүгіні үркек, ертеңі жұмбақ жасқаншақ тірлік, қырылған елден қырнап алған уанышы.

— Анадағы аттың еті біразға жететін шығар? — деді жанына келген Сүлеймен мен Қайдарға.

— Бірер апта амалдауға болады.

— Мініп келген атымды да қалдырып кетемін. Бүгіннен қалдырмай сойып алыңдар.

Қайдар маңдайын ысқылап күмілжіді.

— Түбі қиын тиеді ғой сізге.

— Құдайдың басқа салғанын көрерміз.

— Тегі, абайламасаңыз болмас. Өрістегі мал емес, жау шапты, қасқыр тартты дейтін, қорадағы жегін атты іздемей тұра ма?

— Сонда не істеуім керек?

— Енді көлік малына соқтықпай, басқа амалын қарастырсақ. Көжеқатық, шөпшаламмен де күн көрерміз.

— Оны қайдан аласың? Қалада сыңар бидай жоқ, ел босқан жұрттың кебін кигенін көріп жүрсің ғой.

Сөзге жоқ Қайдар біраздан бері алынбаған сақалын ысқылап үнсіз қалды.Сақалы беліне түскен қария құбылаға қарап мүлгіп отыр.

— Күн ұзақ осылай, — деді Сүлеймен. — Жалбарынады да жатады.

— Қай ел екенін біле алдыңдар ма?

— Сұраған сайын жаңылады. Бірде қаракесекпін дейді, бірде бәсентиін болады. Тек күнде таңертең тұрысымен «Жыл қыға бардыңдар ма, өрісін ауыстырып па екен?» деуді ұмытпайды.

Мұны жатсынды ма, балалар шуылдамай, тыныш, темір пешке жақын жайылған ұзын дастарханды айнала жәудіреп отыр. Өңдері жүдеу, мөлдірей қалған жанарлар жасқаншақтап, көзің түссе үрке жөнеледі.

— Көбісі түнімен шошып шығады, — деді Қайдар.

— Бұлар көретін түсті сен көрсең, баяғыда жынданып кетер ең.

— Байғұстар түнге қарай тынышсыздана бастайды, — деп күрсінді Сүлеймен. — Бір-біріне тығылып бүріседі де қалады.

— Алла тағала осылардың көз жасын көріп амандығын берсе етті, — деп уһіледі Қайдар.Құбылаға мүлгіген қария әредік сөйлепсөйлеп алып күңіреніп кетеді.

— Тақталайды таңда алды, беріп алып неге алды, алма деп ем шамданды, шырқыраған қу жаннан басқа енді не қалды? Ой, аллаай!

Бесалты жастағы ер бала өздеріне қарай келе жатыр, қолында кішкентай түйіншегі бар, таяла беріп қипақтап тоқтады.

— О не, Сәлім? — деді Қайдар.

— Ана кісі қазір қалаға қайта ма?

— Иә.

— Жақсы болды ғой, — деп қуанып кетті ол.

— Мәз болдың ғой өзің, — деп арқасынан қақты Сүлеймен.

— Сәті түстіау, әйтеуір.

— Қалаға бармақ па едің?

— Баруға да болар еді… — деп күмілжіді бала. — Адасып кетемін ғой.

— Онда неге қуандың?

— Мына аз ғана дәмді шешеме беріп жіберейін деп едім.

— Осының аса аз да емес, — деп көтермеледі Сүлеймен.

— Өз үлесімнен екшеп жинағаным ғой.

— Жарайды, апарамын, — деді бұл. — Тек шешеңнің атын айтсаң болды.

— Нұрила, — деді бала. — Аққұба, әдемі кісі.

— Қай жерден іздесем екен?

— Базарға барғанда адасып қалғам, сонда әлі жүрген шығар.

— Әрине, жүреді, осы күні елдің бәрі базарда.

Бала бір сәтке ойланып қалды.

— Адам аштыққа қанша күн шыдайды екен? — деді аңтарылып.

— Адам ит жанды ғой, — деді Сүлеймен. — Ай бойы жүре береді.

— Мен оны көптен көргем жоқ, — деп мұңайды бала. — Ол одан көп бұрын нәр татпай жүретін.Көңіліне күдік ұялаған сияқты, жанары боталай қалды.

— Базарда жүрген адам ашыға ма екен?! — деді Қайдар. Бала мұңайып тұра берді.

— Бәрібір ал! — деді бір кезде. Түйіншегін қолына ұстата салды. Кетіп бара жатып жылап қоя берді.

Хаққа мүлгіген қария күбір-күбір қиналды.

— Асауға мінсем — жығады, шабанға мінсем — шалдығады, жұмаққа немен жетемін?!

Боран кешке қарай басылды.

VII. Ат жетектеген жалғыз

— Мұның не?

Жамағайыны Исаның қолында жүзі кере қарыс пышақ, күрең төрт аяғы буулы теңкиіп жатыр.Қонышынан кездігін суырып алып,

аттың шашасынан шанди берген арқанды быртбырт кесті. Жанары шарасынан шыққан жануар шұрқырап қоя берді.

Есік жақта үрпиіп тұрған әйел жерде жатқан күректі ала сала ұмтылды.

— Қараңды өшір!

Жалтарып үлгермегенде қайтер еді, қораның қабырғасына сарт еткен күректің сабы ортасынан қақ бөлінді.Иса қолындағы пышағын лақтырып тастап отыра кетті.

Әйел көкезулене шаптығып басылар емес.

— Таста да қараңды өшір! — деп таптап берді.

Атты жетектеп қақпаға қарай ығысты, шыға сала қарғып мініп шаба жөнелді. Сол бетінде Соқыр өзенінің жағасына келіп бірақ тоқтаған.

— Ойпырай! — деді ентігіп. — Аттан айырыла жаздадым ғой. Таңғы намазға тұрмағанда күрең бұған жоқ еді.

Кеше Қарағандыға көз байлана жетті. Түнеген қалаға қараңғыда енуге сескеніп, ертеден араласқұраластығы бар Исаның шет жақтағы үйіне бұрылған. Күреңнің ажалы айдаған екен ғой.

— Құрысыншы! — деді түршігіп. — Аман құтылдық, әйтеуір. Жарқабақты жағалап келіп шоқ талдың көлеңкесіне отыра кетті. Күрең елеңдеп тұрыптұрып жайыла бастады.

— Жалғанның жазымы көп деген осы екенау, — деді тынши алмай.Қарғабайдың қыстауында өткізген ұзақ қыстан соң асығып жеткен қалаға алыстан секемдене қарады. Жоқтықтан жыртқыштанған әйел соңынан қуып келе жатқандай.Жер астынан көмір тартатын мұнаралар шалғайдан салқын зораяды. Айналаға шаншыла көз тігіп, жұтып алар кім бар деп жұтынады. Таныс әрі бейтаныс шаһар күңгірт мұнар жамылып түксиіп алған.

Дауыс жетер жерде өзеннен он шақты адам шұбатылып өтті де жағаға құлайқұлай кетті. Одан беріде тал арасында екіүш әйелдің жаулығы ағараңдайды.

— Ертұрманды қалдырып кетіппін-ау! — деді сол жаққа қарап отырып. Оны қимағандығынан емес, қанжығадағы қоржында азын-аулақ кепкен ет болғаны үшін есіне алған. — Енді, міне, құр алақан қалдым.

Өзіне жақын жарқабақтың асты түтіндеп жатыр. Әлгі екі-үш әйел солай қарай келе жатты да, жалт бұрылып кері қайтты. Соңдарына елеңдеп қайта-қайта қарайды.

Қамсыз отыра бермей, маңайын байқап алғысы келді. Орнынан тұрып, түтін шыққан жаққа ақырын жақындады.Орта жастағы екі адам отқа әлденені қақтап отыр, қойдың асықты жілігіне ұқсайды. Соларға жақын жерде қызарған нәрсе көңіліне күдік ұялатып тағы да таяла түсті.

О, тоба! Мынау өлген адамның денесі ғой, бір қолы иығынан кесілген, кеудесіне пышақ қадалыпты.Келген ізімен кері еңбектеді, шоқ талды айнала жайылып жүрген күреңге әрең жетті. Кеудесі қысылып, көзі қарауытты.Адам етін қақтаған екеу көріп қалып соңынан тұра жүгіргендей.Олардың өзенге құр сүлдер жеткен елді аулаған айуандар екендігіне күмәні қалмаған.

Күреңнің жалына асылаасыла арқасына зорға қонды. Өзі әлгінде қашып шыққан қалаға құр сүлдері беттеді…

* * *

Шаһардың бұрынғы у-шуы жоқ, қыр қазағының жарау атын үркіте жөңкіліп, дүркіреп өте шығатын пәуескелер, ерсілі-қарсылы ағылатын ию-қию ел көрінбейді. Әредікте бірен-саран салт атты солдаттар шауып өтеді. Оқта-текте кезігетін жаяу жүргінші шетінен асығыс, мойындарын иығына жапсырып алып дедектеп бара жатқаны. Бәрінен жиі ұшырасатыны — сіңіріне ілінген тіленшілер. Арыстанның үйі көзіне оттай басылды, шарбаққа жете бере аттан сыпырылып түсті. Есікте жұдырықтай құлып тұр, ұры-қарыдан сақтанғаны шығар, терезелердің қақпағын жауып кетіпті.

Күреңді үйдің сыртындағы отын сарайының көлеңкесіне байлап, табалдырыққа көтерілетін ағаш баспалдаққа келіп отырды.Күн бесіннің мұғдары, кешке дейін әлі біраз уақыт бар.

— Мейлі! — деді кеудесін кере тыныстап. — Мамырдың шабан күні осы орнында тапжылмай тұрып алса да еркі. Жеттіау, әйтеуір.Бұл жақта да ел сұйық, көзге басқалардан гөрі әскери киімділер жиірек шалынады, олар да оқтатекте өтеді. Қарсы бетте кимешегі көзіне түсіп кеткен кемпір бүк түсіп отыр, өлі-тірісі белгісіз, қимыл жоқ. Көрші үйдің қанден иті жанына үріп барады да, шәуілдепшәуілдеп кері қайтады.

Есіктің алды күнгей, біраздан соң қалғи бастады. Сол бетінде көзі ілініп кеткен шығар, құлағының түбінде күңгірлеген дауыс селк еткізді. Сыптығыр жігіт төбесінен төніп тұр.

— Шал! Жүрегіңді жалғағың келе ме?

Айтқанын шала естіп, бетіне аңтарыла қарады.

— Сен қорықпа, — деді ол даусын жұмсартып.Жан-жағына қарап алып жанына жайғасты.

— Қалтаңда қағылғансоғылған алтын жүзік, сақина сияқтыларың болса, қолмақол нанға айырбастап беремін.

Сырт киімінің өңірін ашып, кірпіш секілді кесек нанның шетін қылтитты.

— Кәне, нең бар? — Көзі ойнақшып тұр.

— Ондай қымбат дүние қаңғып қалған маған қайдан келсін, — деп ығысыңқырап отырды.

— Білеміз ғой, — деді ол, — бәрің де солай дейсіңдер. Құралақан болмасаңдар да сөйтесіңдер. Ал біз сендер аштан тұраламасын деп әлекпіз.Сырт киімінің өңірін тағы да қайырды.

— Көрдің бе? Нан болғанда қандай! Үлпілдеп тұр! Аузыңа салсаң үгіліп жүре береді.

Көзі түсіп еді, сілекейі шұбырып қоя берді.

— Кәне, қалтаңды тез қаға ғой, — деп зуылдатты сыптығыр. — Көніңді жібітейін де жоғалайын.

Әлмағамбет таутасқа шашқан көп қазынаның түбінде қалған екі алтын ақша есіне түсті. Қамзолының қалтасына баяғыда тастай салған, осы күнге дейін баржоғына алаңдамапты. Сыптығырға сездірмей қалтасын сыртынан басып көріп еді, қолына қатқыл бірдеме білінді.

— Құнын айтшы, — деді.

— Нанның ба?

— Иә.

— Міне, енді жөнге келдің, — деп желпінді ол. — Затына қарай.

Көршінің қандені безектеп қоя берді, сау-тамтығы қалмай шабаланады. Отыздардың шамасындағы дембелше жігіт шарбақтың есігіне таяу келіп тоқтады. Бұған көз тоқтатып аялдады да, қатардағы үйге жете беріп қайта оралды.

Сыптығар сыбыр етті.

— Жөнелейін. Нан керек болса, көшенің жоғарғы жағындағы дүкен жаққа кел. Дембелше оны көзімен ұзатып салып ішке енді.

— Салаумағалейкүм, ақсақал!

— Әлейксәлем!

— Алыстан келгенсізау, шамасы?

— Қырдан.

— Бұл үйде жақындарыңыз тұрушы ма еді?

— Жоқ, — деді, қандай адам екенін, не ойлағанын кім білсін. — Иесіз үй сияқтанған соң босағасында демалып отырмын. Өзің кім боласың?

— Қаланың қазағымын. Жүзіңіз таныс секілді көрінген соң бұрылғаным ғой.

Көрші үйден шыққан әйел екеуіне жалт-жұлт қарап, есігінің алдындағы сарайға кіріп кетті. Қанден бүк түскен кемпірді әлі ермек қылып жүр, шабаланып барады да шапанының етегін жұлмалайды.

— Жаңағы не деп жүр?

— Алтын болса нан беремін дейді.

— Ондай алаяқтардан абай болыңыз. Нан орнына ағаштың үгіндісінен жасалған кеуекті ұстата салады да тайып отырады.

— Имансыздарай, ә. Ескерткенің жақсы болды.

— Қымбат бұйымыңыз болса, ешкім көрмесін. Дүкеншіге беріп тамақ ала қоямын деп те ойламаңыз. Қырдан шұбырғандарды қалада адам деп есептемейді, алады да қуып шығады, талассаңыз ұрып өлтіре салу түк емес. Сіздейлердің құны сұраусыз.

«Бұл маған неге жанашырлық танытып отыр? — деп ойлады. — Бір есебі бар ма екен, әлде мына түнерген жатбауыр шаһарда жібі түзу адам сарқыла қоймаған ба?»

— Рахмет, айналайын! — деді. — Өзім де бүгін бір қатерден әупіріммен аман қалдым.

— Жарайды, кетейін, — деді ол.

Шарбақтың есігінен шыға беріп, бірдеңені тарс ұмытқандай кілт тоқтады.

— Бұл үйді төңіректей бермеңіз.

— Неге?

Жауап орнына:

— Сау болыңыз! — деді.

Ол кеткен соң көшенің төменгі жағынан ат арбаның салдыры естілді, осылай қарай келе жатыр. Ұзамай қос қылаң көрінді, көк арбаның үстінде бетін түк басқан екі мұжық отыр, бүк түскен байғұстың жанына жете беріп тоқтай қалды. Жерге секіріп түскен сақалдының бірі кемпірді аяғымен түртіл қалып еді, ол сол бүктетілген күйі құлай кетті. Мұжық барқылдап-барқылдап алып, шүйкедей денені қорапқа лақтырып тастады. Қанден енді арбаның соңында шабаланып барады.

Көрші үйдің әйелі сарайының алдында состиып тұр, қаңғыған шал торуылдап жүр ме деп қорқатын шығар, қарақшыланып алған қалада адам адамға қасқыр ғой.Тар көше көлеңкелене бастағандай. Арыстанның жұмыстан келетін уақыты таялған болар. Жыртығы көбейген шапанын төрт бүктеп астына салды, жүздеспегелі жылдан асқан, қатты сағынған тұңғышына өрімөрім болып көрінгісі келмеді.

Көшенің жоғарғы жағынан шу шықты. «Тоқта!», «Атамын!» деген қатқыл дауыстар қабаттаса естілді. Бағанағы сұғанақ аяғы аяғына жұқпай жүгіріп келеді. Шарбақтың тұсынан өте бергенде мылтық гүрс етті. Айғайлап жіберген байғұс екпінімен тәлтіректеп барып құлап түсті. Соңдарына бес-алты адам жүгіре ерген екі әскери киімді көрінді. Алдымен жеткені сұлап жатқан жігітті шалқасынан аударып тастап, бетіне үңілді.

— Шаруасы бітіпті!

Екіншісі қойны-қонышын ақтаруға кірісті. Олай қарап, бұлай қарап іздегенін таба алмаған болу керек:

— Мынау тап-таза! — деп орнынан тұрды. Соған таяу тұрған тәпелтек безілдеп қоя берді.

— Дұрыстап қараңыз, қолымнан қағып әкеткеніне құдай куә. Дүкеншіге ұсына бергенде іліп түсті.

— Иә! Тура солай! — деп қостады оны ілмиген бойшаң. — Мен кезекте осы кісіден соң тұрғам. Сайтандай сап ете қалды. Шапшаңын-ай өзінің!

— Алғаны анық болса, енді қайда? — деп зірк етті әскери.

— Қашып бара жатып лақтырып жіберген шығар, — деді шеткерек тұрған етжеңді әйел.

— Мәселе былай! — деді екінші әскери тәпелтекке шұқшиып. — Байбалам салған сенсің! Сенің кесіріңнен кісі өлді. Осы маңайдан мынау алып қашты деген затың табылмаса, түрмеде шірітемін!

— Жо-жоқ! — деп шарылдады ол. — Мен болған жайды айттым. Бір түйір жалғандығы жоқ!

— Ізде! — деп ақырды әскери. — Таппасаң талқаныңды шығарамын! Ере келгендер апалақтап табандарын жалтыратты.

— Құдай-ай, енді қайттім?! — деп сүмірейді тәпелтек.

— Ізде, малғұн! — деп артынан бір тепті ызбарланып алған әскери.

Есеңгіреп қалған тәштек о жер, бұ жерге шұқшиып біраз жүрді де еңбектеп іздеуге кірісті. Әскерилер сұлап жатқан сорлыны

көшенің жоғарғы жағына қарай сүйретіп әкетті. Исаның үйіне түскелі нәр татпағандықтан ба, әлде бүгінгі көрген сұмдықтары тұралатып бітірді ме, басы айналды. Бір жағынан шөл де қысқан. Орнынан тұрып отын сарайына барды, ретсіз ыбырсып жатқан теміртерсектің ішінен тот басқан шелек табылды.Есіктің алдындағы көшенің аяқ жағында шегенді құдық бар еді, келіпкетіп жүргенде талай көрген, соған барып шөлін қандырды, бір шелек суды күреңге ала келді.

— Әзірге осы, — деді оқыранған атқа. — Тағы да әкеп берер едім, Арыстан келгенше қараңдап көзге түсе бергім келмейді. Қарағанды қаныпезерленіп алыпты

Смайыл А. Шығармалары. Көп томдық. Астана: Фолиант, 2015. Т. 1. — 528 б. Роман, повестер.

3.2. ПОЭЗИЯ

Маясар Жапақов
1932 жыл

Маясар Жапақов (1879–1965) — халық ақыны. Жастайынан өлең шығарып, домбырамен ән салған. Ыбырай, Мәди, Мұхит тәрізді әнші-ақындарды ұстаз тұтқан. Кеңес өкіметі кезінде Қарағанды кеншілерінің өмірі мен еңбегін жырлаған акын ретінде танылды. 1943 жылы Болман, Нұрлыбек ақындармен, 1961 жылы республикалық акындар айтысында Көшен, Қайып т. б. ақындармен, өнер сайысқан. М. Жапақовтан кезінде Шортанбайдың «Қаракесек», «Ағыбай батыр» дастандары мен өлеңдері, сондай-ақ «Шөже мен Кемпірбайдың айтысы», «Шал мен қасқырдың айтысы» атты ауыз әдебиетінің үлгілері жазылып алынған. 30-жылдардағы алапат ашаршылық көкірегі ояу, зерделі ақынды бейтарап қалдырмаған, арнайы толғау шығарған.

Жазамын қарындашты қолыма алып,
Мұңымды таза тыңда сөзге нанып,
Елімнің қасіретін тартып жүрмін,
Көңілді көтере алмай әнге салып.

Жазғалы қарындашты қолыма алдым,
Қызығы болмады ғой жиған малдың.
Бір күндік азығың жоқ, үміт бұлдыр,
Не болды енді халің, қайран халқым?

Жайлау жер, ессіз қалды қыстауменен,
Ақ доңғал, екі Бесік, Үш тауменен,
Белсенді атқа мінген болып мықты,
Қорқытты қара басты ұстауымен.

Дүние опасы жоқ бір күншілік,
Түсіп тұр қайран елге бүліншілік,
Шалғыны үзеңгіні соғатұғын,
Қалды ғой шашы тимей есіл Күлік.

Жұрты жатыр, бар елдің болдық кемі,
Ақыл-іс қанбайтұғын сөздің емі.
Сырлытам, Қоныспай мен Деней қызыл,
Бір шеті ұшқан құс жоқ Шетпай көңі.

Дүние, жаңа білдім, жалғанына,
Жеткізген кімді тағдыр арманына,
Сыңсыған қалың елдің орнында,
Таң қалдым жалғыз бала қалғанына.

Ақындар сыйлағанға кеткен дәндеп,
Қаймақ шай, бал қымызды ішкен сәндеп.
Жылы көң Елемес пен қайран Қия,
Жарықтық ессіз қалды есіл Сәмбет.

Шашылған дүние-мүлік толып жатыр,
Маякең ортасында қонып жатыр.
Қажының мешіті мен ағаш үйі
Жын ойнақ, қыз ойнағы болып жатыр.

Сұраймыз артын бер деп жалғыз хаққа,
Қоймайды иман бермей көңілі аққа.
Адамның басы алла добы деген,
Айдаған амал бар ма топыраққа.

Босыған жақынды іздеп бара алмадым,
Хат-қағаз тым болмаса сала алмадым.
Мақыш мен Дауылбайлар тірі ме екен,
Хабарын анығынан ала алмадым.

Ойламай жүргенім жоқ тоқтығымнан,
Тұрған жоқ жалым асып шоқтығымнан.
Ат қылып бұл күндері таяқ мінген,
Көремін тұрмысымның жоқтығынан.

Ағаңның осы кезде көңілі қаяу,
Тірі өлік әйтеуір жүр ұйқылы-ояу
Туысқан жер ошаққа көмеді деп,
Абадан Тағылыма келдім жаяу.

Айтқанмен лаж қайсы енді бұған,
Тыңдай ма әпербақан, біліп туған,
Ағаш үй, қора-қопсы құлап жатыр,
Сай-сайы Тағылының құлазыған.

Бұл күнде кім бар бізден ұялатын,
Шама жоқ қарсы тұрып кек алатын.
Скәндір, Әбдікәрім қашқындардың,
Көз көрді, құлақ естіп қиянатын.

Скәндір, Әбдікәрім — танығаным,
Өлімге қиған түгел шыбын жанын.
Кек алар жауын шіркін танымаған,
Торыған тірі қалған елдің маңын.

Құрбаны болып жүрміз надандықтың,
Ойланбас артын көрдік жамандықтың.
Бес адам келген бетте салып бүлік,
Алып қалды арбасын Сағындықтың.

Дүние осыменен тұрады ма?
Жеткізген кімді құдай мұратына,
Дегенмен шіркін өмір болжаусыз ед,
Әркімнің салып жүрмін құлағына.

Дүние бір күн онда, бір күн солда,
Үнемі тұрмайды екен түгел қолда.
Не жақсы, нелер ақын, не жалғыздың,
Қалды ғой ажал жетіп басы жолда.

Маякең әнге салып зарлады ғой,
Зарлауға тіл мен жағы талмады ғой.
Түтінің тұман болған қайран елім,
Бір үйден қыстау басы қалмады ғой.

Оң сөз бе, осы сөзім қарсылық па?
Әркімдер мырза болар баршылықта.
Ескі киім, дорбаңның түбі болса,
Туғанға қараса жүр таршылықта.

Көдек Маралбайұлы

АШАРШЫЛЫҚ

Көдек ақын 1888 жылы Нарынқол жағында, Шалкөде деген жерде дүниеге келген екен. 1931 жылы Қазақстанда басталған ашаршылық кезінде Іләге (Қытай) қарай ауа көшкендер арасында болады. Ел аузында көптеген өлеңдері сақталған. 1937 жылы Ақдала деген жерде қайтыс болған. Өлеңді жеткізген Қытайда тұрған қандасымыз Ілебай Матан деген азамат. Ол кісі Көдектің, одан басқа да ақындардың өлең-жырларын көп біледі, Іле өңірінің тарихына қанық жан. «Ашаршылық» атты бұл өлеңді 1993 жылы Халық Ахметбекұлынан жазып алыпты.

1932-ші жыл еді тауық,
Қазаққа ашаршылық төнді қауіп.
Барлығы бір-ақ күнде ғайып болып,
Бұрынғы байлық, барлық құрған сауық.
Байларды жер аударып, Сібірге айдап,
Бар малын күн көрерлік алды шауып.
Қуандық өлгеніміз тірілгендей,
Қаңғырып, бір уыс дән алсақ тауып.
Аштықтан талай адам шығын болды,

Әрең қойдық олардың бетін жауып.
Өлгенде ақыретке аттандырып,
Қытайға қалғанымыз келдік ауып.
Тау сағалап талай ел аман өтті,
Тұрса да бесатардан «бұршақ» жауып.
Алғашқы өткен елді қара тартып,
Әр жерден іздеп жүріп алдық тауып.
Жалшы боп, үй иесі қойын бағып,
Біреулер отынын ап, шөбін шауып.
Әйтеуір қарындары тоқ көрінді,
Әйелдер қой мен сиыр, бие сауып.
Көбейдік Жарсу, Текес, Ілеге кеп,
Ел келіп артымыздан ауық-ауық.
«Бермесең бізге жосын, айдаймыз» деп,
Тұрғын ел де олжа алды ебін тауып.

Тез өсіп мал мен басы бір мезгілде,
Асы мен Қарқараны жайлады албан,
Байларды жер аударып, Сібірге айдап,
Ел-жұрты, бала-шаға қайда қалған?
Олардың сол кеткеннен хабары жоқ,
Білмейсің тұрғын жерін қайда барған.
Қит етсе қынабынан қылыш шығып,
Тас қылып қолын артқа байлап алған.
Шықты да заңға қарсы бұзақылар,
Көресің топ-топ жанды айдап алған.
Айтсаң да, айтпасаң да айтты болып,
Шығады мойындатар айғақ алдан.
Бізге де осы пәле келеді деп,
Шулады ел қорыққандай айдаһардан.
Қорланған бай тоқалы жетілді деп,
Әйелден комиссия сайлап алған.
Келіскен комиссия деп қойғаннан соң,
Қылыштай жалт-жұлт етер қайрап алған.
Жанында шытырлаған шеруені бар,
Жақында мал сатқызып байдан алған,
Құрылып қалқоз, сапқоз деген ұйым,
Төрт түлік мал жиналды байдан алған.
Саясат күннен-күнге жіңішкеріп,
Бұл заман кесегінен майдаланған.

Кедейге батырақ деп мал таратып,
Олар жүр әзірінше пайдаланған.
Жаз болса машинаға сүт құйғызып,
Көрмейсің бір әйелді қаймақ алған.

Байдан соң орташаның орын қазды,
Анықтап, нақ кедейдің жоғын жазды.
Пролетариат-еңбекші боласың деп,
Жаз тұрмақ, қыста жердің тоңын қазды.

Саясат күннен-күнге кеңейгенде,
Белсенді ел ішінде көбейгенде.
Үлкені бастықтардың келіп жатты,
Біз көрмеген Омбы мен Семейден де.
Бірін-бірі айдатты абақтыға,
Ел бұзылып, ынтымақ кемейгенде.
Бір қырсық саясаты шалды-дағы,
Малсызбен бірге болды малды-дағы.
Тапсаң да, таппасаң да табасың деп,
Халыққа ауыр салмақ салды-дағы.
Батырақ бадырайып шыға келді,
Бай-кулак деген ат та қалды-дағы.
Тауыққа жем шашқандай шырық беріп,
Халықты кеңірдектеп алды-дағы.

Осымен келіп шықты ашаршылық,
Ел сенген саясаты нашар шығып.
«Басқа пәле, — деуші еді, — қызыл тілден»,
Төбемді ояр ма екен қашау шығып?!

Іле, Қытай Халық Республикасы, 1934 ж.

Татьяна НЕВАДОВСКАЯ

Бұл өлеңді өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстанға жер аударылған жас орыс қызы Татьяна Невадовская 1933 жылы жазған. Сол кезде Татьяна жасы он жетіде екен. Қазақстанға әкесімен келіп «Союзсахарда» лаборант болып жұмыс істеген. Қазақ даласындағы ұлы аштық қырғынын көріп, оған көкірегі

қарс айырылған, көргенін қарапайым шумақтарға түсірген жас қыздың өлең жолдары еріксіз тұла бойды шымырлатады. Қазақ даласында орын алған геноцидтің куәсі болған орыс қызының осы өлеңі қазір республикамыздың мемлекеттік мұрағатында сақтаулы. Қазақтың қасіретін көріп, жүрегі қан жылаған, қазақтың қайғысына ортақ болған Татьянаның бұл өлеңі әлі күнге дейін қазақ тіліне аударылмаған екен. Абай заманындағы Татьянанын әні қазақ даласында еркін қалықтаған болса, кеңес заманындағы Татьянаның зарлы мұңын енді естіп отырмыз…

КАЗАХСКАЯ ТРАГЕДИЯ

В природе март — пришла весна хмельная.
А все забыть — не помнить не могу…
Уж травка первая, а я припоминаю
Замерзшие фигуры на снегу.

Убожество и грязь, я их не замечаю,
Не замечаю ни заплат, ни вшей,
И беспредельно, искренне страдаю
За этих обездоленных людей.

Их косит голод… Я не голодаю,
Обута я… а тот казах босой.
Безумную старуху вспоминаю
И женщину с протянутой рукой.

Из грязных тряпок груди вынимает,
Чтоб объяснить: «Ни капли молока».
И крохотное тельце прижимает
Худая материнская рука.

Не содрогаюсь от отвращения,
Но и смотреть спокойно не могу,
Как люди, падая от истощения,
Перебирают колоски в стогу.

Под проливным дождем, под ветром, под снегами,
Стога соломы здесь в степи стоят.

Колосья прелые, изъедены мышами,
Покрыты плесенью… содержат яд.

Беспомощные детские ручонки
Находят полусгнивший колосок,
И слышится надтреснутый и тонкий,
Болезненный ребячий голосок.

Так в чем же их вина? За что такие муки?
Здесь, на своей земле, в краю родном?
Ах, эти худенькие пальчики и руки,
И девочка больная под стогом.

Под кожей ребра, и торчат лопатки…
Раздутые ребячьи животы…
Нет оправдания и нет разгадки
Причины этой жуткой нищеты.

Вот озимь поднялась. Синеют в дымке дали,
И жаворонки в небесах уже…
Нельзя, нельзя, чтоб дети голодали…
И этот труп казаха не меже.

Кто приказал? Узнать — понять хочу я,
Кто смерть и нищету послал сюда?
Где испокон веков жил народ, кочуя
С верблюдом, осликом, и пас стада.

Зачем снимать последнюю рубаху
И целый край заставить голодать?
Кому понадобилось — богу иль Аллаху
Все отобрать и ничего не дать?

Какой же деспот создал эту пытку?
Иль полоумному пришла такая блажь?
Последнюю овцу, кошму, кибитку,
Мол, заберешь и ничего не дашь.

Но все молчат, хоть знают — не умеет
Казах-пастух ни сеять, ни пахать.

Без юрты он зимой окоченеет,
Без стада и овец он будет голодать.

И не пеняй на климат, на природу,
На то, что Казахстан степной и дикий край.
Такой был урожай! — Хватило бы народу
На хлеб и на табак, на мясо и на чай!

Так нет же! — Увезли отборную пшеницу,
Огромные стога остались на полях.
У тех стогов такой кошмар твориться —
Не мог бы выдумать ни бог и ни Аллах…

Без шерсти и кошмы — казах совсем раздетый,
Без дичи и без шкур он будет не обут.
Откуда ему знать, что в Подмосковье где-то
В колхозах на полях сажают, сеют, жнут.

Я не умею с этим примириться,
Мне тяжело на это все смотреть.
На небе радостно поют, трепещут птицы,
А не земле страданья, голод, смерть.

Мерещатся мне детские ручонки
У прошлогодней и гнилой скирды,
И небо ясное и жаворонок звонкий,
Смесь зла, добра, нужды и красоты.

Март, 1933.
https://adebiportal.kz

ҚАЗАҚ ҚАСІРЕТІ

Наурыз еді,
шуақтанып Күн тұрған
Дала оянып, тіршілікке ұмтылған.
Ашаршышық қасіреті жадымда
Қазақтарым бастан кешкен түн тұман.

Қазағым аш, аш иттей боп ұлыған
Ісіп-кепкен, тым қайғылы, қиын хал.
Өліп жатыр, бұратылып аштықтан,
Күйінемін, менің тәуір күйім бар.

Аш нәресте шырылдайды ыңылдап,
Ана шіркін сәбиімен бір жылап.
Қос емшегін тоқпақтайды қолымен,
Есі шығып, «сүті жоқ» деп тұр жылап.

Бейшаралық халін көріп ананың,
Көкіректі езгілейді нала мұң.
Ашаршылық апатының құрбаны,
Аяп тұрмын мына сәби баланы.

Өлік сасып жатыр мына далаңыз,
Ашаршылық, жоқ қой саған шарамыз.
Құйған жаңбыр, суық жел мен аязда,
Жансыз дене мұз боп қатқан, қараңыз.

Шөмеле тұр айдалада жиналған,
Сабақтары шірік тартып уланған.
Бір жас сәби содан масақ іздеп жүр,
Нәзік қолмен сүртіп көзін суланған.

Көрінеді қабырғасы ырсиып,
Іші ісініп, сыртқа шыққан тырсиып.
Ұқсамайды тірі адамға сұлбасы,
Тірі аруақ, адам емес, құр сиық.

Бейшаралар түңілген бұл өмірден,
Қар астынан жем іздеді қолымен.
Жаратқан-ау, жан азабын тартардай,
Жазығы не, түсінбеймін соны мен?

Төзе алмаймын мен мынадай сұмдыққа,
Арашашы бола алмадым мұңдыққа.
Қандай жауыз ашаршылық әкелген,
Аласұрдым, көзім жетпей шындыққа.

Егін бітті ел шүкірлік етерлік,
Нан мен шай да, темекі де жетерлік.
Ауа-райын сылтау етіп сандалса,
Ондай былшыл болар нағыз есерлік.

Келді үкімет, тәркіледі астықты,
Етті зорлық, жасап елге қастықты.
Көмілусіз қанша сүйек шашылды,
Соны ойлап суарамын жастықты.

Айтшы, үкімет, бұл не қылған мазағың?!
Көз алдымда тартып жанның азабын.
Малын алып, үйсіз-күйсіз қалдырған,
Ажал құшып кырылуда қазағың.

Ен даланы жайлағандай жын-пері,
Түк қалдырмай тұл еткен кім бұл жерді?
Ашаршылық зұлматына күні ертең
Жауапкер деп тарта аламыз кімдерді?

Көшпелі ел ен даланы жайлаған,
Малын бағып, қыс соғымын сайлаған,
Дихандыққа бейім емес қазақты,
Кім ажалдың аранына айдаған?

Кім оларды сұм ажалға тап қылған,
Қырып-жойып, жаппай ажал таптырған,
Маң далада мал өсірген қазақтың
Шат көңілін, жайлы өмірін жоқ қылған?

Көкіректе көп болып тұр сауалым,
Бұл зұлматтың кім береді жауабын?
Мен сұраймын, айтыңдаршы, ағайын,
Кім тартады бұл зұлматтың зауалын?!

Аударғандар Сағат ЖҮСІП, Нұрадин ҚАНАТБАЕВ

Жақан Сыздықов

ӘЛІ ҚАРТТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

I

Ел ішінде сыр да көп,
Сыры терең жыр да көп.
Соның бірін жырлайын,
Ауыл қарты Әлінің,
Көпті көрген кәрінің,
Әңгімесін тыңдайын.
Жалтыр аяз қыс өтті,
Нелер қиын іс өтті,
Шамам келсе сырлайын.

Ауыл қарты Әлі еді,
Әңгімешіл кәрі еді,
Ағызатын тіл майын.
Болғанына бұл істің,
Үлкен қиын жұмыстан,
Сегіз жылдан аспады.

Күн артынан түн қуып,
Жыл артынан жыл қуып,
Сегіз аяқ басқаны.
Кешегі аштық болғанда,
Адам жүзі солғанда,
Кімдер асып-саспады.

Есі кетіп жаңылып,
Сапырылып сабылып,
Кімдер аяқ баспады.
Жұртқа салып ылаңын,
Ойнатып жиын боранын,
Кімге заһарын шашпады.

Талайлары арандап,
Сұрқия аштық жалаңдап,
Кімге аранын ашпады.

Осылай деп Әлі қарт,
Әңгімешіл кәрі қарт,
Бір серпіліп тастады.
Біресе қызып толғанып,
Біресе бұзып мұңданып,
Әңгімені бастады.

II

Күндер мынау өткені,
Жеті-ақ жыл ғой өткелі,
Аштық дәмін таттық қой.
Қолдағы үйір жылқының,
Құрып қалғыр тұқымын,

Тілім нанға саттық қой.
Әл дегенің кем болды,
Итке, құсқа жем болды,
Сары далада жаттық қой.
Қолды созып бергенде,
Тілім нанды көргенде,
Отты көзбен аттық қой.

Көздің жасы көл болып,
Соғылысып сең болып,
Айдалада қаңғырды.
Талықсып жүрек үзілді,
Бір жапырақ қызылды,
Неше күндей нәр қылды.

Буын босап әл кетіп,
Әлмен бірге жан кетіп,
Еңіредік зар қылды.
Күндер зулай өтті ғой,
Өтті бәрі кетті ғой,

Сонда есімде қалыпты.
Өліп жатып қыбырлап,
Жан береді жыбырлап,
Біреулері талыпты.

Кейбіреуі мұңайып,
Аш жүрегі қарайып,
Біреуі естен таныпты.
Бірі құлап бұралып,
Бірі боздап жыланып,
Біреуі өліп қалыпты.

Жұрттың бәрі қаңғырып,
Қан сасытып мал қырып,
Күйзелді де тарықты.
Құрбан қылды бұл аштық,
Жалаңдаған сұм аштық,
Нелер қыршын алыпты.

Күңіреніп сары бел,
Ұмытпайды біздің ел,
Аштық жылы мешінде.
Мешін салып қармағын,
Жалап-жұтып жан-жағын,
Талай өмір кесілді.

Арқадағы бауырға,
Мешін жылы ауылға,
Ойнатты талай кесірді.
Мұны да енді тастайын,
Енді әңгіме бастайын,
Ашаршылық салдарын.

Жалғыз ғана жан үшін,
Бір тілімдей нан үшін,
Шұбыртты талай жандарын.
Әйел-еркек бәрі де,
Бала-шаға кәрі де,
Арқаның талай шалдарын.

Түйір бидай, тілім нан,
Келгендей-ақ Қырымнан,
Бір әйелге құн болды.
Бала айырылып атадан,
Қыз айырылып анадан,
Таңқаларлық күн болды.

Аштықтан бел иіліп,
Аш қолқасы қиылып,
Қарға адым жер мұң болды.
Шортан салып қарағай,
Алды-артына қарамай,
Аштық бейне жын болды.

Аштыққа толып анбары,
Аман шығып жандары,
Бай тапқаны бұл болды.
Үйде отырып еріккен,
Ермегі жоқ желіккен,
Талайына сын болды.
Әуе айналып түскендей,
Жердің үсті көшкендей,
Мешін сондай жыл болды.

III

Талай қоныс ауысты,
Ішіп жемін тауысты,
Аз ғана хорек қарасын.
Талайы елдің безді ғой,
Аң секілді кезді ғой,
Қалың орман арасын.
Мешін жыры ауыр жыр,
Мешін жылы ауыр жыл,
Өзің естен танасың.

Құлниязда Сағымбай,
Жейтін қорек таба алмай,
Ертіп шықты баласын.

Баласы Әділ екіде,
Толған сонда екіге,
Жұдырықтай қарасын.

Баланың аты — Әділ ед,
Шешенің аты — Жаңыл ед,
Сағымбай бастап келеді.
Жүректері үзіліп,
Аш көздері сүзіліп,
Ақырын ілбіп жүреді.
Аш көзінің тынары,
Ойлағаны құмары,
Тамақ табар жер еді
Есі танып, ойды алып,
Әлі кетіп бойды алып,
Аштық ажал бойды алып.

Жайды жұлып тұлымын,
Бетінен сүйіп құлынын,
Көтерді Жаңыл баланы.
Меңіреу жазық сардала,
Сардала аштық айнала,
Асты қайдан табады.

Екі көзін жас тіліп,
Екі аяғын тас тіліп,
Болдырады табаны.
Дөңес-дөңес сары бел,
Ішін тартып дүлей жел,
Бетке аямай соғады.

Сасып, құрттап шіріген,
Жидіп, борсып іріген,
Өлімтік болды тамағы.
Безіп туған бауырдан,
Тамақ үшін ауылдан,
Сағымбай кезді даланы.

IV

Жазық дала тұп-тұйық,
Тұйық сыры тұңғиық,
Сырын білер жан да жоқ.
Көшті-қонды елде жоқ,
Нулы шалқар көлде жоқ,
Қымырлаған елде жоқ.
Ылди да жоқ, қыр да жоқ,
Қою орман шың да жоқ,
Өрмелей біткен жалда жоқ.

Бетті осып тіледі,
Мазақ қылып күледі,
Жынды желде ар да жоқ.
Жазылып жатқан сардала,
Аштық өмір қан дала,
Пана қылар жарда жоқ.

Ық үкісі шайқалған,
Жапырағы жайқалған,

Ағаш та жоқ, тал да жоқ.
Әлде сыбыры берік пе?
Әлде қанға жерік пе?
Шөптің басы тербелет.
Екі сорлы аяңдап,

Шаршағандай аялдап,
Әлі бітіп сенделед.
Жалғыз-ақ бүркіт аспанда,
Қалықтап ұшып аспанға,
Шырқайды ұзап дөңгелеп.

Өлімтік көзін ойған ба?
Әлде қанға тойған ба?
Бүркіттің сырын кім білер.
Алғыр бүркіт қомданып,
Сегіз тұяқ сомданып,
Ызаланып долданып.

Шалықтап ұшып барады,
Суылдайды құдиып,
Жұлдыздай боп ағады.
Әлде көзді ояды,
Әлде қанға тояды,
Біреуді әлде жарады.
Зулап өтті қасынан,

Зуылдап өтті басынан,
Бүркітті көзі шалады.
Жүруге енді әлі жоқ,
Тартты ішіне қаны жоқ,
Сағымбай талып барады.
Жанды қолдан бергендей,
Осы бір аштық жеңгендей,
Бұлдырап көздің жанары.
Жолдасым деп егіліп,
Қабырғасы сөгіліп,
Жаңылдың жасы тамады.

Жақын қалған асуға,
Ілгері аяқ басуға,
Қуат жоқ әлі келмеді.
Алтын бесік ауылым,
Құрбы-құрдас бауырым,
Қош бол, қайран елім, деп.
Бір көгерді, бір жанды,
Бір сөйледі, бір танды,

Ербеңдеп қолды сермеді.
Біресе сүйіп Жаңылын,
Біресе төсеп бауырын,
Бұралтып аштық меңдеді.

Әділім менің, құлыным,
Құлыншағым жұлыным,
Аман бол енді сен деді.
Жамылыш жоқ, кебін жоқ,
Ит пен құстың жемі боп,
Өлдім енді мен деді.

Енді жесір қала ма?
Мидай жазық далада,
Жаңыл еңіреп жылады.
Біресе жанып зырлады,
Біресе басын сүйеді,
Басқа дәрмен қалмады.

Қалғаның ба, далада,
Кім қолғанат балаға,
Жолдасым деп сарнады.
Бір мезгілде Сағымбай,
Басқа лажы табылмай,
Жаңылға төніп қарады.

Өзгеріліп қарауы,
Қусырылып танауы,
Көтеріп басын алады.
Көгеріп дене бұзылып,
Кезеріп ерін сүзіліп,
Есеңгіреп қалады.

Жан таласқан ашуға,
Аштық зарын басуға,
Өзінше амал табады.
Қимаса да амал жоқ,
Сонан басқа табар жоқ,
Жемек болды баланы.

V

Аштық ажал кебін ғой,
Аштық ессіз жебір ғой,
Шыдатпады сабырға.
Буынды алып дірілдеп,
Әлде нені күбірлеп,

У жайылды тамырға.
Аударылып баста ми,
Туғандай-ақ басқа күй,

Айналды заман тарында.
Көңілі жеуге кеткенін,
Сондай халге жеткенін,
Сағымбай айтты Жаңылға.

Таршылықты бір көрген,
Шалғай қара күн көрген,
Шын жолдасым сен едің.
Жастан ойнап күліскен,
Сырды түйіп біліскен,
Сағымбайың мен едім.
Тірі жүрсек екеуіміз,
Ойға алғанға жетерміз,
Кем болмаспыз деп едім.

Ауыр күнге жеттік біз,
Қармағына іліктік
Аштық ажал кеменің.
Қимасақ та заман жоқ,
Қимайтұғын амал жоқ,
Әділді енді жер едім.
Әл кеткенше қарманып,
Айдалада сандалып,
Тарылтты аштық үнімді.
Мұндай күйге түсірді.
Көзден пыр-пыр ұшырды,
Тамағы тоқ күнімді.

Тұла-бойдан сұрды алып,
Сұрмен бірге қырды алып,
Кетірді мынау сынымды.
Аяқ пен қол ісінді,
У ішкендей қысылып,
Әкетті аштық буынды.

Жаңылым менің жолдасым,
Таршылықта сырласым,
Көресің қалай мұнымды.

VI

Зорланғандай гуілдеп,
Ішін тартып уілдеп,
Далада жел еседі.

Құлаққа тиген суық сөз,
Шын сұмдыққа жуық сөз,
Жүректі тіліп теседі
Сықылықтап жел күліп,
Жел мен сары бел күліп,
«Жейді» болды өсегі.

Аспанда күн шалықтап,
Күннің көзі қанталап,
Ақырын жылжып көшеді.
Өмір ұзақ қиыр ғой,
Өмір жолы қиын ғой,
Өмір бастан кешеді.

Аяз қаққан жалтыр мұз,
Мұздай беті жалтыр сыз,
Өмірдің ауыр төсегі.
Түпсіз шыңырау тар өмір,
Мұңды, қайғы зар өмір,
Сол төсегін төседі.

Жасы толып көзіне,
Сағымбайдың сөзіне,
Жаңыл талып түседі.
Айырылып енді күшінен,
Жаңыл танды есінен,
Қабырғасы сөгілді.

Ішін тартып толғана,
Мұңды болған сорлы ана,
Көзден жасы егілді.
Біресе талып құлады,
Біресе бітіп құлағы,
Сай сүйегін кемірді.

Біресе қимай құлынын,
Жайып тастап тұлымын,
Біресе жерді тебінді.
Айтпаған сөз қалмады,
Біресе күйіп қарғады,
Ашаршылық өмірді.

Ішін өртеп барады,
Біресе естен танады.
Біресе жерге ұрды бас,
Қиналды жан ыстық жас,
Атты көзден төгілді.

Құлағы кереӊ ұқпаған,
Осындайда шықпаған,
Шіркін жан да себіл-ді.
Сағымбайда қосыла,
Бетін тіліп жосыла,
Екеуі бірдей зарлады.
Тасқолқасы қиылып,

Түйдек-түйдек түйіліп,
Көзден жасы парлады.
Мұңды болған сорлы ана,
Бүйірін басып толғана,
Еңірене боздап сарнады.

VII

Тар құрсағым кеңіткен,
Тас емшегім жібіткен,
Әділтай, ботам, құлыным,
Бақалшағым майысқан,
Омыртқа, белім қайысқан,

Өкпе-бауыр, жұлыным.
Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Басқа біткен тұлымым.

Аяладым тербетіп,
Жігіт болып ер жетіп,

Өскеніңді көрмедім.
Жүрегіме от болып,
Жана түсіп шоқ болып,
Шамдай болып сөнгенің.
Сен дегенде қуанып,
Аштық аран жеңгенше,

Сені қолдан жегенше,
Артық еді өлгенім.
Қарашығым, ермегім,
Қолғанатым, еңбегім,
Күнім, айым, жарығым.
Алдымдағы шынарым,
Бауырымдағы құмарым,
Бойымдағы қаруым.

Емшек енді су алды,
Зар жақ енді қуарды,
Құлыншағым, Әділім.
Тұншықтырып қан басып,
Еңіреумен зар басып,
Үзілді ме жүрегім.

Желкілдеген зар ботам,
Ойнақтаған бал ботам,
Кеткенің бе тірегім.
Жалғызым менің, жан саям,
Ата-анаңа бал саям,
Болмады ма, тілегім.
Кемсеңдетіп иекті,
Шырқыратып сүйекті,
Сынғаныма білегім.
Зарлады солай сол ана,
Зарлады солай толғана,
Әділге бірақ тимеді.

Көкірегі шер болып,
Көздің жасы көл болып,
Тие алмады қимады.
Біресе талып Сағымбай,
Жейтін тамақ табылмай,
Жаңылды бұ да қинады.

Өкпе ауызға тығылып,
Есі кетіп жығылып,
Үйірілді иманы.
Оны еститін дала жоқ,
Сарнағанмен шара жоқ,
Жаңыл есін жыяды.

Дара мылқау үні жоқ,
Үндер еді тілі жоқ,
Не қылсын ол зарыңды.
Бұлдыр сағым бұлдырап,
Буалдырлап, тұнжырап,
Долданды жел қағынды.

Жердің бетін тербеді,
Долы желдің ермегі,
Екеуі болып табылды.
Сарнаған соң майысып,
Бақалшағы қайысып,
Сағымбай сүйді Жаңылды.

VIII

Қарағым, Жаңыл, жылама!
Жылағанмен бола ма!
Көтер жерден басыңды.
Бұл болмайтын ауыр күй,
Шын пәлекет жауыз күй,
Төкпе, Жаңыл, жасыңды.

Ішім күйіп жанады,
Айналдырып барады,
Зырқырап миым басымды.
Күн күркіреп жалтылдап,
Нажағайы жалтылдап,
Түсіргендей жасынды.

Жапан түзде өлеміз,
Жанды қолдан береміз,
Таппасақ біз тәсілді.
Баланы жеп тояйық,
Аштық уын жояйық,
Жарты етін қақтап алармыз.

Көп ойланбай мұңайып,
Етке тойып тыңайып,
Тоқшылық елге барармыз.
Болмаса кесір бағыма,
Аман болсақ тағы да,
Ұл да, қыз да табармыз.

Жұмбақ болып жер жұтып,
Бір күндей болмай ұмытып,
Мұнидағы қалармыз.
Таршылық қысып жанымды,
Дел-сал қылып тәнімді,
Құрып тұр менің амалым.

Жұлын тұтам сурылып,
Ішім менің құрылып,
Қуаң тартты ажарым.
Сұрқия, жалған өмірдің,
Өмір емес жебірдің,
Екеуіміз тарттық азабын.

Түнеріп бізге әрекет,
Аштық қара пәлекет,
Үйретті бізге сабағын.
Аштық нәлет тас жүрек,
Қарабасқыр қас жүрек,
Түйді бізге қабағын.
Долдана келген лепіре,

Түйіле келген бетіне,
Не айланы табамын.

Мынау салқын долы жел,
Анау жазық сары бел,
Кімге мұңды шағамын.
Сардалада пейіл жоқ,
Салқын желде мейір жоқ,
Енді қайда барамын.

Бұлдырап сағым өттің бе!
Дәуренім менің кеттің бе!
Қайран дүние, заманым.

IX

Баланы жеу ауыр ғой,
Бала — жүрек, бауыр ғой,
Бала — ананың тынысы.
Бала — ананың қолқасы,
Қолқаның жан ортасы,
Бала — атаның ырысы.

Бала — бөбек, бал бөбек,
Бал бөбегі — жан бөбек,
Бала — жүрек жемісі.
Уыз бетті тас түлек,
Шырқыраған жас түлек,
Бала ананың өрісі.

Бала бауыр, бал бауыр,
Баласыз ана зар бауыр,
Бала ананың қанаты.
Тас емшегі иетін,
Мейірлене сүйетін,
Құлыншағы серкесі.
Бала-алма, бал-алма,
Бал тамшылар, қан алма,
Желкілдеген құрағы.

Баласыз ана — зар ана,
Балалы ана — бал ана,
Мейір қанар бұлағы.
Сол баланы қия алмай,
Солқылдап жасын тия алмай,
Тағы да Жаңыл құлады.

X

Құлағанмен не шара,
Талды тағы аз ғана,
Ойланды біраз не дейін.
Ойға түсті ойланды,
Күрсінді Жаңыл толғанды,
Қайырын енді күтейін.

Жар жолдасым жесең же,
Жегізгенше көзімше,
Алыстап арман өтейін.
Боздағанмен қарғанып,
Еңірегенмен зарланып,
Аштан қалай өледі.

Сүйіп-сүйіп алады,
Алдына қойып баланы,
Жеуге енді береді.
Біресе жүрек қабынып,
Біресе толқып жаңылып,
Біресе қайтып келеді.

Жемейін деп біресе,
Көрмеймін деп біресе,
Арман қарай жүреді.
Тұла бойы жыбырлап,
Төбе шашы шымырлап,
Жүрегін бала тіледі.

Мейірсіз аштық батылы,
Аударылып ақылы,
Біресе Жаңыл сасады.

Тағы келіп баланы,
Сүйіп-сүйіп алады,
Бауырына басады.

Жынданғандай күбірлеп,
Сұп-сұр болып дірілдеп,
Біресе өңі қашады.
«Құлыным» деп Әділін,
Санай басып адымын,
Асудан Жаңыл асады.
Асудан арман өтерде,
Ойға түсіп кетеді,

Әлсін-әлсін қарады.
Ащы қайғы ойды алып,
Ауыр қапа бойды алып,
Зарды шырқап салады.
Біресе тұрып жығылып,
Тізесін бүгіп сүрініп,
Буынды алып балады.

Біресе басып ілгері,
Біресе кейін жүреді,
Біресе артқа қарады.
Бір шақырымдай кеткенде,
Асудан төмен өткенде,
Жоқтады Жаңыл баланы.

Тас емшегім құрысын,
Тастай болып суалған,
Жүрегім менің құрысын,
Сен туғанда қуанған.
Көңілім менің құрысын,
Әділім деп уанған,
Жағым менің құрысын,
Түгі шығып қуарған.
Көзім менің құрысын,
Сені көріп нұр жанған,
Ендігі күнім құрысын,
Әуре қылған сұм жалған.

XI

Көкірек жарған мұң менен,
Зарлы дауыс үн менен,
Талықсып Жаңыл келеді.

Дауыс қылмай тұрар ма,
Дәті оның шыдар ма,
Айырылған соң бөбегі.
Кейде толқып кетеді,
Күңіренгенде етегі,
Толғандай жас төгеді.
Буылып оның алқымы,
Әділ жаны алтыны.
Қабырғасын сөгеді.

Нешелер аштық болғанмен
Аштық жары солғанмен.
Мұндай болар демеді.
Бір мезгіл де қараса,
Аң-таң болып тамаша
Қарайған нәрсе көреді.
Қос көрініп келе ме,
Қарайған әл де төбе ме?
Әлде жалғыз оба ма?
Әлде жолдың соңы ма,
Әлде құстың шоры ма?
Иә, болмаса мола ма?
Көшіп кеткен сабыла,
Жалғыз қалған адыра,
Не болмаса қора ма?
Әлде қандай биікпе,
Не өртенген күйікпе?
Әлде неме бола ма?
Адам ба екен, аң ба екен,
Аң боп тұрған шаң ба екен?
Әлде бір түп қоға ма?

Анандайдан көрінді,
Жаңыл көңілі бөлінді,

«Немене» деп қарады,
Не болса да көрейін,
Жетіп барып өлейін,
Деп көңіліне алады,
Тезірек басып барады,
Не қылғанмен қараны,
Көңілге медеу санайды,
Қарайғанға жетуге,
Болмаса біліп кетуге.
Аяғын жылдам басады.
Ентелей басып ілгері,
Алқына келіп жүреді.
Арман қарай асады.

Жас төгіліп қойынға,
Әлде не деп ойында,
Біресе көңіл тасады.
Бір мезгілде сыланып,
Өңі кетіп қуарып,
Біресе түсі қашады.
Біресе ойлап баласын
Көздің ақ пен қарасын.
Біресе Жаңыл сасады.

XII

Міне, қызық, тамаша,
Жақын келіп қараса,
Көреді үлкен бүркітті.
Қонып отыр арбиып,
Саусағы оның тарбиып,
Бүркітті қолмен үркітті.
Ұшты бүркіт зуылдап,
Бел қанаты суылдап,
Аспанға өрлеп барады.
Қанатты жайды беріле,
Бүркіттің ұшқан жеріне
Жаңыл келіп қарады.
Бүркіт қыран ақиық,
Ақ иық ілген далиып,
Ойнақшыл киік дала аңын.
Киікті Жаңыл көргенде,
«Немене?» деп төнгенде,
Еске түсті манағы,
Не қыларын біле алмай,
Не жылап, не күле аламай,
Жаңыл аң-таң қалады.

Әл кірді бойға қуанды,
Сұм жүрегі жұбанды,
Табылған соң тамағы.
Көргеннен соң киікті,
Әзер есін жиыпты,
Ашылғандай қабағы.
Бір мезгілде ойланад,
Ой, түсіп толғанат,
Жедіме деп баланы.
Арқаның аңы ор киік,
Бөрте ешкідей зор киік,
Олжа болып табылды.
Тегін олжа даяр ас,
Біресе қайғы аралас,
Жаңыл ойға салынды.
Жеп қойды ма Әділді,
Жеген шығар жанымды,
Деп жүрегі қабынды.
Түрлі қиял дерт болып,
Дерт емес-ау өрт болып,
Сандалтты енді Жаңылды.
Жаңыл енді ойлады,
Ойлап қана қоймады,
Көңілі ойға жүгірді,
Бір мезгіл ойға салады,
Біресе жүрек жанады,
Біресе көңіл суынды.

Киіктің төніп үстіне,
Аналық мейір түскенде,
Жүрегі күйіп тілінді.
Әлде неме тигендей,

Зар-зардабы сүйгендей,
Сақылдап жағын суырды.
Көп тұрмайын деді де,
Баланы әлде жеді ме,
Алып ұшты жеді ме,
Бала етіне тоймаса,
Сағымбай жеп қоймаса,
Ендігі Жаңыл тілегі.
Қысып аштық тамағы,
Шырылдатып баланы,
Жеді ме кім біледі.
Әлде нені білем деп,
Әлде неге елеңдеп,
Құлағын жерге тігеді.
Не болса да байқайын,
Сағымбайға айтайын,
Деді де кейін жүреді.
Жерге тимей аяғы,
Жүріске салып баяғы,
Жаңыл кейін жүгірді,
Баяғы жүріс жүріс пе,
Баяғы тыныс тыныс па,
Етек-жеңін түрінді.

Екпінді жүріс желінен,
Екпіндеткен лебінен,
Бір тұрып бір жығылды.
Жүген жолын жаңылып,
Жүрегі күйіп қабынып,
Өкпе ауызға тығылды.

Жүгіре басып келеді,
Бір мезгілде көреді,
Сағымбайдың қарасын.
Көрінді қара жылт етіп,
Ойға түсті кілт етіп,
Не болды деп баласын.
Құлашты керіп ғарышап,
Бұлғады қолды дауыстап,
Жаңғыртты жапан даласын.
Отыр еді Сағымбай,
Басқа лажы табылмай,
Баланы салып алдына,
Естіген соң дауысты,
Зәре үстіне зәре ұшты,
Бірдеме болып қалды ма?
Сағымбай тағы ойлады,
Ойлағаны тойғаны,
Бірдеме тауып алды ма?
Асудан арман ел көріп,
Елді емес-ау, көл көріп,
Әлде соған барды ма?

Неге мұнша жүгіред,
Не елеңдеп еліред,
Әлде естен танды ма?

XIII

Дауыстан дауыс асыра,
Келіп қалды қасына,
Отыра кетті жанына,
Бір тамаша көрдім мен,
Соны айтқалы келдім мен.
Әділ жанның бағына.
Арып-шаршап болдырып,
Аштықтан енді жеңдіріп,
Өз-өзіңнен налыма…

Екі иықтан деп алып,
Неге мұнша қуанып,
Нені көрдің Жаңылжан?
Аштық алған бойымды,
Жаңылдырған ойымды,
Менің жаным жарым-жан.
Неге ашылды қабағың,
Нені көрдің қарағым,
Алдымызда ел ме екен.
Мөлдіреген суы бар,
Жан сүйінтер буы бар.

Балығы мол көл ме екен.
Сылдыраған бұлағы,
Жайқалып тұрған құрағы,
Құлпырған бұл… жер ме
екен?

Сағымбай-ау, бір емес,
Бұл бір қызық жыр кеңес,
Жыр емей енді неме?
Шын еңбектің жанғаны,
Әділдің аман қалғаны,
Бақ мұндай боп келе ме?
Қанғандай боп бұлақтан,
Әліңді жи қуаттан,
Енді аштықты елеме.
Арман қарай өтейік,
Күшті жиіп жетейік,
Анау тұрған төбеге.

Әлді жиіп берілмей,
Төбеге шығып ерінбей,
Көтерейік иықты.
Төбе шықсаң көресің,
Жаралаған денесін,
Теңкиіп жатқан киікті.
Мана екеуміз сасқанда,
Шырқырап жүрген аспанда,
Бүркіт барып іліпті.
Даланың еркін еркесін,
Нақ тұсынан желкесін,
Қансыратып қиыпты.
Шыға келсем төбеге,
Қалған ба деп «немене»
Дедім дағы бардым ғой,
Не өледі сені деп,
Не Әділді жеді деп,
Мен дағы естен тандым ғой.
Өзімді-өзім тия алмай,
Әділді, сені қия алмай.
Зарды шырқап салдым ғой.

Салып жетіп барғанда,
Сарнап айқай салғанда,
Бүркіт ұшты аспанға,
Қалмайды екен… ес,
Болмайды екен… ес
Адам шындап сасқанда.
Іштен зарды қозғадым,
Құлыным деп боздадым,
Дірілдеп буын басқанда.

Барсам жатыр сол киік,
Етбетінен теңкиіп,
Соған енді барайық.
Арман қарай кетуге,
Тоқшылық елге жетуге,
Азық қылып алайық.
Әділ де аман, сен де аман,
Сорлы болған мен де аман,
Елді барып табайық.
Ас десе ес қала ма,
Бір қарады балаға,
Қуанып сүйді оң бетін,
Құлыншағым Әділ деп,
Арыстаным жаным деп,
Бір есе сүйді сол бетін.
Масаттанып гуілдей,
Гу-гу етіп уілдей,
Желде сүйді жер бетін.
Киік еті дегенде,
Қан жүгіріп денеге,
Өзгертті шырай келбетін.
Аман қалған бала олжа,
Тірі қалған жан олжа,
Табылған киік және олжа.
Олжаға батып қуанды,
Екі сорлы жұбанды,
Қуанғаны бәр олжа.
Енді олжаға кенелді,
Екеуіне не керек,
Мұнан басқа тағы олжа.

Сағымбай айтты Жаңылға,
Енді дереу шағында,
Жетейік барып киікке.

Ас деген соң әл кірді,
Шырай бітіп, жан кірді,
Шығайық енді биікке.
Енді ойланып қамығып,
Шаршамайық жабығып,
Салынбайық күйікке.
Буыны енді бекіді,
Толғандай кем-кетігі,
Екеуі де қуанды.

Ілбіп басып адымын,
Жаңыл сүйіп Әділін,
Бауырға басып жұбанды,
Балада көріп анасын,
Аймалап еміп мамасын,
Жас жүрегі жұбанды.
Кіиікке барып жетуге,
Жүрекке нәр етуге,
Сағымбай да тырбанды.
Қуаныш көңіл сенеді,
Екеуі жүріп келеді,
Құтылдық деп ажалдан.
Бетіне жар рең кірді,
Рең емес-ау өң кірді,
Қу жағына сазарған,
Ажалдан қалған сорлы ана,
Зар иелген шерлі ана,
Көтеріп келед баланы.
Талайды солай шұбыртты,
Аластырды қыдыртты,
Мешіннің ауыр лаңы.
Әуреледі дал қылды,
Мазақтады даң қылды,
Аштықтың жын араны.

Жаннан күдер үзді ғой,
Сағымбай, Жаңыл кезді ғой,
Кедір-бұдыр даланы.
Бір асуға барғанда,
Жақындап келіп қалғанда,
Көрсетті Жаңыл қараны.
Едәуірдей жер екен,
«Әне» деуі-ақ мұң екен,
Киікке келіп қалады.
Қаужаңдады қарманып,
Тамаша деп тамсанып,
Олай-бұлай қарады.
Жемей жатып киікті,
Шығарды іштен күйікті,
Уайымы енді тарады.
Жұлып алып қоң етін,
Бұлтылдаған жон етін,
Ауызға салып қалады.
Әбден тойып етіне,
Қан тарады бетіне,
Біразын жолға алады.
Әл келгенше аялдап,
Арада үш күн жаяулап,
Тоқшылық елге барады.
Табан ақы күшімен,
Еңбектеніп ісімен,
Күншілік тамақ табады.

Қомағай аштық жынынан,
Талай өткел жымынан,
Сөйтіп аман қалады.
Бір жыл тұрды сол елде,
Еті-наны мол елде,
Күн-түн кәсіп етеді.
Бір тойынып қалады,
Бір күн тапқан тамағы,
Екеуіне жетеді.
Мешін жылы кеткен соң,
Аштық күні өткен соң,
Елге қайтты екеуі.

Елге келіп кірісті,
Бұрқылдатып жұмысты,
Еңбегі болды өнімді.
Үкімет ашқа бұйырған,
Қарыз алып ұйымнан,
Сағымбай салды егінді.
Басқаға енді жалынбай,
Ер жүректі Сағынбай,
Тепсе үзеді темірді.
Жігерленіп ісіне,
Өзінің сеніп күшіне,
«Алдым ба?» деді кегімді.
Қазынаның қорымен,
Советтің шын жолымен
Оқуға кірді баласы.
Айта берсең толған іс,
Осының бәрі болған іс.
Сегіз ақ жыл арасы.
Табылды деген есебі,
Байдың мылжың өсегі,
Текке қалды табасы.
Сағымбай нені көрмеді,
Үдей салып еңбегі,
Он беске толды қарасы.
Әділді былтыр көргенде,
Оқудан қайтып келгенде,
Танымай қалды түрінен.
Ширатылып нақыл қып,
Айтқанында ақыл қып,
Бал тамады тілінен.
Қызғалдақтай гүлденіп,
Пүліштей боп түрленіп,
Жастар енді өседі.
Жастың бойы есейіп,
Жұртшылығы күшейіп,
Елдің мұңын шешеді.
Октәбір он жыл тойына,
Ойлағандай ойына,
Осы әңгіме түседі.
Өйткені биыл Әділдің,
Октәбірмен шамалас,
Он жасқа толған мүшелі.

Қолында еңбек ойнады,
Төгілді қолдан оймағы,
Жаңыл да болды түтінді.
Бүгін жыртып салса да,
Шөпті қамдап алса да,
Жұрттан бұрын күтінді.
Шаруасы теңеліп,
Көсегесі көгеріп,
Не пәледен құтылды.
Осылай деп әлгі қарт,
Көпті көрген кәрі қарт,
Әңгімесін бітірді.

19.01.1933 ж.

Сыздықов Ж. «Әлі қарттың әңгімесі» // Кітапта: Қамзабекұлы Д. Омбының Алаш дәптері: Өлең-жырлар. — Алматы: Жазушы, 2013. — 77-107

Мүбәрак ЖАМАНБАЛИНОВ

НӘУБЕТ КУӘСІ

Ашаршылық жылдардың құрбаны болған жүзден астам адамның мүрдесімен лық толтырылған Деревянко құдығының басында келген ой

Тарихтағы ашылмай ақ-қарамыз,
Арыстардың талайын даттағамыз.
Білу үшін шындықты енді бүгін,
Жер-Ананың архивін ақтарамыз.

Тосын азап, көңілде тосын үміт,
Бабаларым жаяулап, босын жүріп,
Ай далада жер құшып құлағанда,
Құшағына да алыпты осы құдық.

Көзі көрмес соқырға күн де түндей,
Ақиқатты жүдетпеу міндетіндей,
Қара жердің қойыны — архив болса,
Мына құдық архивтің бір бетіндей.

Нәр таба алмай кең байтақ төңіректен,
Күпісі мен тымағын кебін еткен,
Жатыр мұнда ұлыстың ұл-қыздары,
Әлде кімде алынбай кегі кеткен.

Жоғарының иланып сөздеріне,
«Аша тұяқ қалдырмай» өздерінде.
«Колхоз» атты жаңаша тұрмыс құрсаң,
Өзіңнің де бақытың, өзгенің де…

Зұлымдықтың аты онда жүріп тұрды,
Біріккеннің бәрін де құрық ілді.
Жүз адамның мүрдесін ақыр, міне,
Бір құдықтың ішінде біріктірді.

Әулиені қалдырмай сыйынбаған,
Босып жүріп көз жасы тыйылмаған.

Жатыр мұнда аяулы бабаларым,
Ақирет те, дұға да бұйырмаған.

«Жетілдік» деп, «жеттік» деп тасып едік,
Әділетті белінен басып едік.
Енді соның құрбаны болғандардың,
Алдына кел, ағайын, бас иелік.

Бас иейік жас алып көзімізге,
Бабалардың өсиет сөзі бізге.
Бір ескерткіш қоймасақ күнә болар,
Тәуелсіздік алған мәрт кезімізде…

Есенғали Раушанов
1932 жыл. ҚАЗАҚСТАН

«Ел қырылған» деседі мына дөңде,
Не деймін мен осынау түл әлемге?
Кәрі аспан…
Кәдімгі дөң…
Қараша айы…
Түк те жоқ көз тоқтайтын бұдан өңге.
Өлең шөп барқын қара мақпал сынды,
Мақпалды сусыма құм жапқан сынды, —
Құм басып өлген қыздың қолаң шашы
Бұрқырап сыртқа шығып жатқан сынды,
Өлең шөп, өлең шөп — Қазақстан…

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

ТАМАКӨШКЕН
(Жоғалған кітаптың жалғыз беті)
(поэма)

… Жағы түкті жылқы айуан,
Иесін қайда жаяу салмаған.
Жалп-жалп еткен жапалақ
Жазыда кімге жолдас болмаған.
Сары шыпшықтай шырлатып
Ғазырейіл кімдерге құрық салмаған,
Сақалына сары шіркей ұялап,
Миығына қара шыбын балалап,
Жазыда мал іздеген қазақтың
Басы қайда қалмаған.

Шалкиіз

…1928 жылы қыркүйектің үшінші жұлдызында Арқа жерінде ұйымдастырылған Сарысу ауданының орталығы Ақкеңсе деп аталады. Бұрынғы бес болыс Тама, екі болыс Тарақты он бес ауыл осы жаңа ауданның құрамына енді. Сталиннің «Кіші Қазан» төңкерісі, байларды кәмпескелеу, «Қара ноғай» оқиғасы, Созақ көтерілісі бір-біріне жалғасқан елдің үрейін алар оқиғалар болды (..).

Арып ашқан ел 1932 жылы қарашаның 24 жұлдызында Әулиеатаны бетке алып босты. Аштықтан, жұттан қырылған елдің Шабақты өзенінің бойына, Байқадамға жеткені 500-дей түтін ғана. Ал Сарысу өзені бойынан кеткен ел екі жарым мыңнан аса шаңырақ болатын.

(дерек көздерінен)

Дүниеде алай-түлей,
астан-кестең,
Бұл қазақ сан тағдырды бастан кешкен.
Баяны жоқ ғұмырда байыз таппай
астаң-кестең тірліктен қашқан, көшкен…

Көлдері болса дағы шалқар, нұрлы,
Бұл қазақ бастан кешкен сан тағдырды.
Бар иті замандардың шәуілдеген —
Тарихы біздің елдің, қалқам, мұңлы.

Бабалар батыр еді, өр, текті еді,
Кәдімгі Ертөстіктей ертектегі.
Қолыма қалам алдым енді бүгін
Өлеңнің өрнегімен зер төккелі.

Айтқалы бүтін сөзін ендігінің,
Қолыма қалам алдым енді бүгін.
Азаптың аңызағы аңыратты
Қазақтың желді күнін, шерлі күнін.

Шалқытар шалқарыңды шабыт та ағын,
Үстімен туған жердің қалықтадым.
Қауызына сыймай өскен жанның гүлі —
аузыма сөз сала гөр, жарық таңым!

Аян ғой бұл фәнидің мәңгі емесі,
Жүзсе де айдынында ар кемесі.
Қуырар табаға сап рухыңды
Жиырмасыншы ғасырдың қанды елесі.

Ол жайлы Сарыарқаның белі айтады,
желі айтады,
жаныңды жеп айтады.
Бүгінге аман жеткен ері айтады —
Жазира Жаңаарқаның елі айтады.

Түскенде талапайға тағдырлары,
Ағалар арман айтқан алдымдағы.
… Жусанның жанарынан жас көргенмін
Қараған тамырында қанның дағы.

Таппадым көш жолынан көңіл емін,
Не деген түкке тұрмас өмір едің?…
…Бетпақтың бедеу белі бедірейсе
Елсізде екіндіде еңіредім.

Алланың добы екен ғой,
басың,
Адам,
көзіңнің кеппей қалса — жасы жаман.

Тағдырың талапайға түскен сонда
Тәспихтың тасындай боп шашыраған.

Тұлпарын үлгерместен таңасырып,
Ақ таңда алабұртып, аласұрып.
Бетке алып Қаратауды тартқан дейді —
Арқадан ауа көшкен, нағашы жұрт.

Ерлері асып талай туды Алаштан,
Тағдырдың тайғақ жолы қуған, асқан.
Арқадан ауа көшкен қалың Тама
Бетке алып Қаратауды Шудан асқан.

Ер едің, сан айқаста жолың болған,
Жасалды бетпақ жонда қорым қолдан.
Таманың басып кеткен ізін көрдім —
Уфадан,
Қазан,
Орал,
Орынбордан.

Еріксіз келген кезде көш реті,
Мынау ел қайда тартты осы беті?...
Алыс па ең Арқа менен Шу арасы
Қан ішкен мың тоғыз жүз отыз екі.

Бұл елдің бағыланы, саңылағы,
Арқадан ауа көшіп аңырады.
...Солардың ізін кесіп жолға шықтым —
— Қолда! — деп Қарабура әруағы.

Басынан Қаратаудай қара нардың,
Көз салып көш жолына қарағанмын.
Тасыбай, Жолдыбайдай қос әулие —
Басыңа түнеп барып қалам алдым.

Жайқалса ұрпағыңның кемел бағы,
Күні ертең бір сөз қалар менен-дағы.
Қол жайып сапарыма батаңды бер —
Ел сүйген Еруекең — ел ардағы.

Ел сүйген Ерубайдай ел ұраны,
Бітпейді ұрпақ барда өмір әні.
Арыңның омырауы қан ағызса —
Жанымның қоңырауы қағылады.

Жауларын жон асырған жосылдырып,
тосылдырып рухымен шошындырып.
Аңызда аңызаққа ұрындырмай —
Есентай Қосағалы қосыңды тік!

Барыңды қалмай уақыт тонап алып,
Кетсе екен мынау көштің жолы ағарып.
Алдымды алдаспанмен аласташы —
Қазанда қан жаудырған Шора, Нәрік!

Мынау көш қаралы көш, жаралы көш,
Жапсарын білгің келсе маған ілес!
Айрылған жалғызынан ананы кеш —
Арқадан ауа көшкен Таманы кеш!

Кеш бәрін, аспандағы ай, кештің бе оны,
Бұл ғұмыр — жалғыз сәуле бес күндегі.
Кеңесті керемет деп ес білгелі —
Көмескі тартып кетті көштің жолы.

Жыл өткен, одан бері ғасыр өткен,
Жылжымай көш-керуен қасіреттен.
Батпаққа бақыт-бағы бата-бата —
Бетпақта бабалардың басы кеткен.

Кеппеген көздерінің жасы қарғам,
Бабаңның бетпақ жонда басы қалған.
Шашылған сүйектерін тасып алғам —
Арайы азаттықтың — Асыл Арман!

Үзілген ортасынан талай әні,
Сарысу!
Қандай ғажап саяң әлі.
Қайғы мен көз жасынан жаралған жұрт
Бауырында Қаратаудың қараяды.

Көзімнің демесем де жасы кепті,
Жыл өтті, содан бері ғасыр өтті.
…Ықылас қобызының сағағындай —
Сүгірдің күйлеріндей қасиетті.

Нәр іздеп ала таңнан, қара кештен,
Есінен көш-керуен тана көшкен.
Сол жайлы не айтасың самал ескен
Сондағы соқпақ анау Тамакөшкен.
Тамакөшкен…

* * *

Бетбақтың белі бедерсіз,
бедерсіз шөлге не дерсіз?..
Талатқан тағдыр — тазыға —
Жаратқан, қандай шеберсіз.

Байланып жіпке көгенсіз,
айналып қайта келерсіз.
Таңдайға тамшы тамызбай —
Маңдайға жазса не дерсіз?

Тіршілік бұрып арнасын,
Тамаға басқан таңбасын.
«Асыра сілтеу болмасын
Аша бір тұяқ қалмасын!»

Өтсе де жылдар арада,
таупық бер, тәңір, Тамаға.
Толқын ғой ел де торықса —
Бас ұрып өлер жағаға.

Қара түн соңы қара күн!
Сол кездің айтшы хабарын.
…Жаратқаныма жалынып —
Қабақтарыңа қарадым.

Иә, солай енді, қарағым,
Жайымды ұқсаң жарадың.
Торғайдай тозған Таманың —
Артынан қуып барамын…

Бірінші желі

Айрылып ана ұлынан, аға достан,
Мына қос хабар алмай ана қостан.
Қар жауған қарашада ұбап-шұбап
Бетке алып Қаратауды Тама босқан.

Шыңғыртып айтар болсаң, шының дәлел,
Соқпаған оң жағынан бұрын да жел.
Бетпақтың бетпақ жонын қиялады —
Босқан ел, жылаған ел, шұбырған ел.

Мынау жұрт жаралғандай шер — құсадан,
Не деген жаны сірі көнбіс адам.
Аққеңсе, Қаражартас, Қамысмола,
Түгіскен түске ене ме енді саған?

Ей, тағдыр, қасарыс сен, қасарып қал!
Бұл босу тірлік емес аса құптар.
… Ошақта жылтыраған отты аңдиды
Ауысқан ақыл-есі аш-арықтар.

Өмір бұл, еш пенденің өлгісі жоқ,
Жаңғырар жадымызда шерлі сурет.
Шұбырып үздік-создық босқан елі —
Бетпақта бедері жоқ, белгісі жоқ.

Бетпақтың болған талай шеті қоныс,
Малына жусан, көде, оты да өріс.
Шу жақтан шұғыла іздеп шұбырады —
Таманың тармақтары жеті болыс.

Кім көрген босқан елдің қиыр көшін,
Сол көштен енді ғана жиылды есім…
Тұғырдан тайып кету түкке тұрмас —
Шыбын жан шүберекке түйілгесін.

… Елсізде ессіз боран аңырасын,
Шаршайсың, шалдығасың, шағыласың.

… Шоманнан[1] тараған жұрт жаяу-жалпы
аударып дорбасынан қағып асын.

Тілейді тәңірінен таңғы асты олар,
маң мінез, шаруа баққан марғасқалар.
Сүрініп қу томарға арысы өлген
аңдыса алмай қоймас албасты ажал.

Кезіксе көктем алдан көгере ме,
Бастағы жалғыз сауал неге, неге?
…Омырауын шандып алып келін жатыр —
Сүйеніп кейуана тұр керегеге.

Аш құрсақ уайым барда, алаң барда,
көзіңді шұқиды ма жаман қарға.
Үмбетін Мұхамедтің мансұқ еткен —
Құдайдың құдіретіне амал бар ма?

Жаратқан, көз ұшында қашық бел тұр,
келтірсең осыларға нәсіп келтір!
…сүзектен үш немере қатар құлап —
емшегін көкке сауды Әсіп кемпір.

Пенденің қайғы-шері іште өле ме,
Кірмейді бір жақсылық түске неге?
…Бет сипап бесін ауа Бетпақ жонда —
Көмусіз қала берді үш немере.

Адамзат жолықпасын шерлі күнге,
Қозғайын бұл қайғымды енді кімге?
Үш арман ада болды айдалада
Үш үміт қатар сөнді желді күнде.

Қалмады жұртта сенім, күнде шырай,
Елсізде қатар жүзді мінгесіп Ай.
Қайран ел қарашада қар боранда —
Қайғының қайығына мінді осылай.

Тағдырға пенде біткен бас ұра ма,
Көзінің тамбай қалған жасы ғана.

[1] Шоман – ру атауы.

Жалт қарап керегенің торкөзінен —
Аттанып кете барды Әсіп Ана.

Жанынан тамшыласа жан шуағы,
Рухың жетім қалып жаншылады.
…Аттанып кете барды Әсіп ана
Шоманның бірге сөнді бар шырағы…

* * *

Заман құбылған,
адам тұғырдан:
Тайған сол күнде —
«Шоман қырылған».

Сай ма ол
Мола ма?
Көз жасқа тола ма?..
Ал сен не айтасың —
Жүнді оба, Сары оба?

Жылаған, Қиналған,
Үзіліп күй қалған.
Көмусіз ел қалған —
тігулі үй қалған.

Тірліктің қиыны,
Келмеген иіні —
…Күзектің моласы
Бұрқының биігі.

Қастерлі, Киелі,
Жыр елі, Күй елі.
Шашылған осында
Бабаңның сүйегі.

Шудың ақ таңында,
Жол бастар көргендер.
Бозтөбе маңында —
Молдастар[2] өлген жер.

[2] Молдас – ру аты.

Заман құбылған,
адам тұғырдан:
тайған сол күнде —
«Шоман қырылған».

* * *

…1946 жылдарға дейін Бетбақдалаға ел аяғын баспады. «Шоман қырылған» сайды алғаш көргендер соғыс біткеннен кейін бір жылдан соң Қу бойына егін егуге шыққан біздің елдің адамдары. Олар тігулі қалған киіз үйлерге, шашылған мәйіттерге ұшырасқан. Адам сүйектерін, бас қаңқаларын, шаштарын жинап жерлегендердің арасында сенің әкең Торғай, менің әкем Оразалы болған. Осы сұмдықты көзімен көрген халық ақыны Бұралқы Құдайбергенұлы:

Құлазыған құмайт бел,
Арыған неге мұнша ел.
Елес беріп есіл ер —
Еске түсер қайран жер, —

деп жылапты. Арқадан босқан Тама, Тарақтының Шу бойына аман жеткені 1934 жылғы санақ бойынша 4 мыңға жетер-жетпес. Шұбырған 15 мыңға жуық халықтың қалғаны Бетпақтың бедерсіз белінде аштан қырылған.

(Ел ақсақалы, қарт ұстаз, өлкетанушы Жақсыбай Сүлейменовтің естелігінен)

Бірінші шегініс

Бетбақта Мұңлы, Құлы тау аттары,
Жазылар бара қалсаң сауапқа әлі.
Жұқалап жұт жылынан сауал қойсам —
Қос таудың әзір ме екен жауаптары?

Бетпақта мұнартатын Мұңлы, Құлы,
Пендені жүрегі бар мұңды қылды.
Тұндырып жанарымды тұма жасқа —
Шыңғырып айтпайсың ба шындығыңды?..

Әйтеуір көңілдердің осы алаңы,
Сол сөзді сенен бәрі тосады әлі.

Шалқия, Кенжебайсай, Жұма обасы —
Арқарлы, Бестау, Қылыш, Қосағалы.

Боздағым, кіріп өлген құмға басы,
Уақыттың жоқ алдымда жылнамасы.
Сексеуіл, баялышы, қу томары —
Бетбақтың не көрмеген бұл даласы.

Ел еді шуақ іздеп Шуға аттанған,
Тұлпардан түгі жидіп тулақ қалған.
Шашылып Мұңлы, Құлы маңайында —
Сүйегі талайлардың қурап қалған.

Шайтаны от ойнатқан түнде түмен,
Іңірде ібілісін індетіп ем.
Бөктерде шибөрісі бөрісінген —
Бетпақ шөл, не көрмеген қу мекиен?..

… Мұңлы тау!
Сен қосасың мұңды мұңға,
Шындығың бастамайды нұрлы ұғымға.
… Жадымда желмен жеткен бір аңыз бар —
бағзыда қазақ-қалмақ қырғынында.

Шеменді шежіресі шерлі Алашым,
ойымды түсінетін сен ғанасың.
Жоңғарлар жойқын күшпен шаппақ болған —
Қазақтың ұланғайыр кең даласын.

Кім білсін тосылғанын, шошынғанын,
жорыққа жоңғар қолы жосылды ағын.
Жортса да қалың түмен ай, апталап —
алдынан кезікпепті қосын қалың.

— Бітер — деп бұл қазақтың саудасы әлі,
Жортады, қырды кезіп тауды асады.
Ас-суы азайған соң құла дүзде —
тізгінін тартқан екен жау жасағы.

Жанады жауыздықтың бағы қалай,
Кеңескен, кең даладан тауып арай:
— Қос тігіп қосын қонып біз күтеміз —
Аттансын он мың әскер әрі қарай!

Қарсыда ешкім оған тең келмейді,
— Жау қолы батыр дейді, мерген дейді.
Арада ай өткенде әлгі он мыңның
екеуі шалажансар келген дейді.

Қолбасы бар жасақтың мұңын мұңдар,
ақырған:
— қай маңайда қырылдыңдар?
— Айтыңдар, қандай жауға кезіктіңдер
— Бұл күйге қалай ғана ұрындыңдар?

Қос жоңғар арып-ашып келген ана,
— Білмедік — ит пен құсқа жем бола ма?
Нәр сызбай, бағыты жоқ, бағдары жоқ —
Қырылды қалың әскер иен далада.

Сол кезде әскербасы күйіп, кеуіп,
Жасаққа бұйырыпты иық керіп:
— Бес жүзің мына екеуін алдыңа сап
Көміңдер мәйіттерді жиып, теріп!

Ақтарсам өткен күннің күнделігін,
Жапан дүз ұсынып ед кімге гүлін?
…Аттанған бұйрық алып әлгі жасақ
Мәйіттің таба алмапты бір де бірін.

— Мынау жер кімге де ажал құштырады,
Елсізде естілмейді құстың әні.
Бұл дала қан — сөлі жоқ — Бетпақ Дала
Көшкен құм ышқынады, ысқырады…

Аңыздың сарынында салмақ та тұр,
Сол жасақ одан әрі бармапты ақыр.
— Бұл Бетпақ бәрімізді қырмай тұрып
Қайтпасақ болмас — депті қалмақ батыр.

…Ол жайлы сахараның өзі айтады,
Көненің көп жасаған көзі айтады.
Бетпақ бел содан бері — Бетпақдала —
Ескінің есте қалған сөзі айтады.

Заманның қайта айналып сұмдығы ұрды,
Қай жасын тілгілеген түндігіңді?
Ақыннан аңыз тыңдап аңыраймай —
Сен бір сәт тіл қатсаңшы, Мұңлы, Құлы!

Қар борап қарашада, күн бүлінді.
Сен бірақ айтпайсың-ау, шындығыңды.
…Бауырында көктей солған көп Таманың —
Көк тасы өзің шығар, Мұңлы, Құлы!

* * *

«…Сарысу ауданындағы 7000 қожалықтан тек 500-дей қожалық қалған, өзгелері Әулиеатаға және басқа аудандарға көшіп кеткен, ал бірсыпырасы тіпті Қырғызстанға ауып барған. Қараша айында осы ауданнан әлденеше жүздеген қазақ тайлы таяғы қалмай шұбырып ұзақ жолға шыққан. Осы жол үстінде олардың біразы қаза тапқан. Қаңтардың екінші бескүндігінде ғана 24 адамның сүйегі табылған. Жолда оларға қарулы қарақшылар шабуыл жасаған. Шарасы қалмаған әйелдер балаларын суға лақтырған. 5-6 қаңтарда Әулиеатаның шайханаларында үсіп өлген 20 баланың сүйектері жинап алынған және сол мерзім аралығында 84 ересек адам аштан өлген».

(Сарысу ауданы жөнінде уәкіл болған Ораз Жандосовтың мәліметтеріне сүйеніп 1933 жылы 9 наурыздаТұрар Рысқұловтың Иосиф Сталинге жазған хатынан)

Тұрар аға!
Иман берсін құдайым,
Шындығымның сен ашқансың шырайын.
…Аштан өлген екі миллион қазақтың —
Құнын кімнен сұрайын?..

Құла дүзде қирап жұрттың қосы қап,
Тағдырының тауқыметін тосып ап.

…Тарихымның қанмен басқан таңбасы —
Сталинге Тұрар жазған осы хат.

Ақиқаттан жаралғанда әлемі,
Бозторғайдың бебеу қағар әуені.
…Қыран болып қалқу үшін көгімде —
Тұрар болып туу керек әуелі.

Шыр-пыр болып шырылдаса шығанда ел,
Мұнартады, мұңаяды мұнар бел.
…Ботаң үшін бозқасқаңды айтарсың —
Отан үшін Ораз бол да,
Тұрар бол!

Жазирада жолыға ма жаз алдан,
Мынау халық қайтпаса екен базардан.
От ішінде
Ораз,
Сәкен,
Тұрар жүр —
Алаш жұртын арашалап ажалдан.

Жар бола гөр,
бір құдай!
Ғұмыр осы жанып-сөнген шырпыдай.
Айдалада ай сынығын сыналап —
Үркердей боп үркіп босқан, жұртым-ай…

Екінші желі

… Жер үстімен келеді,
Қиналғандар келеді.
Қайғы арқалап жан-жақтан
Жиналғандар келеді.

Түйесі бар бір тобы,
Жазықта озып келеді.
Бір-бірінен үркеді —
Қажып, тозып келеді.

Бетпақ жонның бедері,
Тұнығыңды көмеді.
Босып кеткен көп елі —
Шұбырынды келеді.

Ұрлап сойған тоқтыңды,
жария боп қалады.
Көздің жасы көп күнгі
дария боп ағады.

Мансұқ болған мақсаттар,
жабығады, желеді.
Соқыр кемпір, ақсақ шал —
бәрі-бәрі келеді.

Жолсыздықтың бұл жермен,
ғаріп жолы келеді.
Жақындары күнде өлген —
Әліп — Жөгі келеді.

Абызынан бата алған,
Санатты да келеді.
Екі болыс атанған —
Тарақты да келеді.

Мазақ оты маздаған,
алаң, қайғы келеді.
Алшын,
Шеркеш,
аздаған —
Жағалбайлы[3] келеді.

Жігерлері жасыған,
Нала қосып келеді.
Бағы қашқан басынан
Тама босып келеді.
Пенде кеткен ұсақтап,
Қайдан кесір келеді?..
Жалғыз ұлын құшақтап
Айман жесір келеді.

[3] Әліп, Жөгі, Тарақты, Алшын, Шеркеш, Жағалбайлы – ру атаулары.

Есі кеткен елес ең,
Ел аш кілең келеді.
...Жер үстімен демесең
Жер астымен келеді.

* * *

— А, а, а, а,
— Көш,
— Көш,
— Көш!
— Қош,
— Қош,
— Қош!
... түстен шошып оянды жесір Айман,
— Қара пәле көрінді осы қайдан?
Тура келсе ажалдың айдаһары —
қайран пенде, бар ма еді тосын айлаң?..

Аш бөрілер түн бойы қалған ұлып,
Жатыр екен жалғызын жарға жығып...
— Таң атқанда қораға қайғы кірді
Жаратқанға қайтейін, жалбарынып.

Артқа тастап түнеген сағананы,
Алға жылжып екеуі барады әні...
Өмірі айбар шекпеген еш адамға
Жебір ойлар жесірді қамалады.

Қасіреттің бір күйін қозғайды іші,
Құба дүздің қалқиды озбай құсы.
Босқан елдің бұларда шаруасы жоқ —
Әр пенденің өзінде өз қайғысы.

Ей, Замана!
Жанына тиме жұрттың,
Көңіліңнің күйігін күйден ұқтым.
Қарашада тамыры қараяды —
Майжапырақ, теріскен, күйреуіктің...

Қойсаң еді жүрекке шемен екпей,
Төменшіктеп қалғандай төбе, беткей,
Бағдары жоқ, беті жоқ өмір осы —
Елсіз жонда зыр қаққан ебелектей.

Айман байғұс жан еді асыл, дара,
Парлап аққан көзінің жасын қара!
…Сәске түстен ауғанда ауру меңдеп
Сандырақтап сөйледі Нәсір бала.

Біз салмаған тірліктің көп қой әні,
Қарашада қара жел бетті ояды.
…Сандырақтап сөйлеген Нәсір бала
— Көке,
— Көке, қайдасың? — деп қояды.

Татығаны-ай, сол күні ғалам кермек,
Енді қандай бұл Айман амал көрмек.
…Бір құбыжық таянды түске қарай —
— Мына бала ауырған,
Маған бер, — деп.

Болса-дағы рухың аса мықты,
Аспан!
Сонда көзіңнен жас ағыпты.
Мынау құзғын ұлының етін жемек
Алғаш рет көргені аш-арықты…

Қарғыс айтсақ не тынар шақтарға өткен,
Қорқау осы бағыланды тартқан, кеткен…
Азу тісі ақсиған аш-арықтан
Арашалап алыпты арттан жеткен…

Сол бір күнді атқан жоқ қарғыс әлі,
Айман сорлы қападан қан құсады.
…Екеуінің соңына ілесіп ап —
Адамжегіш аш-арық аңдысады.

Ел еңіре, ал енді дала шула!
Алғасу ма бұл тірлік адасу ма?
Қараң-құраң шұбырып қараңғыда —
Таң бозында ілікті Қарасуға.

Тұла бойын адамның түршіктіріп,
Сәл аялдап,
Содан соң ыршып тұрып.

Жалғыз ұлы Нәсірін Айман сонда
Қарасуға батырды тұншықтырып…

Сор айнала, сор басса солай, жаным,
Зобалаңнан көз ашпай зораймадым.
Бір жақсылық қимаған сонда адамға —
Заман да бір Қарасу деп ойладым.

Қырдан асып ғазауат ғасыр кеткен,
Алақұйын ішінде асыл кеткен.
…Боздағанын естіп пе ең бозінгеннің —
Қарасуды көрдің бе — Нәсіркеткен?

Жапалаққа айтады жар, құз әнін,
Жел естіді Ананың таңғы зарын.
Содан бері Айманның дерегі жоқ —
Мен де жырға қоспаймын арғы жағын…

Екінші шегініс

Беу, Қаратау!
Көргенсің талай көшті,
Небір аңыз бауырыңнан тарайды есті.
Өмір іздеп өзіңе қарай көшті —
Азап кешті бұл қазақ арай кешті…

Сен куәсі жылдардың, замандардың,
Замандардың зарына алаңдармын.
Бар Отаудың шырағы сөнетіндей
Қаратаудың қабағы қабарған күн…

…«Елім-айдан» ұлағат ұққан ұлан,
Тұғырына қазақтың тұтқа бұл ән.
Боталары отығар боздап жетсе —
Қаратаудың қойнауы құт дарыған.

Сен көргенсің қиынды, қиырларды,
желді күнді, дауылды, құйындарды.
…Тоқтап қалың керуен көш осында —
Соқпақтарың қанша рет шиырланды?..

Беу, Қаратау,
дара тау,
жыр — қайнарым,
Тіршіліктің ел енді шырқайды әнін.
Жетегінен құтылып жетіліпті —
Көшкен сайын бос келген бір тайлағың.
Ей, Қаратау,
арлы тау,
армандасым,
Сырымды ашам өзіңе бар болғасын.
Жауын шайып шайлыққан, ғасыр сүртсін —
Бұл қазақтың тасыңа тамған жасын.

Шемен қатып ішіңде шерің өлген,
Бауырыңнан байтақ ел Өмір емген.
…Бөлісейін өзіңмен бар қайғымды —
Көрісейін, Қаратау,
сенімен мен!..

* * *

Соқпағы сорға айналып дүздің ауыр,
Шайқаған шаңырағын күзгі дауыл.
…Хиросима қайғысы жайлы айтасың —
ал мынау — біздің ауыл!

Шетінен текті туған бабам асыл,
салады сағым жылдар санада асыр.
…Қараңдап қырдан асып ғайып болды —
Қазақтың басындағы қара ғасыр.

Обаға бастап барар тастан өрген,
Сүреңсіз сүрлеу көргем қасқа белден.
…Заманның зар илеткен иірімінде
Бабамның басы қалған аштан өлген.

Аяғын арғымақтың тұсап ұран,
Біз, көке, жаралғанбыз құсалыдан…
Тарихтың таразысы безбендесе —
сол күндер құсады қан…

Иә, солай,
шідер көрдім,

көген көрдім,
өксіген өткенімнен өлең көрдім.
Бас алған, — шаш ал — десе саясаты —
Сталин, Голощекин дегендердің.

Сор дала,
жолға айналмай сорға айналдың,
Сор жұттым сол кезеңде оңбай қалдым…
Бетпақта белгісі жоқ бейіттерге —
Әкеме еріп барып қол жайғанмын.

Атылды,
арып ашты,
қанша ауды адам?
Құтылмай жарық таңда жан сауғадан…
Қарағым, біздің тарих — шерлі тарих —
Ішінен парағының қан саулаған.

Танғанда заман естен,
адам естен,
Сарнаған сарыбелден самал ескен…
Жоғалған сол кітаптың жалғыз беті —
Тама босқан немесе
Тамакөшкен…

… Ұрпақ бар аққу құстай таза демі,
қанатын көкке самғап жазады елі.
Дауылын дәрия өмір жолықтырмай —
бауырың бүтін болсын,
ҚАЗАҚ ЕЛІ!

Қайғыңның қайрағына қайралайын,
түнінде жұлдыз санап, Ай қарайын.
Сен менің тағдырымсың — ҚАЗАҚСТАН —
Сен менің жан-нұрымсың, айналайын!

Аман бол, арда туған халқым, елім,
жолымен мәңгіліктің тартып едің.
Сен менің жалғызымсың — ҚАЗАҚСТАН —
Жаратқан жар бола гөр, бар тілегім!

Қосымша ақпарат үшін

АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ДЕРЕКТІ КІТАПТАР

ХАЛЫҚ СЕЙТКЕМЕЛОВ. «ШҰБЫРЫНДЫ ҚАНДЫ БОСҚЫН»



Ел ішіндегі ірі байлар 28-жылы кәмпескеленіп, айдалып кеткеннен кейін, шаруа бағып, мал өсіріп күнелткен қарашаруалар мен кедей малшылар ғана қалған болатын. Осы кезде Орталықтан келген Голощекин деген империяшыл қолшоқпар «Кіші Қазан» дегенді ойлап тауып, кедейлердің жалғыз-жарым малын тартып алып, жаппай коллективтендіруді бастамақ болды. Мал иелеріне кулак деген таңба басылды. Бұл тап күресі емес, жай жатқан халықты текке қыру еді.

БАҒДАД ЖАНДОСАЙ. «ШОШҚАНЫҢ ҚҰМЫ»

Бағдад Жандосай «Жас алаш» газетінің шежіре қариясы, ең қарт қызметкері болған. Аштық, ашаршылық туралы аз жазылған жоқ. Ал бұл «Шошқаның құмында» нақты дерекке, бастан кешкен оқиғаларға құрылған, бояма, қоспасы жоқ таза туынды.



«Шошқаның құмы» хикаясы кезінде төңкеріліп түскен дүниенің қақпағын қайта көтерген. Әйтсе де Бағдад Жандосайдың жазбалары нақты дерекке, бастан кешкен оқиғаларға құрылған, бояма, қоспасы жоқ таза туынды. Бұл кітаптан үлкен де, кіші де мол тағлым алары, зұлмат жылдар қасіретін толық көзге елестетері даусыз.

«ҚАЗАҚ ҚАЛАЙ АШТЫҚҚА ҰШЫРАДЫ?»



«Қазақ қалай аштыққа ұшырады? (Қасіретті жылдар хаттары)» кітабын С. Әбдірайымов, И. Н. Бухонова, Е. М. Грибанова, Н. Р. Жағыпаров, В. П. Осиповтер құрастырған.

Бұл жинаққа қазақ халқына орны толмас қайғы мен қасірет әкелген отызыншы жылдар ойраны туралы мемлекет және партия қайраткерлері Т. Рысқұловтың, О. Исаевтың, Л. И. Мирзоянның, жазушы Ғ. Мүсіреповтің, сондай-ақ басқа да азаматтардың еліміз бен республика басшыларына әр жылдарда жазған хаттары жарияланған. Оларда сол бір зұлмат кезеңнің экономикалық жағдайы айқын бейнеленіп, аштық пен азапты өлімнің себеп-салдары көрініс тапқан.

Қазақ халқы тарихының қайбір қалтарыс-бұлтарысына үңілсек те ХХ ғасырдың 30-жылдары әкелген зұлматпен шендесер қасіретті табу қиын. Әйгілі «Ақтабан шұбырынды» сыртқы жаудың басқыншылық шабуылының салдары болса, 30- жылдар ойраны қаскөйліктің, екі шылбыр, бір тізгінін сталинизм ұстаған шикі социализмнің, голощекиншіл ұр-тоқпақтардың «асыра сілтеп», жасыра бүркеп жүріп, қолдан жасаған зобаларының кесірі еді. Қара жолдың бойында шашылған сүйегі жинаусыз қалды.

Бұл — тарихымыздың ақтаңдағы емес, дамыл-дамыл еске алар, еске алған сайын бүгінді барлап, ертеңді ескертер, жазылуы қиын қара жара. Бұл — мың-миллион бейбақтар құрбан болған өткелсіз өткеніміздің құрдымы.

Аузымен өртке су сепкен қарлығаштай шырылдап келіп, арашаға түскен Тұрардай, Ғабиттей, Ораздай, тағы басқадай арыстарымыздың бұл хаттарын жүректен қан, көзден жас ағызбай оқу мүмкін емес. Қанаттарын жалын шарпып, өмірлерін өртке тастаулары мүмкін екенін біле тұра жазған. Сонымен бірге, осынау құжаттардың Қазақстандағы ашаршылықты орталық білмей қалыпты» дейтін дәйексіз қауесеттің негізсіздігін тағы да дәлелдей түскенімен де құнды екенін айтқан жөн.

М. ҚОЙГЕЛДИЕВ. Т. ОМАРБЕКОВ. «ТАРИХ ТАҒЛЫМЫ НЕ ДЕЙДІ?»

Кітапта қазақ халқы тарихының осы уақытқа дейін зерттелмеген немесе біржақты зерттелген күрделі кезеңдерінің саяси бейнесі жасалған. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде ғасырымыздың 20-шы жылдарында жаңа қалыптаса бастаған тоталитарлық жүйеге қарсы күреске шыққан қазақ зиялыларының тағдыры сөз болады. Екінші бөлімде 30-жылдардағы ашаршылыққа, жеке басқа табынушылыққа байланысты халқымыздың басынан кешкен ауыр тағдыры баяндалады.

XX ғасырдың 20-шы және 30-жылдарының алғашқы жартысындағы Қазақстанның саяси-экономикалық және әлеуметтік өмірі туралы, сондай-ақ осы тарихи кезеңнің халық тарихында алатын орны жөнінде жарық көрген еңбектер аз емес. Бірақ қоғамдық ой мен ғылымда идеологиялық диктат үстемдігі жағдайында өмірге келген бұл еңбектер бүгінгі таңда сапалы өзгерістерге ұшыраған қоғамдық сұраныстарды қанағаттандырудан қалды. Кітапта сөз болатын мәселе — көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын күштеп ұжымдастырудың ауыр салдары. Жаппай

күштеп ұжымдастыруда Лениннің өсиеті аяқасты етіліп, оның шаруаларды кооперативтендіру туралы идеялары дөрекілікпен бұрмаланды. Сталиндік коллективтендірудің лениндік кооперативтендіру жоспарынан жер мен көктей айырмашылығы болды. Оқырманға ұсынылған бұл кітап авторлары осы ойды нақты мысалдармен көрсетіп беруге күш салып, 20-30-шы жылдардың саяси-әлеуметтік өмірінің көлеңке тұстарына, ақтаңдақтарына көбірек үңілді.

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ.
«АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ»



Белгілі академик Манаш Қозыбаев бұл еңбегінде отызыншы жылдары Голощекин жүргізген «Кіші Қазан» төңкерісінің қазақ халқына қаншалықты қасірет әкелгенін сөз етеді. Тарихи деректерге сүйене отырып, «Ермак кім?» деген сұраққа байыппен жауап береді. Кітапта Хрущевтің, Брежневтің, Голощекиннің саяси портреттері берілген.

«ҚЫЗЫЛДАР ҚЫРҒЫНЫ»

Қызыл империяның қолымен жасалған 1931-33 жылдардағы алапат аштық қазақ халқын тарихта бұрын-соңды болмаған қырғынға ұшыратып, тең жартысына жуығын жалмады. Тарихымызда бұрын айтылмай келген аталмыш ақтаңдақ туралы деректі, зерттеу мақалалардан тұратын бірді-екілі кітап жарық көрген болатын. Ал бұл кітапта сол аштықтың зардабын тартып, өздері де бір өліп, бір тірілген тірі куәгерлер көздерімен өріп, бастарынан өткерген зұлмат жылдар трагедиясын баяндайды.

Кітапта 1931-1933 жылдардағы аштық туралы тоталитарлық жүйе тұсында шындықты айтуға тыйым салынғаны, тағдыры тәлкекке түсіп, небір сұмдықты өз бастарынан кешіріп, тірі қалғандардың аянышты тағдырлары жазылған.

САПАРҒАЛИ ЛӘМБЕКҰЛЫ.
«АРЫСТАР»

Сапарғали Ләмбекұлының «Арыстар» дилогиясының бұл екінші кітабында Голощекиннің қазақ елін ашаршылыққа ұшыратқаны, сталиндік қуғын-сүргін тудырған зобалаңдар сөз болады.

ҚҰРМАНБАЙ ЕСПЕНБЕТОВ.
«КҮРЕҢБЕЛ ҚАСІРЕТІ»

Бұл кітап ашаршылық жылдары орын алған оқиғалар желісімен жазылған. Автор Күреңбел жерінде болған қасірет арқылы күллі қазақ даласындағы тарихи, саяси ахуалдарды суреттеген. Автор өз анасынан, оның замандастары айтқан естеліктердің негізінде жазған. Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде биліктердің жасаған әрекеттерінен қиындыққа тап болып, қыспаққа түскен, тіршілік азабын тартып, қайғы жұтқан Күреңбел халқының өмірін көрсету арқылы күллі қазақ халқының басына түскен нәубетті көрсеткен. Шындық негізінде жазылғанымен көркем шығарма.



АМАНБАЙ ЕСІЛБАЙ.
«АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ»



Белгілі қаламгер Амантай Есілбайдың бұл еңбегі тарих ақтаңдақтарының бірі — ашаршылықты өз басынан өткеріп, тағдыр тауқыметін қайыспай көтере білген жанның өз айтуымен еш қоспасыз сол қалпында жазылған. Автор кейіпкер айтқан оқиғалармен шектеліп қалмай, Ақмола, Атбасар өңірінде ашаршылық жылдары ел басынан өткен тарихи оқиғаларды толық қамтуға тырысады.

Ел тарихынан үлкен мағлұмат беретін шығармада автор тіл көркемдігіне, ой тереңдігіне мән беріп, оқиға желісін қызғылықты баяндауға ден қойып, бір адамның өмір тарихын суреттеу арқылы тарихтан сыр шертуге тырысады. «Асылдың сынығы» — сонысымен құнды. Аталмыш еңбектің тілі жатық, ойы орамды. Қамтылған оқиғалар өмірдің өзіндей шынайы, боямасыз қалпында көз алдыңа елестейді.

ВАЛЕРИЙ МИХАЙЛОВ.
«ҒАЛАМАТ ЖҰТ ШЕЖІРЕСІ»



Өткен ғасырдың 30-жылдарының басында Қазақстанда адам айтқысыз ауыр трагедияның болғаны белгілі. Ғасырлар бойы көшпенді өмір сүріп келген қазақ жұртын еш дайындықсыз, қысқа мерзім ішінде отырықшылық жағдайға көшіруді қолға алған ойы шолақ, ісі олақ саясаткерлердің оспадар әрекетінің салдарынан қазақ даласын жайлаған жаппай аштық пен ауру-індеттен жергілікті халықтың үштен бірінен көбірегі жойылып кетті. Қолдан жасалған жұт құрбандарының арасында қазақ жеріне зорлап көшірілген ресейлік шаруалардың каймағы дерлік көптеген басқа ұлт өкілдері болды. Алпыс жылдан астам

уақыт бойы жабық болған бұл тақырыпқа алғаш рет қалам тартқан қазақстандық жазушы В. Михайловтың 1992 жылы қазақ тілінде «Ұлы жұттың жазбалары» деген кітабы жарық көрген еді. Автор оны толықтырып, 2008 жылы орыс тілінде қайта шығарды. Кейін ол қазақ тіліне ықшамдалып аударылды.

«1932-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ»

ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қазақ тарихында «ұлы ашаршылық» атауымен қалғаны белгілі. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру КСРО тарихындағы жалпы адамзатқа қарсы жасалған қатыгез тәжірибе болатын, оның зардаптары бүгінге дейін жойылған жоқ. КСРО-ның ресми билігі мен тарих ғылымы ашаршылық мәселесін жарты ғасырдан астам уақыт жасырып келді немесе оны өздеріне тиімсіз көрсетті.

1930 жылдардағы ұжымдастыру және ашаршылық құрбандарына арналған ұжымдық монографияда Мемлекет тарихы институты ғалымдары мұрағаттық құжаттар мен қазақстандық, кеңестік, ресейлік және батыстық еңбектер негізінде Қазақстан тарихының сол бір қасіретті беттерін кешенді зерттеу және жаңаша ой- тұжырымдар жасауға талпыныс жасады.

32-НІҢ ЗҰЛМАТЫ

Кітапта тарихшы ғалым, профессор Қ. М. Атабаев жетекшілік жасаған тарихи-этнологиялық экспедиция деректері жинақталып берілген. Кітапты құрастырғандар: Т. Ә. Төлебаев, Г. Е. Сәбденова. 308 беттік кітап әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің баспаханасынан 2014 жылы басылып шыққан

Жинақта ХХ ғасырдың 90-жылдары басында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде ғалым-профессор Қ. М. Атабаевтың жетекшілігімен ұйымда-



стырылған «32-нін зұлматы» атты студентгер үйірмесі мүшелерінің тарихи-этнологиялық экспедициясы нәтижесінде жинақталған XX ғасырдын 30-жылдарындағы ұжымдастыру кезеңінде орын алған аштықты өз көздерімен көрген куәгерлер мәліметтері берілген.

САҒАТ ЖҮСІП.
«АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ»



Қызылордалық өлкетанушы, журналист Сағат Жүсіп дайындаған «Ашаршылық ақиқаты: деректер мен дәйектер» атты кітапқа XX ғасырдың басындағы екі үлкен жұт туралы деректер, әңгімелер, естеліктер, зерттеулер енгізілген. Дәлірек айтқанда, 1918-1922 жылдардағы және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық туралы тың деректер жинақталып отыр.

Кітап авторы Сағат Жүсіп журналистерге берген бір сұхбатында: «Бірінші ашаршылық 1918-1922 жылдар болып Қазақстанның оңтүстік облыстарын Қызылорда, Шымкент, Әулиеата және Алматы облыстарын қамтып, 1 миллиондай адам аштан өлген. Бірінші — Кіші ашаршылық деп аталса, екіншісі Ұлы ашаршылық деп аталады. Біз ашаршылық туралы әңгіме қозғағанда көбіне 1931-1933 жылдардағы екіншісін көбірек айтамыз. Осы «Ашарлышық ақиқаты: деректер мен дәйектер» кітапта осы екі ашаршылық туралы материалдар қамтылды. Осыған дейін жарық көрген, іздеген, жинаған барлық құжаттар кітапқа енді», — деп атап өткен.

Сонымен бірге, автор ашаршылық тақырыбында оқулықтарға еніп кеткен кейбір деректердің ақиқатын анықтаған. Бір сөзбен

айтқанда, жаңа кітап ұлт тарихындағы қаралы кезеңдердің бірінің ақтаңдақ тұстарын ашып көрсететін еңбек.

САРЫ КІТАП



Сары кітап — 1931-1932 жылдардағы ашаршылық туралы халықтың өз аузынан жазылған естеліктерден түзілген. Алғысөзін белгілі жазушы, ғалым Мұхтар Мағауин жазған.

Сары — қашанда қайғы, қасірет белгісі. 1931-1931 жылдарындағы жаппай Ашаршылық — қазақ халқының өткен тарихындағы «Ақтабан шұбырындыдан» еселеп асып түсті. Ол — қалай дегенмен де соғыс жағдайы, азаматтың қолында қорғаныс қаруы болды, сол тар заманның өзінде аштықтан, жоқшылықтан өлген төтенше жағдай сирек екен. Ал советтік замандағы, жұртшылықтың бірден-бір күнкөріс көзі — төрт түлік малды түгелдей тартып алып, бүкіл қазақ халқын қатарынан екі-үш жыл бойы жоқшылық құрсауында қалдыру — адамзат тарихында болмаған жаппай Ашаршылыққа ұшырату, нәтижесінде әлденеше миллион адамның жер жастанып, Қазақ Даласының қаңырап қалуы — арнайы, қасақана ұйымдастырылған геноцид екені даусыз. «Сары кітап» — сол бір қасіретті жылдарды басынан өткерген тікелей куәлардың көзкөрген жазбалары. 1989-1994 жылдар орайында республикалық әдеби «Жұлдыз» журналында жарияланған естеліктер енді жинақталып, жалпы жұрт алдына қайыра тартылып отыр. Жинақ «Қазына» баспасынан 2020 жылы жарық көрді.

МАЗМҰНЫ

3-бөлім
АШАРШЫЛЫҚ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕ

3.2. Поэзия

Қосымша ақпарат үшін

Ашаршылық. Голод. 1928–1934.
Документальная хроника.

5-том

Куәгерлер естеліктері,
ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары,
көркем әдебиет үзінділері

Жауапты редакторы *Б. Әбдіғалиұлы*
Көркемдеуші редакторы *Ж. Қазанқапов*
Техникалық редакторы *Ж. Досхожаев*
Беттеген *А. Кадикенова*
Корректорлары *Л. Кемелбаева, В. Талғатқызы*

Басуға 00.11.2021 қол қойылды.
Пішімі 70 × 108 1/16. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 52,85.
Тапсырыс №000. Таралымы 000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13